

Т.Аршабеков



# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

## *топонимдері*

Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 80/81

КБЖ 81.2

А 85

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі  
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды

**Пікір білдірушілер:** филология ғылымдары докторы, профессор А.С.Әділова  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Ә.Жұмабеков  
география ғылымдарының кандидаты, доцент С.Салжанов

**Т.Т.Аршабеков**

Қарағанды облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 382 бет.

Бұл ғылыми зерттеуде Қарағанды облысы топонимдерінің географиялық, тарихи және тілдік мәселесі қарастырылады. Қарағанды облысы аумағына қатысты ортағасырлық тарихи топонимдерден бастап ХІХ-ХХ ғасырлардағы елді мекендер, жер-су атауларының географиялық, тілдік сипаттамалары ашылып көрсетілген. Еңбекте сонымен қатар бірнеше мұрағаттық деректер қолданылған.

Еңбек тіл жанашырларына, өлкетанушыларға, гуманитарлық саладағы зерттеушілерге арналған.

ISBN 978-601-7504-49-6

ӘОЖ 80/81

КБЖ 81.2

ISBN 978-601-7504-49-6

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»  
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2020

## АЛҒЫ СӨЗ

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс»<sup>1</sup>, – деген болатын.

Әрбір атау – тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Кез келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәліметтерді, географиялық сир-сипаттарды сақтап отырады. Топонимдегі деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабаттардан тұрады. Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі өмір-тіршілігінен әр қилы мәлімет береді. Мұның өзі топонимдерді зерттеудің өте күрделі құбылыс екендігін, ол істе белгілі бір ғылыми әдіспен ғана мақсат-мұратқа жету мүмкін еместігін көрсетеді. Топонимдердің қалыптасуы, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық менталитетіне байланысты да айқындауға болады. Сондықтан белгілі бір аймақтың топонимиясын зерттеуді қолға алмас бұрын сол жердің тарихына, саяси-әлеуметтік жағдайына және оны мекендеуші халық өмірінің этникалық мәдени тарихына ерекше көңіл бөлу керек.<sup>2</sup>

Белгілі орыс ономаст-ғалымы А.В.Суперанскаяның пікірінше, әрбір атау тарихи, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге болады. Географиялық көне атаулар тарихи ескерткіштер іспетті. Себебі өткен замандардың мұралары ретінде мемлекеттер мен халықтардың тарихының, жер жағдайларының, материалдық және рухани мәдениеттерінің белгілі бір тарихи кезеңдердегі келбетін, қалпын көрсетеді. Сондықтан топонимдерді диахрондық бағытта зерттеудің маңызы зор.<sup>3</sup>

Қарағанды облысының топонимдері де – республикамыздың басқа өңірінің топонимдері сияқты белгілі бір мерзім, кезеңнің ғана емес, сан мыңдаған жылдардың, тұтас бір дәуірдің жемісі. Сондықтан да олар қоғам

<sup>1</sup> Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Егемен Қазақстан. 2017 ж.

<sup>2</sup> Аршабеков Т.Т. Туған жер атауы – тұнған тарих. // Тіл әлемі. 15.03.2018 ж.

<sup>3</sup> Попов М.И. Основные принципы топонимических исследований // Принципы топонимики. –М.: Наука, 1964. – С.34-44

өмірі, халық тіршілігімен тығыз байланысты. Олардың құрамында да әр дәуірді, әрбір кезеңдерде Қазақстанды, Қарағанды облысын мекендеген әр алуан елдің тілі мен сөзінен қойылған географиялық атаулар саны көптеп кездеседі. Облыс топонимдерінің бір тобы көне заман, ескі тарихымызбен тығыз байланысты болып келсе, екінші бір басым тобы Кеңес өкіметі тұсында пайда болған, социалистік дәуірдегі және одан кейінгі өзгерістердің айқын куәсі болып табылады. Облыстағы әрбір топоним белгілі бір мағынаға, алуан түрлі құбылысқа ие, семантикасы жағынан жеке объектілерді атайтын жалқы есімдердің ерекше тобына тән. Әрбір географиялық атау тарихи, әрі, оның мағыналық өрісі де кең. Олар замана құбылысына, өзгерісіне қарай әр түрлі мағлұматқа: түрлі соғыстар, халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б. тарихи оқиғаларға бай.

«Жер-су аты – тарихтың хаты» деп тектен айтылмаса керек. Топонимика тақырыбы қай халықтың көркем сөз өнерінде болса да өз көрінісін, сөз етілу себебін, кейіпкер әсер еткен географиялық ортасы мен табиғатқа қарым-қатынасын білдірмей тұра алмайды. Демек, топоним атаулы тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірде мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әрбір географиялық атау тарихи әрі оның мағыналық өрісі де кең.

## Қарағанды облысы тарихи топонимдері диахронды топтастыру мәселесі

Қазіргі кезеңде қоғамдық пікірде тарихи ес мәселесіне айрықша мән беріліп, жіті наза аударылуда. Тарихи зерденің елеулі бір саласы ретінде танылған адамзат баласының тербеліп өскен төл бесігі – жер ананың географиялық елді мекен атауларына дейін қоғамдық пікірде қайта екшеленіп, сын көзбен қаралып, жаңаша мән-мағына берілуде.

Осы тұрғыдан қозғау салып, пікір таратар толғағы жеткен мәселенің бірі – халқымыздың кіндік қаны тамған жері, ата-мекені жер атаулары жайында болмақ. Себебі географиялық жер атаулары ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, жалғаса тұрақтанған топонимдердің «жер тарихы – ел тарихы» деп танылған тарихи есінің бір көрінісіне жатады. Халқының осы даналық ой-толғанысын тереңіне ұғынған айтулы ұлы Шоқан Уәлиханов: «Көне түркі салт-санасын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты аттары, жер-су атаулары, тағы басқалары жалғасып есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», - деп мән бере жазуында айтарлықтай терең мағыналы ой тамыры жатыр. Яғни, тарихи естегі жалғастық дәстүрі үзілген жерде рухани тіршілік те үзіліс табады деген сөз. К.Паустовскийдің айтуынша: «Жер атаулары дегеніміз – халықтың өз елін ақындық тілмен бедерлеуі. Бұлар – халықтың мінез-құлқы, ой-аңсары мен тұрмыс-салты ерекшеліктері туралы сыр шертеді».

Атамекен жеріміздегі топонимикалық атаулардың шығар көзі ғасырлар бойы фольклор мен эпостық, тарихи жыр дастандар арқылы тарих көшінде жиі алмасқан ұрпақтар санасында сақталып, жалғастық дәстүр негізінде тұрақтанып қорланатын тарихи естің жиынтығы іспеттес нәрсе. Түркі халқының тарих сахнасына шығып, мемлекет құрған кезеңі – Түркі қағанаты дәуіріндегі елді мекен, жер-су атаулары тікелей сол халықтың ана тілінде жасалып, саф алтындай қоспасыз таза сақталған түрін тасқа мәңгілікке қашалып жазылған Орхон – Енисей жазба ескерткіштері талассыз айғақтап отыр емес пе? Осы жазба ескерткіште көрініс берген топонимикалық атаулардың бір ерекшелігі – олардың жеке кісі атына қойылмай, жер рельефінің табиғи ғажап көріністерін көркем образды ұғымдармен ажарлап беру жағының басым жатуында. Мысалы, Инжу өзен (Сырдария), Түн жазығы, Темір қақпа, Жасыл өзен, Көгман, Қарақұм т.б. атаулардан бәрі де жер рельефінің шырайлы көрінісін көз алдына кестелеп тұратыны бар. Бұл ғажайып өзіндік табиғи дәстүр қазақ топонимикасында жалғастық тапқан. Жер атын бейнелі көркем образ, ақындық ұғыммен беру салты – атап айтуға тұрарлықтай ерен құбылыс. Өйткені, ол халықтың ғасырлар бойы көшіп-қонып, жаз жайлап, қыс қыстап келген атамекен атауларын көбінесе жер рельефі мен пейзаждық болмысына сай ерекшеліктеріне орай өте дәл, сындарлы көркем ұғымдармен бедерлеуге ерекше мән бере қараған шығармашылық әрекетін танытады.

Ал кейбір халықтарда гидроним, ороним, ойконим, этноним саласындағы атау қою тәжірибесінде жеке кісі атын беру жағы басым болатын ерекшеліктер аңғарылады. Жеке тұлға (антропоним) демекші, бір халықтың құрамындағы адам есімдері мен тегіне қарап отырып, олардың беретін мағынасы мен, мәніне қарай жіктеп-жүйелегенде, ол антропонимдік атаулардың сан қырлы қатпарында сол халықтың басынан өткен әр түрлі тарихи және саяси-әлеуметтік өзгерістердің себептерін танып білуге септігін тигізетін тарихи іздер тобы ұшырасады. Өзіміздің де туған жер, атамекен аттарына қойылған топонимикалық атаулар мен антропонимдер табиғатына ой жіберіп, себептерін білуге ұмтылған әрбір саналы ойлы жас оның көне қабаттарында қатпарланып сыр бүгіп жатқан астарлы ұғымдардың құпиясын ашып, жабулы сырын ұғынып, себеп-салдарын білуге мүмкіндігі мол.

Халықтық топонимика деп, негізінен, қай жер, қай халықты алып қарасақ та онда қолданылатын географиялық жер атауларын сол жерді мәңгілікке жайлап келген автохтонды халықтың авторлығымен қойылып, қалыптасып келген елді мекен, жер атауларын ұғынамыз. Бұлар ғасырлар өткен сайын мүлде тұрақтанып, халықтың тарихи есім қорландырар елеулі рухани байлығына айналып отырады.

Тіпті, бұрын-соңды тарихта белгілі бір жерге иеліктің қай халық, қай ұлыс, қай тайпаға тән екендігінің айғақты дәлелі көбінесе сол жердің топонимикалық сөз тіркесінде берілетін мағынасына қарай қарастырылатын болған. Өйткені, сол жерді қай халық жайлап, қоныстанып келсе, топонимикалық атаулардың авторлығы тек сол халыққа тән құбылыс болып қала берді.

Халықтық топонимиканың бір ерекшелігі – топонимикалық атаулар сол халықтың тікелей авторлығымен қойылуы себепті фольклор мен көркем әдебиет шығармаларында өз көрінісін бермей тұра алмайды. Мысалы, «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды», Мұрат ақын шығармаларын атап қарасақ, ондағы географиялық жер атаулары айғақ бола алады. Мұндағы суреттелген жер атауларының бәрі де халықтың тарихи есі ретінде сақталып, әрі ол ұғымдар ұрпақтан-ұрпаққа өтіп дәстүрлік жалғастық тауып жататын рухани қазынаға айналып отыр. Қазақ ауыз әдебиеті мен ақындар поэзиясында жырланып бейнеленген елді мекен, жер-су атаулары сол халықтың тікелей қатысуымен тарихи айғағы ретінде әдебиет бетінде көрініс беріп отыруы әлем халықтарының бәріне ортақ құбылыс екенін көреміз.

Отаршылдық топонимдер – халықтың елді мекен, жер атауларының антиподы ретінде пайда болатын өмірдегі саяси-әлеуметтік, басқыншылық пен зорлық-зомбылықтың көрінісі. Ұлан-байтақ қазақ жеріндегі елді мекен, жер атауларының қалыптасқан түрлі қабаттарында елді мекен, жер атауларының пайда болуы, қалыптасу және өзгерістерге ұшырау себептері тарихи шындығының бар болмысын ономастика ғылымы өз дәрежесінде

ашып бере алмай келеді. Өйткені, топонимика саясатпен тікелей байланыста жататын өзіндік ерекшелігі бар құбылыс болуы себепті, ондағы әрбір өзгерістің түп төркіні саяси-әлеуметтік жағдайлармен бірлікте алынып қаралу керек. Өкініше орай көп жағдайда ономастика ғылымы жер атауларына орын алған ащы шындықтың шымылдығын ашудың орнына үнсіз қалу жағдайы да кездесіп келді.

Мұның себебі, Дж. Неру атап көрсеткендей «тарихты көбінесе жеңгендер мен басқыншылар жазғандықтан», олардың саяси мүддесіне қайшы келетін отаршылдық, тоталитарлық елді мекен, жер атауларының сырын ономастика ғылымы саналы түрде бара бермейді. Осы себептен де отарланған халықтар тарихындағы пайда болған отаршылдық, тоталитарлық елді мекен, жер атауларының зерттелмей қозғаусыз жатуы тегін емес.

Сарыарқа өңірінің аумағы Қазақстан өңірінде ең үлкен болып есептеледі. Ал, мұншама ұлан-ғайыр жер көлемінде мыңдаған топонимдер бар және бұл аудандар ежелден бері көшпелі тұрмыс-тіршілікке байланысты пайдаланылғандықтан топонимикалық жүйесі өте бай және ауқымды. Қарағанды облысы территориясындағы топонимдердің жүйесін анықтау қажеттілігі осындай себептерден де туындайды.

Қарағанды облысы бойынша жүргізілген топонимикалық зерттеулердің негізінде аудандарының топонимикалық сөздігін құрастыру жүргізілді [Т.Т. Аршабеков, М.С. Жакин, Ж.А. Жұмабеков]. Сөздікті құрастыру барысында атаулардың классификациясы мен типологиясын жасау қажеттілігі туындап, әрбір аудан территориясындағы атаулар төменгідей түрде жүйеленді:<sup>4</sup>

№	Объект түрі	Жүйеленуі
1.	Елді мекен атаулары (ауыл-қыстау).	А) түрікше-қазақша атаулар Б) араб-парсы атаулары В) монғол-қалмақ атаулары Г) басқа да тілдегі атаулар
2.	Сулы жер атаулары (өзен-көл, бұлақ-құдық, тоған).	А) түрікше-қазақша атаулар Б) араб-парсы атаулары В) монғол-қалмақ атаулары Г) басқа да тілдегі атаулар
3.	Таулы жер атаулары (тау-тас, құз-шатқал, сай-сала, шың, биік, дөң, қырат, белес, адыр).	А) түрікше-қазақша атаулар Б) араб-парсы атаулары В) монғол-қалмақ атаулары Г) басқа да тілдегі атаулар

<sup>4</sup> Аршабеков Т.Т., Жакин М.С., Жұмабеков Ж.А. Қарағанды облысы Нұра ауданының топонимикалық картасы: тарихи негіздеме. Монография. Қарағанды: Гласир баспасы, 2009. – 216 б.

4.	Ғұрыптық ескерткіштер атаулары (бейіт, күмбез, мола, кесене, зират, қорым, құлыптас)	А) түрікше-қазақша атаулар Б) араб-парсы атаулары В) монғол-қалмақ атаулары Г) басқа да тілдегі атаулар
----	--	--

Тарихи топонимика саласында зерттеу жүргізуде, бірінші кезекте топтастыру мәселесін айқындауды қажет етеді. Топтастыру мәселесін анықтау арқылы тарихи топонимдерді жүйелеу мүмкіндігі туындайды және бұл зерттеу жұмысының толықтығы мен жан-жақтылығына жол ашады.

Қазақстан ғалымдары тарапынан түрлі топтастыру модельдері ұсынылып және қолданылып жүр. Бұл топтастырулардың негізгі принциптерін анықтап алмай, көтеріліп отырған мәселе өз шешімін таппақ емес.

Топонимика саласында алғашқы топтастыру нұсқасын жасаған А.Әбдірахманов болды. Оның топонимдік атауларды мазмұнына қарай біренеше топқа біріктіруі келесідей:

1. Адам есімдері бойынша аталатын географиялық объектілер (антропонимдер);
2. Ру атаулары бойынша аталатын топонимдер (генотопонимдер);
3. Халықтың атауын көрсететін топонимдер (этнотопонимдер);
4. Өсімдік атауы бойынша қойылған топонимдер (фитотопонимдер);
5. Жануарлардың атауы бойынша қойылған топонимдер (зоотопонимдер);
6. Географиялық объектілердің түр-түсін көрсететін топонимдер;
7. Объектілердің санын көрсететін топонимдер;
8. Белгілі бір уақыттарда болған оқиғалар бойынша аталған топонимдер;
9. Ұқсастырылып қойылған топонимдер;
10. Географиялық немесе басқа да терминдер арқылы қойылған топонимдер;
11. Географиялық объектілердің сапасын, қасиетін және көлемін көрсететін топонимдер;
12. Басқа тілдерден енген және көне сөздерден қалыптасқан топонимдер;
13. Революциядан кейінгі әлеуметтік оқиғалармен байланысты қойылған топонимдер.<sup>5</sup>

Белгілі ғалым Т.Жанұзақтың ономастика мәселелеріне арналған еңбегінде Қазақстан топонимикасын топтастыру мәселесі айтылған. Онда автор атаулардың түрлерінің табиғи-тұрпаттық және территориалдық-әкімшілік географиямен байланысты деп көрсете отырып, жер-су атауларын келесідей ретпен топтастырады:

- «1) гидрографиялық: мұхит, теңіз, өзен, көл, тоған, арық, құдық атаулары;
- 2) орографиялық: тау, шың, биік, төбе, асу, жазық, орман, тоғай атаулары;

<sup>5</sup> Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы (зерттелу тарихынан). Алматы: Ғылым, 1979.



3) микротопонимдер: шалғын, батпақ, жайылым, төбешік және елді мекен, ауыл, тұрақтардың атаулары;

4) астионимдер: қала атаулары».

Сонымен қатар, Т.Жанұзақ республика топожүйесінен моңғол-қалмақ, араб-иран және орыс тілінен енген атауларды ерекшелейді.<sup>6</sup> Бұл жерде Т.Жанұзақтың Қазақстан топожүйесіндегі лингвистикалық топтастыру принципі тарихи кезеңдеу үрдісімен сәйкес келеді. Мысалға, араб-иран тілінен енген атаулар қазақ тарихының ежелгі дәуіріндегі сақ тайпалық қауымдастығы мен ортағасырлардағы араб басқыншылығының Орта Азия мен Қазақстан территориясына жетуі кезімен байланысты болса, моңғол және қалмақ атаулары Алтын Орда мемлекетінің құрылуы мен Қазақ хандығының Жоңғар хандығымен алма-кезек соғыстарын қамтитын кезеңдерге келеді. Ал, орыс тілді атаулардың жоғарыда келтірілген кезеңдер кейін пайда бола бастағаны Қазақстан тарихынан белгілі. XVIII ғасырдың бірінші ширегінен бастап орыс тілді атаулар Қазақстан топожүйесінің ажырамас атрибуты бола бастайды.

Топонимика саласын зерттеуші Е.Қойшыбаев Қазақстан территориясындағы топонимдердің құрамын, құрылымын, компоненттердің тіркесуін және тілдік бітімін ескере отырып, келесідей бес түрлі қабаттарды атап өтеді: «1) ежелгі тілдер элементтерін сақтап келе жатқан тым көне қабаттар (санскрит, үнді-иран тілдері элементтері: *тал, ар, бал, сар, гар, кан* және *-ын, -ін, -үн*, қосымша түрлері); 2) шартты түрдегі түркі-моңғол тіл бірлестігі элементтерін сақтап келе жатқан көне қабаттар (ал, ала, бала, қар, шар, чар, көк, бай, тоғай және *-ас, -ес, -аш* қосымша түрлері); 3) түркі тіл қабаттары немесе түркі тілдер семьясы құрамының ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (*й-шыл, ч-шыл, ж-шыл, дь-шыл* тілдер және *-ты, -сы* қосымша түрлері); 4) осы күнгі түркі тілдері ес ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (қазақ, қырғыз, алтай, қарақалпақ, башқұрт, ұйғыр, түрікмен, азербайжан, өзбек және т.б.); 5) орыс тілі негізіндегі топонимикалық қабаттамалар, яғни Э.М.Мурзаев айтуынша «ең үстіңгі қабат».<sup>7</sup>

Бұл топтастырудан тарихи топонимикаға бірінші ұсынысты – ежелгі тілдер элементтері бар көне қабатты қабылдауға болады. Себебі, ежелгі дәуірлерде қалыптасқан атауларды тек тілдік белгісінен ғана анықтауға болары күмәнсіз. Қазіргі кездегі тарихи топонимдердің ішіндегі кейбір атауларды жазбаша деректер арқылы мүмкін емес, ал тілдік белгісі арқылы олардың көне заманның мұрасы екені анықталары сөзсіз. Екінші кезекте, топтастыру принципі ретінде бесінші ұсынысты – орыс тілінен енген жер-су атауларын алуға болады. Себебі, орыс тілді топонимдерді белгілі бір тарихи кезеңмен

<sup>6</sup> Джанузаков Т.Очерки казахской ономастики. Алма-Ата: Наука, 1982. – 176 с.

<sup>7</sup> Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985. – 256 бет.

байланыстыра аламыз. Сонымен қатар, Е.Қойшыбаев ономастика ілімінің үш саласын көрсетеді: «1. Топонимика – жер бетіндегі объектілердің тілдік құрамын, мән мағыналарын қарастыратын ілім; 2. Антропонимика – адам аттарының шығу тарихын қарастыратын ілім; 3. Этнонимика – ру, тайпа, ел аттарының шығу тарихын, құралу, ыдырау процестерін қарастыратын ілім». Осы салалық көрсеткіштердегі антропонимика және этнонимика бөлімдері тарихи топонимикадағы топтастыру мәселесіне қолдануға болады деген ойдамыз. Мұндай мүмкіндікті белгілі ғалым Т.Жанұзақтың тұжырымынан байқауға болады: «Этнонимиканың антропонимика және топонимикамен тығыз байланысты екенін нақтылы материалдардан көруге болады. Этнонимдердің басым көпшілігі – әуел бастағы антропонимдер (ру басы немесе сол рудағы беделді де белгілі адамдардың аттары). Топонимдерден, яғни жер-су аттарынан ру, тайпа аттарының қойылуы – сирек кездесетін құбылыс. Оған керсінше, жер-су аттарының ру, тайпа аттарынан қойылып отыруы жиі кездесетін, халық тарихына тән оқиға».<sup>8</sup> Сонымен қатар, автор этнонимдердің лексикалық-семантикалық классификациясын жүргізіп, келесідей сегіз топқа бөледі:

1) тағы және үй жануарлары мен құстардың атынан: *киікші, бұғы, құлан (қыпшақ), шұбар айғыр, бұқа, кел бұқа, кет бұқа, бура, бұзау, тана, барақ, ителі, күшік, бүркіт, қаз, қарға, қоразы, торай және т.б.*;

2) табиғат байлықтары мен ауа-райы құбылыстарының атауынан: *асбан, көктің ұлы, бораншы, қаржау, жаңбырлы, көкше, күн, танат, таңатар және басқалары*;

3) өсімдік әлемінің атаулары бойынша: *бидайшы, тарышы, бетеге, изен, шамбыл, орманшы, жаңғақбай, жидебай, қарағай, масақ және т.б.*;

4) әскери лексикадан: *жаулы, жорықшы, сүгірші, қарауыл, қырық мылтық, шанышқылы, батыр, балталы және т.б.*;

5) лақап аттар бойынша: *қосқұлақ, ошақты, арықтыным, қанжығалы, жарты, жетіру, қызылбөрік, қоңырбөрік, ожырай, ұзын, шимойын, шолақ және басқалары*;

6) географиялық атаулар мен қымбат металдардың аты бойынша: *жайық, еділ, сарытоғай, көкше, ақтас, қайнар, алтын, темір, болат, болатшы және т.б.*;

7) ру басыларының, көсемдерінің аты бойынша (бұл топ этнонимдер жүйесінде саны жағынан ең үлкен болып табылады): *абақ, айдабол, байғазы, байқұл және т.б.*;

8) әртүрлі лексикалық категориялардан: *базар, бозашы, екей, ерші, жетім, қазы, құл, құрама, қызай, молқы, олжашы, саба, тасжүрек, шегендік, мырза, жомарт және басқалары*.

<sup>8</sup> Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. – Астана: «IC-Сервис» ЖШС, 2006. – 400 бет.

Тарихи топонимика үшін этнонимдердің маңызы жоғары. Қазақ халқының құрамында ежелгі дәуірден кейінгі ортағасырларда қалыптасқан ру-тайпа, тайпалық одақ, халықтардың атаулары сақталған. Ал, этнонимдік атаулар Орталық Қазақстанның топожүйесінен орын алып отыр. Мысалы, Ұлытау өңірінде қазақ, арғын, найман тәрізді этникалық қауымдастықтардың атауымен қойылған этнотопонимдер сақталған. Соңдықтан да, этнонимдердің этимологиясын анықтау тарихи топонимика үшін құнды материал болып табылады. Бұл басқа аудандарға тән. Дегенмен қарастырып отырған Бұқар жырау ауданында біршама атаулар өзгеріп, отаршылдық атаулармен алмастырылған.

Ономастиканың теориясы мен тәжірибелік маңызын анықтауға арналған Г.Б.Мәдиева мен С.Қ.Иманбердиеваның зерттеу мәселелерінде топонимика саласының бірнеше топтастырулары көрсетілген. Оның ішінде тарихи топонимика саласына қатысты келесі бөліністерді көрсетуге болады:

- Адам есімдері (антропонимдер, этнонимдер, генонимдер, әлеуметтік жағдайына қарай адамдарды атау);
- Адамның рухани мәдениетін білдіретін атаулар (анимистік сенім, жергілікті рухты қасиет тұту, діни және мифологиялық көзқарастар);
- Әр түрлі тарихи оқиғалар т.б.<sup>9</sup>

Сарыарқа өңірінің тарихи топонимикасын зерттеу барысында алға қойылатын бірінші мәселе топтастыру болып табылады. Арнайы тарихи топонимика саласына арналған зерттеулердің болмауынан жалпы топонимика саласындағы топтастыру үлгілеріне шолу жасауға мәжбүр болдық. Қарастырылып отырған топтастырулардан тарихи топонимика саласына қолдануға мүмкін нұсқаларды пайдалануға болады деп есептейміз.

Тарихи топонимика саласы бойынша топтастыруда бірінші кезекте хронологиялық принципті ұстануымыз қажет. Себебі, тарихтың - кеңістік бойынша бірнеше кезеңдерден тұратын оқиғалар тізбегі екендігін ескеруіміз керек. Бұл жағдайда, хронологиялық топтастыруға топонимикадағы тілдік (лингвистикалық) топтастыру біршама сәйкес келеді деуімізге болады. Мысалыға, жоғарыда көрсеткендей араб, парсы және моңғол тілінен енген топонимдер хронологиялық тұрғыдан ортағасырлық кезеңмен байланысты болып табылады.

Екінші жағынан, топонимика саласындағы этнотопонимика және генотопонимдерді зерттеу тәжірибесінде тарихи топонимика үшін маңызды. Халықтың немесе ру-тайпалардың атаулары да белгілі бір тарихи кезеңдермен байланысты және мұндай топонимдерді хронологиялық тұрғыдан да, түрлік сипатымен де топтастыруға мүмкіндік бар. Мысалға, Ұлытау өңірінде орын

<sup>9</sup> Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2004. – 240 бет.

алып отырған қазақ немесе арғын атаулары этнотопонимдер ретінде тарихи талдауға жасауға мүмкіндік береді.

Үшінші кезекте, бұл тарихи тұлғалардың есімдерімен байланысты атаулар. Мұндай антропонимдік атаулар Қазақстан тарихының жаңа заман кезеңіне жатады. Қортындылай келсек, тарихи топонимдерді топтастыруда бастысы хронологиялық принцип болмақ. Бұл тарихи зерттеулердің негізгі әдістемесі болғандықтан кез-келген тарихи зерттеулерде қолданылады. Топонимика саласында зерттеу жұмысын жүргізуде де осы принципті ұстану қажет. Отандық тарихымыздың өзекті мәселелерін зерделеуші ғалым Х.Әбжанов Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабында Қазақстан аумағындағы руханияттың соңғы алты мың жылғы дамуы 12 кезеңге бөлінгенін атап көрсетеді.<sup>10</sup>

Осы кезеңдеу бағытымен Қарағанды облысы топонимдерін диахронды топтастырсақ, келесідей төрт үлкен кезеңге біріктіруге болады:

1. Ежелгі дәуір топонимдері (б.э.д I м.ж. – б.э I ғ.): бұған орал-алтай, үнді иран тілінен атауларды немесе сол заманның тарихынан мағлұмат беретін атауларды жатқызамыз;

2. Ортағасырлар кезеңінің топонимдері (II ғ. – XIV ғ.): бұған көне түркі тілінен сақталған, иран, моңғол тілінен енген және сол дәуірдің тарихи оқиғалары мен тарихи тұлғаларын айшықтайтын атауларды жатқызуға болады;

3. Қазақ хандығы дәуірінің топонимдері (XV ғ. – XVIII ғ.): бұл топқа қазақ елінің қалыптасуы мен дамуының тарихынан мәлімет беретін, қазақ халқын қалыптастырушы ру-тайпалардың және көсемдердің атымен аталған атаулар кіреді;

4. Жаңа заман топонимдері (XIX ғ.): мұнда қазақ тарихының Ресей империясына қол астына қарауынан бергі тарихымыздан көрініс беретін атаулар қарастырылады.

Топонимикалық жүйесі бірнеше ерекшеліктерімен көзге түседі:

1) Халықтық географиялық терминдердің негізінде қалыптасқан топонимдер. Оның ішінде атаулардың өзінің топоним ретінде қолданылуы көрініс береді: Қағыл, Нұра, Сор. Сонымен қатар, халықтық географиялық терминдердің қатысуымен қалыптасқан топонимдер тізбегі да бар. Мысалға, келесідей терминдердің қатысуымен қалыптасқан топонимдерді көре аламыз:

а) гидрографиялық терминдердің негізінде:

1. *арал – Қосарал;*

2. *бұлақ – Егіндібұлақ, Жамбасбұлақ, Тұмсықбұлақ;*

3. *көл – Саумалкөл, Сұлукөл;*

---

<sup>10</sup> Әбжанов Х. Қазақстан: тарих, тіл, ұлт. Астана: «Ана тіл – Ата тарих» баспа-зерттеу орталығы ЖШС, 2007. – 272 бет.

4. қарасу – Мұқышқарасу;
5. ой – Қараой;
6. өзек – Босағаөзек;
7. сай – Керейсай, Талдысай;
8. сор – Ащысор, Әжібексор;
9. суат- Тассуат;

б) оронимиялық терминдердің негізінде:

1. адыр – Желдіадыр;
2. бел – Мұзбел;
3. доңғал – Сарыдоңғал;
4. жал – Сарыжал;
5. тас – Тасты;
6. тау – Амантау, Теректау;
7. томар – Қаратомар;
8. төбе – Жуантөбе;
9. тұмсық – Тұмсықбұлақ;
10. түбек – Ақтүбек;

2) Этникалық атаулардың топонимикалық жүйеден орын алуы кездеседі:  
*Керей, Қытшақ, Қаратай;*

3) Флора-фауна әлемінің топонимикалық жүйеде келесідей орын алып отыр:

а) өсімдік атауымен – *Аршаты, Жиделі, Изенді, Көкпекті, Майқараған, Теректау, Тікенекті, Ырғайлы, Шөптікөл;*

б) жан-жануарлар атауымен – *Балықты, Итауыз, Қарақасқа, Қоянды, Құланөтпес, Соналы, Шортамбай;*

4) Адамдардың іс-әрекетінің негізінде туындаған топонимдерді көрсетуге болады: *Арықты, Байтоған, Көң, Қойтас, Қызылсөре, Малайқұдық, Мыңшұңқыр, Сарыоба;*

5) Антропонимдердің негізінде қалыптасқан топонимдер: *Ақпан, Ахмет, Әжібек, Барақбай, Баршын, Бижан, Жанбөбек, Жараспай, Жүкей, Қарымбай, Қылыш, Мұса, Нәшарбек, Оразалы, Отарбай, Түменбек;*

Нұра ауданының топонимикалық жүйесін жіктеу барысында қосымша бірнеше категорияларды анықтауға болады:

1. Топонимдердің құрамындағы түстік көрсеткіштер: *Ақирек, Аққолқа, Ақсу, Қарабұжыр, Қарақасқа, Қараой, Қызылсөре, Шұбаркөл;*

2. Адамдардың тұрмыс-тіршілігі заттарының топонимикалық атауларға берілуі: *Босағаөзек, Найза;*

3. Нақтылы бір тарихи оқиғалардың нәтижесінен қалыптасқан топонимдер: *Айдахарлы, Қазықұрт, Құланөтпес;*

4. Топонимнің нақтылы өзіне тән қасиетіне байланысты қойылған атаулар: *Ақирек, Ащылы, Итауыз, Кеңжарық, Құсмұрын, Соқыр, Торамша, Терісаққан*. Орталық Қазақстан топонимикалық жүйесінің әр алуандығын жіктеу барысында анықтай отырып, осы өңірдің топонимдерінің бірнеше қабаттан тұратындығын сеніммен айтуға болады. Себебі, халықтық географиялық терминдердің негізіндегі топонимдер ежелгі дәуірдің мұрасы болса, этникалық және түстік атаулар – ортағасырлық дәуірдің көрінісі. Мұны, тарихи оқиғаларға байланысты кездесетін топонимдер де (Айдахарлы, Қарақойын-Қашырылы, Құланөтпес) дәлелдей түседі. Ал, антропонимдердің топонимге айналуы жаңа дәуірдің дәстүрі екендігін жоғарыда айтылып өткен болатын.<sup>11</sup>

---

<sup>11</sup> Аршабеков Т.Т., Жакин М.С., Жұмабеков Ж.А., Қарағанды облысы Нұра ауданының топонимикалық картасы: тарихи негіздеме. Монография. Қарағанды: Гласир баспасы, 2009. – 216 б.

## Қысқартулар

1. БОАК – Бүкілодақтық орталық атқарушы комитет
2. ҚГАС (ЖО) – Қазақстан географиялық атауларының сөздігі (Жезқазған облысы)
3. ҚазОАҚ – Қазақстан Орталық Атқару комитеті
4. ҚазКСР – Қазақстан Кеңестік Социалистік Республикасы
5. қп. – қайырма парақ
6. ҚТҚЭС – Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі
7. ҚТС – Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі
8. ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі
9. МКЗП – Материалы по киргизскому землепользованию
10. п. – парақ
11. поскеңес – поселкелік кеңес
12. РКФСР – Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
13. САТДК – Справочник административно-территориального деления Казахстана
14. с. – село
15. селкеңес – селолық кеңес
16. уч. – участок

## Ортағасырдағы этнотопонимдер

Өте көне замандардан бастап адам баласы бір жерге орналасқанда, өз айналасындағы қоршаған ортаға атау бере бастайды. Олар белгілеген әрбір атау белгілі бір мағынаға ие болады.

Ортағасырлық араб деректерінен Ұлытау өңірі туралы қызғылықты мәліметтерді кездестіруге болады. Оның ішінде, әл-Идрисидің «Нузхат-ал-Муштак фи ихтирак ал-Афак» атты географиялық еңбегінің 5 климат бойынша 8 бөліміндегі мағлұматтар Ә.Х. Марғұланның пайымдауынша Ұлытау өңірімен, Торғай өзені бойы және Сарысу өзенінің төменгі ағысымен байланысты болса керек.<sup>12</sup>

IX-X ғасырларда араб географиясы жоғарғы деңгейге көтерілгені мәлім. Арабтар мемлекеттердің, жолдардың сипаттамасын жасайды және IX ғасырда оларға Орта Азиядағы, Қазақстандағы қалалар мен жерлер белгілі болған. Бұған дәлел ретінде әл-Идрисидің мәліметтерін келтіруге болады: «олардың елінде ерекше суық, ол елдердің халықтары егіндерін піспей жинап, шатыр астында түтінге кептіреді».<sup>13</sup> Бұл мәліметтер Арал теңізінен солтүстікте жатқан елдер мен халықтарға қатысты айтылғанын ескерсек, солтүстікте орналасқан Ұлытау өңірін де осы сипаттамаларға кіреді деп есептеуге болады. Осы пікірді негізге алып, әл-Идрисидің мәліметтеріндегі Ұлытау өңіріне қатысты өзен-тауларды қазіргі топонимдермен байланыстыруға болады.

Ұлытау өңіріне байланысты әл-Идрисидің сипаттамасындағы басты өзен Руза болып табылады. Бұл өзен туралы әл-Идриси былай деп жазады: «Бұл таулар шығыстан, гуздар елінен, Аскарун деп аталатын таудан ағып келетін үлкен өзеннің жағасында орналасқан; бұл өзен Руза деп аталады. Бұл үлкен өзен, одан қайықтармен өтеді және онымен көлден Хиам қаласына барады. Хиам қаласынан төменірек оған солтүстіктен, үлкен таулардан ағып келетін үлкен өзен құяды».<sup>14</sup> К.Миллер Руза өзенін Сарысу өзені деп жорамалдайды. Шынында да, Сарысу өзені шығыста орналасқан Бұғылы тауларынан бастауын алып, Кеңгір өзеніне құйғанға дейін батысқа қарай ағады. Одан әрі ол бағытын өзгертіп, оңтүстікке қарай ағады да Телікөлге құяды. Бұл сипаттамаға солтүстіктен Арғанаты тауларынан бастау алатын Кеңгір өзенінің де қосылуы дәлме-дәл келеді. Әл-Идриси бойынша Хиам қаласынан төменірек құятын өзен Магра деп аталады. Өзеннің әл-Идрисидегі сипаттамасы келесідей: «Хиам қаласынан төменірек солтүстікте басджирт елін гуздар елінен бөліп тұратын үлкен таулардан ағып келетін үлкен өзен құяды.

<sup>12</sup> Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Төлеуов Т.С. Ұлытау-Нұра өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері. Қарағанды: Гласир, 2007. – 250 б

<sup>13</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. 6.221

<sup>14</sup> Сонда, 6.221



Бұл таулар Мургар деп аталады. Ал өзен Магра деп аталады, өзен тасығанда көп табиғи алтын шығады, оның түбінен Хорасанға апарылатын лазурь тасы алынады. Өзеннің жағасында биік шыңы бар тау бар, одан мыңдаған бұлақтар ағып шығып, бәрі Магра өзеніне құяды».<sup>15</sup> Магра өзенін Кеңгір деп алатын болсақ, алдында айтқандай ол өз бастауларын Арғанаты тауларынан алады, яғни басджирт пен гуз елін бөліп тұрған тау осы болады. Биік шыңы бар тауы Кеңгір өзенінің батысында орналасқан Ұлытау болуы керек. Бұл тау туралы келесідей мәліметтер берілген: «Бұл өзеннің жағасында биік шыңды тау бар, одан мыңдаған бұлақтар бастау алып Магра өзеніне құяды. Оның шыңында камал тәріздес 2 қала орналасқан; біреуінің аты Нуджах, екіншісі Бадагах, екеуінің арасы күншілік жер. Аралығында батысқа қарай ағатын және көлемі 50 миль болатын батпаққа құятын үлкен өзен ағады. Ол жерде шұрайлы жайылымдар көп, түріктер онда қысы-жазы тұрады. Бұл батпақ пен Хорезм теңізі аралығы 6 күн жол, ол теңізден солтүстікте»<sup>16</sup>. Батысқа қарай ағатын өзенді Торғай өзенімен байланыстыруға келеді, ал үлкен батпақты бүгінгі күні Шалқар-теңіз соры деуге болады. Хорезм теңізі деп әл-Идриси Арал теңізін атайтын ескерсек, аталмыш сор одан солтүстікке қарай 200 шақырым жерде орналасқан.

Ал, Ұлытаудан ең ірісі Жезді болып, біршама өзендер бастауын алып, Кеңгірге құятыны да белгілі. Кеңгір өзенінің бойында қазба байлықтарының мол екендігі археологиялық деректермен де, қазіргі кездегі геологиялық зерттеулермен де дәлелденіп отыр.

Әл-Идрисидің жазып кеткендеріне күдік келтіретін тағы бір нәрсе – Гамаш өзені бойына (Б.Е.Көмековтың айтуынша Ертіс) орналасқан Астур қаласы күріш егеді деген пікірі. Қимақияның сол дәуірдегі аумағында күріштің өсуі мүмкін емес. Саяхатшы өз мәліметінде Қимақияны аралаған бір саудагерден естіп, Орта Азия қалаларына ұқсатып, сипаттап шыққан тәрізді. Өз көзімен көріп, өз құлағымен естіген адам қалалардың аттарын мұнша бұрмалап жазбас еді. Қала аттарының кейбіреуі ғана түркілік сұлбасын сақтаған, ал көбін талдауға тәуекел ету қиын. Мәселен, Хақан қаласы «Хақан тұратын қала, астана» екені белгілі; *Сарысу* Сарысу өзені бойындағы қала болуы мүмкін. Қимақ еліне баратын бір жолды саяхатшы Гардизидің мәліметінен табамыз: Янгикент – Ұйықман (Арал маңындағы құмды өлке) – Сокук өзені (Торғай не Сарысу) – Кендіртағ (Ұлытау) – Асус (Есіл өзені) – Ертіс.<sup>17</sup>

Географиялық атауларды зерттеуге картографиялық әдістің дендеп енуі қалай болса солай жүрмей, бірізді болу үшін, Е.М. Поспелов 1971 жылы «Топонимика және картография» атты еңбегін жазды. Мұнда жер-

<sup>15</sup> МИТТ, б.221

<sup>16</sup> Сонда, б.221

<sup>17</sup> Ал Идриси. Сураг ал-Ард, Багдад, 1951. – 151 с.

су аттарын зерттеуде картографиялық әдістің алатын орнын көрсетіп, оның топонимикамен ажырамас бірлікте болатынын дәлелдеп берді [9]. Топонимикада бұл әдісті пайдалану тиімді екені уақыт өткен сайын айқын көріне бастады. Топонимдердің, оның ішінде гидронимдер, оронимдер т.б., таралу аймағын айқындауда, жер бетінің бедерін атауға қарап ажыратуға, әр түрлі географиялық терминдердің, форманттардың шым-шытырық іздерін табуда картаға түсіру, картамен жұмыс істеу өзін-өзі ақтады.


Ономастиканың, антропоним, космоним сияқты басқа салаларына да изоголостық зерттеу әдістері кеңінен қолданыла бастады. Топонимика қазіргі кезде дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып қалғанымен, ол әуел бастан тіл білімі, тарих және география ғылымдарына тәуелді болып келеді. Жер-су аттары осы аталған ғылымдар кешенінің нысаны бола алады. Ареалдық әдіс топонимиканы географиямен тығыз қарым- қатынасқа түсіріп, атау мен нақты түрде бірге қарауға мүмкіндік берді

«Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» поэмасының пайда болу дәуірі VI-XII ғасырларға жатады және де эпикалық шығарманың ономастикалық атаулары бойынша дерек құрамына 75 географиялық атау, соның ішінде 32 гидроним, 22 ороним, 21 ойконим, және 50 антропоним кіргендіктен ерекше тарихи құндылыққа ие. Поэмада кездесетін көптеген топонимдерді қазіргі кезде де кездестіруге болатынын ескерсек, топонимдердің қалыптасу тамыры Қазақстан аумағында байырғы өз жерінде қалыптасқаны туралы нақты айтуға болады. Дастанда келесі топонимдер көрсетілген, соның ішінде төмендегідей танымал гидронимдер де бар: Есіл, Нұра, Сарысу, Балқаш, Жәмшіг Маржанкөл т.б. Тілдердің қыпшақ тобының ажырамас бөлігі болып табылатын қазақ тілінің дамуы және қыпшақтардың жазбаша әдеби тілінің қалыптасуы болу кезеңі болып табылады.

Оғыздар мен қыпшақтар арасындағы туыстық қатынасы туралы, қыпшақтардың шығуы жайлы сақталған көптеген деректердегі аңыздар мен эпикалық жырларға сүйену қажет. Моңғолдардың тарихшысы лейб дәрігер Фазлаллах Рашид ад-Дин «Джами ат-таварих» еңбегінде айтуы бойынша, қыпшақтардың генеалогиялық тарихы негізі оғыздармен байланысты.

Топографиялық орналасуы бойынша – Сарысу, Кенгір, Жезді, Торғай, Нұра өзендерінің бойында орналасқан. Бұлай орналасуында да өзіндік бір ерекшелік бар еді. Ол, біріншіден өзен аңғары, судың жағасы болса, екіншіден, ежелгі меридианды көшіп-қону жолдарымен қыстаулардан жайлауға көшу жолдарында кездеседі. Тағы бір айта кететін мәселе, бұл сауда жолдары болатын. Көне дәуірлерден-ақ батыс пен шығысты жалғастырып, байланыстырып жатқан «Жібек жолы» Түркістан, Сығанақ қалаларынан бір жол Сарысу, Кенгір, Нұра өңірлеріне әкелсе, келесі бір жол Оңтүстік Оралға апарды.

X-XIII ғасырлардағы қимақ-қыпшақ қалалары туралы араб жазушылары, географтары Ибн-әл-Варди, Ибн-Йиаса, Ибн-Сайд жазған.<sup>18</sup> Батыс және Орталық Қазақстанның қалалары жайында XIV-XV ғғ. Италиян карталары қызықты мәлімет береді. Атап айтатын болсақ, мысалы, 1315 ж. Пицигани (1367 ж.) және Фра-Маурлардың (1459 ж.) құрастырған Каталондық дүниежүзі картасы. Бұл карталар Дешті-Қыпшақпен, Орта Азиямен және Шығыс Түркістанмен сауда жүргізген италияндық саудагерлер үшін жасалған. Карталарда XIII-XIV ғғ. Жайық өзеніндегі, Солтүстік Каспийдегі, Сырдариядағы, Орталық Қазақстандағы, Жетісудағы тұрақтар мен қалалар және Торғайдың орта ағысындағы Қаңлы Кент қаласы, Нұраның төменгі ағысындағы Ақсикент қаласы көрсетілген.



Карталарда көрсетілген қалалардың болғандығын Плато Карпини және Рубрук өз жазбаларында дәлелдейді. Плато Карпини басты назарын Ертістегі және Алакөлдегі қалаларға аударған. Ол: «Татарлар тек бір қала Омылды (Эмиль) салған. Император (Гуюк) осы қалада үй салып, бізді дәмге шақырды. Бұл жерде Батыйдан үлкен Орда (Ежен) тұрады. Қалада оның әкесінің (Жошы)

<sup>18</sup> Кумеков Б. Е. Государство кимаков IX–XI вв. по арабским источникам. б. 98–108.

үйі бар, бұл үйде оның әйелдерінің бірі тұрады»- деп жазған.<sup>19</sup> Жошының кіші әйелінің тамы Кеңгірде орналасып Келінтам деп аталды. Тұрақтан солтүстік шығысқа қарай 30 км. жерде Жошы хан мавзолейі бар. Мавзолейдің жоғарғы бөлігі мүйізі бар бас сияқты жасалған. Күйдірілген кірпіштен жасалған қорғанның ішкі диаметрі 34 см. Плитаның үстіне биіктігі 30 см-лік бірінің ішіне–бірге орналастырылған 2 құмыра бар. Екінші құмыраның бүйірлерінде бұқа мүйізі бекітілген. Бұқа XIII ғ. 1-жартысындағы түрік-моңғолдардың тотемі болған. Ғасырлар бойы бұқа күштің, биліктің, мәртебенің белгісі болған. Қазақтардың астрономиялық аңызы бойынша жер бұқаның арқасында тұр.

Түрлі дерек көздері Дешті-Қыпшақ жерінде бай мәдени тұрақтар болғанын мәлімдейді. Хафыз Тыныш осындай тұрақтарға Бесағаш, Болған Ана; Талмас Ата, Жетім қорған, Мыңбұлақ, Үшқоңыр, Белен ана, Сарайлы, Торайлы, Басқамыр және т.б. жатқызса, Шарафеддин Әли Язды Орда-Базар, Сегізағаш, Ұлытағ, Кертағ, Ақ зират тұрақтарын атаған. Осының бәрі қыпшақтарда жартылай отырықшы мал шаруашылығы және өзен аңғарлары мен жазираларында суармалы жер шаруашылығы дамығандығын дәлелдейді. Бұны Платано Карпини мен Рубрук жазбаларынан да көруге болады.

Қыпшақтардың отырықшы және жартылай отырықшы тұрмысымен «қорық», «конг» терминдері байланысты. Қорық әуелде жан-жағы қабырғамен қоршалған хан жайлауы болды. Бұл мағынасындағы қорық сөзі үйсіндер мен түрік қаһандарына тән. «Конг» – өте көне термин. Ол географиялық атау ретінде (Жақсы көң, Жаман көң өзендері) тарихта сақталып қалды. М.Қашқари бойынша қыпшақтардың тұрақтары көлеміне қарай әр түрлі аталды: шағын ауыл-қыстақ, қыстау, бекініс, қала типті мекен кент т.с.с. Орталық Қазақстанда ерте қыпшақ (VII-IX ғғ.), моңғол кезеңіне дейінгі (X-XII ғғ.) және моңғол кезеңіндегі (XIII-XV ғғ.) ескерткіштері сақталған. Жошының үлкен ұлы, әрі Ақ орданың негізін қалаушы Орда-Еженнің 3 ордасы болған: 1) Шыңыс хан жотасындағы Орда; 2) Ұлытау ауданындағы Кеңгір өзені Жошы мавзолейі жанындағы ордасы; 3) Қаялықтан 7 күндік жердегі Ала-қашаң ордасы. Қалалардың көптеп салынуы кейінгі қыпшақ кезеңінде байқалады. Осы кезеңнің қалашықтары мен археологиялық ескерткіштері Орталық Қазақстанда сақталған. Олардың ішіндегі ірілері: Алаша хан, Басқамыр, Аяққамыр, Сарайлы, Торайлы, Топырақ қорған, Айбас дарасы, Домбағұл және т.б. Масғұд ибн Османи Сарысу және Ұлытаудағы Сығанаққа бағынышты бірқатар қалалар мен бекіністерді атайды. Масғұд Сарыарқадағы ең маңызды қала Дешті Қыпшақтың астанасы Орда-Базар болды дейді. 1429 ж. Ақ Орда ханы Барақ өлген соң оны Әбілқайыр басып алып ақша соқтырған Орда Базар Сығанақтан кейінгі екінші саяси орталық болған.

<sup>19</sup> Путешествие и восточные страны Платано Карпини и Гильома де Рубрука. -Алматы, 1993.

Кеңгір және Сарысу өзендерінің бассейнінен, Ұлытау және Жезқазған аудандарынан табылған ортағасырлық қалашықтар – отырықшы мәдениеттің, суармалы жер шаруашылығының дамығандығының дәлелі. Тұрақтар негізінен тастан, саз балшықтан тұрғызылған. Отырықшы мәдениеттің сақталып қалған іздерінің ең елеулісі Ұлытау ауданындағы Арғанаты тауындағы Домбағұл қалашығы. Бұл қалашық орта ғасырлық Орда-Базар қаласынан үлкен. Орда-Базарда 30 жыл Дешті-Қыпшақ ханы Әбілқайыр өз теңгелерін соқты. Тағы бір құнды мәлімет беретін тарихи орын Ұлытаудың солтүстік бөктеріндегі Қаратал өзенінің жағалауындағы Алаша хан қалашығының орны. Сонымен қатар мықты қорғантас мұнаралары болған Нөгербек дарасы және Басқамыр бекіністерін, Жезді өзеннің жағалауындағы Аяққамыр мавзолейінің жанындағы қалашықты, Жошы хан кесенесі маңындағы бекініс орнын айтуға болады. Бұл елді мекендер Орталық Қазақстанда пайда болған, ал осы жерді мекендеген қыпшақтар, қаңлылар және XV- XVIII ғғ. қазақтар үшін жартылай мал шаруашылығы, суармалы жер шаруашылығы тән. С.П.Толстов «Орта Азиялық қалаларды қалыптастыруда көшпелілер зор үлес қосты және екі шаруашылықтың ұштасуы қала мәдениетінің пайда болуына әкелді», –дейді.<sup>20</sup>

Орталық Қазақстанның орта ғасырлық тарихы бойынша археологиялық деректер – қоныс, бекіністер, қалашықтар. Қазақ тарихының ортағасырлары сонау түркілер дәуірінен бастап, кимақ, Дешті-Қыпшақ мемлекеті, одан кейінгі моңғол шапқыншылығын басынан кешірген, қазақ хандығы құрылған дәуірді қамтып, жалпы алғанда XVIII ғасырлармен тәмамдалады. Ортағасырлық Қазақстанның осы аралықтарындағы өзіндік тұрмыс-тіршілігі бар рулардың қоныс-бекіністері қалаларына XX ғасырдың екінші жартысынан бастап археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп келеді.

Топографиялық орналасуы бойынша – Сарысу, Кеңгір, Жезді, Торғай, Нұра өзендерінің бойында орналасқан. Бұлай орналасуында да өзіндік бір ерекшелік бар еді. Ол, біріншіден өзен аңғары, судың жағасы болса, екіншіден, ежелгі меридианды көшіп-қону жолдарымен қыстаулардан жайлауға көшу жолдарында кездеседі. Тағы бір айта кететін мәселе, бұл сауда жолдары болатын. Көне дәуірлерден ақ батыс пен шығысты жалғастырып, байланыстырып жатқан «Жібек жолы» Түркістан, Сығанақ қалаларынан бір жол Сарысу, Кеңгір, Нұра өңірлеріне әкелсе, келесі бір жол Оңтүстік Оралға апарды.

Орта ғасырда IX-XII ғасырларды бұрынғыша Жібек жолы батыс пен шығысты жалғастырып тұрды. Испиджаптан шыққан жол Сығанақ арқылы сауда жолдары Қаратаудың солтүстік сілемдеріне түсті, осы жолдар Бетпақ дала арқылы Дешті-Қыпшаққа жетті. Осы жол торабы Сарысуға, Ұлытау етектеріне, Ертіс өзендерінің бойына дейін жететін. Бұл сонау жол торабын әңгіме

<sup>20</sup> Толстов С. П. Древний Хорезм. М.–Л., 1948, б. 275

етіп отырған себебіміз де, Орталық Қазақстан орта ғасырлардағы әлемдік өркениеттің бір бөлігі болып табылады. Кез келген тарихи дәуірдің өз дамуы, өркениеттік белгілері болды десек, орта ғасырға сай өзіндік шаруашылығын, әлеуметтік құрылысын, қолөнерін қалыптастырды. Бұған археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде, ертедегі саяхатшылардың, жылнамашылар деректерімен көз жеткізуімізге болады. Орталық Қазақстанның IX-XI ғғ. Отырықшы мәдениетінің ошақтары туралы Ибн-әл-Факих, белгісіз автордың «Худуд әл-алам» еңбегінде, М.Қашқари және т.б еңбектерінде жазылған. Араб географы Әл-Идриси кимақтардың 16 қаласы болған, олар сауда жолдарында, өзен, көлдердің жағалауларында, таулы аймақтарда және кен көздері бар жерлерде орналасқанын жазады.<sup>21</sup> Астаналық дәрежеге ие болған Хакан қаласы сонымен қатар маңызды сауда орталығы болды. Қала темір қақпасы бар, биік дуалдармен айнала қоршалған. Тауларда көбіне бекініс салынған. Бекініс айналасындағы ор сумен толтырылады.

Орта ғасырлардағы Орталық Қазақстанның отырықшы мәдениетін зерттеуде аса маңызды дерек көзі болып Сібір сызбанұсқа кітабы, Ремезовтың, П.Чичаговтың, секунд-майор Богдановтың және Волошиннің атласы болып табылады. Өте құнды дерек болып Нифантьевтің «Орталық Қазақстанның оңтүстік бөлігінің топографиялық сипаты» және Сарыарқаға бірнеше рет сауда керуенімен келген Мұртаза Файзуллиннің жазбалары саналады.

Домбауыл есімі тарихи жазбаларда да, ауызша аңыздарда да кездеседі. В.В. Радлов жазып алған Тоқтағұл мерген, Г.Н. Потанин жазған Шыңғысхан туралы аңыз және басқаларынан Домбауыл есімі жиі ұшырасады. Қазақ аңыздарын жинақтаушы Г.Н. Потанин Домбауылға байланысты аңыздарды алғаш теріп жазушының бірі болды. Г.Н. Потанин Домбауылды бірде қазақтың түп-төркіні қылса, бірде «Дуа соқыр мен Дандағұл мерген (Домбауыл – А.Т) көп аңдарды қырған соң, құдай бірін суыр, бірін құндыз қылған екен» – деп баяндайды.

Домбауыл жөнінде келесі бір аңыз даңқты Алаша-ханмен және Жошы ханға байланысты 1897 жылы «Дала уалаятының газеті» бетінде жарық көрді. Мақаланың авторы О. Әлжанов Домбауылдың батырлығын осы өңірге мәлім Бесқұлан, Құланөтпес жерлерімен байланыстырады.

Ал, «Моңғолдың құпия шежіресінде» Шыңғысханның Домбауыл мергеннен тараған ұрпақ екені шежірелік жүйемен баяндалған. Сондай-ақ қазақ руларының шежіресінде де, жыр-толғауларында да кездесіп отырады. Осындай аңыздардың бірінде Домбауылдың руы Қият деп баяндалса, енді біреуінде Домбауыл дәулескер күйші ретінде бейнеленеді. Ұлытаудың батыс өңіріндегі Сарын шоқысы деп аталатын жер Домбауылдың сарын шығаратын, күй тартатын мекені болса керек.

<sup>21</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. т. I. М.-Л., 1939, б. 221

Ұлытау ұлан байтақ Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік орталығы болды. Жошы қайтыс болғаннан кейін, жаулап алынған байтақ кең дала –Ақ Орда, Көк Орда, және Шағатай ұлыстарына бөлінген кезде, оның үлкен ұлы Орда Ежен Сырдариядан Саян тауына дейін қамтитын Көк Орданы осы Ұлытаудан басқарды.<sup>22</sup>

Шыңғыс хан заманынан, моңғолдар арасынан жеткен ең көне жазба деректердің («Моңғолдың құпия шежіресінде», «Алтын тобшы») айтуында Шыңғыс хан төрт әйел алып, төртеуінен де бала сүйген. Солардың ішінде алғаш үйленген бәйбішесі – қоңырат руынан шыққан Дай шешеннің Бөрте есімді қызы. Жошы – осының баласы. Шыңғыс ханның ең мол із қалдырған жері, оның хан аталуына негізгі ықпалын тигізген өңірі, осы – қазақ даласы. Бесқұлан, Шыңғыстау, Ұлытау сияқты толып жатқан жер атаулары, сол өңірдегі күні бүгінге дейін қоныстанып отырған рулар, ондағы – Келін там, Болған ана, Домбауыл, Жошы хан сияқты Шыңғыс әулетінің төңірегіндегі адамдардың толып жатқан молалары – Шыңғыс хан өмірінің қазақ даласымен қаншалықты сабақтасып жатқанын айғақтайтын бедерлі мысалдар. Жүзжанидың айтуында: «Жошы қыпшақтардың жері мен суын, ауасын көрген кезде дүниеде бұдан артық саф ауаның, мөлдір судың болуы мүмкін емес екенін ұғып, қыпшақтарды жақсы көріп кеткендігі сонша, өзі осында қалып, бұл елді бүліншіліктен азат етуге бел байлаған.<sup>23</sup>

Дешті қыпшақ даласы Жошы ұлысымен тығыз байланыста болды. Сондықтан Моңғол сөздері, Орта, Орталық Азияның түркі, моңғол тілі топтарына жататын халықтардың қоғамдық, мәдени, әлеуметтік, тұрмыстық, тарихи қатынастары ежелден ұқсас, тіпті бір-бірімен етене жақын болып келген. Осындай ортақ қарым-қатынас, бір қалыпты қауымдастықтың нәтижесінде оларда тіл ортақтастығы да болғанын кейінгі зерттеушілер сөз қылып жүр. Тарихшылардың айтуына қарағанда,<sup>24</sup> Моғолстан құрамына өткен алғашқы моңғол ру-тайпалардың өздері түркі тілдерінде сөйлеген. Жүздеген жылдар бойы қос халықтың саяси-қоғамдық, әлеуметтік қатынасы тарихта белгілі. Шыңғыс хан империясынан бұрын да, кейін де бір толастаған емес. Бұл тілдердегі шаруашылық, мал, мүлік, аң-құс атауларынан кездесетін ұқсастықты осы тарихи мүдде бірлігінің ізі деп білеміз.

Мәселен, туыстық атаулардың (түркіше: «нағашы», «бажа» -моңғолша: «нагацы», «баз») айтылу, естілу жақындығы, бұл атаулардың бір кездері екі халыққа да ортақ болған ба деген ой келеді. Моңғол мен түркі (соның ішінде қазақ) тілдеріне ортақ элементтер фонетика саласында да көптеп кездеседі.

<sup>22</sup> Г.Е Грумм-Гружимайло. Джучиды, Золотая Орда М, 1994 ж. 103 б.

<sup>23</sup> Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., Төлеуов Т.С. Ұлытау-Нұра өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері. Қарағанды: Гласир, 2007. – 250 б.

<sup>24</sup> Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1967, с. 483.

«Моңғолша-қазақша сөздікте» айтылғандай : «Моңғол, қазақ тілдерінің қазіргі жағдайымен есептегенде, көне моңғол тілінің фонетикалық жүйесі қазіргі қазақ тілінің фонетикалық жүйесімен негізінде сәйкес келеді.»

Сарыарқа жерінде кездесетін тарихи топонимдер ішіндегі зоонимдер: арслан – арыстан – ҚМС<sup>25</sup> – 48-бет, – бүргэд – бүркіт – ҚМС – 76-бет, ғұнан (404а) – құнан – ҚМС – 197-бет – дөнөн–дөнен – ҚМС – 91-бет, лачын – начин – лашын – ҚМС – 209 – агт – ат, азбан – ҚМС – 22-бет, – хулан – құлан – ҚМС – 196-бет, (Әбілғазы. Түрік шежіресі /Аударған: Б.Әбілқасымов, Алматы, Ана тілі, 1991. – 208 б.)

Ұлытау өңірі ортағасырларда ірі саяси оқиғалардың аренасы болғандығы белгілі. Әрине, өңірдің тарихи географиясын сипаттауда әскери жорықтар мен шайқастар туралы айтып өтпеу мүмкін емес.

Әмір Темірдің Ұлытау өңіріне алғаш аяқ басуы Низам-ад-дин Шамидің «Зафар наме» шығармасындағы мәліметтерге сүйенсек, шамамен 1387 жылдың күзінде болады [СМИЗО, т. 2 111]. Бұл оқиға Тоқтамыстың Әмір Темірден бөлектеніп, Түркістан өлкесіне жорық жасауынан басталады. Низам-ад-дин Шамидің жазбасы бойынша Тоқтамыс Ходжент өзенінен өтіп, оның әскерінің авангарды Зернук деген жерге дейін жетеді. Темір әскер жинап, Ходжент өзенінде қарсыласының әскерін жеңіліске ұшыратады. Одан кейін, Темір әскерлері қарсыластарына түнгі шабуыл жасап, қарсы жақ Арыс өзеніне өтіп қашады. Темір әскерімен қашқан әскердің соңына түсіп, Ходжа-Шейхты, Тублақты, Қараханды, Аман-шахты және Дәулет-шахты қырық сарбазымен барлауға жібереді. Олар *Сары-өзен* деген жерде Тоқтамыстың қарауыл әскерімен кездесіп қалып, шайқасады [СМИЗО, т. 2, 111]. Мұндағы, *Сары-өзен* деп аталатын жер – Ұлытау өңірі арқылы оңтүстікке қарай ағып өтетін *Сарысу* өзені. Қайтып келе жатқанда барлаушылар Кыдба-тарханға кездесіп қалады. Низам-ад-дин Шами онда «жүз шақты шаңырақ болды» деп жазады. Үлкен ұрыс болып, Кыдба-тарханды тұтқындаған әскер, оның үйлерін және мал-мүлкін **Ак-сүме** деген жерге апарды [СМИЗО, т.2, 112].

Темірдің Дешті Қыпшаққа жорығына қайтып оралатын болсақ, Ұлытау тауларынан кейін, ол осы өңірді тастап, жорығын жалғастырады: «Выступив оттуда и охотясь, они достигли местности Иланчук и отстановились (там). Перейдя через реку Иланчук, через 8 дней они прибыли в местность Анакаркуюю» [СМИЗО, 113]. Осыдан кейін, Темірдің әскерлерімен Ұлытау өңірінің территориясынан шықты деп есептеуімізге болады. Шығармадағы Иланчук – қазіргі күндегі Жыланшық өзені, ал Анакаркуюю жер атауы түсініксіз. Темір Жыланшық өзенінен өткеннен кейін Ұлытау өңірін тастап кетті деуге болады.

Әмір Темірдің Дешті Қыпшаққа жорығы барысында Ұлытау өңірінің

---

<sup>25</sup> Қазақша-моңғолша сөздік. Ұланбатор, 1977, 8-бет



территориясынан жүріп өткен маршруты жазба дерек мәліметтеріне сүйенсек, келесідей болып шығады:

1. Ақсүмбе (Аксүме);
2. Белең ана (Билан);
3. Сарысу өзені (Сарыг-узен);
4. Күршім құмы (Курчун);
5. Алқосын (Ал-кошун);
6. Кішітау (Кичи-даг);
7. Ұлытау (Улу-даг);
8. Жыланшық өзені (Иланчук).

Темір Құндызша өзенінің бойында жеңіске жеткеннен кейін, «мол олжамен кейін қайтты» деп жазады Низам-ад-дин Шами [СМИЗО, 118].

XVI ғасырдың соңында Ұлытау өңірі Абдаллах ханның Баба сұлтанға қарсы жорығы барысында тарихи деректен көрініс береді. Абдаллах ханның жорығы Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шайхи» шығармасында жан-жақты сурттеледі. Хафиз Таныш мәліметтеріне сүйенсек, Баба сұлтан Абдаллах ханнан **Ұлытау** өңіріне қашады. Ол туралы Хафиз Таныш «От страха перед нападением бесстрашного государя Абдаллах-хана Баба-султан, подобно лисе, обратился бегство и пошел по пути отступление. Он направил звуки барабана отступления в сторону Дашта» [МИКХ, 268]. Бұл оқиға 1582 жылы басталады. Абдаллах ханның әскерлері Саураннан шығып, одан әрі Хафиз Таныштың баяндауы бойынша келесідей жерлерге жетеді: «проехал Ак-Суме и Йурунджжалык и расположился лагерем» [МИКХ, 270]. Ақ сүме Қазақстанның археологиясынан белгілі, Созақ ауданынан солтүстік бағытта 80 км жерде орналасқан Ақсүмбе қалашығы мен мұнарасы, ал Абдаллах ханның әскерлері тоқтаған жерді нақты анықтау мүмкін емес. Одан кейін, әскерлер «Сусканлик» (өзен болу керек – Ж.Ж.) деген жерден өтіп, **Сарысу өзеніне** жетеді. Бұл туралы Хафиз Таныш «ступил своими благословенными ногами на берег реки Сарык-су, которую в «Зафар-наме» и других сочинениях пишут как Сарык-узан» деп жазады [МИКХ, 270]. Бұл мәліметтер, Абдаллах ханның ортағасырлардағы «Сарысу жолы» деп аталатын қатынас жолымен жүргендігін көрсетеді. Бұл жолмен «Зафар наме» шығармасында Тоқтамысқа қарсы жорығы барысында Әмір Темірдің әскерлерінің жүргендігі баяндалған болатын. Хафиз Таныш Абдаллах ханның Сарысу өзенінің бойымен солтүстік бағытта жүріп отырып, өзеннің бойындағы «Балтум-Турангу» деген жерде бір тоқтайды. Осы жерде Баба-сұлтанның **Ұлытау тауларын** паналап, қашқанын естиді. Абдаллах хан әскерімен тағы жолға шығып, «Йатим-Турангу» деген жерге жақын Үшқоңырда тоқтайды [МИКХ, 272]. Абдаллах хан әскерлері Сарысу өзеніне жеткеннен бастап, үш күндік жолдан кейін Күршім құмына жетеді. Келесі күні әскерлер «Йиланджук» өзенінен өтіп, «Токай-Кашудан»

деген жерге тоқтайды [МИКХ, 273]. Бұдан кейінгі Абдаллах ханның жорық маршруты Ұлытау өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштер Талмас-ата мен Болған ананың жанымен өтеді. Талмас ата ескерткішінің бүгінге дейін тек орыны ғана сақталған. Ол Сарысу өзенінің бойында, ал Болған ана ескерткіші жартылай сақталған. Ол **Кеңгір өзенінің** Сарысуға құяр тұсында, Жезқазған қаласынан оңтүстікте 50 шақырым жерде орналасқан. Болған ана тұсында Абдаллах хан Баба сұлтанның Ұлытау маңындағы Жошы мазарының тұсында екенін біледі [МИКХ, 275]. Одан әрі, әскерлер Кендірлік өзенінен өтіп, Теріс Кендірлік тұсында аялдайды. **Кендірлік өзендері** қазіргі Жезді және Бала Жезді өзендері болуы керек. Себебі, Болған ана ескерткішінен кейін кездесетін өзендер осы. Ал, Кендірлік топонимі бұл күнде тек тау атауы ретінде сақталған [ҚГАС, 132]. Кендірлік осы өзендердің ортағасырлардағы атауы болса керек. «Үлкен Сызба кітабында» Ұлытау өзенінен ағып шығатын Кендірлік өзені туралы айтылады. Үлкен Жезді өзені өз бастауын Ұлытау тауларынан алады. Сондықтан, Кендірлік өзенін Жезді өзені деп санауымызға болады. Осы жерде Абдаллах ханның әскерінен барлауға шыққан үш адам Жошы мазарының жанында Баба сұлтанға тұтқынға түсіп, олар өздерінің соңындарынан Абдаллах ханның үлкен әскері қуып келе жатқанын біліп, тез арада маңғыттарға қарай кетеді [МИКХ, 276].

Хафиз Таныштың жазбалырында Ұлытау өңірінің топонимикасына қатысты маңызды мәлімет таба аламыз. Ұлытау өңірінде Бұланты аталатын өзен бар [ҚГАС, 78], бірақ Ұлытауда қазіргі күндері бұлан жоқ. Бұланты топонимінің қалыптасуын Хафиз Таныштың мәліметтері ғана түсіндіре алады: «Среди разных газелей [войны] обнаружили [здесь] таких газелей, которые ростом больше буйвола. Монголы (могул) называют их кандагай, а жители Дашта именуют булан [т.е. лось]». Демек, ортағасырларда Ұлытау өңірінде бұлан аталатын жануар мекендеп, өзен атауы сол себептен қалыптасқан.



**Қос ұйғас**



**Қара дың**



**Домбауыл дыңы**



**Жошы хан кесенесі**



**Алаша хан кесенесі**



**Алтыншоқы. Ортағасырлық жазба**

## Қазақ хандығы кезіндегі этнопонимдер

Ұлытау өңірінің ортағасырлардағы тарихи географиясының бір кезеңі Қазақ хандығының құрылуы тарихымен байланысты. XV ғасырдың 50 жж. екінші жартысында Керей мен Жәнібек сұлтандар көптеген Жошы ұрпақтарын және руларды өз маңайына топтастырып, Моғолстанға көшіп кетеді. Ұлытау өңірінде орналасқан тарихи орындардың бірі – Таңбалы тасқа байланысты аңыздар осы оқиғаны сипаттайды: «Народное предание гласит, что именно здесь, у ключа Тас-булак, происходило первое историческое совещание родов об организации новой народности «казах», решение которого будто бы зафиксировано на утесе родовыми знаками всех племен, участвовавших в совещании. Тот факт, что основной костяк новых обитателей казахской степи происходил с юга, т.е. из пределов Великого Могола, свидетельствует о некоторой исторической достоверности этого предания».<sup>26</sup>

Академик Ә.Х.Марғұлан «Бұл тасқа қазақтар әрқашан бас иіп, адамдар таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген. «Таңбалы тастың» ұлы атаққа ие болуының себебі, бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап, ұран шақырып, бір ел болып қосылған екен» - деп жазады.

Әбілқайыр ханның мемлекетінің халқы «көшпелі өзбектер» аталса, Шығыс Түркістанның көшпелі түрік немесе түріктенген тайпалары мекендеген территорияны көрсетуі үшін мұсылман авторлары Өзбек ұлысы, Өзбекстан терминін қолдана бастайды. Сол кездегі Өзбекстан құрамына қазіргі Орталық, Солтүстік, Солтүстік-Шығыс және Батыс Қазақстан территориялары жатады. 1459-60 жж. Керей мен Жәнібек сұлтандар өз жақтастарымен сол кездегі Моғолстанның батысындағы Шу мен Қозыбасы деген жерге көшіп кетеді. Бұл саяси оқиға туралы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінде баяндалады: «В то время в Дашт-и Кипчаке владычествовал Абу-л-хайр-хан. Он причинял много беспокойства султанам джучидского происхождения. Джанибек-хан и Кирай-хан бежали от него в Могулистан. Исан-Буга-хан охотно принял их и предоставил им округ Чу и Козы-Баши». Осы оқиғалардан кейін, бөлініп кеткен топ «өзбек-қазақ» деп, бірте-бірте «қазақ» атауына ие болады.

XV ғасырда қазақ мемлекеті құрылуы процесінде – жаңа мемлекеттің, халықтың атауы ретінде қазақ сөзінің қабылдануы тегін емес. Және де, осы атауды қабылдаушы халық пен саяси лидерлер оның түпкі мағынасын анық білген болу керек.

Қазақ хандығының қалыптасуынан кейін Ұлытау өңірінің саяси орталық ретінде өз мәнін жоғалтпағаны тарихи деректерден белгілі болып отыр. XVI ғасырдың бас кезінде Ұлытау өңірі Қасым ханның мекендеген жері

<sup>26</sup> Сагпаев К.И. Доисторические памятники в Джезказганском районе // Избранное. В 5-ти т./ Сост.М.К.Сагпаев. – 2-е изд. сокр. Шымкент: «Оңтүстік полиграфия», 2007. Т.5: Научно-популярные и общественно-политические статьи, выступления. – 416 с.

екендігін ортағасырлық автор Абдаллах Али Насраллахидің (Абдаллах Балхи) «Зубдат ал-асар» шығармасынан көруге болады. Онда, Мұхаммед Шайбани-ханның Дешті Қыпшаққа жорығы баяндалады: «После того, как Шахбахт-хану покорились Хорасан, Мавереннахр, Туркестан, Тохаристан, Бадахшан, Кандахар, Забул, Хорезм, Астрабад и территории вплоть до Ирака, он выступил с огромным войском ради овладения Дашт-и Кипчаком. И когда он вторгся в пределы Дашт-и Кипчака, он направил вперед все войско с Тимур-султаном и Убайдаллах-султаном, которое внезапно нагрянуло на Касим-хана».<sup>27</sup> Қасым ханның шайқасуға мүмкіндігі болмағандықтан шегінуге мәжбүр болады. Автор Қасым ханның Ұлытаудағы ұлысы мен ордасының Темір сұлтан мен Убайдаллах сұлтанның қолына түскендігін көрсетеді: «и вся его ставка и весь эль-улус в Улутаге попали в руки султанов». Бұл мәлімет бойынша Қасым ханның ордасы да, ұлысы да Ұлытау өңірінде орналасқанын байқаймыз. М.Х.Абусейтова 1509 жылы Мұхаммед Шайбани-ханның Ұлытау аумағында Қасымның иеліктеріне шабуыл жасап, қазақтардың қыстақтарын ойрандағанын айтады. Мұхаммед Шайбани-ханның бұл жорығы сәтсіз аяқталып, оның әскерлері жеңіліске ұшырайды. М.Х.Абусейтованың пайымдауынша, осы жорықтың сәтсіз аяқталуы Шайбани-ханның билігінің әлсіреуіне және оның Мерв түбінде қаза болуына алып келеді. Көріп отырғанымыздай, Қасым ханның билік құруы тұсында Ұлытау өңірі Қазақ хандығының саяси орталықтарының бірі болғандығын байқауға болады.

Қасым ханның Ұлытау өңірін мекендеуіне бірден-бір себеп, Сырдария бойындағы қалалар үшін күрес болуға тиіс. «Тарихи Рашиди» шығармасында Қасым ханның Ташкентті қоршауға алып, Сүйіншік ханмен күрес жүргізіп жатқанын естіген Сұлтан Сайд ханның, онымен кездесуге аттанғаны айтылады. Бірақ, оған дейін Қасым хан Ташкент түбінен шегініп кетеді. Қазақтарды қайтадан Ташкентке шабуыл жасауға көтеру мақсатымен Сұлтан Сайд хан Қасым ханмен Шу өзенінің бойында кездеседі. Шу өзеннің Ұлытау өңірінің оңтүстігінің табиғи шекарасы болып табылатыны белгілі. Мұхаммед Хайдар Дулати хандардың нақты қай жерде кездескенін анық көрсетпейді. Бірақ, оның «кездесуден кейін қазақтар Қасым ханның бұйрығы бойынша қыстауларына қарай қозғалды» деуіне қарағанда, Қасым хан қыс мезгілдерін Ұлытауда өткізгенге ұқсайды. Белгілі тарихшы К.А.Пищулина XV ғасырдың Қазақ хандығының шекарасы ұлғайып, Батыс Жетісу, Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен оазистері, Қаратау маңындағы жазықтар, Сырдарияның төменгі ағысы мен Аралдың солтүстік бөліктері және Орталық Қазақстанның біршама территориясын қамтығанын атап өтеді<sup>28</sup>.

<sup>27</sup> Материалы по истории казахских ханств (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: Наука, 1969. – 651 с

<sup>28</sup> Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века // Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). Алма-Ата: Наука, 1981. – 192 с.

## Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы

16-17 ғғ. қазақ хандығы нығайып, оның шекарасы едәуір ұлғая түсті. Өз тұсында «жерді біріктіру» процесін жедел жүзеге асырып, көзге түскен хандардың бірі – Жәнібектің ұлы Қасым. Қасым ханның (1511-1523 жж.) тұсында қазақ хандығының саяси және экономикалық жағдайы нығая түсті. Ол билік құрған жылдары қазақ халқының қазіргі мекен тұрағы қалыптасты. Бірсыпыра қалалар қосылды, солтүстікте Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлауы Ұлытаудан асты. Оңтүстік-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері) қарады. Қасым ханның тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібірмен сауда және елшілік байланыс жасалды. Орыс мемлекетімен байланыс болды. Ұлы князь 3 Василий (1505-1533) билік құрған кездегі Мәскеу мемлекеті еді. Батыс Еуропа да қазақ хандығын осы кезде танып білді.

«Қасым ханның қасқа жолы» деген әдет-ғұрып ережелері негізінде қазақ заңдары жасалынды.

Дегенмен Қасым хан тұсында Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған мемлекет болмады. Ол Қасым өлгеннен кейін бірден байқалды. Өзара қырқыс, таққа талас басталды. Моғол және өзбек хандарының қазақ билеушілеріне қарсы одағы қалыптасты.

XVI ғасырдағы Қазақ хандығының өркендеуі Хақ-Назар ханның билік құруымен байланысты. XVI ғасырдың орта тұсында қазақтар тек Сырдария өзенінің орта ағысымен қатар Моғолстанды да мекендейді. Абд ар-Рашид ханның оларды Моғолстаннан ығыстырып шығаруға деген ұмтылысы қазақ-моғол күресінің себебі болады. Бұл оқиғалар Шах Махмуд чорастың «Жылнамаларында» сипатталады. Зерттеуші М.Х.Абусейтова Хақ-Назар ханның Абд ар-Рашид ханнан Емел бойында жеңіліс тапқанынан кейін, Сарысу өзенінің бойына шегініп кеткенін мәлімдейді.<sup>29</sup>

XVI ғ. соңындағы тарихи оқиғалар барысы Хафиз Таныштың «Шараф-наме-йи шайхи» шығармасында орын алған. Онда, негізінен Шығай хан мен баласы Тәуекелдің Абдаллах-ханға қызмет етуі; қазақтардың сырдария бойындағы күресі; Абдаллах-ханның қазақтарға қарсы жорықтары баяндалады.

М.Х.Абусейтованың пікірі бойынша, XVI ғасырдың соңына қарай Қазақ хандығын Шығыс Дешті Қыпшақтан, отырықшылық өлкесі Жетісудан көршілері ығыстырып, негізінен оңтүстік шекаралары Сарысу өзенімен шектелеген.<sup>30</sup> Бұл, Қазақ хандығының негізгі жері қазіргі Орталық, Солтүстік және Батыс Қазақстан территорияларын қамтығанын көрсетеді.

<sup>29</sup> Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с

<sup>30</sup> Абусейтова М.Х. Из истории казахско-среднеазиатских отношений: события 1598-1599 годов // Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). Алма-Ата: Наука, 1981. – 192 с.



Осы территориялардың ортасында орналасқан Ұлытау өңірі басты саяси оқиғалардың аренасы болуы – заңды құбылыс.

XVII ғ. бас кезінде Қазақ хандығының негізгі орналасқан жері қазіргі Ұлытау өңірі, Арал теңізінің солтүстік бойы және Қаратау тауларының маңы екені байқалады. Шамамен, 1600 ж. құрастырылған деп жобаланатын «Үлкен Сызба кітабының» мәліметтері, Қазақ хандығының территориясы ретінде осы жерлерді көрсетеді. «Үлкен Сызба кітабының» Г.Е.Катанаевтың еңбегінде жарияланған үзіндісі кейінгі К.Н.Сербинаның жариялаған нұсқасынан толығырақ, сондықтан біз осы мәліметтерді келтіреміз. Онда Қазақ хандығының территориясы келесідей сипатталады: «А к Синему морю от Иргиза реки 280 верст, пески Барсук-Кум; попереk того песку 25 верст; да пески Каракум, от Синева моря 200 верст, пески Каракум вдоль 250 верст, а попереk 130 верст; а те три песка прилегли к Синему морю к берегу. – В Синее море с Востоку пала река Сыр; а в Сыр-реку пала река Кендерлык. А Кендерлык – река вытекла из Улутовой горы двумя протоками. А от горы Кендерлику реки протоку 330 верст; а другая река Кендерлык из тоёже горы пала в реку Сар-Су. А река Сарса пала в озеро не дошед до Сыра-реки, от устья Кендерлыка 150 верст, а от Карачатовой горы 250 верст, а от Сыра-реки та гора 80 верст. А от устья реки Кендерлика 150 верст с левой стороны реки Сыра город Сунак, против Карачатовой горы; а промеж озера Акбашлы, и реки Саук, и озера Анкуль, и по обе стороны реки Зеленчика, и реки Кендерлика и реки **Сарсу** и песков Каракум, на тех местах, на 600 верст, кочевые Казакские орды» .

Бұл мәліметтерге Г.Е.Катанаевтың өзі қосымша түсініктеме береді. Бірақ, ол XV ғ. Әбілқайыр бастаған көшпелі өзбектердің Мәуреннахр территориясына кетуін, кейінгі кездегі Қазақ хандығында болған оқиға деп түсінген тәрізді. Г.Е.Катанаевтың жазуы бойынша: «пред-кучумовскую эпоху, разбойнические вольные ватаги всякого рода средне-азиатских выходцев носившие сборное имя «казаков» бродили по **Сары-Су, Тургаям, Кенгирам**, в окрестностях Кургалджина значительно севернее тех мест, которые значатся их главным обиталищем на «Книге Большого Чертежа», с которых они, как мы выше сказали, в конце XVI столетия, завлекаемые открывшеюся обильною добычею в городах северного Туркестана, откочевали далее на юг к Сыр-Дарье».<sup>31</sup> «Үлкен Сызба кітабының» мәліметтері қазақтардың Мәуреннахрға жорығына дейінгі жағдайды суреттесе керек. Себебі, 1598 жылғы Тәуекел ханның жорығынан кейін Қазақ хандығының территориясы біршама ұлғайып, қазіргі кездегі Қазақстанның шекарасын қамти бастайды.

<sup>31</sup> Катанаев Г.Е. Киргизские степи, Средняя Азия и Северный Китай в XVII и XVIII столетиях // Записки Западно-Сибирского отдела императорского Русского географического общества. Книжка XIV, выпуск I. Омск: Тип.Окружн.Штаба., 1893. – 74 с.

Зерттеушілер С.Г.Кляшторный мен Т.И.Султанов XVII ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақ хандығы саяси ыдыраңқы болғандығын ерекшелейді. XVII ғасырда Қазақ хандығының халықаралық жағдайы да өзгереді. Қазақ хандығының шығыс шекарасында Жоңғар хандығы құрылып, қазақтар Жетісу үшін ойраттармен тоқтаусыз күрес жүргізеді [Султанов, 209]. XVII ғасырдың орта тұсына дейін қазақ билеушілері Аштарханидтармен Сырдария бойындағы қалалар үшін, жоңғарлармен Жетісу үшін күрес жүргізіп отырады. Жоңғар экспансиясының таралуымен, XVII ғасырдың 70-ші жылдарына дейін қазақтар солтүстік-шығыстағы және Жетісудағы біраз жерлерінен айрылады.

XVIII ғасырдағы Ұлытау өңірі туралы алғашқы мәліметтер Әбілқайыр ханның Ресей қарамағына өтуіне байланысты іс-құжаттарында кездеседі. 1730 жылғы Мәскеуге Әбілқайыр ханның елшілерінің келуі барысында, олар «Ресей иелігінде болуларын қалайтындарын» білдіріп, ауызша әңгімеде: «оних кайсацких кочевых народов 40000 кибиток и, кроме помянутого хана Абалхаира (который в той орде главной), есть еще 2 хана – Барак да Аболмаммет. Кочуют они по горам Улутов и Кичитов, по рекам Сыр, Сарысу и Торгай, на степи Каракум разстоянием от башкирцов (как башкирцы сказали) месяц езды». Бұл құжат бойынша жоңғар шапқыншылығынан кейін Орта жүз қазақтары негізінен Ұлытау өңірін мекендеген болуы керек. Себебі, 1726-27 жж. қазақ әскерлерінің Бұланты өзенінің бойында жоңғар әскерін жеңіліске ұшыратуы, осы территорияларға иелік етуге мүмкіндік берсе керек.

1730 жылғы башқұрт батырлары Алдар Есенгелдин мен Таймас Шаимовтың Сыртқы істер коллегиясына мәлімдемесінде: «А кочуют они, по реке Сыр, и по реке Сарысу, и по реке Торгай, и по горам Улутов и Кичитав и на степи Каракум. А кочуют оные касики от российских городов росстоянием недель шесть, а от них, башкирцев, месяц конскою ездою» .

1748 жылғы дерекке сүйенсек, «Сарысу өзені қазақтар мен жоңғарларды бөліп тұратын шекара» болып табылатыны көрсетілген.

Барақ сұлтанның **Ұлытау** өңірінің мекендегені жайлы 1748 жылғы Орынбор губернаторы И.Неплюевтің сыртқы істер коллегиясына жазған мәлімдемесінен көре аламыз: «А впротчем, об нем, Бараке, часто помянутый переводчик, быв орде, слышал, что он находится в трех тысячах кибиток по **реке Сарасу**, которая киргискую степь от зюнгорской разделяет и будто послал к зюнгорскому владельцу объявит, акибы киргисцы намерились иттить на них войною и он за то, тако ж и за грабительство кашкарского их каравана Абулхаир-хана убил и просит от зюнгорцов защищения» [КРО, т.2., 424].

1740 жылы Ресей бодандығын қабылдауға ант беруге Орынбор қаласына келген Кіші және Орта жүз өкілдерімен генерал-лейтенант князь В.Урусовтың кездесуінің журналдық жазбасында да Орта жүздің бірталай белгілі және беделді адамдарының есімдері аталады<sup>32</sup> [Казахско-русские отношения, 167,

<sup>32</sup> Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов). Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1981, 167 б

297]. Би-батырлар бастаған бір топ алтай-арғын тайпа елінің азаматтарының Орта жүз ханы Әбілмәмбет және Абылай сұлтан жасағының құрамында Орынборда болғаны сөзсіз. Себебі, журналдық жазба бойынша 1 қыркүйек күні генерал-лейтенант Әбілмәмбет хан және Абылай сұлтанмен жолығады. Бұл кездесуде қазақтар өз тарапынан орыс қамауындағы тұтқындарды босатуды сұрағанда, олар өз кезегінде Ташкент кереуенінің тоналуын сөз етеді.<sup>33</sup>

Хан ол адамдардан қазақтың салты бойынша төрт жылқы алынғанын, яғни бұл олардың қалғанын төлеуге міндетті екенін көрсетеді және хан өз тарапынан бұл мәселені қадағалайтынын айтып, осы адамдарға мөр басып, тонаушыларға жіберетін болады. Нияз-батыр генерал-лейтенанттың алдында бұл істің мән-жәйін түсіндіруге тонаушылар қатарынан осында келген төртеуін шақырады, олар: Алтай-арғын руынан – Қожамберді Нәурізеков, Қазы Тоқбурабиев; Атығай руынан – Арлағал Дюсенов; Сарыжетім руынан – Өмірзақ Атдиев. Оларды көрген генерал-лейтенант тонаушылық үшін үлкен айып төленетінін айта келіп, кешірім жариялайды. Хан, сұлтан және аталмыш қазақтар алғыстарын білдіреді. Ханның сұрауы бойынша тонауға қатынасқан қалған адамдардың аттары аталады: Алтай руынан – Олжакелді Қарекебиев, Икбай Белгіайдаров, Баба Белгіайдаров, Өтеулі Құлмурзин және қосшы Үмбетей Биганев; Уақ руынан – Қарабас Оразов; Қозған руынан – Орыс Ижиюнбетев; Телеу руынан – Өтеулі Абдеев; Төртуыл руынан – Сатай Мурзазлин; Тас руынан – Юрлыгат Кутуков, Базигит Чатыров; Қаракесек руынан – Базаргелді Көбеков, ағасы Байболат 7 адаммен; Керей руынан – Қудашугур Кутлугадаков; Тарақты руынан – Өтеп, әкесінің аты белгісіз.<sup>34</sup> Бұл туралы П.И.Рычков дерегінде «Бұл отырыста бөтен әңгіме болған жоқ, тек қазақтар тонаған көпестер керуенінің табудың амалдары ғана сөз болды, тонауға қатысқандар аталып, олардан төлемге бірнеше жылқы алынғаны айтылады және ханның ұлы мәртебелі патшайымнан өтінуі себепті, оның атынан олардың кінәсі кешірілді» делінеді.<sup>35</sup>

1747 жылғы 26 мауысымда Барақ сұлтанның елшілеріне жолсерік болып Орта жүзге барып қайтқан М.Араповтың айтқандарынан Барақ сұлтан туралы біршама мәліметтер алуға болады.<sup>36</sup> Барақ сұлтанның інісі Ескендір сұлтан 1746 жылы 21 қарашада Санкт-Петербургке патша сарайына барып қайтады. Жолай, қайтарында Неплюев Ескендір сұлтанның қасына казак Матвей

<sup>33</sup> Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов). Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1981

<sup>34</sup> Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (сборник документов и материалов). Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1981

<sup>35</sup> Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. Астана: «Аударма», 2002. – 124 б

<sup>36</sup> Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы (Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай). Петропавл: ЖШС «Астана» баспасы, 2005.

Араповты қосып Барақ сұлтанның ауылына аттандырады. Қорғалжын көліне құятын Керей өзенінде отырған Барақ сұлтанның ауылында М.Арапов 20 күн жатып, «қазақтар жағында ешқандай бүліншілік жоқ екенін, Ресейге бөтен көзқарас білінбейтіндігін» анықтайды.<sup>37</sup> Барақ сұлтан Араповқа Ескендір сұлтанды қосып, оның жанына бұл жақтағы белгілі және құрметті адамдардың бірі Тоғалақ батырды қосып, жанына Боқаш, Сұлтанғұл, Есдәулет, Бердіғұл, Құлымбет және Саржан деген адамдарды қосшыларымен Орынборға қайта аттандырды. Неплюевке хат жазып, түйеге теңдеп ақ киіз үй жіберді. Барақ сұлтанның ақ киіз үй жіберуі қазақта «ақ үйлі» деген атаумен белгілі ырым. Бұл олардың басыбайлы толығымен Ресей құзырына тәуелдіміз деген белгісі еді.

Жазба деректердің мәліметтері бойынша XV-XVI ғғ. Ұлытау өңірі Қазақ хандығының территориясының негізгі бөлігі болып табылады. Осы себептен, Ұлытау өңірінің тарихи география мәселелерін қарастыруға үлкен мүмкіндік бар. Түркістан мен Ташкент қалаларының Қазақ хандығының құрамына қосылуынан кейін Ұлытау өңірі туралы ортағасырлық жазба деректерде айтылмайды. Бұл Қазақ хандығындағы саяси жағдайдың өзгерімен байланысты.

Ұлытау өңіріне 1748 жылға дейін Барақ сұлтанның иелік еткенін көруімізге болады. Осы өңірде мекендеген найман тайпалары сұлтанның ұлысын құраған болса керек. Әбілқайырдың өлімінен кейін Барақ сұлтан оңтүстікке ығысып, Ұлытау өңірін тастап кетуге мәжбүр болады. Бірақ та, тарихи деректерге сүйенсек бұрынғы өзі иелік еткен найман тайпаларына ықпалын жоғалтпайды. Ал, Барақ сұлтанның өлімінен кейін Ұлытау өңірі Орта жүздің шын мәніндегі билеушісіне айналған Абылай сұлтанның иеліктерінің құрамында болғанымен, нақтылы кімнің иелігіне берлігені айқын емес.

Темірдің жорықтары туралы Шереф-ад-дин Йездидің «Зафар-намесінде» де баяндалады. Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағын дайындаушылардың түсініктемесінде Шереф-ад-дин Йезди өзінің шығармасында Низам-ад-дин Шамидің «Зафар-наме» еңбегін пайдаланғандығы айтылады.<sup>38</sup> Екі шығарманың мәтіндері бір-бірімен ұқсас, бірақ Шереф-ад-дин Йезди еңбегінде біршама өзгешіліктер бар. Мысалы, Низам-ад-дин Шами «Урунг-Чагыл деген жерден өтті» өтті деп жазса, Шереф-ад-дин Йезди «прошел через степь по Урунг-Чагылской дороге»<sup>39</sup> деп, Урунг-Чагыл жер атауы емес, жол аты екендігін көрсетеді.

Әмір Темірдің Ұлытау өңіріне екінші рет келуі Дешті Қыпшаққа

<sup>37</sup> Бұл да сонда...161 б

<sup>38</sup> Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т.2. Извлечения из персидских сочинений собранные В.Г. Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. Москва-Ленинград: Изд-во Ан СССР, 1941. – 308 с

<sup>39</sup> Бұл да сонда ...158 б


жорығымен байланысты. Низам-ад-дин Шамидің «Зафар намесінде» Әмір Темірдің 1391 жылы Қара-Саман деген жерден Дешті Қыпшаққа жорығын бастағаны жазылады.<sup>40</sup> Осы деректе Темірдің Ұлытау жерінен жүріп өткен маршруты келесідей сипатталады: «пройдя Карачук, шли еще 15 дней. От безводья много лошадей погибло. 1 числа джумади (=6.IV) прибыли местность Сарыг-узен и воды стало много. Пробыв несколько дней, они искали переправу и перешли через речку».<sup>41</sup> Әмір Темір бұл жорығының бастапқы кезінде алғашқы келген маршрутымен жүрген болса керек. Сондықтан, Низам-ад-дин Шами Темір әскерінің Ұлытауға жеткенге дейінгі жолындағы жерлерді атамайды: «21 (того же) месяца (=26.IV) войска прибыли **Кичик-даг**, выступили оттуда и через две ночи, в пятницу, достигли **Улуг-дага**. Тимур взошел на вершину горы, осмотрел (местность), (эта была) степь и в степи – пустыня. Он остановился там на тот день и приказал, чтобы все воины принесли камни и построили там высокий знак. Каменотесам он приказал изобразить на нем высочайшее имя и дату этих дней, дабы на лице оставалось воспоминание об этом походе» [СМИЗО, 113]. Бұл жерде айтылатын Кичик-даг пен Улуг-даг қазіргі кездегі Кішітау мен Ұлытау екенін түсіну қиын емес.



Ұлытау тауы

<sup>40</sup> Бұл да сонда .. 158 б

<sup>41</sup> Бұл да сонда ...113 б



Қазақ даласының картасы (Орынбор және Сібір қазақтары, Семей және Түркістан облыстары) Орта Азиялық иеліктердің шекаралық бөліктерімен

## Қазақ руларының қоныстануы

XVII ғ. бас кезінде Қазақ хандығының негізгі орналасқан жері қазіргі Ұлытау өңірі, Арал теңізінің солтүстік бойы және Қаратау тауларының маңы екені байқалады. Шамамен, 1600 ж. құрастырылған деп жобаланатын «Үлкен Сызба кітабының» мәліметтері, Қазақ хандығының аумағы ретінде осы жерлерді көрсетеді. «Үлкен Сызба кітабының» Г.Е. Катанаевтың еңбегінде жарияланған үзіндісі кейінгі К.Н. Сербинаның жариялаған нұсқасынан толығырақ, сондықтан біз осы мәліметтерді келтіреміз. Онда, Қазақ хандығының территориясы келесідей сипатталады: «А к Синему морю от Иргиза реки 280 верст, пески Барсук-Кум; попереk того песку 25 верст; да пески Каракум, от Синева моря 200 верст, пески Каракум вдоль 250 верст, а попереk 130 верст; а те три песка прилегли к Синему морю к берегу. – В Синее море с Востоку пала река Сыр; а в Сыр-реку пала река Кендерлык. А Кендерлык – река вытекла из Улутовой горы двумя протоками. А от горы Кендерлику реки протоку 330 верст; а другая река Кендерлык из тоёже горы пала в реку Сар-Су. А река Сарса пала в озеро не дошед до Сыра-реки, от устья Кендерлыка 150 верст, а от Карачатовой горы 250 верст, а от Сыра-реки та гора 80 верст. А от устья реки Кендерлика 150 верст с левой стороны реки Сыра город Сунак, против Карачатовой горы; а промеж озера Акбашлы, и реки Саук, и озера Анкуль, и по обе стороны реки Зеленчика, и реки Кендерлика и реки Сарсу и песков Каракум, на тех местах, на 600 верст, кочевые Казакские орды».<sup>42</sup>

Бұл мәліметтерге Г.Е. Катанаевтың өзі қосымша түсініктеме береді. Бірақ, ол XV ғ. Әбілқайыр бастаған көшпелі өзбектердің Мәуреннахр территориясына кетуін, кейінгі кездегі Қазақ хандығында болған оқиға деп түсінген тәрізді. Г.Е. Катанаевтың жазуы бойынша: «пред-кучумовскую эпоху, разбойнические вольные ватаги всякого рода средне-азиатских выходцев носившие сборное имя «казаков» бродили по Сары-Су, Тургаям, Кенгирам, в окрестностях Кургалджина значительно севернее тех мест, которые значатся их главным обиталищем на «Книге Большого Чертежа», с которых они, как мы выше сказали, в конце XVI столетия, завлекаемые открывшеюся обильною добычею в городах северного Туркестана, откочевали далее на юг к Сыр-Дарье».<sup>43</sup> «Үлкен Сызба кітабының» мәліметтері қазақтардың Мәуреннахр жорығына дейінгі жағдайды суреттесе керек. Себебі, 1598 жылғы Тәуекел ханның жорығынан кейін Қазақ хандығының аумағы біршама ұлғайып, қазіргі кездегі Қазақстанның шекарасын қамти бастайды.

<sup>42</sup> Катанаев Г.Е. Киргизские степи, Средняя Азия и Северный Китай в XVII и XVIII столетиях // Записки Западно-Сибирского отдела императорского Русского географического общества. Книжка XIV, выпуск I. – Омск: Тип.Окружн.Штаба., 1893. 46-47 бб.

<sup>43</sup> Бұл да сонда 49 б..

Зерттеушілер С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султанов XVII ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақ хандығы саяси ыдыраңқы болғандығын ерекше атайды.<sup>44</sup>

XVII ғасырда Қазақ хандығының халықаралық жағдайы да өзгереді. Қазақ хандығының шығыс шекарасында Жоңғар хандығы құрылып, қазақтар Жетісу үшін ойраттармен тоқтаусыз күрес жүргізеді.<sup>45</sup> XVII ғасырдың орта тұсына дейін қазақ билеушілері Аштарханидтармен Сырдария бойындағы қалалар үшін, жоңғарлармен Жетісу үшін күрес жүргізіп отырады. Жоңғар экспансиясының таралуымен, XVII ғасырдың 70-ші жылдарына дейін қазақтар солтүстік-шығыстағы және Жетісудағы біраз жерлерінен айрылады.<sup>46</sup>

XV-XVIII ғғ. Қазақстанның территориялық бөлінісін анықтау қиын. Бұл тарихи деректердің аздығынан, бөліністің қалыптасуына әртүрлі факторлардың әсер етуіне байланысты. Ұлытау өңірінің әкімшілік-территориялық құрылымын қарастыра келіп, оның өзіндік ерекшеліктері бар екендігін анықтадық. Ұлытау өңірінің ерекшелігі – оның территориясының дала өлкесінің орталық бөлігінде орналасуы.

XIX ғасырдың 20-жылдарында Ресей үкіметінің қазақтарды басқару жайындағы заң жүйелерінде жер мәселесі шешілмеген күйінде қалды. Қазақтардың жерінің статусы нақты белгіленбеді. Округтар мен дистанциялардың енгізілуі, көшіп-қону жолдарының қиыншылығын туғызғаны белгілі. Олай болатын болса, жер иелену мәселесіне өзгерістер енгізу қажет болды және мұны қазақтар да білді, түсінді. Қазақ сұлтандарының бір бөлігі қазақ жерін өз меншігі деп қараса, енді бір тобы оны Ресей империясының меншігі деп қарауға дайын тұрды. Ресей мемлекетінің XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ жерін мемлекет меншігі деп ресми түрде жарияламауы, ол Кенесары Қасымұлы көтерілісі сияқты халық қозғалыстарының туындап кетуінен қауіптенуінен еді. Қазақтар мен орыс-казактарды әлеуметтік тұрғыдан теңестіремекші болған жер бөліп беру сияқты бірнеше нәтижесіз қадамдар жасалынды. Міне, осылайша жерді мемлекеттің меншігі етіп жариялау мәселесі жетістікке жетпеді, оның тағы басқа себебінің бірі ешбір қазақтың орыс қазағы сияқты болғысы келмегендігі.

### *Атбасар уезі*

XIX ғасырдағы Атбасар уезінің аумағы қазіргі Қарағанды облысының Ұлытау ауданының аумағын толығымен және Нұра ауданының солтүстік-батыс аумақтарын қамтып жатты. Географиялық тұрғыдан алғанда солтүстігінде Арғанаты таулары мен Теңіз көлі маңын, батысында Торғай, Жыланшық өзендері, Ақсақал-барбы көлімен, шығысында Сарысу өзенінің төменгі ағысы бойымен, оңтүстігінде Шу өзені мен Телікөлмен шектеледі.

<sup>44</sup> Кляшторный С.Г. Султанов Т.И. Казахстан – летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. 296 б.

<sup>45</sup> Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, 2001. 209 б.

<sup>46</sup> Сонда, 231 б.



П.И.Рычковтың мәліметтері бойынша XVIII ғасырда Орта жүз руларының құрамы келесідей: «В сей Средней орде генерально четыре рода состоят: найманы, аргинцы, увак-киреейцы и кипчаки, из которых найманский против всех прочих людня и богатее». <sup>47</sup> П.И.Рычков Орта жүз қазақтарының қоныстанған жерлерін де көрсетеді, оның ішінде Ұлытау өңіріндегі келесідей жерлерге мекендеген: «По реке *Жилану*, которая вышла от прежде бывшего Зюнгорского владения из горы, называемой *Улутану*, то есть *Большая гора*; По озерам Карсак-баши. По *Аксакал-озеру*, от Орска с левой стороны, при которой по правую сторону обыкновенно Меньшая, а с левой Средняя орда кочуют, и тем озером обе оныя орды якобы разделяются». <sup>48</sup> Бұл мәліметтер Ақсақал-барбы аталатын өзеннің Кіші жүз бен Орта жүздің шекарасы екендігін көрсетеді.

Қазақру-тайпаларының орналасуы мен қоныстануы мәселесін қарастырған зерттеушілер В.В.Востров, М.С.Мұқанов «XIII ғ. найман мемлекетінің күйреуінен кейін, олардың бір бөлігі Сырдария мен Орталық Қазақстан даласына (Қарағанды облысының Ұлытау ауданы) қашты» деп жазады. <sup>49</sup> Олардың түркілену үрдісі осы жерде жүрген тәрізді. А.А.Семеновтың пікірі бойынша Өзбек ханның билігінің тұсында Жошы ұлысындағы моңғолдардың түркіленуі қызу жүрген. <sup>50</sup>

В.В.Востров, М.С. Мұқанов ортағасырлық автор Масуд бин Осман Кухистани мәліметтеріне сүйене отырып, Ұлытау өңірін мекендеуші наймандардың XV ғасырда Әбілқайыр хандығында өкіреш-найман атауымен кездесетінін жазады. <sup>51</sup> Авторлардың экспедициялық мәліметтері бойынша Өкіреш Найманның баласы болып табылады және де аңыз бойынша наймандардың бірнеше руларының атасы болып келеді. <sup>52</sup> Авторлардың пікірі бойынша, Масуд Кухистанидің дерегі Ұлытау наймандарының өздерінің Алтай мен Ертіс бойындағы наймандармен генетикалық байланысын ұмытпағанын көрсетеді. <sup>53</sup> Сондай-ақ, аталмыш зерттеуде көшпелі өзбектердің мемлекетінің ыдырауы кезінде наймандардың бір бөлігі Шайбани-ханмен Мауреннахрға да

---

<sup>47</sup> История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Т.IV. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / Сост. И.В.Ерофеева. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 229 б.

<sup>48</sup> История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Т.IV. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / Сост. И.В.Ерофеева. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 228-229 б.

<sup>49</sup> Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX - начало XX в.). – Алма-Ата, 1968. 62 б.

<sup>50</sup> Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // Труды Академии Наук Таджикской ССР, том XII. 1953. 8 б.

<sup>51</sup> Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX - начало XX в.). – Алма-Ата, 1968. 62 б.

<sup>52</sup> Сонда, 64 б.

<sup>53</sup> Сонда, 64 б.

кеткенін көрсетеді. Қарақалпақ халқының құрамындағы қоңыраттардың ішінде бағаналы және теріс таңбалы рулары бар екен. Бұл екі ру да наймандардың ішіндегі ірі ру бірлестіктері болып саналады. В.В. Востров, М.С. Мұқанов қоңыраттардың құрамындағы бұл руларды XVI ғасырда Орта Азияға келген найман тайпасының өкілдері деген пікір айтады. Бұған дәлел ретінде «Шайбани-наме» шығармасындағы наймандардың Сырдарияға қоныстануы туралы деректі келтіреді.<sup>54</sup> Сонымен қатар, наймандардың (балталы, бағаналы) революцияға дейін Оңтүстік Қазақстан мен Атбасар, Торғай аралығындағы далада көшіп жүргені белгілі. М.Ж. Көпейұлының шежіресінде Балталы, Бағаналы ру атауларының пайда болуы мен олардың мекені туралы мәліметтер келтіріледі: «Төлек атай Қылыш қожаның қызын алған соң, бай болды, әр нәрсесі сай болды. Бір асқа ат апарып қосып, аты алдында келіп, бәйгесіне бір күң келіп, ол күнге аяқ салып, ол бір ер ұл туып, атын Сүгірше қойды. Күңнен туған Сүгіршені Қытай айбалтаның астына алып, өлімші қылып тастағаннан Қытай Балталы атанды да «бағанағы қайтты, бағанағы қайтты» делінгеннен Сүгірше Бағаналы атанды. Шу бойында болады, Атбасар дуанына қарайды. Бағаналы, Балталы аталған Найман солардың ұрпағы...».<sup>55</sup>

Ә.Х.Марғұлан қырғыздың «Манас» жырын талдай отырып, ондағы Қосай Ұлытауды, Ақтартаздың баласы Үрбі Кішітауды жайлағанын жазады және «Үрбінің атасы деп айтылатын Ақтартаз (Ақтаз) – қазақ халқының бір руы, Бағаналы деп аталатын Найманның бір бөлігінен тарайды. Ақтаз руының осы күнге дейін мекендейтін жері – Кішітау, Ұлытаудан батысқа қарай 60 км жерде тұрады» деп көрсетеді.<sup>56</sup> XIX ғ. мұрағат деректерінде Ұлытау өңірінің болыстары ішінде Ақтаз-Бадан-Сейіт болысының болуы Ә.Х.Марғұлан мәліметтерін дәлелдейді. Бағаналы руының Ұлытау өңірін қоныстануын Ә.Х.Марғұлан шежіре деректеріне сүйене отырып «Ұлытау мен Кішітау – Бағаналы наймандарының заман-заманнан қоныстанып келе жатқан жері. Халық шежіресі бойынша, бағаналылар Орталық Қазақстанға Өр Алтай мен Ертіс бойынан ауып келеді» деп тұжырым жасайды.<sup>57</sup>

Ә.Х.Марғұланның зерттеуінде Найманның ішіндегі Бағаналы руы оғыздармен байланысты болуы туралы ой қозғалады: «Халық шежіресі кейде Ер Шостанды Бағаналының әкесі етіп көрсетеді. Шостанның Кербалақ атының таңбасы бағана таңба екен, сондықтан оның ұрпақтарын Бағаналы атанып кеткен, – дейді. Найман – оғыздармен аталас, өгізді, көк бұқаны қасиеттеген елдің бірі, сондықтан олардың атасы да «Өкірік» (Өкіреш) болып

<sup>54</sup> Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX - начало XX в.). – Алма-Ата, 1968. 65 б.

<sup>55</sup> Көпейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. 40 б.

<sup>56</sup> Марғұлан Ә. Шығармалары. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. 445 б.

<sup>57</sup> Сонда, 445 б.

аталды, VIII ғасырдан белгілі ел».<sup>58</sup>

Алайда, ерте ортағасырларда Ұлытау ауқымы қыпшақ тайпаларының мемлекеттік бірлестігінің құрамында болғанын білеміз. Академик Б.Е. Көмековтың зерттеуінен VIII ғасырдың екінші жартысында – IX ғасырдың бас кезінде қимақ тайпаларының қозғалысы екі бағытта жүргені белгілі болып отыр.<sup>59</sup> Бірінші бағыт солтүстік-батысқа, Оңтүстік Орал тауларына қарай, ал екіншісі оңтүстік-батысқа, яғни солтүстік-шығыс Жетісу өңіріне бағытталады. Ғалымның зерттеуі бойынша, VIII ғасырда қимақтардың оңтүстікке қозғалысымен қатар, қыпшақтардың Ертістен батысқа жылжуы басталады.<sup>60</sup>

Ортағасырлық мәліметтерді талдай отырып, қыпшақтардың Оңтүстік Орал тауларының оңтүстік-шығысы мен Арал маңы даласы аралығында қыпшақтар мен печенегтердің шекарасы өткен деген қорытындыға келеді.<sup>61</sup> Бұл пікір бойынша Ұлытау өңірінің аумағында қыпшақтар мекен еткен болуы керек. Б.Е.Көмеков «қыпшақтардың басым бөлігінің Ертіс бойынан Оңтүстік Оралға дейінгі ауқымды жерлерге қоныстануы қыпшақтардың қимақтардан бөлінгені туралы көрініс туғызады. Шын мәнінде, қимақтардың иелігіне қыпшақтардың облысы да жатады, себебі XI ғасырдың бас кезіне дейін қимақ-қыпшақ тайпаларының қоныстану ареалында саяси гегемония қимақтардың қолында болды» деп жазады.<sup>62</sup> Сондықтан VIII-XI ғғ. аралығында Ұлытау өңірі қимақ мемлекетінің құрамында болды деп айта аламыз.

«Худуд ал-алам» мәліметтерінде XI ғасырда қимақтардың жерінде үш территориялық бірлік бар екені айтылады. Біріншісі – Андар аз-қыфчак, екіншісі – Йагсун-йасу, үшіншісі – Кыркырман. Б.Е.Көмеков Андар аз-қыфчактың шекарасы Орталық Қазақстанның солтүстік-батыс және батыс бөлігін, Оңтүстік Оралды және Арал маңы даласының солтүстік бөлігін қамтитынын көрсетеді.<sup>63</sup> Осы мәліметтерді ескерсек, Орталық Қазақстанның батыс бөлігінде орналасқан Ұлытау өңірі де қимақтардың Андар аз-қыфчак облысына жатады. Бұл жерде бір айта кететін мәселе Йагсун-йасу облысы «Худуд ал-алам» мәліметі бойынша Ертіс пен Еділ аралығында орналасқан. Б.Е.Көмеков бұл жерді нақты локализациялау қиын екендігін жаза отырып, Йагсун-йасу Андар аз-қыфчактан батысқа қарай орналасып, Ембі өзені

---

<sup>58</sup> Сонда, 446 б.

<sup>59</sup> Көмеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1972. 113 б.

<sup>60</sup> Көмеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1972. 56 б.

<sup>61</sup> Сонда, 57 б.

<sup>62</sup> Сонда, 57 б.

<sup>63</sup> Сонда, 65 б.

бассейіні болуы мүмкін деп жорамалдайды.<sup>64</sup>

Зерттеуші А.С.Омарбекова Ұлытау өңіріндегі Жыланшық өзенінің атауын осы аумақты қыпшақтардың мекендеуімен байланыстырады. Автор, «Жыланшық» Кіші жүз құрамындағы қыпшақ руының бір тармағының атауы екенін айта келіп, ерте ортағасырларда осы аумақты қыпшақтардың қоныстануына байланысты жергілікті жерде топоним ретінде сақталып қалғанын дәлелдейді.<sup>65</sup> Бұл арада жыланшық этнонимінің өзен атауынан пайда болуын да жоққа шығармайды.

Ерте ортағасырларда Ұлытау өңірі негізінен қыпшақтардың мекені болса, халық шежіресіндегі «бағаналылар Орталық Қазақстанға Өр Алтай мен Ертіс бойынан ауып келеді» деген дерек шындыққа жанасады. Себебі ХІ ғасырға дейін осы аумақты қыпшақ-қимақ тайпаларының мекендегені жоғарыда көрсетілді.

**Қыпшақтар.** Осы ұрпақтың барлық бес руы 4 болысты құрап, Ақмола приказына бағынып, кейбіреулерінен басқа округтің ең солтүстік бөлігінде көшіп жүреді, Железинский станциясынан Омск қаласына дейінгі түзуге параллель созылған көлдер маңында және тоғайларда қыстайды; жазғы қозғалыстарға келсек, 4 болыстың әрқайсысынан келесі бөліктерді табуға болады, келесі 4 бағытты ұстанады: 1) көбіне Николай станциясына; 2) Тайыншакөл базарына; 3) Ақкөлге және Жайылмаға және 4) Ақмола базарына.

Бұл ұрпақтың 4 болысының құрамы келесі:

1. Құлан тайпасы, 10 руымен: а) Мола-жақып, б) Естімес-ақпан, в) Қожағұл, г) Керей, д) Елетен, е) Есенәлі, ж) Қошқарбай, з) Қысрау, и) Өтеп-Тұқылы, және и) Жағалбайлы, – аз санымен алтай ұрпақтарымен бірге құлан-қыпшақ болысын құрды, қыста негізгі бөліктері Есіл бойынша мына қыстақтарға қарама-қарсы тұрады: Качир, Осмориж, Черлак және Елисавет, және Қараменді станциясына жақын және қоңыр-төбе тауларындағы Нұра бойынша, Есіл бойындағы өзінің туыстарында жер қоры бар.

2. Сағал 3 руға бөлінеді: а) Ожыралы (Қошқарамбет, Түгел және Той-қара бөлімдерімен), б) Қасқұлан (Алтабай және Есерген бөлімдері) және в) Жарымбет сағал-қыпшақ болысын құрды, алдыңғының оңтүстікке және батысқа қарай (Сілеті өзені бойымен, оның төменгі бөлігінде); Қара-тұмар көлінің маңында, Сары теңізден шығысқа қарай; Үлкен Қаройдан солтүстікке қарай; Жарқайын-ағаш орманында қыстайды, бұдан басқа туыстарында Есіл бойында, Ақмоладан батысқа қарай қыстайтын жерлері бар. Жазда ауылдардың бір бөлігі түзуге жылжиды, екінші бөлігі Ақкөлге, үшіншісі Тайынша көлге және аз бөлігі Ақмолаға.

<sup>64</sup> Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1972. 65 б.

<sup>65</sup> Омарбекова А.С. Социальное и природное в формировании топонимии Улытау-Торгайского региона. Дисс. ... к.г.н. – Алматы, 1999. 121 б.

3. Жалыбай 5 руымен: а) Алқұлы, б) Қусембен, в) Ақбетей, г) Қожаке және д) Әбілқасым.

4. Күрлеут 2 руымен: а) Өтен және б) Нияз жалыбай-күрлеут-қыпшақ болысын құрды, Қотырдан шығысқа қарай, Үш-қамыс тауларында, және Железинский кеден қашықтығына қарсы Ертіс бойында тұратын аз бөлігінен басқа, алдындағылармен бірге көшеді.

5. Құлатай 12 руға бөлінді: а) Қосандар (Тоқтыбай, Төкібай, Жұмағұл және Алты-базар 4 бөлімімен), б) Айткөл, в) Жанайдар, г) Өтен-сары (Таз және Шортан 2 бөлімімен), д) Мадияр, е) Қазыбек, ж) Қожан, з) Бостан, и) Күшбайда, к) Құлан және л) Құдас, бұлардан құлатай-қыпшақ болысы құрылды, Железинская станциясынан Омск қаласына дейінгі, Ертіс бойындағы қалған бос жерлерде орын алды, бұдан басқа Теке көлінен оңтүстікке қарай (Шілік-тұмар шатқалы) және шығысқа қарай тауларда қыстайтын бөлік Алабота көлінің маңайы (Чурлаковский станциясына қарама-қарсы) бірдей; және де аз бөліктері Есіл бойынша, бұрынғы Қызылжар және Қараменді бекеттерінің алқаптарында және тіпті Атбасарға қарай мекендеді.

Бұндай қоныстар жағдайында Ертіс қыпшақтары бәсентиндерден көрген тарылықтан қандай деуге болады, көзге елестенбейді, дегенмен, Ақмола округінің солтүстік бөлігіндегі бос жазғы, көгалды жерлерінің үлкен қорына қарамастан, құлатай-қыпшақтар Ақкөл жайылмаларына жақын жайылуға тырысады, оларға көршілес болыстар сияқты осындағы бәсенділерден қыстақтарға таласа отырады.

Облыстың оңтүстік көшпенділеріне көшейік, оның ішінде бағаналы ұрпақтары оның оңтүстік-батыс бұрышын алып отыр, 1839 жылдан бастап Орынбор тізімінде болған, осы жылдан бастап 1859 жылға дейін Көкшетау приказымен басқарылды, бұдан Атбасардікіне ауысты, 1859 жылдан бастап бұл округтің негізгі бөлігін құрды. Облыстың оңтүстік-шығыс бөлігін алатын Қарақи толық Қарқаралы округіне кіреді, ал қалған бесеуі жоғарыда айтылған екеуінің арасында орналаса отырып, Ақмола округінің оңтүстік бөлігін құрайды. Осы үлкен отбасылардың шығысынан бастап әрқайсысының құрамын дәлірек қарастырайық.

**Бағаналы рулары.** 1. Байназар руының тармақтары: а) Қызыл-тас, б) Жырық, в) Қоқан және г) Қуат қызыл-тас-қоқан-байназар болысын құрды (бес ауылға бөлінген, онда 481 кигіз үйлер, 1145 еркек және 1169 әйел ж.ж. тіркелген). Бұл болыстың негізгі қыстақтары: Арғанат тауларының оңтүстік бөктерінде; Қаракенгір оң жақтағы ағымдарының төменгі бөлігінде, Қайрақты және Қарағанды өзендерінде; Қаракенгір бойымен, әсіресе: Алаша хан мен Жансейт мазарларының маңында, Баш-қағыл және Керегетау тауларында, осы жерлерге қарсы Сарыкенгір өзені ағысы бойынша; Сарысудың төменгі ағымының сол жақ жағасында, Басорта және Аяққасыуын тауларының

табанының оң жағында; өзеннің сол жақ жағасында орналасқан Батырбек, Қатындық және Қалдыбай кесенелерінің маңайында, бір бөлігі төменірек; Білеуті өзені бойымен және Ұлытау тауларында – аз бөлігі; ақырында, тамалармен бірге, Бетпақ даланың: Мойынқұм және Жетіқоңыр құмдарында мекендейді. Жазда осындай бытыраңқылығына қарамастан, болыс толық құрамға жуық солтүстікке қозғалады, көбінесе: Сасықкөл көлінің жанында, Есілге қарай Қаракеңгір, Қызылсу, Қоңырсу өзендерінің аңғарларында қоныстанған.<sup>66</sup>

2. Сарғалдақ 5 рудан тұрады: а) Қарабала (Бекболат, Жауғашты және Бәдік бөлімдерімен); б) Рысай, в) Төртқара, г) Жабай және д) Шалтек қара-балатөрт-қара-сарғалдақ болысын құрады (8 ауыл 878 кигіз үйлерімен, онда 1783 еркек, 1826 әйел), қыстақтары Қара және Сарыкеңгір өзендерінің бойымен, және оларға іргелес Ешкіөлмес, Ортақағыл, Ұшпа, Керегетас тауларының қойнауларында; Жыланды өзен бойымен орналасқан; ал Сарысу өзені бойынша жазда болыс алдындағылармен бірге Есілге қарай барады.

3. Ібеске, 5 руларымен: а) Тайболат, б) Мангелді, в) Кебес, г) Жұртшы, және д) Жанғабыл, *ібеске-жұртшы* болысын құрды (5 ауылға 542 кигіз үйлерімен, 1285 еркек және 1369 әйел ж. ж. тіркелген).

Қыстақтары Қаракеңгір және Сарыкеңгірлер өзендер бойында және тауларда, олардың арасында жатқан Сарысу өзенінің, әсіресе Ақмай және Теректі қойнауларында (басқалы Керетамеде); Сарысудың орта ағысы бойынша бірнеше жерлерде; Жездікеңгір өз. ағысының бойымен; Білеуті өзені және Қумола, Жетіқыз, Дүйсенбай және т.б. шатқалдар бойынша орналасқан.

4. Сеит, 4 руларымен: а) Мамайқұтан, б) Бабас, в) Ақтас және г) Бадана болыс құрды (4 ауылға 563 кигіз үйлерімен, 1014 еркек және 1252 әйел), қыста Жезді-Кеңгір өзені барлық ағыстарының бойларымен және де Қағыл тауларында; Қаракеңгір үстерінде үлкен емес бөліктерімен және анағұрлым көп Орынбор даласымен аралас Кішітау тауларында (оңтүстік Ұлытау) орналасқан.

Жазда ебескі-жұртшы және бадана-сеит болыстары, алдыңғы екеуімен қосыла отырып, үлкен топтарымен Есілге барады, бірақ бірде-бір бағаналылардың ауылдары өтпейді; қыстақтарына аз бөлімдерімен оралады.

Атбасар уезіндегі арғындар мейрам және қарауыл руларынан өрбіген. Мейрам руының бір тармағы қуандықтан өрбіген алтай, қалқаман, алдияр, тоқтас аталары; сүйіндіктен өрбіген тортуыл; шегендіктен өрбіген көксал; қаракесектен өрбіген тоқтауыл; ал қарауыл руынан өрбіген есімбет, құлымбет аталарынан таралған әулеттер қоныстанған. Атбасарлық арғындардың зерттеушілерге берген мәліметі бойынша, Атбасар уезінің жері ХҮІІІ ғасырдың аяғы – ХІХ ғасырдың бас кезіне дейін Қазақ жерінің оңтүстік өңірінен, Шу

<sup>66</sup> М. Красовский . Область Сибирских киргизов СПб. 1865. 402 б.

өзені аңғарынан, Көкшетау жерлеріндегі ру-тайпалардың жаз уақытында көшіп қонатын жері болған. 1840 жылдардан бастап, Атбасар жеріне найман және арғын рулары көршілес өңірлерден қоныс аударып, қыстау сала бастаған. Атбасарлық арғындар Атбасарға Көкшетау, Омбы, Павлодар уездерінен қоныс аударған.<sup>67</sup>

XIX ғасырдағы Ұлытау өңірінің әлеуметтік-аумақтық құрылымының қалыптасуына 1822 ж. қазақ даласында хандық билік жойылғаннан кейінгі қалыптасқан әкімшілік жүйесі өз әсерін тигізбей қоймады. Ұлытау өңірінің XIX ғ. әкімшілік-территориялық бөлінісі Қазақстан тарихында аз зерттелген мәселелердің бірі болып табылады.

1822 жылы патша әкімшілігі Сібірді басқаруды оңтайлы ету мақсатында екіге бөледі: Шығыс Сібір – орталығы Иркутск қаласы және Батыс Сібір – орталығы Тобольск қаласы (1839 жылға дейін, одан кейін Омбы қаласы). Батыс Сібірдің құрамына Тобыл, Томск губерниялары және Омбы облысы жатқызылды. Орта және Ұлы жүз қазақтары мекендейтін өңірлері Омбы облысының қарамағына беріледі.

Жаңа әкімшілік өзгерістерге сәйкес Батыс Сібір екі губернияға – Тобыл және Томск, сонымен қатар екі облысқа – Семей мен Сібір қазақтары болып бөлінеді. Семей облысында бес округ болса, Сібір қазақтарының облысында бес округ құрылады: Көкшетау, Қарқаралы, Ақмола, Баянауыл және Атбасар. Облыс территориясы Омбы линиясынан тысқары жатқан барлық казак жерлерін қамтиды.

Бастапқы кезде Сібір қазақтарының облысы дала өңірінде орналасқан қала болмағандықтан, өзінің облыс орталығы ретінде Омбы қаласын белгілейді. Әскери губернатор және облыстың басқарамасы да осы қалада орналасады.

Дала өңірінде әскери губернаторлар сібірлік губерниялық мекемелердің қызметін атқарса, округтік Приказдар сібірдегі округтің басқармалардың барлық қызметін жинақтайды. Қазақтар болыстарға бөлініп, өз руластарымен, яғни сұлтандар мен билердің басқаруында болады. Күнделікті тұрмысында әдет-ғұрып заңдарымен өмір сүрсе, барымта, бүлік, кісі өлімі жағдайында орыс қылмыс заңдарына жүгінуге мәжбүр болады. Жалпы, Сібір ведомствосындағы Қазақ даласының ұйымдастырылуы өте жақсы және жан-жақты. Батыс Сібірдің бұрынғы генерал-губернаторы өз отанына маңызды қызмет атқарды, себебі мұндай құрылым біздің орталық Азиядағы билігімізді нығайтуға мүмкіндік, алға жылжуымызға еркіндік береді.

1838 жылы Сібір қазақтарын басқаруға арналған ерекше Ереженің шығуына байланысты Омбы облысы жойылады. Бұл келесідей өзгерістерге алып келеді: Семей және Усть-Каменогорск қалалары Томск губерниясына беріліп, Омбыда дала өңірлерін мекендейтін көшпелі қазақтарды басқаруға

<sup>67</sup> МКЗ. Атбасарский уезд. Повторное исследование 1909 года.-СПБ. 1909.-24-25-6.

арналған Шекаралық басқарма құрылады.<sup>68</sup>

1863 жылы Атбасар округінде 7 болыс, 35 ауыл, 5203 шаңырақ болған.<sup>69</sup> Атбасар округіндегі қазақтар қыстық баспаналарын шикі қам кесектен тұрғызған. 1862 жылы орыс шенеуніктері жүргізген зерттеу кезінде бір Қаракеңгір аңғарынан 100 қыстық жертөленің барын анықтаған.<sup>70</sup> XIX ғасырдың ортасында Атбасар округіндегі Әлке байдалы болысы арғынның Әліке және Байдалы руларынан құралды. Атбасар округі бойынша жергілікті рулардың басым бөлігі Шу өзені аңғарынан Есіл өзенінің оң жақ жағалауына дейінгі жерлерде көшіп-қонды.<sup>71</sup> Атбасарлық қуандықтар уездің шығыс бөлігін; сүйіндіктер уездің батыс жағын; қарауылдар уездің солтүстігін; тарактылар Есілдің оңтүстік жағын қоныстанған

Атбасарлық малы көп ауылдар жыл бойына көшпелі өмір сүрген. Атбасарлық ауылдар қыстауда 4-5 ай, кей жағдайда 3-3,5 ай отырған. Қыс кезінде малдың жайылымы үшін 400-500 шақырымдық жерге Шу өзені бойына көшетін ауылдар болды. Жайлауға наурыздың соңы, сәуірдің бас кезінен бастап, көтерілген. 1-15 сәуір аралығына дейін ауылдардың бәрі қыстаудан көшіп болған. Көктеу қыстаудан 2-5 шақырым жерде болған. Атбасар қазақтары жайлауға алысқа көшпеген. 15-20 шілдеден бастап, күздеуге қарай көше бастаған.

**Терісаққан болысындағы** 1-әкімшілік ауылды құраған айтқожалар бірнеше ауылға бөлінді. Олар Қонұзын, Ақша, Талдысай, Үштөбе, Жезбике, Шашты, Егінді шоқы, Арғанаты, Қоскөл, Шұбаржал, Ала ат өзегі, Қатба обалы, Саржал, Ұлжансай, Терісаққан, Қалет, Саробалы, Терісаққан, Шенбер, Обалы, Саржал, Қарашат, Қараөзек, Бала терісаққан, Шатаяқ, Қатба, Адыр, Тілік қыстауларында, руы дәулет ауылдары Қонұзын, Ортақон, Қызылкөл, Ащыкөл, Суаткөлде, руы Сасыққара ауылдары Шашты, ал Жаман Қозыбағар ауылы Қыпшақ қыстауында, руы жолдыбай ауылдары Қыпшақ, Ақши қыстауында қыстаған.

Руы қойлыбай ауылы Обалы, Сымтас, Жаман Арғанаты, Кішкенетау, Қатынсай, Жанбасқұдық, ал тоқтауылдар Сарқырама қыстауында қыстаған. 2-әкімшілік ауылының құрамындағы арғынның саман атасынан өрбіген ауылы Байжанжал, Байжан бұлақ, Бормола бекет, Шенбер, Тікенекті арал, Босағаның күйғаны, Босаға, Қаратүлей, Көкшетау, Тассуат, Ақарал, Деңгілбай мола, Біген қызылжар, Жамбас қияк, Шолқияк, Саршөпжартас, Саршөпқындық, Сүмбежал, Жамантас ақши, Жамантас сартөс, Жамантас

<sup>68</sup> Максаковский В. Историческая география мира. Москва: Экспро, 1997. – 557 с.

<sup>69</sup> Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.III. Сост. Красовский. СПб. 1868. - 221-6.

<sup>70</sup> Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.III. Сост. Красовский. СПб. 1868. - 220-6.

<sup>71</sup> Киргизские очерки // Военный сборник. Т. XVII. - СПб. - 172-6.



қаратал, Бестөбе қыстауларында қыстаған. Руы өтеулі-арғындар Көкшетау бекет, Бітеу арал, Күшікбұлақ, Сарытүбек, Жарық, Жарқияқ, Аққияқ, Ақсай, Жаркөл, Қызылжар, Қартоғай, Талсай қойтас қыстауларында қоныстанған. Руы құттыбай-арғындар Бабық-жалшылық-бұлақ; руы өтембет-арғындар Балатерісаққан, Қайыңдыбұлақ, Қаратал, Жақыбай-мола, Қаратұмсық; руы төбет-арғындар Шақы-қызылкөл; руы тылмембеттер Қайырлыс, Тасқора, Түгіскен, Көкала-жар; руы елшібектер - Қараоба, Аян-өлген, Бозтал, Бозкөл, Сарқамыс, Қарақуыс, Қызылқұл қойтас қыстауында қыстаған.

3-әкімшілікте де олар бірнеше ауылды құраған. Руы елде-арғын ауылдары-Шоқтал, Қойөткел, Ұзынқияқ, Қызылжар, Обалы, Тікенді-арал қыстауында; руы жиёмбай-арғын ауылдары - Айдағарлы, Жақсықопа, Ақирек, Аюшиті, Талдысай қыстауында; руы шағырай-арғын ауылдары - Сұқбастау, Қарабұжыр, Қопашықұл қыстауында; руы бекайдар-арғын ауылдары - Қызылжар, Кіші-қызылжар; руы ақбалық-арғын ауылы - Төлекбай бұлақ; руы жолбарыс-арғын ауылы - Қаражүр, Қарамолда; руы қарақырғыз ауылы - Жаманқопа, Қортым қарашет; руы қарымбай ауылы - Қарасу, Итауыз, Обалыжар; руы құттықадам-ауылы - Бегенебұлақ, Қарабұжыр, Желтимес, Жайылма, Сабақ бидайық; руы түнғатар ауылы - Теладыр, Жалтырбұлақ, Құмды адыр; руы орыс-арғын ауылы - Сарбұлақ, Шортанбай шынтас, Шилікон, Жуалы, Ақсай, Қосбұлақ, Бидайық, Қара ат сойған, Қарасу, Қособа қыстауларында қыстаған.

4-әкімшілікте руы шырай ауылы – Бормола; Қойлыбай ауылы – Ұлақ, Ишан – Бідік, Қызылсуат, Бабасмола, Құмөткел; руы шағрай-арғын ауылы – Кененсон, Сарыоба, Қиюсай Құйған; руы айшуақ ауылы – Ащыкөл; руы кенже-арғын ауылы – Ақсай-алқым, Теріс-қарасу, Шөптікөл, Шандыр, Қасқакөл, Шұңқыркөл, Жіңішке өткел; руы айтқожа-арғын ауылы – Шалақсай Құйған, Талды өткел, Қаратұмсық, Қызылжар, Аққансай-құйған, Шеңбер қарасу, Жартөбе, Қайрақты-Еділмола; руы қарақырғыз-арғын ауылы – Балуанкөл, Жекебатыр; руы қарауыл-арғын ауылы – Сабындыкөл қыстауында қыстаған.

Терісаққандық арғындар аталған қыстауларда қыстап, жазда Атбасар уезінің солтүстік-шығыс бөлігіндегі жайлаулы алқаптарға көшкен.<sup>72</sup> Бұл жердің жайлаулары Қарабидайық, Асанқожа, Шұңқыркөл, Шолақкөл, Шұғыркөл, Қоскөл, Қаратомар, Жалтырша көлдері, Талдысай, Жолан, Шоға, Шатақ қарасу, Тайлақсай, Тұрымсай өзендері сияқты табиғи су көздеріне мол болған. Бұл алқаптағы жайлауларға, сондай-ақ Амантай, Алексеевка, Жарқайың, Керей, Теңіз, Қызылкөл болыстарынан да ауылдар келген.<sup>73</sup>

Қызылкөл болысында арғынның Есімбек атасынан тараған ауылдар 2-әкімшілікке бірікті. Олар Ақтүбек, Тұщы қарасу, Самбас бидайық, Қарақоға, Қызылжар, Бөлектал, Бақалы бұлақ, Сары доңғал қыстауларында қыстаған.

<sup>72</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Атбасарский уезд. Повторное исследование. СПб., 1910. Приложения

<sup>73</sup> Материалы по киргизскому землепользованию. Атбасарский уезд. Повторное исследование. СПб., 1910. 6.33

1-әкімшіліктегі арғынның үмбетей атасынан тараған ауылдар – Ақтүбек, Батырбайсай, Батырбай Қарасу, Құсусайқұйған, Талды-Қарасу, Бітсусайқұйғағы, Қосымбейіт, Қызыл-шығанақ, Шолақсайқұйған, Көкпектіқұйған, Көктас, Көкпекті, Талсай, Екі көкпекті құйған, Көкпекті, Қарақияқ, Бурабай қыстауында; руы қангелді-арғын ауылы – Құнанқара, Андамас молда, Көкпекті, Қасқатау, Қызылжар, Егізқара, Қарашығанақ, Қызылжар, Тікенек арал, Қызылсуат, Кененқұл, Қапай мола, Қопатас, Добал мола, Қаратөбе, Түгіскен бекет, Шарықтыбұлақ, Қызық-Тұмсық, Итауыз, Қаламқас қыстауында; руы құржа-арғын ауылы – Ақтүбек, Ұралжын түбек, Қызылсуат, Кененкөл, Лақауыз, Шеңбер қыстауында; руы тоқтауыл-арғын ауылы – Еленмола, Әуілдеккөл, Көбеймола, Қысықөткел, Қазыгүл мола, Сарыбұлақ, Елікті көлде қыстаған.

2-әкімшіліктегі жолдыбай ауылдары – Бестомпақ, Ақши, Қойтас, Шоқтал, Қаусырма, Әулиелі бұлақ, Телтөбе, Шілікті бұлақ қыстауларын; руы сасыққара ауылдары – Құртоғай, Обалы, Қарабас, Бақалы, Қарашілік, Ала тіршілік, Аралтөбе, Ортақөн, Серіктас қыстауларын; руы дәулет-арғын ауылдары -Ортақон, Қарабай, Үш ат, Тассуат, Жилықон, Көрпебайбұлақ, Сары оба, Бұғыл, Қызылкөл, Қаратөлей, Суаткөл қыстауларында орналасқан.

3-әкімшілікте Жаубасар және Өтеміс атасынан тараған әулеттер қоныстанған. Жаубасар ауылдары Қожа шат, Бозқон, Ақши, Тықсай, Қарақуыс, Жарық бидайық, Қарабұжыр, Бегене, Қарақасқа, Тасбұлақ, ал әтеміс-арғын ауылдары Қара-обалы, Көлденең бұлақ қыстауларын иемденді.

4-әкімшілік ауылдағы арғындардың негізгі қауымын төртуыл және тоқтауыл рулары құраған, сондай-ақ ішінара алтай-арғындар қоныстанған. Руы төртуыл-арғындар - Қытыр, Жаман-арғанаты-кішкенетау, Жыландышоқы, Қызыладыр-Томарлыкөл, Жантел, Терісаққанның-Қарашақ, Терісаққанның-Қарашоқысы, Терісаққанның-Тоңқайма шоқы, Шеңбіт, Бекназардың екібұлағы, Обалы, Бекназардың бұлағының сарышалы, Бабықжал шілікті, Шастың күйкқоны, Қалет, Қатпаның талдыбұлағы, Қатпаның обалы көңі, Қатпаның ақтасты қарашілігі, Қатпаның қараталы, Терісаққанның сарыбаласы, Терісаққанның-Лақ жалы, Шеңбер, Қызыладыр қыстауларында; руы тоқтауыл-арғын ауылдары – Қатпаның сарыобасы, Қатпаның қаратұмсығының керегетасы, Қатпаның қарашілігі, Қатпаның шоқыаяғы, Терісаққанның аққияғы, Белгіадыр, Сасықкөл, Сарытау, Бестөбе, Сарышөп, Сүмбе жота, Қоржынкөл қайың, Сүттіқұдық обалы, Сары обалы Қорысынкөл, Балатерісаққан, Еліктікөл, Сарыбұлақ, Шөптікөл, Әуілдеккөл, Шортанбай ақарал, Телікті, Шойындыкөл тассуат, Шабдарды (Есенмола) қыстауларында; ал қауымдағы руы алтай-арғындар Терісаққанның діңі қыстауларында қыстаған.

Қызылкөл болысының рулары жазда көршілес Терісаққан болысы

ауылдарымен қатар көшіп, жайлауда көршілес қонған.

Теңіз болысындағы 5-әкімшілік ауылын толығымен дерлік арғынның Қуандық руынан тараған әулеттер қоныстанған. Бұл ауылдар Талдысай, Қысықжар, Молалы төбе, Құдайберлі адыр, Қызылжар, Құдайберлі тұмсық, Құтымсық, Қысықияқ, Жаманшат, Талдысай, Сарыбұлақ қыстауларында қыстаған.

6-әкімшілігінде арғындар бірнеше шаруашылықты құрады. Руы тілеуберділер Қарақоға, Бозарал; руы алтайлар Жосалы, Қоңыртүбек, Ақтүбек, Ортақұлақ, Сыртқы ақтүбек, Кішкенетүбек, Абылай, Жартытөбе; руы қожакелді-арғын Тараншы шиде, Қарасу-Құйған, Жартөбе, Обалы адыр, Жалғызтал, Домбалыс адыр, Сарыінген, Донғал; руы итбол-арғын ауылдары – Қарашоқы бешекей, Үлкенбұлақ, Қарабие, Жапай-Сарыбұлақ, Кепашы Қағыл, Қарабұжыр, Қағыл; руы бибол-арғындар Үйсімбай мола, Ащы-Қарой, Талдысай, Майлықөл; руы жамбол-арғын ауылдары Керегетас, Қағыл, Түгіскен қағыл, Қызыл-қағыл; руы әйтiмбет-арғын ауылдары Қоржынкөл, Сартес, Кенесары, Ақсай, Сарыбұлақ; руы қайып-арғындар Жалманқұлақ; руы сатыбалды-арғын ауылдары Сарыоба, Ақтұма, Түгіскен, Керей, Құлтұмыс, Барақбай, Итауыз, Райсай, Қоянды, Барақбай, Қарақопада қоныстанған.

8-әкімшілік ауылында арғынның қалқаман тармағынан өрбіген ауылдар Құм түйе, Қаржау Шығанақ, Торғауыт мола, Батпақ аралда қоныстанған.

Теңіз болысының ауылдарының бір бөлігі Терісаққан және Қызылкөл болыстары ауылдарымен қатар көшіп, жайлауда көршілес отырса, қалған негізгі бөлігі Атбасар уезінің оңтүстік-батыс бөлігіндегі Қарабидайық, Төресай, Бірсуат, Қараадыр, Бөріктал, Қызылмола, Қойтасталды жерлеріндегі жайлауларға қарай көшкен.

№8-әкімшіліктегі Аманқұл ақсақалдың шығу тегі келесідей тарайды: Арғын – Мейрам – Қуандық – Алтай – Байдалы – Өмірқұл – Дәулен – Түрле - Игілік – Жоламан – Аманкері (1890 ж. тірі).

№2-әкімшіліктегі Байдағұл ақсақалдың шығу тегі келесідегідей: Арғын – Мейрам – Қуандық – Алтай – Байдалы – Өмірқұл – Үрбай – Ораз – Сарғұл – Байдағұл (1890 ж. тірі).

№1-әкімшіліктегі Ахмет ақсақалдың шығу тегі келесідегідей: Арғын – Мейрам – Қуандық – Алтай – Байдалы – Өмірқұл Жаманке – Есімбет – Жанұзақ – Байқожа – Торы – Ахмет Атбасар болысында арғынның қарақозған, тобықты, сарықозған, көксал рулары кезіккен.

1-әкімшіліктің негізгі қауымын қарақозған-арғындар құраған. Қарақозғаннан өрбіген ауылдар Қорған шығанақ кенашы, Құлмырза кенашы, Жанжігіт қаралағаш, Құлмырза қаралағаш, Ұшқан, Бегіш ақтөбе, Қодырбай түбек, Аңқоймас, Қызыл өткел, Кенашы, Қорған шығанақ, Бітеутүбек құйған, Қосқұлақ, Қайрақты, Қайран, Қаратүбек, Қараөткел, Жаман қарасу

қыстауларында қыстаған. Қауым құрамындағы тобықты-арғындар Түлкі кашқан Қыстауын қыстаған.

2-әкімшілікке біріккен қарақозған арғын ауылдары Есіл өзенінің аңғарындағы Қаражар іші, Жарық, Қосбармақ қарасу, Бие үлкен түбек, Бітеутүбек, Ақтөбе, Қарасу Ақтөбе, Шеңбер-Қарасу, Үшкемер, Қаражар, Жарық өткел, Қаражар Сарыөлең, Есіл Қарасор, Қошқар құйған қыстауларда қыстаған.

3-әкімшіліктегі арғындар Қарқаралы, Көпбергентүбек, Бітеутүбек, Аралтүбек, Қаражар, Ақтөбе, Қарасу, Талдытүбек, Боктытүбек, Сарыөлең, Жалпақ өткел, Үлкентүбек, Тобылғытүбек, Бестамақ, Ақбастүбек, Ақбартүбек қыстауларында қыстаған.

4-әкімшіліктегі арғындар Қалғытаң, Бестамақ, Бірдем, Есіл, Сабақтың құйғаны, Қойқыстау, Таластүбек, Үлкен қаратүбек, Жалтыр-Қарасу, Сарыөлең, Жіңішке, Кіші қаратүбек, Қарасу, Құйылыс, Сәйтен қоға, Бөктек, Жаман Есіл, Бестамақ, Сүйрікті, Иірлі Шығанақ, Шыралжынтүбек қыстауларында қыстаған. Ал, қауымдағы Сарықозған руының арғындары Қара-Шығанақ, Шығынсай, Бірсуаттың құйғаны, Қыз бейіті қыстауларында отырған.

5-әкімшілік ауылдың басым бөлігін көксал арғындар құраған. Олар Қызыл қоға, Қосқоға, Есенаманқұлақ, Қарақоға, Сарытүбек, Көкөлең, Қамсақтың, Қоржанқарасу, Шоңбай молда, Аралтүбекте қоныстанған.

6-әкімшілікте арғындар ішінара мекендеген. Руы сарықозған-арғындар Жаман-Есіл, руы көксал-арғындар Үш қатын, Бесоба, Избасар қаракөл қыстауларында қыстаған.

8-әкімшіліктің басым бөлігі сарықозған-арғындар болған. Ауыл қыстаулары Қайрақты, Шортанбай, Қалғұтан, Қожеке, Саркөл, Бестамақ, Қазалы, Ащылыкөл, Тақыртүбек, Төртқұлақ, Бозайғыр, Төртқұлақ деген жерлерді алып жатқан.

9-әкімшілік ауылында қарақозған-арғыннан тараған ауылдар Есіл-Қалғұтан өзені бойында, Төртқұлақ қарасу, Қараөткел-Ақтөбе, Матекөл, Бектүбек, Жабай қыстауларында қыстаған.

### **Ақмола уезі**

1822 жылы Сібір губернияларының басқармасы құрылып, ол Батыс және Шығыс деген екі бөлімге жіктелді. Батыс Сібірдің құрамына Тобыл, Том, Омбы облыстары кірді. Орталығы 1839 жылға дейін Тобыл қаласында, ал 1839 жылдан – Омбыда болды. Басқарма құрылғаннан кейін бір айдан соң, қазақ даласындағы хандық жүйені жою мақсатын көздеген басқарудың жаңа жүйесі – «Сібір қазақтарының Жарғысы» жарық көрді. Жарғы бойынша, Омбы облысы ішкі және сыртқы округтарға бөлінді. 1822-1838 жылдар аралығында 7 округ ұйымдастырылды: Қарқаралы, Көкшетау, Аягөз, Ақмола, Баянауыл, Құсмұрын, Көкпекті. Округті әкімшілік, полиция және сот шоғырланған

«приказ» атты құрылым басқарды. Приказдың басшылығы аға сұлтаннан және төрт заседательден құралды. Заседательдердің екеуі губернатор тағайындаған орыстардан, қалған екеуі болыс-старшындар екі жылға сайлаған қазақтардан тұратын еді. Сұлтандардың жиынында 3 жылға аға сұлтан сайланатын және ол бірден майор шенін алатын. Егер аға сұлтан қызметін дұрыс атқара алса, дворян дипломын алуға үміткер болатын. Округтер 15-20 болыстан тұратын. Басқарушылары әдетте сұлтандар болды, бірақ қажетті кездерде қарадан да сайланып жүрді. Олардың негізгі міндеттері – приказдың бұйрықтарын және сот үкімдерін орындау болды. Әрбір болыс 10-12 ауылдан, әр ауыл 50-70 шаңырақтан құралды.

Жаңаарқа жері 1824 жылы ашылған Қарқаралы округіне жататын. Бұл округке қарасты 18 болыстың ішінде ұрпақтары Қарағашты қоныстаған Қарпық, Алтай, Алсай, Найман болыстары болды. Алсайлықтар ол кезде жеке болысқа шоғырланған болатын және сол жылдардағы санақ бойынша 2343 еркек, 3124 әйелден тұратын 781 шаңырақ, 14 ауылды құрады. Басқарушысы би Бәйеш Есенгелдин болды. 1839 жылғы архив құжаттары бойынша, Қарпық рулар бірлестігі тінәлі-қарпық (болыс билеушісі – сұлтан майор Арыслан Құдаймендин), тоқа-қарпық (сұлтан Бек Құдаймендин), айтқожа-қарпық (би Сапақ Тәңірбергенов) болыстарынан тұратын. Тама болысын би Қылыш Итемгенов, алшын-жағалбайлыны – би Ертай Алтыбаев басқаратын.

1832 жылы 22 тамызда Ақмола округі ашылды, ал 1838 жылы Омбы облысы таратылып, Сібір қазақтарын билеудің жаңа жүйесі–Шекаралық басқарма ұйымдастырылды. Осы жылдан бастап, ауылдардан салықтың «жасақ» деген түрі жиналды. Оның мөлшері: 200 жылқыдан, 150 сиырдан, 150 қойдан бір-бір бастан болды. Аттың құны ол кездерде – 35, өгіздікі – 20, қойдікі – 2 теңгеге бағаланатын.

Айтқожа-қарпық болысын 1832 жылдан бастап, Сапақ Тәңірбергенов биледі, бірақ ол 1838 жылы Кенесарыға қосылып, ауылдарымен көшіп кетті. Осы жылы Кенесары көтерілісіне белсене қатысып, үдере көшкен тоқа-қарпық болысы да ыдырап кетті. Жеке болыс болудан қалып, айтқожа-қарпық болысының құрамына енді. Тоқа-қарпық болысының ауылдарымен қосылып, іріленген айтқожа-қарпық болысын 1839 жылдан бастап, би Бабас Тайғарин басқарды. 1841 жылғы деректер бойынша, 10 ауыл, 620 шаңырақтан тұратын бұл болыстықтың жаз жайлауы Қарағашта, Есіл, Өлеңті, Шортанды өзендері, Сарыоба, Шыбынды көлдері, Көкпекті, Нұра, Құланөтпес өзендері, Шідерті, Мойылды, Өлеңті, Құндызды өзендерінің бойларында, Жаманшұбар, Бабатай, Қоңырадыр, Қызылжар, Қарғалы, Жамантөбе, Саумалкөлде болса, қыстауы Нұра өзенімен Көбетейден Балықты-Баятарға дейін және Шошқалы, Амантау мекендерінде болды. Жайлауы мен қыстауларының аралығы 350-400 шақырым жерді алып жатты. Бабастың өзі приказдан 240 шақырым қашықтықта, жаз

айларында Нұра, Соқыр, Құндызды, Есіл өзендерінің бойымен көшіп жүрді. Қыстауы Қозыкөш, Бозайғыр, Шұбарда, Құматалы өзенінің аңғарында болды.

XIX ғасырдың 40-50 жылдары Қарағаштағы Аймысық-Көккөз жерлері сұлтан Бек Құдаймендиннің қыстауы болды. Жаз айларында Қарағашқа Кіші жүз елінің болыстары Ханкелді Бөріұлы мен Қылыш Итемгенұлының ауылдары жайлауға көшіп келіп жүрді.

XIX ғасырдың ортасынан бастап, Ортаудың терістігінен басқа жерлерін «Енең тоқасы» руының қазақтары иемденді. Бұл оқиға болыс басқарушысы Ескене ұлы Құлыбектің тұсында орын алған. Ор, Аба тауларын Ескене, Досқана аталары, осы таулар мен Керегетастың аралығын Үшқоңыр, Балапан, Айту аталары, Кенеліден Көктіңкөліне қарай Күшікбай аталары мекендеген. Жыланды тауы мен Алтай Сарыобасынан Айса және Ақадырға қарай Жантүгелдер, Өспен тұсын Естемес руы, қазіргі 17,18,32 разъездер маңайын Жетімектер қоныстанған. 43,56 разъездер, Әлихан және Батық, Нарбақы аралығын Айту, Бәрдәлі аталары, Ақойға қарай Жантүгелдер, Ақойдан төмен Кенжеқара руымен жапсарлас Қарнақтар, Шотан төңірегін Бәйтерек атасы қоныстанған. Күйлі адыр, Өкірген, Молқы бұйратынан Шотанға қарай Молқы руы жайлаған. Қарашоқыны – Тәсібек, Құлантөбені – Сеңгір, Жақсы Кенеліні – Сәмек, Көктіңкөлінің сағаларын: үшінші Ащыкөлді – Әйдінбек, екінші Ащыкөлді – руы Жетімек Найман, Жаман Кенеліні – Мұстафа иемденген. Аталған адамдардың бәрі де Бесім Тоқасының беделді ел ағалары болған. Алғашқы төртеуі – Күшікбай ұрпағы. Осы жағдайға дейін олар ағайын – туысқандармен бірге Қарамұрын, Нұра, Қырауқамысты паналап, Ақмолаға дейін көшкен. Жетімектер бұған дейін Тұздықөлге, Майқайыңға, Қалқаманға барып қыстап қайтып жүрген. Баянауылда Жетімек атты тау бар.

Ортаудың терістігін, Ақтау тауларын және Ақтаудан Манақа өзеніне дейінгі кеңістікті қалың Алтай Сайдалы руы жайлап отырды. Желтауды, Тасқоралы мен Қабантауды, Көкжартасты, Атығай-Қатпартасты, қазіргі Жамбыл кенішіне дейінгі жерлерді негізінен Алсайдың Мұғал, Битті, Баян аталары мекендеді. Шажағай өзенінің бойын Нұрбай руы, Үлкен Бүркітті мен Бала Бүркіттінің маңын, оңтүстігінде Қоңырқұлжа, Сарықұлжа, шығысында Бөрілі, Шегір, Бәйбіше тауларының аралығын, Сарыбалақ көлінің маңайын тарақтылар мен қоңыраттар қоныстады. Тарақтылардың бір бөлігі Атасу өзенінің сыртындағы Аюлы, Матақты мекен етті. Керегетас пен Тайатқан-Шұнаққа дейінгі жерлерді және аталған таулардың маңын Шұбыртпалы мен Қыпшақ рулары жайлады. Құтжанның Қаратөбесі мен кіші Қаратөбені, Манабай жартасына дейінгі аралықты, Мыңбай сайының сыртын Аралбай руы мекендеді. Аралбайлықтар Қалыбек руымен аралас Ақтау бекінісінің шығысындағы Жәмші өзенін, Қазансынған, Құлбасты, Аюлы адыр-төбелерін, Өгізтау мен Қоңырқұлжа тауларының арасын, Тайатқан-Шұнақтан Бетпақдалаға дейін

жайлады. Аралбайдың Айсадан тараған ұрпағы Айдаһарлы, Бала Айдаһарлы тауларының арасын, Атасу өзенінің бойын мекендеген. Кежектен, Таңсұлудан тараған ұрпағы және Қалыбек бұтағы Саңғыру, Алабас, Қалмакқырған, тауларын қоныстаған.

Бекшелер Атасу өзенінің бойын, Айдаһарлы, Бала Айдаһарлы тауларының жазығын жайлаған.

Тұңғатарлар Қызылтасты, Шот өзенінің бойын, Сұлутеректіні мекендеді. Тұңғатар ауылдарының старшыны қызметін атқарған Айдар Бапаұлының 1835 жылғы архив деректері бойынша, қарамағында 70 шаңырақ, 210 еркек, 280 әйел, 1825 жылқысы, 137 сиыры, 3100 қойы, 215 түйесі болған.

Қырғыздар ҮлкенжәнеКішіАқмаяны, Даратты, Саңғыруды, Қарабұйратты, Зәйімке, Мыржық, Темір өзендерінің бойын басқа рулармен аралас қыстады. Темір өзені руы қырғыз Байтемірдің есімімен аталған. Қырғыздар жайлаған жерлердің «Зәйімке», «Сәрсенбай», «Шүртебай», «Жиенбет», «Шонай», «Әжі-Божы», «Қарабұйрат», «Көп ұста», «Кіші Ақмая», «Балабек», «Шәуеш», «Батылай» *көңдері* деген атаулары бар.

Қылшалының арғы етегінде Құмадыр деген қалың бұйратты жер бар, сол жердің сай-сайының бәрі қыстау. Бұл жерлер Шуға көшпей, қалып қойған Тама елінің қыстауы болған. Мақажанның Ақжалы, Қарашаның Айнабұлағы, Атасу өзеніне дейінгі Шұбар Мақажан байдың құтырған сайы деп аталған. Шот өзенінің бойы, Жанайдың ақ төбесі, Исабек, Қылыш, Қаражалдың аржағындағы Кедей тауы, Сарысу өзенінің бергі беті Байырдың өзеніне дейін, шығыс жағы Бестауға дейін тамалардың жаз жайлайтын жерлері болған.

Ақмола уезінің көлемі XIX ғасырда солтүстікте Көкшетау уезінің шекарасынан оңтүстікте Шу өзеніне дейін созылды. Батысында – Атбасар, шығысында – Семей уезімен шекаралас болды. 1893 жылғы деректер бойынша, уезде 139785 адам өмір сүрді. Рулық құрамы негізінен Қуандық тайпасының алтай, қарпық, бөріші, темеш бұтақтары болды. Уездің солтүстігінде Есіл, Нұра, Сілеңті өзендерінің бойындағы ауылдар егін егумен, шөп шабумен айналысты. Жаңаарқа ауданы орналасқан оңтүстік жағы мал өсірумен ғана шұғылданды.

Уездің құрамына 20 болыс кірді: Сілеңті, Ақмола, Есіл, Моншақты, Қарағаш, Мұңлы, Ереймен, Қараның көлі, Қорғалжын, Сарыөзен, Нілді, Сораң, Шу, Ақтау, Атасу, Шерубай-Нұра, Қызылтопырақ, Ортау, Спасск, Нұра. Бұл болыстарда 132 ауыл, 25870 шаңырақ болды. Аты аталған болыстардың ішінде Ақтау, Мұңлы, Сораң, Атасу болысының негізгі бөлігі Ақтау жерін мекендеді.

XIX ғасырда Ақтау өңірін мекендеген ру-тайпаларды төре, қуандық, тама руларының көрнекті тұлғалары, есімдері ел жадында сақталған би-болыстар басқарды.

Қазіргі Жаңаарқа өңіріне қарасты аумақты XIX ғ. орта шенінде қандай рулар, олардың тармақтары мекендегені Красовский мәліметтерінде толық келтірілген:

**Алтай рулары.** Ежелгі арғындардың, наймандардың және басқа да Орта жүздің басқа да рулық құрылымдары сияқты бірнеше тармақтарға бөлінгені байқалады. Ұрпақ 4 руға бөлінеді, олардан құрылған болыстардың аттары төмендегіндей:

1. Қареке, 5 руларымен: а) Сары-мұрат, б) Итболды-Байболды, в) Байбура, г) Кенжеқара және д) Тоқбура, қареке-алтай болысын құрады, Ақтау бекінісінің құлауына байланысты оңтүстікке және шығысқа қарай, Аюлы, Бұғылы-тағылы, Тектұрмас тауларында; Нұра өзені жоғары ағысы және оған құйылатын өзендер бойында, оң жағынан Топарға, ал сол жағынан Есенге, Ақтасты тауларында; Нұраға жақын Сасықкөл көлінің маңында және аз бөліктері басқа жерлерде қыстайды. Жазда болыс Есілдің жағасын жайлайды, жайлаулардың ең көп бөлігі Құндызды өзен аңғарында, және жойылған Тленшат бекетінен алыс емес, Нұра бойында.

2. Мойын, 4 руларымен: а) Меңдібай, б) Аралбай, в) Қармық және г) Қалыбек – мойын-алтай болысын құрған, қыстақтарының көп бөлігі Жамшы өзенінің жоғарғы бөліктеріне дейін шығысқа қарай жайылып, ақтай бекінісінің шатқалдарында; осындағы, Жаман-Қызылтау тауларында, Нұра үстерінде, және Жаман мен Жақсы-сарысу өзендер арасында (Сарыоба және басқа тауларында); Атасу өзені үстерінде (Қазансынған, Күлбасты және Аюлы тауларында) және оның ағысында; Тайатқаншынақтан Жартас тасының маңында солтүстік-шығысқа қарай; ақыры, Тақыр далада, Үш-қызыл белестерінің арасында және жатқандардың шығысына қарай, Оғызтау және Қоңыркөлде орналасқан. Жазда Мойыналтайлылар Сарысу өзеніне жақындайды, ал аз бөлігі Есіл үстеріне жетеді.

3. Сайдалы, 6 руларымен: а) Қарқат, б) Нияз, в) Қуандық, г) Айтқұл, д) Әжібай және е) Салтанбай, сайдалы-алтай болысын құрды, қыста Ақтау, Ортау және олардың *жататындардан* оңтүстікке қарай, Қызылтау тауларында; Манақа және Құрмананақа өзендерінің олардың сағаларына дейінгі аңғарларда; және бірнеше Сары-су өз. бойында; осындағы, Сарысуға жалғас Көксеңгір және Көкпекті тауларында, құрғақ Сарыұзын апандарында; Жаман және Жақсы-Сарысу өзендері арасында, Кенешкенелі тауларында және Шынақтан солтүстік-шығысқа қарай, Жартас тасының маңында; Байдалы-алтайлардың шеткі бетінен солтүстік-батысында Сарысу және Қаракеңгір арасында кездеседі, Құсмұрын тауларында, ал оңтүстік-шығыста, Балқаш жолымен Бұйрықши шатқалының маңында орналасады. Жазда болыс Есілге солтүстікке қарай, Өлеңті және Шідерті үстеріне қозғалады.

4. Алысай тайпасы рулары: а) Қожаназар, б) Ақбұра, в) Бітті, г) Үш-ата



және д) Нұрбай (Қылмырза және Дүйсе екі бөлімімен) Алысай-алтай болысы құрылды, Тақыр даламен көршілес, тіпті соның өзінде, нақты Қызылша тауларында (тамалармен бірге); Шынақтан солтүстікке қарай Үшқызыл тауларында; осыдан солтүстік-батысқа қарай Қабантау тауларында, Атасу ағысы бойынша және Манақа сағасына қарсы, Құдайменді тауларында (Қараағаш орманының оңтүстігінде); Сарысудың орта ағысы бойынша және оған оң жағынан құйылатын, Шұбардан бағытталатын, Ақши өзенінде; Нұра өзенінің сол жағына құйылатын Есен өзенінде және Нұра көздерінің қосылыс маңайындағы тауларда орналасады. Жазда болыстың бір бөлігі Сарысу бойынша көшеді, ал басқа бөлігі Есіл, Шідерді және Өлеңті өзендеріне жетеді. Алтайлардан бұрын барлық 4 болыстар, Атбасар көгалдарына көп жиналған; енді бұл жаққа аз көшеді, өйткені өздерінің Ақмола базары бар.

**Қарпық рулары.** 1) Айтқожа тайпасы, 9 руларымен: а) Бірназар, б) Барғана-шошан, в) Құттыбай, г) Донаумы, д) Майлы, е) Мамбет, ж) Қалымбет, з) Сатыбалды және и) Самай айтқожа-қарпық болысын құрды, алтай болысына қарағанда күштірек бытыраңқы. Қыстақтардың үлкен бөлігі Сарысудың орта ағысынан солтүстікке қарай, осы өзеннің арасынан Нұраға, нақты: ақырғы Топар өзенінің құйылысы, солтүстігірек, Сасықкөл көлінің маңында; тағы солтүстікке қарай, Жақсықұрт тауларында; Нұраның, Құндызды өзені оң жақ ағысы бойынша және Есен өзені сол жағы бойынша; Есіл бойында, бұрынғы Қызылжар бекетінің жанында және Долымұртқалы бекетінің қасында Қарқаралы округінің шекарасында орналасқан. Алайда бұл жақтан емес, Нұраның оң жағынан айтқожа-қарпықтардың негізгі көштері, нақты: Құлан-өтпес ойынша, әсіресе осындағы Шошқакөл көлдерінің маңында (Құлан-өтпестің сол жағында), Байсалы және Тайсуат (оң жағынан); Құлан-өтпестің сол жақ ағыстары Соналы және Қызылқұрт өзені бойында және осы бағыттағы Доламантау тауларында (Шошқакөлден солтүстікке қарай), осы жерлерден оңтүстік-батысқа қарай, Сарыадыр тауларында; Сарысуға құйылатын Сары-өзек өзенінде, Сарыкеңгір өз. сол жағында, Керегетас тауларында және олардың *жататындардың* оңтүстігіне қарай, Теректі *шандарында* (Айғыржал таулары).

2. Тінәлы тайпасы, 4 руларымен: а) Тлеумбет, б) Құтымбет, в) Жайылмыс, және г) Амалдық бұларға басқа ұрпақтардың бірнеше бөлімдері жатады тінәлі-қарпық болысын құрды, Нұраның төменгі бойында, Құлан-өтпестің орта бөлігінде, Құн өзені бойында және оған құйылатын оң жағынан – Жақсышат, сол жағынан – Босаға өзені бойларында; осында, Дүйсешатқа жақын, Үмбетей тауларының маңында және Үмбет өзені оңтүстік-батысқа қарай, Шұбаркөл көлінің маңында, Теңіз-қорғалжынның оңтүстік жағасы бойымен және оған құйылатын Құннан батысқа қарай Қияқты өз. бойымен қыстайды.

Жазда екі болыстың да қарпықтары солтүстік-шығысқа қарай бағытталады,

Есілге жетпей тоқтайды; кейбіреулері алтайлармен бірге Сарысу бойымен және Есілдің, Шідертінің және т.б. жоғарғы бөлігінде өздерінің орналасқандарына сәйкес көшеді.

**Түнғатар рулары.** 1. Түнғатар тайпасы, 2 руымен: а) Отар-тінәлі және б) Сармантай.

2. Енем тайпасы, 4 руларымен: а) Жетімен, б) Мырзамбет, в) Күшікбай және г) Жантүгір, енем-түнғатар болысын құрды, қыстақтары жойылған Ақтау бекінісінің шатқалдарында, Сарысудың орта ағысының жағасында, Атасу өзенінен алыс емес жерлерде орналасқан. Оларда тұрған көп санды белгілі киіз үйлер, тағы келесі тауларда: Қасшоқ (Ақтаудан солтүстік-батысқа қарай 50 шақ.), Қотыроба және Бірнашар (Ақтаудан оңтүстік-шығысырақ); Қарашоқ (сол бағытта, Ақтаудан 100 шақ.); Ақтаудан солтүстікке қарай 50 шақырым, Жаманкенелі тауларында; Жақсы және Жаман-сарысу өзені арасындағы, Сарыоба және Жыланды тауларында; Нұра көздерінің арасында, Қойтас және Қушоқы тауларында бар екенін ескертеміз.

**Темеш рулары.** 1. Темеш тайпасы, рулары: а) Ораз, б) Базаргелді, в) Қазымбет, г) Ажыбай, және д) Төкеней.

2. Төбет-темеш тайпасы, рулары: а) Қангелді, б) Кенже, в) Малдыбай, г) Алдаберді, д) Тенем және е) Бөрші, жалғыз темеш болысын құрайды, негізгі бөлігі Нұра мен Құлат-өтпес арасында, және Сарысу өзені арасында (Жарлықөл көлінің маңында, Құланөтпестің төменгі бөлігінен батысқа қарай жатып) қыстайды. Негізінде, Темештер тайпасының бөлімдері төбет-темештерден батысқа қарай орын алды, сондықтан Нұра бойында, мысалы, тауларда да, оның төменгі бөлігінен оңтүстікке қарай, батысқа қарай – Темеш бөлімдері тұр, шығысқа қарай – бөрішшілер, солай барлық жерлерде. Аталған жерлерден басқа темештер қыстақтары Есіл бойында (Бабатай, Қызылжар маңында және Ақмоладан батысқа қарай, қараменді және Жыланды бекеттеріне жақын) және де Мамай көлінің қасында; Ерементау тобының оңтүстік бөліктерінде; Селеттің жоғары жағында және шеткі солтүстікке қарай, Шылақ-қамыс көліне құйылатын өзендер бойында қараңдап көрінеді. Есілге қарай және әрі солтүстікке қарай оңтүстік темештері кәдімгі жазғы уақытта жиналады. Бұрынғы уақыттағы олардың жазғы қозғалыстар бағыттары солтүстікке қарай немесе солтүстік-батысқа қарай, Атбасар жайылымдарына қарай болған, ондағы 1830 жылғы болған экспедицияларында кейде 5-тен 10-ға дейін киіз үйлер темештерін алтайлармен бірге кездестірген; Ақмола базарының кеңеюімен екі жақтың да көп бөлігі осыған жақындаған.

**Тама рулары.** Осы уақытқа дейінгі бұл ұрпақтың белгілі тайпаларының мағынасы:

1. Алшын, 3 руға бөлінеді: а) Құлтума, б) Жиенәлі және в) Досым.

2. Тама, 2 руға бөлінеді: а) Өмірбек және б) Жөгі.

3. Есілхан, бұлармен бірге тайпа көшеді.

4. Қырғыз, рулары: а) Жуынды және б) Сару және басқа да белгісіз тайпалардың бірнеше бөлімдерімен (мысалғы Аманжол және қозу). Бұл бөлімдердің барлығы әуелде – Ақмола округінде әкімшілік бірліктерімен құрылған (қырғыз-төрт-ауыл болысы және тарақтылардың бөлімі), тама болысын құрды, негізгі тұратын жерлері – Сарысу өзені орта ағысы, Қаражар мысынан, немесе Қаракеңгір өзені сағасынан Сөртісуға дейін және осы ақырғы өзеннің жоғарысына қарай; Сарысудың солтүстік жағында тамалар тағы Қобыршақты көл. жағасында және жатқан таулардың алқаптарында; Жақсы-көңнің жоғарғы және Нұраның ортаңғы бөлігінде. Сарысуда оңтүстікке қарай Тақыр далада тамалар нағыз иелері. Олардың қыстақтары бұнда Жеті және Жиделіқоңыр құмдарында; Сарысуға жақын, Түйе-Мойнақ шатқалының маңында; Атасу өзені сол жақ жағасында, Кедейтау, Шоқаман, Шойт, Алтыншоқы тауларында; Атасу және Манақа сағалардың арасында, Жақсы-байғұл тауларында; Қарасай өз. жоғарғы бөлігінде; ақыры, Шу құмдарында, өзеннің төменгі бөлігінде орналасқан. Жазда тамалар үлкен топтармен үш жерде кездестіруге болады: Сарысу өзені бойында (орта бөлімдерімен), Нұраның ортаңғы бөлігінде және Жақсы-Ниязға жақын Есіл бойында.

Алтай руы – Қуандық рулар бірлестігіндегі жеті рудың бірі. Бұл ру сан жағынан тек Қуандық ішінде ғана емес, бүкіл Арғын арасында көп тараған рулар қатарына жатады. Сонымен бірге, бұл ру- жеке тарихи тұлғаларымен де көпке танымал болған ру.

**Сайдалы ру бөлімі** – Қуандықтың Алтай руындағы жеті ру бөлімінің бірі. Шежірелік материалдар бойынша, Алтайдың жеті ұлы ішіндегі үшеуінің - Әлкенің, Байдалының және Сайдалының анасы бір. Қуандық, Алтай арасында Сайдалы ру бөліміне жататындар – «Өр Алтай», ал Әлке мен Байдалы ру бөліміне жататындарды «Төменгі Алтайлар» деп атап кеткен. Мұндай атаулардың шығу себебі былайша түсіндіріледі.

Алдыңғы беттерде айтып өткеніміздей, Алтай Қанжығалы Пішпекбайдың малын жұттан аман алып қалып, бір қызына үйленеді. Ол қыздан Сайдалы дүниеге келеді. Кейіннен Байдалы, Әлке де дүние есігін ашады. Уақыт өте келе «Алтай Пішпекбайдан рұқсат алып, еліне қайтпақшы болады. Сайдалы әкесіне ермей, сол Ақтау, Ортау, Жаңаарқа жағында қалып қояды. Қырда қалып қойған Сайдалы әулетін жергілікті халық «Өр Алтайы» деп атап кетеді».<sup>74</sup>

Сайдалы ру бөлімінің атауы XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде алғаш рет кездесе бастайды. М.Красовскийдің материалдарына сүйенген Н.А.Аристов, Арғын тайпасының құрамындағы руларды талдай келе, Алтайға жататын рулық бөлімдер қатарында Сайдалы

<sup>74</sup> Көпейұлы М. Қазақ шежіресі. б.26

бөлімін атап өтеді.<sup>75</sup> Сайдалы жөніндегі материалдар Г.Н.Потанин, М.Ж.Көпейұлы еңбектерінде де баяндалады.<sup>76</sup> XX ғасыр басында Ақмола, Қарқаралы уездері бойынша жарық көрген материалдар жинақтарында Сайдалы бөлімінің шежіресіне қатысты мәліметтер кездесіп отырады.

Шежірелік материалдардың көпшілігі Сайдалы ру бөлімінің Сүгірәлі және Арыстан атты екі ру тармағына бөлінетіндігін бір ауыздан мақұлдайды. Алдыменен Сүгірәлі тармағының таралуын қарастырып өтсек. Сүгірәлі тармағы Әлсейіт, Жабай, Дүкеней және Қабай атты төрт ру аталықтарына бөлінеді. Әлсейіт аталығынан Бурабай, Жанұзақ аталары бөлініп шығып, Жанұзақтан – Дәуімбай және Дәулет әулеттері; Бурыбайдан – Жылысбай, ал ол - Барға, Байыс, Айтқожа, Шегет атты әулеттерге тармақталып кетеді.<sup>77</sup>

Сүгірәлі тармағындағы екінші аталық – Жабай. Жабайдан – Қазыбек, одан Қамбарбек шығады. Қамбарбек - Жолдыбай, Көкен (Күтен) атты екі ру әулетіне бөлініп кетеді. Өз кезегінде Жолдыбайдан - Жәнібек, Тығыбек; Көкен (Күтен)- Кейкі және Ермек атты бұтақтарға тармақталады.

Сүгірәлі тармағындағы соңғы, төртінші аталық – Қабай аталығы. Ол – Айтқұл, Әлікұл және Бақыбек атты үш атаға жіктеледі.

Айтқұлдан алты әулет таралады. Бірінші әйелінен - Ескене, Медет, екінші әйелінен - Бұқарбай, Жамәнке, үшінші әйелінен Тезек, Үмбетбай атты ұлдар туып, олардың әрқайсысы жаңа әулетке негіз қалайды. Ескенеден - Қалбай, Жайлау; Медеттен Есқожа; Бұқарбайдан - Байбол, Собак; Жаманкеден - Қанай; Тезектен - Байғабыл, Жанғабыл; Үмбетбайдан - Қалым, Төлеміс, Итемген атты бұтақтар өсіп-өніп, одан ары жалғаса береді.<sup>78</sup>

**Мойын ру бөлімі.** М.Ж. Көпейұлы Мойын туралы: «... Аққоян өлген соң, Піспекбай Алтайға тағы бір қызын берген, Мұнан туған Мойын. «Мойын болмай, ойын болмас» атанған. Алтайдың балаларының ішінде өсіп, толығы осы Мойын болса керек»,<sup>79</sup> – дейді одан әрі: «Мойыннан алтау - Рақбанғұл, Аманкұл, Сарша, Шаңкей, Қареке, Мұрат», – деп алты аталықты атап көрсетеді.

XIX ғасырдың орта тұсындағы Нұра өңірін мекендеген қазақ рулары туралы мәлімет 1839-41 жылдардағы мұрағат құжаттарында сақталған.

Бұл құжаттардың бірінде Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ рулары болыстарының билеушілерінің тізімі берілген [ОММ ҚР. Қ-374. Т-1. І-196.2қп-4п.]. Тізім 1839 жылдың сәуірінің 22-сінде жасалған.

Бұл құжаттан алатын құнды мәлімет – Нұра өңірін қоныстанған рулар

<sup>75</sup> Аристов Н.А. Заметки об этническом составе..., б.105

<sup>76</sup> Көпейұлы М. Қазақ шежіресі. б.26

<sup>77</sup> Ісләмұлы І. Алтай шежіресі.б.91

<sup>78</sup> Ісләмұлы І. Алтай шежіресі.б.79-80

<sup>79</sup> Көпейұлы М. Қазақ шежіресі. б.26

жөніндегі деректер. Олар: *тінәлі-қарнық* (болыс билеушісі – сұлтан майор Арыслан Құдаймендин), *қырғыз-төртуыл* (сұлтан Байғара Дайыров), *тоқа-қарнық* (сұлтан Бек Құдаймендин), *айтқожә-қарнық* (би Сапақ Тәңірберген), *мойын-алтай* (би Тәті Жұманов), *байдалы-алтай* (Би Сайдалы Жаңбыршин), *алысай-алтай* (қуандық биі Баяғыз), *қареке-алтай* (би Тайман Бекташев), *тама* (би Қылыш Итемген), *қойлыбай-шағрай* (би Ірімшік? Есқарин), *сайдалы-алтай* (старшина Бектас Айыров?), *төбет-темен* (би Бүк Т...ев?), *енем-түнгатар* (Құлыбек Ескенин), *алшын-жағалбайлы* (би Ертай Алтыбаев), *алысай-алтай* (би Бәеш Есенгелдин).

Келесі бір 1865 жылғы мұрағат құжатында Ақмола округінің құрамына кіретін болыстар, оларды құрайтын қазақ руларының жазғы көші мен қысқы қоныстары, ауыл, ондағы шаңырақ пен ер және әйелдердің саны тізілген.<sup>80</sup>

Бұл деректен де рулардың көшу радиусы 150 ден 400 шақырымға дейінгі кеңістікті алып жататынын көреміз. Осы аумақтағы демографиялық көрсеткіштерге келетін болсақ, мысалға: *мойын-алтай* болысындағы шаңырақ саны 1841 жылғы құжатта 7 ауылда 386 *шаңырық* деп берілсе, 1865-68 жылдардағы құжатта 7 ауылда 899 *шаңырық* деп берілген

Ақмола округы 1867-68 жылғы реформалар бойынша Ақмола облысы болып қайта құрылып, біз қарастырып отырған аудандар аумағы Ақмола уезінің құрамына енген. Мұрағаттың келесі бір (1875-1878 ж.) құжаты Ақмола облысындағы уезд бен болыстардың шекарасы және қазақтардың жазғы жайлауы мен қысқы қоныстары туралы мәліметтер береді.<sup>81</sup> Нұра болыс шекарасы: Шекарасы *Нұра* өзенімен, *Ақпансай*, *Қарықарасу* мекенімен, *Майбалық* көлінің және *Талды* көлдің соңының батыс жағымен *юрталық казак үлесті жерімен*, *Қозыкөш* өзенін кесіп өтіп, *Төреқұлақ* моласы, *Жалаңаш* көлінің оң жағалауымен, *Талды қарасу* жонымен, *Қоскөл*, *Жарлықөл*, *Жұмай*, *Қанекей шолақ* және *Біртабаннан* өтеді. Одан әрі *Қойын* көлімен, *Қосарал*, одан жоғары *Құланөтпес* өзенінің бойымен, *Жарлықөл* көлімен *Дөңгелек*, *Аққұдық*, *Атығай*, *Жосалы*, *Кеңжарық*, *Бертібай-Берден төбесі*, *Изенді*, *Қаратомар* және *Құмкөлмен* шектеледі қыстаулары – *Нұра* өзені бойында, *Ақпансай* мекенінде, *Қосқона*, *Тоғанас*, *Ұзынкөл*, *Құмкөл*, *Жантек* көлдерінде; *Нұраның* сол жағалауында *Қаралас*, *Қоржынкөл*, *Атағозы*, *Сасық*, *Қорқылдақ*, *Тығыз қамыс*, *Болғанкөл*, *Бастөбе*, *Зарман*, *Шошқалы*, *Құмкөл*, *Төре-сарт*, *Қырауқамыс*, *Изенды*, *Құмкөл*, *Сарыкөл* және *Чинет* көлдерінде; жайлауы - Жазғы жайлауға 150 шаңырақ *Ақтастыға* дейін өтеді. Ал қалған барлығы *Нұра* болысының шекарасының ішінде алыс емес қашықтықта *Нұра* бойымен, *Қосқона*, *Отатүскен*, *Аққұм* және *Бортас* көлдерінде.

**Шерубай-Нұра болыс** шекарасы - Шекарасы *Үсен* өзенінің *Нұра* өзеніне құйған тұсынан жоғары өзенінің сол жағымен *Қозыбақ* бастауы мен

<sup>80</sup> ҚР ОММ. Қ-744. Т-1. I-48. 10-14 п.

<sup>81</sup> ҚР.ОММ Қ-369. Т-1. I-2021. 54 қп.-60 қп.

*Нұрбақтың* ескі арнасының бөлінген жерімен, *Қужал* өзенінің *Сарысу* өзеніне құйған тұсымен *Үңірек* шоқысына дейін, *Өртеңжал* шоқыларымен *Сарыадыр*, *Сарыкөл* мекені, *Қойтас*, *Айнабұлақ*, *Қуөзек*, *Нұра* өзені жанындағы *Қонақпай* бейтімен өтеді, қыстаулары - *Шерубай-Нұра* өзені бойындағы *Бұғылы*, *Тама тау*, *Тектұрмас*, *Сары тау*, *Тілен жал*, *Құм адыр*, *Топар*, *Жалайыр*, *Айтбай*, *Олан*, *Шайынды* және *Қойынды* тауларында, *Сасық* көлінде; жайлауы -*Нұра* өзені арқылы, *Сұңқар қарасу* мекені, *Арықты* көлі, *Ошағанды*, *Сабыр-қожас*, *Сағындық*, *Аран* (*Апан?*), *Бүйрек тал* (мұрағат нұсқасы - р.Бюрк тал-М. Ж.), *Есіл* өзендерімен, *Тоқсұмақ*, *Анар*, *Байдалы* көлдері, *Есіл* өзеніне құйылыс тұсында, *Қарғалы*, *Шортанды* мекендері, *Борлы* көл және *Жаманкөл* көлдерімен *Караағаш* болыс шекарасы *Есен* өзенінің жоғарғы бөлігімен, *Үшоба*, *Майлысай*, *Өмірзақ*, *Жуантөбе* мекендерімен және *Нұра* өзені мен бұрынғы *Көбетей* бекетімен, *Шұбартүбек* мекені және *Үлкен Құндызды* өзенімен, *Үлкеншат* *Құндызды* өзенімен, *Үлкеншат* шоқысымен; *Жақсы Қазықұрт*, *Көнек* тауларымен, *Қаражал* мекені мен *Үстемір* көлімен, *Құлан өтпес* өзенімен, *Бердібай-Берден* мекенімен, *Изенді*, *Құмкөл* және *Шошқалы сор* көлдерімен, *Ащыдан Үшқаттыға* дейінгі аралықтағы *Құланөтпес* өзені бойындағы жерлермен, *Шұбартүбектен Көбетей* бекетіне дейінгі *Нұра* өзені бойымен, *Үлкен Құндызды* бойындағы *Кеңқияқ*, *Қызылжар*, *Балашат* мекендерімен, *Топар*, *Шошқакөл*, *Жұмыртқалы*, *Сасықкөл*, *Байгозыкөл*, *Байқоңыркөл*, *Қосқона*, *Балықтыкөл*, *Баятаркөл*, *Шұбар*, *Тассуат*, *Байсал*, *Изенді*, *Шошқалы* және *Шөптікөл*мен қыстаулары – *Соналы* өзенінің жоғарғы ағысы мен *Амантау*, *Жақсы Қазықұрт* тауларында; *Көтей*, *Көнек*, *Тоқты адыр* шоқыларында, *Сарысу ши*, *Мыңадыр*, *Айғыржал*, *Өкінген*, *Аймысық*, *Көккөз*, *Тынық*, *Балықты*, *Баятар*, *Семізкөң*, *Сары адыр*, *Қотантөбе*, *Қозы бақ*, *Аршалы*, *Жыланды*, *Суықбастауда*, *Сатыбалды*, *Жақсы-қарт*, *Жаман-қарт*, *Қара-ағаш*, *Теректі*, *Үш қуырдақ қараған* мекендерінде, *Есен-Шойынды* өзені бойындағы *Алиағыр*, *Керегетас*, *Ақши*, жайлауы -*Құлан өтпес* өзені арқылы, *Тассуат*, *Изенді*, *Байсал*, *Қосқона*, *Құмкөл*, *Қаратомар*, *Шошқалы*, *Арықты*, *Дөңгелек*, *Шұбар*, *Баятаркөл* көлдерімен, *Балықты*, *Құрқарасу*, *Тоқтамыс*, *Сары*, *Қосшоқы* мекендерімен, *Нұра* өзенімен және соның бойындағы *Қонтай*, *Кертінді*, *Қолаң* және *Шақаман* мекендерімен.

Ақмола болысы Шекарасы *Алты айғыр* мекені мен өзенімен, *Сары адыр*, *Қызыл жал* шоқысымен, *Жыра* өзенімен *Қызыл мола таспен*, *Ақтасты* өзенімен, *Тұс томар*, *Қарақоға*, *Қосшоқы*, *Егінді томар*, *Жаниілікпен*, *Қушоқы* тауы-мен, *Бозайғыр* көлімен, *Кенжебай* өзенімен, *Сасықкөл* көлімен, *Қос қарасу*, *Төрт қонақ* өзенімен, *Ошаған*, *Тұстас*, *Қарақоға* мекенімен, *Майбалық*, *Құмкөл* көлдерімен, *Жолажота* *Ақ күріш*, *Ақмоламен*, *Нұра*, *Қозыкөш*, *Аққұман*, *Отаутүскен*, *Бортас*, *Жарқынбек*, *Қарақоға*, *Қосқонай*, *Жалаңаш*, *Жалаңашты қарасу*, *Қара-қоға*, *Бескемпір*, және *Қарамойыл*, *Алакөл*, *Танакөл*

және *Жанкөлмен қыстауы* - *Алты айғыр* мекенінде, осы жерден жоғары *Есіл* бойымен *Бабатай*, *Аюсойған*, *Моншақты*, *Қушоқы*, *Тама..*, *Қояншұбар*, *Тышқанкөл*, *Қаражар*, *Жалаңаш*, *Жарқынбек*, *Қарағаш* және *Ақкөлге* шейін, жайлауы - *Алты айғыр* мекені арқылы, *Кенжебай*, *Қос шоқы*, *Егінді томар*, *Қаратомар*, *Бозайғыр*, *Қосқарасу*, *Майбалық*, *Құмкөл* және қыстауларына жақын жерлердегі жайлауларына.

**Спасск болыс шекарасы -Шерубай-Нұра болысынан:** *Шерубай-Нұра*, *Жартас*, *Шуаш* өзені мен *Бір тоғай* мекенімен шекаралас жатыр.

**Қараағаш болысынан:** *Жыланды шоқысы*, *Мейірман шат* мекені, *Бала Құндызды құймас* өзенімен шекаралас жатыр. *Шерубай-Нұра* өзенінде, *Баймырза мола*, *Қызыл мола*, *Бекқожа* қонған мекендерінде, *Нұра* өзенінде, *Қанды қараоба*, *Наршөкен*, *Семіз қыз шоқыларында*, *Қосқұдық* мекенінде, *Қарағанды* өзенінде, *Байатар шоқысы* мен *Шилі* мекенінде, *Үткен су* өзені, *Ақтөбе* тауында, *Бабатай*, *Көптам*, *Жаманишұбар* мекендерінде, *Мейірман шаты* мекенінде, *Жауыр шоқысында*, *Нұра* бойында *Байдәулет*, *Қараңадыр*.

Жайлауы - *Сабыр қожа* мен *Нұра* өзендері арқылы, *Араб әулие*, *Жартас* шоқылары, *Ошағанды* өзенінің жоғарғы ағысы, *Шөптікөл көлі*, *Ағыбай тиген*, *Обатас*, *Жыланды*, *Шоқай шалды шоқылары*, *Баймырза*, *Нұралы қарасу* өзендері, *Үршаты*, *Қушоқы шоқылары*, *Тұзды қарасу* өзені, *Қорғанкөл*, *Таскөл*, *Маржанкөл көлдері*, *Ақтасты* өзені, *Қоянды шоқысы*, *Сапақкөл* өзені; *Нұра Хан сүйегі*, *Алтынды әділ*, *Сұңқар қия қарасу* мекендері, *Біртоғай*, *Тентек қарасу* өзендерімен бұл құжаттан алатын ең құнды мәлімет елді мекендердегі патшалық әкімшілік құрылымның төменгі буыны - болыстар атауындағы өзгерістерді көруге болады. 1865-68 жылдарға дейінгі болыстар ел атымен – рулар атымен аталып келсе, 1875-78 жылғы құжатта елдердің атауы жер-су атауларымен алмастырылған. Мысалы: бұрын *Айтқожа-Қарпық*, *Сайдалы-Алтай*, *Тінәлі-Қарпық*, *Қареке-Алтай* деп аталса, енді *Нұра*, *Қараағаш*, *Ақмола*, *Спасск* деп ауыстырылған.

## *Қарқаралы уезі*

XVIII ғасырдың соңы XIX ғасырдың басында Орта жүз қазақтарының шаруашылық қатынастары үлкен дағдарысқа ұшырай бастады. Оның негізгі себебі Ресей патшалығының осы өңірлерді отарлау мақсатында орналастырылған орыс-казак әскери линияларының салынуымен туындады. Яғни қазақтардан құнарлы жайылымдық жерлерінің алынуы, көшпелі өмір салтының жүйесі бұзылып, жер, мал дауларының өршуі болды. Сонымен бірге әскерлердің тонаушылық әрекеттері мен ауа-райының өзгеріп, қолайсыздануы қазақтардың шаруашылық жағдайын біршама төмендетті. Аймақ шаруашылықтың өзгерісіне байланысты: 1. Далалық қазақтар; 2. Станциялық қазақтар болып екіге бөлінді.

XIX ғасырдың басындағы Қарқаралы өңіріндегі өзгерістер Бөкейдің хандық құруымен дәл келді. М. Вяткин оның 1815 жылы хан сайланып, 1817 жылы дүниеден өткенін атап өтеді (49).

Ал, Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» еңбегінде Бөкей сұлтанның хан сайлануына толығырақ тоқталған. Онда: «1816 жылы 12 қаңтарда Александр I атынан арнайы грамота келеді. Осы грамота бойынша Бөкейхан Орта жүздің атақты 13 руларына билік жүргізу үшін хандыққа бекітіледі, сонымен бірге Абылай хан өлімі мен грамота келуінің арасы 30 жыл», – деген жазба бар (50). Бұл жазбада шамалы сәйкессіздік бар, себебі Абылай хан 1781 жылы қайтыс болса, оған 30 жылды қоссақ, Бөкейдің хан сайлануы 1811 жылмен тұстас келеді.

Алханның 1819 жылы қайтыс болғандығын А. Байтұрсынов, С.Броневский жазбаларынан кездестіреміз (51).

XIX ғасырдың басына қарай Орта жүз тайпаларының көпшілігі Ресей бодандығын қабылдады. Бірақ ресми құжаттарда Қырғыз даласы деп аталатын ұлан-байтақ жерде көптеген рулардың қоныстары бытыраңқы орналасқан еді.

«Солтүстігінен оңтүстігіне қарай, – деп жазады И.Завалишин, - ең қысқа жол 1100 шақырым, ал шығыстан батысқа қарай 2500 шақырым болып есептеледі. Қырғыз даласының кеңдігі 40 000 шаршы географиялық миль, яғни Сібірдің үштен бірі және Ресейдің оңтүстік далалық өңірінен екі еседен астам үлкен деп саналады» (52).

Орта жүздің осы ұлан-байтақ жерін тиімді басқару жүйесін енгізіп, оған алым төлейтін халықтың белгілі бір бөлігін бағындыру керек болды. Бұл – самодержавие қазынасын едәуір толықтыратын салық саясатын жүзеге асыру үшін қажет еді.

Бұрын Қазақ даласында болып көрмеген аймақтық бөліністі енгізген кезде орыс әкімшілігі ең алдымен белгілі бір рудың, тайпаның байырғы мекенін сақтауға, бір жерден екінші жерге көшудің ғасырлар бойы қалыптасқан жолдарына, көшпелі қауымдардың жерді пайдаланудағы әдет-ғұрып,



дәстүрлеріне сүйенді.

Осы себепке байланысты аумақтық өлшемдерді (мысалы, округтарды) ұйымдастырған кезде орыс әкімшілігі рулық-тайпалық принципті ұстанды. Сондықтан түрлі кеңселердің ресми құжаттарында рулар мекендейтін жерлер (қыстаулар мен жайлаулар), әрбір болыста көшіп жүретін шаңырақ иелері мен ауылдарының саны мейлінше толық көрсетілген. Рулар мен тайпалардың орналасуын көрсеткенде бұл мәліметтер бағалы дерек көзі болып табылады.

1822 жылғы 22 шілдеде «Сібір қырғыздары туралы жарғы» деген атпен арнайы ережелер қабылданды. Бірақ ол бірден жүзеге асырылмады. Осыған орай Е. Бекмаханов: «Даланы басқарудың жаңа жүйесі далада ғасырлар бойы орнаған тәртіпті елеулі түрде өзгерткені сонша, қарсыласқан үкімет жаңа басқару жүйесін бірден енгізе алмады. Приказдар ашудың дайындық жұмыстары 1824 жылға дейін созылды», – деп жазды (53).

Патша самодержавиесі бұл мақсатына жетуі үшін 1817- 1819 жылдары бірнеше дайындық жұмыстарын жүргізгені де мәлім. Осыған байланысты Орта жүздің соңғы хандары Уәли мен Бөкейдің бірнеше мәрте хат, грамота алғандарын айтуға болады (54).

Қарқаралы округі солтүстіктен оңтүстікке қарай Ертіс өзенінен Балқаш көліне дейінгі, батыстан шығысқа қарай Ащысу өзенінен Шыңғыстау жоталарына дейінгі аймақты алып жатты; округ қарамағында болыстар (18) ауылдар, (147) 16 почта бекеттері болды. Жерінің жалпы аумағы 135320 шаршы шақырым, халқы 59724 адам. Халқы негізінен мал шаруашылығымен (220 мың жылқы, 77 мың ірі қара, 1164 мың қой, 32,7 мың түйе болды) айналысты. Кен өндіру кәсіпшілігі дамыды. 1868 жылдан Семей облысының құрамындағы уездік қала орталығы болды (55).

Бірақ ғасырлар бойы қалыптасып қалған қазақ халқының ауылдас, рулас әдет-ғұрыптары Патша үкіметінің бұл жарлығының жүзеге асуына мүмкіндік бермеді

Аталмыш рулардың көлемі Қарқаралы округін құру алдында жасалған санақтардың нәтижесі болып табылады. Оның ішінде, төлеңгіттердің саны да анықталған. Олардың ауылдарының кейбір рулардан асып, қаракесектің ру ауылдарымен қатар тұрғанын көреміз. Төлеңгіттер хандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады. Төлеңгіттердің Қарқаралы өңіріне Бөкеймен бірге XVIII ғасырдың орта кезінде қоныс аударғандығы мәлім.

Әскери бекіністер салу арқылы қазақ рулары арасында қақтығыстардың өршуіне жол берді. Осы уақытқа дейін тарихи әдебиеттерде, көбінесе ру аралық жер, мал дауларының себебін жергілікті билеушілердің баю үшін жасаған әреттері деп түсіндірілді.

XIX ғасырдың басына қарай Орта жүз тайпаларының көпшілігі Ресей бодандығын қабылдады. Бірақ ресми құжаттарда Қырғыз даласы деп аталатын

ұлан-байтақ жерде көптеген рулардың қоныстары бытыраңқы орналасқан еді.

Жекелей Сібір корпусының командирі генерал-лейтенант Глазанеп 1817 жылғы 18-қаңтардағы Бөкейге жазған хатының мазмұны төмендегідей: *«Почтенный внукъ Вашъ султан Турсунъ съ тремя при немъ старшинами прибыли сего мѣсяца 25 числа сюдѣа въ Омскѣ благополучно, а 30 числа отправлены мною восвояси, на коковой конецъ сделаны имъ со стороны моей всѣ нужныя пособия в пути ихъ. Вамъ, высокостепеннейший ханъ, такъ равно и депутатамъ вашимъ и прочимъ сташинамъ, Вами рекомендованнымъ, награда, усмотрите Вы изъ прилагаемого при семъ въ впискѣ отношенія ко мне Управляющаго Министерствомъ Иностранныхъ Делъ господина тайного кеңесника графа Карла Несельроде и изъ ответного письма его к Вамъ».*

Бұл жарғыға сәйкес, Сібір қырғыздарының елі шеп желісі (линия) бойында құрылған округтер Омбы облысының округтері болады. Округтер – болыстарға (әрбір болыста 10-12 ауыл), болыстар ауылдарға (әр ауылда 50-70 шаңырақ) бөлінеді. Бұл округтер бір ру немесе ағайындас болып саналатын және әрқашан бірге болып дағдыланған болыстардан құралады. Округтерінің өз қоныстары болады, көшіп жүретін жерлеріне өз бетінше қоныстанбайды.

Ауылдарды – шаңырақ иелері 3 жыл мерзімге сайланатын старшындар, болыстарды- сұлтандар билейді, олардың билігі мұраға қалады. Әрбір округте болыс сұлтандары өз араларынан 3 жыл мерзімге сайлайтын аға сұлтанның басқарумен Округтік приказ құрылды.

«Жарғыны» жүзеге асыру үшін 1824 жылдың көктемінде дала ішінде, жайлауға әлі көшіп үлгірмеген қазақ руларының қоныстарына орыс әкімшілігінің шенеуніктері жіберіліп, олар орыс және қазақ тілдерінде жазылған осы жарғыны халыққа жариялады. Сонымен бірге халық арасына «Сібір қырғыздарына» деген жарлықтар таратылды, онда тұрғындар даланы жайғастырудағы жаңа ережелерді қабылдауға шақырды.

Омбы облысының полковнигі Броневский 1824 жылдың 24 ақпанында сұлтан Ғазы Бөкейұлына жолдаған хатында: *«По Высочайшему Его Императорского Величества повелению долженъ во всемъ по известному Вамъ вновь изданному уставу о киргизцахъ открытъя округъ съ диваномъ для управления волостями, бывшими въ ведении высокостепенного и почтеннейшего родителя Вашего».*

*Предваривъ Васъ, почтеннейший солтан, и чрезъ родственника Вашего солтана Али..., что я следую въ пределы, обитаемые каракисетскими волостями, и еще считаю нужнымъ съ письмомъ послать къ Вамъ переводчика титулярного кеңесника Бубеннова, дабы Вы объявили подвластнымъ Вамъ біямъ и киргизцамъ, чтобы они пребылы совершенно спокойно, остоваясь на тепрешнихъ мѣстахъ кочевки, что мы несемъ къ нимъ миръ и тишину, идемъ къ нимъ какъ друзья, имеющие одно въ предметъ быть ихъ защитниками и дасавить*

им покой жизни, ибо теперь они не могут назвать свое своими трудами многих лет нажитое состояние...

Я должен остановится при урочище Каркаралы, где последуют и выборы старшего султана, также заседателей дивана, султанов для управления волостями, биев и старшиниъ для управления аулами, по согласию народа, на основании устава о сибирских киргизах К 10 числу будущего марта сибрских киргизовъ, прибыть на Каркаралы ко мне для кеңеса и рассуждения по настоящему делу и для упомянутых выборов начальниковъ къ управлению народом изъ среды васъ»(57), – деген.

1824 жылы екі округ –Қарқаралы, Көкшетау округтері ашылды. Қарқара (Қарқаралы –А.Т) округі Семияр форпостына көрші орналасты. Оны басқарушының приказы – сол форпостында 280 шақырым жерде, Қарқаралы алқабының оңтүстік – шығысында. Алғашқы ашылған жылы бұл округ 14 болыстан құралды, оларда 20 мыңдай шаңырақ немесе 60 мың ер адам болды. Кейін оларға тағы төрт болыс қосылды.

### Қарқаралы және Ақтоғай аудандарының территориясын ХІХ ғасырда мекендеген қазақ рулары және олардың көші-қонысы

1841 жылғы деректер бойынша рулардың Қарқаралы округі аумағында орналасуы.

№	Болыстар	Қыстау	Жайлау
1	Дүйсенбай-Шекшек	Қазанғап өзенінің аңғарында (Темірші, Қызылады, Жақсықаражал және басқалар)	Кіші Нұра өзенінен Үлкен Нұра маңындағы сазға дейін
2	Әйтiмбет – Қара	Қазанғап және Түндiк өзендерiнiң көптеген аңғарларында	Талды өзеніндегі қыстаудан батысқа қарай, Қаракора өзенінде, Кіші Нұра мен оның салалары бойында Сазға дейін
3	Қарауыл – Қамбар	Екі Түндiк өзендерi аралығында, Көкшетау маңындағы алқапта	Талды өзені, Қарағор көлі, Кіші Нұра және Саз өзендері
4	Дадан-Тобықты	Балқаштың солтүстік жағалауы, Тоқырауын өзенінің сағасынан Қандақты алқабына дейін	Тоқырауын өзені бойымен оңтүстікке қарай
5	Тарақты	Достар, Қырғынтас, Әбілтау және т.б аңғарында	Кіші Нұра өзені мен Ботақара тауына дейін, Шідерті өзенінің бас жағында

Бұл кестеге ұлы ғұлама ғалым Ш. Уәлихановтың еңбегіндегі Қарқаралы сыртқы округінің қысқы көш орындары берілген, біз осы мақаланы салыстырмалы түрде көрсетуді жөн көріп отырмыз (58).

1. Дадан Тобықты. Қарабұлақ өзеннің жағалауы мен Балқаш көлінің қойнауларындағы Дересен деп аталатын қысқы көш-қон орны. Ал жазғы жайлаулары Желтау, Қошқар, Қазанғап, Қарашоқы, Бесшоқы өлкелері арқылы солтүстікке қарай Қарқаралыдан қырық шақырым жердегі Кент тауларының Қаракөл шатқалдарына дейін созылады.

2. Төлеңгіт. Шұбарайғыр, Жауыр, Түндік, Таскүңгей, Қызылсаяқ, Төбесу, Қарабұжыр, Қайрақты, Арқарлы, Төлебике, Қусақ, Тесіктас, Жарық, Матақықызыл, Түлкілі мекендеріндегі қыстақтар – Қарқаралыдан оңтүстік – шығысқа қарай 180 шақырым шамасында. Бұл жерлерден солтүстік – батысқа қарай Жаманкүзеу, Қоқыбай, Бөріктас, Қызыларай, Тоқырауын мекендеріне және оларға керісінше Қошқар мекені арқылы өтетін жазғы жайлау орындары.

3. Керей. Бүкіл болыстың көші қон жерлері; Абыралыға қарайтын жағалаудан басқа, Топар мен Көкшетау елді мекендерімен қоса Аршалы, Қайрақүзен, Қушоқы, Татан, Төлебике, Қызыладыр, Арқарлы, Бесқабан, Бесоба, Қаражал, Күйкентай, Бақанас, Қарақойтас, Саранайтау Шақпақ өзенімен Үшбашай, Аңшағыр далаларымен қоса Көксеңгір, Құсмұрын өзенімен қоса Қаршығалы, Жағалы Ақбастау, Үшқара Майөзек далаларымен қоса, тауларын қоспағанда Тағаналы, Жыланды, Сандықтас, Шақпақтас, Бесқабан, Тоқболат. Керей болысының қазақтары аталған жерлерде үш жүз шақырымға созылған аймақта, приказ орналасқан жерден төрт жүз шақырымдай қашықтықта қыс қыстап, жаз жайлап жатады.

4. Тарақты. Қыстақтары мына мекендерде орналасқан: Матайадыр, Жалаулы; Майкенді, Тоқты, Ойшанадыр, Жоган, Текебай, Наурызбай, Меңдібай, Қонысбай, Қараадыр, Мырзакелді, Сарыадыр, Сарыбұлақ шыңы, Берікқара, Ақшоқы, Бетсу, Шатсу, Шоңқара, Байжанбұлақ, Төлекенің Мыңшұңқыры, Байпақ, Сарытау, Тесіктас, Сарыжал, Қарасор, Сарыоба, Жертотар, Ащысу, Аршалы, Матай Шағырлы, Айғыржал мен Шағырай. Ал жайлаулары: Дағанды, Қонысбай, Көксеңгір, Үшқара, Ақбесті, Көкшетау, Жарадыр мен Майөзек.

Қыстақтары орналасқан мекендер; Қараой, Атымтай, Жосалы, Қызыл қайнар, Үшқара, Қарашоқы, Алшаң, Қызылшілік, Жанқоңыр, Дастар, Айғыркөмген, Аққыстау, Қостөбе, Ақыбай, Бұйыршы, Ащықұдық, Атанның Саршоқысы, Шыбынтай, Терісаққан, Қаракөл, Қызылқұдық, Қарасор, Шенеу, Ақшоқы, Шыңтас, Ащықұдық, Арқалық, Бекбау, Барак. Бұл жерлер Қарқаралыдан 120-230 шақырым қашықтықта. Жазғы жайлаулары мына мекендер: Бабақ жалғыз тауы, Саршоқы, Жауыр, Баймырзаның қарасуы, Нияз, Жұтқырған, Қандыадыр, Ақирек, Талпан, Ұрының шаты, Айғыржал,

және Өлеңті, Шідерті, Нұра өзендерінің бойы.

5. Әйтiмбет-Қара. Қыстақтары орналасқан мекендер. Боқты, айнала төңірегімен Қара мола, Үлкен қоянды, Көкпекті, Ералы, Түндік. Жуантөбе, Жыланды, Жаманши, айнала төңірегімен Арқылы, Байшолақтың батыс жағы, Серектас, Жарбастау, Ақжігіті, Сеңкебай, Жабық, Қарашатау, Избасар, Байдалы, Ақшоқы, Тасшоқы, Ормантас, Байталшоқы, Керегетас, Ақтас, Қараоба, Тайлақсу, Үйтас, Қараөзек, Құлболды, Қызылтау, Қайрақтас, Шашандық, Тоқырау, Тоғанбай, Егіндібұлақ.

Бөкейханның қарамағындағы орналасқан руларды қарастыратын болсақ, бұл мәселе бойынша деректерді Бөкей сұлтанды хандық дәрежеге бекіту грамотасынан кездестіреміз. Ол құжатта: «Нашего Императорского Величества поданный Средне – Киргизской орды султаном, биям, старшинам и всему той орды народу наша императорская милость: объявляем через ею всем кому видать подможет, что как 13 волости Средне – Киргизской орды .. состоящая под начальством Средней той орды Букея Баракханова сына Бывь расправую его довольным, возлежав иметь его особо своим ханом единодушно избирали его древнему обыкновению нарекли ханом. Оставляя хана Валия при всей его власти во владении по прежнему 9-ю волостями ему посушными утвердить над выше означенными 13-ю ханом помянутого султана Букея Баракханова сына», – деп атап көрсетілген. Яғни орта жүздің 13 елі, атап айтсақ, *алтай, төртуыл, шаншар, байбөрі, күшік, жалын, бала шарын, кірін, қырғыз, тобықты, тарақты, қоңырат, қарпық* рулары Бөкей ханның қол астында өмір сүрген.

Осымен қатар, Бөкей хан иелігіндегі рулардың негізінде құрылған Қарқаралы Сыртқы округінің құрылуының деректерінде көрсетіледі. Сонымен, аталмыш округ құрылғанда, оған мынадай болыстар қамтылады: шаншар, алтай шор (қарауыл, қоңырат), төртуыл, сарым, әлтеке, қояншы, керней, кәрсен, қоңырат, жабатай, манас, тарақты, байбөрі яғни 14 болыстан тұрады (59). Император грамотасымен округтің құрылу құжаттарындағы рулардың кейбір сәйкессіздігі, ру аттарының орыс тілінде өзгеріске ұшырауы немесе болыстардың құрамындағы өзін де болыс ретінде шатастырып жіберілуінен туындаған. Олардың жалпы саны 20 000 үй саналған (60).

Аталмыш рулардың көлемі Қарқаралы округін құру алдында жасалған санақтардың нәтижесі болып табылады (61). Оның ішінде, төлеңгіттердің саны да анықталған. Олардың ауылдарының кейбір рулардан асып, қаракесектің ру ауылдарымен қатар тұрғанын көреміз. Төлеңгіттер хандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарды. Жалпы рулардың барлығы дерлік бұл жерге қоныстануы XVIII ғасырдың ортасында Бөкей сұлтанның Сарыарқа жеріне қоныстанумен тығыз байланысты. Осы өңірге жүргізілген Ф. Щербина экспедициясының қорытындысы бойынша қарастырсақ; 1723 жылдардағы

қазақ даласындағы жұттан кейін көптеген рулар қол астындағы қалған аз малдарымен жақсы жайылым, қоныс іздейді. Сондайлардың бірі, ел аузында сақталған аңыз бойынша Темеш (Алтай руынан) руы 40 үйлі көшімен Қарқаралы өңірінің аймақтарында көшіп жүрген Наймандармен кездесіп, араларында қақтығыстар туып, оның соңы Наймандардың жерлерін тастап кетуімен тынады. Осыдан кейін, 1748 жылы Алтай және Қаракесек руларымен бірге Бөкей сұлтан да келеді.

Осы жазбаларда Қарауыл мен Ұлы жүзге қарасты Қырғыз руының аралас көшіп-қонатындықтарын баяндай келе, олардың да қаракесектермен қатар, Арқалық тауларының баурайларынан қоныс тепкендіктері аталады. Ал, негізінен, Қарқаралы, Кент, Боқты, Қу, Едірей тауларын қаракесек рулары иемденген. Территориялық жағынан нақты қарастырсақ, қаракесектің бір бұтағы майқы-ұрпақтары –Нұра, Тоқырауын, Танас ұрпақтары- Ақсары, Берікқара, Кент, Темірші, Бошан ұрпақтары – Абыралы, Ақшатау, Ақбота, Бөрлі, Қу, Дегелең, Едірей, Қызылтау, Мойынты, Сарытау жерлеріне қоныстанған.

Бөкей ханның қонысын «ханның қаратөбесі» деп атаған. Шежіре-әңгімелерде оны Қарақуыс деп, ол жердің қазіргі Қарқаралы ауданының Жамбыл мен Нұркен ауылдарының арасында орналасқандығы айтылады. Ал негізгі мекенжайы осы жерге жапсарлас жатқан Бөкей бұлағы (Бақыбұлақ) деген қоныста болған.

Қарқаралы округінде 1839 жылы 17 болыс, 1851 жылы 18 болыс, 1900 жылы 21 болыс, 1906 жылы 22 болыс болған. Ал, Қарқаралы округінің 21 болысындағы 353 ауылындағы 20874 шаңырақты орта есеппен бөлгенде қабылданған шешім әділетті болмаған. Мысалы: Қарауыл болысында 4 ауыл 240 шаңырақ, Қамбар болысында 10 ауыл 440 шаңырақ, Дүйсенбай-Шекшек болысында 13 ауыл 798 шаңырақ, Кәрсон-Керней болысында 18 ауыл 1081 шаңырақ, Нұрбике-Шаншар болысында 22 ауыл 1273 шаңырақ, Әйбике-Шаншар болысында 13 ауыл 1761 шаңырақ, Тобықты болысында 50 ауыл 2978 шаңырақтар болған.

Сондықтан жергілікті халық округ құрылған кезде өздерінің қысқы қоныстарын, жайлауларын, ағайындық тарихи бірлігін сақтап, табиғи дәстүрлерін жалғастыра беруге тырысты.

1824 ж. 8-сәуірде Қарқаралыға аға сұлтан тағайындаумен байланысты алдын-ала жүргізілген санақ бойынша төмендегі болыстардың ауыл үйі мен адам саны нақтылап көрсетілген:

1824 ж. 8 сәуірде аға сұлтандыққа Бөкей ханның немересі Тұрсын Шыңғыс ұлы (Жамантай) сайланды. Заседательдігіне Үлдебай Ортауов пен Жаманбай Нұралин (шекшек) сайланды. Іс қағаз жүргізушілікке Омбының Азиялық училищесінің оқушылары Петров, Михайлов және Федоров бекітілді. Орыс

кеңесшісі болып жүзбасы Қарбышев тағайындалды.

Қарқаралы уезін толық өзіне қаратып алғаннан кейін, бұрынғы қазақтың рулары атымен аталатын болыстардың атын өзгертіп, жер аттарымен атайтын болды. Егер, 1824 ж. 8 сәуірде Қарқаралыға аға сұлтан тағайындауына байланысты жүргізілген санақ бойынша төмендегі болыстар аталған болатын: Дүйсембай-шекшек, Қырғыз, Қара-Әйтімбет, Алтынбет, Қарауыл, Қояншы-таңай, Кәрсон-Керней, Бура, Әйбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар, Қамбар, Әлтеке-Сарым, Дадан-тобықты, Төлеңгіт, Керей, Тарақты, Көшім, Жалықбас, Бұра-Найман, Тобықты, Алсай деген болыстардың аттарын өзгертіп, Абыралы, Ақбота, Ақсары, Ақшатау, Балқаш, Берік қара, Бөрлі, Дегендел, Дегелең, Қотан-бұлақ, Кент, Қу, Қызыл тау, Мойынты, Нұра, Сарытау, Сарыбұлақ, Темірші, Тоқырауын, Шұбартау, Шу, Едірей болыстары деп атайтын болды.

XVIII ғасырдың соңында самодержавиялық Ресей қазақ жеріне бойлай еніп, өзге жұрттан әкелетін келімсектерді мейлінше молайтып жатқан ды. Тұрғылықты халықтың құнарлы жерін, сулы өлкесін тартып алып, енді еліне билік жүргізудің айла-шарғысын жасай бастады.

XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында өзінің отарлау саясаты барысында патша өкіметі ең әуелі Қазақстан жеріндегі хандық билікті жоюға кірісті.

1822 жылы орыстың белгілі мемлекет қайраткері М.М.Сперанскийдің басшылығымен «Сібір қырғыздары» туралы жарғы, 1824 жылы «Орынбор қырғыздары жөніндегі жарғы» – деген құжат негізінде патша үкіметі қазақ жерін басқару тәртібі жөніндегі заң шығарды. Осы заң бойынша Орта жүз бен Кіші жүз хандықтары жойылды. Орта жүзде «аға сұлтан» деген басқарушы қызмет енгізілді. Орта жүз жекелеген әкімшіліктерге бөлініп, Омбы қаласының ішкі округтері деп саналды. Округтер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Болыстық бөлінудің негізіне рулық емес, территориялық бөліну принципі алынды. Сондықтан жаңа заңды іске асыру барысында рушылдықтың іргесі сөгіліп, айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Қазақтардың белгілі бір әкімшілік шеңберден екінші әкімшіліктің жеріне ауысуы шектеліп, бұрынғы көшіп-қонудың рулық тәртібі бұзылды. Ауыл старшындары қазақтардан сайланды. Болыстыққа сұлтандар тағайындалып, бұл қызмет шын мәнісінде атадан балаға мирас болып қалдырылып отырды.

Ел мен жер егіз. Жері байдың – елі бай. Жер тарихы – ел тарихы. Ұлы жиһангер, ғалым Шоқан Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағында «Зимние кочевьки волостей Каркаралинского внешнего округа» деген тақырыпта 17 болыстықтың жер атауын берген екен. Соның ішінде тобықтылар – Дадан тобықтының да қоныс аймақтарын көрсетіп кетіпті.

Архив материалын Шоқан Уәлиханов Қазақстан тарихы бойынша еңбек жазу үшін жинастырған сияқты. Жазба – XIX ғасырдың 30-жылдарында-ақ

жиналған ресми статистикалық материал. Онда Қарқаралы округына жататын болыстардың қоныстары берілгенін жоғарыда да айтып кеттік.

«1. Дадан тобықты.

Қысқы тұрағы Қарабұлақ өзені бойындағы қоныстар, Балқаш көлінің Дересін аталатын шығанағында. Бұл жерлер приказ орналасқан жерлерден шамамен үш жүз шақырым жерде. Жайлауы батысқа Көрпетау, Нұртай жерлері арқылы, Тоқырауын өзені, Қызыларай, Бектауата, Қоңыратшоқы, Маңдайторғын, Кенелі, Ұраңқай, Бесжәмші, Қызылтас және де басқа қоныстардан өтеді» (62).

Яғни қыс қыстауы: Балқаштың солтүстік жағалауы, Тоқырауын өзенінің сағасынан Қандықты мекеніне дейін болса, жаз жайлауы: Тоқырауын бойымен оңтүстікке қарай болған екен.

Ендігі кезекте Қарқаралы уездік начальнигі құрастырған «Қарқаралы уезіндегі болыстардың құрылымы, жерді пайдалану бойынша, әр болыстың шекарасы көрсетіліп, кейбір жер-су аттары өзгертіліп, қоныстар бойынша құрастырылған» жоба бойынша сол тұстағы Дадан тобықты болысының мекен-тұрағын анықтап көрейік.

«Дадан тобықты болысы».

Қыстаулардың көпшілігі Төлеңгіт Қырғызбаевтардың қыстаулары мен Дадан Әбетқожа мен Тапсыққожа арасындағы жердің ортасынан бастап, Балқаштың солтүстік-батыс жағалауымен Жаңғызшаған қонысына дейін орналасқан. Осы жерде Тарғыл тауының шығыс шегімен керней-қырғыздардың және Ақшатау, Балқаш қырғыздары Тұмабай қыстаулары арасынан, орта қоныс Қарақамыс, тік сызық арқылы Аққұм қонысына және осы жерден Үшоба шоқысы арқылы Жон биігінің жоталарымен, Әлтеке-Шыңырау қара обасы арқылы Әлтек құдығына дейін Керней болысымен шектеседі. Соңғысын (Әлтек құдығын) Керней болысына тастап, құмды жота Жалқұм арқылы, Қаратұмсық қонысы арқылы Тұзкөл көлі, Тұзкөл құдығына дейін Дадан тобықтының жері болып қала береді. Бұл жерден Сарыкөлдің биігі шоқысы мен осы шоқылардың жоталары арқылы Ақжал шоқысының төбесіне өтеді. (Ескерту: Ақжал шоқысы деп отырғанымыз болыстардың нақты шектесіп-түйіскен тұсы: Дадан тобықты, Керней және Әлтеке-сарым).

Дадан тобықты болысында 2294 шаңырақ. Болыс 12 ауылға бөлінген.

Халқының аздығынан болыстағы шаңырақ саны қала береді және алып жатқан кеңістігінің көлемінің кеңдігінен Әлтеке-сарым болысынан бастап Тоқырауын өзенінің бойымен Балқашқа қарай шекараны анықтап болысты бөлу қажет. Былайша: Сарытерек қонысының аяғынан Тоқырауын өзенінің ағысымен төменге қарай өзен ағысы өзгеретін Тойбике молалы зиратына дейін. Осы жерден Тоқырауынның ескі арнасы орнындағы құм Құмжонмен Ащықарын қонысы мен Қарасу көліне дейін (Тоқырауын өзенінің көктемгі



жайылған жерлерінде пайда болған су аңғары), Тоқырауынның ескі ағысының жаңасымен түйіскен тұсы Саға жеріне дейін, одан әрі Тоқырауын өзенінің ағысымен Балқаш көлі құмдарына сіңіп жоғалғанына дейінгі Бозшатал қонысына дейін. Бұл жерден Атжидек қонысының батыс жағымен Байтөре және Қуандық қыстаулары арасымен тік сызықпен Балқаш көліне. Тоқырауынның оң жағындағы жартысы 1145 шаңырақтан тұратын болады және Батыс Балқаш болысы болып аталады, ал келесі жағы – Тоқырауынның сол жағы 1149 шаңырақтан тұрып, Қотанбұлақ болып аталады.

*Дадан тобықты болысының Әлтеке-Сарым болысымен шекарасы.* Ақжал шоқысынан Кішік жатақ қонысы арқылы Ақжал тауының жанымен (тау Әлтеке-сарым болысында қалады) Қызылшоқы шоқысы арқылы және шығыста Керегетас тауының аяғында, қос құдық арасындағы құрғақ өзен Қатынеспе арқылы тік сызық бойымен Шұрықпайсу құдығына. Осы жерден Құмырашаққан құдығы арқылы, Қызылқайнар бұлағы арқылы, екі бұлақ Қадыр және Жәменке арасындағы алқаппен, Сарыоба мен Жалғызжал таулары арасымен, Жыланшық шоқысы арқылы Тоқырауын өзенінен Мәнжіғұл Шағыровтың Тоғанына (арық), бұл Сарытерек қонысының аяқ тұсында. Осы жерде Тоқырауын өзенін Шөладыр тауларына және Үлкеншөладыр, Балашөладыр арасымен кесіп өтіп, содан соң Иким мазары мен Молалы бұлақ қонысы арқылы Керегетас тауының етегіндегі Қаратал қонысына келеміз. (Ескерту: Қараталда Дадан тобықты, Әлтеке-сарым, Теміршін болыстары түйіседі.)

*Дадан тобықты болысының Теміршін болысымен шекарасы.* Керегетас тауларының Оңтүстік етегінен, Қаратал қонысы, Ақсай жатағымен шығысқа қарай тік сызықпен Қаршығалы өзеніне, оны Қазақпай шоқысына қарсы кесіп өтіп, осы соңғы аталғанның шыңына келеміз. Осы шоқидан оңтүстікке қарай Қарашоқы шоқысы етегіндегі Аққұдық құдығына жетеміз. (Ескерту: Аққұдықта Дадан тобықты, Төлеңгіт, Теміршін болыстарының шекарасы түйіседі.)

*Дадан тобықты болысының Төлеңгіт болысымен шекарасы.* Аққұдық құдығынан Қусак өзеніне дейін, оны өзіне құятын Қаршығалы өзенінің сағасынан жоғарыда кесіп өтіп, тік сызықпен Долан зиратына Қайқаң қонысы арқылы және мекеннің ортасындағы Тоғызбай молалықұдық және Бесқауға құдықтары арасымен Тұздың қара обасы қонысына, бұдан соң Табақ тауына және Қазық-дасирен тауының шығыс етегімен, Телқзыл мен Төретай қоныстары арасындағы жатақ арқылы, Тесіктас пен Қараүңгір шоқылары арасындағы жатақпен; сосын Құмжошы қонысы арқылы, Төлеңгіт болысының қырғызы Қарғызбаевтар мен Дадандық Әбетқожа мен Таңсыққожа қыстаулары арасымен Балқаш көліне тіреледі.

*Керней болысының Дадан тобықты болысымен шекарасы.* Ақжал

шоқысынан Сарыкөл шоқысы мен Тұзкөл көлі арқылы Қаратұмсық қонысына және де осы қоныс арқылы Жалқұм құмды жотасы арқылы Өлтек құдығына дейін. Бұл жерден Өлтек-Шыңырау шоқылары арқылы Жон биігінің жотасымен және Үшоба шоқысы арқылы Аққұм қонысына, одан әрі тік сызықпен Қарақамыс қонысы ортасымен, Керней қыстаулары мен Дадан – Тұмабай қыстауы арасымен, Тарғыл тауының шығыс шегімен, Балқаш көлімен Жаңғылшағанға келеді.

Балқаш, Тоқырауын тобықтылары көнекөз қариялардың айтуынша, қыста Балқаш бойын жағалай қоныстанып, көлге мұз қатқанда әрі асады екен – яғни Жетісуға қарай. Киізден қамыстан қоршау қора жасап малын сақтаған. Мұз түсерде бері өткен.

Молдабек Жанболатұлының «Тобықты-Шыңғыстау шежіресі» атты энциклопедиялық-тарихи туындысында осы өңірді мекендеген Тобықты ұрпақтарының тарихын былайша сөз етеді.

Тобықты ұрпақтары XVII ғасырдың соңында Балқаш, Тоқырауын, Қусақ манайын мекендеген (46). Қазақтың ат төбеліндей шағын руы Тобықтының тарихына одан да терең үңілсек – біршамасы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» ұлысынан адасып, Қызылқұмда қалыпты. Бір ата ұрпағы Алатаудан асып кетіпті. Енді бір бөлігі Балқаш бойынан қоныс тауыпты. Орман ішіне барып орыстармен іргелесіп қоныс тепкен ұрпақтар да баршылық. Самодержавиялық Ресейдің шовинистік лаңы аз болғандай коммунистік идеология саясаткерлерінің зымиян әрекетінен бас сауғалап құтылғандары іргелес елдерге ғана емес, бүкіл әлемге тарыдай шашылып кетті.

Шәкәрім қажының, Әубәкір Оспанұлының, т.б. шығармаларында да «Шыңғысқа жеті ел келіп, жеті ел кеткен», «Керегедей керілген Шыңғыс» деген сөз тіркестері қайталанып, оның қасиеті туралы Асан қайғыдан бастап айтыпты деген аңыз-әңгімелер баршылық. Олар Шыңғыстаудың әлмисақтан бері түркі халықтарының, Арғын тайпасының, Жеті Момынға жататын Қанжығалы, Тобықты жұртының ата қонысы болып келе жатқанын айғақтайды.

Мұхаметжан Тынышбаевтың еңбегінде де, Алқакөл деп қай көл сөз болып отырғанын анықтай келе, арғындардың оның ішінде тобықтылардың осы кездегі орналасқан, жүріп өткен жерлері жайлы былайша қорытынды жасайды: «Берілген кеңістікте «арғын» атымен аталатын орындар (мұнда: Сырдарияның арғы бетіндегі төменгі ағысында орналасқан Алқакөл көлі сөз болып отыр) мүлдем жоқ (егер Жизақ уезіндегі көшпелі тобықтылардың 200 шаңырақтан тұратын шағын тобын ескермесек), ал қашқанда олар ауыл-қоныс түріндегі із тастамай кетуі мүмкін емес, осыдан келіп мынадай қорытынды шығаруға болады, арғындар Сырдариядан өтпеген, Қаратау тауларынан солтүстік-батыстағы қазіргі Торғай уезіне қашқанға ұқсайды; бұдан келесі бір тұжырымға да келуге болады, яғни арғындар 1723 жылдан

бұрын басқа қазақтарға қарағанда теріскейге қарай Бетпақдала мен Ұлытау даласында тұрған, осыған сәйкес басқалармен салыстырғанда аз мөлшерде зардап шеккен» (47).

Расында да, Шиелі, Түлкібас жерлері Сырдарияның бергі бетінде. «Ақтабан шұбырындыны» көріп, Орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барғанда, тобықты Сыр бойынан шығып, Шуға келіп, онда байыздай алмай Қаратауды асып Бетпақдаламен Солтүстікке жөңкіле ауғандығы, Орал тауының етегіне, Ордың Қараағашына дейін барғандығы, ол тұстағы орыстарға бодан болудан ығысып, Сарыарқаны беттегендігін. Шәкәрім қажы былай деп жазып кетіпті: «...Тобықты көшіп, Ырғыз, Торғай өзендеріне келген, сонда біздің төртінші атамыз Ырғызбай менен інісі Торғай туып, аттарын сол өзен атымен қойыпты».

Ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Бесігінді түзе» деп аталатын еңбегінде Қарекен жайлы, жалпы Тобықты елі туралы мол мағлұмат берілген. Онда Арғынның атақты биі Қараменде мен батыр Бақай өз елін Ертісті өрлей барып, жоғарғы ағысына мекендемекші болғаны, бірақ бұл жерді бұдан бұрын келген Найман, он екі Абақ Керей рулары мекендеп қалғаны айтылады. Осы еңбекте Шыңғыстауды мекендеген Тобықтылардың жер алу, қоныстану кездердегі қиыншылықтары нақтылы айғақтармен сөз етіледі.

Бұл ауған елдің қырғыннан құтылған аз ғана тобының тұрақты қоныс-ата-мекенге қайта оралу кезіндегі арпалыстары болатын. Тобықтылардың Шыңғыстау жеріндегі көп жылғы арпалыстары сәтімен аяқталады. Елді жаңа мекенге қоныстандыру ақылының түп иесі – Қараменде мен Кеңгірбай болады. Білек күші Мамай мен Тоқтамыс т.б. батырларға тиесілі еді. Келе-келе мал мен бастың өсуіне орай қоныс таршылық ете бастайды. Алғашқы 7 шатыр, кейіннен «Семипаль» атанған әскери бекіністегі казак-орыстар жапсарлас отырған Тобықты ауылдарымен жиі қақтығысып, мазалай бастайды.

Аталмыш рулардың көлемі Қарқаралы округін құру алдында жасалған санақтардың нәтижесі болып табылады. Оның ішінде, төлеңгіттердің саны да анықталған. Олардың ауылдарының кейбір рулардан асып, қаракесектің ру ауылдарымен қатар тұрғанын көреміз. Төлеңгіттер хандардың қауіпсіздігін қамтамаасыз етуде ерекше роль атқарады. Шежіреде, төлеңгіттердің Қарқаралы өңіріне Бөкеймен бірге XVIII ғасырдың орта кезінде қоныс аударғандығы баяндалады.

Жалпы рулардың барлығы дерлік бұл жерге қоныстануы XVIII ғасырдың ортасында Бөкей сұлтанның Сарыарқа жеріне қоныстанумен тығыз байланысты. Осы жазбаларда Қарауыл мен Ұлы жүзге қарасты Қырғыз руының аралас көшіп-қонатындықтарын баяндай келе, олардың да қаркесектермен қатар, Арқалық туларының баурайларынан қоныс тепкендіктері аталады. Ал, негізінен Қарқаралы, Кент, Бокты, Қу, Едірей тауларын қаракесек рулары иемденген. Территориялық жағынан нақты қарастырсақ қаракесектің бір

бұтағы майқы-ұрпақтары – Нұра, Тоқырауын, Танас ұрпақтары – Ақсары, Берікқара, Кент, Темірші, Бошан ұрпақтары – Абыралы, Ақшатау, Ақбота, Бөрлі, Қу, Дегелең, Едірей, Қызылтау, Мойынты, Сарытау жерлеріне қоныстанған.

Ал, ХІХ ғасырдың соңындағы осы өңірдегі рулардың құрамы жөнінде Коншиннің «Памятная книжка Семипалатинской области» атты еңбегінің «Расписание судебно-мировых участков в Семипалатинской области» бөлімінде Қарқаралы уезі бойынша учаскелелерге бөлінуін баяндайды: *Каркаралинский уезд*:

*1-й участок. г. Каркаралинск со станцією Каркаралинской. Волости. Аксаринская, Беркаринская, Нуринская, Балхашская, Акчатавская, Токраунская, Кызлтавская, Моинтинская и Чуйская.*

*2-й участок. Кентская, Темирчинская, Катан-булакская, Чубартавская, Дагандельская, Дегеленская, Абралинская, Бюрлинская, Акботинская, Эдрейская, Сартовская и Кувская.*

Әскери бекіністер салу арқылы қазақ рулары арасында қактығыстардың өршуіне жол берді. Осы уақытқа дейін тарихи әдебиеттерде, көбінесе ру аралық жер, мал дауларының себебін жергілікті билеушілердің баю үшін жасаған әрекеттері деп түсіндірілді. ХІХ ғасырдың басында және бірінші жартысында бұл ру арасында дәстүрге де айнала бастады. Аталмыш жағдайды Ш. Уәлиханов «Записка о судебной реформе» мақаласында біршама түсініктеме береді.<sup>82</sup> Яғни барымта негізінен төленбеген қалыңмал немесе құн үшін бөтен мал-мүлік т.б. тартып алу негізінде жүргізіледі және де үш күн өткен соң барымталанған ауылға өз әрекеттерінің қандай мақсатпен жасалғанын және кім екенін хабарлаған, олай болмаған жағдайда, ол ұрлық ретінде есептелген. Сондықтан барымта ұрлау ниетінде емес, белгілі талап-тілектің орындауын талап етуден туындаған.

Қарқаралы уезінде Тарақты, Қуандық, Қарауыл, Қанжығалы, Тобықты, Қамбар руларынан және Қаракесектен тараған Таз, Байбөрі, Жалықбас, Танас, Майқы, Машай, Жанту руларынан, сондай-ақ ішінара төре-төлеңгіт, жалайыр, табын, тама, жағалбайлыдан тараған қауым және өздерін ІҮ халифа Әлидің ұрпағы санайтын қожалар қоныстанған.<sup>83</sup>

Ақсары болысының 5-әкімшілік ауылының ақсақалдарының статист мамандарға айтуы бойынша, 1728 жылы Алтай мен Қаракесек руының қауымы Қарқаралы жеріне Түркістан өңірінен қоныс аударған. 20 жылдай уақыт өткен соң, 1748 жылы Барақ сұлтанның жіберуімен оның ұлы Бөкей сұлтан келеді. Бөкей сұлтан алтай және қаракесек арғындармен бірлесе отырып, Қарқаралыға қоныс теуіп орнығып алған қалмақ және түрікмендермен шайқасқа белсене кіріскен. Бөкейдің екінші ұлы Шыңғыс тұтқынға түскен түрікменқызы

<sup>82</sup> Ч. Валиханов соб. соч. т1 Алматы. 1984, 218 с

<sup>83</sup> МКЗП. Каркаралинский уезд. СПб., 1905. Приложения

Жекепарға үйленіп, одан тараған ұрпақтар Ақсары болысының 5-әкімшілік ауылын құраған. ХІХ ғасырдың 20-жылдары қарқаралық болған қаракесектер Боқты, Кент, Қарқаралы, Қу, Арқалық тауларынан Алтай руын ығыстырып, алтай-арғындар Ақмола уезіне қоныс аударған. Алтай-арғындарын Ақмола уезіне қоныс аударуына тек қана қаракесектердің қысымы әсер еткен жоқ, 1824 жылдары алтай-арғындар қоныстанған жерлерге орыс әкімшілігі казак бекіністерін сала бастады.<sup>84</sup>

Ал, Берікқара болысының қазағы Мұхамед Итқараның айтуы бойынша, арғындар Қарқаралы уезі жерін ертеден қоныс еткен. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында Түркістан өңіріне қоныс аударып, кейін қолда қалған малдарымен өз атамекендеріне қайта көшкен. Аңыз бойынша, алтай-темештердің 40 шаңырағы Қарқара жерінде көшіп жүрген наймандарды кезіктіріп, олардың 40 жылқысын сойып тастайды, сонда наймандар біз бұл жылқылардың құнын сұрамаймыз сендерге берген ерулігіміз болсын деп, өздері көшіп кеткен екен.

---

<sup>84</sup> МКЗП. Каркаралинский уезд. СПб., 1905.

## *XIX ғ. әкімшілік-аумақтық өзгерістер*

1859 жылы Құсмұрын сыртқы округі жойылып оның орнына жаңадан Атбасар сыртқы округі ұйымдасты (1859 ж. 8 қазан). Осы орайда, Бағаналы болыстықтары жаңадан құрылған Атбасар сыртқы округтік приказының құрамына беріледі.

1868 жылы «Дала облыстарын басқарудың уақытша Ережесіне» сәйкес Ақмола облысы құрылды. Жаңадан құрылған облыс Орталық және Солтүстік Қазақстанның ұлан-ғайыр территорияларына орналасып, солтүстігінде Тобыл губерниясымен, батысында – Торғай, оңтүстігінде – Сырдария, шығысында – Семей (Семипалатинск) облыстарымен шектесті.<sup>85</sup> Ақмола облысының қазақ халқы Орта жүзге жататын рулардан құралады.

Осыған сәйкес, Сібір қазақтарын басқарудың жаңа тәртібі бойынша, Ақмола облысы құрылғанда, Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Петропавл және Омбы уездері болып бөлінді. Атбасар уезі 1859 жылы құрылған Атбасар сыртқы округінің орнына ұйымдастырылды. Уезд территориясы солтүстіктен оңтүстікке созылып жатуымен ерекшеленеді. Солтүстігінде Көкшетау уездінің территориясынан бастап, оңтүстікте Шу өзенінің төменгі ағысына дейінгі аралықта орналасып, шығысында – Ақмола уезімен, батысында – Торғай облысымен шектесті [26, 187 б.].

Сібір қазақтарының ережесі 1868 жылға дейін жұмыс істеді. Уақытша ереже енгізіліп, оның күшімен барлық қазақ жерлері мемлекет меншігі деп жарияланды. Сұлтандардың билігі және округтік приказдар жойылып, оның орнына орыс әкімшілігінен тұратын уездер құрылды. Сонымен қатар, 1854 жылы ашылған Сібір қазақтарының облысы, кейбір шекаралық өзгерістерімен, Ақмола облысы болып қайта құрылды.<sup>86</sup>

Әкімшілік тұрғысынан қазақ даласы төрт әскери облысқа бөлінеді: Ақмола, Семей, Орал және Торғай. 1868 ж. жаңадан құрылған облыстар бұрынғы сібір және орынбор қазақтарының жерлерін, казак әскерлерінің жерлерін қамтып жатты. Қазақтарды тиімді басқару мақсатында үлкен өзгерістер жасалынады.

Дала өңірлерін басқаруға арналған «Сібір қазақтарының ережесі» жойылып, оның орнына жаңадан «Дала облыстарын басқару туралы уақытша ереже» енгізіледі [99, 175 б.]. Оның енгізілуі бірнеше кезеңдерден тұрды. 1854 жылы «Сібір ведомствосындағы қырғыздарға таралатын Ресей империясының жалпы заңдары» атты ірі заңдар акциясы қабылданып, мұнда билеттер кіргізу арқылы округтердің ішкі шекаралары «заңдастырылды» [164, 131 б.].

<sup>85</sup> Семби М.К. К изучению «архитектурной ономастики» Казахстана // История и культура Арало-Каспия. Сборник статей. Вып.1./Под общ.ред. С.Ажигали. – Алматы: Құс жолы, 2001. – 228 с.

<sup>86</sup> Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Том I. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузенем. Подготовка к новому изданию, введение, дополнения и комментарии Б.Е.Кумекова, А.К.Муминова. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 711 с.

Билеттер басқа жаққа кеткен жағдайда әр адамға белгілі бір төлем мөлшерінде берілетін болды. Сонымен қатар, үкімет осы заң арқылы билер сотының әлеуметтік статусын өзгертпекші болды. Жер ресми түрде Ресейдің меншігі деп жарияланып, ал оны иелену құқын мемлекеттің рұқсатымен жергілікті үкіметке беру қарастырылды. Бірақ жер иелену мәселесі тек қағаз жүзінде ғана қалып қойды. Қазақтар жер беру жайында сұраным жасамады. Себебі: жер онсыз да өздеріне тиесілі, қазақ халқының жері деп есептеді. Осылайша, жерді Орынбор ведомствосында да мемлекеттік меншік етіп жарияламақшы болды. 1854 жылы жер бөліктерімен қамтамасыз ететін қабылдаған жарғылар бойынша әр қазаққа 15 десятина жер бөлуге рұқсат етілді. Салықтардың барлық түрінен 5 жылға дейін босату қарастырылды. Ал, егер бұл мерзімде жер өңделмесе оны басқаға беру ұйғарылды. Сұлтандар мен болыстарға шаруашылық құрылыстары үшін жер көлемі екі есе артық берілді. Егінжай мен мекемелерге арналған жерлер меншік есебінде мұрагерлікте қалу көзделіп, отырықшылыққа баса назар аударылды [165, 12б.]. Қарап отырсақ, Сібір мен Орынбор әкімшіліктерінің жер мәселесіндегі саясаты өте ұқсас. Орталық үкіметтің қазақтардың жерін тартып алудағы губерниялық әкімшіліктердің бастамасын ыждаһатпен қолдап отырғанын аңғару қиын емес. 1861 жылдың шілде айында Министрлер комитеті Орынбор генерал-губернаторына қазақтарды отырықшылыққа көшіру туралы ереже қабылдауды тапсырды. Қазақтың алдында «отырықшылыққа бөлінген жерлерді қазақтардың толық меншігі етуге мүмкіншілік бола ма, кейін жер алуға қандай мүмкіндіктер бар?» деген мәселе тұрды [164, 147 б.].

1862 жылы сұлтандарға бағдарлама-тапсырмалар жіберілді. Қазақтардан жер бөліктерін алу жайында өтініштер түсе бастады, бірақ көпшілігі егіншілік мәселесі бойынша емес, шұрайлы-шүйгін жерлерді иемденіп қалуды қалады. Нақ осы уақытта жер бөліктерін бөлу ережелері жасалды. XIX ғасырдың 50-60-жылдары Сібір ведомствосында жер мәселесін реттеу мақсаты тұрған жаңа орталықтар пайда бола бастады. Мысалы, 1854 жылы Семей облыстық басқармасында шаруашылықтың жаңа жүйелері егінжай, бау-бақша және қолөнер түрлерін енгізу үшін жеке көмекші капитал құру туралы шешім қабылдады.

Қазақтарды отырықшыландырудағы саясат негізінен солтүстік облыстардың далалық аудандарын отарлаудан туындады. Осы үрдіс әсіресе 60-жылдары белең алды және бұл Ресей шаруаларын крепостнойлық кіріптарлықтан босатумен байланысты болды. 1863 жылдың өзінде-ақ Ақмола облысында уақытша қоныс аудару партиялары бекітілді [166, 39-41 бб.]. Аталмыш партиялар XIX ғасырдың аяғында барлық басқа облыстарда да құрылды. Ресей шаруаларын қоныстандыруға қажетті жаңа жерлер үшін қазақтардың жерлерін тартып алу саясаты күшейе түсті.

Кейін өнеркәсіп кәсіпорын иелері өндірістік шаруашылықтар үшін қазақтардан жер сатып ала бастады. Бұл қазақ халқының жерден айрылуының үшінші жолы болды. Бірақ, жер қатынастарының реттелмеуінің, жеке меншіктің болмауының салдары ресейлік және шетелдік капиталдың енуін тежеді. Өлкенің жерін жеке меншікке беру мәселесі XIX ғасырдың 60-жылдары талқыланды. Тау-кен жарғыларын қайта қарау үшін құрылған комиссияның құрылуына орай Қаржы министрлігі қазақтардан немесе мемлекеттен жер сатып алу мүмкіншіліктері жайында мәселе көтерді. Дюгамельдің басшылығымен Омбыда құрылған Ерекше Комитет, Ресей заңдарына сәйкес қазақтар да қыстаулардағы 15 десятина жер үлесін алуға құқылы деген қорытындыға келді. Бұл бөліктер мұрагерлікте болса, қалған жерлер іс жүзінде ешкімге тиселі емес, «округтегі қазақтардың көшіп-қонуына арналғанды». Комитет қыстаулар жердің жеке меншіктілігін көрсетеді, сондықтан оны заңмен және межелеуші актілермен бекіту керек деп тұжырымдады. Тоқтала кететін жай, бұл жерлер қазақтардың меншігі екендігін қуаттайтын жазбаша құжаттардың болмауы салдарынан, оны жалға беру мәселесінде көптеген қиындықтарды туды.

XIX ғасырдың 60-жылдардағы реформалардың дайындық шараларының нәтижесінде 1867 жылы әскери министр Д.А. Милютиннің басқаруымен «Ерекше Комитет» құрылды. Комитет әзірлеген «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже» 1867 жылдың 11 шілдесінде қабылданып, 1868 жылдың 21-қазанында «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бекітілді. Аталмыш актілер қазақтардың мекен еткен жерін тартып алуға жол ашты. Бұл саясаттың әлі де жалғаса түсетіндігі ереженің «Уақытша» деген атауынан-ақ түсінікті болды. Бұл «Ережені» екі жыл ғана қолдану жоспарланған еді.

Бірінші мемлекеттік Думаның депутаты Т.Сидельниковтің «Уақытша ережелердің» қабылдануының негізгі себебі – ол орыс әкімшіліктерінің қазақтарды орыстардың нағыз боданы ету үшін жасаған ұмтылысы, олардың әрқайсысын белгілі бір жерге қатаң түрде бекітсе сол мақсаттарына жеткен болар еді» деген пікірі патшалық Ресейдің отаршылдық саясатының түп мазмұнын толық айғақтап берді. «Қазақ өлкесін, оның тұрғылықты халқын рулық емес, территориялық әдіспен бөлу арқылы отаршылдық өмір салтына бейімдеп өткізу 1868-жылдың ережесінің бір негізі болса, олардың қоғамдық және шаруашылық жағдайлары орыс чиновниктері мен бюрократиялық мекемелерінің қатаң бақылауымен жүргізілуі тиіс... Бұл «Ереже» шешуші кезеңнің бірі болды, Даланың өткенімен бүгінгі күнін бөліп тұрды.

Қазақтар құқы жөнінде Ресей империясының село тұрғындарымен теңестірілді. Осыған сәйкес олар рекруттік міндеткерліктерден босатылды.



Гирстің қазақ жерлерін мемлекеттің меншігі деп тану және заңдастырылған жазба актілері болса ғана жеке меншікті тану сияқты ұсыныстары «Уақытша Ережеге» өзгеріссіз, толық енді. Қазақ жерлері қыстаулар мен жайлаулар болып бөлінді және қоғамдық пайдалану үшін үкіметке берілді. Отаршылдыққа деген көзқарас ұлғайған сайын жер бөлігінің көлемі анықталмай, қазақтар мен орыс-казактардың арасындағы даулы жерлер мәселесі шешілмеді. Қазақтарға «өздерінің жерін, оның бөлігін орыстарға келісім бойынша ерікті түрде жалдау жөнінде құқы берілді (220). «Уақытша ережелердің» баптарын зерттей отырып, бұл құжаттың жердің тартылып алуынуына, қазақ өлкесін отарлауға жол ашқандығын көреміз. Біріншіден, «әкімшілік қазақ руларының бірігіп күшеюінен қауіптеніп, олардың ру аралық қатынастарын әлсіретуге тырысты. Ол үшін ең ыңғайлы мүмкіншілік ру тармақтары мен әкімшілік бөліктерге бөлу болса оларды белгілі бір жерге отырықшыландыру әдісімен ру аралық туыстық сезімінің оянуын тежеп, төмендету» болып табылады – деген саясат ұстанды.


Далалық облыстарды басқару жөніндегі ережені қабылдай отырып, саяси-заң жолымен қазақ жерін Ресей империясының мемлекеттік меншігі етіп тану кезеңі аяқталды және осыларды іске асыру жолында, қазақ жерін іс жүзінде толық отарлау үшін әртүрлі саяси-әкімшілік шаралар жүзеге асырылды. Мысалы, Сібір темір жолы, Столыпиннің аграрлық реформасы, жердің бір бөлігін орыс-казактардың зейнетақылық қорына беру үшін жерді жаппай алу сияқты шаралардан көруге болады.

Ал, 1862 жылы қазақ даласындағы жергілікті халықтың әдет-ғұрпы мен билік жүйесін зерттеу мақсатында ұйымдастырылған И.Яценконың экспедициясының құрамында болған Шоқан Уәлиханов қазіргі Жаңаарқа ауданындағы Жұбан ана күмбезі туралы оны сол өлкеге белгілі Қараағаш дейтін жерден 57 шақырым қашықтықта деп атап көрсеткен (4).

Ресей үстемдігіне дейін Жаңаарқа өңірі тұрақты елді мекені болмағанымен, белгілі қазақ ру-тайпаларының жаз - жайлауы, қыс – қыстауы болған. Сонымен қатар, Жаңаарқа жерін басып, Ұлы Жібек жолының көп тармағының бірі – Кендірлі көш жолы өткен. Ертеде Есіл мен Ертістің бойындағы қимақ, қыпшақ, қарлұқтарды, бертінде Орта жүз руларын Түркістан өлкесімен байланыстырып тұрған күретамыр іспеттес бұл жол Ақмола маңынан басталып, Құланөтпес арқылы Байатар көліне, одан Қарағашқа бірақ түсетін болған. Қарағаштан әрі оңтүстікке қарай жол Жосалы өзенінен өтіп, Қаржаспайдың бейітін басып, Үлкен Толағайды айналып, Сарысудың өткеліне келеді. Жолдың одан арғы бағыты – Тілеміс бейіті, Ақбастау көлі, Тоқабай құдығы, Бозкөл, Қаракөл, Тасқұдық, Топар бейіті, Қызылеспе арқылы Үшкөлге шығады. Бозқақ тұзынан кейін шөлейіт басталып, жол құм арасымен жүреді. Тобылғылықоңыр, Жиделіқоңыр, Борсыққұмды кешіп, Сәмен құмына түскенде Бетпақ шөлінің

солтүстік табанынан шығады. Дәл осы тұсты Кендірлі деп атайды, осы жердегі бұлақ та Кендірлі аталады. Кендірліден батысқа қарай он шақырым *мұғдарында* атақты таңбалы тас тұр. Жолаушы бұдан таза оңтүстікке тартып, Ноғайқұдық, Итаяқ моласы, Шалакеспенің құдығы деген белгілі жерлермен Шу бойына ілігеді. Тайөткелден соң Көкше құмымен Созаққа келеді. Ақмоладан Созаққа дейін 800 шақырымнан астам жердің 120 шақырымы Бетпақ шөлі.


Атбасар уезі




Ақмола уезі



## Қарқаралы уезі






### Сібір қазақтарының облысы

Ескерту – Красовский М. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область Сибирских киргизов. СПб., 1868. Ч 3. – 264 с.

Қазақ жері және қазақтар. XVIII ғасырдың картасы.

Сібір қазақтары облысына қарасты рулардың қыстаулары мен жайлауларының картасы



## Сарыарқаның сары белі.

Сарыарқа – өзіндік табиғи бітім-болмысымен ерекшеленетін, кесек тарихы, оқшау ерекшелігі бар, уақытпен бірге жаңғырып-жасарған мекеннің бірі. Бұл өте байтақ мекен, бай мекен. «Сары десе дегендей, бұл байтақ өлкенің мың сан өсімдігінен бастап, тау-тасына дейін сарғыш тартып жатады.

Қазақ тіліне «Сарыарқа» етене жақын, төл сөз, бірақ мағынасы күрделі. Ертедегі ата-бабаларымыздың кеңістікті бетке алғанда, қашанда маңдайы оңтүстікке қарағаны, осы сөзге себеп болуы мүмкін. Немесе оңтүстіктегі өзбек, қарақалпақ, лақай үшін «арқа» солтүстік деген ұғымның синонимі[1].

Егер сақ заманында «мұртты қорғандар» салған көшпелі бетті шығысқа түзесе, ғұндардың кезінде бет алыстың өзгеруі де мүмкін. Сарыарқадағы ең ірі ескерткіштің бірі Домбауыл дыңының қасбеті де шығысқа бағытталған. Бұл дәстүрді осы өңірдегі Қарадың мен Ұйтастардан да байқаймыз.

Мұнымен қатар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында болған әңгіменің шыққан жері Сарыарқаға ұқсайды:

Көшеді қысы-жазы дамыл көрмей,  
Біраз елі қалды оған ермей  
Сағынып Сарыарқаны қайта көшті,  
Мазалы ел ішінде рахат көрмей,  
Көрмесің Қарабайдай жарым есті,  
Бірталай көше-көше күні кешті [2].

Сарыарқа сөзінің түп төркінін қарастырсақ, ертедегі түркі тілдері ескерткіш сөздігінде «сары» тұлғалы сөздің «бағыт, жақ, жан-жақ» тәрізді мағыналары бар. Қазіргі түркі тілдері ішінен чуваштарда – «сарлака» сөзінің «кең байтақ, көлемді» сияқты ұғымдарын кездестіреміз. Түркі тілдерінің енді біреулерінде, чұлым татарларында «сара» немесе «саһра» – біздің түсінігіміздегі «қыр, дала» орнына қолданылады. Сонымен қатар «арқа» тұлғасының мағынасы «солтүстік» немесе «батыс» екендігіне топшылау айтылған. «Дала» мағынасындағы «сара» тұлғасы «арқа» мен біріккен тәрізді[3].

«Сарыарқа кімдікі екендігі туралы» атты Мәшһүр Жүсіптің тарихи әңгімесінде, бұл кең байтақ өңір бұрын-соңды өткен көптеген ел-жұрттың қонысы болғаны айтылады: «күнбатысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу, солтүстігі – Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадимде Дешті Қыпшақ аталған қыпшақ жұртының қонысы еді» - деп жазды.

Сарыбел десе, қазіргі бізге Иманжүсіп ақынның: «Абылай аспас Арқаның сары белі, Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі», деген әні естілгендей болады. XVII ғасырдың соңы XVIII ғасырдың басында Сарыарқа жерінде мамыражай

тіршілік болған емес. Бұл заман Еуразияның кең байтақ далалық өңірін мекендеген көшпелі ұлыстардың өрісі қысқарып, жан-жағынан жау анталаған кезең еді. Батыстан жауар бұлттай түнеріп, Ресей империясы төнсе, Шығыстан Мәнжүр әулетіне бағынышты қара құрттай Қытай қаптап келді.

Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақ жасағы шайқас даласында 100 мыңға жуық сарбаздан айырылды. Қорғансыз халықтың шығыны одан да көп болды, Түркістан, Сайрам, Ташкент қалаларын басып алды. Абылай ханның айтуынша, сол кезде әрбір он адамның төртеуі қаза балғаны туралы деректі Ш. Құдайбердіұлы да қостайды. Қорғануға мұршасы келмеген ел Талас, Боралдай, Шыршық, Арыс, Сырдария өзендері бойында әсіресе көп қырылды. Тірі қалғандар ата мекенін тастап шықты. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыстан қазақ халқының үдере қашқан босқыншылығы туды.

Шығыстағы қазақ рулары ығыса келе Есіл, Тобыл, Орал өзендеріне дейін тірелді. Сарыарқада жүрген қазақ рулары Есіл, Нұра, Сарысу бойы көшіп-қонып жүре берді.

Сарыарқаның нулы Нұра бойын бір жағы Қуандық, бір жағы Сүйіндік болып жаз жайлауы ретінде қатар көшіп-қонатын болған. Елді Әбілмамбет хан, Қаздауысты Қазыбек би, елдің көмекей әулиесі Бұқар жырау, еліне қалқан болатын Нияз, Бөгенбай, Жалаңтөс батырларымен танымал болған заман. Әбілмәмбет ханмен және Абылай сұлтанмен қатар Орта жүзге билігін жүргізді. Сарыарқаның нулы Нұра бойын бір жағы Қуандық, бір жағы Сүйіндік болып жаз жайлауы ретінде қатар көшіп-қонатын болған. Сол кезден қазақ нулы жерді, сулы жердің бойын жағалап қоныстанды. Қуандық Сүйіндік рулары осы Тоқсымақтың бойын бірі шығысы бірі батысын ала қатар қоныстанған болу керек.

Осы өңірдің тарихи жазба деректерде тарихи оқиғаларға қатысты баяндалуы бұл Орта жүздің белгілі батыры Нияз батырға қатысты айтылады.

«Қытай деректемелеріндегі Қазақстан тарихы» атты сериясымен шыққан «Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары» топтамасындағы маньчжур тіліндегі қазақ ру-тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптері бойынша 1758 жылы Нияз батырдың билігінде арғын ұлысының алтай атасынан 3000 отбасы, абақ-керей ұлысының 500 отбасы болғаны жазылған. Аталған жылы арғын ұлысының қанжығалы атасының – 2000 шаңырағы Бөгембай батырдың қоластында, Тарақты руының 400-ге жуық отбасы Наймантай батырдың қарауында, Қазыбек би қаракесектің 2000 шаңырағын, Барақ батырда көкжарлы найманның 1000 отбасылары ғана болғаны айталады: «Биыл (яғни, 1758 ж.) алтай арғындарының Қазыбек би, Нияз батыр сынды адамдары Қарқаралы, Қазылық жерлеріне қоныстанған» - деп жазған [4]. Ал, батырдың жайлаған тағы бір жері – Нияз тауы аталған. Бұл мәліметтер, XVIII ғасырдағы

қазақ ұлысының халық саны туралы, олардың қоныстаған жерлері, және ел басқарған тұлғалары туралы нақты мәліметтер береді.

Нияз батыр қыс айларын Түркістанда өткізгенімен, жаз жайлауға Ақтау, Ортау, Қызылтауға, Есіл, Нұра, Сарысу өзендерінің бойына, Қорғалжын көліне, Қарқаралыға, Қазылыққа, Аюлы мен Қаракөлдің аумағына көшіп келіп, қоныстап жүрген. Жоғарыда аталған Маньчжур тіліндегі Қазақ тайпаларындағы отбасы саны туралы тізім дәптерінде: «Биыл (1758 жылы) алтай арғындарының Қазыбек би, Нияз батыр сынды адамдары Қарқаралы, Қазылық жерлеріне қоныстанған», деген жазбалар кездеседі. Ал, батырдың жайлаған тағы бір жері – қазіргі Қарағанды облысы, Осакаров елді мекенінің шығысының 35 шақырымдай жерінде, Вольск елді мекенінің солтүстік - шығысында 20 шақырымдай жерде орналасқан тау Нияздың атымен аталған. Бұл атау осы төңіректі жайлаған Алтайдың батыры Нияздың есімімен байланысты.

Иманжүсіптің өлеңіндегі:

Абылай аспас Арқаның Сарыбелі,

Қуандық пен Сүйіндікпен жайлайды елі.

Қырық мың жылқы су ішсе лайланбас,

Нияздың Аюлыда Қаракөлі – деген жолдары осыған дәлел.

Осакаров ауданындағы адыр-төбелердің, қырат-жондардың ескілікті атауы – Сарыбел. Нияз батырдың жайлаған жері болғандықтан, Абылай хан бұл өлкеге қоныс теппеген. Аюлы мен Қаракөл деген жер аттары да осы өңірде кездеседі.

ҚарМУ тарих факультеті экспедициясы зерттеуінің нәтижесінде жасалған Ақмола уезіндегі қазақтардың жерді пайдалану және жайылымдық аудандары картасында №51 деп көрсетілген ортақ жайлаудағы бір жайылымның аты «Нияз» деп аталған. Бұл жерді XVIII ғасырда өмір сүрген атақты батырлардың бірі – Нияз жайлаған[5].

Ал «Книга Акмолинского Окружного Приказа о летних и зимних кочевках казахов на 1865 год» атты мұрағаттық құжатта Алтай-Сайдалы руы қазақтарының «Бүйрек тал» деген жерге жаз жайлап, көшіп келетін жолдары: «по рекам Сарысу, Нуре, Ишиму, Кундуздам, Куланотпесу, Худайменды Карасу, Исеню и Манак, Актас, Искене, Ку.ды, Джиланды, *Бурутал*, Конырадыр, Актаста, Чортандах, Батпаку, Тузды карасу, Айтын карасу, Белагач» – деп көрсетіледі. Бұл жерлерді де ертеректе Нияз батырдың қоластында болған Алтай-Сайдалы рулары мекендеген.

Мәшһүр Жүсіп бабамыз жазып кеткен Абылай туралы «Абылай аспас Сарыбел» деген аңыз әңгіме тіл ұшына тағы орала кетеді.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде Мәшһүр Жүсіп көбінесе аграрлық мәселе төңірегінде сөз қозғап, тереңнен сыр шертеді. Отарлау



саясатының салдарынан мал өрісі тарылып, ел арасында арандатушылықтың кең өріс алғанын сынға алады. Қалай дегенмен де «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегі бірнеше нұсқадан тұрғанымен де көтерген мәселесі мен мазмұны жағынан бір мақсатты көздегені ақиқат. Себебі Мәшһүр Жүсіпті осы кітапты жазуға итермелеген қоғам заңдылықтары болса керек. Себебі ол: «Сарыарқаның кімдікі екенін әйгілеу үшін ...», – деп, мынадай өлең жолдарын жазады:

Айырылған біздің қазақ Есілінен,  
Өзінің болған емес кесірінен.  
Жер-мүлкі шаруаның қызықты еді  
Қойнында құшақтаған жесірінен.  
Адасып осы күнде қазақ қалды  
Бұрынғы ата-баба рәсімінен.  
Жылқыға керек жерге егін салып,  
Жер жыртып, мұжық қалмас кәсібінен.  
Жайлауы баратұғын тарылған соң,  
Айырылды мал да, жан да несібінен.  
Мұжықтың кесірінен қыс көбейіп,  
Кеміді төрт түлік мал өсімінен.  
Зынданда не шаһбаздар нақақ жатыр,  
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен.

«Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде жер су аттарының шығу тегіне тоқтала келе, жердің бабаларымыздан аманат болып жеткенін ескертеді. Мәшһүр Жүсіп: «... Бұл қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, қара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздардың жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алынған жер еді», -деп, Сарыарқадағы жерлердің киелілігі, батырлардың ошағы – ерлік пен батырлықтың куәсі болуымен құнды екенін жазады[7].

Айырылды біздің қазақ Нұрасынан,  
Атаның мекен салған мұрасынан.  
Законды жылқышы мен қойшы білді  
Үйреніп мал қамайтын қорасынан.  
Жұмысы партияның қуаттанды,  
Халық-жұрттың жаман ырым жорасынан.  
Ақша үшін ауызы ашылған жүзқараның  
Сөзі жоқ айтар тұзу турасынан.

Әртүрлі қысымшылық болып еді,  
Сасқандай жұрт жаңылып тобасынан.  
Халқына мархабатты сөзін естіп,  
Патшаны жұрт тастамас дұғасынан.  
Орысқа мынау жерің керек десе,  
Әркім-ақ жылап көшті ұясынан.  
Ұлыққа бізден барып арыз айту  
Шыңның да қиын еді-ау қиясынан.  
Ұлықтың құзырына қалам тартқан  
Айта алсаң, болар ердің сиясынан.  
Қазақтан баса көктеп жер алуды  
Әдет қып алып еді крестьян.

XIX ғасырдың 60 жылдарының аяғындағы реформаға дейін Нұра, Осакаров аудандары территориясын мекендейтін қазақ рулары 1832 жылы құрылған Ақмола сыртқы округінің құрамында, ал Ботағара ауданын мекендейтін қазақ рулары жартылай Ақмола, жартылай 1833 жылы құрылған Баянауыл, жартылай 1824 жылы құрылған Қарқаралы сыртқы округінің территорияларын жайлап жатты.

XIX ғасырдың орта тұсындағы аталған аудандарды мекендеген қазақ рулары туралы мәлімет 1839-41 жылдардағы архив құжаттарында сақталған.

Бұл құжаттардың бірінде Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ рулары болыстарының билеушілерінің тізімі берілген[8]. Тізім 1839 жылдың 22 сәуірінде жасалған.

Келесі бір архивтік құжатта Ақмола сыртқы округінің құрамына кіретін қазақ болыстарының тізімі әр болыстағы ауыл мен үй саны және рулардың жазғы жайлау, қысқы қыстаулары туралы мәліметтермен бірге көрсетілген. Құжат 1841 жылдың 2 қазанында басталып, 29 қарашада аяқталға[9]. Бұл деректен шығаратын қорытынды – қазақтың бір ғана руының көші қамтитын жерлерінің радиусын алмай-ақ, тек жазғы жайлауы мен қысқы қыстауының ара қашықтығын алып қараса, 150 ден 300-400 шақырымға дейінгі жерді алып, негізгі қоныстары жоғарыда аталған аудандар территориясында болмаса да, көшу барысында осы территорияларға дендеп кіріп, өзендер мен көлдерді бойлай көшіп, төсекте басы, төскейде малы қосылып, аралас-құралас тіршілік етіп жатқанын көреміз.

Келесі бір 1865 жылғы архив құжатында Ақмола округінің құрамына кіретін болыстар, оларды құрайтын қазақ руларының жазғы көші мен қысқы қоныстары, ауыл, ондағы шаңырақ пен ер және әйелдердің саны тізілген[10].

Сайдалы –Алтай болыс билеушісі Қаңтапбай Меңдекин. Рулары Нияз Қуандық Айтқұл Әжібай, Қабай бұлардың ішіндегі беделді ру- Нияз себебі басқа рулар осы атаумен аталған. Жазғы жайлаулары: Сарысу, Нұра, Есіл,

Құндызды, Құланөтпес, Құдайменді, Қарасу, Есен Көкбекті өзендері бойы Шалқоңыр, Сасықтал, Манақа, Ақтас, Ескене, Құлынды, Жыланды Бүйректал өзендері Ақтасты, Шортанды, Батпақ Тұзды деген жерлер. Бүйректал өзені осы Тоқсымақ көлінің оңтүстік батысында орналасқан.

Келесі бір аңғаратын мәселе – көштің тарылуы. Мысалы, 1860 жылдарға дейін қазақ рулары оңтүстіктен солтүстікке, оңтүстік шығыстан солтүстік-батысқа және керісінше бірнеше болыстың аумағын кесіп өтіп, даланы ен бойлап, жайлап жүрсе, енді өз болысының шеңберінен шығуға тиым салынғандықтан, қыстауынан алыс шыға алмайтын болған.

Ақмола ояздығы бойынша барлық қазақ ауылдарының саны XIX ғасыр соңында 2503-ке жетті. Арғын баласы Қуандық рулары Есіл өзенінің басында да, орта ағысы бойында да ауыл-ауыл болып отырды. Ақмола айналасындағы көлдер, Нұра, Құланөтпеске дейін, Қуандық балаларының жерлері Бетпақ даланың шөлдерінде де жатты. Шерубай-Нұра өзені бойындағы атаулар Ұлытау жерлерінен келді. Есіл өзен бойындағы Арғын баласы Қуандықтың рулары Қорғалжында да отырды. Мұнда Қуандықпен Сүйіндіктің бір тармағы, сондай-ақ Атығай мен Қыпшақ рулары болды. Қуандық балалары Ертіс жағынан да, қарқаралы ояздығы жағынан да Ақмола төңірегіндегі ағайындарына таянып отырды.

Арғынның үлкені Мейрам сопы балаларының жолы тек арғын ішінде ғана емес, сондай-ақ жалпы Орта жүз ішінде алдымен тұрды. Бұл туралы атақты ақын Нұржан Наушабайұлы былай жазды:

Бегендік, Шегендікке және келдік,  
Қуандық мырза төртінші би Сүйіндік,  
Үш жүздің баласы бас қосқанда,  
Байлық, бақыт осыларда, хәм үлкендік – деп.

Рулар туралы шежірелік таным бір жағынан тарихи білім болса, бір жағынан рухани тірек, сондай-ақ билік жүргізу, саясат пен идеологияның іргелі негізі болған.

Төртуыл одағын құрған басты 12 рудың ауылдары сегіз болыстықты құрап, Баянауыл дуанының таулы жерлерін мекен ететін болған. Ал олардың көш бағыттары мен көш жолдары, жалпы жазғы көштің шекаралары, Ақмола округының шығыс шекарасындағы Орынбор даласына дейін жалғаса беретін болған. Бұлардың ішінде алдымен Құлықе-Қаржас руының аты аталады[11].

Құлықе-Қаржаста Телі, Әлімбет және Ойым сияқты ірі 3 тарам ел бар, барлығы тоғыз атадан құралады. Телінің ішінде Анай, Талас, Тоқсан сияқты үш үлкен атаның орнына енді Мырзағұл, Құдайқұл, Құл, Таз, Жәдігер, Байқонды, Кенжебай, Елгелді сияқты кіші аталардың ұрпақтары өсіп-жетіліп жеке-жеке руға айнала бастаған. Олардың ішінде ең ауқаттысы – Мырзағұл ұрпақтары. Қалған аталар да мырзағұл атануға тырысады.

Әлімбеттің ішінде бұрын болған Қасаболат пен Дәулет сияқты екі үлкен атаның орнына енді оның ұрпақтары өсіп-жетіліп, Қасаболаттың балалары Жапақ, Жайнақ, Жайпан, Жылқыайдар, Табылдымен Бапақ және Дәулеттің Байболат, Жиенәлі, Ақша, Маман, Манақ сияқты кіші аталары да жеке руға айналуға таянған.

Мойын-Алтай болысының қыстау мен көш жерлері, жайлаулары: Ботақара, Шешенқара, Елтоқ Шат, Қызылжар, Нұра, Есіл, Құндызды, Қарағанды, Қоянды, Көкпекті; қыстаулары – Енем-Түнқатар ауылы қыстауларымен бірге. Мұрат руы Сасық Қопа, Соқыр, Сораң және Байдәулет.

Тасболат руының қыстау жерлері – Саумалкөл, Қарағанды өзек құдығы, Тілеушоқы, Шідерті, Өлеңті, Қаракөл, Аюлы Нияз, Тоқсымақ көлі, Есіл, Айғай төбе, Қоянды, Анай тасы, Бұйрат, Мокше; жайлау жерлері – Далба, Бүркүтті, Көкдомбақ, Шідерті, Керегетас, Жыланды, Шолақтас.

Қазақ даласына қоныстанушылардың келе бастауы бірнеше сатыдан тұрады. Алғашында қоныстанушылар өз еріктерімен келе бастаған. Мемлекет тарапынан бұл мәселені қолға алу XVIII ғ. басындағы Ресей шекарасын қорғау мақсатында бекіністер мен казактың әскери шептерін сала бастаудан, XIX ғасырдың 30-шы жылдары Мемлекеттік Мүлік Министірлігінің басшысы гр. Киселев қолға алған, аз көлемдегі мемлекеттік крестьяндарды қоныс аудару арқылы іске асқан болатын. Өлкені отарлауға орыстарды жер аудару да қызмет етті[12].


Бірақ, XIX ғасырдың ортасындағы реформадан кейін де стихиялы қоныс аудару, мемлекеттік қоныс аударудың алдында жүрді. Қоныс аудару ісін жоспарлы түрде іске асыруға мемлекет тек 1885 жылы ғана, алғашында әкімшілік тұрғысынан, ал 1889 жылдан бастап заң жағынан да араласа бастайды. 1890 жылдың басынан бастап Сібірді (Қазақстанды) қоныстандыру ең алғаш рет мемлекеттік мәнге ие болды. Қоныстандыруды жалпы басқару Патша мұрагерінің председателдігімен құрылған Сібір темір жолы Ерекше Комитетіне жүктелді.

Крестьяндарды крепостной құлдықтан босатқан 1861 жылдан 1885 жылға дейін Оралдың бер жағына (Қазақ даласына қарай) 300 мың қоныс аударушылар келген. Келесі 20 жылда (1885-1905 жылдары) – 1 млн 520 мың 750 қоныс аударушылар келген. Ал соңғы 5 жылдың ішінде (1906-1910 жылдары) – қоныс аударушылар саны 2 млн. 516 мың 75 адамға жеткен.

Сонымен қоныс аударудың бір жылғы орташа көлемі бірінші кезеңде (1861-1885 жылдары) – 12 000 адамды құраған, екінші кезеңде (1885-1905 жылдары) – 6 есе өсіп, 76 000 адамға жеткен, ал соңғы кезеңдегі бесжылдықта (1906-1910 жылдары) – бір жылда орташа есппен қоныс аударушылардың саны 500 000 адамға жеткен.

Қоныстанушылар алғаш келіп қоныстана бастағанда участоктер жергілікті

жердің атымен аталған. Кейін жиналыс ашып, келімсектер өз атауларын қойып, өзгертіп отырған.



Токсұмақ көлі ХІХ ғасырдың екінші жартысы. РФ. Омбы облыстық тарихи архиві қ 198. т 1, 1 б.

## **XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында келімсектердің орналастырылуы**

Патша үкіметі қазақ даласын толық иелену мақсатымен 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы» Устав жариялап елдегі хандық билікті жойған болатын. Дала өлкесінің әкімшілік басқару тәртібін өзгертіп патша үкіметі сегіз сыртқы округ құрды. Осы округтердің бірі Қарқаралы өлкесінде құрылды.

Жаңа әкімшілік құрамын сайлау жүйесі енгізілді. Округтер болыстар мен ауылдарға бөлінді. Әр округте он бестен жиырмаға дейін болыс бар. Әр болыста оннан он екіге дейін ауылдар, әр ауылда елуден жетпіске дейін үй болды. Қарқаралы округінде 1839 жылы 17 болыс, 1851 жылы 18 болыс, 1908 жылы 22 болыс болған. Әр болыстағы үйлер саны 22-25 мыңға дейін жеткен. Округ құру кезінде қазақтардың қысқы қоныстары, рулық және аймақтық бөліністер еске алынды.

Округтер Омбы облысының басқармасына бағынды. Округтік приказдар ұйымдастырылды. Одан председатель аға сұлтан мен орынбасар сайланып қойылатын екі заседатель мен екі мүше кірді. Сібір қазақтарына басшылық жасау үшін шекаралық басқарма құрылды. 1868 жылы 21 қазанда Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторларының далалық облыстарын басқару туралы уақытша ереже бекітілді. Қазақстан аймағы үш генерал-губернаторлыққа бөлінді. Олардың біріншісінде – Түркістан, Жетісу, Сырдария облыстары, екіншісінде – Орынбор, Орал, Торғай облыстары, үшіншісінде – Батыс Сібір, Ақмола, Семей облыстары болды. Бұдан кейін уездер құрылды. Қарқаралы округі уезд болып аталды.

Ал XIX ғасырдың соңындағы осы өңірдегі рулардың құрамы жөнінде Коншиннің «Памятная книжка Семипалатинской области» атты еңбегінің «Расписание судебно-мировых участков в Семипалатинской области» бөлімінде Қарқаралы уезі бойынша учаскелерге бөлінуін баяндайды:

1-й участок. г. Каркаралинск со станцією Каркаралинской. Волости. Аксаринская, Беркаринская, Нурина, Балхашская, Акчатавская, Токраунская, Кызылтавская, Моинтинская и Чуйская.

2-й участок. Кентская, Темирчинская, Катан-булакская, Чубартавская, Дагандельская, Дегеленская, Абралинская, Бюрлинская, Акботинская, Эдрейская, Сартовская и Кувская.

Осы аталмыш еңбектің қырғыз болыстары бөлімінде аталған болыстықтарға қосымша Сарыбұлақ болысы қосылып барлығы 22 болыс аталады (66).

Қарқаралы қаласының басында осы уақытта 1225 ер адам, 1052 әйел адам тұрғыны да аталады.

1867-1868 жылдарды қазақ жерлері мемлекеттік меншік болып жарияланды. 1901 жылы Патша өкіметі сол қазыналық жерлерді жеке меншіктерге бөліп

беру туралы заң шығарды. Сонымен қатар 1904 жылы 6 маусымда «Село шонжарлары мен жер иеленуші мешандардың өз ықтиярымен қоныс аударуы туралы» жана заң қабылдады. Сөйтіп, Қарқаралы аймағына ішкі Ресейден қоныс аударушылар қатары өсе бастады.

Ресей тарапынан жүргізілген жаппай қоныстандыру саясаты жер-жердегі байырғы тұрғындардың басына ауыртпалық әкелді. Олар туып-өскен ата-мекендерінен ығыстырылып, шұрайсыз жерлерге күшпен қоныстандыра бастады. Осы жайлардың куәгері болған Нарманбет ақын:

Аждаһаның аузында  
Айрылып қалдық қоныстан.  
Бекіліп мизам шықпай тұр  
Әлі бізге орыстан  
Қазақтың жолы қарайып,  
Әділеттік азайды -  
Би, старшын, болыстан,  
Малды кісі би болып,  
Милы кісі иі болып  
Белгілі жақсы жүн болып,  
Жанның бәрі тең болып,  
Көнбейміз деп тырысқан...

Бұл өлең 1903 жылы жазылған (67). Ғасыр басындағы шындық осындай болған. Іле Ресейден қоныс аударған қара шекпенділерге әр өңірлерден шұрайлы жерлер берілді. Олар Қарқаралы тау аңғарларындағы өзен-көлдердің салалары мен сағаларын егіншілік кәсіпке пайдаланды.

Қарқаралы өңірінде жер шаруашылығын игерушілердің бірі жүз басы Карбышев еді. Ол агроном мамандығын өздігінен үйренгендіктен егін шаруашылығын игеру мүмкіндігін іс жүзінде көрсете білді. 1825 жылы 16 десятина жерге егілген күздік қара бидайдан және 40 десятинаға егілген сұлыдан жақсы өнім алды. 1827 жылы егіс көлемі ұлғайтылды. Осы кезде Ертіс бойынан ондаған казактардың отбасылары қоныстануға Қарқаралыға келді. Он жеті адам суық түскенше 14 десятина жер жыртып, күздік қара бидай екті. 1828 жылы поселкеде екі су диірмен, бір жел диірмен салынды. Карбышев казактардың егіншілік кәсіпті үйренуіне көмек жасады. 1826 жылы Қу болысының қазағы Кәрішал Тұрсынов қызыл бидайдан тәп-тәуір өнім жинады. Осындай жағдай казактар арасында жылдан жылға көбейе түсті.

Қазақтар егістігінің көпшілігі Талды, Жарлы, Тоқырауын өзендерінің жағалауларында орналасты. Дегенмен де, құнарлы егістік жерлер казактардың, қоныстанған бай-кулактардың қолында болды. Олар кедей казактардың тегін жұмыс күштерін пайдаланды.

Уезде 2573 шаруашылықтың егістік учаскелері болды. 1901 жылы

казактардың әрбір жан басына 3 қадақтан, қазақтардың жан басына екі қадақ көлемінде тұқым себіліп отырған. 1905 жылы – 600 десятина, 1916 жылы – 2000 десятина жер пайдаланылған.

XX ғасырдың басында Қарқаралыда әр ұлттың өкілдері тұрды. Казактар қалада, қазақ кедейлері шетте киіз үйлерінде отырып, жылдың жартысын өткізетін болған. Татар мен қазақ саудагерлер қаланың татар кварталында тұрды.

Ботақара-Нұра өңірінің өткен 1880-1900 жж. аралығындағы тарихында мыңызды орын алатын басты тақырып – переселендер көші-қоны, жер мәселесі, төңкеріс, отаршылдық саясат тұсындағы қазақ халқының тіршілігі, тұрмысы. Сондықтан орыс мұжықтарының қоныс аудару тарихы бұл кітапқа тікелей қатысы бар мәселе. Өңірдің осы кезеңдегі тарихы қоныстану тарихымен тығыз байланысы – тарихи жер атауларының өзгеруі, орыстың жаңа селениелерінің пайда болуымен, қазақтың ауыр тұрмысы, қазақ жұмысшыларының әлеуметтік тобының қалыптасуына қатысты.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ малының едәуір бөлігінің жұттан қырылып қалуы тек табиғат апатынан ғана емес, оның негізгі себебі – малдың еркін жайылып, қысқа қоң жинай алмауында, ал қатты қыс бұрын да болып тұрған. Еркін жайылмаған малдың күйі де кете береді. Күйі кеткен малдың қаһарлы қыстан аман шықпайтыны белгілі. Осыдан келіп қазақ даласының едәуір бөлігі қаңырап бос қалды десе де болады. Ал отарлаушы өкімет үшін бұл жағдай қазақтың жерін болашақта келетін қоныстанушыларға босатып алуға мүмкіндік алды. Сөйтіп, мыңғыртып мал өсірген қазақтың шаруашылығына бұл қатты әсер етті.

Бұл тарихи ахуал XVIII ғасырда Бұқар жырау толғауларында айтылған.

Күн батыстан бір дұшпан,  
Ақырда шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Бастығының аты поп.  
Күн шығысқа қарайды,  
Шашын алмай тарайды.  
Құдайды білер діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ.  
Осы сынды бір кәпір,  
Аузы-басы жүн кәпір  
Жаяулап келер жұртыңа.  
Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа.  
Жемірлерге жем беріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны  
Сөйлетпей ұрар ұртына.



XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы жаппай қоныс аудару саясаты XIX ғасырдың бас кезінен-ақ отаршыл әкімшілік өкілдерінің санасына орнықты. 1830 жылдары патшалы Ресейдің мемлекеттік мүлік уәзірлігінің басшысы Киселев деген бұл жайында жоба дайындауды қолға алған. Оның мақсаты аз көлемдегі шаруаларды қоныс аудару арқылы отарлау саясатын іске асыру болатын. Орысты жер аудару арқылы қазақ жерін отарлау патша билігінің саясатына қызмет етті. Орыс мұжығының шығысқа қоныс аударуы кең сипат алуы 1896-1916 жылдар аралығы. Переселен саясаты арқылы патшалық Ресей басып алған жерлерін заңдастырып, мәңгі-бақи бекітіп алуды көздеді. Сол үшін Ресей империясы қазақ даласына орыс-казактардың станицаларын салғызып, крестьяндарға жер кесіп, селение қоныстарын ұйымдастырды. Батыс Сібір генерал-губернаторы 1875 жылы, «қазақ жұртшылығы даланы көшіп-қонып жүргенінше орыстан алшақ болып, санақ үшін бар да, бодан ретіне жоқ» болып қала береді деп жазған.

Сол XIX ғасырдың орта шенінде Ресейдің ішкі саясаты да күрделенді. 1861 жылғы реформадан кейін басыбайлы құл болған орыс мұжығы деревнясында еркіндік ала бастағаннан кейін, кейбір крестьяндар Сібірге бет алып, бейберекет түрде қоныс аударуға кірісті, бұл үрдіс мемлекеттің жоспарлы түрде қоныс аудару шараларының алдында жүрді. Жоспарлы түрде Қоныс аудару ісін мемлекет тек 1885 жылы ғана қолға алып, алғашында әкімшілік тұрғысынан, ал 1889 жылдан бастап заң жағынан да араласып, іске асыра бастады. Жаппай қоныс аудару ісі жүзеге Столыпин реформаларының нәтижесінде іске асырылды. Көші-қон қозғалысының осы кездегі шырқау шегі қонысқа қолайлы заң актілерінің қабылдау, өкімет тарапынан үгіт-насихаттың күшеюі, Столыпинның реформалары берген қолдауымен тығыз байланысты болды. Бұрын қазақтың шұрайлы жерлері, құнарлы мал жайылымдары негізінен тұрақты қыстау мен қонысына айналып, белгілі бір қазақ руларының меншігі болса, енді сол меншіктен айырылатын болды.

1885-1905 жылдар аралығында – 1 млн 520 мың келімсектер келді. Мигранттардың қоныстану түрі Қазақстанда 1900 жылға қарай белгілі бір қалыпқа ие болды. Семей, Ақмола облысы жерінде көпшілік жағдайда бұлар құнарлы өзендердің бойын мекендей бастады. Оған аталмыш ауданның Нұра, Көкпекті, Теректі өзендерінің бойын атауымызға болады. 1906-1910 жылдар аралығында 2,5 млн жанға жеткен. 1905 Ақмола облысы бойынша жылы өз бетінше қоныс аударғанның саны олардың жалпы санының 54,7%-ы, Семей облысында – 61,5%-ы, Торғай облысында – 88,6%-ы болды.

II. Столыпиннің аграрлық саясатының мәні үш заң актісінде көрсетілді. Сенаттың қарауына берілетін 1906 жылғы 9 қарашадағы «Шаруалардың жер иеленуіне және жер пайдалануына қатысты қолданылып жүрген заңның кейбір қаулыларын толықтыру туралы» жарлық, ол III Мемлекеттік Думада

1910 жылғы 14 маусымдағы «Шаруалардың жер иеленуі жайлы кейбір қаулыларды өзгертулер мен толықтырулар туралы» заң етіп толықтырылды және қайта өңделді. 1911 жылғы 29 мамырда «Жерге орналастыру туралы» заң қабылданды. Аграрлық реформа бойынша шараларды жүргізу Сенат Жарлықты қабылдағаннан кейін 1906 жылы басталды.

1893-1916 жылдар аралығында орыстың шығысқа қарай қоныс аударуы өте кең сипат алып, жалпы 5 млн астам адамды қамтыды. Сол 5 млн халықтың 3,5 млн адамы 1906-1914 жылдар аралығында келіп қоныстанғандар. Қазақ жеріне нан іздеп келгендері барлығы 1,5 млн келімсек. Оның 1 млн адамы қазаққа 1906-1914 жылдары келді. 1906-1911 жылдар аралығында мұжықтың қазақ жеріне қоныс аудару ауқымы аса жоғарылады. 1903 жылғы мұрағат құжатында «Ақмола казактары мен селениелер туралы» мәліметінде Ақмола уезінде бір қала Ақмола, жанындағы казактардың станциясымен, тоғыз крестьян болысы, онда 47 қоныстандырылған селение, 9 қоныстандырылмаған жер телімі және бұлардан бөлек «Ботақара» мекенінде өз алдына жеке селение «Санниково» бар деп көрсетілген. Қазақ болыстары барлығы – 26, онда 201 ауыл және 31590 шаңырақ тіркелген.

Бес жылдың ішінде жаңадан 2 қоныстанушылар болысы, 23 селение ашылды. Қазақ болыстары 19-дан 26-ға ғана өскен, шаңырақ саны азаймаса, көбеймеген. Егер орыс селениелерінің саны 23-ке дейін өсуі жаңадан келген қоныстанушылардың есебінен болса, қазақ болыстарының сан жағынан емес, керісінше – тар болыстың шеңберінде еркін малын жая алмай, жер үшін туып жатқан қып-қызыл даудан мезі болып, өз ішінен булығып, бүлініп, бірінен-бірі бөлініп кетуге тырысудан туған құбылыс болды.

Жерді бөлуге талпынып, губернаторға шағымданған арыздар мұрағат құжаттарында 1887-1893 жылдары жаппай етек алды. Қоныстанушылар бір жағынан ағылып келіп қазақтың ен даласын еркін жайлап жатса, жер иесі болған қазақ баласы «шектеп қойған шеңберден» шыға алмай, өз ішіндегі туындаған қиыншылықтардан басын көтере алмай қалды.

1904-1905 жылдары мұжықтың көші-қон толқыны бәсеңсіді. Бұған сол кездегі екі ірі саяси оқиға әсер еткені белгілі. Бірінші ахуал сәтсіз аяқталған 1905 жылғы төңкеріске қатысты болса, екіншісі – орыс шаруаларының бұрынғы мекендері – Орал тауынан берірек орналасқан күншығыс бетіндегі жер бос қалып тартымды бола қалуы. Бірақ 1910 жылы жер үшін бәсеке күшейгені әсіресе қатты сезілді. 1911-1912 жылдары Ресейде егін бітік шыққандықтан бір үзіліс байқалды.

1905 жылдан кейін Сарыарқаға ағылған қарашекпенділердің көші-қон отарлауы күшейе түсті. Бұл жерлерге «за Ишим», на «свободные» земли деп, қазақтан тартып алынған жерлерді келіп жатқан қара мұжықтарға үлестіріліп, патша өкіметінің қолдауымен жіберілген келімсектер Киев, Чернигов және

тағы басқа ішкі губернияларынан ағыла бастады. Келе сала қазақ жерлерінің атын өз ыңғайын бұрмалап, қазақша атауларды орысша сөйлетіп, өздерінің келген жерлерінің атын елді мекенге беріп өзгерте бастады. Міржақып Дулатов «Қазақ жерлері» атты өлеңінде:

Мың жеті жүз отыз бір сәнасында,  
Біз кірдік Россияның фанасына.  
Өнерсіз бостығымыз көрінген соң,  
Қызықбас кім қазақтың баласына?  
Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз  
Қазыналық, деді, жердің һәммәсін да.  
Тарылып жылдан жылға жер-суымыз  
Мұжықтың кетті бәрі қаласына.  
Қадірден халық билеген ақсақалдар,  
Бұл іске пайым назар саласың ба?  
Темірді қызуында соқпай қалып,  
Нәсіліңнің көз жасына қаласың ба?  
Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,  
Мұжыққа, қош аман боп, барасың да.  
Қасиетті бабамыздың зияраты,  
Қалдың ғой көшесінің арасында.  
Моншаға зияраттың тасын алып,  
Ағашын отқа мұжық жағасың да.  
Таба алмай бір барғанда еш белгісін,  
Көзден жас көлдей болып ағасың да.  
Шалқар көл, аққан бұлақ, жайлы қоныс  
Орман-тоғай кетті ғой ағашың да.  
Ойласам мұның бәрін қиялы боп,  
Қападан ішім оттай жанасың да.  
Әуелде жерімізбен кіріп едік,  
Тұрмақта ғәділдіктің саясында.  
Айрылсаң қалған жерден осы күнгі  
Топыраққа малды қазақ бағасың да.  
Адасты ақылынан қара халық  
Білгіштер өзің әйлә табасың да.  
Қазағым, жерің қайда ата мекен,  
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен.  
Қазірде бәріңізді қуып шығып,  
Орныға қала салып хахол жеткен.  
Шығарған жер өлшеуге землемерлері  
Қала үшін кеткен бізден жақсы жерлер.  
Тәтті су, тұщы судың бәрі сонда,

Табатын бұған айла қайда ерлер?  
Зеңгір тау, аққан бұлақ шалқар көлдер,  
Кетті ғой бетегелі биік белдер.  
Қысқарып жер кеткен соң өрісіміз,  
Қалды ғой жатақ болып қайран елдер.  
Ащы су бізге қалды шөл далалар  
Жақсы жер қалдырмады егін салар.  
Қалайша тау мен тасқа баға алады  
Қоралы қой, қосты жылқы байларда бар.  
Мінікей келді мұжық көшкен бұлттай  
Қазақтың қояр емес жерін құртпай.  
Келді де егін салып байып кетті,  
Жалқау ма бұлар тәңірі-ай біздің жұрттай.  
Көрдің ғой бұл уақытта тарылғанын,  
Алынбас илтипатқа жалынғаның.  
Он бестен кісі басы ондық  
Жер берсе сонда қазақ нешік хәлің?

Еуропа жағында саны аз ұлт-ұлыстардың жерін тартып алуды көздеген Ресей, олардың бір бөлігін еріксіз түрде Қазақстанға жер аудартты. Сондай халық өкілдерінің бірі қазіргі Латвия мен Эстония арасында бөлінген ливония жерінен әкелінген балтық ұлт өкілдері латыштар мен эстондықтар болды. Оларды бағындырдық деген мағына беру мақсатында қоныстандырылған елді мекен атын Покорные деп атады. Келген жерін білдіру үшін Ливония болысы деп атады. Баймырза жеріне Покорное селосын 1906-1907 жылдары салған. Арықтыкөл деген жерге Молодецкое, ал Жауыр тауының етегіне Самарканд селоларын 1907 жылы салған. Нұра өзені бойындағы Текеқараөзек жеріне Ростовка селосын 1908 жылы салған. 1909 жылы Ошағанды елді мекенінде Андрониковский селосын сала бастады.

1905 жылығы төңкеріс ұйымдастыруда Ресейдің барлық село жерлерінде шаруалардың бой көтерулері өтті. 1907 жылы Ақмола, Семей, Жетісу облыстарында кәдімгі төтенше әскери жағдай жария етілді. Жандармдық бақылау күшейтілді. 1904-1905 жылдары орыс-жапон соғысы, абырой болғанда, да көші-қон ісіне үлкен кедергі болды. Бірақ жапонмен соғыс нәтижесі келімсектің көпшілігі шығысқа қарай бет алуына әсерін тигізді. Бұл уақытта орын алған, аз айтылатын, қазақ қозғалысының басты екі себебінің бірі – ата қонысын тастатып, переселендерді итермелеп шығарғу болды.

Патша шенеунігі Санников: «...Бөлінген жер телімдеріне алғашқы қоныстануы 1901 жыл, оның жер көлемі 28515 ондық, ыңғайлы жер аумағы 15749 десятина деп аталған. Телімге қоныстана бастауы 1902 жылға сәйкес келеді. Бұл жерге 410 ер адам қоныс аударып келген. 1901 жылдың тамыз-қараша айларында жазылған «Жан басына шаққан бос жер үлестері бар

селение мен қоныстандыру телімдердің тізімі» атты құжатта 1901 жылы жазда Ақмола ояздығында жаңадан ашылып, дайындалып қойған учаскелер жөнінде мынадай мәлімет бар: Ботақара телімінде – 1043 жанға; Петров телімінде – 411 жанға; Шолақ Қарасу жанында – 580 жанға; Талды кең сайының жанында – 100 жанға; Қаракұдықта – 548 жанға, және т.б. Барлығы Ақмола ояздығында бір жылғы жазда 17 жаңа бөлінген жері телімдерінде 5148 жанға жер үлесі дайындалып қойған.

Селоның жаппай қоныстана бастауы Ресейдің ішкі аудандардарға келімсектерді жаппай қоныс аудару саясатына қатысты болды.

1901 жылы белгілі статист Ф. Щербина Нұра өзеннің орта сағасын зерттеген соң, осы жерлерге келімсектердің Санников поселкесін салуға түсініктеме берген. Поселкеге 28515 шабындықты жайылымды жерлер бөлінген. Елді мекеннің жаңа келімсектермен қоныстана бастауы жер жыртуға қатысты ыңғайлы жердің көлеміне байланысты реттеліп отырған. Сол кезеңнің тәртібі бойынша әрбір отбасына 15 ондықтан бөлінетін болған. Жерді алғашқы кезеңді белгілі бір тәртіпсіз талдау қағазын тастап бөлетін болған. Кейінен жер бөлуді ауыл басшысы староста қолына алған. Орыс және украин шаруалары алғашқы мезгілде палаткаларда, жер кепелерде өмір сүрді. 1902 жылы Санников селосының халқы мыңға тарта болды. Санников Ақмола облысының Ақмола уезінің құрамына енді.

Осы уақытта Қарқаралы ояздығына қараған Алтынсу өзені Ақмолаға біршама қашық орналасқан еді. Ботақара елді мекеніне переселен мұжықтар генерал-губернатор Санниковтың атын беруі, оның өздеріне деген оң қабақ танытып, көңіл аударма деген ниеті болатын еді. Жердің аты Ботақара болатын. Алғашқы келімсектер ішіндегілер өздерін малорос, великорос деп атады. Бұның тарихи мағынасы орыстың үлкен, иә кіші жерінен келгенін білдіретін. Ұлты жағынан белорус, украин өкілдері болатын.

Ботақара-Нұра өңірінің жер-су аты Шолақ Қарасу, Керней Қарасу дегендей көбінесе қарасу атымен аталатыны белгілі. Осы Қарасу өзендерінің бойына қоныстана бастады. Қарасудың бойы толған кішігірім орман, жан-жағы желден ықтасын қырат болғандықтан бұл жерге «қара шекпенділерге» бірден көңілдеріне ұнаған болатын. Ауылдың оңтүстік-шығыс жағында Керней тауы биіктігі – 748,8 м және Оспан тауы биіктігі – 717, 2 м орналасқан. Алғаш қоныстанушылар осы екі қыратқа қарай орналасқанмен ауыз су тапшы болғандықтан төменірек Қарасуды бойлай қоныстанды.

1906 жылы топограф Дубейский қоныстанушыларды орналастыру мақсатымен Керней және Қоңыр жер телімдерін жоспарға түсірді. Керней телімі жер тілімі бойынша Керней-Қарасу бойында жалпы көлемі 14 922 десятин, жер жыртуға 4 366 десятин жер белгіленді. Жер жырту тілімі Семізбұғы жолының сол жақ қапталында Қызылтас бұлағына қарсы орналасты. Бұлақ басында жергілікті ұста мекен етті. Сондықтан бұл мекенді

келімсектер «Казачье», яғни «қазақтың» деп атап кетті. Кішігірім орман шетінде Ордабай қыстағына келімсектер Марко, Гуглино отбасыларымен қоныстанды. Керней Қарасудағы село ертеректе Павлодар ояздығы, Аккелін болыстығына қарады. Бұл мекенге арнайы әкімшілік болып құрылғаны 1908 жылдың 20 қарашасы болды.

1902 жылы жер өлшеушілер Шолаққарасу және Көкпекті өзендерінің бойын зерттеп, алғаш 15 құдықтың орны қазылып су көзінің тұщы екені анықталған соң бұл жерде Миньковка селосы пайда болды. Шаруаларға 9 231 десятин жер телімі бөлінді. Мұнан соң 1909 жылы Ақмола облыстық жер бөлімі Шолаққарасу өзені бойында жеке өзіндік қоныстанушылар телімін бекітті. Бұл жер теліміне 1906 жылдан бастап Могилев губерниясы, Гомельден бірнеше отбасы көшіп келді. Дон бойынан қоныс аударған шаруалар өздері көшіп келген жер аты Миньковка атымен осы жерді атауды ұйғарды.

«Біз – Мұрат руымыз. Мұрат руы Нұра мен Есен өзенінің ортасын мекен еткен. Қыстауы Шолақ қарасудың бойында. Жайлауға Шөптікөл, Шөгембай, Нияз мекендеріне қоныс Астахов, Токаревка елді мекендері арқылы көшіп отырған. Бұл көште Тасшоқыдан – Өскебай, Бақтыбай тоғамына (Петровка) – Қазақбай, Көкпекіден – Есімбай, Естілеу, Орысбай отбасыларымен және бұл көшке Түйтебай, Қарақаман қосылды. Ауылдың алғашқы мұғалімі және молласы Төлеубай ауыл балаларын құран сүрелерін оқуға үйретті. Ауыл балалары арасында Сапуан, Айсабек, Қасым өздерінің оқуға деген ыждағаттылығымен көзге түсетін.

Ауыл арасында Шолаққарасу басында алғаш орыс келімсектері қоныстанғанда жергілікті халық арасында біршама қорқыныш тудыратын кейіпте болды. Себебі көпшілігінің сақалы өскен, бастары тақырбас оларды ұлттарына қарамай жаппай «орыс» деп атады. Жергілікті жердің мейірбандылығын көрген келімсектер арасынан «тамыр» да пайда бола бастады. Бұл ауылда Полтавадан қоныс аударған келімсектер басым болды. Ұжымдастыру кезінде Жаңаарқадан бірнеше отбасы келіп қоныстанды. Олар Шабден Қалиев, Аман Айнабеков, Мақаш Қошақаев, Аман Сарсекеев, т. б. бірнеше отбасы осы жерге тұрақтаған болатын дейді Сеилбек ақсақал.<sup>87</sup>

Зеленая Балка селосының нақты құрылуы жөнінде «Ақмола облыстық хабаршысы» газетінің 1911 жылғы №52 санында көрсетілген: «Ақмола облыстық басқармасының қаулысы бойынша 1911 жылдың 10 қараша айында Қызыл-Құдық телімінде селолық қоғамдық басқарма құрылысын, әкімшілік тарапынан Больше-Михайлов болыстығына қарайтын және бұл мекен Зеленая Балка деп аталсын» деп жазылған.

1913 жылы 22 келімсек отбасыларға тағы да Дон, Чернигов, Екатирослав губернияларынан 50 отбасы толықты. Алғашқы кезеңде келімсектер мен жергілікті тұрғындар арасында біршама келіспеушіліктер де болып тұрды.

<sup>87</sup> ҚОМА к 1487 тіз 1 іс 152, п 33-35.

Дегенмен дәстүрлі қоғамның ақсақалдар билігінің мектебін көрген жергілікті қариялар Жылқойшы, Мейрман, Рыспай, Тұрғымбек, Таласпай, және т. б ел арасын бітімге келтіріп шаруашылық ұйымдастыру жағы ойластырылды. Қазақ қоғамына жат «тамыр» ұғымы пайда болды. Себебі еріксіз төрт түлік малдың азығына бидай тағы басқа заттар айырбасқа жүре бастады.

1903 жылдың көктемінде су қоймасының маңында жер өлшеушілер мен топографтардың партиясы Қайыңдыкөл көлінің оң жағалауында болып қайтты. Егіншілік пен қоныстандыру жөніндегі бас басқарма Ресейден қоныс аударушыларды орналастыру арқылы бұл жерде егіншілердің елді мекенін құру шешімін қабылдайды. Сөйтіп Озерное селосы пайда болды. Шаруаларға 10 900 ондық жер, оның ішінде 6 825 ондық егін салуға жарамды жер берілді. Ақырында үлестік жер 17678 ондыққа дейін өсті. Үлес нормасы отбасындағы әрбір ер адам үшін 15 ондықты құрады.

Болашақ елді мекеннің орнын таңдау кезінде Қайыңдыкөл маңызды рөл атқарды (орыс тілінде оны Кендікөл, Қандыкөл деп те атайды). Көлдің жағасында биіктігі 2 м дейін жететін қамыс өседі. Көлдің суы ащы болғанымен, мал ішуге жарамды болып шықты. Көлде табан балықтар бар. Бірақ көлдің тереңдігі 1, 3 м ғана болғандықтан, қыста балықтар жаппай қырылып қалатын. Көлге жақын жердегі тау бөктерлері қара топыраққа өте бай, жері құнарлы.

1903 жылы қоныс аударушыларды Қайыңдыкөлге орналастыру туралы шешім шыққанымен, оны гидротехникалық жағынан зерттеу тек қана 1910 жылдың маусым айында ғана жүзеге асырылды. Осы айдың 16-20 аралығында Семей қоныс аудару басқармасының гидротехниктері А.Ключков пен П.Маленкин осы аймақтың сумен қамтамасыз етілуі мәселесімен айналысты. Құдық қазу жұмыстарын Ф.Чернов бастаған Қарқаралыдан келген жұмысшылар атқарды. Құдық саны барлығы бесеу ғана болды. Су шығу көрсеткіші аз болғандықтан, отбасылардың біразын жақын хуторларға көшіру шешімі қабылданды. Бұл хаттамаға гидротехниктерден басқа, Озерный елді мекенінің өкілдері Фащенко мен Кузьмин да қол қойды. Хаттамаға Семей облысы, Павлодар ояздығы, Озерный старостасының мөрі қойылып, расталды. Дәл осы уақытта елді мекен басқарусыз қалды. Себебі, бұрынғы староста В.Кошлаков отбасымен Белағаш маңындағы Хорошевское селосына көшіп кетеді. Ал жаңа староста тағайындалмайды.

Шешенқара тауы маңында орналасқан Пролетарское селосының негізін Ресейдің орталық бөлігінен бос жатқан жерлерден үлес алып, тұрақтап қалмақшы болып келген шаруалар құрды. Бұл өткен ғасырдың алғашқы он жылдығында болған. Шешенқара шоқыларының бөктерінде орналасқан ауылдың алғашқы үйлерін салған қоныстанушылар қазір өмірден озды. Олардың іздері тек қана облыстық мұрағаттың оқу залындағы құжаттарда ғана қалған. Осы құжаттардан тарих беттерінде сақталып қалған фактілер келтіріледі.

1907 жылдың жаз мезгілі Омбының географы және өлкетанушысы А.Седельников Ботақарадан Қарқаралыға апаратын Ақмола жолы бойымен жүріп отырып, Нұра бойын жағалап, арбасын жиі тоқтатып, топырақ үлгілерін алып, шөптерді мұқият қарауда. Өлкетанушының қойын дәптерінде Шешенқара қоныс аудару телімі бойынша мәліметтер көбейді. Жер телімін таулы аймақ деп есептеуге болады. Топырақ құрамынан да, өсімдік құрамынан да жер қыртысы бедерінің күрделі екендігін байқауға болады. Сортаң жерлер көп кездеседі. Қара топырақты, қызғылт түсті, құмға айналған балшықтар, ауыр балшықтар да кездеседі. Жуантөбе және Шешенқара тауларының солтүстік бөктерлерінің етегіндегі және солтүстік жазықтағы топырақ құнарлы болып табылады. Бұл жердің өсімдіктерін көбіне ақ үлпілдек селеу құрайды. Бұндай селеу қалың өскен жерлер көптеп кездеседі. Олар Нұра өзені алқабында да, топырағы аз, сортаң жерлерде де кездеседі. Бұл жерлерде өсімдіктердің қалың өсуі жер асты сулары бар деген ой тастайды.

Нұра өзені алқабын Алтынсу алқабынан аласа таулар ғана бөліп тұр. Олардың бөктерлері тақыр, желге мүжілген тастар басып жатыр. Алтынсу өзені жағалауы көгалды-шалғынды болып келген. Шөп қалың өскен. Өзен иірімдерін қалың қамыс қоршаған. Малшы қазақтар шөпті осы Алтынсу өзенінің алқабынан шапқан. А.Седельников Шешенқара тауының басына көтеріліп, таудың солтүстік-батыс бауырында итмұрын, қараған, тобылғы қалың өскен бірнеше терең сайды байқаған. Бұта арасына шыққан бүлдірген бар. Солт.-шығыс бөктер тік және тастақ болып келген. Бұл жерде күңгірт-жасыл кристалл тақтатастар көрініп жатты.

«Жер телімі маңындағы Нұра өзені алқабының еш құндылығы жоқ, өзеннің жағалауы тік жартасты, көгалды жерлері жоқ. Тек қана Шешенқара тауының етегіндегі шабындық жерлер ғана жарамды, құнды болып табылады» - деп жазды А.Седельников. Жер телімінің солтүстік бөлігі Нұра өзенінің оң жағалауында орналасқан жер Қарасу өзені алқабынан Үлкенбүркітті тауына дейінгі алқапты алып жатты. Бұл жерде қазақтың егістігі де кездеседі. Қазақтың егетіні тары, бидай, сұлы болған. Екі-үш жыл қатарынан өнім алған соң егістік жерлерді бес-сегіз жылға «демалуға» қалдырып отырған. Бұл уақыт аралығында бұл жерлерді селеу басып, қайтадан егістік жерге айналып отырған.

Қазіргі Пролетарское селосы орналасқан жер туралы А.Седельниковтың жазбаларында: «Жолдың бойында ескі обалар мен қазақ қорымдары көрінеді, аспанда қызғыш айналып ұшып жүр. Осы жерде жолымызды екі кәрі қасқыр кесіп өтті. Сірә, адам баласы бұл жерде жыртқыштарға қатер төндірмеген болар. Бұл жерлерде көптеп кездесетін суырдың індерінің қасында інге су ағызатын ор қазылған екен. Оны суырды жаңбыр кезінде інінен шығару үшін қазақ қазды ма, әлде қуаңшылық кезінде суырлар өздерін сумен қамтамасыз ету үшін осылай жасады ма анықтай алмадым» - деп жазады.



Шешенқара жерінде болған А.Седельников екі түрлі әсер алды. Егістік, шабындыққа арналған жерлер жеткілікті. 1907 жылдың көктемінде жаңбыр жиі жауғандықтан өнім де көп алынады деп күтілген болатын. Сонымен қатар А.Седельниковты топырақтың тез құнарсыздануы алаңдатқан еді. Бұл болашақта өнімді аз алуға және шаруаларды басқа жерге қоныс аударуға әкеліп соғатындығын білді.

А.Седельниковтан басқа Шешенқара маңындағы жерлерді зерттеген Ақмола-Семей мемлекеттік мүлік бөлімі көші-қон басқарамасының жер өлшеушілері болды. 1906 жылы олар осы аудандардағы егістікке жарамды жерлерді қарап, Шешенқара айналасында қоныстану, егіншілік телім бөлу жоспары жасалды. Шаруалардың жерлерінің аумағының жыл өткен сайын өзгеріп отырғанын байқауға болады. Бұл Қарқаралы уезінде жаңа телімдерін бөлумен байланысты болған.

1907 жылы топограф Кунцевич: Шешенқара жер теліміне барлығы 7622,5 ондық берілді, оның ішінде 3 600 ондық егістікке жарамсыз деп жер қорына қатысты баға берген. Бұдан басқа 96 ондық шабындық жер бар. Нұра өзенінің сол жағалауында орналасқан Пролетарское селосына 2 227 ондық берілді, оның 703 ондығы егістікке жарамды жер деп шешілді. Сортаң жерлер 65 ондық. Кейбір үзік мәлімет бойынша Шешенқара теліміндегі алғашқы үйлер 1908-1909 жылдары пайда болған. Келімсектр Херсон мен Тавриядан келген.

Қарағанды облысы мұрағатында революцияға дейінгі кезеңдегі көптеген қоныс аудару телімдерінің жоспары сақталған. «Бұл жерде қоныстандыру үшін белгіленген Пушкинский телімінің да кескіндемесі бар. Ол Қорғанкөл көлінің оңтүстік жағалауын алып жатыр. Көлдің солтүстік жағалауында Никитин телімі орналасқан». Қазақтардың арасында бұл жерлер Борсықты немесе Борсықтысай деп аталған. Борсықтар бұл жерде бұрыннан бері кең таралған. Мекен төбе етігінде Мақашев қыстауына көршілес орналасады деп шешілді.

Шығысында «Пушкин» жер бөлігі Крылов жерімен шектесіп жатты. Крылов телімінің аумағы Өткелсаз өзенінің жоғарғы жағында орналасып, Тоғам сайы мен Аманбай төбешігін алып жатты. Болашақ елді мекен құрылысы Өткелсаз өзенінің оң жағалауында Құрама деп аталатын қазақ қыстауына қарама-қарсы орналасады деп белгіленді. Жоспарда қыстаудың тоғыз саман үй құрылысынан тұрғандығын көрсетілген. Пушкинский және Крыловский елді мекендерінің арасында Молсынбай қыстауы болған.

Осы телімдердің орнын таңдауды 1914 жылы Семей қоныс аудару ауданы жұмысшысы Охримюк жүзеге асырса, бұл жерлерді топограф М.Тихонов түсірген. «Пушкин» жер қорына 8209 ондық жер енгізілді. Олардың ішінде 3543 ондық егістік жерге жарамады деп есептелді. 14 ондықтан 244 ер адамды қамтамасыз ету қарастырылды. Жер үлесін бөлгенде әйел адамдар есептелген жоқ. Осылайша, жобашылардың ойластыруы бойынша бұл жерге 50-70

отбасын орналастыру ойластырылды.

Топограф М. Тихоновтың жоспарында Қорғанкөл де көрсетілді. Көлдің ортасында бірнеше қазақ молалары болған арал белгіленген. Қорғанкөлдің батыс жағында Сырлықөл деп аталатын кіші өзен белгіленген. Жоспарланған үш телімнің ішінде тек «Пушкинский» телімі қоныстандырылды. «Крыловский» және «Никитинский» телімдерінде революцияға дейінгі кезеңде үй салу қарастырылған болуы мүмкін.

«Пушкин» телімі аумағы жағынан көрші телімдерден үлкен болды. Осылайша, «Никитин» телімінен 6767 ондық жер бөлінді, оның 2857 ондығы егістікке жарамды. «Никитинде» 195 үлес, ал «Пушкин» 244 үлеске бөлінді. Пушкинский елді мекені Жарлыөзек-сайында орналасты.

Қоныс аударушыға жер телімін кесу барысында қазақты шырылдатып тұрып қалай жер тартып алғанын «Дошай және Хансүйегі қоныс аудару телімін құру жөнінде» атты 1907 жылдың 12 сәуір күні жазылған келесі құжат дәлелдейді. Дерек хаттамада былай баяндалады: тыңдалды – Ақмола ояздығы, Спасск ұлысының тұрғындары Тұяқ Өмірзақ пен Бөкентай Қойжұрақовтың 70 шаңырақ иесінің атынан Ақмола уақытша комиссиясының 1905 жылғы 12 тамызда қабылдаған тұғырнамасына наразылық білдіріп, жасаған арызының мазмұны мынадай:

1) Дошай және Хансүйегі қоныс аудару телімін құру барысында қазақтардан, ғасырлар бойы өмір сүріп отырған жерлерін, егістігі мен шабындығын тартып алған. Бұл жер иесі 16 емес, 70 шаңырақ иесі, өйткені жер теліміне бөлінген жерлердің ішіне олардың барлығының жері кіріп кеткен. Ал жер иелеріне қалғаны - тек үйдің қабырғасы мен одан біршене жердегі учаскенің шекарасындағы жер ғана; 2) Комиссия 16 қыстақты жойып, оның иелеріне, құнарсыз, тиімсіз жерлерді бөлуді бұйырған. Ал мұны іске асырушы қызметкер қазақтарды «мүлде жерсіз қалдырам» деп қорқытумен оларды келісуге мәжбүр еткен; 3) Дошай және Хансүйегі қоныс аудару теліміне бөлінген жерде аса құрмет тұтып, әруағына сиынатын бабаларының (Дошай және Хансүйегі) молалары қалған. Қазақтардың бұл арызын комиссия талқылап, әр түрлі сылтаулармен істі қарауды аяқсыз қалдырсын деген шешім қабылдаған.

Екінші құжаттың («Ақмола ояздығы, Ерейментау болысының Қаратас өзені бойындағы Шолақ қайың, Күлден қарасу, Өленті мекендерінде қоныс аудару участоктерін құру туралы» 22 сәуір 1903 жыл) 3-4 беттерінде Захаров телімінің 1901 жылы 11 қыркүйекте Тілен жартас мекенінде құрылғаны жөнінде айта келіп, «аталған участоктер қазақтардың тамаша көш жолдары өтетін жерде құрылған. Ол жолдар крестьяндардың да еркін өтуіне қызмет етеді» дейді.

1906-1911 жылдар аралығында сырттан келу көш ауқымы ең жоғарғы деңгейге жетті. Осы уақытта отаршыл билік орындары үлкен құнарлы

алқаптарды орыс-казак пен қоныстанушы крестьяндардың үлесіне өткізіп қойып қарап отырады. Сол заманның көрінісін Мәшһүр Жүсіп «қазақтың жері қала салуына берілді; онан соң бастықтардың уазафасы деп ағашты, шабындық жерді алды, «ушаске войсковой» деп ат қойып бір нәрсені себеп қылып ала берді» - деп, өзінің жарыққа шығарған кітабында жазды.


Қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғаған Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «Қазақтар қазіргі уақытта қоныс аудару учаскелерін кесіп беру кезінде болып жатқанды ессіздік деп санайды... жұмыс жүргізушілер учаскелерде мал шаруашылығы үшін ең бағалы алаптарды: шабындықтарды, қысқы жайылымдарды, егістіктерді, жақсы суаттарды телімдерге мәжелеп алып... қазақтарға тау-тасты, сортаңтарды, батпақтарды, сусыз даланы қалдырады». Шаруаларды шөлейт және сортаңды далаларға қоныстандыру фактілерін салыстырып, Ә.Бөкейханов «жерсіз аш халыққа сусыз казак даласын ұсынатын өкіметтің қоныс аудару саясатының санаулы күндері қалды», – деген пікір айтты.

1912 жылы Ақмола облысының солтүстік аудандарындағы елу бес мың келушінің қоныс аударған кезіндегі жас мөлшері сұрау салу негізінде анықталған. Бұл жерге келгендердің он алты пайызы – сегіз жаста, он сегіз пайызы – сегізден он сегізге дейінгі жаста, отыз төрт пайызы – төрттен жетіге дейінгі, он алты пайызы – 3 жаста және он алты пайызы – үшке дейінгі жаста болған. Колонистердің сексен пайыздан астамы қоныс аударған кездегі жас мөлшері он сегізге де толмаған. Келуші переселендер құрамында сегіз жасқа дейінгі балалар үлесі көп болған. Саны жағынан олар үштен екісін құрады. Жер шолушы скауттар қоныс аудару процесінде маңызды роль атқарды. Олар Қазақстанға қоныс аударған барлық мигранттардың он сегіз пайызын құрады. Көшу толқынның өршуіне жер барлаушылардың өзіндік үлесі болды. 1908 жылы бұл үрдістің шырқауына жетіп күрт өсті. Қоныс аударуға ниет білдірушілер санының өсе түсуіне байланысты олар жер шолушылардан көмек сұрауға мәжбүр болды.

1913 жылы Санников деп аталған Ботақара болысы Миньков, Переяслав, Сенокосное, Ново-Песчаников мекендерінде халықтың саны 4663-ке жеткен, отбасының саны 686 болған. Шаруашылық жағдайында Санников орман қоғамы орман шаруашылығы бойынша бірнеше алқапта ағаштар отырғызады. Алғашқы ағаштар 1911 жылы отырғызылды. Ал 1916 жылы селода пошта байланысы мен касса ашылған.

Кейінгі жылдарда қай селение, поселоктерге қанша келімсектердің келіп қоныстанғанын төмендегі құжаттардан көруге болады. Елді мекен атауларының жаппай өзгертілуі туралы айтар болсақ, Қоныстанушылар алғаш келіп қоныстана бастағанда учасоктер жергілікті жердің атымен аталған. Кейін жиналыс ашып, келімсектер өз атауларын қойып, өзгертіп отырған. Сонымен Ботақараның Санников деп аталған кезеңі де тарихта болды.

Ботақара елді мекені маңы Ақмола ояздығының 5-ші телімі есебінде болды. Санақ құжаттары бойынша сол 1911 жылы Санников селосы деп аталған Ботақарада бар болғаны 1971 тұрғын, 294 үй, 440 шаруашылық үйлері, 300 құдық, қоғамдық ғимарат, мектеп, аурухана, 10 жел диірмені, шаруалардың 152 жер машиналары, 459 соқасы болған.




Спасск болысы, Жартас учаскесінің картасы 1907 жыл



Ақмола уезі, Баймырза телімінің картасы 1903 жыл

Ақмола уездінің картасы.  
Құрастырушы А.А.Козырев, 1907 жыл.



## **XX ғасырдағы әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты Қарағанды облысының елді мекендерінің атауы**

1920 жылғы 26 тамыз бен 1928 жылғы 17 қаңтар аралығындағы әкімшілік-аумақтық құрылым тарихы (губерниялық бөлініс). Абай ауданының аумағы 1921 жылғы 25 сәуірден бастап бұрынғы Ақмола облысынан ауыстырылған Ақмола губерниясының Ақмола уезіне қарады. Ол кезде бұл аудан орталығы Больше-Михайловка деген жерде орналасқан Қарағанды болысы деп аталды. Бұл болыс «көшпелі» болыстар категориясына жатқызылды, яғни оның негізгі тұрғындары көшпелі қазақтар болды, [П-44, 25-27].

Ақмола губерниясы 1921 жылы 25 сәуірде Ақмола уезінің 75 болысынан, Атбасар уезінің 51 болысынан, Көкшетау уезінің 63 болысынан және Петропавл уезінің 44 болысынан құралды. 1923 жылдың қаңтарында болыстарды іріктеу науқаны жүрді. Ақмола уезінде 1924 жылғы қараша айының мәліметі бойынша 19 болыс қана қалды.<sup>88</sup>

Жаңаарқа жерінде болыстарды ірілендіру бұдан да ертерек басталған болатын. 1921 жылы қаңтар мен наурыз аралығында Сарыкөл мен Шонай болыстары Үшабыз болысы болып қайтадан ұйымдастырылды. Осы жылдың шілде айында Айнабұлақ болысы Атасу болысына, Мұңлы болысы Қосағалы болысына, қыркүйек айында Еркесай болысы Нілді болысына қосылды.

1923 жылы 26 қаңтарда Ақтау, Алабас, Ортау, Сарытау, Нілді болыстары Асанқайғы болысының, Жыланды, Көнек, Қарағаш болыстары Сарыарқа болысының құрамына кірді. Қарақыз, Шу, Көктас болыстарынан Шу болысы ұйымдастырылды. Қойтас, Шажағай, Соран болыстары Сарысу болысымен бірікті. 1923 жылы 6 наурызда бұл болыстарға Қосағалы болысы қосылды. Сарыарқа болысының орталығы болып – Нұрадағы Захаровка, ал Сарысу болысының орталығы болып – Атасу мекендері бекітілді.

1923 жылы 26 қаңтарда Байдәулет, Құмкөл, Шарықты, Шерубай-Нұра болыстарын орталығы Болыне-Михайловка болған Қарағанды болысының құрамына қосты. Бұғылы болысы Қарағанды мен Нұраға; ал Спасск Ақмола мен Қарағандыға қарады;

Астаховская, Больше-Михайловская, Долинская, Покорная, Просторная және Ростовская болыстары Промышленный болысының құрамына енді. Яғни, қазіргі Абай ауданының негізгі бөлігі (негізінен бұрынғы Мичурин ауданы) осы кезден бастап Промышленный болысына қарады. Орталығы 1924 жылдың 4 қыркүйегінен бастап Болыне-Михайловка селосына ауыстырылды [П-44, 29-30].

1928 жылғы 17 қаңтар мен 1930 жылғы 17 желтоқсан аралығындағы әкімшілік-аумақтық құрылым тарихы (округтік бөлініс). 1928 жылдың

<sup>88</sup> Аршабеков Т., Қожахмет М., Исләмұлы І. Жер жанаты - Жаңаарқа. Қарағанды: , Гласир баспасы. 2010. – 350

17 қаңтарында Ақмола губерниясы таратылды. (БОАК 1928 жылы 3 қыркүйекте бекітті). Губернияның уездері мен болыстарынан Ақмола және басқа округтердің аудандары құрыла бастады [П-44, 127].

Ақмола округі құрамында 15 аудан болып 1928 жылдың 17 қаңтарында Ақмола губерниясының құрамындағы Ақмола, Атбасар уездері мен Семей губерниясының құрамындағы Павлодар уезінің бөліктерінен құрылды [П-44, 183].

Енді қазіргі Абай ауданының аумағы жартылай Қарағанды мен, Промышленный ауданына енді. Өзгеріс Промышленный ауданына қатысты болды. Оның құрамына 1925 жылы 12 қазанда Захаровская мен Черниговская болыстарынан құрылған Объединенная ауданының бір бөлігін қосты [П-44, 127-128]. (Ал 1923 жылы 26 қаңтарда Захаровская мен Черниговская болыстарының құрамына Киев болысының аумағы қосылған болатын. Жыланды, Қарағаш, Көң болыстары жаңадан құрылған, орталығы Захаровка селосы болған,\* Сарыарқа болысына қосылды [П-44, 29]. 1928 жылдың 17 қаңтарынан бастап Нұра мен Сарыарқа болыстары қосылып, Нұра ауданын құрады. [128].)

1928 жылы Қазақстан төрт буынды басқару жүйесіне (ауыл – аудан – округ – орталық) көшті. Республика көлемінде 13 округ, 180 аудан құрылды. Ақмола округіне қарасты 15 ауданның бірі – Асанқайғы ауданы бұрынғы Асанқайғы болысынан және Сырдария губерниясына көшпей қалған Сарысу болысының ауылдарынан ұйымдастырылды. Сарыарқа болысына қосылған Қарағаш, Көнек, Жыланды болыстары Нұра ауданының құрамына енді.

1928 жылы 17 қаңтарда Қазақстанның II Пленумында аймақтық партия комитеті қаулысы бойынша «Қазақстанды аудандыру» жөнінде әкімшілік территориялық 3 звенолық жүйеге бөлінді; яғни округ - район - город; село - аул. 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы болыстық уезінен Семей облысына Қарқаралы округі құрылды. Оған 7 аудан енді.

1928 жылы 17 қаңтарда Қазақстанның аймақтық партия комитетінің «Қазақстанды аудандыру» жөніндегі қаулысы бойынша әкімшілік-аймақтық 3 бөлімдік жүйеге бөлінді; округ - аудан - қала; село - аул. 1928 жылы 17 қаңтарда Қарқаралы округі болып құрылып, Семей облысының құрамына кірді, округтің қарамағында болды.

1928 жылы Қарқаралы уезінің құрамы төмендегідей еді: Абыралы, Ақсары – орталығы Карбышев селосы, Бауыр – Борлы, Дағандал, Берікқара, Дегелен, Қатон – Балқаш, Кедей – Тоқырау қойнауы, Кент, Қызылтау – Қызылтау мекені, Қу, Мендеш, Темірші, Шет – Мойынты жері, Шұбартау, Едірей.

1929 жылы КСРО Орталық Атқару Комитетінің Президумының шешімімен аймақтарда округтер құру қабылданды. Өз кезегінде округтік басқару жүйесі аудандарға берілді. Ал бұл жағдай ауданнан ауылдық кеңес



жүйесіне берілді. Барлық қаралған қарарларда жергілікті әкімшілік басқару жүйесінде аудандық жергілікті әкімшілік жүйесін дамытуға баса көңіл бөлінді. Елдің аудандастыру жүйесін тұрақтандыру мақсатында әкімшілік-аймақтық жаңа өзгерістер енгізуді талап етті. Яғни экономикалық даму жағынан әлсіз аудандарды қысқартып, жаңа аудандастыру жүйесіне көшу саясаты жүргізілді. Бұрынғы 180 ауданның орнына 121 аудан құрылды.

1929 жылы 16 тамызда Асанқайғы аты өзгертіліп, С.Сейфуллиннің ұсынысы бойынша, аудан Жаңаарқа деп атала бастады.<sup>89</sup>

Қазіргі Қусак селосы 1928 жылдан бастап құрыла бастаған. Ол 2-3 үй біріктіріліп артель болған. Көшпелі ауыл 1931-1932 жылдары Қусак өзені бойында қыстау салып, жаз тоқырауын жағасына егін салып алғаш коллективтік шаруашылықтар ұйымдастыра бастаған еді. Алғашқы «Қопа», «Таң», «Берке» үш серіктестік ұйымдастырылған.

1928 жылғы Бүкілодақтық мал-жан санағының қорытындысы бойынша Ленинградтан шыққан «Весь Казахстан» деген жинақта «Коунрадский район» иеет 6417 хозяйств, с 29951 чел. населения: из них казаков – 29921 (99,9%), европецев – 30 (0,1%) деп көрсетілген (18). Бүгінше де Ақтоғай ауданының көлемі осы мөлшердегі кең алқап.

17 желтоқсан 1930 жылы ВЦПК-ның қаулысында 1930 жылдың 23 шілдеден Қарқаралы округі жойылды. Жойылудың нәтижесінде Берікқарадан және Кувск аудандарын аймақтық бөлуде, яғни бұрын Қарқаралы аймағына қараған, ал 1930 жылы 1 қыркүйек жекелеген Қарқаралы ауданы болып құрылды.

Алғашқы бесжылдық жылдары Қазақстандағы өнеркәсіп және теміржол құрылыстарының өркен жаюы, жаңа совхоз, колхоздардың бой көтеруі, жаңа өндіріс және ауыл шаруашылық орталықтарының пайда болуына себепші болды. 1930 жылы 1 қаңтарда райисполком бөлімі ретінде Қарқаралы қалалық кеңесі құрылып, осы жылы жеке бөлініп шықты.

1930 жылы 17 желтоқсанда БОАК-нің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысының негізінде Ақмола округі таратылды. Ал оның аудандары ірілендірілді: Жаңаарқаның бір бөлігі -Қарағандыға, Қарағандының бір бөлігі - Ақмолаға; Коммунистический - Ақмола, Қарағанды және Еркіншілікке; Промышленный - Қарағанды мен Нұраға қосылды.

Яғни, осы өзгертулердің нәтижесінде қазіргі Абай ауданының барлығы дерлік аумағы орталығы Көкөзек поселкесі болған Қарағанды ауданына енді. [П-44, 183-184].

1930 жылғы 17 желтоқсан мен 1932 жылғы 20 ақпан аралығындағы әкімшілік-аумақтық құрылым тарихы (аудандық бөлініс). 1930 жылы 17 желтоқсанда БОАК-нің 1930 жылғы 23 шілдедегі қаулысының негізінде

<sup>89</sup> Аршабеков Т.Т., Исләмұлы І. Жаңаарқа тарих толқынында. Қарағанды: Гласир баспасы. 2014. – 450 б.

округтік бөлініс таратылып, онда, жартылай жаңа аудандар құрылып, 1929 жылы ірілендірілген аудандар алынған аудандық бөлініс енгізілді. 1932 жылғы 20 ақпаннан бастап құрылған аудандар 6 облыстың құрамына енді. (БОАК 1932 жылы 10 наурызда бекітті).

Енді, қазіргі Абай ауданының аумағы орталығы Қарағанды қаласы болған Қарағанды ауданына қарады. [П-44, 212-213].

1931 жылы 20 наурызда Қарағанды ауданы орталығы Спасск заводы болған Тельман ауданы деп аты өзгертілді. Ал 1931 жылы 22 мамырда орталығы Токаревское селосы деп өзгертілді. [11-44, 216]

1931-1933 жылдары біршама өзгерістер болды. 1931 жылы 11 және 12, 15 және 16 ауылдық кеңестер бірікті. Ал 1932 жылы 18-17-ші ауылдық кеңестер бірігіп, 1933 жылы қала маңындағы ауылдық кеңестер, яғни Ерназар және Жаңабота ауылдық кеңестері құрылды, сондай-ақ 21 ауыл совет Хорошевский ауыл советіне қосылды. 1933 жылы ауданда тұрғындардың саны біршама азайды, соған байланысты жаңа аудандастыру жобасы бекітілді. Әр ауылдық кеңестерге нөмірленген ауылға өз аттары берілді:

№1, 2, 3 - Бидайық,

№4, 5 - Көктөбе,

№6 - Сартов,

№7 - Бадыран,

№8 - Ораз,

№9, 10 - Кент,

№11, 13, 14 - Милыбұлақ,

№15, 16 - Кеңестас,

№17, 18 - Калинин,

№19, 20 - Бесоба,

№21 - Қала маңы «Қызыларай» деп аталынды. Хорошевскийден 2 ауыл совет құрылды. (Хорошевский және Теміршін).

1932 жылы ақпанда жаңа әкімшілік-аймақтық бөліністе Қазақстанда 6 облыс құрылды. Олар әр шаруашылықтың кәсіптік дамуына қарай бөлінді. Қарқаралы ауданы Шығыс Қазақстан облысының құрамына енді.

1932 жылғы 20 ақпан мен 1936 жылғы 5 желтоқсан аралығындағы әкімшілік-аумақтық құрылым тарихы (облыстық бөлініс). 1932 жылы 20 ақпанда құрамында 23 ауданымен Қарағанды облысы құрылды. (БОАК 1932 жылы 10 наурызда бекітті),

1932 жылы Қазақстанда облыстар құрылуына байланысты, Жаңаарқа ауданы Қарағанды облысының құрамына кіріп, орталығы Атасу селосы болып бекітілген еді.

1932 жылы Қазақстанда облыстар құрылуына байланысты, Жаңаарқа ауданы Қарағанды облысының құрамына кіріп, орталығы Атасу селосы болып

бекітілген еді. 1933 жылдың көктемінде ашаршылықтан аман қалған бұрынғы 9 ауылдың халқы бас құрап, ТОЗ, мойынсеріктерге ұйымдасты:

№1 ауыл – Қаражаргас, Еркіндік, Еңбек;

№2 ауыл – Қызылшоқы, Өркендеу, Өндіріс, Келтетал;

№3 ауыл – Жеткіншек, Игілік, Жаңақұрылыс, Ұйымшыл, Кәсіпшіл, Жаңаталап, Төртқұдық, Көкөзек, Тегістік, Егіндікөл, Бестоған;

№4 ауыл – Үлгілі, Талдыбұлақ, Ленин, Оқкөмген, Қызылоба;

№5 ауыл – Атасу, Өрнек, Ақтүбек;

№6 ауыл – Алғабас, Сарыөзек, Бозоба, Қаракөл, Балға, Бірлік, Жаңажол, Тілеке, Жаргас, Көккемер;

№7 ауыл – Қарағаш, Ынталы, Қосшоқы;

№8 және №9 ауылдар – Тасжарған, Қамысмола, Жаңатілек, Түгіскен, Қаражаргас, Айбат, Жиделі, Тобылғылы, Маркс, Жарық, Құрамыс, Қарсыадыр мойынсеріктеріне топталды.

1932 жылғы 20 ақпанда Орталық Атқару Комитеті 1932 жылғы 10 – наурызда бекіткен, аудандар жаңа құрылған облыстардың құрамына енген. Сол тізімде – 63 – Қоңырат-Ақтоғай селосы болды.

Осы аталған құжаттармен 1932 жылы 20 – ақпанда құрамында 21 ауданы бар Алматы облысы құрылған аудандар қатарында – 15 Қоңырат-Ақтоғай селосы болды.

1933 жылы аштық зардабынан облыс көлемінде біршама өзгерістер болды. Соның бір мысалы Қарқаралы ауданының тұрғындарының саны біршама азайды, соған байланысты жаңа аудандастыру жобасы бекітілді. Әр ауылдық кеңестерге нөмірленген өз аттары берілді, олар Бидайық, Көктөбе, Сартов, Бадыран, Ораз, Кент, Милыбұлақ, Кеңестас, Калинин, Бесоба, Қызыларай деп аталды.

1934 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес Жаңаарқа ауданы Қарқаралы округінің құрамына енді, ал 1936 жылы 29 шілдеде ол округтің жойылуына байланысты аудан қайтадан Қарағанды облысының құрамына берілді.

1934 жылы Қоңырат ауданы Қарқаралы округінің құрамына енді, 29 шілде 1936 жылы ол округтің жойылуына байланысты аудан қайтадан Қарағанды облысының құрамына берілді. Бұрын таратылған 24 серіктестік таратылып қайта ұйымдастырылып, колхоздар құрылды

1934 жылы 19 шілдеде ҚазССР ОАК-нің қаулысымен Қарқаралы ауданына Баянауылдан 3 ауыл берілді Жаңақала, Корнеев, Үлгі. Осы жылы Қарқаралы ауданында 19 ауылдық және селолық кеңестер болды. Бесоба, Бадыра, Милыбұлақ, Тельман, Көктөбе, Комсомол, Еңбек, Темірші, Жарлы, Серік, Ораз, Қызыларай, Кент, Құлболды, Сарт, Бидайық, Қаршығалы.

1934 жылы 20 шілдеде Қазақстан Орталық Комитетінің инициативасымен

және талап етуімен ұйымдастырылып, Қарқаралы аймағына аударылды.

1935 жылы 19 шілдеде Қаз ССР ЦИК-нің қаулысымен Қарқаралы ауданына Баянауылдан 3 ауыл берілді. Жаңақала, Корнеев, Үлгі – 1938 жылы 17 ақпанда ВЦИК-ның президиумының қаулысымен Ворошиловский және Дмитриевский, сондай-ақ жаңадан құрылған Ворошилов ауданына берілді. 1936 жылы Корнеев ауыл советінің орталығы 5 ауыл Дмитриевский ауылдық кеңес деп аталды. 1935 жылы Қарқаралы ауданында 19 ауылдық және селолық кеңестер болды.

- №1 - Бесоба,
- №2 - Бадыран,
- №3 - Милыбұлақ,
- №4 - Тельман
- №5 - Көктөбе,
- №6 - Комсомол,
- №7 - Еңбек,
- №8 - Теміршін,
- №9 - Жарлы,
- №10 - Серік,
- №11 - Ораз,
- №12 - Қызыларай,
- №13 - Кент,
- №14 - Күлболды,
- №15 - Сарт,
- №16 - Бидайық,
- №17 - Қаршығалы.

1936 жылы 29 шілдеде одан Солтүстік-Қазақстан облысы бөлініп шықты, ал Қарағанды облысының орталығы Қарағанды қаласына көшірілді. (алдында орталық Петропавловск қаласы болған) [П-44, 230]

1936 жылы 29 шілдеде Қарқаралы округі таратылып, оның аудандары Қарағанды облысының құрамына берілген. Онда 4 Қоңырат-Ақтоғай селосы деп көрсетілген.

Сол уақыттағы деректерге қарағанда аудан орталығында 230-ға тарта үй болған екен, халқының саны алты жарым мыңдай болған.

Қазіргі Абай ауданы алдыңғыдай орталығы Токаревка селосы болған Тельман ауданының құрамына енді [П-44, 231].

Қазіргі Абай ауданының аумағы 1973 жылдан бастап орталығы қала типтес поселок Топар болған Мичурин ауданына енді.[П-44, 407]

1936 жылға дейін Қарағанды облысының орталығы Петропавл (Қызылжар) қаласы болып келді. Жаңаарқа ауданының ол кездегі жер көлемі 99 мың шаршы км. еді. Ауданға қарасты 3 жұмысшы поселкесі, 9 ауылдық кеңестер

болды (Атасу, Бірлік, Жарық, Қарағаш, Қарауылтөбе, Сталин, Қызылшоқы, Талдыбұлақ, Түгіскен). Атасу селосы поселке атағын 1941 жылы ғана иемденді.

Жаңаарқа ауданының әкімшілік өзгерісі 1939 жылы аудандық атқару комитетінің президумының қаулысына сай өзгертілді.

1. Сталин атындағы ауыл советі Еңбек, Қаражартас, Қоғамшыл, Еркіндік колхоздары.

2. Жеткіншек ауылдық советі – Жеткіншек, Ұйымшыл, Сарыөзек, Еңбекшіл колхоздары.

3. Жаңаарқа поселкелік советі аудан орталығы.

Жаңаарқа ауданының әкімшілік өзгерісі 1939 жылы аудандық атқару комитетінің президумының қаулысына сәйкес өзгертілді.

1. Сталин атындағы ауыл советі Еңбек Қаражартас, Қоғамшыл, Еркіндік колхоздары және 14 километр.

2. Жеткіншек ауылдық советі – Жеткіншек, Ұйымшыл, Сарыөзек, Еңбекшіл колхоздары.

3. Жаңаарқа поселкелік советі-аудан орталығы.

Жаңаарқа аудандық атқару комитетінің президиум қаулысы: №13, 1939 ж. Аудандау.

Ауыл шаруашылығы Министірлігі мен Қазақ ССР Министірлер Кеңесінің жанындағы ауыл шаруашылығы құрылысы басқармасының 1950 жылғы қарашадағы қаулысына сәйкес, аудандағы 29 колхоз ірілендіріліп, 11 колхоз болып қайта құрылды:

1. Еркіндік – Еркіндік, Еңбек, Қаражартас колхоздарының негізінде.

2. Алғабас – Алғабас, Сарыөзен, Бірлік колхоздарының негізінде.

3. Ленин атындағы – Үлгілі, Ленин, Талдыбұлақ колхоздарының негізінде.

4. Киров атындағы – Киров, Ұйымшыл, Жаңаталап, Тегістік колхоздарының негізінде.

5. Ынталы – Ынталы, Қарағаш, Қосшоқы колхоздарының негізінде.

6. Жеңіс – Жеңіс, Түгіскен, Коммунар колхоздарының негізінде;

7. Ынтымақ – Ынтымақ, Жеткіншек колхоздарының негізінде;

8. Өркендеу – Өркендеу, Қызылшоқы колхоздарының негізінде;

9. К.Маркс – К. Маркс, Жиделі колхоздарының негізінде;

10. Өндіріс – Өндіріс, Келтетал колхоздарының негізінде;

11. Атасу – Атасу, Ақтүбек колхоздарының негізінде құрылды.

12. 1936 жылдың 1 тамызында ВЦИК-ның қаулысымен «ҚазАССР-нің жаңа облыстар құрылуымен» байланысты Қарқаралы округі тарап, жеке аудан ретінде Қарағанды облысына қосылды. Аудандық басқару кеңесі 14 адамнан құрылды. 1939 жылы 24 желтоқсанда жаңа Конституция негізінде Қарқаралы ауданында еңбекші депутаттар Кеңесінің алғашқы сайлауы өткізілді.

13. Жаңа құрылған аудандық кеңестің алдында көптеген шаруашылық және әлеуметтік мәдени құрылыстың мәселелері тұрды. Шаруашылықтардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін еске ала отырып, Қарқаралы аудандық кеңесінің I сессиясының 1-шақырылымында тиісті бөлім: Қаржылы-бюджеттік; ауыл шаруашылық, мал шаруашылық, денсаулық сақтау; білім беру, мәдениет, сауда, коммуналдық шаруашылық және қаланы көріктендіріп жабдықтау: жол құрылыстары, мемлекеттік заңдылықтарды, сақтау комиссиялары сайланды.

14. Қарқаралы өлкесі Қарағанды облысында кең алқапты алып жатқан аймақ. Жер көлемі жағынан көптеген аудандармен шектесіп жатыр.

15. Қарқаралы аудан орталығы, шығыс және оңтүстік-шығыс жағынан Семей облысының Абралы ауданы, Алматы облысының Шұбартау ауданы, Қарағанды облысының Қу ауданымен шектесіп жатыр. Солтүстік, солтүстік-шығыс бағытында Павлодар облысының Баянауыл ауданы және Ворошилов аудандарымен шектескен. Батыс жағы Шет ауданы, оңтүстік жағында Қоңырат ауданымен шекаралас орналасқан. Оңтүстіктен солтүстікке дейінгі арақашықтығы шамамен 250 шақырым, шығыстан-батысқа қарай 180 шақырым.

16. Аудан құрамында 18 ауыл кеңесі кіреді: 1) Сартау, 2) Кент, 3) Бадран, 4) Серік, 5) Тельман, 6) Темірші, 7) Ақтайлақ, 8) Қызыл- арай, 9) Милыбұлақ, 10) Комсомол, 11) Жарлы, 12) Бидайық, 13) Еңбек, 14) Құлболды, 15) Бесоба, 16) Көктөбе, 17) Ленин, 18) Қаршығалы. Аудан орталығынан ауыл кеңестерінің арасы 15 шақырымнан 150 шақырымға дейін жерді қамтиды.

17. Аудан бойынша 52 шаруашылық артелі жұмыс атқарады.

18. Колхоз аттары: 1) Новый путь, 2) Калинин, 3) Қарасу, 4) Тегісшілдік 5) Төңкеріс, 6) Жаңабет, 7) Жаңа-негіз, 8) Беталыс, 9) 1 май, 10) Қарашоқы, 11) Қызыл- ту, 12) Еңбексүйгіш, 13) Жоншілік, 14) Жаныбек, 15) Татыбай, 16) Ленин, 17) Шатрағаш, 18) Фрунзе, 19) Жарбастау, 20) Томар, 21) Қарағаш, 22) Үштөбе, 23) Кеңес, 24) Талап, 25) Мәдениет, 26) Жұмыскер, 27) Саржал, 28) Кенасу, 29) Чкалов, 30) Ынталы, 31) Қызыл ту, 32) Жаңа ауыл, 33) Жұмысшы, 34) Камком, 35) Комсомолшыңы, 36) Бидайық, 37) Қызылшоқы, 38) Кеңестас, 39) Ақшоқы, 40) Кеңес, 41) Жекежал, 42) Көктал, 43) Қызылшілік, 44) Ұзынжал, 45) Екпінді, 46) Қайнарбұлақ, 47) Теңдік, 48) Жаңаталап, 49) Қызылжар, 50) Жаңатоғам, 51) Ұзынбұлақ, 52) Бірлік.

## Кірме атаулар

**ИЗУМУРУДНЫЙ** – ауыл. Абай ауданындағы кент. Атау орыс тіліндегі асыл тас, берилдің бір түрі И. (зүмірт) тасына байланысты қойылған.

Абай ауданының солтүстігінде, ауд. орталығы Абай қаласының солт. батысында - 90 км, Қарағандыдан солтүстік-батысқа қарай 110 км жерде орналасқан. Іргесі 1974 ж. Ертіс-Қарағанды каналының 2-кезегінің құрылысына байланысты қаланды. И-да орта мектеп, балабақша-ясли, киноқондырғылы мәдениет үйі бар. Қарағанды және басқа елді мекендермен автомобиль жолы арқылы байланысады.

**САМАРКА** – ауыл. Өткен ғасыр басында іргетасы қаланған көне ауылдардың бірі. Ол туралы «Ақмола облыстық ведомости» (№44, 1911 ж.) газетінде нақты деректер кездеседі. Онда 1911 жылдың 22 қыркүйегіндегі №398 қаулы бойынша қоныс аударушылардың Дальники Захаров болысына ауылдық қоғамдық басқару жүйесін енгізу туралы айтылған. Жаңа салынған ауылды Самарка деп атау ұйғарылған. Қоныс аударушы шаруалар өздері келген Самара губерниясының атауын осылайша сақтап қалған.

Самарка, Самар селолық округінің *орталығы*. Нұра өзенінің жағасында, Қарағандының батысында 100 км жерде орналасқан. Іргесін Самар губерниясынан қоныстанушылар 1904 жылы қалаған. 1931 жылы «Қарлаг» бөлімшесі ашылған. Халқының саны 1,2 мың (2005). Жерінің жалпы ауданы – 39,3 мың м<sup>2</sup>. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары – жеміс, жидек өсіру, қосымша саласы – сүтті ірі қара өсіру болды. Округтің елді мекендерінде (Бородиновка, Пруды, Огороды) 2 мектеп, клуб, кітапхана, ОДА, басқа да мәдени-тұрмыстық мекемелер бар. Кеңшар негізінде 33 шаруа қожалығы құрылған (2006). Ауыл басқа елді мекендермен автокөлік жолдары арқылы байланысады. Ең жақын Қарабас т. ж. стансасы 82 км жерде орналасқан. Басқа елді мекендермен автокөлік жолдары арқылы байланысады.

**САМАРСКОЕ (Самарқан)** – бөген. Бөгеннің Самарка ауылына жақын орналасуына қатысты қойылған гидроним. Нұра ө. Бойында 1941 жылы салынды. Ұзындығы 20 км, ені 6,5 км, еңтерең жері 17 м қалыпты су деңгейі кезіндегі айдынының ауд. 84 км<sup>2</sup>, суының көлемі 260 млн м<sup>3</sup>, жағалау сызығының ұзындығы 56 км. Суы тұщы (жалпы минералд. 1 г/л), кермектеу. Өнеркәсіпке және ауыз су ретінде, жер суаруға және халықтың демалыс орнына пайдаланылады. Ихтиофаунасы: шортан, алабұға, табан, тау-тан, қара балық, қызыл қанат, сазан т.б.

**САМАРҚАН** – су каналы (суару жүйесі). Атау бөгеннің атымен аталған. Жүйе жер суаруға арналған гидротех. (су бөлу, су шығару арықтары және құбырлар) және эксплуатациялық (жол, көпір т.б.) құрылыстар. Бұқар жырау ауд. жерінде орналасқан. Суару көзі - Нұра өзені мен Самарқан бөгені. Ертіс-

Қарағанды каналының суымен қоректенеді. С. с. ж-нің ұзындығы 12,1 км. Жүйенің сол жағалығы (1941 жылдан пайдаланылуда) Баймырза, Самарқан ауылдық округтерінің Қарағанды ауыл шаруашылық тәжірибе стансасының жерін суарады. 1983 ж. бас су бөлгіш қайта жабдықталудан өтті.

**САРЕПТА** – елді мекен атауы. Қазақ тіліндегі «Сары» «епті» деген біріккен сөздің орыс тілінде бұрмаланған формасы ретінде түсіндіріледі. Сарепта селолық округінің орталығы. Шахтинск-Есенгелді трассасының бойында аудан орталығы Абай қаласының солтүстік-батысында – 60 км, Қарағандыдан 65 км жерде орналасқан. Іргесін 1908 жылы Ресейден қоныс аударушылар қалаған. 1962 ж. кеңшарға Дзержинский аты берілген. Халқының саны 1,2 мың (2005). Жалпы жерінің ауданы 79,4 мың га. Кеңшар мал шаруашылығымен шұғылданған. Округтің елді мекендерінде (Сарепта, Қойбас, Родники, Қоянды) клуб, отбасылық амбулатория, 3 мектеп, кітапхана бар. Сондай-ақ 29 жеке шаруа қожалығы жұмыс жасайды (2006).

**ТИХОНОВКА** – елді мекен атауы. Орыс тілінде кісі есіміне қатысты қойылған. Кірме антропоним.

**ЮБИЛЕЙНОЕ** – елді мекен. Кеңес дәуірінде бесжылдықтар межесінің мерейтойына орайластырып, орыс тілінде қойылған атау.

Абай ауд. Юбилейный селолық әкімдігінің орталығы. Абай ауданының оңтүстік-батыс жағында Абай қаласынан 30 км жерде орналасқан. «Путь Ильича» кеңшары мен Ильич селолық кеңесінің орталығы болды. 1939 жылы Қарлаг бөлімшесінің Қотыр базасында ашылған және ІІМ қарамағында болған 1962 жылдан бастап ҚазКСР Министрлер Кеңесінің №31 қаулысы бойынша Мичурин ауданының ауыл шаруашылық басқармасына берілді. Мамандандырылған шаруашылығы – көкөніс, асыл тұқымды мал өсіру болды. Халқының саны 1,3 мың (2005). Жалпы жерінің ауданы 68,5 мың га. Округтің тұрғын пунктерінде (Юбилейное, Жон, Қаранақ, Тасзаимка) ОДА, ФАП, 2 мектеп, кітапхана, пошта, байланыс бөлімі бар. Юбилейное ауылының аймағында 41 шаруа қожалығы, ЖШС және ӨК ашылған (2006). Басқа аймақтармен автомобиль жолдары арқылы байланысады. Ең жақын т. ж. стансасы – Қарабас ауылдан 30 км жерде орналасқан.

**ЮЖНОЕ** – елді мекен атауы. Көксу ауылының Северное ауылына қарама-қарсы оңтүстікте орналасуына байланысты орыс тілінде қойылған атау.

**ЮЖНЫЙ (ОҢТҮСТІК)** – қала типтес поселке. Қарағанды қаласының оңтүстігінде, Абай ауданының (бұрынғы Мичурин) оңтүстік шегінде орналасуына байланысты орыс тілінде қойылған атау. Іргесі 1957 ж. қаланған. Кенттің құрылуына Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия зауытының салынуы негіз болды. Кент Шерубай-Нұра өзенінің оң жағалауында, облыс орталығы – Қарағанды қаласынан 70 км, аудан орталығы – Абай қаласынан 35 км жерде орналасқан. Кентте Оңтүстік Топар кен басқармалы, «ТЭМК» ЖШС



өндірістік кешені жұмыс істейді. Халқының саны 2,6 мың (2005). Шерубай-Нұра т. ж. стансасы Кенттен темір жолмен – 4 км, автокөлік жолымен 12 км жерде. Мәдениет үйі, кітапхана, мектеп, балабақша, ОДА, монша, дәріхана, пошта, 2 наубайхана, байланыс торабы, 13 дүкен, 1 кафе бар. Кент басқа елді мекендермен т.ж. және автокөлік жолдармен қатынасады.

**ЯГОДНОЕ** – елді мекен. Ауылдың шаруашылық бағытының жеміс-жидек өсіруге негізделуіне байланысты орыс тілінде қойылған атау.

**Покорное** – село. Елібай деп аталатын жерді Покорное («Покоряться должны, их дело покоряться» – деген сөзден шыққан) деп ақ патшаның жендеттері ат берген. Эстониядан келген қоныс аударушылар іргетасын қалаған.


**Самарқан** – село, Ленин ауылының орталық мекені. Теміртау қаласының алғашқы атауы. Самарқан поселкесіне 1906 жылы адамдар тұра бастады, ал 1909 жылы 10 ақпаннан бастап дербес ауылдық басқару құқығын алды. Поселкеге алғашқы жылдары Самарқан губерниясынан немістер келген. Атау екі сөздің негізін алған: «Самар» - қоныс аударушылардың бұрынғы тұрған отаны және «қант» елді мекен деген мағынада. Осымен тұрғындар өздерін самарқандық екенін айрықтаған.

**Миньковка** – село. Атауы Екатеринославский (Днепрпетровский) облысынан келген, онда Миньково (Маньково) слободасы болған.

**Волковское село** – Қаражар ауылының елді мекені. Жүзжылдықтың басында осы жерге қоныстанған шаруа Волковтың бұрынғы хуторы.

**Волын** – Дубовка ауылының елді мекені. Волын губерниясынан жер аударып келгендердің бұрынғы тұратын жері.

**Гагаринское** – село. Гагарин атындағы ауылдың орталық мекені. Тұңғыш ғарышкер-ұшқыш Ю.А. Гагарин есімімен аталған.



*Телман ауданы картасы*



*Ворошилов ауданы картасы, 1951 ж*

## Тың игеру жылдарында елді мекендер өзгерістері

1954 жылы тыңға шабуыл басталды. Жаңаарқа стансасына 1955 жылы 25 наурызда тың игеруге Ресейден 300-ден астам жастар келіп түсті. Оларды аудан басшылары, пионерлер зор құрметпен қарсы алды. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты бұл жылдары облыс бойынша жаңадан 16 кеңшар (совхоз) ұйымдастырылып, олардың ішінде Жаңаарқа ауданына қарасты таратылған Карлаг бөлімшелерінің негізінде «Бидайық» (Баташов), «Бұрма» (Бровкин), «Красная поляна» (Дворук), «Просторненский» (Давыдовский), «Ортау» (Жданов), «Қызылтау» (Рахымбеков), «Көктіңкөлі» (Медеубаев) совхоздары құрылды. (Карлаг соғыстан кейінгі жылдарда Орталық Қазақстандағы мал шаруашылығының негізгі базаларының біріне айналған болатын. КСРО Министірлер Кеңесінің 1953 жылғы 8 мамырдағы қаулысына сәйкес Карлаг шаруашылығы және лагерь басқармасы таратылып, Қазақ ССР ауыл шаруашылығы және дайындау Министірлігіне бес күн ішінде КСРО Юстиция Министірлігінен республика территориясындағы ГУЛАГ-қа тиісті ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қабылдап алу міндеттелгенді. Бұлар: Көктіңкөлі, Есенгелді, Қызылтау, Ортау, Ақмола, Бидайық, Батық және №1, №3, №12. №13 лагерь бөлімшелері еді. Аталмыш қаулыға сәйкес онкүндік мерзімде ГУЛАГ-қа қарасты ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қабылданғаннан кейін, олардың базасы негізінде жаңа шаруашылықтар құру тапсырылған).

1954 жылы 8 қыркүйектегі ҚазКСР Министрлер Кеңесінің №73 қаулысы бойынша «Айнабұлақ» совхозы ашылып, оған 130946 жер бекітіліп берілді. Алғашқы директоры Александр Ильич Ранетаның тұсында совхозға Ростовтан 50 жұмыскер келіп тұрақтады. Кеңшар алғашқы жылдың өзінде 14 мың гектар жердің тыңын көтерді. Совхоздармен қатар колхоздар да тың игеру ісіне қызу кірісті. Ленин атындағы колхоз 1954 жылы 3020 жерге дән сіңіріп, аудан бойынша алғашқы миллионер колхоз атанды. Киров атындағы колхоз да миллионер атанып, 1800 гектар егінін 1962 жылы 8000 гектарға жеткізді. Алғабас колхозы екі жыл ішінде егін көлемін 5000 гектарға жеткізіп, жыл сайын мемлекетке 3600-4000 тонна аралығында астық өткізіп отырды. Өркендеу колхозының жылдық табысы миллион сомға жуықтады. Бұрын егін салмайтын К.Маркс атындағы колхоз да егістік көлемін 6500 гектарға жеткізді. Міне, осылай тың игеру кезінде аудан экономикасы кең құлаш жая бастады. Егіншіліктен өзге мал шаруашылығында да оң өзгерістер мол болды. Жеңіс колхозы қой санын 45 мың басқа жеткізіп, озат қойшылары (С.Оразалин, Ә.Түсіпов, С.Шубаев, Т.Ашықбаев, Б.Бекмағанбетов, т.б.) әр жүз саулықтан 107-110 бастан қозы өргізді. К.Маркс атындағы колхоз 1956 жылғы 7050 бас қойын 1962 жылы 33 мың басқа жеткізді. Тың игеру басталған жылдары аудан экономикасының басқа салалары да жедел қарқынмен өркендей бастады. Теміржол, көлік қызметі, құрылыс жұмыстары серпінді дамыды.

Кен байлығын зерттеу кеңінен қолға алынды. Қаражалда руда өндіру өріс алып, орталық электр стансасы, кірпіш өндіру және темір-бетон зауыттары салынды. Ет комбинаты пайдалануға берілді. КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1958 жылғы наурызында МТС-тарды (машина-трактор стансалары) қайта құру Заңына сәйкес, олар таратылып, орнына жөндеу-техникалық стансалары құрылды. Тракторлары мен басқа да техникасы колхоздарға сатылды, әлсіз колхоздарға несиеге берілді. Мұның өзі колхоздардың материалдық тұрғыдан әлденуіне жол ашты. МТС-тардың қарыздарынан құтылып, техниканы өзінің қалауына сай, үлкен шығынсыз пайдалануына жағдай жасады.

ҚазССР-нің Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен 1954 жылы 16 шілдеде Кент және Ленин ауылдық кеңесі бірігіп, Ленин ауылдық кеңесі деп аталды және орталығы Жанабек болды. Осы жарлықпен Көктөбе Ауыл кеңесінің орталығы Чкалов болды. Жаңа негіз ауыл кеңесі Құлболды ауыл кеңесіне қосылды. Бидайық ауыл кеңесінің орталығы «Қызылшоқы» еді, енді осы ауыл Бадыран ауыл кеңесіне қосылып, орталығы болып «Комсомол шыңы» тағайындалды. Оның құрамына Еңбек ауыл кеңесі енді. Жарлы ауыл кеңесінің Жекежол колхозы Еңбек ауыл кеңесіне қосылды, ал «Көктал» және «Ұзынжол» колхоздары Милыбұлақ ауыл кеңесіне берілді.

Қарқаралы аудандық атқару комитетінің 1954 жылғы 20 қаңтардағы *«Қарқаралы ауданының ауыл кеңестерін аудандастыру және шекарасын анықтау»* мақсатында төмендегідей әкімшілік өзгерістер болған:

I. Шағын колхоздарды ірі колхоздармен біріктіру, олардың экономикалық дәрежесін және жер көлемін ескере отырып, ауыл кеңестерінің шекарасын анықтауды шешті: Аудан көлемінде 15 колхоз біріктіріліп, ауыл кеңестерінің әкімшілік аймағы кеңейді.

II. Жекелей елді мекендердің ара қашықтығы 12 шақырымнан 30 шақырымға дейін созылғандықтан, колхоздар Кеңестерін жақындастыру, шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту мақсатымен келесі ауыл кеңестерін ұлғайту шешілді:

а) Темірші ауыл кеңесі құрамында іріленген екі колхоз – Томар мен Қарағаш колхоздары және 57 елді мекен болды. Жаңадан ұйымдасқан Ақтөбе ауылдық кеңесіне 33 елді мекені қарады.

б) Бесоба ауылдық кеңесі құрамына екі ұлғайтылған колхоздар Жұмысшы, Қызыл-ту мен қатар 43 елді мекен кірді.

в) Құлболды ауыл кеңесі құрамында іріленген екі шаруашылық Калинин және Сталин атындағы колхоздар мен 40 елді мекендерді – 2 ауыл кеңесі құрылды.

г) Қаршығалы ауыл кеңесі ұлғайтылған екі колхоз Ворошилов атындағы, Новый путь колхоздары, Қарқаралының Заготскот конторының елді учаскелері Көктасты және кормосовхоз Ақбұлақ 30 елді мекендерін 2 ауылдық кеңеске бөлді.

III. Кіші колхоздардың ұлғайтылуына байланысты Еңбек, Милыбұлақ, Комсомол, Сартау, Ленин, Бидайық және Бидайық ауыл кеңестері біріктірілді.

Осы кезде ауылдық кеңестердің шекаралары бекітілді. Қаз ССР-нің Жоғарғы Кеңес президиумының жарлығымен 1955 жылы 22 қаңтарда Абыралы ауданына Көктөбе ауыл кеңесі берілді.

ҚазССР Жоғарғы Кеңес президиумының жарлығымен 1955 жылы 10 қазанда Еңбек ал Комсомол ауыл кеңестері Еңбек ауыл кеңесіне біріктірілді.

Серік және Милыбұлақ ауылдық кеңестері Қайнарбұлақ ауыл кеңесіне және Күлболды мен Бесоба ауылдық кеңестері Тегісшілдік ауыл кеңесіне біріктірілді. Осы жарлықпен Теміршін ауыл кеңесі Қарағаш колхозының аймағын Ақтайлақ ауылдың кеңесіне, бұрынғы Томар колхозының аймағын Тельман ауылдық кеңесіне берді.

Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен 1955 жылы 22 қарашада астықты Киргизия совхозы Киргизия поселкелік кеңесі болып құрылды.

Қаз ССР Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен 1956 жылы 27 тамызда аудан құрамына Қу ауданынан 4,102 га жер берілді. Қу аудандық кеңес атқару комитетінің қаулысы бойынша Бүркітті, Алғабас ауылдық Кеңестері біріктірілді.

1955 жылы алғашқыда Қарқаралы аудандық кеңесіне 18 ауылдық кеңес қарады. Берікқара ауданы және 7 аудандық кеңес, Хорошевский және Пригородный аудандық кеңестері 1931 жылы көктемде 3 ауылдық кеңеске көбейді.

Көшпелі және жартылай көшпелі және отырықшы аралас аймақтарда аудан бойынша көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарды біріктіріп, 21 ауылдық кеңес пен отырықшы тұрғындарды 2 ауылдық кеңестікке біріктірді.

Осы кезде ауыл советтердің шекаралары бекітілді. Қаз ССР-нің Жоғарғы Совет президиумының жарлығымен 1955 жылы 22 қаңтарда Абыралы ауданына Көктөбе ауыл советі берілді.

Қазақ ССР Жоғарғы Совет кеңесінің жарлығымен 1955 жылы 22 қарашада астықты Киргизия совхозы Киргизия поссоветі құрылды.

1955 жылы 10 қазанда Қарқаралы ауданы бойынша Еңбек және Комсомол ауыл кеңестері бір Еңбек ауыл кеңесіне бірікті. Мұнан соң Серік және Милыбұлақ ауыл кеңестері бір Қайнарбұлақ ауыл кеңесіне және Күлболды мен Бесоба ауыл кеңестері бір Тегісшілдік ауыл кеңесіне біріктірілді. Осы жарлықпен Темірші ауыл советі Қарағаш колхозының аймағын Ақтайлақ ауыл кеңесіне, бұрынғы Томар колхозының аймағын Тельман ауыл кеңесіне берді. 22 қарашада астықты Киргизия совхозы Киргизия поссоветі құрылды.

Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Қызылтау совхозы КСРО ИМ Карлағының совхозы болған 1958 жылдан бастап Қызылтау совхозы КСРО совхоздар Одағы Министрлігінің трест басшылығына берілді.

## Елдімекен, жер-су атауларының түсініктеме сөздігі: Этимология

Этимологиялық зерттеудің дамып, қалыптасуы бір-біріне тығыз байланысты екі үдерісті қажет етеді. Оның біреуі – этимология жасаудың ғылыми-теориялық негіздерін жан-жақты айқындап алу, яғни қазақ тіліне қатысты этимологиялық зерттеуге негіз болатын теориялық бағдарлама, практикалық көрсеткіш жасау. Қазақстан ғалымдарының да этимология туралы күрделі ой-пікірінің жинақталып, өзіндік бағыты мен тәжірибесінің нәтижесі ретінде осыдан елу жылдай бұрын «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінің» жарық көргені белгілі. Оның бер жағында бүгінгі түркітілдерінің біразында (мысалы, қырғыз, саха, шуаш, өзбек т.б. тілдерінде) арнайы этимологиялық сөздіктер жарияланды. Біздің пайымдауымыз бойынша, қазақ тіл білімінде жасалған жүздеген этимологиялық ізденістер, мың бес жүздей сөздің этимологиясының айқындалуы, этимологиямен сабақтас түбіртану бойынша жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде этимологиялық сөздікке енуі тиіс бір, екі буынды тұлғалар жан-жақты қарастырылып, оларға қатысты сөзжасам моделдерінің тізімі айқындалды. Қара сөзінің полисемиялық сипаты көне түркілер жасаған әлемнің кеңістік бейнесіндегі «солтүстік» ұғымымен де анықталады. Арқа сөзі кейбір түркі тілдес халықтарда «солтүстік» ұғымын береді. Қазақтардың көктем мезгілінде «Арқаға көштік» ұғымы осыған саяды. Сондықтан түс атаулары тілдегі дәстүрлі мағыналық жүктемемен қатар, кеңістік туралы айрықша географиялық ақпарды бейнелеген деуге болады. «Қара» сөзінің жалпытүркілік тағы бір мағынасы «жер, құрлық» деген ұғыммен байланысты.

Көнеден сақталған әлемнің кеңістік бейнесінде Тәңірмен байланысты жоғарғы әлем ақ түспен, ал төменгі әлем қара түспен бейнеленеді.<sup>90</sup> Қазақ топонимиясындағы «қара» лексемасы салыстырмалы түрде жазық кеңістіктегі оқшауланған төбелерге, тауларға, бастауын жер асты суларынан алатын өзендерге сол сияқты тау жыныстарының түсін анықтайды. Е. Керімбаевтің мәлімдеуінше, Қазақстан оронимдерінің 20%-ы өзінің құрамында түсті білдіретін сын есімдерден құралған: қара, ақ, сары, көк, қызыл, ала, шұбар, қоңыр, боз, жирен, қу, құба, шағыр, ұлан және т.б.<sup>91</sup> Ал геологтардың пікірінше Ақтас, Ақтау сияқты оронимдердегі ақ сөзі осы аталған орографиялық нысандардың құрамында «гипс», «әк», «мәрмәр» т.б жыныстардың бар екенін білдіреді.

Көне түркілік жазба ескерткіштерінде «көк» сөзі «аспан» мағынасында

<sup>90</sup> Конкашпаев Г.К. Цветовые слово в тюрских топонимиках - в кн: «Географические науки », Алма – Ата, 1969. – С. 72-83

<sup>91</sup> Керімбаев Е.Ә және т.б. Оңтүстік Қазақстанның топонимикалық кеңістігі – Шымкент: «Кітап» ЖШС, 2007. – 352 б.

қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде «аспан», «көк», «тәңір» концептілері өзара тығыз байланысты тұрақты тіркестер құрайды: «көк тәңірісі», «көк аспан» және т.б мұның өзі барлық түркі халықтарына тән, көне заманнан келе жатқан әлем бейнесінің семантикалық парадигмасы болып табылады. Сондықтан қазақ топонимиясында «көк» сын есімі арқылы жасалған біріккен атаулар біршама мол кездеседі.

«Сары» сөзі оронимдер мен гидронимдер, жайылымдық атаулардың құрамында жиі кездеседі. Бұл түспен байланысты атаулар гидронимдерде судың түсін, оронимдерде көбінесе тау жыныстарының түсін білдіреді.

Бұл өз кезегінде қазақ топонимиясында Сарыарқа, Сарыдала, Сарыөзек тәрізді атаулардың қалыптасуына негіз болған. Осы ретте қазақ халқының ат қоюдағы айрықша бір ұстанымын да ескерген жөн: кей жағдайда халқымыз «ұзақ сонар», «кең-байтақ» деген ұғымды сары сөзі арқылы жеткізген. Сондықтан қазақ санасындағы Сарыарқа сары түсті ұсақ шоқылар ғана емес, кең байтақ аумақ болып табылады.<sup>92</sup>

### Ойконимдер этимологиясы

Топонимика саласындағы атаулардың ішінде саяси тарихтың ықпалына көбірек түсіп, өзгеріске жиі ұшырап жататын түрі – елді мекендер атауы. Елді кім билесе – сол, өз билігін заңдастырудың, яғни, мойындатудың бір құралы ретінде, өзінің жүргізіп отырған саясатына ыңғайлап, елді мекендердің атауын өзгертуге тырысады. Жаңа билеушінің бұндай әрекеті ел ішіндегі бұрынғы биліктің ықпалын жоюға бағытталады.

Қарастырылып отырған ауданның елді мекендері атауының үстірт өзгеріске ұшырап, көне заманнан қалыптасып қалған тарихи атаулардың жойылып кетуі ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы Патшалық Ресейдің Қазақстанды өз құрамына енгізіп, отарлап алу барысында жаппай орын алды. Нақтылай айтқанда, елді мекендер атауын жаппай өзгерту-қазақтан жерді тартып алып, оған келімсектерді қоныстандыру саясатын заңдастырудың ең төте және сенімді құралына айналды.

Топонимика саласындағы елді мекендер атауының саяси тарихқа байланысты алмасуында мынадай заңдылық бар: тарихқа тамыры терең бойламаған, жергілікті тарих пен ел-жер тағдырында тек зорлық пен әділетсіздікпен орын алған атаулар сол тәртіптердің жойылуымен бірге құрдымға кетеді. Мұндай құбылыстың тарихи шындық екенін кешегі большевиктердің идеологиясына байланысты қойылған атаулардың уақыт сынын көтере алмағанынан көруге болады.

**АҚОЙ** – *жер*, Талдыманақа өзенінің батысында, Жаңаарқа ауданы

<sup>92</sup> Қаймулдинова К.Д. Қазақстанның аридті аумақтарының топонимиясы: монография – Алматы «Тес-olor» баспасы, 2010. – 280 б

*Ақ* (сын есім) және *ой* (зат есім) сөздерінен жасалған біріккен тұлғалы атау. Бұл жерде *ақ* «үлкен, кең» мағынасында, ал *ой* «ойпат», «жазық» мағынасында қолданылған. Сонда атаудың мағынасы: «кең жазық, байтақ дала», яғни *Ақжазық*, *Ақдала* топонимдерінің вариантына толық үйлеседі.

**АҚТАУ** – *с.*, Ақтау *с/о.*-не қарасты, Жаңаар. ауд.; *тау*, биік. 1133 м, Талдыманақа өзенінің бат.-да; Атау ақ кварциттерден түзілген тау жыныстарының ағарған түр-түсіне қарай аталған. *Ақ* сөзі түркі тілдерінде негізінен түстік мағынада қолданылады. Тау сөзі «Айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі биіктік, өте биік жер» [ҚТТС. II-том, б.342]. Ақтау атауы ежелден бері белгілі және өзіндік табиғи ерекшелігіне сай қойылған.

**АҚТҮБЕК** – *с, с/о. орт.*, Жаңаар. ауд. *шоқы*. *Ақ* (сын есім) және *түбек* (зат есім) сөздерін біріктіріп жасаған атау. Бұл жер атауындағы «түбек» сөзі географиялық тұрғыдан алғанда «үш жағынан су қоршаған жер». *Түбек* сөзі сонымен қатар, қазақ тілінде «баланы бесікке бөлегенде денесі, жаялығы былғанбас үшін бесікті тесіп орнатылған зат» [ҚТТС. II-том, б.379]. Ақтүбек атауының қалыптасуы да жердің ыңғайына қарай қойылғаны сөзсіз.

**АҚШАҒАТ** – *с*, Целинный *с/о.*-не қарайды, *сай, жер*, Жаңаар. ауд. *Ақ* (сын есім)- *+шағат* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Атаудың бірінші сыңарындағы *ақ* сөзі тура мағынасында «аппақ, таза», екінші сыңардағы *шағат*, *шақат* сөзінің фонетикалық варианты. Мағынасы: «соры шығып жататын, өсімдік нашар өсетін жер».

**АХМЕТҚАЗҒАН** – *жер*, Жаңаар. ауд. Қарағаш *с/о*. Қарағаш ауылынан 12,9 км қашықтықта оңтүст. қарай орналасқан. *Ахмет* (адам аты) және *қазған* (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Бұл жерде көне заман қорғандары көп.

**АШТЫҚ** – *жер*, Жаңаар. ауд. *Аш* (у) – (етістік)+*тық* (зат есім тудыратын жұрнақ) арқылы жасалған, яғни «бұл жерді біз таптық, біз аштық» дегенге байланысты қойылған болу керек.

**ӘЛМЕН** – *жер*. Жаңаар. ауд. Ақтүбек *с/о*. Антропоним. Алтай Алсай руының байы Әлменнің жайлаған жері. Әлменнің бидайығы деп те аталады (көктемде Сарысудың суы мол жайылатын, шөбі өскелең жер).

**ӘШІРБАЙЖАН** – *жер*. Жаңаар. ауд. Ақтау *с/о*. Антропоним. Алтай Сайдалы руының ағайынды Әшір және Байжан атты адамдарының жайлаған жері.

**ӘУЛИЕ ЖАРТАС** – *жер*, б.з.б. 5-8 ғ.-да Қазақстан аймағын мекендеген көшпелі тайпалардан қалған құрылыс орны. Қарағаш *с/о*-не қарайды, Жаңаар. ауд. *Әулие* (зат есім), *жартас* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Жартастың жанына әулиеге баланған Кіші жүздің екі адамы жерленгенге



байланысты қойылған атау. Мағынасы: қасиетті, құдіретті жартас дегенді меңзейді.

**ДАБА** – жер. Жаңаар. ауд., Жиделі арнасының маңында. Бұл сөз түркі-монғол тілдерінде *даба*, *дабан* формаларында айтыла береді. Сал. алт., хак. *даба.дабан* – «асу, бел», өзб. *дован*, қырғ. *дабан* – «тау асуы», азерб. – *даба; дабан* – «төбе» «жота», хал.-монғ. *дава, даван* «биік тау асуы».

**ҚАРҒАЛЫ** – жер, Жаңаар. ауд. Қарағаш с/о. Мағынасы – *қарғалар көп мекендеген жер*. Мұндай атаулар Сібір, Батыс Монғолияда да жиі кездеседі (Нұрмағанбетов Ә. 1994 б. б.24). Бұл атау *қарға* сөзінен жасалған болса, *қарға*: «Тамақ талғамайтын ала немесе қара түсті еті арам құс» (ҚТТС. II том., 1961. б.40). Ал *қарғалы* атауының семантикасын кейбір ғалымдар М.Қашқари сөздігінде кездесетін «қойтас» мағыналы сөзбен байланыстырады. Монғолдың ертедегі жазба тілінде «харгіл» – өзеннің тайыз жері дегенді білдіреді, қазіргі монғолдардағы «харгилла» тұлғасы да осындай мағынаға мезгейді. Якут тілінде «харгы» – тайыз су. «Қарғалы» сөзінің төркіні осы сөздермен тектес болуы да мүмкін. (Нұрмағанбетов Ә. 1994 б. б.24-25).

**МИҚҰДЫҚ** – *ескі е.м.*, Жаңаар. ауд. *Ми* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінен жасалған. *Ми* - «былқылдап жатқан батпақты, сазды жер» деген мағынаны береді. Атау «батпақты, сазды жерден қазылған құдық» дегенді аңғартады.

**РАЙЫС** – *елді-мекен*. Жаңаар. ауд., Отаутас тауының солтүстік жағында. Ақтауды мекендеген Алтай Сайдалы руының беделді ел адамының есімінен қойылған атау. Раис сөзі араб тілінде – «1. төраға, бастық, 2. шариат заңдарының орындалуын қадағалайтын шенеунік» деген мағынаны білдіреді [Джанузаков Т., б.154].

**ТҮГІСКЕН** – *елді-мекен, с/о*. Біздің ойымызша, Түгіскен атауының мағынасы «түгі өскен» емес, қазіргі «түйіскен» сөзінің фонетикалық көне формасы ретінде бірнеше өзен, судың немесе елдің бір жерге келіп, қосылған, түйіскен жері деген ұғымға саяды [ҚҒАС (ЖО)., б.265].

### Антропонимдер

Көне түркі жазба ескерткіштері ескі замандардан жеткен қазақ тілі тарихының қайнар көзі болып табылады. Бұл ескерткіштерде қазіргі тілімізге қатысты көптеген элементтерді кездестіреміз. Солардың қатарында кісі есімдері де бар. Тіл табиғатына тән даму заңдылықтары нәтижесінде болған біршама өзгерістерге қарамай, қазіргі тіліміздегі есімдермен әртүрлі қырынан байланысады. Сондықтан, көне есімдер мен олардың бүгінгі тіліміздегі нұсқаларын салыстыруды қазіргі қазақ антропонимикасының алдында

тұрған міндеттердің бірі ретінде тануымыз керек. Бүгінге дейін бұл бағытта зерттеулердің жүргізілгені белгілі. «Қазақ есімдерінің тарихы» атты еңбегінде ғалым Т.Жанұзақов кісі есімдерінің морфологиялық құрылымына біршама талдаулар жасаған болатын.

Топонимдер құрамына енетін апеллятивтер объектінің табиғи ерекшеліктерін айқын көрсетеді (жер бедері, өсімдіктер, топырақ т.б.) сонымен қатар этноним мен анротопонимдерден жасалған топонимдердің де құрамы мол. Бұл топтағы атаулар осы өңірдің этногенезінен толық хабар береді. Олардың кейбіреулері ұзақ уақыт қолданылу нәтижесінде көнеленіп, географиялық атау ретінде қойылу себептері ескіріп, ұмыт болған. Бектауата – тарихи тау, биіктігі 1215 м., село, Қарағанды обл. Халық аңызы бойынша: «Бектау ата және Бегазы деген екі әулие болған. Олар қашып келіп, осы тауды пайдаланған». Балқаш қаласының оңтүстік шығысында 60 км. Жерде Әулиетау деп аталатын тау бар, жергілікті халық оны Бектауата деп атайды. Оның жанында Ұраңқай деген шоқы бар. Әулиетау деп аталуы – тауға сыйыну, табынумен байланысты қойылса керек. Балқаш маңайын зерттеген ғалым П.Сарычев былайша жазады: «Бектау ата – оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын нысана іспетті керуен жолдың бойында тұрған «шамшырақ». Оның сүйір төбесі Балқаш көлінің оңтүстік жағалауынан көзге ілінеді. Көлдің астынан жарып шыққандай сұстиып тұрады және «бері тарт» дегендей ишарат береді. Сол таудың астында үлкен үңгір бар. Ол мөп-мөлдір тұщы суға толы. Су бетінің деңгейі әрдайым бір қалыпты: жоғары көтерілмейді, төмен түспейді. Табиғаттың осы жұмбағының көріністері дала жұртының сезімін билеп, атаудың постпозитивтік компоненті боп тұрған «ата» сөзін қоныстырғандай» (орысша текстен аударған Е.Қойшыбаев). Қазақстан жерінде ата тіркесімен аталатын жерлер (мәселен, Әулиеата, Сунақата, Асықата) көбіне сол жердің «киелі», «қасиетті», «әулиелік» құдіретіне байланысты халық нанымына сай қойылып отырған. Демек, осы себептен Бектауата «қасиетті», «әулие», «киелі Бектау» деген мәнді аңғартады. Әр елді мекен сияқты Бектауата тауы жайлы да халық арасында аңыз бар. Бағзы заманда бір қарт өмір сүріпті, ол кісінің ауылдастары жау тарапынан қысым көріп, ауыл болып қашуға мәжбүр болған. Қарт адам халқын тау мен тастан, өзен мен көлдерден өткізіп, мал асырап, жақсы күн кешуге болатындай мекенге көш бастап, алып келеді. Ауыл халқы тау етегіне жайғасады, ал, қарт адам үңгірлердің біріне кетуді шешеді. Ақсақал кетер алдында: «Мен мына жатқан таудың ішіндегі үңгірге кетемін, егер, менен бір нәрсе қажет болса, үңгірге келіңдер, барынша көмектесемін, бірақ, сендерге бір шартым бар. Кімде-кім анау таудың басына шығатын болса, бір жамандық келеді. Сондықтан, онда баруға тыйым саламын», – деген екен. Қарттың сөзіне құлақ аспаған бір адам, таудың басына шығып, одан құлап, жараланған екен. Содан бері бұл тау «Бектау ата тауы» деп аталып кеткен.

Жауыртау – атауын халық аңыздарында жиі кездестіреміз. Бұл атау туралы көнекөз қариялардың айтуынша: «Айбас Қозының ел-жұртын іздеуге шығып, астындағы атының одан әрі жүруге жарамай, жауыр болып қалған жері, қазіргі Теміртау маңайы болса керек, содан Жауыртау атанған еді», – дейді. Теміртау қаласының солтүстік жағында жауыр аттың иығы секілді айғыздалып жатқандығы үшін Жауыртау деп атап кеткен кішігірім шоқы бар. Атадан балаға ауысып отыратын халық аңызы Жауыртау деген атауды «Қозы-Көрпеш – Баян-сұлу» жырымен сабақтастырады. Ол жырда былайша суреттеледі: «Жауыр атты сен жүрсің, жаба тоқып, Көктайың жауыр қылған соған орай!..» Кәдуелгі «жетпіс жыл баққан малының жеті жапырақ етін тісіне басуға қимайтын» – Қарабай әкесі өлген Қозыны қомсынып қаша көшетін аңыз бар. Ұзақ көш жолында қырық нары арып өліп, Қарабайға Аякөзге келгенде ноғайлы Шақшақ байдың баласы Қодар Баянға ғашық болады ғой.

Кешікпей-ақ тоқсан мырзасын жалшылыққа берген Қодар Қарабаймен әмпей болып алады. Сонда әбден шарасы таусылған Баян Айбас деген жігітті қанатты қара биеден туған Бақа айғырға мінгізіп, алыста қалған ғашығы Қозыға жібереді. Сәлемдеме деп алтын сандыққа домбырасы мен моншағын, басындағы қарқара қадаған топысын салып берген екен. Қарабайдың қырық нарын жалмаған ұзақ жол Айбастың арғымағына да оңай тимепті. Шексіз-шетсіз сары дала Айбастың өзін де, астындағы тоқпақ жал бақа айғырды да титықтатса керек. Алайда қаншалықты қалжырап, қажыса да Айбас Баянның өтінішін орындау үшін Қозы Көрпештің елін бетке алып жүре берсе керек. Бірақ, амал қанша, елсіз-күнсіз сары дала астындағы аттың титығына жетіп, бір жерлерге келгенде болдырып, тоқырап тұрып қалыпты. Айбас алған бетінен сонда да қайтпайды. Бақа айғырды Тоқырауын бойының сонысына тынықтырып алып, тағы да жүріп кетеді ғой. Ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде мінген атынын тұяғы сөгіліп, арқасы ошақтай жауыр болып, мүлдем міністен қалған екен.

Осынау жауыр аттың қалған жері содан бері «Жауыртау» атаныпты дейді қыр аңызы. Ер жігіттің атын арытқан Жауыртауды қазір Теміртау деп атайды. Халық жүрегінен шыққан атау өміршең болады. Шынында да Теміртау дегеніңіз – ел өміріндегі тарихи-әлеуметтік өзгерістерімен біте қайнасқан атау. Теміртау десе Теміртау. Кәдуілгі «тау-тау темір» деген сөзден шыққан атау. Теміртау – 1945 жылға дейін Самарқант қалашығы аталып келіп, 1945 жылдың аяғында Теміртау қаласына айналған. Қарағанды облысына қарасты, Самарқант су қоймасының жағасындағы қала. Бұл жерде темір көп болғандықтан да Теміртау аталған.

Шерубай-Нұра – Қарағанды облысының Абай ауданында Шерубай-Нұра деп аталатын өзен және аттас бөген бар. Атау дара мағыналы екі сөзден жасалған, бірінші Шерубай сыңары кісі есімінен жасалған. Ол көне түркі

тіліндегі шері, алтай тіліндегі черу – «әскер», «армия» дегенді білдіретін сөз, ал ұйғыр, өзбек тілінде шерік деп аталып, «әскер, қолбасшы» деген мағына береді. Бұл сөзге қазақ тіліндегі бай сөзі қосылып кісі есімі жасалған. Ал Гидронимнің екінші Нұра Сыңарын зерттеушілер монғолдың жыры дегенді білдіретін сөзі деп түсіндіреді.

**Ботақара** – елді мекен, көл, тау аты.<sup>93</sup> Орталық Қазақстандағы ұсақ шоқылар. Қара сөзі бұл жерде көлемін, жалпы биіктікті көрсетеді. Баянтау маңында Найзақара, Ерейментау жағында Балтақара осы атауларға ұқсас құралған жер аты. Қоянқара – төбе, Ботақара кенті тұсында орналасқан. Шешенқара – елді мекен, тау аты. Екі түрлі компоненттен құралған күрделі атау. Шешен сөзінің негізі «тілді» дегені. «Қара сөзінің бұл жердегі мағынасы – тау, биік деген ұғымға сәйкес. Сарыарқада «қара» сөзімен құрылған атаулар жиі кездеседі. Мысалы, Үшқара, Таңқара, Найзақара, т. б. Қазақ аңыздарында.<sup>94</sup> Шешенқара атауы XVII-XVIII ғғ. қазақ-қалмақ жаугершілігі тұсында пайда болған (аңызы алда айтылатын болады – М.А.). Тарихи деректер бойынша қалмақтың хошутын<sup>95</sup> бір мезгіл Цэцэн хан басқарған (Батор қонтайшы<sup>96</sup> заманы). Аңыз бойынша Цэцэн қалмақ қызының аты. Қазақ тілінде шешен – тілі өткір, қара – тау, биік түсінігіне сәйкесі.

Ботақара-Нұра өңірінің жер атауларының бір ерекшелігі зооним атаулардың жиі кездесуімен байланысты. Мысалы, Аюлы тауы кәдімгі жыртқыш аң – аю атымен байланысты. Біздің заманда бұл арада жабайы аюлар болмағанымен, ертеде аю бұл жерде болған. Қасқыр, бөрі, түлкі, қарсақ бүгін де бар. Аюлы – тау. Биіктігі 812 м және Белағаш ауылының сыртында тұрған тау аты. Аюлы – таулар жүйесі. Арқада бірнеше Аюлы атауы кездеседі. Үлкен Аюлы, Кіші Аюлы – таулар. Енді бір зооним – бұғы атымен байланысты. Семізбұғы – тау, елді мекен. Бұл көне топоним (семіз-), бұғы көне түрік тілдеріне тән атау. Семізбұғы атты шөптің түрі де бар.

Елібай – жер аты, бұл жерге тоқтаған ел қонды, мал төлді келеді. Елібай Бес Мейрам арғынның Қуандық тармағындағы бір атаның аты. Елібай деп аталатын жерді ақ патшаның жендеттері Покорное («Покоряться должны, их дело покоряться») - деген сөзден шыққан) деп ат берген. Өйткені бұл жерге Эстониядан бір топ халықты жер аударған. Самарқан – село, Ленин ауылының

<sup>93</sup> Тоғжанов Е., Аршабеков Т. Атамекен. оқу құралы. – Қарағанды, 2002.

<sup>94</sup> Ескерту. Ботақара мен Шешенқараға қатысты аңыздарды баяндаушылар: Ғабит Нұрмахан, Жамбыл Омари, М. Спатайұлы, Қалиасқар Шыныбектегі. Соның ішінде, бір нұсқада Цецен қалмақтың жігіті, ал Бота қазақтың қызы деген үлгі бар. Олай болса, аңыздың тарихи мағынасы бар, өйткені Цецен тарихта болған тұлға – М.А.

<sup>95</sup> Ескерту. Хошут – ойрат одағын құрған төрт ірі руды бірі.

<sup>96</sup> Ескерту. Қонтайшы – хунтайчжи, Моңғолия жерінде XIV ғ. бері Шыңғысханның туыстары болып келетін төрелердің лауазымы. 1635 жылы құрылған Жоңғар хандығының билеушілері Қ. атанды. Қ.-дан төмен лауазымдар – тайчжи (тайшы), ноэон (ноян), зайсан (жайсан) болып келеді – М.А.

орталық мекені. Теміртау қаласының алғашқы атауы<sup>97</sup>.

Доскей – елді мекен.<sup>98</sup> Асыл – ауылы, бұл жер егін шаруашылығымен айналысуға өте ыңғайлы болған. Оның себебі ауылды Шерубай-Нұра, Соқыр өзендері қоршап тұр.

*Шешенқара ауылдық округі.* Шешенқара ауылы Нұраның сол жақ жағалауында, Шешенқара тауының етегінде, Ботақара кентінен шығысқа қарай 25 км, ал облыс орталығы Қарағандыдан шығысқа қарай 75 км жерде орналасқан. 1907 жылы мұнда шығыс-еуропалық қоныс аударушылар келіп, қоныс тепті. Қазақтың жаз жайлауы болған Шешенқара алқабы 1910 жылы Меколай деген атпен белгілі 1910 жеке елді мекен ретінде бекітілді. 1920 жылы большевиктер Пролетарское деп өзгертті. 1965 жылы «Кузнецк», «Буденый» ат. кеңшарларының жерінен құрылған «Пролетар» кеңшарының және Пролетар ауылдық Кеңесінің орталығы болды. 1997 жылдан бері Шешенқара деген байырғы қазақша атымен аталады. Халқының саны 2005 жылы 1, 2 мың. Жерінің жалпы ауданы – 105,7 мың га. Бұл жерде Шешенқара, Үштау ауылдары және Ащысу темір жол станциясы, өндірістік құрылымдар мен 22 шаруа қожалығы бар. Негізгі саласы егін шаруашылығы. Жалпы жерінің ауданы – 31,0 мың га, егістік жер ауданы – 5,4 мың га.

*Баймырза селолық округі* – аудан құрамындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Баймырза, Астахов ауылдары кіреді. Тұрғыны 2,1 мың адам. Орталығы – Баймырза ауылы. *Березняки селолық округі (тарихи атауы –Қызылқайың)* – аудан құрамындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Қызылқайың, Тасауыл, Сарытау ауылдары кіреді. Тұрғыны 1,6 мың адам. Орталығы – Қызылқайыңда. *Ботақара селолық округі* – аудан құрамындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Ботақара ауылы кіреді. Тұрғыны 0,8 мың адам. Орталығы – Ботақара ауылы.

Есен – өзен. Бұқар жырау мен Жаңаарқа ауданының жерін басып ағады да Нұра өзеніне құяды. Басын Арқалық тауынан алады, ұзындығы 85 км.

Бөрілісай – өзен. Атау өзінің тура мағынасында тұр.

**Ахметеспе** – Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы өзен. Араб тілінде Ахмет «мақтаулы», «мақтауға тұрарлық» дегенді білдіреді, ол Мұхаммедтің қосалқы аты. Ал атаудың құрамындағы еспе сөзі – халықтық географиялық термин. Ол Екі түрлі мағынада жұмсалады. Біріншісі – белгілі бір мерзімде ғана су ағатын, көктем кезінде қатты тасып, арнасып орып,

<sup>97</sup> Самарқан поселкесіне 1906 жылы адамдар тұра бастады, ал 1909 жылы 10 ақпаннан бастап дербес ауылдық басқару құқығын алды. Поселкеге алғашқы жылдары Самарқан губерниясынан немістер келген. Атау екі сөздің негізін алған: «Самар» - қоныс аударушылардың бұрынғы тұрған отаны және «қант» елді мекен деген мағынада. Осымен тұрғындар өздерін самарқандық екенін айрықтаған.

<sup>98</sup> Доскей шығармаларының негізгі тақырыбы Қарағанды кеншілерінің өмірі мен еңбегі болды. «Қарағанды», «Екі сайлау», «Жүрегім» деген өлеңдері ақынның таңдаулы шығармалары болып есептеледі. Д. Әлімбаев облыстық ақындар айтысын ұйымдастырушылардың бірі. Ақынға Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері атағы, «Құрмет Белгісі» ордені берілді, жерленген жеріне ескерткіш қойылған.

жуып кететін, соңынан кеуіп қалатын өзенді білдіреді, ал екіншісі – үстірт жақта онша терең емес құдықты айтады.

### Некронимдер этимологиясы

Жер тарихы – ел тарихы. Оның бетіндегі белгі – бедер ішінде бүгінгі, ертеңгі ұрпақ үшін, ең қымбатты материалдық белгілер ескерткіштер. Қазірдің өзінде Орталық Қазақстанда көне заманнан бүгінгі күнге дейін айғақ болар жүздеген ескерткіштер бар.

Кез-келген жәдігер өткен тарихи уақыттың, оқиғаның ғана куәсі емес, сонымен қатар елдің, рудың тарихи мұрасы. Ел арасындағы қасиетті ата-қорым, әулеттік сағана сияқты ұғымдардың өзі ерекше. Олай десек, ескерткіштер, қорымдар бұл жердің Орта жүздің руларының жері екеніне жәдігерлер айғақ болады.

Тарихта ерте кезеңде белгілі шартты түрде үш жүздің территориясы болғанын тарихи құжаттардан кездестіреміз. Территориялық қатынас, байланыс жер мәселесіне байланысты құжаттардан жерге қатысты қатынастардың өзі әлеуметтік құрылымға қатысты болған.

Жалпы көшпелі қауым көзқарасында территориялық тұтастық жерге деген сүйіспеншілігі қоғамдық байланыстардан тыс қалыптасқан. Қазақта «ел», «жұрт», «халық», «Отан», деген *мағына* бар. Бұлардың бәрі де ру мағынасынан әлдеқайда кең, олардың әрқайсысының тұтас бір ел, халықтар сыйып кетерлік маңызы бар.

Сонымен қатар территориялық тұтастық ұғымы, жер мәселесі біріншіден негізгі ұғым бойынша «Құдайдың жері» – Алла тағала құдай осы рулардың ата-бабаларына тиесілі еткен. Осы территория көлемінде, көшпелілік дәстүрді сақтай отырып, кез келген ру, тайпа күнделікті тұрмыста қажеттігіне қарай, мысалға, аштық, жұт немесе шөптің нашар шығуына байланысты айырбастауына мүмкіндігі болды.<sup>99</sup>[1].

Тарихи аңыздар, фольклорлық жырлар күнделікті тұрмысқа қатысты осы қағиданы толықтыра түседі. М.Ж.Көпеев шежіресі бойынша: оның арғы бабасы Тілеуімбет он бес баласымен Сырдан Арқаға қоныс аударып жолай қалмақпен соғыста өлген. Оның баласы Бегім Ұлытауда біраз жыл қоныс еткен, оған сол жердің Бегімнің бес саласы атануы куә, ал енді Бегімнің баласы Ақжігіт қырық тоғызында Көкшетау баурайында Шортан Қаратай-Қаздың қара суы деген жерге қойылған, оның баласы Ермахамбет Қызылтауда қартайып өлген. Шежіреге орай шежірешінің төрт атасының ғұмыры тұтас XVIII ғ. сәйкес бір ғасыр бойы олардың руы Сарыарқаның нақты бір бөлігін иемденбеген. Бұл жағдай қазақтың сол тұстағы көпшілік руларға ортақ деп

<sup>99</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: Санат, 1996. – 656 с

атауымызға болады.<sup>100</sup>[1]

XVIII ғасырдан Сарыарқаға елдің қоныстана бастауын Н.Н.Балкашин дерегінде: «Прежде из-за Каратауских гор к р. Чу и к Улутауским горам направились момуны. В их числе были роды: атыгай, багыс, канджигали, табукли, сарджетим,-чак, басентеин, караул. Далее басентеин и табуклы ушли к Баянаулу. После момунов, из за Каратау пришел союз кувандык, состоявший из аргынских родов алтай, калкаман, агыс, карпык и темеш. Этот союз оттеснил момунов к северу и расположился в степях по верховьям р.Сарысу по р. Нуре и т.д. С кувандыками прикочевал еще род каракисьяк, занявший горы у Балхаша. Позднее пришел третий аргынский союз суюндык, состоявший из родов дюрт-аул, каржас с козганом и каксалом».<sup>101</sup>[2, 256]

Бұл қағидаға дәлелдеме ретінде Сарыарқа өңірінде кездесетін XVIII ғ. салынған тарихи ескерткіштерді атауымызға болады. Себебі бұл кездегі күмбездердің көпшілігі рулық территория жеріне емес, белгілі бір тарихи оқиғаларға орай салынған. Мысалы, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы Аппаз күмбезі. Далалық этнографиялық материалдар негізіне сүйенсек, осы жәдігердің Аппаз аталуына үлкен бір байдың баласы көш кезінде ме, әлде жорық кезінде ме осы жерде мертігіп қаза табады. Қаза тапқан баласын ел болып жерлеп, басына күмбез орнатады.<sup>102</sup>

Немесе Шет ауданындағы Қабанбай қорымындағы, Бәзілбай күмбезі де XVIII ғ. қатысты. Этнографиялық экспедиция кезінде жергілікті қариялардың айтуынша бұл жерден Қабанбай батыр бір немесе екі мәрте қонып өтсе керек. Содан жердің аты Қабанбай атанған.<sup>103</sup>

Қай қоғамда болмасын меншіктің басты белгісі – жер. Жердің молдығы көші-қонның ұзақтығы мал шаруашылығының берекелі дамуының алғы-шарты.

Әрине қалыптасқан шекаралы меншікті қазақ жерінен XVIII ғ. көре алмаймыз. Дегенмен, жерді шаруашылық ыңғайына байланысты оқшаулау әр рудың өз жайылымдарына, әсіресе қысқы қонысына иелік ету, сол XVIII ғ. өзінде кезігіп қалады. Жер үшін ру аралық келіспеушіліктер Орта жүзде алтай мен қаракесек арасында қалыптасып, бұл дау Қаздауысты Қазыбектің інісі Сәдібек тұсында болса керек. Қуандықтар қаракесектерді Нұраға жолатпаймыз дейді, себебі Сәдібек ауылы отырған жерде *атамыздың бейіті бар дегені*. Ел арызданып, жерге талас шыққан соң Омбыдан жандарал келмек болады. Сол жерде Сәдібек отырған ауыл, бір түнде әлгі бейітті бұзып, кірпішін бір сайға тасып орнын тегістеп, үстіне қой түнетіпті. Бұрын мұнда

<sup>100</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. Алматы: Санат, 1996. – 656 с

<sup>101</sup> Балкашин О балкашине. Известия имп. РГО т 18. Вып. 4 182 г.25 с

<sup>102</sup> Аршабеков Т.Т. Қарқаралы күмбездері. Қарағанды: Арко, 1997. – 96 б.

<sup>103</sup> Артықбаев Ж.О. Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы. Қарағанды, 1998. – 275 б.

бейіт болғанын дәлелдей алмаған соң, жандарал Нұра суына екі елді ортақ қылған екен, - дейді жергілікті тұрғындар.

Ру аралық жерлердің XVIII ғ. II-нші жартысында және XIX ғ. басында рулық жерлердің белгісі болғанымен нақты шекара болмаған. Жер мәселесі халық арасында сақталған ел аңыздарына байланысты ата қоныстары және сол елдің ұрпақтарына салынған жәдігерлеріне қарай бөлінген. Жоғарыда аталғандай және этнографиялық материалдарға сүйенсек, ру аралық шекараның белгісі «Шекара не өзен болар, не кезең болар» немесе шекара бөлудің шешуші кезеңінде белгілі қолдан тұрғызылған заттар «омақа», «оба» «ағаш қада» болған.

Бұл кезеңде шекаралық белгінің бірі информанттардың айтуынша, шөптің басын буу немесе белгілі жерге ру басының құрығын қадау болды.

Қазақ ауылының көші жайында А.Гейнс былай жазады «Көш жолдары, рулар арасында қалыптасқан жолдармен анықталады, ал бір бағыттағы көш кезінде «көш басы» сол жерге рудың белгісі болмаған жағдайда жерге рулық таңбаны қалдыруы тиіс.<sup>104</sup>

Ал шекараны «оба» ретінде белгілеу көпшілік жағдайда бейбіт өмірде екі жақты келісіммен белгіленіп отырған және «оба» тас үйіндісі немесе басқа табиғи заттар қолданылған.

Көшпелі қоғамға тән этнотерриториялық байланыстың үзіле бастауы XIX ғ. басында Ресей империясының жүргізген жаңа саясатына қатысты болды. Бұл саясаттың жер мәселесіне орай 1822 ж. жүргізген «Сібір қырғыздарының Ережесі» болды. Бұл Ережеге қатысты қалыптасқан ру-тайпалық қатынастарды бірдей бұзбағанмен жекелей рулардың жаңа көш-қоныс жерлері бекітіле бастады, яғни өткен ғасырдағы Сарыарқа бойындағы емін-еркін көшу процесі тоқтала бастады.

Жерге қатысты жаңа өзгерістерге байланысты М. Красовский былай дейді: «В каждом окружном приказе области сибирских киргизов имеются сведения о киргизских зимовках, и приблизительно известны даже те урочища, по котором аул проходят летом, по действительно существующий условия межи, разграничивающая зимняя и осенние стоибища киргизов».<sup>105</sup>

Осы саясатқа байланысты XIX ғ. 30-40 жылдарында Қаракесек, Қамбар, Тарақты руларының территориялық қыстаулары, бірнеше рулық құрылымдардың жерлері тарыла бастады. Тарақты елінің жағдайы күрделеніп, ал Алтайлықтардың бірнеше жерлерінен айырылуға тура келді.<sup>106</sup>

Сонымен Қаракесек руларынан Байбатырұлы Балағазы, Бөкенбай

<sup>104</sup> Гейнс А. Собрание литературных трудов. Киргиз-кайсаки в зауральской степи. СПб 1898 г. Тип Имп. Общ-ва. Т.2

<sup>105</sup> Красовский М. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область Сибирских киргизов .СПб, 1868. Ч 3. – 264 с.

<sup>106</sup> Артықбаев Ж.О., Аршабеков Т.Т., Исләмұлы І. Жаңаарқа тарихы. Қарағанды: Санат, 1999. – 275 б.



ұрпағынан Бәйкелді бастаған тағы басқа рулардың беделді адамдары жиналып алтайлықтарды Қаракесек жерінен қууға шешім қабылдайды. Бұл жорыққа Өлтөбет, Бөкенбай, Құлжас, Шекшектің ұрпақтары қатысқан. Алғашқы бетте Қызылағаш деген жерде жойқын төбелес болып, ол жердің Қызылағаш атануына сол себептен туса керек.<sup>107</sup>

Наршөккен тауынан асып Шодыр су қосағаш ішіне барған соң алтайлықтар қайта қозғалып, ойламаған жерден шұғыл қарсылық жасайды. Бейқам келе жатқан Балағазы батыр, Бәйкелді әжептәуір зәбір көріп жарақаттанады. Өз елінің, өз жерінің шекарасына келгенде Бәйкелдіні жерлеп, сонан соң бұл жер Бәйкелді-Шотай өзені аталады. Бұл сапардың екінші бір сәтсіздігі түнде Жасанта өзенінен өтіп, Қалпе басы деген жерге келгенде Балағазы батыр менің бойым ауырлап барады, біраз жүрген соң сойылын төмен түсіріп, менің шақшам түсіп қалды, осы араны қараңдаршы деген екен, сол жерде аттан түсіп маңындағыларға «енді мен ілгері бара алмаспын» -десе керек. «Денеңе түскен жарақат ауырғаны білінбес, соңынан шығар зардабы. Мен бес ата Өлтөбетті жаңа қонысқа орналастырдым, осыдан былай жүруге шамам жоқ, тағдырдың басқа жазғаны осы болар, алтайлықтар Бәйкелдіден аспас. Одан асса да менен аспас, *мені осы араға белгіге тастап жерлеңдер (біздікі- Т.А)*»-деп өсиет айтса керек. Міне осы жерде Бәйкелді батыр күмбезі тұрғызылды.

XIX ғ. екінші жартысында жерді меншіктеу үрдісі басталды. Жерді меншікке айналдыру бір жағы Ресей саясаты ұстанған әкімшілік-территориялық, екінші жағынан дәстүрлі ру аралық қатынасқа байланысты қаралды, көпшілік жағдайда көшпелілік салт-дәстүрге байланысты әр ру өзінің атақты адамдарың, ел басшыларына қойылатын белгі күмбездерді меже қылды, оларды шекара алқаптарға, даулы жерлерге қоюға ұмтылды.

Жерді меншіктеу, меже белгілеу руаралық қақтығыстар мен қатар жайылымдардың тарылуына әкеп соқты.

Бұл саясатты Красовский былай суреттеді: «Даже и теперь уже можно считать по мере областных киргизов вполне закрепленным к постоянно занимаемым или ныне занимаемым местам, а при этом условию, особенно с возрастанием населения, приходится дрожит каждый клочок земли».<sup>108</sup>

Жердің тарылуы сонымен қатар жергілікті әкімшілік дәрежесіндегі төрелердің, болыстардың өздеріне көпшілік жерді қаратуға тырысты. Далалық этнографиялық экспедиция кезінде жинақтаған материалдарға сүйенсек және көне көз қарттардың естелігінде бұл құбылыс Бөкей ұрпағы арасында да болса керек. Жамантай Шыңғысұлының бейіті Нұркен селосында орналасқан, ал Жамантай төре болса, осы өңірдің біршама жерін өзіне күшпен қаратқан.

Бұл жерге талас, руаралық территориялық қатынастардың күшейе түсуі,

<sup>107</sup> Аршабеков Т.Т. Қарқаралы күмбездері. Қарағанды: Арко, 1997. – 96 б.

<sup>108</sup> Красовский М. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область Сибирских киргизов. СПб, 1868. Ч 3. – 264 с

көрші уездерге де тән болды. Мысалы, Ақмола, уезінде қыстақтарға талас қуандық руының сармантай және қареке рулары арасында туған. Бұл жерде руаралық таласпен қатар, әлеуметтік қайшылықтар қатар жүрген .

Архив құжаттарын далалық этнографиялық материалдар айғақтай түседі. Мысалы қареке руының батыры Алданазар күмбезі, сармантай руымен жапсарлас Қызылоба тауының етегінде меже ретінде қойылған.

Бұл құбылыс Орталық Қазақстанның батыс өңірінде де байқалды. XIX ғасырдың 30- ншы жылдарында Батыс Сібір губернаторлығы бағаналы-найман, қыпшақ, арғын руларынан жеке Торғай округын құруды ойластырды, бірақ бұл шешімге Орынбор әкімшілігі келісімін бермеді. Сондықтан екі округ арасындағы шекара осы рулардың жайылымдардың ортасынан өтті. Осындай жерге даулы кезеңде қыпшақ рулары Торғай өзені, Жыланшық өзендерінің бойындағы жайылымдарға ие бола бастады. Бұл аталған руаралық жер дауын архив құжаттарында: «Расположенная зимовками на всем протяжении пространства заключающиеся между границею, отделяющую Оренбургских, пишут кипчаки, что -они выражают большие затруднения (из- за найманов- Т.А) в прокормлении скота лишаются возможности производить сенокосения».<sup>109</sup>

XIX ғ. 50-нші жылдарынан бастап наймандар өздерінің рулық қыстақ жерлерін тастауға мәжбүр болды. Сондықтан да шекаралық меже ретінде бұл жерге бағаналықтар Иманбек күмбезін салса керек. Иманбек өз заманында осы өңірге мәлім болған адам. Күмбезі Ұлытау ауданының Сарлық селосынан 70 км шамасында орналасқан.

XIX ғ. II-нші жартысында Қазақстан өмірінде әлеуметтік - экономикалық күрт өзгерістерге әкеліп тіреді. Қазақ қауымы жөнінде зерттеушілердің бірі А.А.Кауфман «қырғыз (қазақ –Т.А) шаруашылығында, таза көшпелілік шаруашылықтан, отырықшы шаруашылыққа көше бастады, қыс мезгіліне байланысты қыстақтардың салынуы, екіншіден – шөп шабу, үшіншіден – жер шаруашылығының пайда болуы болды. Ерден қыстағының бірінші қыстағы 4 бөлмелі тастан қаланған, терезесінде шынылар бар, екінші қыстағы екі бөлмеден тұрады, жұпыны деп» атап көрсетеді.<sup>110</sup> Бұл қыстақтың орналасқан жері Ерден Сандыбайұлы кесенесінен 2-3 км жерде Қарағанды өзенінің бойында.

«Қыстаулар рудан руға мұра ретінде тапсырылады» – деп жазады А.Гейнс. Қыстаулардың жерлері ру басыларының ұсыныстарымен бекітіліп отырады және бұл жерлер ешқандай әкімшілік жарғысымен қаралмайды.

Қыстаулардың иелері өздеріне қатысты жерлердің шекарасын толық игерген. Ал қыстау жерлерін бөліске салар жағдайда, көршілес ауылдардың ақсақалдарды, құрметті, сыйлы азаматтарын шақырып, шекаралық белгі

<sup>109</sup> Муканов М. С. Этническая территория казахов в XVIII- нач. XX вв. Алматы. 1991

<sup>110</sup> Кауфман А. А. Свод трудов местных комитетов по Кавказу, Области войска Донского, Сибири, Степному краю и Туркестану, СПб., 1907.

анықталған. Ал шекаралық белгі жойылған болса, бұл жағдайда көрші ауыл куәгер ретінде алынады – деп атайды .

Жаңа территориялық өзгерістерді одан әрі толығырақ осы автор: « Роды не пересекают свои территориальные границы. Каждая волост по преимуществу составляется из аулов одного и того же рода. Подразделение зимовок производится между родственниками по указаниям родоначальников. В случае споров возникающих между родичами по зимовкам, аульный старшина, по требованию родоначальника созывает аул. В случае если родоначальник не может решить спора, дело передается на решение умному, уважаемому бию». <sup>111</sup>

Жерге қатысты осы өңірдегі этнотерриториялық қатынас 1870-80 жж. жаңаша дамыды. Себебі 1868 жылғы Уақытша ереже әкімшілік-рулық территорияның орнына, таза территориялық болыстарды енгізді. Әрине оларда рулардың жерді пайдалану және шекара межесі бекітілмеді, екіншіден бұл жерлердің тарылуы халықтың өсіміне қатысты болды, үшіншіден көшпелі шаруашылықтың құлдырауы, жер шаруашылығының дамуына байланысты болды.

**АЙБОСЫН** – *бейіт*, Сарысу өзенінің оңт. жағ.-да, Бұл атау *ай* (зат есім) және *болсын* (етістік) деген екі сөзден қосылып жасалған. Кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгіленген жер (объект-бағдар).

**АҚПАН** – *бейіт*. Жаңаар. ауд. Ақтүбек с/о. Антропоним. Алтай Алсай руының белгілі биі жерленген жер.

**АҚ МҰСТАФА** – мешіт. Адам атына байланысты қойылған атау. Мұрағат деректеріне сүйенсек Мұстафа Жәнібекұлы 1865 жылы осы арада мешіт салғызған [толығырақ: Аршабеков Т., Жұмабеков Ж., 2005]. Мұстафа араб тілінде – таңдаулы деген мағынаны білдіреді [Джанузаков Т., б.150]. Мұстафа есімі ХІХ ғ. екінші жартысынан бастап Орталық Қазақстан өңіріне ислам дінінің толық енуіне байланысты жиі қойылатын болған. Ақ Мұстафа аталуы осы тұлғаның халық арасында құрметке ие болуына байланысты.

**«АҚТАУ АРУЫ»** – *сынтас, арх. ескерткіш*. Жаңаар. ауд. Ақтау с/о жеріндегі ғылымға белгілі тас мүсін. Ақсай шатқалынан 7-8 км қашықтықта солтүстікке қарай орналасқан. Алдында отқа табыну орны сақталған.

**АШКЕМПІР** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. *Аш* (сын есім) + *кемпір* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Тама руы байының бәйбішесі қайтыс болғанда, жаназасына сойылған малдың семіздігі соншалықты, жиналған ел жей алмай, аш қайтқандықтан қойылған есім.

**АЛАҚҰНАН** – *зират*, Сарысу өзенінің оңт.-де, Жаңаар. ауд. *Ала* (сын есім) + *құнан* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау.

**ӘУЛИЕ-МОЛА** – *бейіт*. Әулие сөзімен байланысты жер атаулары көптеп

<sup>111</sup> Гейнс А. Собрание литературных трудов. СПб., 1898. Т.2 – 512 с.

кездеседі. Ғалымдардың пікірінше мұндай атаулар «қазақ халқының өткендегі пұтқа табынған дәстүрін аңғартады» [Қойшыбаев Е., б.57]. Мола деп қазақта «өлген адамның сүйегі жерленетін бейітті» атайды [ҚТТС.ІІ-том, б.145].

**ДАРАБАЙ** – *бейіт, мешіт*, Жаңаар. ауд., Ералиев с/о. ХІХ ғ. тұрғызылған зират. Ералиев елді мекенінен оңтүстік-батысқа қарай 27 км. жерде. Антропоним.

**БЕРЛІБАЙ** – *мешіт*, Жаңаар. ауд., Талды-манақа өзенінің бат.-да. Кісі есімінен қойылған жер. Антропонимдік атау. Берлібай қажы Алтай Сайдалы руынан шыққан есімі халыққа кеңінен танымал діндар адам болған, Ақтау өңірінде мешіт тұрғызылған. Ежелгі түрік тілінде берклиг – күшті, мықты мағынасына ие [ДТС., б.96].

**ЕРКЕБҰЛАН** – *құмбез*. Антропоним. Еркебұлан есімді осы жерді мекендеген Тарақты руының батыры жерленген. Қазақтар жақсы көретін, кенже балаларын еркелеткен, ерке деген немесе бұла өскен дейді. Бұлан – «салалы, үлкен мүйізді, аша тұяқты, бұғы тектес аң» [ҚТТС.2-том, б.28].

**ЖАЙМА** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Ақтүбек с/о. Ақтүбек елді мекенінен батысқа қарай 23 км. жерде. Алтай Алсай руының беделді биі Жайма жерленген жер. ХІХ ғ. тұрғызылған зират. *Жайма* сөзі қазіргі қазақ тілінде «ашық алаңдағы базар» деп түсіндіріледі (Қойшыбаев Е., 1985. б. 102-103).

**ЖАМАНТАС** – *қола дәуірінен қалған мола*. Жаңаарқа ауданының Бесоба қыстағының оңтүстігінде 3 км. жерде. 1955ж. Ә.Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеген. Моланың диаметрі 4,6-5,0 м., сыртқы іргесі үлкен тастармен қоршалған. Өліктің қол-аяғын бүгіп, қоршалған тас жәшіктің ішіне ас ішкен құмыра ыдыстарымен бірге қойған. Моланың сыртқы құрылысына және саз балшықтан істелген құмыраларға қарағанда, бұл өңірді мал шаруашылығымен айналысқан тайпалар мекендеген.

**ЖАҚСЫБАЙТАМ** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Жақсыбай есімді кісі жерленіп, басында айшықты там, мазар (мазарат) тұрғызылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАНБАБА** – *бейіт*, Жаңаар. ауд., Талдыбұлақ елді мекенінен оңт. шығ. жақта. Тұңғатар руының осы есімді адамы жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАНБОЛ** – *бейіт*, Жаңаар. ауд., Сарысу өзенінің солт.-де. Алтай Алсай руының Жанбол есімді адамы жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАНБЕК** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Кісі жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАҢАБАЙ** – *бейіт*, Жаңаар. ауд.-да, Тасбұлақ сайының оңтүстік жағында. Кісі қойылған бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**ЖАРҚЫМБАЙ** – *бейіт*, Жаңаар. ауд.-да. Кісі қойылған бейіт, сол

бойынша белгілі жер (объект), бағдар. Жаңаар. ауд.

**ЖӘКЕЙ** – *бейіт, күмбез.* Жаңаар. ауд., Сарысу өзенінің солт.-де. Антропоним, адам атымен қойылған атау. XIX ғасырда өмір сүрген Алтай Сайдалы руынан шыққан белгілі тарихи тұлға.

**ЖҰБАН ӘУЛИЕ** – *мола, көне заман ескерткіші.* Жаңаар. ауд. Көне топоним. Бұл күмбездің сызбасын кезінде Ш.Уәлиханов қағазға түсірген болатын [Уәлиханов Ш. т.4, б.158]. Күмбез туралы алғашқы деректерді П.И.Рычков «Орынбор топографиясы» атты еңбегінде (1762) келтіреді. Қазақтар бұл жерді әулие санайды, ақтық байлайды. Жұбан сөзі иран тілінде *джаван* «жас, кіші, жас адам, бозбала» дегенді білдірсе [Джанузаков Т., б.141], қазақ тілінде жұбату, тыныштандыру мағынасында қолданылды. Бірінің артынан бірі қайтыс бола берген балалардан кейін туған балаға осындай есім беріледі. Ә.Марғұлан бұл архитектуралық құрылымды оғызқыпшақ дәуіріне жатқызады. Жұбан ана бейіті Жаңаарқа өңіріндегі ең көне сәулет құрылысының үлгілерінің бірі. Республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген.

**ИСАБЕК** – *бейіт.* Антропонимдік атау. Иса ежелгі еврейлік Иисус сөзінің араб тіліндегі қалыбы [Джанузаков Т., б.143]. XIX ғ. қазақ арасында мұсылмандықтың кең таралуынан дінмен байланысты есімдер қойыла бастаған.

**КЕЗЕКМОЛА** – *бейіт,* Жаңаар, ауд., Қарашоқы тауының оңт.-бат. жағында. Алтай Аралбай руының адамы жерленген жер.

**КӨКЕНБАЙ** – *бейіт,* Жаңаар. ауд. Басына орнатылған белгісі бар бейіт, сол бойынша белгілі жер (бағдар-объект).

**КӨЛШБАИ** – *бейіт,* Жаңаар. ауд. Аталған кісі жерленген зират, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАРААҒАШ ОБАСЫ** – көне бейіт орындары. Жаңаарқа ауданы Қараағаш селолық округінің Сарыкөл дейтін жерінен 4,5 км. солтүстікте орналасқан. Обалардың орташа диаметрі 2-15 м., биіктігі 1-4,5 м. Қараағаш обасын 1904 ж. А.Козырев пен А.Петровский тауып, бір обаны қазған. Тас мүсін және мәйіт қойылған тас жәшік аршылған. Мүрденің жанынан жылқының қаңқасы табылған. Қазып алынған материалдар: алтын тәж (диадема), тас орнатылған екі сырға, тас орнатылған алтын тілікше, кәрібтас моншақ (16 дана), алтын таспалар, өрнек салынған көзе, т.б. Табылған заттар мен жерлеу рәсіміне қарағанда, б.з.б. VI-IV ғасырларға жатады. Қараағаш обасы Қазақстан археологиясы тарихында ең алғашқы қазба жұмыстары толық жүргізілген ескерткіштердің бірі ретінде ғылыми маңызға ие.

**ҚАЗАНҒАП** – *бейіт,* Жаңаар. ауд. Адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАЙЫНАТА** – *бейіт,* Жаңаар. ауд. *Қайын* (кісі аты), *ата* (зат есім)

сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАЙЫПӘУЛИЕ** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. *Қайып* (кісі аты), *әулие* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Осы адам (қасиетті Қайып) жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАМЫСМОЛА** – *бейіт*, *Қамыс* (зат есім)+*мола* (зат есім) сөздерінен жасалған. Мағынасы «камысты жердегі мола».

**ҚАРАБЕК** – *бейіт*, *көне заман қорғандары*. Жаңаар. ауд. Қарағаш ауылынан 8,5 км қашықтықта орналасқан. Антропоним.

**ҚАРАСАҚАЛӘУЛИЕ** – *мола*, *оба*, Жаңаар. ауд. *Қарасақал* (кісі аты), *әулие* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Осы адам (қасиетті Қарасақал) жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект).

**ҚАРСЫБАЙ** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Осы адам жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚАСЕН** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Алтай Алсай руының адамы жерленген бейіт, сол бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚОЖА АТА** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Қожата деген белгілі адам жерленген зират, сол атау бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚОРЖЫНБАЙ** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Кісі жерленген зират, сол атау бойынша белгілі жер (объект-бағдар).

**ҚОСМОЛА** – *бейіт*. Мағынасы: «Қатар жатқан екі мола, тауға қойылған бейіттер, сол атау бойынша белгіленген жер (объект-бағдар).

**ҚОСТАМ** – *бейіт*, Сарысу өз-нің оңт. жағ.-да, Жаңаар. ауд., Ақши құд.-ның жан.-да, *Қос жоне там* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «бейіттің басына салынған екі там».

**ҚҰДАБАЙ** – *қыст.*, *бейіт*. Жаңаар. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған қыстау, бейіт аты.

**ҚҰТЖАН ҚАЖЫ** – *бейіт*. Жаңаарқа ауд., Ақтаудағы Мыңбай сайы дейтін жерде. XIX ғ. Жаңаарқа территориясын мекен еткен Алтай Аралбай руынан шыққан Құтжан деген жылқылы бай адам болған. Қажылыққа барып, ел арасында ислам дінін дәріптеген.

**ҚЫЛЫШ** – *мола*. Жергілікті халық Қылшекең деп те айтады. Бұл жерге Тама руының биі, әрі болысы Қылыш Итемгенұлы жерленген. Бейіті сақталған. Қазіргі күнде халық әулие деп, басына табынады. Қаражал кенішін сумен қамтамасыз ету мақсатында Атасу өзенінің бойындағы бұл жерге бөген байланған.

**МӘУЛІМБЕРДІ** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Ералиев с/о. Сөргі өзенінің оң жағасында, Ералиев елді мекенінен оңтүстік-батысқа қарай 35 км. жерде орналасқан. Антропоним.

**МҰСА** – *бейіт*, Жаңаар. ауд. Кісі жерленген бейіт, және сол атау

бойынша белгілі жер (объект), бағдар.

**МОЛААДЫР** – *бейіт, төбе*, Жаңаар. ауд. «Мола жанындағы, төңірегіндегі адыр» деген мағынадағы атау.

**МЫРЖЫҚ** – *көне заман қонысы, қорымы*. Ақтау с/о жерінде, Атасу өз. оң жағалауында, Жаңаар. ауд. Қола дәуірдің қонысы мен жерлеу орындары табылған жер. Жалпы көлемі 4 га. Атауы руы қаракесек Мыржық бидің есіміне байланысты қойылған.

**САҒАЛ ТАМЫ** – *бейіт*. Жаңаар. ауд. Бидайық с/о жерінде. Сарысу өзенінің бойындағы жайлауда қайтыс болған руы Тарақты Сағал байдың есіміне байланысты қойылған атау. Сағал деп қазақ тілінде «жағал, айғыз-айғыз» деген мағынада қолданылады. Ал, там деп «мола, зират, бейіт» меңзеліп тұр [ҚТТС. II-том., б.326].

**САРЫ ТОҚА** – *бейіт*. XIX ғ. Жаңаарқа территориясындағы Манақа өзенінің бойында Сайдалы Сары Тоқа есімді тарихи тұлға өмір сүрген. Алтай Сайдалы руының болысы, әрі атақты күйші, сері адам болған. Халық Тоқа руының атауымен шатастырмас үшін руы Сайдалы, өңі сары болғандықтан Сайдалы Сары Тоқа атап кеткен.

**ТҮҰЖ** – *бейіт, көне заман мола, қорғандары*. Жаңаар. ауд. Қарағаш ауылынан 11,5 км. қашықтықта орналасқан. Антропоним.

**ҰЙТАС** – *андрон мәдениетіне жататын көне зираттар тобы*. Ақтау с/о жерінде, Жаңаар. ауд. Қола дәуірінің әлеуметтік молалары. Атауы тас үйінділеріне байланысты қойылған.

**ҚУРАЙЛЫ ОБА** Құра – бір нәрселердің басын қосып, топтастыру, жинау [ҚТС,424]; оба – тастан, топырақтан үйіп жасалған көлемі мен биіктігі әр түрлі төбешік, төмпешік, қорым [ҚТС,483]. Нұра ауд.

**ТӨРТҚҰЛАҚ МОЛА** Төрт – үштен кейінгі есептік сан [ҚТС, 647]; құлақ – адам мен жануардың есту мүшесі [ҚТС, 419]; мола - өлген адамды жерлейтін көр, бейіт [ҚТС, 465 Нұра ауд.

**ОБАЛЫ Оба** – тастан, топырақтан үйіп жасалған көлемі мен биіктігі әр түрлі төбешік, төмпешік, қорым [ҚТС,483]. Нұра ауд.

**БЕРДІБАЙ МОЛАСЫ** Мола – өлген адамды жерлейтін көр, бейіт [ҚТС, 465]. Бердібай деген адам жерленген жер. Нұра ауд.

**АҚШОҚЫ, ТАС ОБА** Ақ – 1. сүттің, қардың түсіндей аппақ түс [ҚТС, 25]; шоқы – 1. биік жота, төбе; 2. қол жеткен табыстың, жетістіктің шыңы [ҚТС, 735]; тас – таулы жерлердегі қатты кристалл жыныс, соның үлкенді-кішілі бөлшектері [ҚТС, 621]; оба – тастан, топырақтан үйіп жасалған көлемі мен биіктігі әр түрлі төбешік, төмпешік, қорым [ҚТС,483. Нұра ауд.

**БОЛТАЙ МОЛАСЫ** Мола - өлген адамды жерлейтін көр, бейіт [ҚТС, 465]. Болтай деген адам жерленген жер. Нұра ауд.

## Гидронимдердің этимологиясы мен тілдік семантикасы

Қола дәуірінде қоныстар кішігірім өзендердің, көлдердің жағалауларына орналасты. Бұл шаруашылық мүдделеріне байланысты болды, мал үшін қаулап өскен шөпті жер, егіншілік үшін ыңғайлы қара топырақ қажет болды.

Сарыарқаның батысы мен шығысын, солтүстігі мен оңтүстігіндегі ашық дала мен таулы өңірлерді қоныстанып, өзен жағалауларын жайлаған, сақ тайпалары екі түрлі қорған ескерткіштерді тұрғызған.

Гидронимия – топонимиканың күрделі де көлемді саласының бірі. Ол – грек тілінде гидро – су, оним – атау, яғни су атаулары ұғымын берді. Демек, гидронимия – өзендер мен көлдердің, көлшіктердің, қайнарлар мен бастаулардың, бұлақтар мен құдықтардың, яғни су объектілерінің жиынтық атауы.

Өзендер мен көлдердің, жалпы су атаулының адам өміріндегі алатын орны ерекше. Сулы жердің дала қазақтары үшін қолайлы мекен болатыны анық. Бұл жерлер бірте-бірте атауларға ие болады және олар бір-бірін қайталамаған.

### Потамонимдер этимологиясы

**АҚСУ** – өзен. Жаңаар., ауд. Сарысу өз. алабында. Бұлақтардың қосылуынан түзіліп, Сарысу өзеніне құяды. Ұз. 42 км. 5 саласы бар. Жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлініп қалады. Атауы *ақ* (сын есім) және *су* (зат есім) сөздерінен құралған. Мағынасы – «таза су».

**АҚТАСТЫ** – өзен, Талдыбұлақ кентінің оңт. жағ.-да, Айғыржал тауынан басталып, Сарысуға құяды, ұз. 58 км, Жаңаар. ауд. *таулар*, Омарбек тауының оңт.-шығысында, Жақсы Иманақ тауының оңт.-батысында, *сай-сала*, Желтау т. солт.-батысында, Ақтау ауылының оңт.-шығысында, *су қоймасы* Ақтасты өзенінің солтүстігінде, Жақсы Иманақ тауының батысында орналасқан. *Ақ* (сын есім) және *таст* (зат есім) -*ты* (зат есімнен туынды сын есім жасайтын жұрнақ) сөздерінен бірігіп жасалған өзен аты. Мағынасы: «ақ тастары басым өзен, су».

**АҚТАССУ** – өз., Қарашоқы тауының оңт. жағ.-да., Жанаар. ауд. *Ақ* (сын есім) және *таст* (зат есім) -*су* (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған өзен аты. Мағынасы: «ақ тастың астынан шығып жатқан ағынды су».

**АЛАШБАЙ** – өз., Жаңаар. ауд. Кісі есімінен қойылған өзен аты. Ұзындығы 55 км., су жинайтын алқабы 1220 шаршы км. Шұбароба және Қосқара тауларынан басталып, Бозкөлге жетпей құмға сіңіп кетеді. Қар және жер асты суларымен толысады. Жазда құрғап қалады, суы ащы.

**АЩЫЛЫ** – өзен, Жаңаар. ауд. Қарашоқы тауының оңт.-шығысынан бастау алып, Қаражал қаласының оңтүстігіндегі сортаңдарда жоғалады. Атауы өзеннің суы ащы болғандықтан қойылған.



**АЩЫЛЫАЙРЫҚ** – өз., Қаражал қ.-ның солт. жағ.-да., өз., Терісбұтақ өзенінің солт.-де. Жаңаар. ауд. *Ащы-лы* (туынды сын есім) + *айрық*, (зат есім) сөздерінің бірігуінен жа-салған. Айрықта ащы сортаңның болуына байланысты қойылған атау.

**АЩЫСУ** – өз., Жаңаар. ауд., Қарашоқы тауының оңт. жағ.-да. *Ащы* (сын есім) + *су* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Өзен суының ащы екендігін білдіреді.

**АЩЫҚАРАСУ** – өз., Жаңаар. ауд. Отаутас тауының солт. жағында. Сарысу өзенінің алабындағы Атасу өзенінің сол саласы. Жаңаарқа және Шет аудандарының жерімен ағады. Ұзындығы 40 км. Тасқоралы және Қушоқы тауларының беткейінен ағып шығатын бұлақтардың қосылуынан құралады. Айшырақ ауылының тұсында Атасу өзеніне құяды. Өзен жағасы жарқабақты. Көктемгі еріген қар және жерасты суларымен толысады. Сәуірде ғана арнасы толып, тасиды. Жылдың қалған айларында қарасуларға бөлініп, тартылып қалады. Суы мал суаруға пайдаланылады, өзен алабында мал қыстатылады. *Ащы* (сын есім), *қара* (сын есім)+*су* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Қарасу деп ел арасында өзеннен бөлініп қалған терең суды айтады. Сонда атаудың мағынасы: «дәмі ащы, сортанды, тұзды қарасу» дегенді білдіреді.

**АППАЗ** – өз., Жаман Сарысу өзенінің М.Жұмажанов ауылына жақын бөлігі, Орынбай ауылының солт. жағ.-да, Жаңаар. ауд. Кісі есімінен қойылған гидроним болуы мүмкін.

**АҚШИЛІ** – өз., Жаңаар. ауд. *Ақ* (сын есім)+*ши* (зат есім)+*лі* (зат есімнен туынды сын есім жасайтын жұрнақ) сөздерінен құралған. Бұл жерде ақ шидің көптігіне, калың өскендігіне байланысты қойылған атау.

**ЖӘМШІ** – өзен, Жаңаар. ауд. Бұрынғы Ақтау бекінісінің шығысында ағады. Көктемде қар суымен толысады. Жаз айларында құрғап қалатын арна. Атауы парсы тіліндегі *жамшид* сөзінен шығуы мүмкін. *Джем, джам* – адам аты және авеста, пехлеви тілдеріндегі *шит* – нұрлы деген мағынаны білдіреді.

**КӨКЕМЕС** – өз., Жаңаар. ауд. Өзен суы тазармай, үнемі лайсаң болып ағатындығынан туындаған атау.

**КӨКТАЛ** – құр. өз., *батп.*, Манақа өзенінің бөлігі. Жаңаар. ауд., Талдыманақа өз.-нің шығ.-да. *Көк* (сын есім) -*тал* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «бұл өзен бойында, немесе осы жерде жас, жасыл тал көп өсетінін» білдіреді.

**ҚҰРМАНАҚА** – өз., Орынбай ауылының шығ. жағ.-да. Жаңаарқа және Шет аудандарының жерімен ағады. Сарысу алабында. Ортаудың батыс беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан түзілген. Атасу кентіне таяу жерде Жаман Сарысу өзеніне құяды. Ұзындығы 65 км. Жағасы жайдақ, арнасы біршама ирелең. Көктемгі еріген қар және жерасты суларымен

толысады. Сәуірде тасиды, шілдеде төменгі деңгейі қалыптасады. Жаздың ыстық айларында жекелеген қарасуларға бөлініп кетеді. Өзен суы ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады, аңғарында жайылымдық, шабындық жерлер, қыстаулар бар. Монғол тілінде «манах» – «түңгі уақытта мал жайып, оны күзету. Алтай тілінде «манакай», тува тілінде «манагы» – өзен аттарымен тубірлес. Атаудың топонимдік мағынасы: Кезінде шөбі шүйгін, мал жаюға ыңғайлы өзен жағасы. Кейінде құрғап, суы тартылып қалған өзен, құрғақ су арнасы

**ҚАРҚАНӨЗЕН** – *өз.*, Жаңаар. ауд. *Қарқан* (етістік), *өзен* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «жалғасып жатқан, ұштасып жатқан өзен».

**ҚҰДАЙМЕНДЕ** – *өзен*, Сарысу алабында. Терісбұлақ өзенінің оңт.-де, Жаңаар. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған атау. Ұзындығы 63 км., су жинайтын алқабы 649 шаршы км. Атасу кентінен солтүстік-батыста 40 км. жердегі Айғыржал тауынан басталып, бұрынғы Өндіріс ауылының тұсында Атасу өзеніне құяды. Жағалауы жатық, ағысы баяу. Жер асты, жауын-шашын суларымен қоректенеді. Жазда суы иірімдерге бөлініп қалады. Жылдық орташа су шығыны 0,18 м/сек. Алабы – шабындық.

**ҚҰЛАНӨТПЕС** – *өзен*. Жаңаарқа ауданындағы Аймысық, Айғыржал тауларынан басталып, Нұра, Қорғалжын жерімен ағады. Теңіз көліне құяды. Ұзындығы 364 км., су жинайтын алқабы 25900 шаршы км. Аңғары кең, жағасы тік жарлы. Жер асты, жауын-шашын, қар суларымен толысады. 17 саласы бар. Жылдық орташа су ағымы сағатына 3,0 текше м/с. Жайылмасы – шабындық, алабы – егістік. Топонимдік мағынасы: «құлан жүзіп өте алмайтын терең өзен».

**ҚЫЗЫЛЕСПЕ** – *өзен*, Жаңаар. ауд. Түгіскен с/о. Сарыжал төбесінің оңт.-батысынан бастау алады, Кенжебай-Самай ауылының батысымен ағады, *сай-сала*, Қоңыртөбе тауының солт.- шығысында, Кенжебай-Самай ауылының оңт.-батысында. *Қызыл* (сын есім) + *еспе* (зат есім) сөздерінен жасалған атау

**ӨЗЕН** – *өз.*, Жаңаар. ауд.-да. Отаутас тауының солт.-шығ. жағ.-да. *Өзен* «белгілі бір арнамен тұрақты ағатын, едәуір көлемді табиғи су» (ҚТТС, 7, 519). Бұл сөздің өзге түркі тілдеріндегі мағыналары: балқар тілінде – «алқап, жазық, алаңғыт», өзб. ұзын «су саласы», хак. өзен «жыра».

**САРЫБИЕ** – *өзен*. Жаңаарқа ауданы жерімен ағады. Көктас өзенінің алабында. Ақжол қыратының оңтүстік беткейінен ағып шығатын бұлақтар суының қосылуынан түзіліп, Көктас өзеніне сол жағынан құяды. Ұзындығы 35 км. Жағасы жайдақ, арнасы біршама ирелең. Көктемгі еріген қар және жер асты суларымен толысады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында жеке қарасуларға бөлініп қалады. Өзен алабы шөбі шүйгін жайылымдық болып табылады. Атауы *сары* (сын есім) және *бие* (зат есім) сөздерінің бірігуі

арқылы жасалған.

**САРЫӨЗЕН** – *өзен*, Жаңаар. ауд. Мыңшұқыр тауының оңт.-батысынан бастау алып, Қабыршақты көліне солтүстіктен құяды, *тұз. өзен*, Бектау тауының оңт. – шығысынан бастау алып, Қуақ төбенің солт.-шығысындағы сортаңдарда жоғалады. *Сары* (сын есім) + *өзен* (зат есім) сөздерінен құралған. Суы лайсаң болғандықтан қойылған атау.

**САРЫСУ** – *өзен*. Сарысу атауының мағынасы Е. Қойшыбаевтың пікірінше (1985) «кең су», Э. Мурзаевтың ойынша (1984) сарысу – «лайсаң, балшықты, сары саз аралас, тұнық емес су». О. Молчанова (1979) алтай тілінде сары су – «сарғыш, еріген, лайсаң, көктемгі қар суы, бәлкім сары су» мағыналарын білдіреді дейді.

**ТАЛДЫМАНАҚА** – *өзен*. Жаңаарқа ауданының жерімен ағады. Сарысу алабында. Ұзындығы 158 км. Су жинайтын алқабы 3950 шаршы км. Ақтаудың оңтүстігінен басталып, Тоқты тауы тұсында Сарысуға құяды. Ірі салалары Заимка, Өзен, Сұлуманақа, Көкпекті. Аңғары кең, тік жарлы, жайылмасының ені 300-400 м. Жауын-шашын, қар суымен толысады. Көктемде тасиды, жазда иірім қарасуларға бөлініп, кермектігі артады. Жайылмасы – шабындық, алабы – мал жайылымы. Жылдық орташа су шығыны сағасында секундына 0,25 текше м. Суы ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады. Монғол тілінде «манах» – «түнгі уақытта мал жайып, оны күзету». Атаудың топонимикалық мағынасы: «малға жайлы, бойына тал өскен өзен».

**ТАЛДЫЕСПЕ** – *құр. өзен*, Жаңаар. ауд. Ордашыққан төбесінің батысынан бастау алады. Қатаған сайы өзенінің сол саласы. Қарақойын көлінің солтүстігіндегі сортаңдарда жоғалады. *Талды* (сын есім) және *еспе* (зат есім) сөздерінен құралған атау. *Тал* сөзінің мағынасы: 1. Дымқыл жерде өсетін, майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты ағаштың түрі. 2. Тарам, бөлік, дана (ҚТТС. II том., 1961. б.53.). *Еспе* сөзінің мағынасы: 1. Көктемде тасығанда арнасын бұзып, ен далаға жайылып кететін, бірақ жазда құрғап қалатын бір мерзімдік өзен. 2. Үстірт жақта – таяз құдық. Құдық қазғанда «еспе құмға жетпейінше, су шықпайды» деген ұғым бар. *Еспе* атауының төркіні *ес* – етістігі оның тұйық рай формасы *есу* – «ору, осу, қазып кету» деген мәнінде қолданылады. Сол түбір етістікке сын есімінің – *не* қосымшасы қосылып, *еспе* – «ақпа, сусымалы» деген мағыналы сөз жасалады (ҚГАС (ЖО). 1990. б.92). Толық мағынасы – «жағасына талдар өскен, жазда құрғап қалатын

**ТАЛДЫЕСПЕ** – *құр. өзен*, Жаңаар. ауд. Ордашыққан төбесінің батысынан бастау алады. Қатаған сайы өзенінің сол саласы. Қарақойын көлінің солтүстігіндегі сортаңдарда жоғалады. *Талды* (сын есім) және *еспе* (зат есім) сөздерінен құралған атау. *Тал* сөзінің мағынасы: 1. Дымқыл жерде өсетін, майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты ағаштың түрі. 2. Тарам, бөлік, дана (ҚТТС. II том., 1961. б.53.). *Еспе* сөзінің мағынасы: 1. Көктемде тасығанда

арнасын бұзып, ен далаға жайылып кететін, бірақ жазда құрғап қалатын бір мерзімдік өзен. 2. Үстірт жақта – таяз құдық. Құдық қазғанда «еспе құмға жетпейінше, су шықпайды» деген ұғым бар. *Еспе* атауының төркіні *ес* – етістігі оның тұйық рай формасы *есу* – «ору, осу, қазып кету» деген мәнінде қолданылады. Сол түбір етістікке сын есімінің – *не* қосымшасы қосылып, *еспе* – «ақпа, сусымалы» деген мағыналы сөз жасалады (ҚГАС (ЖО). 1990. б.92). Толық мағынасы – «жағасына талдар өскен, жазда құрғап қалатын өзен».

**ТЕРЕҢСАЙ** – *өзен*. Жаңаарқа ауд. жерімен ағады. Ұзындығы 35 км. Нұрмұқан зираты түбіндегі Бектау ұсақ шоқысының батыс беткейіндегі бұлақтардан бастау алып, Аралқұм қыстауына таяу қырқалы құмдарға сіңіп кетеді. Жағасы жайдақ, құмдауытты, төменгі ағысында өзен аңғары кеңейеді. Көктемгі еріген қар және жерасты суларымен толысады. Тұрақты ағысы сәуірде байқалады. Мал суаруға пайдаланылады. Топонимдік мағынасы: «суы терең өзен».

**ТЕМІР** – *өзен*. Жаңаарқа ауд. Ақтау с/о жерінде. Антропоним, руы қырғыз Байтемірдің есімімен аталған. Жазда құрғап, суы тартылып қалатын су арнасы.

**ШАЖАҒАЙ** – *өзен*. Жаңаарқа ауд. жерімен ағады. Шу алабында. Ұзындығы 129 км. Су жинайтын алқабы 2110 шаршы км. Шет ауданындағы Өзенжал тауының беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан түзіледі. Елшібай тауынан оңтүстікте 3,8 км. жерде тартылып қалады. Аңғары адырлы, бұйратты жазықты, ені 1-2 км., арнасы кең. Жауын-шашын суымен толысады. Сәуір-мамырда тасып, маусымда суы тартылып, иірім қарасуларға бөлінеді. Суы тұщы, жазда сәл кермек. Жылдық орташа су шығыны сағасынан 45 км. жерде секундына 0,25 текше м. Ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады.

**ШИЛІ ҚАРАСУ** – *өзен*, Жаңаар. ауд. Омарбек тауының оңтүстігінен бастау алып, Қосылықты тауының оңт.-шығысында құрғап қалады, *сай-сала*, Қосылықты тауының солт.-шығысында, Шөлқоңыр тауының оңт.-батысында. Топонимдік мағынасы – «жағалауында шиі, қамысы көп, терең қарасулары бар өзен».

**ШИӨЗЕК** – *өзен*, Жаңаарқа ауд. Сарысу алабында. Ұзындығы 67 км., су жинайтын алқабы 711 шаршы км. Айғыржал тауының батыс бөлігіндегі бұлақтардан басталып, Сөртісуға (сағасынан 34 км. жоғары) құяды. Төбелер аралығымен аңғар жасап ағады. Қар суымен толысады. Кішігірім 10-шақты саласы бар. Жылдық орташа су шығыны 0,20 текше м/сек. Алабы – жайылым. Ши сабақтарынан түрлі бұйымдық заттар жасалатын, түп-түп болып өсетін биік өсімдік. Өзек - өзеннен тарамдалып бөлінген арнасы шағын су, терең арналы сай-сала. Атау өзеннің ерекшелігін көрсетіп тұр.

**БАҚАНАС** – *өз.*, Жаңаар. ауд. А.Әбдірахмановтың (1975) пікірінше «сөз түбірі – *бақан Цбахана Цбахн Цбағана*. Осыдан *бақанақ*,

*бақанас* деген сөздер жасалған. Демек, Бақанас атауы бақана (а) -с элементтерінен жасалған да, бақандар, яғни «өзен салалары» дегенді білдіреді. Е. Қойшыбаев бұл атауды екі компоненттен; 1) түр. *бақан* (бақай) айыр» және көне *ас* (аш<; уш<үс<үш) варианттас «су» мағынасындағы тұлғалардан қалыптасқан атау» деп қарайды. Біздіңше, бұл атау үш компоненттен ба+қан+ас құралған. Атаудың бірінші компоненті Балқаш гидронимінің *ба* компонентімен тектес «су, батпақ» деген мәнді білдіреді. Ол самодий тілінде *ба* «өзен», көне түркі тілінде *бэй* – өзен» жалпы тұңғыс-маньчжур тілінде *бца* «өзен», «бастау» мағынасында қолданылып, *би*, *бұ* тұлғаларында да кездесе береді.

Ал екінші компоненті *қан* көне түркі және қазіргі шығыс түркі тілдерінде (алтай, хакас, тува) *ган*, *хан*, *кен*, *хем* формаларында айтылып «су», «өзен» деген мағынаны білдірсе, үшінші компоненттегі *ас* орал – алтай, тұңғыс – маньчжур, түркі – монғол тілдерінде *ас* ~*аз*, ~*аи* ~*ыс* ~*ис* ~*иш*~*ус* формаларында түрлене айтылып «өзен», «су» мағыналарын білдіреді. Демек Бақанас өзені атының «Өзен – өзен – өзен» деген мәндегі атау екенін анық байқаймыз. Бұның өзі бұл өзеннің көне заманнан келе жатқанын көрсетеді. Бұлайша «өзен» сөзінің қайталануы арқылы жасалған өзен атаулары басқа елдерде де бар. Мәселен, Франциядағы Аронна өзен аты да «өзен – өзен – өзен» деген мағынаны білдіреді.

**БҰЗАУӨЛГЕН** – *өз.*, Жаңаар. ауд., Шалғия пос.-нің солт. жағ.-да. *Бұзау* (зат есім), *өлген* (етістіктің есімше тұлғасы) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Өзен тасығанда бұзаулар ағып кетіп, қырылған оқиғаға байланысты аталған.

**БҰЛАНТЫ** – *өз.*, Жаңаар. ауд., *төбе.*, *сай.* Атау *бұлан* (зат есім)+ты (сын есім қосымшасы) негізінде жасалған. Ерте заманда бұл жерде бұланның көп болуына байланысты аталған.

**ДАРАТ** – *өз.*, *тау*, *тоған*, *е. м.*, Жаңаар. ауд., Отаутас тауының шығ. жағ.-да. Түркі тілдеріндегі: қаз. *дара*, қырғ. *дере*, қырым тат. *дере*<*ир. дере* – «шат, сай, тау қыспағы, тау аңғары». Бұл сөздің этимологиясы парсының «*дәрә*, дара – 1. аңғар, алқап. 2. тау асуы. 3. есік, қақпа» деген мағыналарда қолданылатына сөзінен шығуы мүмкін [Ондасынов Н., б.132]. Көптік мағынадағы + -т қосымшасы да осыған меңзейді. Бұл атаудың тауға қойылуы да осы себептен болса керек. Ертеде бұл жерді «қара аттың дарасы» деп те атаған. 1942 ж. Жаңаарқа аудандық партия комитетінің шешімімен Ақтау жеріндегі Тарасу сайынан тоған байланған. Екі Ақмая тауларының арасындағы Қара аттың дарасы деп аталатын осы тар қылтадан ұзындығы 300 м., көлденеңі 120м., биіктігі 18м., 4,5 млн. текше м.-ге дейін су сиятын тоған байланған. Нәтижесінде тереңдігі 15-16м., кейін серпкенде 4-5 км.-ге кететін су қоймасы пайда болған. Тоғанның құрылысы 1945 ж. толық аяқталған.

**ЖАҚСЫ САРЫСУ** – *өз.*, Сарысу өзенінің бір тармағы, ұз. 113 км, Ақтоғ., Шет, Жаңаар. ауд. арқылы ағады. *Жақсы* (сын есім), *сары* (сын есім), *су* (зат есім) сөздерінен құралған атау. *Сарысу* атауының мағынасы Е.Қойшыбаевтың пікірінше (1985) «кең су», Э.Мурзаевтың ойынша (1984) *сарысу* – «лайсаң, балшықты, сары саз аралас, тұнық емес су». О.Молчанова (1979) алт. тілінде *сары суу* – «сарғыш, еріген, лайсаң, көктемгі қар суы, бәлкім сары су» мағыналарын білдіреді дейді. Осы пікірлерге қосыла отырып, *Жақсы Сарысу* – «мол сулы, түсі сарғыш келген, айнала алқабы көгал, шалғынды үлкен өзенді» білдіреді деп топшылаймыз.

**ЖАМАН САРЫСУ** – *өз.*, Жаңаар. ауд., Орынбай елді мекенінің солт. жағында Сарысу өзенінің бір сағасы. *Жаман* және *сары* (сын есім)+*су* (зат есім) сөздерінің тіркесуі, бірігуінен жасалған. Өзен суының сарғыш, лайсандығына орай аталған болуы мүмкін. Осы тәрізді *сары коол* атауы алтай тілінде де кездеседі. *Коол* сөзі түркі тілдеріне монғол тілдерінен ауысқан термин. О. Т. Молчанова аталған топоним мағынасын «сары, бәлкім лайсаң өзен, құрғақ өзен арнасы» деп түсіндіреді (1979, 285) Е. Қойшыбаев *Сарысу* атауын «кең су» деп таниды (1985).

**ЖИДЕЛІ** – Жаңаарқа ауданындағы *өзен*. Сарысу алабында. Ұзындығы 58 км., су жиналатын алқабы 1200 шаршы км. Айғыржал тауының оңтүстік-батыс беткейінен ағатын бұлақтар суының қосындысынан түзіліп, Сортаңмаңсай мекені тұсында тартылып қалады. Арнасы тар, тастақ. Қар, жаңбыр суларымен қоректенеді. Көктемде қар ерігенде суы ағып, жазда құрғап қалады. Мал суаруға пайдаланылады.

**КӨКСАЙ** – *өз.*, Жаңаар. ауд. *Көк* (сын есім), *сай* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «жағасы жасыл шалғын, шөбі көгеріп жататын өзен, сай».

**КӨКСАЛДЫҚ** – *құр. өз.*, Жаңаар. ауд., Сарысу өзенінің солт.-інде. *Көк* (сын есім), *салдық* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. *Салдық* сөзінің мағынасы түсініксіз. Атау осы өңірді жайлаған Қақсал руына байланысты болуы да мүмкін.

**ҚАЗЫҚҰРТ** – *өз. тау*, Жаңаар. ауд. А. Әбдірахмановтың пікірінше: «Араб географтары Кркерд деп жазған бұл сөзді Гаркерд, Газкерд, Газкурд, Гузкерд, Теркурд, Гуркурд деп оқуға келе беретіні ескерілсе, онда қазіргі Қазықұрт осы қала атының кейінгі заманда дыбыстық өзгеріске ұшыраған фонетикалық варианты деуге әбден болады дей келіп, «Осы тұрғыдан келгенде, кер – топоним – атауын қазіргі «бұрылу», бөліну» мағынасында кер(і) етістік сөзінің байырғы тілдегі етістік-есім түрінен қалыптасқан деп қарауға болады», - дейді. «Ал *құрт* ескі түркі тілдерінде «қасқыр» мағынасында қолданылғаны белгілі», - деп тұжырымдайды. Сонымен, бұл атау «тотемдік ту, тайпа атынан қойылған» деген пікірге қосылуға әбден болады (Әбдірахманов, 1975).

## Қарқаралы ауданы

**Аппаз** – өзен аты. Өзеннің бұлай аталу себебінде, осы жерде Аппаз атты күмбез орналасқан. Күмбездің қалану жөнінде ел арасында мынандай аңыз сақталған. Ерте көктем кезінде, жайлауға көш кезінде байдың ба, Әлде төренің бе жігіті қайтыс болып, сол жерге жерленеді. Биіктігі 10 м шамасында, аумағы 8 м, кіре беріс бөлігінің өзі 8 метрден астам. Осыдан 40-50 жыл шамасы бұрын есік аузының өзі кісі бойымен болған, бұл күндері ол бөлігі де шөгіп қалған.

**Бала Түндік** – өзен. Екі сөзден құралған: 1) Бала – адамның жас мөлшері; 2) Түндік (түңлік) – киіз үйдің шаңырағының үстіне жабылатын, төрт бұрышында байланған жібі бар киізден болмаса басқа нәрседен жасалған зат.

**Жарлы** – өзен. Екі түрлі мағынада айтылады: 1) Кедей, күн көріс үшін жалданып жүрген адам, «жарлы-жақыбай»; 2) Өзеннің асып-тасып, арнасын бұзып, жар қылдырып кетуінен де айтылуы мүмкін.

**Жіңішкебұлақ** – өзен. Екі сөзден құралған: 1) Жіңішке – заттың ерекшелігін, яғни тым қусырылып тұрғанын көрсетеді; 2) Бұлақ – жер астынан шығып жататын су көзі.

**Қазанғап** – өзен. Адам баласының көне дәуірдегі іс-әрекетінің осы замандағы іздерін айшықтайтын атау, кейіннен антропонимге айналған.

**Қадыр** – өзен. Араб сөзі: 1) күшті, құдыретті; 2) талапты; 3) құрмет, абырой, қымбатты, бедел.

**Қарасу** – өзен. Қарасу - үлкен өзен емес, жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар суы. Бұл атаудағы қара сөзін байырғы түркі тілдес халықтар «жер» мәнінде қолданған. Сондағы мағынасы, біздің ұғып келгенімізден өзгешерек «жер суы» (грунт) деген ұғымда.

**Көктал** – өзен. Екі сөзден құралған: 1) Көк – аспан түсті түс; көк – жайқалып өскен шөпті қазақтар *көк* дейді; 2) Тал – дымқыл жерде өсетін, майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты ағаштың бір түрі.

**Тайшек** – өзен. Тибеттің *тайшы* (*тайши*) сөзінен туындаған атау болса керек. Көне түріктерде аға ұстаз, мұғалім; белгілі адам, атақты дегенді мағынада қолданылған.

**Талды** – өзен. Тал – дымқыл жерде өсетін, майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты ағаштың бір түрі. Талды өзені бастауын Кент тауынан алады. Талды деп аталуы себебі өзен бойына ел жұрт қоныстанбай тұрған кезде, өзен бойын қаулай тал өскен. Кейін елді мекен жиіленіп, колхоз, совхоз салынғаннан кейін ағаш сиреп кеткен.

## Бұлақ этимологиясы

Қарағанды облысы аймақтық топонимиясында кең тараған географиялық атаулардың түрі – бұлақ аттары. Оның себебі тау бөктерлері мен тау жазықтарында табиғи су көздері бұлақтар молынан шоғырланады. Бұлақтардың таралу ареалы ландшафт ерекшелігіне, жердің физика-географиялық жағдайына байланысты болып келеді. Бұлақ атауларының басым көпшілігі «бұлақ» термині арқылы жасалады, бұл гидрографиялық терминнің алдында тұрған анықтауыш сөз бұлақтың сан түрлі сипаттарын атайды «Ащы-бұлақ» – суының ащылығынан аталған. «Ақпан» – Ақпан батырдың туған ауылы болғандықтан, батыр атымен аталған. «Суықбастау» – тау бауырынан шыққан суы өте суық бұлақтың атауы.

**АҚҚҰДЫҚ** – *құд., сай, шат, айр., бұлақ*, Жаңаарқа ауд. Ақтау с/о. Қызылтас тауының оңт.-батысында, Ақтау ауылының солт.-шығысында орналасқан. *Ақ* (сын есім), *құдық* (зат есім) сөздерінен жасалған. Топоним құдық қазғанда топырақ түсінің ақ болуына орай да аталуы мүмкін.

**АЛТЫНБҰЛАҚ** – *бұлақ*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Қаратөбе тауының оңт.-шығысында, Ақтау ауылының оңт.-батысында орналасқан. *Алтын* (зат есім) + *бұлақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған метафоралық атау. Бұлақтың қажеттілігі жоғары болғандықтан қойылған атау.

**БОСАҒАБҰЛАҚ** – *баст.*, Жаңаар. ауд. *Босаға* (зат есім) және *бұлақ* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Атаудың топонимдік мағынасы: «қысаңдағы, төмендегі бұлақ».

**БҰЗАУБҰЛАҚ** – *бұлақ, құдық*, Жаңаар. ауд. Атасу – Қарағаш тас жолының бойында, Омарбек тауының оңтүстігінде, Жаманадыр тауының солт.-шығысында. Атауы руы Найман Бұзау деген адамның есіміне байланысты қойылған.

**ЖАМАНБҰЛАҚ** – *баст.*, Жаңаар. ауд. *Жаман* (сын есім) және *бұлақ*, (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. «Суы лайсаңдау, маңайы батпақты келген бұлақ» мағынасын білдіретін атау.

**ЖАРЫҚҚҰДЫҚ** – *бұл.*, Жаңаар. ауд. *Жарық* (сын есім) және *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Е. Қойшыбаев *жарық* тұлғасы этникалық топ атын білдіреді дейді де, тува, хакас тілдеріндегі *чарық Цчарых* тұлғаларымен салыстырады (1985, 113). Біздіңше, *Жарық* атауының табиғатын оның географиялық термин ретіндегі сипатына орай зерделеген жөн. *Жарық* сөзі түркі тілдерінің көпшілігінде: әзірб. *йараг*, түркм. *ярыг*, өзб. *ерик*, ноғ., тат. *ярык*, тува *чарык* тұлғаларында кездеседі де, «жер бетіндегі сызат, жарықшақ, жарық; шатқал; ағын сулармен катты шайы-лып, тілімденген жырлар, сай» мағыналарын береді. (Мурзаев, 1984, 179). Сонымен, *Жарық* топонимі белгіленіп отырған объектілеріне



қатысты «тар шатқалды, қапшағайлы тау»; «ақпа сулармен тілімденген жыралы, жарықшақты ойпаң жер және сол жерден қазылған құдық» мағыналарында қолданылады.

**КӨЗЕНБҰЛАҚ** – *баст.*, Жаңаарқа ауд. *Көзен* (зат есім)+*бұлақ* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: бұл бұлақты Көзен деген кісінің иемденгенін, соның есімімен қойылғанын білдіреді.

**ҚАСҚАБҰЛАҚ** – *бұлақ*, Жаңаар. ауд. Омарбек тауының солт.-шығысында, Жақсы Иманақ тауының солт.-батысында. *Қасқа* (сын есім), *бұлақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Антропоним. Бұл жерді Тоқа руының Қасқа есімді адамы жайлаған.

**ҚОСБҰЛАҚ** – *бұлақ*, Талдыманақа өзенінің батысында, Жаңаар. ауд., *бұлақ*, Қызылтас тауының батысында, Ақтау ауылының солт.-шығысында, *бұлақ*, Ақтау тауларының солт.-батысында, Шөлқоңыр тауының оңт.-шығысында. «Қатарласа ағып жатқан екі бұлақ» мағынасындағы атау.

**МОЛАБҰЛАҚ** – *баст.*, Жаңаар. ауд. Мағынасы: «мола жанынан ағатын бұлаққа байланысты қойылған атау».

**ТАҚЫРБҰЛАҚ** – *бұлақ*, Жаңаар. ауд. С.Сейфуллин с/о. Ақтасты су қоймасының солт.-шығысында, Жақсы Иманақ тауының солт.-батысында. *Тақыр* (сын есім) және *бұлақ* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Мағынасы – «Шөп шықпайтын тақыр жерден шығып жатқан су көзі, бұлақ».

**ТАСБҰЛАҚ** – *бұлақ*, Жаңаар. ауд., Бектау тауының оңт.-шығысында, Шұбароба тауының солт.-батысында, *бұлақ*, Тасқоралы тауының оңт.-шығысында, Балажелкекті тауының солт. – батысында, *бұлақ*, Шашты тауының оңт.-шығысында, Мырзашоқы тауының солт.-батысында, *бұлақ*, Шөлқоңыр тауының оңт.-шығысында, Қосбұлақ бұлағының солтүстігінде. Атауы *тас* (зат есім), *бұлақ* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы – «тасты жерден шығып жатқан су көзі, бұлақ».

**ДАЛАБҰЛАҚ** – *сай*, Жаңаар. ауд. *Дала* (зат есім), *бұлақ* (зат есім) сөздерінен құралған атау, яғни «даладағы бұлақ».

**ҚОЙТАНБҰЛАҚ** – *бұл.*, Жаңаар. ауд. Сарысу өзенінің солт.-де. *Қойтан* (зат есім), *бұлақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Ө. Қайдаровтың айтуынша: *қой* – тау етегіндегі сай + *тан* қосымша. Яғни, атау «тау етегіндегі бұлақ» деген мағынаны береді.

## Гелионимдар этимологиясы

Орталық Қазақстан аумағында табиғи жағдайға байланысты далалық жартылай шөлейтті аймақтарда жаз мезгіліне қарай жердің беті ақтандап жатады. Сондай-ақ «көлдер уақытша су жетіспеушілігінен сортаңға айналады. Тұзды балшық болып келетін олардың ылғал беттеріне көп мөлшерде тұз жинақталады. Бұл сортаңдардың көп бөлігінде өсімдіктер жойылған, кейде тұздары қызғылт, сары, қоңыр түсті болып келеді. Бұларды *сор* деп атайды. Осыдан-ақ *Асор*, *Сарысор*, *Қарасор* топонимдерінің заттың түсіне байланысты айтылғандығы түсінікті» деп тағы бір мәрте нақтылап өтті.<sup>112</sup>[7]

Көптеген гидрогеографиялық нысандардың құрамында *ащы* термині кездеседі: Ащы, Ащысай, Ащыбұлақ т.б. Ащылар су, көл маңындағы тұз бенылғал сүйгіш өсімдіктерге бай, мал жайылымы болып табылатын жерлер. А.Е.Жартыбаевтың пікірінше, қазақ халқы су көздерінің жарамды, жарамсыздығын ескеріп, қай шөптің қай түлікке жұғымдылығын ежелден-ақ аңғарған. Ащы термині жайылымның ерекшелігін, суының тұздылық дәрежесін бейнелейтін гидронимдер құрамында жиі кездеседі. Жері тұзды, ащылы келетін өңірлер қыста қарсыз болады. Сондықтан да ондай жерлерге қой мен ешкі түлігі күз бен қыс айларында жайылады. Ащылы жерлер мал қоңын жылдам көтереді. Ащы сор, сортаңды жерлерге тікенек тұқымдас көп жылдық өсімдіктер өседі. Ондай жерлерге түйе түлігін өсіреді. Сырттай қарағанда ащы геотерминіне қатысты топонимдер ащы сулы, сортаңды жерлер ұғымын білдіретіндей көрінгенмен, А.Е.Жартыбаев олардың әрбір геообъектіге қатысты ерекшеліктерді дәл таңбалай алуға қабілетті келетінін де жоққа шығармайды.<sup>113</sup> Мысалы: Ащылысай мен Ащылыөзек топонимдерінің құрамындағы сай мен өзек индикатор-терминдері сайға қарағанда өзекте судың көптігін, өзекке қарағанда сайдың тереңдігі мен ондағы өсімдіктер дүниесінің молдығын білдіріп тұрады. Ал *Ащықарасу* лимнонимі жан-жағы жазық, шөптесінді, суы тұзды, жазғы немесе көктемгі уақытша мал жайылымы ұғымында қолданылады. Сарыарқа аймағындағы Орталық Қазақстанда көктем айларында ғана тасып ағатын өзендердің сағаларында жиналып қалған, көлшікке ұқсас су қорлары мен кейбір батпақты, балшықты жерлерге жиналған ағынсыз көлшіктерді білдіреді. Ал Орталық Қазақстанның оңтүстік-батысындағы шөлді, жартылай шөлейтті далаларындағы айналасы бетегелі, жусанды, тораңғылы келетін тақыр мен шұңқырларға жиналған қақтардың түбі тұщы болады.

<sup>112</sup> Султаньяев О.Л. Принципы номинации в казахской топонимике Кокчетавской области // Ученые записки УрГУ. Серия филологическая. – 1971. – Вып. 18. – С. 62-72.

<sup>113</sup> Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан аймақтық топонимикасы. – Қарағанды: «Болашақ баспа», 2008. – 379 б.

**Ақкөл** – тұзды көл, Қосылықты т. оңт.-бат., Ералы а. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауданы.

**Жыңғылдыкөл** – тұзды көл, Ақбастау шоқы. оңт.-бат., Жайрем кентінің оңт.-шығ. Жаңаарқа ауданы

**Кенсаз** – тұзды сала, Кенсаз өзен. сол саласы, Бала Желкекті т. солт.-шығ. Жаңаарқа ауданы

**Кенсаз** – тұз. өзен, Шұбароба т. оңт.- шығ. Былқылдақ пен қорым өзен қосылуынан құралады., Сарысу тұз. өзен. Оң саласы, телікөл өзен шығ. сортаңдарда жоғалады. Жаңаарқа ауданы.

**Тұздысу** – төбе, Мұңлы т. оңт.-бат., Қуақ төбе. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауданы

**Тұзкөл** – тұз. көл, Ақбастау шоқы. оңт.-бат., Жайрем кентінің солт. Жаңаарқа ауданы.

**Ащықарын** – ащы-тұзды өзен, Сарыоба т. солт.-бат. бастау алады, Тоқырауын өз. сол сал., Жалғызтас т. оңт.-бат. құрғап қалады. Ақтоғай ауд

**Балықтыкөл**, тұзды көл, Балай түбегінің солт.-шығ., Калмақжатқан т. оңт.-шығ.

**Иткөл** – тұзды көл, Қорашты т. оңт.-бат., Шұбарайғыр т. солт.-шығ. Ақтоғай ауд.

(Ақтоғай және Қарқаралы ауд. шегарасы). Ақтоғай ауд

**Кіндікті** – тұзды құдық, Сымбыл тау. оңт., Көкдомбақ т. солт.-бат. Ақтоғай ауд

**Қараағаш** – тұзды көл, Тасарал арал. оңт.-бат., Приозерск т. солт.-шығ

**Қарасу** – тау, тұзды өзен, Қотанбұлақ т. бат. бастау алады, Жаңаорталық ауыл. солт.-шығ. сортаңдарға сіңіп кетеді. Ақтоғай ауд.

**Қосқұдық** – тұзды құдық, Мыңшұңқыр алабының бат., Шоқша т. оңт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Соршадыра** – тұзды құдық, Мыңшұңқыр алқабының бат., Шоқша т. оңт. – шығ Ақтоғай ауд.

**Шыбықты** – тұзды көл, Қызыладыр т. оңт.-шығ., Бектауата т. солт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**САРЫКӨЛ** – тұз. көл, Жаңаар. ауд. Қаратас тауының солт.-шығысында, Қараоба шоқысының оңт.-батысында, *сай-сала*, Қаратөбе тауының солтүстігінде, Қарашоқы тауының оңт.-шығысында, *сай-сала*, Ақдала сай-саласының солт.-батысында, Киіктау тауының оңт.-шығысында. *Сары* (сын есім) және *көл* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Мағынасы – «сарғайып көрінетін су айдыны, көл».

**СҰЛУКӨЛ** – тұзды көл. Жаңаар. ауд. С.Сейфуллин ат. с/о. Ауданы 4,5 км<sup>2</sup>, тереңдігі 0,6м., Жақсы Иманак тауының солт.-шығысында, Шотан тауының солт.-батысында, *сай-сала*, Қараоба төбесінің шығысында, Ақшоқы төбесінің оңт.-батысында. *Сұлу* (сын есім) және *көл* (зат есім) сөздерінен құралған атау.

Атауы жағалауы және айдыны әдемі болғандықтан қойылған.

**ТАҚЫРКӨЛ** – *тұз. көл*, Жаңаар. ауд. Шашты тауының солт.-батысында, Ақбастау шоқысының шығысында, *сай-сала*, Шашты тауының солтүстігінде, Қосылықты тауының оңт.-батысында, *сай-сала*, Бектау тауының оңт.-батысында, Кенжебай – Самай ауылының оңт.-шығысында. *Тақыр* (сын есім) және *көл* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Мағынасы – «Шөп шықпайтын тақыр жердегі су айдыны, көл».

**КЕҢСАЗ** – *тұз. өзен*, Жаңаар. ауд. Шұбароба тауының оңт.- шығысында. Былқылдақ пен Қорым өзендерінің қосылуынан құралады. Сарысу өзенінің оң саласы, Телікөлдің шығысындағы сортаңдарда жоғалады. *Кең* (сын *есім*) + *саз* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «жағалауының сазы мол, тұзды өзен».

**ҚЫНАЛЫ КӨЛ** – *тұзды көл*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Тасқоралы тауының оңт.-шығысында, Балажелкекті тауының солт.-батысында. Жағалауындағы тастарға қына өсімдігі көп шығатындығынан пайда болған атау.

**ӨТКЕЛСІЗ** – *тұз. өзен*, Жаңаар. ауд. Тасқоралы тауының солт.-шығысынан бастау алады. Ащылы өзенімен Сымтас тұз. өзенінің қосылуынан құралады. Теңсаз тұз. өзенінің оң саласы, Сарысу тұз. өзенінің оң саласы. Телікөл көлінің шығысындағы сортаңдарда жоғалады. Атауы кез келген жерінен өте беретін таяз өзен болғандығына байланысты қойылған.

### Лимонимдер этимологиясы

Тарихи топонимияны зерттегенде бір нұсқа болатын жүйе көл атаулары. Зерттеушілердің айтуына қарағанда Қазақстанда көлдің саны 50 мыңнан көп болса керек/Омаров Т.Р.Қазақстанның өзендері мен көлдері. Алматы, 1975.б.55/ Қарағанды облысында жалпы ауданы 926 км<sup>2</sup> болатын 1900 көл бар. Ірілері Балқаш Қарасор.т.б.

Бірақ біз зерттеп отырған аймақта үлкен көлдер жоқ, негізінен ұсақ су көлдері басым. Зерттеліп отырған өңірдің солтүстік-батыс шекарасы Қорғалжынды жағалай өтеді /Қарағанды облысының Нұра ауданы мен Ақмола облысының Қорғалжын ауданы/.

Қорғалжын көлі Орталық Қазақстандағы Балқаштан кейінгі ірі көл болып есептеледі. Оның шығыстан батысқа қарай ұзындығы 30 шақырым, ал оңтүстіктен солтүстікке қарай 22 шақырым, жағалауы 120 шақырым.

Тұщы сулы көлдердің қатарына осы зерттеліп отырған өңірдегі Ботақара, Қоянды, Салқын, Аршабай, Нұра өзенінің төменгі ағысында Шалқар көлдерін /Бір табақ Шалқар, Шолақ шалқар, Жәнібек шалқар, Әлімбет шалқар/ атауға болады. Топ Шалқар Қарағанды облысынан тыс қалады.

Одан бері Талды көл, Құрқылдақ, Батпақ, Құм көл, Ащы көл, Шошқалы, Зармақ, Айна, Қоралас, т.б. көлдер кездеседі. Осы өңірдің батыс жағында

Шұбар көл, Ұзын көл сияқты көлдер бар. Осы көлдердің бір тарихи ерекшелігі – біріншісіне Керей өзені құяды, ал екіншісіне – Қыпшақ өзені. Ұзын оңтүстік жағынан сормен жалғасып кетеді, оның «ұзын» аталатын себебі, маңайындағы сулардан расында да ұзын- сордың табаны 33 шақырым.

Зерттеліп отырған өңірдің шығыс жағында тарихи деректерде жиі айтылатын Шыбынды, Қорған көл, Шошқалы, Тассуат, Сасық көл сияқты ащы көлдер толып жатқан сортаң жерлер кездеседі.

Сонымен үш ауданның /Сарыбел, Нұра, Бұқар жырау/ жерін тұтас өңір деп қарастырсақ, оның сипаты жоғарыдағыдай. Бұл шолуда аты аталған таулар мен қырлар, өзендер, көлдер мен сорлар тек негізгілері ғана деп түсінген дұрыс. Болашақта әр ауданға арнап орографиялық және гидрографиялық карта жасап, онда аты аталған топонимдерге талдама жасауға болады.

Қазақ халқының ертедегі ата-бабалары, табиғатқа етене жақын, жер-суға үнемі тамырлас өскен. Сондықтан сол ортаға қатысты атауларды тау-жоталардың бедерін, дарқан даланың келбетін дәл бейнелеп, оның сипатына лайық қисынмен атаған. Табиғаттағы әрбір заттарға, тау-тас, өзен-көлдерге берілген атаулар ұрпақ үшін үлгі, ұлттық тілдің сарқылмас қазынасы

**АҚКӨЛ** – көл, Сарысу өзенінің солт.-де. Жаңаар. ауд., *Ақ* (сын есім) және *көл* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: «қамысы ақ және қалың айдын көл».

**АЛАКӨЛ** – көл, Жаңаар. ауд. *Ала* (сын есім), *көл* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Е. Қойшыбаев: «Ала-көл (түркі-монғ.) «ұлы көл» немесе (сөзбе-сөз) одан көнелеу «тау көлі» деген мағынаны береді» деп жазады (1985,41). Біздіңше, бұл атау көлдің құлпырмалы түсіне байланысты қойылған болу керек. Өйткені көл суы бір тұста шымқай көк мөлдір боп жатса, басқа жерінде сарғыш түсті ботала болып жатады

**ДАЛАКӨЛ** – көл., Жаңаар. ауд. *Дала* (зат есім) + *көл* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Негізгі мағынасы «ашық, кең даладағы көл».

**ЖАМАНТҰЗ** – көл, Жаңаар. ауд.-да. *Жаман* (сын есім) және *тұз* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы: «суы ащы, сортаң, тұзды көл, жайылымға жарамсыз сортаң жер».

Самай көлі (Қақу көлі деп те аталады) болған. «Жеңіс» кеңшары құрылғанда алғаш рет аттары біріктіріліп, №1 Кенжебай-Самай бөлімшесі деп аталды. Бұл жерлер ертеде Тама елінің оңтүстікке қарай қар суымен көшетін жолы болған. Бетпақ далаға қарай жолда жерлеп кете берген адамдардың аттарымен аталатын төбелер көп.

Көкбұлақ көлі (ауданы 1 шаршы км.), шығысқа қарай 6 км. жерде Әлібек құдығы орналасқан. Киіктердің жазғы жайлауы

**ҚАЛАБАЙ** – көл. Жаңаар. ауд. Ауданы 2,7км<sup>2</sup>, тереңдігі 0,3м., тұзды көл. Антропоним. «Қалабай қағы» деп те атайды.

**ҚАРАКӨЛ** – көл, жер, сор, Жаңаар. ауд. Ауданы 3,8 км<sup>2</sup>, тереңдігі 0,5 м., тұзды көл. Зерттеуші Е. Қойшыбаевтың «көзді көл» мағынасындағы атау», – деген пікірі (1985, 154) дұрыс. Топонимдік мағынасы: «жер асты суы, бұлақ көздерінен бастау алған көл».

**ҚОПАКӨЛ** – сазды жер, сай-сала, Жаңаар. ауд. Мырзашоқы тауының солт.-шығысында, Шөлқоңыр тауының оңт.-батысында. Қона (зат есім) және көл (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «Жағасында қалың құрақ, қамыс, қоға өскен көл».

**ҚҰМКӨЛ** – көл, Терісбұтақ өзенінің оңт.-де, Жаңаар. ауд. Құм (зат есім), көл (зат есім) тіркестері арқылы жасалған атау. Су жағалауы, не болмаса асты майда құм, қайран болып келген көлдің аты.

**ҚЫНАЛЫ КӨЛ** – тұзды көл, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Тасқоралы тауының оңт.-шығысында, Балажелкекті тауының солт.-батысында орналасқан. Жағалауындағы тастарға қына өсімдігі көп шығаындағынан пайда болған атау.

**САРЫКӨЛ** – тұз. көл, Жаңаар. ауд. Қаратас тауының солт.-шығысында, Қараоба шоқысының оңт.-батысында, сай-сала, Қаратөбе тауының солтүстігінде, Қарашоқы тауының оңт.-шығысында, сай-сала, Ақдала сай-саласының солт.-батысында, Киіктау тауының оңт.-шығысында. Сары (сын есім) және көл (зат есім) сөздерінен құралған атау. Мағынасы – «сарғайып көрінетін су айдыны, көл».

**СОРКӨЛ** – көл, Жаңаар. ауд. Ақтау тауларының солтүстігінде, Шөлқоңыр тауының оңт.-шығысында, тұз. көл, Сарысу өзенінің оң жағалауында, Балажелкекті тауының оңт.-шығысында, тұз. көл, Қосылықты тауының солт.-батысында, Ақжал тауының оңт.-батысында, тұз. көл, Балажелкекті тауының оңт.-шығысында, Ақбастау шоқысының солт.-батысында. Сор (зат есім) және көл (зат есім) сөздерінен құралған атау. Мағынасы – «Тұзы ащы, батпақты су айдыны, көл».

**СҰЛУКӨЛ** – тұзды көл. Жаңаар. ауд. С.Сейфуллин ат. с/о. Ауданы 4,5 км<sup>2</sup>, тереңдігі 0,6м., Жақсы Иманақ тауының солт.-шығысында, Шотан тауының солт.-батысында, сай-сала, Қараоба төбесінің шығысында, Ақшоқы төбесінің оңт.-батысында. Сұлу (сын есім) және көл (зат есім) сөздерінен құралған атау. Атауы жағалауы және айдыны әдемі болғандықтан қойылған.

**ТАҚЫРКӨЛ** – тұз. көл, Жаңаар. ауд. Шашты тауының солт.-батысында, Ақбастау шоқысының шығысында, сай-сала, Шашты тауының солтүстігінде, Қосылықты тауының оңт.-батысында, сай-сала, Бектау тауының оңт.-батысында, Кенжебай – Самай ауылының оңт.-шығысында. Тақыр (сын есім) және көл (зат есім) сөздерінен құралған атау. Мағынасы – «Шөп шықпайтын тақыр жердегі су айдыны, көл».

**ТҮЗКӨЛ** – көл, Жаңаар. ауд. Балажелкекті тауының оңт. – шығысында,

Ақбастау шоқысының солт.-батысында, *тұз. көл*, Ақбастау шоқысының оңт.-батысында, Жайрем кентінің солтүстігінде. *Тұз* (зат есім) және *көл* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Мағынасы – «суы ащы, тұзы көп көл».

**ШОШҚАКӨЛ** – Жаңаарқа ауданындағы ағынсыз *көл*. Айнабұлақ ауылының солтүстік-батысында 5 км. жерде. Ауданы 32 шаршы км. Су жинайтын алқабы 537 шаршы км. Көлдің ұзындығы 8,5, ені 6,7 км.-ге жетеді. Суы мол жылдары тереңдігі 9 м.-ге жетеді. Оңтүстікке таман Аралтөбе аралы орналасқан. Жағалауы түйетайлы. Жауын-шашын суымен толысады, суы тұзды. Көл жағасында жыңғыл, қамыс-құрақ, сораң өседі. Үйрек, қаз, аққу ұя салады. Алабы шабындық пен жайылымға пайдаланылады. Соңғы кездерде көл суы тартылып келеді, 1963 жылы құрғап қалғаны байқалған. Атауы кезінде қамыс арасында жабайы шошқа (қабан) көп мекендегендіктен пайда болған.

**БАЙСАЛ КӨЛІ** – Байсал – тыныштық, тыным, сабыр [ҚТС, 77]; көл – айналасы тұйықталған су тоспасы [ҚТС,323]. Нұра ауданы.

**СҰЛУ ҚАМЫС КӨЛІ** Сұлу – 1. кескін-келбеті көрікті, ажарлы, өнді; 2. Сәнді, әсем [ҚТС, 585]; Қа-мыс – батпақты, сулы жерлерде өсетін, қияқ жапырақты көп жылдық өсімдік [ҚТС, 370]; көл – айналасы тұйықталған су тоспасы [ҚТС, 323].

**ТАССУАТ КӨЛ** – Тас – таулы жерлердегі қатты кристалл жыныс, соның үлкенді-кішілі бөлшек-тері [ҚТС, 621]; суат - өзеннің, бұлақ-тың мал суаратын жері [ҚТС, 582]; көл – айналасы тұйықталған су тоспасы [ҚТС, 323].

**ҰЛЫ КӨЛ** – Ұлы – 1.орасан зор, үлкен, ірі; 2. асқан кемеңгер, данышпан [ҚТС, 683]; көл – айналасы тұйықталған су тоспасы [ҚТС, 323].

**ҰЗЫН КӨЛ ҚАЗЫБЕК** – Ұзын – 1. қысқа емес, шұбатылған; 2. аласа емес, биік [ҚТС,680]; көл – айналасы тұйықталған су тоспасы [ҚТС, 323]. Осы есімді адамның мекені болғандықтан аталуы мүмкін.

### Оронимдер этимологиясы

*Ор* өзенінің этимологиясы туралы орыс ғалымы П.И.Рычков 1762 жылы былай деген болатын: «Ор деген – түркі сөзі, оның екі мағынасы бар. бірінші мағынасы «перекоп, линия», ал екінші мағынасы «устье, отверстие, ворота». Біз П.Рычковтың «Ор-түркі сөзі» деген пікіріне қосыла отырып, бұл сөз түркі тілдеріндегі «ой», «шұңқыр» деген мағынамен орайлас па деп ойлаймыз.

Ә.Х.Марғұлан Кертағ (Кертау) тауы- Ақадыр станциясының оңтүстігінде 75 км жерде орналасқан Қызылтаудың ескі аты, ал Ортағ (Ортау) Ақадыр станциясының батыс жағында 50 км қашықтықта жатыр деп көрсетеді. Бұл жерде осы екі атаудың этимологиясы туралы пікір айтқан жөн. Бұлардың екінші компоненті тағ қазіргі қазақ тіліндегі тау сөзінің көне фонетикалық түрі. Ал *Кертау* деген атаудың кер деген бөлігі көне замандарда «тау», «қыр»,

«шың», «жота», «тау басы» деген мағынада қолданылған. Орта ғасырларда *Ортағ* аталған тау қазір Ортау делінеді. М.Қашғари еңбегінде кездесетін *Бақырлығтағ* атауын Ә.Х.Марғұлан Жезқазған маңындағы Милықұдық атауымен теңестіреді. Ал Бақырлығтағ атауының көне формасын қазіргі қазақ тіліне аударсақ, бақыр(жез) лы + тау, яғни Жездітау деген сөз. Көне түркі тілдерінде жез-ді бақыр деп те атаған.

*Сары* сөзімен құрамдасып келген атаулар, сөз тіркестері тілімізде тек түсті ғана білдірмейді, «кең», «мол», «үлкен» деген мағыналарда да қолданылады. Қазақ топонимисі Е.Қойшыбаев та Сарыдала, Сарытау, Сарыбел, Сарыжота деген атаулардың құрамындағы сары сөзі «кең, үлкен» мағынасын білдіреді деп қарайды.

Тау аттары (оронимдер) бір немесе екі - үш сөзден де қойылып отырған. Орталық Қазақстандағы тау аттары негізінен ана тіліміздегі сөздерден алынған. Сондықтан да олар жалпы қауымға түсінікті, мағынасы айқын. Тау атаулары құрамында жергілікті географиялық терминдердің де саны басым.

Орталық Қазақстан оронимиясында кеңінен тараған, түркі тілдерінде түрліше вариантта айтылатын тау термині көбіне биіктік мағынасын білдіреді. Ал гагауз, қырым - татар, караим, якут тілдерінде және түрік тілінің диалектінде сол *тау* сөзі «орман» мағынасында да қолданылады. Оның кейбір түркі тілдерінде «солтүстік» деген мағынаға ие екенін академик А.Н.Кононов ашып берді.

*Адыр* басқа да көптеген түркі тілдердің құрамында бар. Түркі тілдес регионда адырдың географиялық мән - мағынасы қалай өзгеріп отыратынын, сонымен қатар *адырдың айыр* сөзімен этимологиялық гомогендік байланысы барын, көне Орталық Қазақстан оронимиясында *адыр* термині арқылы жасалған екі компонентті атаулардан мысал ретінде келтірейік: *Қандыадыр* - тау, Нияз тауларының солтүстік - шығысында, Қарағанды облысы; *Қаптаадыр* - таулар, Арғанаты тауларының солтүстігінде, *Қараадыр* - тау аттары, Ұлытау тауларында Арғанаты тауларының оңтүстік - шығысында, Қарағанды облысы.

Қарағанды облысы топонимиясында ұшырасатын, жер бедерінің ерекшеліктерін айқындайтын **оронимдер** құрамында тас орографиялық терминіде қолданылады. Сондай оронимдер қатарында Күйеутас, Келіншектас, Тесіктас, Айнатас, Ұйтас, Адамтас, Керегетас, Қаратас, Түйетас, Тұғыртас, Шілде тас сынды атаулар. Құрамында тас термині бар оронимиялық атаулар айрықша көрініп тұратын жеке тастарға немесе қатты жыныстардан тұратын қалдық тауларға, төбелерге қатысты қойылған. Тас термині алдындағы анықтауыш сөздер орографиялық нысанның пішінін, түсін айғақтайды немесе ұқсату негізінде қойылады. Осындай оронимдердің кейбір анықтауыш сөздері елеулі этнолингвистикалық ақпараттарға ие.

**АҚЖАЛ** – *тау*, биік. 617,8 м, Талдыманақа өзенінің бат.-да, Жаңа-ар.



ауд.; *тау*, биік. 536,3 м, Жаңаар. ауд., Терісбұтақ өзенінің солт.-де; *Ақ* (сын есім) -*жал* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл топонимнің мағынасы: «ұзыннан-ұзақ ағарып, созылып жатқан жал» дегенді білдіреді.

**АҚМАЯ** – *тау*, биік. 693,0 м, Жаңаар. ауд., Қаражал қаласының солт. жағында. *Ақ* (сын есім), *мая* (зат есім) сөздерінен құрастырылған. Атау таудың түсіне және түйеге (маяға) ұқсас сырт пішініне қарап қойылған.

**АҒАШЖАЙЛАУ** – *тау*. Жаңаар. ауд. Биік. 492 м. Атауы *ағаш* (зат есім) және *жайлау* (зат есім) сөздерінен құрастырылған. Мағынасы – «тау баурайында өскен қалың ағашының арасы малға ыңғайлы жайлау».

**АЗАТ** – *таулар*, ең биік шоқысы 464 м. Жаңаар. ауд. Жаманайбат тауының солт.- шығысында, Сүмбешоқы төбесінің оңт.-батысында орналасқан таулар тізбегі.

**АЙҒЫРЖАЛ** – *тау*, биік. 805 м. Жаңаарқа ауд. Атау *айғыр* (зат есім) және *жал* (зат есім) деген екі сөзден қосылып жасалған. Таудың сыртқы көрінісіне қарап, таудың ұзыннан-ұзақ көлбеп жатқан биігін айғырдың жалына ұқсатудан қойылған атау. Бұл сөздің алғашқы компоненті *айғыр* сөзін Е.Қойшыбаев былай түсіндіреді: «көне түркіше аздығыр (тіс аралық спирант ДЗ дыбыстарының қатысымен байланысты) формасындағы атау. *Бот.* Көп жылғы өсімдік аты» (Е.Қойшыбаев., 1985. б.28).

**АЙДАҒАРЛЫ** – *тау*. Жаңаарқа ауд. Ақтау с/о жерінде. Атауы тастарының арасын жыландар көп мекендегенінен қойылған. Атаудың түбірі *айдаһар* (*әждәһә// әждаһа//әждаһар*) парсы тілінен енген. Мағынасы - «ертегілердегі ажал нышаны ретінде көрсетілетін қорқынышты алып жылан» (Оңдасынов Н., 1974. б.25). Аңыз бойынша, бұл жерде руы Қалыбек Тырнақ батыр айдаһарды шөгерген. Бұл атау туралы Кенесары – Наурызбайға байланысты және басқа да аңыздар бар.

**АЙДАРЛЫ** – *шоқы*, биік. 966,3 м, Жаңаарқа ауд.; *өз.*, *құрғ.* *құд.* *Айдар* (зат есім)+*лы* (туынды сын есім жұрнағы) жолымен жасалған. Атау айдарға ұқсатудан қойылған, яғни «шошайған шоқы, биікше төбе» дегенді білдіреді.

**АЙМАНТАУ** – *тау*, биік. 618,1 м., Қаражал қ.-ның солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған.

**АҚБАСТАУ** – *тау*, биік. 492,1 м, Шалғия кентінің оңт.-бат. жағ.-да, Ералиев с/о-не қарасты село, Жаңаар. ауд., *Ақ* (сын есім), *бас* және *тау* (зат есім) сөздерінен жасалған атау, Топоним мағынасын екі түрлі тұрғыдан қарастыру керек сияқты: 1) ақбас «басы ақ шаңқай тау, яғни биік шың басы аппақ, ешнәрсе өспейтін тау; 2) ақ «таза, мөлдір, тұнық» бастау. Демек. *Ақбастау* «таза, мөлдір, тұнық бастау».

**АҚЕМШЕК** – *тау*, биік. 528,1 м, Жаңаар. ауд. *Ақ*, (сын есім), *емшек* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Таудың емшекке ұқсастығына қарап қойылған атау.

**АҚҚЫЗ** – *тау*, биік. 512,3 м, Жаңаар. ауд., Қыналы көлінің оңт.-бат.-да.

Кісі есімінен қойылған тау аты.

**АҚТАС** – *тау*, биік. 507,4 м, Жаңаар. ауд. *Ақ* (сын есім) және *тас* (зат есім) сөздерінен бірігіп жасалған атау.

**АҚШОҚАТ** – *тау*, биік. 572,2 м, Жаңаар. ауд. *Ақ* (сын есім) + *шоқат* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Атаудың екінші сыңарындағы *шоқат* – «ұсақ төбе, шоқылар», яғни Ақшоқат – «ақшыл түсті шоқылар мен төбелер».

**АҚШОҚЫ** – *тау*, Қу тауының оңт.-батысында, Мұңлы тауының солт.-батысында, *көл*, Ақтау тауларының солтүстігінде, Үлкен Алабас тауының солт.-батысында, *шоқы*, Шашты тауының солт.-шығысында, *шоқы*, Қаражал қаласының оңтүстігінде, Қарашоқы тауының солтүстігінде орналасқан. *Ақ* (сын есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Атаудың мағынасы – «түсі ақ төбе, шоқы».

**АҚИРЕК** – *шоқы*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Қызылтас тауының оңт.-шығысында, Желтау тауының солт.-батысында орналасқан. *Ақ* (сын есім) және *ирек* сөздерінен құрастырылған атау. Мағынасы – «Түсі аппақтығымен ерекшеленіп тұрған шоқы».

**АТАБАЙ** – *тау*, биік. 447,4 м, Жаңаар. ауд., Сарысу өзенінің солт.-де.; *құд.*, Жаңаар. ауд., Қыркұдық құд.-ның қасында, Кісі есімінен қойылған топоним.

**АЮЛЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о жерінде. Атауы ертеде аюлар мекендегендіктен қойылған. Ақырғы аюды 1949ж. геологтар атып алған

**АЛАБАС** – *тау*, Ақтау с/о жерінде, Жаңаар. ауд. Ақтау тау массивіне жатады. Екі сөзден *ала+бас* біріккен атау. *Ала* сөзі отыздан астам түркі тілдерінде жеке де, туынды түбір де, қос сөз, біріккен сөз құрамында да өте жиі кездесіп, өзінен кейін тұрған сөздің түрін, түсін, белгісін, реңін білдіретін анықтаушы, не қос сөздің алдыңғы компоненті ретінде қолданылады. (ҚТҚЭС -1966.б.27). Мұндай атау негізінен тау аттарына (ороним) тән. Мысалға:

«Алабас – тау... Мағынасы: «ақ, кара, ала түстер аралас тау» (ҚГАС (ЖО).., 1990.б.34).

**АРҚАСЫ** – *тау*, биік. 450,6 м, Жаңаар. ауд. Атаудың бірінші сыңарындағы *арқа* (зат есім) түркі тілдерінде «тау орманы», «шың, қыр, тау», «тау жалы, қыры» мағыналарын береді, ал оның екінші құрамындағы *сы* қосымшасы екі элементтен құралған. яғни *с* – көптік жалғауының көне көрсеткіші, *ы*-тәуелдік жалғауы. Демек, *Арқасы* – «орман-тоғайлы келген биік жоталар мен таулы төбелер».

**ӘДІЛБАЙШОҚЫ** – *тау*, биік. 635,1 м, Жаңаар. ауд., Ақтау тауларының солт.-батысында, Шөлқоңыр тауының оңт.-шығысында, Талдыманақа өзенінің батысында. Антропоним.

**БАЛААЙДАҒАРЛЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд., Отаутас тауының оңт.-шығ. жағ.-да. *Бала* (зат есім) -|-*айдаһар* (зат есім)+*лы* (зат есімнен туынды сын есім жасайтын жұрнақ) тіркестерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «кіші айдаһарлы» (тау) дегенді білдіреді. Ертеректе бұл тауда ордалы жыландар

болған.

**БАЛА БҮРКІТТІ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау тау массивіне жатады. Атауы шың құздарында бүркіт көп ұялағандықтан берілген. Үлкен Бүркітті тауынан кіші болғандықтан «Бала Бүркітті» атаған.

**БАЛА ЖЕЛКЕКТІ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Ақбастау шоқысының солт.-батысында, Тасқоралы тауының оңт.-шығысында. Желкекті тауынан аласа болғандықтан «Бала Желкекті» атанған. Атауы «желі кекті (қатты, зәрлі)» деген ұғымға байланысты.

**БӨРІБАЙ** – *тау*, биік. 610,9 м, Жаңаар. ауд. Антропоним.

**БӨРІЛІ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау тау массивіне жатады. Атауы маңайын қасқыр көп мекендегендіктен берілген.

**БҰЛДЫРЫҚ** – *тау*, Жаңаарқа ауд. Тегінде *бұлдырық* – «құр тұқымдас кішкентай дала құсы». Атауы таудың алыстан бұлдырап көрінуіне байланысты қойылуы да мүмкін.

**БОРАНТӨБЕ** – *тау*, биік. 537,5 м, Жаңаар. ауд. Қарашоқы тауының солт.-шығ. жағ.-да. *Боран* (зат есім), *төбе* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Бұл төбенің төңірегінде боранның қатты болуына байланысты қойылған атау.

**БҮРКІТТІ** – *тау*, *төбе*. Жаңаар. ауд., Ақтау, Қарағаш с/о. Бүркіт салған, бүркіт ұялаған жерлер.

**ДОМАЛАҚ** – *тау*, биік. 823,2 м; *қыст*. Жаңаар. ауд., Отаутас тауының шығ. жағ.-да; *жота*, Жаңаар. ауд., Сарысу өзенінің солт.-де. Таудың сыртқы бейнесіне сай қойылған атау.

**ДӨҢТӨБЕ** – *тау*, биік. 611,2 м, Жаңаар. ауд. Төбенің сырт пішініне байланысты қойылған атау.

**ДУАН БАСЫ** – *тарихи орын*. Қазақтар дуан басы деп ХІХ ғ. 30-шы жылдары осы жерге салынған Ақтау бекінісін атайтын болған. Дуан деген сөз парсының «1. Мемлекеттік кеңес, уәзірлер жиналысы, мәжіліс. 2. Сот, трибунал» [Оңдасынов Н., б.146]. деген мағына беретін сөзден алынып, Ресей империясының әкімшілік орталықтарын атаған. [толығырақ: Аршабеков Т.Т., Жұмабеков Ж.А., 2005].

**ЖАҚСЫ АЙЫРТАУ** – *тау*, Жаңаар. ауд. *Жақсы* (сын есім) және *айыр* (сын есім) *-|тау* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Е. Қойшыбаев (1974) топоним мағынасын «биік немесе берекелі Айыртау» деп топшылаған. Топоним құрамындағы *айыр* элементі негізінен «екі ашалы, қос тармақты» мәнінде жұмсалады деп санайды. Бұл зерттеушіге дейін топоним мағынасын зерделеген Ғ. Қонқашпаевтың (1963) пікірінше, атаудың сөзбе-сөз мәні «жақсы, жайлы айрық (айыр) тау». Біз жоғарыда айтылғандарға ден қоя отырып, тау шыңында да сыртқы бедері мен көрінісіне қарай және шаруа-қонысқа жайлы, құтты мекен болғандығына орай аталған деп ойлаймыз.

**ЖАМАН** – *таулар*, биік. 386,6 м, 376,7 м, Жаманайыртау тауының оңт. жағ.-

да, Жаманайбат тауының шығ.-да, Жаңаар. ауд.; Мағынасы: «төбесі жатаған, шағын, көзге қораш тау». Бәлкім, тау ешкілерінің болуына байланысты да қойылуы ықтимал. Монғол тілінде *ямаа* «тау ешкісі» мағынасындағы сөз.

**ЖАМАНАДЫР** – *тау*, биік. 638,2 м, *өз.*, Талдыбұлақ мекенінен батыс жақта, Терісбұлақ өзенінің оңт.-де, Жаңаар. ауд. Жаман сөзі топонимдерге қатысты, әсіресе Орталық Қазақстанда жиі қолданылады [ҚГАС (ЖО)., б.99] және «бұл сияқты атаулар халықтың аталмыш географиялық объектілерге көзқарасын білдіреді» [Жүнісов Д., б.97]. Адыр сөзі «түркі тілдерінің көбіне ортақ географиялық термин - аласа таулар мен бел-белес қырат, дөңесті жер» дегенді көрсететін ұғым [ҚГАС (ЖО)., б.17]. Бұл табиғи объектінің қонысқа және мал бағуға жарамсыздығын меңзейді.

**ЖАМАНАИБАТ** – *тау*, биік. 384 м, Жаңаар. ауд. Е. Қойшыбаевтың пікірінше (1985) атау *жаман-|-ай-|-бет* компоненттерінен құралған. Бет сөзінің «батқа» айналуы – кейінгі ықпал әсерінен» (1985). Ғ. Қоңқашпаев (1963) *Айбат* сөзін антропоним деп санайды. Соңғы пікірдің, біздің ойымызша, дұрыс тәрізді. Осыған қосымша, таудың сыртқы бітім-түрпатының суық, сұсты болуына байланысты да аталуы мүмкін.

**ЖАНАЙ** – *тау*, биік. 607,6 м, *бейіт, айр.*, Жаңаар. ауд. Антропонимдік атау. Төбенің басына Тама руының Кедей атасының Жанай әулие деген адамы жерленген. Атау парсы және түркі сөздерінің қосылуынан жасалған. Жан парсының «1. Жан, рух өмірі. 2. Сүйікті, қымбатты. 3. Ауыс. Кісі, адам» деген мағыналардағы сөзі [Ондасынов Н., б.88]. Бірнеше түсініктер мен сөйлемдердің қысқартылған формасы.

**ЖЕКЕТАУ** – *тау*, Ақтау тауларының бөлігі, *ескі е. м.*, Талдыманақа өзенінің бат.-да, Жаңаар. ауд. *Жеке* (сын есім) және *тау* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Бұл атаудың мағынасы: «дара, саяқ, оқшау, оңаша тау».

**ЖЕЛТАУ** – *тау*, Ақтау тау массивіне жатады. Жаңаар. ауд. Атауы баурайында қатты желдер соғатындығына байланысты берілген. *Жел* (зат есім) және *тау* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау.

**ЖУАНТӨБЕ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ең биік жері 443м. Атауы *жуан* (сын есім) және *төбе* (зат есім) сөздерінен құрастырылған. Мағынасы – «домалақ пішінді көлемі үлкен төбе».

**ЖҰМЫРТҚАЛЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. *Жұмыртқа* (зат есім) сөзіне *-лы* (зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ) қосымшасы жалғануы арқылы жасалған атау. Тау жақпарларына құстар ұялап, жиі жұмыртқа салуы себепті, құс жұмыртқасының көп болуымен байланысты аталған.

**ЖҮНДІОБА** – *тау*, биік. 741,4 м, Жаңаар. ауд. *Жүнді* <.жүн (зат есім)+ді (зат есімнен сын есім туындайтын қосымша) және *оба* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Топонимнің екінші сыңары *оба* түркі-монғол тілдерінде мағыналас қолданылады. Монғол тілінде *овоо* – «үйінді, үйінді

тас», «қорған» мағынасын білдіреді. (Б. Базылған. 1984, 361). Ғ. Қоңқашпаев қазақ тілінде *оба* сөзінің топонимикалық мәні «биіктік басында, кейде жазықта үйілген (қаланған) үлкен тас үйіндісі» деп көрсетеді (Қоңқашпаев, 1963, 138). Қырғыз тілінде *обоо* сөзінің «тастан жасалған төбе тастар үйіндісі» мағыналарын көрсетеді. К.К.Юдахин бір қызықты дерек келтіреді. Тас үйінділердің пайда болу себебі халықтың салтымен байланысты екен. Әдетте, көшу үстінде – қыстаудан жайлауға – асудан асар тұста ер адамдар аттан түсіп, 5-6 тасты үйіндіге лақтырып тастап отырған, бірте-бірте бұл тастардан отырған кәдімгідей төбе пайда болады. Бұл халық наным бойынша тау иесіне, рухына құрбандық шалу деп ұғынылған (Юдахин, 1985, 1, 60).

Сонымен, атау төбе, жота, тау басындағы үйінді тастар арасында қалың болып ұйыса өскен жатаған, аласа бұталардың көрінісіне байланысты қалыптасса керек.

**ЖЫЛАНДЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Тасқоралы тауының оңт.-шығысында, Балажелкекті тауының солт.-батысында. Атауы жыландар көп мекендегендіктен қойылған.

**ЖЫЛАНШЫҚ** – *тау*, биік. 839 м, Жаңаар. ауд. *құрғ. өз.*, *Жылан* (зат есім) және *шық* (зат есім қосымшасы) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Е. Қойшыбаевтың пікірінше, атау көне түркі тілінде *дьалан Цйа-лан* формаларынан қалыптасқан; *дьаланч* – *шық* сөзінің қазақ тіліне бейімделген түрі, мағынасы: «далашық», яғни «кішігірім жа-зық» (1985, 121). Ғ. Қоңқашпаев *Жыланшық* атауы «кішкентай жылан» мағынасын білдіреді деп санайды (1963, 48).

**ЗАНҒАР** – *тау*, Жаңаар. ауд. С.Сейфуллин с/о. Омарбек тауының шығысында, Жақсы Иманақ тауының солт.-батысында. *Биік шоқы*, *тау* деген мағынаны білдіреді.

**ИМАНАҚ** – *1.тау*. Таудың бұлай аталу себебі халық аңызында «осы арада иманды әулие қарияның тұруына байланысты» қойылған деп есептеледі. Иман сөзі араб тілінде – сенім, наным-сенім мағынасында қолданылады. Қазақ тілінде +ақ жұрнағы күшейткіш мағынаға ие, сонда бұл сөз иманы күшті, иманды мағынасына ие болса керек. Сонымен қатар, монғол, тува, алтай тілдерінде «манақ» деген сөз түбірі мал жаюға ыңғайлы, суы мол, шөбі шүйгін деген ұғымға жақын жерді білдіреді. *2.өзен*, Көшекбай көлінен бастау алады да, Жақсы Иманақ тауының солт.-шығысында, Атасу кентінің солтүстігінде құрғап қалады.

**КЕРЕГЕЖАЙҒАН** – *тау*, Жаңаар. ауд. Қабыршақтыкөлінің солтүстігінде, Жақсыайыртау тауының оңт.-шығысында. Атауы сырт бейнесіне байланысты қойылған.

**КЕРЕГЕТАС** – *тау*. Екі сөзден құралған: *кереге* «киіз үйдің қабырғасын құрайтын, тор көзді жиналмалы ағаш бұйым» [Қасиманов С., 1995. б.202], *тас* «қатты тау жынысы және соның бөлшектер» [ҚТТС. II-том., 1961. б.339].

Таудың ерекшелігін, керегедей жайылып орналасуын көрсетеді.

**КӨКСЕҢГІР** – *тау*, Жаңаар. ауд., Шөлқоңыр тауының оңт. – шығысында, Манақа өзенінің бойында. *Көк* (сын есім), *сеңгір* (зат есім) сөздерінің қосылуынан құралған атау. Мағынасы – «алыстан көгеріп көрінетін биік тау».

**КӨКТАС** – *тау*, биік. 531,4 м, Жаңаар. ауд. Шалғия пос.-нің шығ.-да; өз. ұз. 142 км, Сарысу алабында. Жаңаарқа ауданының оңтүстік бөлігінде, әуелі шығысқа, одан кейін батысқа қарай ағады. Желдітау, Қу тауларынан басталып, Жетіқоңыр құмының солтүстігінде тартылып қалады. Су жинайтын алқабы 6560 шаршы км. Оң жағынан Ақтассу (10 км.), Еспенбек (20 км.), сол жағынан Сарыбие (31 км.), Қарасай (73 км.), Сағынтай (38 км.) т.б. салалары келіп құяды. Жоғары және орта ағыстарының аңғары тастақты, тар. Негізінен қар, жерасты суларымен толысады. Жазықта қарасуларға бөлініп қалады. Шөл далада орналасуына байланысты бұл өзеннің мал суаруда, жайылымдарды суландыруда маңызы зор. *Көк* (сын есім), *тас* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған атау. Мағынасы: «бұл тауда, немесе өзен маңында көк тастардың көп екендігін» білдіреді.

**КӨНЕК** – *төбе, тау*, Жаңаар. ауд. Ералиев с/о. Балажелкекті тауының солт.-шығысында, Ералиев ауылының батысында. Зат есімінен жасалған атау. Мағынасы: «төбенің көнекке ұқсас екенін» білдіреді.

**КІШІ АҚМАЯ** – *төбе, тау*, Жаңаар. ауд. Отаутас тауының шығ. жағ.-да. *Кіші* (сын есім), *ақ* (сын есім)+*мая* (зат есім) сөздерінің тіркесуі мен бірігуінен жасалған. Негізгі тау аты *ақ маяға* (үйілген шөпке) немесе шөккен түйеге ұқсас болған соң қойылған да, *кіші* сөзі таудың «Үлкен Ақмаяға» қарағанда шағындығын білдіреді.

**КІШІ ТОЛАҒАЙ** – *тау*, Жаңаар. ауд. *Кіші* (сын есім) -*толағай* (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Негізгі Толағай атауының монғол (қалмақ) тіліндегі мағынасы: «бас» деген сөз, яғни бұл таудың басқа ұқсауынан қойылған. Ал атаудың алдында тұрған *кіші* сөзі таудың «Толағай» тауына қарағанда үлкен еместігін білдіреді.

**КІШІ ШАШТЫ** – *тау*, биік. 541,8 м, Жаңа-ар. ауд. Сарысу өзенінің оңт.-де. Таудың негізгі *Шашты* бөлімі тауда өсімдік *шаи* сияқты өсіп тұрғанын білдіреді. Ал *кіші* сөзі таудың үлкен еместігін білдіреді.

**ҚАБАНТАУ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о жерінде. Ақтау тау массивіне жатады. Атауы сырт пішініне байланысты берілген.

**ҚАРАТӨБЕ** – *тау*, Жаңаарқа ауданындағы Ақтау ауылынан батысқа қарай 20 км. жерде. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 10 км.-ге созылып жатқан оқшауланған тау массиві. Ені 5 км., ең биік жері 778 м. Ерте мезозой гранитоид жыныстарынан түзілген. Тау етегінде қорымтастың мол үйіндісі бар. Бозғылт қызыл қоңыр топырақ жамылғысында жусан, бетеге, бұталар өседі. Етегінде бұлақтар (Молабұлақ т.б.) бар. Мал жайылымына

және қыстауға пайдаланылады. Атауы сырт пішініне қарап қойылған

**ҚАРАБЕЛГІ** – тау, биік. 524,1 м, Жаңаар. ауд. *Қара* (сын есім), *белгі* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «біреуге немесе тарихи оқиғаға арнап орнатылған ескерткіш, үлкен белгі».

**ҚАРАБҰЙРАТ** – тау, Жаңаар. ауд.-да. *Қара* (сын есім) + *бұйрат* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қарауытып көрінген қалың бұталы, созылып жатқан ойлы-қырлы белестер, қырқа, адыр».

**ҚАРАҚИЯ** – тау, биік. 1002,8 м, Жаңаар. ауд. *Қара* (сын есім), *қия* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қарайып көрінетін шың, қия».

**ҚАРАТАС** – тау, Жаңаар. ауд. Айнабұлақ с/о. Шошқакөл көлінің оңт.-шығысында, Омарбек тауының солт.-батысында. *Қара* (сын есім). + *тас* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «тастары қара түсті тау».

**ҚАРСЫАДЫР** – таулар, Жаңаар. ауд. Жайылма аңғарының солтүстігінде, Ақбастау шоқысының шығысында, *сай-сала*, Шашты тауының солт.-батысында, Ақбастау шоқысының оңт.-шығысында. *Қарсы* (сын есім), *адыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы – «қарсы орналасқан адыр-төбе, таулар».

**ҚАТАРШОҚЫ** – тау, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Қаратөбе тауының солт.-шығысында, Қызылтас тауының оңт.-батысында орналасқан. *Қатар* (сын есім) + *шоқы* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «қатарласа орналасқан шоқылар».

**ҚОЖАТАУ** – тау, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Тасқоралы тауының оңт.-шығысында, Балажелкекті тауының солт.-батысында, *сай-сала*, Балажелкекті тауының солт.-батысында, Керегежайған тауының солт.-батысында. Мағынасы – «қожалар мекендеген тау».

**ҚОҢЫРҚҰЛЖА** – тау, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о жерінде. Атауы *қоңыр* (сын есім) және *құлжа* (зат есім) сөздерінен құралған. Ертеде бұл тауда арқарлар көп болған.

**ҚОҢЫРТӨБЕ** – таулар, биік. 586 м, 335,9 м, Жаңаар. ауд., Талдыманақа өз.-нін шығ.-да. Мағынасы: «айналасында өлең шөбі көп, саясы салқын таулар».

**ҚОСАҒАЛЫ** – тау, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Қаратөбе тауының солт.-шығысында, Қызылтас тауының оңт.-батысында, *көне замандағы молалар тобы*, Атасу өзенінің оң жақ сағасында, Қаражал кенішінен оңт.-шығысқа қарай 60 км жерде орналасқан. 1950ж. зерттелген Андрон ескерткіштерінің кешені.

**ҚОСТӨБЕ** – тау, биік. 544,8 м, Жаңаар. ауд., Стандарт қыстағының оңт.-батыс жағында; «Мағынасы: «қатарлас жатқан екі тау».

**ҚОСЫЛЫҚТЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Жаманадыр тауының оңтүстігінде, Шөлқоңыр тауының солт.-батысында. Атауы *қосылу* сөзінен пайда болуы мүмкін.

**ҚОТЫРЖАЛ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Ақтау тауларының оңт.-батысында, Қызылтау тауларының оңт.-шығысында. Атауы екі сөзден: *қотыр* (сын есім) және *жал* (зат есім) сөздерінен қалыптасқан. Мағынасы – «өн бойы бұжыр-бұжыр болып, қотырға ұқсап жатқан тау».

**ҚУ** – *тау*, биік. 780,8 м, Шалғия пос.-нің солт. жағ.-да, Жаңаар. ауд. Е. Қойшыбаевтың (1985) пікірі бойынша «қу» түр. этноним. Э. Мурзаев (1984) қу сөзі мари, манси тілдерінде «тас», «тасты» ұғымын білдіретінін айтады.

**ҚУЖАЛ** – *аласа таулар*, Жаңаар. ауд. Бұл жерлерде көне заманның молалар тобы көп. Олар Қарағаш ауылынан 8,4 км қашықтықта оңт.-шығысқа қарай орналасқан.

**ҚУЛЫ** – *тау*, биік. 537,5 м, Қарашоқы тау.-ң шығ. жағ.-да. Жаңаар. ауд. Қулы – кісі есіміне байланысты атау. Е. Қойшыбаевтың (1985) пікірі бойынша «қу» түр. этноним. Э. Мурзаев (1984) «қу» сөзі мари, манси тілдерінде «тас», «тасты» ұғымын білдіретінін айтады. Шалғияның солтүстігіндегі екі шоқыны Мұңлы, Қулы дейді. Ел аузында Мұңлы деген қыздың, Қулы деген жігіттің бір-біріне ғашық болып, қосыла алмағаны жөнінде қайғылы аңыз-әнгіме бар.

**ҚҰЛААЙҒЫР** – *тау*, Жаңаар. ауд. Е. Қойшыбаевтың пікірі бойынша (1985), атау екі сөзден: *құлай* және *қыр* сөздерінен қалыптасқан атау. Оның бірінші сыңары *құла* (сын есім), екінші сыңары *айғыр* (зат есім) сөздері. «Құлайғыр он бес мың жылқы біткен Жәңгір төренің малының басы, жылқысының құты екен», – дейді ел аузындағы әнгіме.

**ҚҰРТБАЙ** – *таулар*, Жаңаар. ауд. Шашты тауларының солт.-шығысында, Қосылықты тауының оңт.-батысында. *Құрт* және *бай* деген екі сөзден қосылған атау. Бұл жерлерді көбінесе Шашты тауларымен бірлестіріп, «Құртбай-Шашты» деп атайды.

**ҚҰСАЙЫН** – *тау*, биік. 628 м, Жаңаар. ауд. Кісі есіміне байланысты қойылған атау.

**ҚЫЗЫЛСИЫР** – *тау*, биік. 574,6 м, Сарысу өзенінің солт.-де, Жаңаар. ауд. *Қызыл* (сын есім), *сиыр* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған тау аты. Атаудың екінші сыңары түркі тілдерінде түрлі фонетикалық тұрғыда айтылады. Алт. Суури – «істік, үшкір, конус тәріздес; тув. суур – «шоқы, тебе, үшкір, ко-нус тәріздес; орыс тіліндегі сугор «шоқы» сөздерінің мағынасы да, тұлғасы да ұқсас. Бұған қарағанда топоним құрамындағы сиыр (сүйір) осы көрсетілген сөздермен мағыналас деп қараймыз. Атаудың мағынасы: «Қызылұш, қызыл шоқы, қызыл төбе» болар деп жобалаймыз.

**ҚЫПШАҚБАЙ** – *тау*, биік. 423,0 м, Жаңаар. ауд. Кісі есіміне байланысты



койылған атау.

**ТЕРЕКТИ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Шашты тауының оңт.-шығысында, Мырзашоқы тауының солт.-батысында, *сай-сала*, Омарбек тауының солт.-шығысында, Қараоба шоқысының оңт.-шығысында. «Терек көп өскен тау, жер» деген мағынаны білдіреді.

**ТОҚТЫ** – *жатаған тау, адыр-төбелер*. Жаңаар. ауд., Ақтүбек с/о. Аңыз бойынша, бұл жерді мекендеген Сапақ байдың бар жылқысы жұттан қырылып, таудың тасына біткен қынаны теріп жеген бес мың тоқтысы ғана аман қалған.

**МҰҢЛЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Е. Қойшыбаев пен Ғ. Қонқашпаев бұл сөзді «қайғылы, каралы» тау деп сөзбе-сөз аударған. (Қонқашпаев, 1963; Қойшыбаев, 1974, 173.) Бұл тау атауы халық аңызы бойынша адам есіміне байланысты қойылған деп түсіндіріледі (Қулы топонимінің талдауын қараңыз).

**МЫҢАДЫР** – *таулар*, Жаңаар. ауд., Жаманадыр тауының оңтүстігінде, Шөлқоңыр тауының солт.-батысында, *төбе*, Қамбас төбенің солт.-шығысында, Сүмбе шоқының солт.-батысында, *станса*, Қаз. т.ж. Қарағанды бөлімшесі. *Мың* сөзі негізінде «көп, сансыз, хисапсыз» деген мағынаны білдіреді. Кейде *мың* сан формасында сөз тіркесінде келіп, «шексіз көп, мол» мағынасында да қолданылады. Ал топонимнің мағынасы: «аласа, толып жатқан аласа төбелер, дөңестері көп жер».

**МЫҢБАЙ** – *тау*. Жаңаар. ауд. Ақтау с/о жерінде. Антропонимдік атау. Мың - есепті сан, бұрынғы кезде қазақтар мың басы лауазымын да қолданған [ҚТТС. II-том, б.156]. Баурайын «Мыңбай сайы» деп атайды, бұл жерде қола дәуірінің көне ескерткіштері көп, мыс қорытып, қола өндірген ескі қоныстардың орыны бар.

**МЫРЗАШОҚЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақжал тауының солт.-шығысында, Жаманадыр тауының солт.-батысында, *тау*, Шашты тауының оңт.-шығысында, Қаражал қаласының солт.-шығысында. *Мырза* екі тілден құралған: *Әмір* - /арабша/ билеуші, *заде*-туған, тұқымы. Сонда *Әмірзадеден* қазақша қысқартылып *мырза* болады. Қолы кең, пейілі кең адам деген мағынада, ал «шоқы» сөзі - «биік төбе, дөң, дөнес» [ҚТТС. II-том., б.490].

**НАУБЕТ** – *тау*, биік. 764,0 м, Жаңаар. ауд. Отаутас тауының солт. жағ.-да. Ақтау с/о. Антропоним. Алтай Сайдалы руының Нәубет атты адамы қыстап, мекендеген жер. Бұл атау *нау* (зат есім)+*бет* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Оның бірінші сыңары *науЦну*, қалың жыныс, екінші сыңары *бет*, *беткей* дегенді білдіреді. Атаудың мағынасы: «таудың қалың, нулы беті, беткей жағы» дегенге саяды.

**ОБАЛЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Атау *оба* (зат есім)+*лы* (сын есімнің туынды жұрнағы) компоненттерінен құралған. Атаудың мағынасы: «тас үйілген биік төбе, жота».

**ОМАРБЕК** – *тау, мола*, Жаңаар. ауд. Қаратас тауының оңт.-шығысында,

Жаманадыр тауының солт.-шығысында. Антропоним.

**ӨГІЗТАУ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау тау массивіне жатады. *Өгіз* (зат есім) + *тау* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Таудың сыртқы бітіміне қарай қойылған атау. Әлкей Марғұланның пікірі бойынша, бұл тау оғыздардың тауы, сол себепті «Өгізтау» емес, «Оғызтау».

**ӨЗЕНТАУ** – *тау*, биік. 502,0 м, Жаңаар. ауд. Атау *өзен* (зат есім), *тау* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «тау жанынан ағатын өзен, немесе өзен жанындағы тау».

**САРЫҚҰЛЖА** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о жерінде. Ақтау тау массивіне жатады. Атауы *сары* (сын есім) және *құлжа* (зат есім) сөздерінен құралған. Ертеде бұл тауда арқарлар көп болған. Қоңырқұлжа тауынан түсі бөлек, шөбі ақшыл болғандықтан Сарықұлжа атанған.

**САРЫМСАҚТЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Шұбароба тауының оңт.-шығысында, Қарашоқы тауының оңт.-батысында. Атауы топырағына сарымсақ көп шығатындығына байланысты қойылған.

**САРЫТАУ** – *таулар*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Ақтау тау массивіне жатады, Ақтау тауларының солтүстігінде, Шөлқоңыр тауының оңт.-шығысында, *тау*, Киіктау тауының солт.-шығысында, Жамбыл кентінің батысында. *Сары* (сын есім) + *тау* (зат есім) сөздерінен құралған. Атауы тастарының түсіне байланысты қойылған.

**САСЫРЛЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ең биік тұсы 655 м. Атауы баурайында *сасыр* көп өскендіктен қойылған.

**ТАСҚОРАЛЫ** – *тау*. Жаңаарқа ауданы жеріндегі Жамбыл елді мекенінен солтүстік-шығысқа қарай 45 км жерде. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 12 км-ге созылып жатыр, ені 4 км. Абсолютті биіктігі 988 м. Оңтүстік, оңтүстік-батыс беткейлері көлбеулеу келген бірнеше ұсақ шоқылардан тұрады. Девонның гранитоидтық интрузивтік жыныстарынан түзілген. Сорғандау ашық қызыл қоңыр топырақ жамылғысында жусан, бетеге, боз, бұталар өседі. Таудың солтүстік және солтүстік-шығыс беткейлері бұлаққа бай келеді, олардың бәрі қосылып, Ащықарасу өзенін құрайды. Тау атырабы жайылымдық жер және мал қыстатуға пайдаланылады. Атауы *тас* (зат есім), *қора* (зат есім) + *лы* (сын есім тудыратын жұрнақ) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.

**ТАСТЫҚАРА** – *тау*, Ақжал тауының оңт.-шығысында, Қосылықты тауының солт.-батысында, *тау*, Омарбек тауының оңтүстігінде, Жаманадыр тауының шығысында. Атауы *тас* (зат есім) + *ты* (сын есім тудыратын жұрнақ) + *қара* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы - «қарайып көрінетін жартасты тау». Қара деп қазақ тілінде тек түстік мағынасына ғана емес, сонымен қатар бөлектеніп, оқшауланып тұруды да меңзейді.

**ШАШТЫ** – *тау*, Жаңаар. ауд. Мырзашоқы тауының солт.-батысында,

Ақбастау шоқысының оңтүстігінде, *сай-сала*, Мырзашоқы тауының оңт.-батысында, Ақбастау шоқысының оңт.-шығысында. Атауы адам шашына ұқсаған тауға біткен ағаштың көптігіне байланысты қойылған.

**ШЕГІР** – *тау*, Жаңаар. ауд. Ақтау тау массивіне жатады. Таракты руы адамының атымен аталған шағын тау. Ертеде бұл жерді тарактылар мен қоңыраттар жайлаған.

**ШӨКЕМАН** – *тау, төбе*. Үлкен Шөкеман және Кіші Шөкеман деп екіге бөлінеді. Жаңаар. ауд. Ақтау с/о жерінде. Антропоним. Нұрбай руының байы Шөкеманның күзегі болған.

**ШӨЛҚОҢЫР** – *тау*, Жаңаар. ауд. Қосылықты тауының оңт.-шығысында, Атасу кентінің оңт.-батысында. Атауы *шөл* (зат есім) және *қоңыр* (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Мағынасы – «шөлейт жердегі қоңырайып көрінетін тау».

### Сай-сала этимологиясы

Түркі-монғол топонимиясында кеңінен таралған *сай* орографиялық апеллятивті Орталық Қазақстан оронимиясында да өзінің орнын тапқан. Мысалы, *Ақсай* атты көптеген микрооронимдер Орталық Қазақстанның барлық аймақтарында ұшырасады. Көне түркі тілінде *saj* – «ойпаңдау шатқалдағы тасты жер» *saj jazı* – «жазықтар», «тастақтау, жазық», – *saj rap* «таяз су» деген мағынаны білдіреді. Сарыарқа өңірінің жер бедері жылдар бойы табиғи және антропогендік күштердің әсерінен түрлі өзгерістерге ұшыраған. Соның нәтижесінде пайда болған жер бедерінің өзіндік ерекшеліктері гидрографиялық атауларда көрініс тапқан.

Өзен-көл атауларында орогидрографиялық *сай* термині жиі кездеседі. Э.М.Мурзаев «сай» лексемасының мағынасын малтатас шөгіндісі, тайыз жер, құрғақ арна, жырадағы жылға, өзек мағынасында қарастырып, барлық түркі тілдес халықтарда кездесетінін, орыстың ғылыми әдебиеттерінде жиі қолданылатынын атап көрсеткен. Ал, Ғ.Сағидолдақызы қазақ тіліндегі «екі таудың арасы, биік шатқал» мәніндегі сай орографиялық терминімен монғол тіліндегі «сайр» – өзен, судың тарамдары биік таулар арасын бөліп жатқан сайлар ағынасындағы *salaа* сөздері қосарлана келіп қазақ тілінде *сай-сала* деген дербес терминдегі сала лексемасын монғол тілінен енген кірме сөз ретінде қарастырады. Е.Керімбаев гидрографиялық сай термині орографиялық негізде қалыптасып, лексеманың ұзақ эволюциялық процеске ұшырап, тасты жазық, арна, өзен, жылға т.б. мағынаны білдіретінін және олардың жер бедерінің төменгі бөлігінен ағып шығып өзара байланыста жатқанын айтады [5]. *Сай* сөзі көбіне бұрын су болып, кейін құрғап қалған нысандарға қатысты айтылады. Олар жеке ерекшеліктеріне қарай *Ащысай*,

*Тереңсай, Борлысай* өсімдік жамылғысына қарай *Қарағандысай, Шилисай* деп аталады..

Орталық Қазақстанда *сай* терминіне байланысты төмендегідей оронимдер кездеседі. *Көлсай* – тау, биіктігі 6 м, *Кентексай* – сай, Ұлытау тауларында; *Ақтайлақсай* – жылға, *Бұлансай* – тау, биіктігі 287,4 м Ұлытау ауданы, *Сарысай* – тау, биіктігі 240,2 м Ұлытау ауданы, *Бұлақсай* – тау, биіктігі 122,1; *Ақкиіксай* – жылға, *Еспесай* – сай, *Ебелектісай* – жыра, *Қарағандысай* – жыра, *Теріскендісай* – жыра, *Тымырзасай* – сай, *Сарысай* – тау, *Жырабұлақсай* – тау, Жезді ауданы, *Шималсай* – төбе, Қарағанды ауданы, Қарағанды облысы.

**АЖА** – *бейіт, сай*, Жаңаар. ауд. С.Сейфуллин с/о. Антропоним. Жақсы Иманак тауының оңт.-батысында, Атасу кентінің солт.-батысында орналасқан.

**АҚШАҒЫЛ** – *сай-сала*, Жаңаар. ауд. Қабыршақты көлінің солт.-шығысында, Керегежайған тауының оңт.-шығысында. *Ақ* (сын есім) + *шағыл* (сын есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Атауы ақшыл, бозғылт өсімдіктер өсетін жердің түсіне байланысты қойылған.

**АЛҚАДЫР** – *сай*, Жаңаар. ауд., Қаражал қ.-ның солт. жағ.-да. Кісі есімінен қойылған атау.

**АЛШАҒЫР** – *сай-сала*, Жаңаар. ауд. Ақтау ауылының оңтүстігінде, Қызылтас тауының оңт.-шығысында. Антропоним. Осы жерді мекендеген Тұңғатар руының адамының есімімен аталған жер.

**БӘКЕЙ** – *сай*, Жаңаар. ауд., Талдыманақа өзенінің бат.-да, Ақтау тауларының солт.-бат.-да, Шөлқоңыр тауының оңт.-шығысында. Антропоним. «Бәкей соры» деп те атайды.

**БЕЛҚАРАҒАН** – *сай-сала, елді мекен*. Жаңаар. ауд. Айнабұлақ с/о. Қараоба төбесінің оңт.-батысында, Қаратас тауының солт.-шығысында. *Бел* (зат есім) және *қараған* (зат есім) сөздерінің бірігуінен құралған атау. Мағынасы – «қарағаны көп жон, қырқа, бел».

**БЕСТОҒАН** – *сай-сала, елді мекен*. Жаңаар. ауд. С.Сейфуллин с/о. Жақсы Иманак тауының солт.-шығысында, Шотан тауының солт.-батысында. *Бес* (сын есім) және *тоған* (зат есім) сөздерінен құралған атау. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары бұл жерде тоғандар байланған.

**БОРАНБАЙТАС** – *сай-сала*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Ақтау тауларының оңт.-шығысында, Қызылтас тауының солт.-шығысында. Антропоним. Мағынасы – «Боранбай мекендеген жердегі тас, жартас».

**БҮГІЛ** – *сай, дөң, Манақа өз. бөлігі*. Жаңаар. ауд., Шұңқыр қыст.-ның оңт. жағ.-да. Бұл топонимнің бірінші сыңарының негізгі төркіні *буг Цвик/Ібүкү/Ібегтер* түркі-монғол, индоеуропа, славян, тілдерінде «жота, қыр, төбе», «өркеш» мағыналарында жиі қолданылады. Салыстыр.: орыс. *бугор* «кішкене төбе, жота оба», нем. вис. «өркеш», осет. *вик* «бүкірейген», қаз., қыр. *бүкір*. ұйғ. *бүкү* «бүкір», монғ. *бегтер* «бүкіш, бүкір». Атаудың екінші сыңарындағы

-іл көптік жалғауының көне көрсеткіші. Демек, *Бүгіл* – «жоталар, төбелер, дөңестер».

**БҮЙРЕКШИ** – *сай-сала*, Жаңаар. ауд. Ақтау с/о. Мұңлы тауының оңт.-шығысында, Қарабұлақ төбесінің оңт.-батысында. *Бүйрек* (зат есім) *ши* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Мағынасы – «екі бүйірінен қалың ши өскен жер».

**ДАРАҚСАЙ** – *сай*, Жаңаар. ауд. Қаражал қ-ның солт. жағ.-да. *Дарақ* (зат есім), *сай* (зат есім) сөздерінен жасалған атау. Көне түркіше *дарақ* – «ағаш», яғни «ағаш көп өскен сай».

**ДӨНГЕЛЕКҚАҚ** – «ойпаң жерге жиналған су» сөздерінің негізінде жасалып, «дөнгеленіп, жан-жаққа ақпай бір жерде тұрып, тоқтап қалған су» мағынасындағы атау.

**КӨККЕМЕР** – *сай-сала*, Жаңаар. ауд. С.Сейфуллин с/о. Омарбек тауының оңт.-шығысында, Жақсы Иманақ тауының оңт.-батысында. *Көк* (сын есім) + *кемер* (зат есім) сөздерінің қосылуынан құралған атау. Мағынасы: «жарқабағы, кемері көк-жасыл шөпке бай, үнемі көгеріп жататын сай».

**КӨКТҮМСЫҚ** – *сай-сала*, Жаңаар. ауд. С.Сейфуллин с/о. Жақсы Иманақ тауының оңт.-шығысында, Шотан тауының батысында. *Көк* (сын есім), *тұмсық* (зат есім) сөздерінің қосылуынан құралған атау. Мағынасы – «шөбі үнемі көгеріп жататын адыр-төбелердің шеті, бұрышы».

**ҚАЙЫҢТӨБЕ** – *сай-сала*, Жаңаар. ауд. Ақтүбек с/о. Құдайменде өзенінің сол жағасы, Қосылықты тауының оңт.-батысында. *Қайың* (зат есім), *төбе* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы – «басына қайыңдар өскен адыр, төбе».

**ҚОПАКӨЛ** – *сазды жер, сай-сала*, Жаңаар. ауд. Мырзашоқы тауының солт.-шығысында, Шөлқоңыр тауының оңт.-батысында. *Қона* (зат есім) және *көл* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы: «Жағасында қалың құрақ, камыс, қоға өскен көл».

**ҚҰМЖАЙЛАУ** – *сай-сала*, Жаңаар. ауд. Түгіскен с/о. Қоңыртөбе тауының солт.-шығысында, Кенжебай-Самай ауылының оңт.-батысында. *Құм* (зат есім) және *жайлау* (зат есім) деген екі сөзден қосылған атау. Мағынасы: «Құм арасындағы мал жайлауы».

### **Жаңаарқа сай-сала**

**Ажа**, сай-сала; Жақсы Иманақ т. оңт.-батыс, Атасу кент солт.-батыс. Жаңаарқа ауд.

**Ақарал**, сай-сала, Жақсы айыртау т. оңт.-шығ., Керегежайған т. бат. Жаңаарқа ауд

**Аққасық**, сай-сала, Аққасық т. шығ., Жандыбай төбе бат. Жаңаарқа ауд

**Ақкөл**, сай-сала, Шабдаржуған т. солт.-шығ., Мұңлы т. оңт.-бат Жаңаарқа ауд

**Ақой**, сай-сала, Қызылтас т. солт.-бат., Мырзашоқы т. оңт.-шығ. Жаңаарқа

ауд.

**Ақтас**, сай-сала, Балшықтөбе . оңт., Жайлау төбе солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Ақтасты**, сай-сала, Желдітау т. солт.-бат., Ақтау а. оңт.-шығ.

**Ақтасты**, сай-сала, Омарбек т. оңт.-шығ., Жақсы Иманак оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Ақтау**, сай-сала, Тақыртөбе т. солт.-шығ. , Пыстан т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Ақшақат**, сай-сала, Бектау т. солт.-шығ., Қаражал қала бат.

**Ақшұқыр**, сай-сала, Жуантөбе т. оңт.-шығ, Хребет т. оңт.-бат.

**Ақшұқыр**, сай-сала, Жуантөбе т. оңт.-шығ, Хребет т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Алтынсай**, сай-сала, Хребет т. солт.-шығ, Пыстан т. оңт. Жаңаарқа ауд.

**Аралтөбе**, сай-сала, Ақжал т. оңт.-бат., Қосылықты т. солт.-бат.

**Асылбек**, сай-сала, Ақтау қала. оңт.-бат., Қызылтас т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Әлібек**, құдық, ақдала сай-сала солт.-бат., Киіктау т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Байбек**, сай-сала, Жақсы Иманак т. оңт.-шығ., Шотан т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Байғазы**, сай-сала, Ортау т. солт.-бат., Көктінкөл көл. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Байыр**, сай-сала, Бектау т. солт, Ақбастаут. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Бәкей**, сай-сала, ақтау т. солт-бат., Шөлқоңыр т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Балакеткен**, сай-сала, Бектау т. солт.-бат, Сарыжал төбе. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Бекей сор**, сай-сала, Сойған төбе. солт.-бат., Көктөбе төбе. оңт.-бат Жаңаарқа ауд.

**Белқараған**, сай-сала, Қараоба төбе. оңт.-бат., Қаратас т. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Бестоған**, сай-сала, Жақсы Иманак т. солт.-шығ., Шотан т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Бидайық**, сай-сала, Сарыжал төбе. оңт. Бектау т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Бозқак**, сай-сала, Қоңыртөбе т. солт.-шығ., Кенжебай-Самай а. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Болат**, сай-сала, Шұбароба т. шығ., Қарашоқыт. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Боранбайтас**, сай-сала, Ақтау т. оңт.-шығ, Қызылтас т. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Борықши**, сай-сала, Қабыршақты көл. солт.-шығ., Керегежайған т. оңт.-шығ.

**Бүйрекши**, сай-сала, Мұңлы т. оңт.-шығ., Қарабұлақ т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Бұрмаша**, сай-сала, Шошқакөл көл оңт.-шығ., Қараоба шоқы. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Дарақсай**, сай-сала, Шашты т. оңт.-шығ., Мырзашоқы т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Еспе**, сай-сала, Қарабұлақ т. солт.-шығ., Жамбыл кент. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Жайылма**, сай-сала, Бектау т. оңт.-бат., Қуақ т. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Жайылма**, сай-сала, Жақсы Иманақ т. оңт.-бат., Атасу кент. солт.-бат.

**Жайылма**, сай-сала, Қу т. оңт.-бат., Мұңлы т. солт.-бат.

**Жалғыздала**, сай-сала, Жездітау т. солт.-бат., Ақтау а. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Жаман Сортаң**, сай-сала, Шыбынды т. оңт.-шығ., Шабдаржуған т. солт.-бат.

**Жартас-Қарасу**, сай-сала, Қаратөбе т. солт.-бат., Қарашоқы т. оңт.-шығ.. Жаңаарқа ауд.

**Жертас**, сай-сала, Назия т. солт.-шығ., Сексеуілбұрыш сай-саласының бат.

**Жетімсай**, сай-сала, Қабыршақты көл. солт.-шығ., Тоғысқан а. бат. Жаңаарқа ауд.

**Жыңғылкөл**, сай-сала, Шашты т. солт.-шығ., Қосылықты т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Жыра**, сай-сала, Шұбароба т. оңт.-шығ., Қу т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Итазу**, сай-сала, Омарбек т. оңт.-шығ., Атасу кентінің солт.-бат.. Жаңаарқа ауд.

**Кенсай**, сай-сала, Азат т. солт.-бат., Қамбас төбе. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Клемтақыр**, сай-сала, Сексеуілбұрыш сай-саласының оңт., Ордашиқан төбе. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Көккемер**, сай-сала, Омарбек т. оңт.-шығ., Жақсы Иманақ т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Көкбекші**, сай-сала, Сарыжал төбе солт.-шығ., Жайрем кентінің. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Көктұмсық**, сай-сала, Жақсы Иманақ т. оңт. – шығ., Шотан т. бат. Жаңаарқа ауд.

**Қайыңтөбе**, сай-сала, Құдайменді өзен сол жағасы, Қосылықты оңт.-бат.. Жаңаарқа ауд.

**Қараағаш**, сай-сала, Қаратас т. оңт.-шығ., Омарбек т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қаракөл**, сай-сала, Бектау т. солт.-бат., Сарыжал төбе. оңт. Жаңаарқа ауд.

**Қаракөл**, сай-сала, Шашты т. оңт.-шығ., Мырзашоқы т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қаракөл**, сай-сала, Қараоба шоқы. оңт.шығ., Ақшоқы шоқы. оңт.-бат.

Жаңаарқа ауд.

**Қараой**, сай-сала, Бектау т. солт.-шығ., Қаражал қала. солт.- бат. Жаңаарқа ауд.

**Қараой**, сай-сала, Қабыршақты көл., Керегежайған т. оңт. Жаңаарқа ауд

**Қаратемір**, сай-сала, Ақтау т. солт., Көктінкөл көл оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қарашұқыр**, сай-сала, Жуантөбе т. оңт.-шығ., Хребет т.оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қарсақбай**, сай-сала, Қаратөбе т. солт.-шығ., Қызылтас т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қоғалы жар**, сай-сала, Бектау т. солт.-бат., Ақбастау шоқы. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қожатау**, сай-сала, Балажелкекті т. солт.-бат., Керегежайған т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қонакөл**, сай-сала, Мырзашоқы т. солт.-шығ., Шөлқоңыр т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қосжал**, төбе, Ақдала сай-саласының бат., Киіктау т. оңт.-шығ.. Жаңаарқа ауд.

**Құмжайлау**, сай-сала, Қоңыртөбе т. солт.-шығ., Кенжебай – Самай а. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Құмжайылма**, сай-сала, Сарыжал төбе. солт.-шығ., Жайрем кентінің оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қызылбалшық**, сай-сала, Ақасық т. оңт.-шығ., Жандыбай төбе. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қызылжол**, сай-сала, Сүнбе Шоқы. төбе. солт.-бат., Қамбас төбе. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд

**Қызылжылға**, сай-сала, Қызылтау т. солт.-шығ., Назия т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Майкөбже**, сай-сала, Ұранқай т. оңт.-шығ., Қаракенелі т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Мұзқазған**, сай-сала, Сүнбе шоқы. төбе. бат., Қамбас төбе солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Ордашағыл**, сай-сала, Шабдаржуған т. оңт., Тақыртөбе т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Сабыр**, сай-сала, Сусыз т. оңт.-бат., Іргебұлақ төбе. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Сарыманкезен**, сай-сала, Қарабұлақ т. солт.-шығ., Қаратөбе т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Сарыарқа**, сай-сала, Шошқакөл көл. бат., Қазығұрт т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.



**Сарыкөл**, сай-сала, Қаратөбе т. солт., Қарашоқы т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Сарыкөл**, сай-сала, Ақдала сай-саласының солт.-бат., Киіктау т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Сарыой**, сай-сала, Мырзашоқы т. оңт.-бат., Қаражал қала. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Сырысеңгір**, сай-сала, Сарыжал төбе. оңт.-бат., Жыланды а. оңт.-шығ.. Жаңаарқа ауд.

**Сексеул бұрыш**, сай-сала, Назия т. солт.-шығ. Шабдаржуған т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Сенбай**, сай-сала, Ақтау т. солт.-бат., Шөлқоңыр т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Сұлукөл**, сай-сала, Қараоба төбе шығ., Ақшоқы төбе. оңт. – бат. Жаңаарқа ауд.

**Тақырқак**, сай-сала, Шашты т. солт.-шығ., Қосылықты т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Тасоба**, сай-сала, Керегжайған т. солт.-шығ., Тасқараала т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Телқозы**, сай-сала, Қоңыртөбе т. солт. – шығ., Кенжебай-Самай а. оңт. – бат. Жаңаарқа ауд.

**Теректі**, сай-сала, Омарбек т. солт.-шығ., Қараоба шоқы. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Толағай**, сай-сала, Қосылықты т. оңт.-бат., Ақбастау шоқы. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Төрттақыр**, сай-сала, Жаманайбат т. оңт.-шығ., Қызылтау т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Төсжер**, сай-сала, Сексеул бұрыш сай-саласының солт.-бат., Назия т. солт.- шығ.

**Түкпір**, сай-сала, Жақсы Иманак т. оңт.-шығ., Шотан т. бат. Жаңаарқа ауд.

**Үшқарасу**, сай-сала, Балажелкекті т. солт.-шығ., Ақбастау шоқы. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Үшқарасу**, сай-сала, Шөлқоңыр т. солт.-шығ. Атасу кентінің солт.-бат.

**Ұзынбұлақ**, сай-сала, Ақдала сай-саласының солт.-бат., Киіктау т. оңт.-шығ.

**Ұзынжал**, сай-сала., Омарбек т. солт.-шығ., Қараоба шоқы. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Ұзынсор**, сай-сала, Сарыжал төбе. оңт.-бат., Жыланды а. оңт.-шығ.

**Ұзынтақыр**, сай-сала, Шабдаржуған т. солт.-шығ., Мұңлы т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Ұзынтақыр**, сай-сала, Көктөбе төбе. солт.-бат., Ордашиқан төбе. оңт.-

шығ. Жаңаарқа ауд.

**Шилі Қарасу**, сай-сала, Қосылықты т. солт.-шығ., Шөлқоңыр т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

### **Ақтоғай ауданы**

**Айнабұлақ**, сай-сала, Жалпаққайың т. солт.-шығ., Қарақия т. солт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Ақши**, сай-сала, Желтау т. солт.-бат., Ақсоран т. оңт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Ақшоқы**, сай-сала, Қызыладыр т. оңт.-шығ., Бектауата т. солт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Байтақ**, сай-сала, Тышқан т. солт.-бат., Айыртас ауыл. оңт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Бақтай**, сай-сала, Есенқұлдың Қызылы т. солт.-шығ., Жалғызтас т. оңт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Бала Дересін**, сай-сала, Есенқұлдың Қызылы т. оңт.-шығ., Орта Дересін аул. солт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Баутарағанды**, сай-сала, Бекөл т. солт.-бат., Бектауата т. оңт.-шығ. (рулардың бөлінген жері).

**Белқұдық**, сай-сала, Төрткөл т. солт.-бат., Шөжек шоқысының оңт.-шығ.

**Бесапан**, сай-сала, Сарықұм құмдарының бат., Ақирек т. оңт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Екісор**, сай-сала, Тасарал аралының бат., Приозерск т. солт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Жазықдала**, сай-сала, Бақтай сай-сал. оңт.-бат., Есенқұлдың Қызылы т. шығ. Ақтоғай ауд.

**Жаман**, сай-сала, Бектауата т. бат., Шөжек шоқ. солт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Жаманбай**, сай-сала, Шұбарайғыр т. оңт.-бат., Қошқар ауыл. оңт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Жамбас**, сай-сала, Бақтай сай-сал. солт.-бат., Есенқұлдың Қызылы т. солт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Жолқараоба**, сай-сала, Жалғызтас т. оңт.-бат., Бескөл т. оңт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Зержігер**, сай-сала, Нұртай т. оңт.-шығ., Ақтоғай ауыл. солт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Көкдомбақ**, сай-сала, Сымбыл т. оңт.-шығ., Көкдомбақ т. солт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Көпқара**, сай-сала, Балай түбегінің солт.-шығ., Қалмақжатқан т. оңт.-шығ.

**Қараағаш**, сай-сала, Тасарал арал. оңт.-бат., Приозерск т. солт.-шығ.

**Қараадыр**, сай-сала, Бектауата т. солт.-шығ., Қызыладыр т. оңт.-бат.

Ақтоғай ауд.

**Қаракөл**, сай-сала, Балай түбегінің батыс бөлігі, Қалмақжатқан т. оңт.-бат., Ақтоғай ауд.

**Қаракұдық**, сай-сала, Бектауата т. солт.-бат., Малдыбай т. оңт.-бат.

**Қарақырқа**, сай-сала, Төрткөл т. оңт.-шығ., Қонырат кентінің солт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Қаратау**, сай-сала, Ақшаадыр т. бат., Бескөл т. солт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Қатынкұдық**, сай-сала, Бескөл т. оңт.-шығ., Жалғызтас т. солт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Қусак**, сай-сала, Қотанбұлақ т. бат., Жаңаорталық ауыл. солт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Қызылтас**, сай-сала, Қара Тоғанбай тау. оңт.-бат., Қушоқы т. оңт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Төлебай** (Төлеспай), сай-сала, Жалпаққайың т. солт.-бат., Нұртай т. оңт.-шығ. Ақтоғай ауд.

**Шақарбай**, сай-сала, Малөзек сай-саласының шығ., Қалмақжатқан т. оңт.-бат. Ақтоғай ауд.

**Шүленбай**, сай-сала, Нұртай т. солт.-шығ., Жыланды т. оңт.-бат. Ақтоғай ауд.

### Микротопонимдер этимологиясы

**АЯҚҚҰДЫҚ** – құдық, Жаңаар. ауд., Талдыманақа өзенінің бат.-да, Ақтау тауларына жақын жерде. Мағынасы: «төменгі жақтағы құдық» дегенді білдіреді.

**ӘУЛИЕТАЛ** – құдық, Жаңаар. ауд. *Әулие* (зат есім) + тал (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған құдық аты. Құдықтың жанына өскен жалғыз талды әулие санап, оның бұтақтарына қызылды-жасылды шүберек байлап, табынуға байланысты қойылған атау.

**ДАЛҚОҢЫР** – құдық, Жаңаар. ауд. *Дал* (сын есім) + *қоңыр* (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Бұл екі сөзден құралған атаудың бірінші сыңары түркі-монғ. «Эал~тал – «үлкен кең дала», «жазық» мағынасын білдірсе, екінші сыңардағы қоңыр «қоңырқай түс» және географиялық термин ретінде «әр түрлі ұсақ бұталы өсімдіктер өскен құмдауыт төбе, төбешіктер», яғни атау мағынасы «кең алқаптағы қоңырқай түсті құмдауыт төбе, төбешіктер».

**ЖИДЕЛҚҰДЫҚ** – құдық, Жаңаар. ауд. *Жиде* (зат есім) + сын есім жұрнағы *-лі* және *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Мағынасы: «айналасында жиде өскен, жидесі бар жердегі құдық».

**КЕЛТЕТАЛ** – қыстақ, Жаңаар. ауд. Ақтүбек с/о, *төбе*, Жаманадыр

тауының оңт.-батысында, Қосылықты тауының солт.-батысында, *өзен*, Жаманадыр тауының оңт.-батысынан бастау алады да, Қосылықты тауының оңт.-батысындағы сортаңдарда жоғалады. Атауы аласа бойлы ағаш-бұталардың көп болуына байланысты қойылған.

**КӨҢ** – *қыстақ*, Жаңаар. ауд. Зат есімнен жасалған атау. Ескі қыстауды *көң* деп те атайды, содан қойылған атау.

**ҚАБЫРҒАҚҰДЫҚ** – *құдық*, Жаңаар. ауд. Түгіскен с/о. Қоңыртөбе тауының солт.-шығысында, Кенжебай-Самай ауылының оңт.-батысында. *Қабырға* (зат есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Мағынасы толық зерттелмеген.

**ҚАНДЫҚҰДЫҚ** – *құдық*, Жаңаар. ауд.-да. *Қанды* (туынды сын есім) + *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «құдық басында болған қанды оқиғаға байланысты қойылған».

**ҚАРАҚОҒАБҰЛАҚ** – *құдық*, Жаңаар. ауд. *Қара* (сын есім), *қоға* (зат есім), *бұлақ* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Топонимдік мағынасы: «қалың қоға» ішіндегі *бұлақ*».

**ҚАСҚЫРҚҰДЫҚ** – *құдық*, Жаңаар. ауд. *Қасқыр* (зат есім), *құдық* (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Құдықтың иесі – Сайдалы Қабай руының Қасқыр есімді адамының атына байланысты қойылған.

**МҰЗҚАҚҚАН** – *құдық*, Жаңаар. ауд. *Мұз* (зат есім), *қаққан* (етістіктің есімше тұлғасы) сөздерінің бірігуінен жасалған топоним.

**МЫҢҚАУҒА** – *құдық*, Жаңаар. ауд. Екі компоненттен құралған топоним. *Мың* (сан есім), *қауға* (зат есім) сөздерінен жасалған атау, топонимдік мағынасы: «мың қауғалық суы бар құдық».

**ТЕЛЖАН** – *қыстақ*, *көне ескерткіштер тобы*. Антропоним. Бұл жерді Тұңғатар руының байы Телжан жайлаған. Қола дәуірінің зираттары табылған жер.

### Геоним кен орындары

Топонимдерде, яғни жалқы географиялық есімдерде қазба байлықтар, тау-кен жыныстарының текстуралық ерекшеліктері жөнінде ақпараттар болатынын геолог-академик Қ.Сәтбаевтың мына пайымдаулары дәлелдейді: «Көктас, Бұлаталған жерде мыс бар деп топшылауға болады»; «Алтынтапқан атауы – алтынның бар екенін аңғартады. Әрине, тегін емес». Ғалымның қойын дәптерінде жазылған осы пікірлерді жариялай отырып, А.Сейдімбеков көреген ғалымның топонимиядан халықтың өмір тәжірибесімен сабақтас сыр іздеп, оны ғылыми шындықпен ұштастыра білгенін баяндайды [18,179 б.].

Академик Ә.Марғұланның пікірінше, кейбір көне атаулар геологиялық барлау жұмыстарында қосымша дереккөзі бола алады. Мәселен, Алтынтөбе, Алтынқазған, Мыңшұқыр, Шұрық, Кентөбе, Кеншоқы, Көктас сияқты

топонимдер бұл өңірде ежелгі кен өндіру ісінің өркендегенінен хабар береді [20, 5 б.].

**БЕСТӨБЕ** – *кен орыны*, 1956ж. ашылған. Барит полиметалл рудасын ашық әдіспен өндіруге болады. Мұндағы қорғасын мен мырыш – түсті металлургияның, ал барит – әртүрлі өндірістің маңызды қоры. *Төбе*, Шашты тауының оңт.-батысында, Ақбастау төбесінің оңт.-батысында, *тау*, Ақдала сай-саласының батысында, Киіктау тауының оңт.-шығысында, *шоқы*, Мырзашоқы тауының оңт.-шығысында, Қызылтас тауының солт.-батысында, Жаңаар. ауд. *Бес* (сын есім) + *төбе* (зат есім) сөздерінен жасалған атау.

**ЖАМАН АЙБАТ** – *көніш*, Жаңаарқа ауданының аумағында, Жезқазған қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 160 км жерде орналасқан Жаман Айбат антиклиналін бойлай бірнеше км-ге созылған ірі мыс кен орны. Антиклинальдің оңтүстік көлбеу қанаты (5-25), ал солтүстік қанаты флексура түрінде тік құлайды. Кен орны Шығыс, Орталық, Солтүстік телімдерден және 11 жеке кен денелерінен тұрады. Негізгі өндірістік маңызы бар кен денелері «раймунд» конгломераттары қабаттарында шоғырланған. Кен денелері қабат линза пішіндес, орташа қалыңдығы 4-5 м Кентастар минералдық құрамы бойынша мысты, қорғасын-мысты, мырышты, қорғасынды, күмісті-мысты, ренийлі-мысты болып келеді. Кен орны толық барланған. Қазір онда «Қазақмыс» корпорациясы жаңа шахта құрылысын жүргізіп, кен таситын теміржол төсеуде.

**ЖАЛЫН** – *кен орыны*. Жаңаар. ауд. Ералиев с/о. 1993 ж. геологтар кен қорын (55 миллион тонна) толық анықтап біткен. Көмірі жоғары сапалы кокс концентратын алуға жарамды. Атауы көмірінің қызуы мол екендігін меңзеп қойылған.

**ЖӘЙРЕМ ПОЛИМЕТАЛЛ КЕНІ** – Жаңаарқа ауданы жерінде, Қаражал қаласының солтүстік-батысындағы (60 км) *кен орыны*. 1951 ж. ашылған. 1946 жылдан барланған. Жәйрем брахиантиклиналында құралған кен ядросы төменгі фаменнің саз-карбонатты шөгінділерінен, қанаттары жоғары фаменнің рудалы шөгінділерінен түзілген, таскөмірдің төменгі бөлімінің турне ярусының кремнийлі-карбонатты жыныстарымен жабылған. Өндіруге тұрарлық рудалар бір-бірінен оқшауланған шығыс, батыс, қиыр батыс деп аталатын 3 учаскеде орналасқан. Руда денелері жер бетінен 5-200 м және 500-600 м (батыс), 40-400 м (қиыр батыс), 270-300 м (шығыс) тереңдіктерде жатыр. 3 учаскеде сыйыстырушы жыныстарға сәйкес жатқан линза және қабат түріндегі күрделі пішінді 17 руда қабаты (ұзындығы 200-1600 м, ені 100-700 м, қалыңдығы 1-115 м) анықталды. Руданың қорғасынды-мырышты, таза баритті, мырышты-олигонитті, тотыққан қорғасынды-мырышты типтері бар. Руда минералдары: галенит, сфалерит, мельниковит, олигонит, барит, пирит. Рудадан қорғасын, мырыш, барит, бұларға қосымша мыс, күміс, кадмий

алынады. Ірі кен орны саналатын Жәйрем полиметалл кенінің рудасын ашық әдіспен өндіруге болады. Барланған марганец кенінің қоры 1 млрд тоннаға жуық. Қазір кәсіпорынның құрамында Қиыр Батыс, Батыс, Үшқатын кеніштері жұмыс істейді. Бұларда өндірілетін кеннің жылдық қоры 2 млн тонна, соның ішінде 300 мың тонна марганец кені бар. Кен базасы жылына 6 млн тоннаға дейін полиметалл кенін өңдейтін қуатты ұқсату кешенін салуға мүмкіндік береді.

**ЖОМАРТ МАРГАНЕЦ КЕНІ** – Жаңаарқа жерінде Қызылжар теміржол стансасынан оңтүстік-шығысқа қарай 45 км жерде орналасқан марганец *кен орыны*. 1932 ж. ашылған. Кеннің марганец және темір рудалары төменгі тас көмір дәуірінің қатпарланған кремнийлі эктастарында орналасқан. Үш рудалы горизонттың төменгі мен жоғарғысында марганец, ал ортаңғысында темір рудасы бар. Негізгі руда минералдары: браунит, гаусманит, аздап родохрозит, мангонокальцит, мангоносидерит. Үгілу қыртысының шекарасындағы марганецті тотыққан рудалар құрамында псиломелан, аздап пирролюзит, вернадит, манганит бар. Марганецті бастапқы рудаларда 15-47% (орта есеппен 20-22%), тотыққан рудаларда 50%-дай (орта есеппен 30-35%) марганец кездеседі. Марганец рудасының жалпы қоры шамамен 5 млн 245 мың тонна.

**ҚАРАЖАЛ ТЕМІР-МАРГАНЕЦ КЕНІ** – Жаңаарқа ауданы жеріндегі *кен орыны*. 1931 ж. ашылған. 1939 жылдан барлана бастаған. Кен Жайылма синклиналының сол қанатынан орын алған. Рудалар девон мен төменгі карбонның жапсарында орныққан жұқа қабатты қызыл түсті жыныстармен байланысты ендік бағытта созылған қабат түрінде қалыптасқан. Аталған жыныстар оңтүстікке қарай 40-45 градус бұрышпен құлайды. Ұзындығы 6 км.-дей руда қабаттары 1600-1800 м тереңдікке дейін кетеді. Батыс бағытта руда қабаттары төмен құлдилаиды. Руда қабаттарының қалыңдығы кеннің ортаңғы бөлігінде 40-60 м-ге дейін жіңішкереді. Руда құрамы жағынан темірлі-марганецті, темірлі-яшмалы, кремнийлі-карбонатты болып келеді.. Магнетитті рудалар жоғарыда, гематитті рудалар олардың астында, марганец рудалары бұл екеуінің астында орналасқан. Үгілу процесі нәтижесінде тік бағытты зоналық байқалады. Жер бетінде қалыңдығы 2-3 м гипстенген темір рудаларының зонасы кездеседі. Тотығу зонасы ыза суларының деңгейінен төменде жатады. Темір рудалары 30-40 м, марганец рудалары 100 м тереңдікке дейін тотыққан. Бастапқы руданың руда құраушы минералдары гематит, магнетит, аздаған сидериттерден тұрады. Тотыққан руданы құраушы минералдар: мартит, гематит, гидрогетит.

**ҚОЖАЛ ПОЛИМЕТАЛЛІ КЕНІ** – *кен орыны*. Атасу теміржол стансасының оңтүстік-шығысында 42 км жерде. 1952 ж. ашылып, 1960 жылға дейін барланды. Атасу синклиналын ендік бағытта қиып өтетін қожал жаншылу зонасындағы кварц пен серицитке әбден байыған ордовиктің

алевролитті-тақтатасты және тақтатастануға шалынған тау жыныстарында орналасқан. Кен үш учаскеден тұрады. Басты руда минералдары: галенит, сфалерит, пирит. Құрамындағы қорғасын мен мырыш мөлшері 1%-дай не одан төмен. Бұлардан басқа рудада алтын, күміс бар. Қорының мөлшері жағынан орта кенге жатады. Топонимдік мағынасы: «қож (шлак) болып үйіліп жатқан жалдар».

**ҮШҚАТЫН МАРГАНЕЦ КЕНІ** – Жаңаарқа жеріндегі 1961 ж. ашылған *кен орыны*. Кен Жайылма мұльдасының солтүстік-шығыс ернеуіндегі жоғарғы девонның жанартаулық шөгінді жыныстарынан құралған. Шығыс аталатын синкиналдық құрылымда орналасқан. Осы құрылымның тікшіл құламды батыс қанатында бір-бірімен кезектесе келген линза, қабат пішіндес темір-марганец рудалары, жайпақ құламды шығыс қанатында қорғасын-барит рудалары бар. Қоры жөнінен орта кенге жатады.

**ШАЛҒИЯ МОЛИБДЕН КЕНІ** – Жаңаарқа жерінде 1947 ж. ашылған *кен орыны*. 1948-58 жж. барланды. Кен аумағындағы метаморфизмге шалынған каледондық негіз құрамды жыныстар (габролар, амфиболиттер) оңтүстігінде ертегерциндік, солтүстігінде соңғыгерциндік гра-нит массивтері арасынан орын алған. Руда 400 м-ге дейінгі тереңдікке кетеді, тотығу зонасының тереңдігі 42 м Негізгі руда минералы – молибденит, аздары – пирит, ильменит, халько-пирит, галенит, сфалерит, шеелит, вольфрамит. Молибденит пен пиритте селен, теллур, рений бар екендігі анықталған.

### **Бұлақтардың географиялық сипаты**

Жер асты сулары өте минералданған. Көл түбінде емдеу орындарында пайдаланатын күкіртті-сутекті шипалы сұр балшық тұнған. Жер асты суы 8-20 м тереңдікте жатады, тек өзен аңғарларында тереңдігі 4-5 м ашылады. Сулардың жер бетіне шығуы сайлы, жыралы, ойпаңды жерлерде байқалады. Аудан аумағында сумен қамтамасыз етуге жарамды тұщы жарықшақты сулар кең таралған.

Ертедегі көмілген аңғарлар шөгінділеріндегі жер асты сулары пласт типіне жатады және минерал тұздылығы күшті. Даланың қабат суларының басым көпшілігінің тұзды немесе сортаңды. Шоқы мен тауларда және олардың шлейфтеріне жер асты сулары топырақ бетіне бұлақ түрінде шығады, бірақ олар үнемі топырақты тұздап күзде кеуіп қалады.

Қай заманда болмасын адамның бір жерді қоныс қылу себебі сол мекендегі өзен-судың болуына байланысты болған. Сол тұрғыда Арқадағы Нұра, Есіл, Сарысу, Кенгір бойы немесе соның төңірегінде бұлаққа толы тұщы су көздері көп болған. Осы айналаны адам баласы ежелден қоныс қылып, ескі жұртқа айналдырды.

Неолит тұрақтар тобының басты ерекшелігін олардың бұлақтардың,

артезиан суларының маңында, батпақты ландшафт орындарында орналасуы құрайды. Орталық Қазақстандағы неолит рулары осындай ландшафтысы бар жерлерді мекен еткен. Неолитте Қазақстан аумағында бұлақ бойында тұрақтар кең тараған. Қазақ жері қуаң дала аймағы болғандықтан ірі өзендер желісі аз. Сондықтан бұлақтардағы тұрақ орны уақытша маусым сипатында болған. Қазақстандағы қуаң далалық неолиттік ескерткіштердің ерекшеліктерінің бірі – ашық түрдегі тұрақтардың көп болуы.

Тұрақтардың барлығынан дерлік жергілікті материалдан жасалған садақ пен найза ұштары, балта, қашау, пышақ, қырғыш сияқты тас құралдар табылған. Оны жасағанда тас жыныстарын бөліп іріктеген. Шикізат әр түрлі болған соң өңдеу және жетілдіру әдістері әртүрлі техника дамытуға әсер еткен. Қазақ жерінде кездесетін неолиттік ескі жәдігерлер аумақтық тұрғыда бірнеше топқа бөлінеді. Олар мәдениет жағынан өзара туыс рулардың өмір сүру өңіріне сәйкес болуы мүмкін.

Зеленая балка – бұлақтың қасында, жаңа Қарағандыдан 6 шақырым оңт.-шығысқа қарай, қала маңындағы «Доскей» кеңшарының аумағындағы жер эрозиясының үрлеуінен анықталған төрт тұрақтан құралған топ. Бұл жер сазды ландшафтымен және жерасты суының көптігімен сипатталады.

Орталық Қазақстан қола дәуір ескерткіштерінің ең көп таралған өлкесі болып табылады. Бұл аймақ ертеден-ақ адамның өмір сүруіне қолайлы болды. Имантау, Атасу, Ұлытау, Баянаула, Қарқаралы, Көкшетау таулы аймақтарының өзен, бұлақтарының бірі солтүстікке, бірі оңтүстікке қарай ағып жатады. Есіл, Нұра, Сарысу, Торғай өзендері қай уақытта болмасын мал өсіру үшін де, егіншілік жүргізуге де пайдалы болған. Қола дәуірінің қоныстарын кішігірім қала деп атауға да келеді (протогород – алғашқы қала үлгісі). Бұл тарихи ескерткіштер Сарыарқаның Тағыбай бұлақ, Аюлы сияқты толып жатқан елді мекендері маңында сақталған.

Сақалардың өз аузынан грек тарихшысы галикарнастық Геродот сақалар атасы Тарғытай жөнінде біздің заманымызға дейін шамасы XV ғасыр төңірегінде өмір сүрген адам. Бұл уақыт жағына Ә.Марғұлан зерттеген археологияда «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» деп (б.з.д XIII-X ғ.) аталатын қола дәуір кезеңіне жақын мезгіл. Демек, Сарыарқа өңірлеріндегі Беғазы, Атасу, Тағыбай бұлақ сияқты ескі қоныс орындары гректің тарихшысы Геродоттың дерегіндегі сақалардың арғы атасы деп көрсетілетін Тарғытай заманына қатысты жәдігерлер санатында.

Айнакөл балқыту орталығы Жезқазған руднигінің жанында орналасқан. Оның мәдени құрылымы Милықұдыққа өте ұқсас. Милықұдық нысанындағыдай қазба жұмыстары балқыту пештерінің қалдықтарын, шеберханалар, жиналған күл үйінділерін, ұсақталған кендерді, шұңқыр қоймаларды, кеніш құдықтарын кірпішпен салынған, ертедегі су қоймаларын



тоғандар қалдықтарын анықтады. Балқыту пешінің жанында металл балқытатын ыдыстың қалдықтары, түтікшелердің жоғарғы қабатындағы қатқан күлмен, әртүрлі көлемдегі мыс құймалары және өндірістің қоқыс қалдықтары табылды. Айнакөлде екі мәдени қабаттанудың: қола мен ортағасырлар дәуірлерінің қазандықты қышпен үлкен көлемде толық жауып тұрды.

Жезқазғандағы үшінші балқыту орталығы – Сорқұдық 1945 жылы А.В.Кузнецов пен Н.В.Валукинский зерттеді. А.В.Кузнецов пен Н.В.Валукинский айтуы бойынша Айнакөлмен Милықұдыққа ұқсас. Бұл ежелгі металлургия индустриясының үш ошақтың бір уақытта дамығанын айтты [12].

Ежелгі Сорқұдық металлургиясының қонысы Милықұдықтың солтүстігіне қарай 15 км қашықтықта орналасқан. Бұл үш орындағы ағыс суқоймасы құбырымен бөлінген, онда су қорлары сақталады. Сорқұдық қонысының қалдықтары шұңқырлар ойықтармен қоршалған, олар солтүстік бөлік аумағының жазық ағыстарының арасында орналасқан. Диаметрі 6-7 м, тереңдігі 1,2 м шұңқырдың түбінде үлкен құм тақтайшалар табылған, олардың қабырғалары тұрғын үй үшін қапталған. Сонымен тұрғын үй іздерімен қатар шеберханалар қалдығы, 8 мыс балқыту пеші, ұсақталған кен үйіндісі, жиналған күлдер табылған. Сорқұдық қонысында табылған құрал-жабдықтар толығымен қола дәуіріне жататынын білдіреді.

Бетпақдала шөлінің алқабында орналасқан Сарысу өзенінің бассейні осы уақытқа дейін әлі сарқылмаған, өзінің бай мыс орындарымен және полиметалдық темір-марганец кендерімен ерекшеленеді. Айрықша кен орындары – Жезқазған, Успен (Нілді), Спасск Сарысу өзені бассейнде орналасқан. Бұл жерде ежелгі кен өнімдерінің – Тастыбұлақ, Бесшоқы, Қазансынған, Кеңтөбе, Жамантас, Таскора, Өгізтау, Атығай қалайы қазған жерлерінде көп сақталынған. Сарысу және Атасу өзендерінің жазығында орналасқан бұл кен орындары қола дәуірінде балқыту орталығының шикізат базасы болды.

Бұлақ термині арқылы құралған микрогидронимиялық аймақтық атаулардың біразына қатысты жоғарыда ақпар берілді. Бұлақтар мен бастаулардың түрлі сипаттарын төменде берілген атаулардан да байқауымызға болады: Айнабұлақ, Көкбұлақ, Қосбұлақ, Ниязбұлақ, Үлкенбұлақ,

Нұраның басы Наршөккен Қосағаш дейміз. Таулар жотасы осы арадан бір 100 шақырым болады. Қайнары Ақбастау деген жерден басталады. Алтынсу бойымен. Нұра бұлақтан басталады. Қорғалжын көліне құйғанша айналып келіп, мына Шешенқараның арғы жағында Сиыртөбе деген төбе бар, сол төбеден оңға бұрылады да, Балқашқа қарай бет алады.

**Айнабұлақ**, бұлақ, Ақтау т. оңт.-бат., Қызылтас т. солт.-шығ.

**Айнабұлақ**, бұлақ, Қарабұлақ т. солт.-шығ., Қаратөбе т. оңт.-шығ.

**Айнабұлақ**, бұлақ, Мырзашоқы т. солт.-шығ., Шөл қоңыр т. оңт.-шығ.

**Айнабұлақ**, бұлақ, Аралтөбе шоқы оңт.-шығ., Қаратас т. солт.-бат.

**Аққұдық**, бұлақ, Қызылтас т. оңт.-бат., Атау а. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Аласиыр**, бұлақ, Көрешті т. оңт.-бат., Шұбарайғыр т. солт

**Алтынбұлақ**, бұлақ, Қаратөбе т. оңт.-шығ., Ақтау а. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Бекбайбұлақ**, бұлақ, Ақжал т. оңт.-шығ., Жаманадыр т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Жұмағұлбұлақ**, бұлақ, шошқакөл көл. оңт.-шығ., Қаратас т. солт.-бат

**Іргебұлақ**, бұлақ, Іргебұлақ төбе. оңт., Балшық төбе. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Кезгібұлақ**, бұлақ, Қаратөбе т. солт.-бат., Қарашоқы т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Көкбұлақ**, бұлақ, Балшық солт.-шығ., Көктау төбе. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Көкбұлақ**, бұлақ, Ақдала сай-саласының оңт.-шығ., Киіктау т. оңт. Жаңаарқа ауд.

### **Жаңаарқа ауд.**

**Қабак**, бұлақ, Шұбароба т. оңт.-шығ., Қу т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қарабұлақ**, бұлақ, Қарабұлақ т. солт., Қаратөбе т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Қарақұдық**, бұлақ, шошқакөл көл. оңт.-бат., Аралтөбе шоқысы. солт.-шығ.

**Қарақұдық**, бұлақ, шошқакөл көл. оңт.-бат., Аралтөбе шоқысы. солт.-шығ.

**Қасқабұлақ**, мола. Жаңаарқа ауд.

**Қойтанбұлақ**, бұлақ, Қосылықты т. бат., Ералы а. шығ. Жаңаарқа ауд.

**Қосбұлақ**, бұлақ, Қызылтас т. бат., Ақтау а. солт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Қызылбұлақ**, бұлақ, Омарбек т. солт.-шығ., Қараоба шоқы. оңт.-шығ

**Қыпшақ**, бұлақ, Мұңлы т. солт.-шығ., Қарабұлақ т. оңт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Мақанжан**, бұлақ, Қарабұлақ т. солт.-шығ., Қаратөбе т. оңт.-шығ. Жаңаарқа ауд.

**Ниязбұлақ**, бұлақ, Ақтау т. оңт.-бат., Қызылтас т. солт.-бат. Жаңаарқа ауд.

**Олжабай**, бұлақ, Омарбек т. оңт. Қараоба шоқы оңт.-шығ.

**Сарайбұлақ**, бұлақ, Шашты т. солт.-бат., Ақбастау шоқы. оңт.-шығ.

**Тақырбұлақ**, бұлақ, Ақтасты су қоймасының солт.-шығ., Жақсы Иманак т. солт.-бат.

**Талдыбұлақ**, бұлақ, Қызылтас т. бат., Ақтау а. солт.-шығ.

**Талдыбұлақ**, бұлақ, Қаратөбе т. солт., Қарашоқы т. оңт.-шығ  
**Тасбұлақ**, бұлақ, Бектау т. оңт.-шығ., Шұбароба т. солт.-бат  
**Тасбұлақ**, бұлақ, Тасқараала т. оңт.-шығ., Балажелкекті т. солт.-бат  
**Тасбұлақ**, бұлақ, Шөлқоңыр т. оңт.-шығ., Құсбұлақ бұлағының солт  
**Телжан**, бұлақ, Қызылтас т. бат., Ақтау а. солт.-шығ.  
**Тоғанды бұлақ**, бұлақ, Сарыжал т. оңт.-шығ., Бектау т. солт.-бат  
**Тұма**, бұлақ, Қосылықты т. оңт.-бат., Шашты т. солт.-бат  
**Тұмсықбұлақ**, бұлақ, Қосылықты т. солт.-шығ., Шөлқоңыр т. солт.-бат.  
**Үлкенбұлақ**, бұлақ, Шұбароба т. солт.-шығ., Қарашоқы т. оңт.-шығ.  
**Шалыбайбұлақ**, бұлақ, Ақтау т. оңт.-бат., Қызылтау т. солт.-бат.

### Түрлі түсті мәнді білдіретін топонимдер

Қоршаған ортаның түр-түс белгілерін немесе кеңістік бағытын айғақтау, қазақ халқында ақ, қара, ала, қызыл, сары деген сөздерді қолдану арқылы жүзеге асқан. Қоршаған ортаны сипаттау қазақ топонимдеріне тән басты ерекшелік. Мысалы, ақ сөзі – түс, шылау, таза, адал, азық, жас шамасы, белгі мағыналарын білдіреді. Бұл ақ деген сөз түркі тілдерінде заттың (тас, жар, жартас, т.б.) түсін білдіретін сын есім атауы ретінде қолданылады.<sup>114</sup> Қазақ халқы адам, мал, құс, жан-жануардың түсін де осылай айырады. Бұл сөздің ауыспалы мағыналары қазақ тілінде аса жиі кездеседі. Бұқар жырау ауданы жерінде Ақбастау, Ақбел, Ақжар, Көкпекті Ақжар, Аққора өзені, Аққұдық, Аққұдық, Ақөре, Ақтас, Ақтөбе, Ақшоқы топонимдік атаулар бар. Түс мағынасын білдіретін ақ деген сөзді қазақ халқы табиғат жаратылыстарына жиі қолданады.

Жаратылыс әлемінде ақ сөзі өсімдіктерді, аң-құстарды, ағаштар, жер-су атаулары мен ауа-райының сипатын білдіруге орай қолданылады. Мысалы, өсімдіктер: ақ сүйрік – жас қамыс; ақбаттауық – шөптің түрі; ақ сора – шөптің түрі; ақ өлең – шөптің түрі. Сондай-ақ, аң мен құс, хайуанаттар мен мал, жануарлар туралы сөздер: ақ сұңқар – бүркіт; ақ табан ат; ақ шұбар, «ақ табан аты астында, дулығысы басында», ақ қасқа ат, ақ қолтық – болдырмайтын ат, арғымақ; «ақ айрауық» (атта болады, айылы батып, қажалған жерді айтады); ақ аю, ақ боз, ақ боз ат; ақ үрпілену – сиыр, биенің сүт бермеуі; ақ болып кету – суалып кеткен сиыр, бие туралы; ақ шегір (бүркіттің түсі турлы айтылады), ақ үрпек балапан, ақ шабдар, ақ шағала; малдың түр-түсі: ақ теңбіл. Енді бір қолданыс аясы – ауа райы, мысалы: ақ қиыршық қар, ақ боран – ұзақ соққа боран, ақ түтек – бұрқасын, ақ құйын – торнадо. Ақ шарбы бұлттар – үкінің

<sup>114</sup> Адамның мінезіне, жасына қатысты ақ сөзінің қолданылуы – адамның адал, жазықсыз, кінәсіз деген мағыналарын білдіреді. Мезгіл мағынасында ақ сөзі: «ақ ешкінің құйрығы көкке жеткенде» (ешқашан); «ақ пен қызыл арасы» (екі кеш ортасы), «ақ қар, көк мұзда» (қыс); «ақ табан шұбырынды» (тарихи уақыт), әрекет мағынасында: ақ көздену (ақылсыз болу), тағам: ақ түймеш – жейтін құрт – М.А.

қауырсынындай бұлттар; ақ бұрқақ – бұрқасын, ақ дауыл, ақ қылау – қар туралы; ақ қырау; ақ жауын.

Енді осы тұрғыда Ботақара-Нұра өңірінің жерінде кездесетін жоғарыда біз келтірген атауларды қысқаша талдайтын болсақ, Ақбастау деген жер аты осы жерде бұлақ, судың қайнар көзі барын білдіру үшін қойылған атау. Ал Ақбел атауы жердің өңіне байланысты қалыптасқан. Жері дөңелі келген, ұсақ шоқылы алқапқа тән атау Ақбел болады. Ақжар – өзен жағасына біткен жардың түсі – ақтаңтақ жар деген мағынан білдіреді. Аққора атауында қора – қуыс, қорған, ойпан, бекініс, пана, демек ақ қуыс деген ұғымды білдіреді.<sup>115</sup>

Ақ құдық – суы берекелі құдық мағынасында. Ақөре – өзеннің басталатын жері, өре басы – яғни судың басы. Ақөре – жері биік, дөңес жер, әрі жазғытұрым қар еріп таудан аққан судың жолы. Ақсу, Ащысу өзенінің бір тармағы. Бұл жерде Ақсу дегеніміз тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың ерінді суын көрсетеді. Ақтас, Көктал аумағындағы жер, ақ және тас компоненттерінен құралған, өзінің тура мағынасындағы атау. Ақтөбе, Ақшоқы – бұлар да солай. Ақ мағынасына жақын бір сөз – айна сөзі. Мысалы, Айнабұлақ, яғни мөлдір, таза өзен дегенді білдіреді.

Мән-мағынасы жағынан ақ сөзіне қарама-қарсы қара деген ұғым да қазақ топонимдерінің жасалу үдерісінде жиі қолданылады. Бұқар жырау ауданы жерінде Қаражар, Қаракөл, Қаракұдық, Қарақойтас, Қарамола, Қарасу жер-су аттары кездеседі. Қаражар – жардың түсіне байланысты айтылған. Қаракөлдің (Дубовка кентінің орны) мағынасы «көзі бар көл» мағынасына саяды. Керісінше, Қарасу атауы ағынсыз, тұйық су деген ұғымды білдіреді. Осылай аталу себебі «жер» мағынасында қолданылатын қара» сөзімен байланысты. «Қарасу» – «бетіне су шыққан жер», «жер суы».

Қарақойтас – жеке шоқылардың аты. Атау қазақша «қара» және көлемі қой шамалас тастарды атау сөздерінен қалыптасқан (салыстырмалы – түйетас, арғымақтас). Қаракұдық – құдықты мекен. «Қара» сөзі «мол, көп», немес «көз» мағынасына орай айтылған. Қарамола атауы да сол, «қалың мола» мағынасындағы атау. Қарасу – жер астынан, сай-жыралардан шығып жатқан қайнар суы.

Қасқа, ала деген түс мағынасындағы атаулар. Алабас – жер аты. Бұл сөз айғырдың атынан (төл басы) шыққан. Қорғанкөлден (Ақбел) солтүстікке қарай бірер шақырым жерде. Алабас делінеді. Қаржас руы ішіндегі құл атасының алабас айғыры туралы аңыз-әңгіме бар. Аңыз бойынша осы жерге Баянауланың Алабас тауының аты осы жерге ауыстырып қойған. Шідертіге қарай жерде оның Шыбынды деген атауы да кездеседі. Қасқасиыр – Пушкин атындағы ауылдың телімі. Атау өзінің тура мағынасында.

<sup>115</sup> Ескерту. Үлкендердің айтуына қарағанда, бұл өңірді атақты бір бай жайлапты. Мал дегенде есеп жоқ. Сол бай үй, қора-жай салдырып, түгел әкпен сылатып, «Аққора» атауы осыдан шыққан деседі – М.А.

Ботақара – елді мекен, көл, тау аты.<sup>116</sup> Орталық Қазақстандағы ұсақ шоқылар. Қара сөзі бұл жерде көлемін, жалпы биіктікті көрсетеді. Баянтау маңында Найзақара, Ерейментау жағында Балтақара осы атауларға ұқсас құралған жер аты. Қоянқара – төбе, Ботақара кенті тұсында орналасқан. Шешенқара – елді мекен, тау аты. Екі түрлі компоненттен құралған күрделі атау. Шешен сөзінің негізі «тілді» дегені. «Қара сөзінің бұл жердегі мағынасы – тау, биік деген ұғымға сәйкес. Сарыарқада «қара» сөзімен құрылған атаулар жиі кездеседі. Мысалы, Үшқара, Таңқара, Найзақара, т.б. қазақ аңыздарында.<sup>117</sup> Шешенқара атауы XVII-XVIII ғ. қазақ-қалмақ жаугершілігі тұсында пайда болған (аңызы алда айтылатын болады – М.А.). Тарихи деректер бойынша қалмақтың хошутын<sup>118</sup> бір мезгіл Цэцэн хан басқарған (Батор қонтайшы<sup>119</sup> заманы). Аңыз бойынша Цэцэн қалмақ қызының аты. Қазақ тілінде шешен – тілі өткір, қара – тау, биік түсінігіне сәйкесі.

Қотыр Қызылтау – етегі жер, ал төбелері тасты болғандықтан жер солай аталады. Қожыр тау, кедір-бұдыр тас мағынасында түркі сөзі. Қожыр – Нұраның оң жақ жағасындағы шоқы. Бұл атау шоқының бітімі бұжыр-бұжыр, кедір-бұдыр келетінін білдіреді. Темір мағыналы кені кездесуіне қарай тау жынысы қызыл реңді болып, соған қарай жер өңі де қызыл болуына байланысты Қызылтау аталады. Қотыр, яғни жері ұсақ тастар қабатымен жамылған. Керней – тау, әрі елді мекен аты. Керней – үрмелі музыка аспабы, немесе кісі аты.<sup>120</sup>

Қызылжар – жар өзеннің жағасының тік болып опырылып қалған жері. Жардың өңін «қызыл» сөзі білдіріп тұр, топырақ бетінің реңімен байланысты. Қызғылт қоңыр, сортаң топырағында әртүрлі дала өсімдіктері өседі. Қызылтау – тау аттары.

Түс атауларымен байланысты қазақ орографиялық терминологиясында бірнеше терминдер бар: *қоңыр, қара, көк, көгал, боз*. *Қоңыр* деп Орталық Қазақстанда үстінде өсімдігі бар құм төбелерді айтады. *Қоңырлар қыста малға жақсы жайылым бола алады.*

Ғ.Қоңқашбаевтың пікірінше, *қара* географиялық термин ретінде қазір

<sup>116</sup> Тоғжанов Е., Аршабеков Т. Атамекен. оқу құралы. – Қарағанды, 2002.

<sup>117</sup> Ескерту. Ботақара мен Шешенқараға қатысты аңыздарды баяндаушылар: Ғабит Нұрмахан, Жамбыл Омари, М. Спатайұлы, Қалиасқар Шыныбектегі. Соның ішінде, бір нұсқада Цецен қалмақтың жігіті, ал Бота қазақтың қызы деген үлгі бар. Олай болса, аңыздың тарихи мағынасы бар, өйткені Цецен тарихта болған тұлға – М.А.

<sup>118</sup> Ескерту. Хошут – ойрат одағын құрған төрт ірі руды бірі.

<sup>119</sup> Ескерту. Қонтайшы – хунтайчжи, Моңғолия жерінде XIV ғ. бері Шыңғысханның туыстары болып келетін төрелердің лауазымы. 1635 жылы құрылған Жоңғар хандығының билеушілері Қ. атанды. Қ.-дан төмен лауазымдар – тайчжи (тайшы), ноэон (ноян), зайсан (жайсан) болып келеді – М.А.

<sup>120</sup> Кейін Керней атын переселендер орысшаға бұрып Кернеевка/Корнеевка деп атаған. Керней елді мекенін Украина мен Беларуссиядан келгендер 1907 жылдан бері қоныстана бастаған. Қазақ сөзін орысшаға бұру мысалдары көп: қос томар – Костомаровка, сары изен – Царицын, Ақ дың – Белодымовка, әулие тау – Святогорск, т. б.

жеке қолданылмайды. Бірақ та топонимдердің құрамында өзінің байырғы орографиялық тау, төбе мағынасында жиі ұшырасады: Үшқара, Берікқара, Иманқара т.б.

Ғ.Қоңқашбаев көк терминінің екі мағынада қолданылатынын көрсетті: 1) зеленое пастбище в начале весны; 2) пониженная местность с зеленой луговой растительностью. Екінші мағынада *көгал* сөзі де қолданылады. *Боз* термині жайлы Ғ.Қоңқашбаев былай деп жазды: «... боз ақшыл, шаңқан ашық түс – көделі жер, шөптің бір түрі. *Боз* ұғымы шалғын немесе сортаңды жерге қарама – қарсы. Жылқы жаңбырда бозды жақсы жейді».

**Айнабұлақ** – 1. *Тап-таза, жалтыраған, жарқыраған. 2. Жып-жылтыр, жап-жалтыр, біртегіс.* Шағала көлдің беті Айнадай (Аймауытов). Бұлақ 1. *Басы бастаулардан басталып, баяу ағатын кішігірім су. 2. Ауыс. Бір нәрсенің қайнар көзі, негізі.* Айнакөл [бұлақ] – *жарқырап жатқан мөлдір тұнық су.*

**Айнабұлақ** – өзен. «Айна» және «бұлақ» – өзен сөздерінен шыққан, яғни «мөлдір, таза өзен» дегенді білдіреді.

**Айнасу** – айна 1. *Тап-таза, жалтыраған, жарқыраған. 2. Жып-жылтыр, жап-жалтыр, біртегіс. Сузен, көл т.б. түзетін мөлдір сұйық зат.* Әйелдер су тасып жүр (Т.Нұртазин) 2. *Ағынды өзен. 3. Құрғақ емес, ылғал. Үсті-басы су болды (Құмарова). Су айдыны – судың жиналған орны, көл, бассейн. Су жайылма – өзен тасқындарынан кейін ойпаң жерде пайда болатын сулы алқап.*

**Ақжар** – 1. *Судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы. Су ағып жатыр.*

*Жар – Өзеннің тік құлама жағасы биік қабақ. Жарға жықты (итерді, соқты) – пәлеге ұшыратты, жаманшылыққа итерді.*

**Аққора** – 1. *Сүттің, қардың түсіндей апп ақ түс. Қора 1. Мал қамауға арналған орын, жай. ~ ға мал қамады. 2. Есік алдындағы төңірегі қоршалған ашық жер, аула.*

**Аққора** – өзен. Қора түркі-моңғол тілдерінде қуыс, қорған, пана деген ұғымды білдіреді. Түркі-моңғол тіліндегі «қора» сөзі – бостық, ойпан, бекініс мағынада қолданылады.

**Ақсу** – Ащысу тармағы. Ақ сөзі судың түсін (ақтығын) көрсетпейді, ағындылығын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді.

**Аққұдық** – Ақ – 1. *Сүттің, қардың түсіндей аппақ түс. Құдық – Жердің су шығатын қабатына дейін қазылған су шыққан жер, тік шұңқыр. ~ қазды.*

**Ақөзек** – 2. *Ағы басым, ақ араласқан түс. ~ сұр 1. Судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы. Су ағып жатыр. Өзек – Бір кезде су ағып, кейіннен құрғап қалған көгалды, жыралы сай-сала, өзен арнасы. Алаңды қақ жарып терең ~ жатыр.*

*Сай-салалы, ой шұқырлы (жер).* Биыл ~ шілікті жерлер шабылмай қалды.

**Аққора** – өзен. Түркі-моңғол тіліндегі «қора» сөзі – бостық, ойпан, бекініс мағынада қолданылады. Ақсу – Ащысу тармағы. Ақ сөзі судың түсін (ақтығын) көрсетпейді, ағындылығын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді.

**Ақсу** – *Шайы жоқ, сүт қатқан ыстық су*. Елде шай жоқ, ~ ішіп отыр. *Ағысы күшті, тынымсыз ағып жатқан*. ~ ақсу.

**Алтынсу** – 1. *Сары түсті жарқыраған әдемі қымбат металл*. ~ өндіردі. 2. *Осы металдан жасалған*. ~ жүзік (сағат, тіс). 3. Ауыс. *Қадірлі, қасиетті*. Жоғалған пышақтың сабы алтын (Мақал). 4. Ауыс. Бағалы, қымбат. ~ сөз (дән, астық).

**Ақжал** – Қарағанды обылысындағы жал жұмысшы кент аттары. Ақжал «бозарыңқы, ағарып көрінетін жал» немесе отты жал мәндес атаулар.

**Ақтақ** – Жезқазған өңіріндегі таулы жер аты. Көне түрк тілінде ағ және тағ компоненттерінен құралған атау яғни «ақтау» мағынасында.

**Ақтас** – жұмысшы кенті. Ақтас атауы өзінің тіке мағынасынды ақ және тас компоненттерінен құралған.

**Ақтау** – жұмысшы кенті. Ақтау «тау жыныстарының түсіне қарай айқындалады».

**Ақөлең** – Жезқазған өңіріндегі мекен аты. «Ақөлеңшөпті» мағынасындағы атау.

**Ақбұлақ** – таудың батыс жағында орналасқан бұлақ. Ақ аталу себебі бұлақ суының ақ түсте екеніне байланысты айтылған.

**Ақшелек** – село мағынасы, баяғыда ру атына байланысты қойылған.

**Алатөбе** – төбе мағынасында қойылған. Ұлы, үлкен төбе мәнінде.

**Алабие** – бие малының түсіне байланысты аталған атау.

**Аламұрын** – жер аты, мағынасы «үлкен мүйіс» дегенді білдіреді.

**Ақұдық** – Тихоновка поселкесінің қазақша атауы. Бұл құдықтың суға толып тұрғанын білдіреді.

**Аққұм** – балқаш көліндегі түбектің, елді мекен аты. «Ақ» сөзі құмның түсін көрсетпейді, сипатын көрсетеді. Этимологиясы «сусамалы, ақпа құм».

**Ақсай** – құрағақ арна Ызақұдық маңының шығысында. Сырдария өзенінің аңғарында. Сарағаш ауданында орналасқан. Ақсай атауы сай өзен топырағының аппақ боп ағарып жатуымен байланысты аталған. Сай термині эзербайжан тілінде сай *чай* тұлғасында айтылып, су мағынасын береді.

**Қоңырат** – Қарағанды обылысындағы қала аты. Бұл атаудың шығу тәркініне тоқталсақ, халық аңызымен байланыстырады. «Ертеде бір байдың қоңыр аты болыпты. Жастайынан қорлық пен зорлыққа булыққан ер жігіт бір күні байдың тұлпарына мініп алып, бар жылқысын шөлге айдап қашады. Бай жан-жақтан қуғын шығарғанымен, жеткізбейді. Ақыры ол жапан түзде тұрған бір шоқыға жете бергенде, бірінше күн отсыз, сусыз шапқан қоңырат мұрттай

ұшады да, содан қайтып басын көтермейді. Содан былай биік Қосшоқы Қоңырат атанып кеткен.

**Сарыарқа** – Қазақтың ұсақ шоқылығы атты өлке. Батыстан шығысқа қарай қашықтығы 1200 км, ені 250 км Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен сарғайып жататын кең де, үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді.

**Қаражал** – кара және жал түбірлерінен қосылған, биік жал өзен аттары. Сондай бір жал аты бойынша Қарағанды обылысындағы қала аты.

**Қарасор** – Қарағанды обылысындағы ащы-тұзды көл. Қарасорға бірнеше өзен келіп құяды. Ондағы арпа мен балшықтың емдік қасиеті бар. Қара және сор түбірінен жасалынған сөз.

**Бозтөбе** – жер аты мағынасы төбенің түсіне байланысты қойылған.

**Боздақ** – бұл жайлау, мағынасы «боз шөбі» өскен жер.

**Бозашы** – түркі тілінен аударғанда «түркімен руы» дегенді білдіреді.

**Қарақамыс** – қыстау, мағынасы «қалың қамыс» дегенді білдіреді.

**Қарасу** – көл атауы, мағынасы «жер су» мәнінде.

**Көкбұлақ** – су атауы яғни көл, ауыспалы мағынасы «аспан тектес су» дегенді білдіреді.

**Көктөбе** – қыстақ мағынасы «төбе жасыл шөпке бай».

**Қоңыртөбе** – тау, мағынасы төбе қоңыр шөбінің көптігіне байланысты.

**Қоңыртерек** – мағынасы «теректің түсіне, мүмкін этноним».

**Қызылеспе** – құдық атауы мағынасы «онша терең емес құдық» мәнінде

**Қызылауыз** – жер аты, ауыспалы мағынасы «қысыл таяң немесе тар жер» дегенді білдіреді.

**Қызылжар** – ферма орталығы, мағынасы жердің түсіне байланысты қойылған.

**Аққияқ** – Кент тауының оңтүстігінде орналасқан өзен атауы.

**Қызылкөл** – Құланөтпес савхозы территориясындағы көл. Бұл атау өзен көл жағасындағы топырақ түріне байланысты аталады.

**Қызылқайнар** – Үшқара тауынан басалатын жылға, бұлақ атауына байланысты аталған.

**Сарышөп** – көл атауы, мағынасы шөбі сирек атауында қойылған.

**Қызылағаш** – Қарқаралы ауданындағы өзен атауы, қызыл және ағаш компоненттерімен байланысты қойылған.

**Қызыларай** – тау, елді мекен аты. Атау екі компоненттен жасалған. Алғашқы сыңары тау түсін білдіреді, себебі тау, шың тастары қызығылт түсті болып келеді. Ал екінші сыңары *арай*, *орой* компоненті шын мағынасындағы моңғол сөзі. Моңғолша-қазақша сөздіктегі *орой* сөзін таудың басы, шыңы дегенді білдіреді.

**Қызыласу** – ауыл Сарағаш ауданында. Қызыл сөзі «қырмызы, әдемі, әсем,



сұлу» мағыналарын береді.

**Қызылту** – Сарағаш ауданындағы солт.-батысқа қарай орналасқан ауыл, екі компоненттен құралған – қызыл және ту.

**Ақата** – ауыл, Сарағаш қалалсының солт шығысқа қарай орналасқан 11 км жерде кісі есімімен байланысты.

**САРЫБИЕ** – *өзен*. Жаңаарқа ауданы жерімен ағады. Көктас өзенінің алабында. Ақжол қыратының оңтүстік беткейінен ағып шығатын бұлақтар суының қосылуынан түзіліп, Көктас өзеніне сол жағынан құяды. Ұзындығы 35 км. Жағасы жайдақ, арнасы біршама ирелең. Көктемгі еріген қар және жерасты суларымен толысады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында жеке қарасуларға бөлініп қалады. Өзен алабы шөбі шүйгін жайылымдық болып табылады. Атауы *сары* (сын есім) және *бие* (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.

**САРЫӨЗЕН** – *өзен*, Жаңаар. ауд. Мыңшұқыр тауының оңт.-батысынан бастау алып, Қабыршақты көліне солтүстіктен құяды, *тұз. өзен*, Бектау тауының оңт.-шығысынан бастау алып, Қуақ төбенің солт.-шығысындағы сортаңдарда жоғалады. *Сары* (сын есім) + *өзен* (зат есім) сөздерінен құралған. Суы лайсаң болғандықтан қойылған атау.

## Қыстаулар

Ежелгі заманда қазақтармен жалғастырылған жерді ұғымды пайдалану дәстүрі қалыптасқан. Сонда жер аймақтарға бөлінген: қыстау, қыстақ (қысқы қоныс), жайлау (жазғы тұрақтар), күзеу (күзгі тұрақтар).<sup>11</sup> Қазақтар қыстауда қазаннан бастап сәуірге дейін, ал жайлауда – мамыр-шілде, күзеуде – тамыз-қыркүйек айларында қоныстанған.

Қыстау үшін жер таңдау кезінде, ежелгі замандағы сияқты, далалықтар басым желдерден қорғайтын төмпешікті жайылымдықтарды таңдай отырып, елді мекеннің топографиясын ұтымды пайдаланған. Қыстау етіп таңдалынған жерлердің табиғат байлығы орыс ғалымдарымен де айтылған. Тау-далалы ландшафт қыстау үшін анағұрлым оңтайлы жерлер болған. Таулы аймақтар далалықтардың өздерін және олардың малдарын қатты аяздар мен борандардан қорғаған.

XIX ғасырдың ортасында жартылай көшпелі шаруашылықтарды зерттеген П.Медведевский мынаны байқаған: қоныс орнату үшін далалықтар желден қорғалған жерлерді іздеген, отынды және мал үшін мол жем-шөп алу үшін қыстаулардың жанында ыңғайлы су айдындары болуы керек. «Киргизские землянки разбросаны по степи по одиночке, или по несколько вместе; в обоих случаях, – деп жазды П.Медведский, – поселение носит название аул. В ауле от 2 до 8 жилищ». «Выбирая местность, защищенную от ветров, казах имеет в виду

не столько личные удобства, сколько удобства для скота».<sup>12</sup> Басқа автор: «Каждый кыстау с обособленным участками, с пастбищами, сенокосными угодьями и колодцами считался собственностью владельцев кыстау».<sup>13</sup>

Қыстау (қыстақ) – қоршауы болған қысқы қоныстың атауы. «Границы каждой зимовки обозначаются обыкновенно природными знаками, как то: речкой, озером, лощиной, горкой; если же для определения границ не представляется природных удобств, тогда ставится большой камень или другие [знаки] замечательные предметы, которые, конечно, каждому из киргиз хорошо известны. Границы зимовок были издавна распределены»,<sup>14</sup> – деп белгісіз автор жазған. Қоршаудың ең қарапайым түрі – ішінде мал қамайтын қашасы бар қамыстан, саз балшықтан, шарбақтан шеңбер немесе төртбұрыш етіп жасалған қоршау.

Қыстау жанындағы қарапайым қорымдар ежелгі орта ғасырда «аула» деп аталды. Ауланың ішінде киіз үй, шошала орналасқан, кең ашық алаңда табын тұрған. Қыстаудың жоспары үнемі бір мақсатты көздеген – басты байлық ретінде қоғамдық табынды қорғау болған. Ауланың қорымы домалақ, сопақ, кейде тік бұрышты пішінді болған, қыстаудың кіре берісі оңтүстікке немесе оңтүстік-шығысқа қарап тұрған. Орта ғасырлық аула қорымының конфигурациясын сырт пішінін Қазақстанның көптеген аударында сақталған ойпандар береді.

Осындай ойпандар Қаратау тау алдындағы Күлтөбеде, Сырдария бассейнінде, Жетісуда, Ұлытау тауының төңірегінде (Нөгербек-Дарасы, Қаратон, Орда-қонғай), Сарысу, Есіл, Нұра өзендерінің айдындарында, Қарқаралы және Баянауыл таула-рында байқалады. Бұны ХІХ ғасырда Қазақстан аумағында топографиялық түсірілім жүргізген орыс кен инженерлері де байқаған. Осы жайлы жазбалар Н.П.Рычковтың, И.Германның, И.П.Шангиннің, С.Б.Броневскийдің, Нифантьевтің және т.б. күнделіктерінде кездеседі. Жайлаудан-жайлауға көшіп-қону барысында әр ауыл жыл сайын өткен жылы өздері болған жерлерге қайта орналасқан.<sup>16</sup> Ескі, көп жылдық тұрақтарды қазақтар «ескі жұрт» деп атаған. «Жұрт» деген сөзінің мағынасы – бір орында көптеген адамдардың жиналуы, оның негізгі ұғымы – халық, қоғам. Жазғы тұрақ киіз үйдің ізі туған елді, туған жерді білдірген нышан. Бұл сөздің заңды мағынасы да бар, бұрын болған жерде ізі сақталған орынды иемдену, яғни жұрт – бұл жазғы тұрақ үшін орнықты орын. Орта ғасырларда әр бек-феодалдың өзінің киіз үйі (жұрты) болған. Туыстық қатынасы бар бірнеше ауыл орналасқан жер, басқа ешкімнің құқығы жоқ ұжымның меншігі болған.

Орта ғасырлық нығайтылған қоныс-қыстаудың топографиясы жөнінде қызықты мәліметтерді Орталық Қазақстанда жұмыс істеген генерал С.Б.Броневскийдің жазбаларынан, «окружных приказов», (1822-1830 ж.) байқаймыз. Оның жазбаларында мынадай жазулар бар: «В окрестностях Каркаралинских гор и на равнинах у реки Нура много каменных укреплений

в виде эллипса; они суть большие и малые, но фигурно одни другим совершенно подобны. Все они развалились до основания. При входе у стен были по две крупные башни, на середине двора были врыты толстые каменные плиты для стрельбы из-за оных».<sup>18</sup> Бұл жерде «қамал» жөнінде сөз болып отыр. Броневский, басқа да авторлар сияқты қазақтардың атауымен олардың пайда болуын қалмақтармен байланыстырады.<sup>19</sup> Шын мәнінде бұл құрылымдар қалмақтарға дейін пайда болған. Бекініс қоршау- қамалдардың пайда болуы қалмақтардың тарихымен байланысты емес, олар қалмақтардан бұрын ерте пайда болған. Жартылай отырықшы қыстаулар орта ғасырларда аула және қора (кура) деп атала бастайды. Бұл кезде аула сөзінің мағынасы кеңейгені байқалады, оның ұғымы қорымнан қыстауға дейінгі аралық дегенді білдіреді. Олардың арасындағы айырмашылық мынада, аулаға киіз үйлер, арбалар, шшалалар ғана емес, сондай-ақ мал қамайтын қаша сыйған, сондықтан қорадан қарағанда ауланың көлемі үлкен болды.

«Қора» сөзі «аула» сөзі сияқты қорғау мағынасын береді. «Қора» сөзінің қорымның қарапайым түрі «қоршау» және қорғаныс қабырғасы бар қамал - «қорған» сөзінің түбірі бір.

Орталық және Солтүстік Қазақстанда ауа-райы қатты аймақтарда қорымдар, бұрынғы замандағы сияқты тастан, шикі кірпіштен немесе шымнан тұрғызылған. Қарқаралының жанындағы алып қорым туралы М.Красовский былай жазды: «К югу от селения тянется стена довольно значительной высоты, в иных местах около 5 аршин и толщиной 2 аршина. Отсутствие башен и пристроек, огромное пространство, занимаемое стеной, указывает на то, что внутрь огороженной площади сгонялся скот».<sup>23</sup> Тас қорымдар кей жерлерде бүкіл қойнау арқылы бір жартастан екінші жартасқа өткен. Кейбір ғалымдар осы тас үйінділерінің адам қолының ісі екендігіне күмән келтіреді. Осындай қорымдар жабайы аң аулау кезінде оны қамау үшін жасалған деген пікір бар.

### **Бұқар жырау ауданы қыстаулары**

**Баймырза** – қыстау, тарихи атау, антропоним иесі XIX ғ. өмір сүрген дәулетті адам, бай.

**Бекет** – қыстау, қазақ антропонимі, бұдан басқа, бұл орысша «пикет», яғни «караул, охрана» сөзімен бір мағынада.

**Жүніс** – қыстау. Жүніс /арабша/ көне египет дәуірінде Ионис. Жүніс XIX ғ. соңы XX ғ. басында өмір сүрген адам. Руы – Арғын ішінде Қуандық.

**Садық** – қыстау. Бұл топоним қыстау иесінің атымен байланысты. /Садық/ арабша – /сенімді, адал/ деген мағынаны білдіреді.

**Көкдөңгелек** – қыстау, жүйрік жылқының жалған аты.

**Тоқан** – қыстау, адам атына байланысты атау – антропоним.

**Қосағаш** – қыстау аты. Қос деген сөз екі қатар өскен ағашты да, бір түзудің бойында өскен ағаштарды да көрсетеді. Қос ағаш түркі тілінде «шымылдық ағаш» деген ұғымды білдіреді.

**Жаңаарқа ауданы қыстақтары**

**Айнабұлақ**, қыстақ.

**Ақбаз**, қыстақ.

**Ақкезең**, қыстақ.

**Ақтам**, қыстақ.

**Ақши -1**, қыстақ.

**Ақши -2**, қыстақ.

**Аралқұм**, қыстақ.

**Алюбек**, қыстақ.

**Әшірбайжан**, қыстақ.

**Балтай**, қыстақ.

**Борықши**, қыстақ.

**Бүксай**, қыстақ.

**Елеусіз Қараөзегі**, қыстақ.

**Жақып**, қыстақ.

**Жартас**, қыстақ.

**Жосалы**, қыстақ

**Игісін**, қыстақ.

**Кезең**, қыстақ.

**Келтетал**, қыстақ.

**Кенжебай**, қыстақ.

**Көкөзек 1**, қыстақ.

**Көкөзек 2**, қыстақ.

**Қайып**, қыстақ.

**Қарабидайық**, қыстақ.

**Қорған**, қыстақ.

**Қызылтау**, қыстақ.

**Лақбай**, қыстақ.

**Нұрмағамбет**, қыстақ.

**Олжабай**, қыстақ.

**Сарыөзек**, қыстақ.

## **Сарыарқа топонимдеріндегі өсімдік атаулары (фитонимдер)**

Қазақстан территориясында өсімдік атауларының 5000-ға жуық түрі бар екен. Сол өсімдік аттарының біразі Сарыарқада кездеседі: қияқ, көкпек, тал, қамыс, қарағай, қоға, қарағаш, қараған, өлең, өрік, жейде, жусан, жыңғыл, итмұрын, кендір, бидайық, терек, сасыр, ши, ағаш, арша, береза, бидай, ереймен, қайын, құрай, тікенек, шеңгел, алма, арпа, осина, шөп, сарымсақ, тобылғы, теріскен, лес лоза, мойыл, мох, шілік ырғай, т.б.

Сарыарқа топонимикасындағы арша, қарағай, қайың, қарағаш, тау атаулары бір кездерде солтүстік және орталық Қазақстанда осы ағаштар өскен ормандардың кең тарағандығының дәлелі бола алады. Жоғарыда аталған региондарда ормандардың қазірге қарағанда, әлдеқайда көп болғандығын қосымша деректер растайды. Мысалы: орман табиғатына сай аңдардың түрлері көп болады.

Жиде: Жиде – өзен, Жиделіқұм, Жаңаарқа және Жезді аудандарында, Жиделі – қыстақ, Жезді ауданы, Жиделі құрғақ арна, Жаңаарқа ауданы, Жиделісай – өзен, Шет ауданы, Жиделісай құрып бара жатқан өзен, Жезді ауданы, Қарағанды облысы, Жиделі – бұлақ, Теңіз ауданы, Ақмола облысы.

Тал: Талдыбұлақ – Атбасар ауданы, Талдыбатпақ – Вишнев ауданы, Талды – дөң, Теңіз ауданы, Талдыкөл – көл, макин ауданы, Талдысай – жыра, Астырахан ауданы, Ақмола облысы, Талдыөзек – құрғақ өзен, Павлодар облысы, Талдыкөл – көл, Молодежный ауданы, Талды – село, Қарқаралы ауданы, Талды – өзен, Егіндібұлақ ауданы, Қарағанды облысы, Талды – өзен, Шет – Ауданы, Талдысай – құрғақ арна, Жаңаарқа жезді ауданы, Талдыеспесай – құрғақ арна, Ақадыр ауданы, Қарағанды облысында.

Терек: Теректі – тау, биіктігі 51705 м. Егіндібұлақ ауданы, Қарағанды облысы, Теректі биіктік, Жангелдин ауданы, Теректіадыр шоқылар, Қима ауданы, Қостанай облысы, Белтерек елді мекен, Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы, Терек құрғап бара жатқан өзен, Қарағанды облысы, Терек елді мекен, Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы, Теректі – тау, биіктігі 642 м, Қарағанды облысы.

## **Жануарлармен байланысты топонимдер (зоонимдер)**

Қазақтардың шаруашылығында ең бастысы мал шаруашылығы болғаны белгілі. Мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар таулы, далалы өңірде қой, жылқы, түйе, сиыр өсірді. Бұл төрт түлік мал жылдың төрт маусымында табиғи жайылымдарда бағылды. Мұның өзі кең өріс-қоныс болуын, шөптің майсалығымен, судың тұнығын тандап, көшіп-қонуды талап етті. Талай ғасырлық тәжірибеден туындаған олар шаруашылықтың басқару тәсілі жайылымдарды маусымға қарай пайдалану тәртібін қалыптастырды. Тозған

жайылым, өрістерді әр мезгіл сайын ауыстыру, әртүрлі мал шаруашылығы түрлерін дамыту қазіргі экологиялық сипат негізінде қалыптасқанын көрсетеді. Көшпелі малшаруашылығымен шұғылдануға байланысты қоныс, жайлау, қыстау, күздеу құдық, қора, қотан, қос, ашық және т.б. атауларды білдіретін топонимдер пайда болды.

Орталық Қазақстан аймағы топонимикасында бірқатар терминдер осы атаулармен байланысты берілген. Тау алды жазықтықтары мен биік жазықтар аттарында «дала» термині жиі кездеседі (Бетпақдала, Жусандала, Қоңырдала, Ақдала, Кеңдала). Бұл заңдылықты халықтың тау мен жазықтықтың арасындағы жер бедерінің айырмашылықтарын нақты көрсету мақсаты көзделуімен түсіндіреміз. Оронимдердегі түсті білдіретін атаулар көп жағдайда тау жыныстарының түсімен тікелей байланысты болып келеді, мәселен: «қоңыр» термині жайылымдық жерлердің сипатын анықтауда маңызы зор. Ол ландшафтық термин ретінде жер аттарының құрамында жергілікті жердің табиғат ерекшелігінен хабар береді. Яғни «қоңыр» термині қолайлы жайылымдық жерлер туралы мәлімет береді (Қоңырат, Қоңырсу, Жетіқоңыр, Қоңырадыр). Мал шаруашылығын жүргізу тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жергілікті табиғат ерекшеліктерін ескеру, ортаға бейімделу тұрғысы, географиялық жағдайлар, табиғатты тиімді пайдалану жүйесі, мал шаруашылығының көшпенді сипаты, маусымдық көші-қон жергілікті топонимдерден маңызды орынды алады. Жаз кезегіндегі жайылымдық терминдерге шұбар, көкорай, саз, жон, боз, теріскей, жазық тіркестері берілген. Осыған орай Ақтоғай ауданы жерінде Шұбарөзек, Шұбар, Шұбартау, Ақжарық, Жырық, Жарық, Саз, Майтас, Қойтас, Айыртас Ақсай, Бозащы елді мекендерімен жекелеген табиғи-географиялық нысаналардың аталуы да осы тарихи-табиғи факторларға байланысты қалыптасқан болу керек. Қазақстандағы ірі нысаналық топонимдердің ішінде енді бір көп кездесетін атаулардың қатарына жануарларға байланысты топонимдерді жатқызады. Олардың ішінде жабайы жануарлар да, қолда өсетін үй жануарлары да енеді. Орталық Қазақстан топонимдерінде жануарларға байланысты атаулардың көп кездесуі кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені осы өңірді мекендеген ерте замандағы адамдардың жануарлардың етімен және жануар өнім түрлерімен күн көрудің көзі болатындығын дәлелдейтін құралы ретіндегі құбылыс – халқымыздағы аңшылық шеберлік. Қазақстанда қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде аңшылық шеберлікке мамандану ұзақ уақыт бойы сақталды және атадан балаға берілетін кәсіптің негізгі түрлерінің бірі болып қалыптасты.

Аңшылық кейін күн көрудің негізгі түрі болмай, салт-дәстүріміздің басты өзегіне де айналып кетті. Рас, Қазан төңкерісіне дейін тек аңшылықпен күн көретін жекелеген адамдар да болғаны белгілі[3]. Жануарларға байланысты қойылған атаулардың ішінде жабайы жануарларға байланысты қойылған ірі

нысаналық топонимдерден мынадай атауларды кездестіруге болады: Арқарлы (тау жүйесі, Ақоғай ауданында), Балықтыкөл (елді мекен, Нұра ауданында), Жыланды (тау, Ақтоғай ауданында), Киікті (станса, Шетауданында), Қарсақбай (жұмысшы елді мекені, Ұлытау ауданында).

Қазақстан топонимиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі – географиялық атауларда ландшафтың, өсімдік және аң, жануарлардың көрінісі сипаттама алатындығы. Топонимдер құрамындағы аң, жануар, құс атаулары Қазақстанда аңдардың кейбір түрлері кең тарағандығын және солардың аңшылық маңызы болғандығын аңғартады. Белгілі совет зоологы А.Н.Формозов Қазақстан картасында аңдарға байланысты атаулар бар екендігін айта отырып, аңдардың және аңшылықтың халық өмірінде атқарған үлкен мән-мағынасын атап өтеді. Ғ.К.Қоңқашпаевтің пікірінше көшпенділердің күнкөрісіне жер-бедері (релеф), ауа-райы (климат), су (гидрография), өсімдіктер және аңдар үлкен септігін тигізген.

Ал Сарыарқа топонимдерінің құрамында төмендегідей аң, құс, жәндіктердің аттары кездеседі: теке, арқар, қошқар, серке, борсық, ешкі, қарсақ, жылқы, айғыр, байтал, тайлақ, қой, арыстан, аю, бұзау, айдаһар, шыбын, сона, инелік, кене, қу, бүркіт, қаршыға, шағала, балық, шортан, сазан, бақа, жылан, т.б. Сарыарқа жерінде бұланмен байланысты атаулар бар. Мысалы: Бұланты жер және төбе аты, Қарағанды облысы, жезді ауданы, Ұлытау ауданы. Р.С.Сәтімбековтың зерттеулерін қарасақ, Қазақстан территориясының бұлан атымен байланысты 40-тан астам топоним кездеседі екен, оны 35-і қазақ тіліндегі, ал алтауы моңғол тілінен енген атаулар.

Ботақара-Нұра өңірінің жер атауларының бір ерекшелігі зооним атаулардың жиі кездесуімен байланысты. Мысалы, Аюлы тауы кәдімгі жыртқыш аң – аю атымен байланысты. Біздің заманда бұл арада жабайы аюлар болмағанымен, ертеде аю бұл жерде болған. Қасқыр, бөрі, түлкі, қарсақ бүгін де бар. Аюлы – тау. Биіктігі 812 м және Белағаш ауылының сыртында тұрған тау аты. Аюлы таулар жүйесі. Арқада бірнеше Аюлы атауы кездеседі. Үлкен Аюлы, Кіші Аюлы – таулар. Енді бір зооним – бұғы атымен байланысты. Семізбұғы – тау, елді мекен. Бұл көне топоним семіз бұғы көне түрік тілдеріне тән атау. Семізбұғы атты шөптің түрі де бар.

Бұғылы, Бұғы деген бұғымен байланысты атаулар Сарыарқада жиі кездеседі. Бұндай атаудың бір түрі – Жауырбұғы (қазіргі Теміртау). Зоонимдердің екі түрі бар. Оның бір түрі жабайы аңдарға қатысты болса (аю, бұғы, қоян, бөрі), енді бір түрі үй жануарына, төрт түлік малға қатысты Ботақара атауында «бота» ұғымы тұр. Семізбұғы, Жауырбұғы, Бұғылы атаулары жабайы бұғылардың көш жолын да білдіреді.

**Арқар.** *Арқар* атымен байланысты Орталық Қазақстанда *Арқарды*, *Арқарқамалған* деген тау аттары бар. Арқар таулы аймақтарды мекен етеді, сол

себептен жазықтарда орналасқан объектілердің атауларында арқар компоненті кездеспейді. Топонимистер (Ғ.Қ.Қоңқашбаев, А.Әбдірахманов) Арқарлы атты топонимдер қатарына *Арғанаты* атауын да жатқызады. *Арғанаты* атты таулар Тарбағатай, Ұлытау, Талдықорған облыстарында орналасқан.

**Құлан.** Құландар, әдетте суы мен суаты бар, кешулері бар өзендерді, қақтарды, құдықтарды т.б. аласа тау, шоқылардың маңын немесе далаңқай жерлерді мекендейді.

Сарыарқа топонимикасында бұғы атына байланысты атаулар кездеседі. Семізбұғы – тау, Ульянов ауданы, Қарағанды облысы, Бұғылы – тау, Шет ауданы, Қарағанды облысы, Бұғылы – тау Қызылтас тауларының солтүстік батысында, Қарағанды облысы. Информаторлардың айтуы бойынша, Бұғылы тауында бұрын бұғы болған көрінеді. Бұғылы, Тағылы – Қатар орналасқан тау аттары, Қарағанды облысы шет ауданы.

Сарыарқа топонимикасында Киік атты атаулар да сол жерде киік мекендегенін көрсетеді. Мысалы: Қарағанды облысында: Киіктау – биіктігі 612,3 м, Приозер ауданы, Киік – станция, Ақадыр ауданы, Киікбай – тау, биіктігі 554,8 м, Приозер ауданы, Киікбай – тау, биіктігі 897,2 м. Ақадыр ауданы, Киікбай-тау, биіктігі 410,9 м, Киікбай – (тоған) – мекен аты, Қаракөңгір бойы, Киікбай – сай, Ұлытау ауданы, Киік субұлақ – Ақадыр ауданы, Киіктау – тау, биіктігі 658,8 м Жаңаарқа ауданында т.б. атаулар.

Сарыарқа территориясында кездесетін үй жануарларына байланысты топонимдерді бір бөлек семантикалық топқа жатқызуға болады. Осы топқа Айғырұшқан, Бұзаутөбе, Ешкіөлмес, Ешкіқырылған, Қаратүйе, түйетас, Түйешөккен, Итауыз сияқты географиялық атаулар кіреді.

Сарыарқа топонимикасында құс атауларына байланысты жер аттары да бар. Мысалы, Қарағанды облысында: Қаршығалы – өзен, Ақтоғай ауданы, Қулы – тау, биіктігі 537,5 м, Жаңаарқа ауданы, Бүркітті – тау, Бұғылы тауларында, Бүркітті ауыл округі, Бүркіт – тау, биіктігі 1187 м, Шет ауданы, Бүркітті – өзен, Ақадыр ауданы, Бүркітті – тау, биіктігі 710,7 м, Жаңаарқа ауданы, Бүркітті – тау, биіктігі 487,2 м Ақадыр ауданы, Журавлиное – көлі, Макин ауданы, Ақмола облысы, Қаршығалы ауыл округ, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы, Бүркітті – тау, биіктігі 506 м. Павлодар облысында: Лебяжье – село, аудан орталығы, Утиное – көл.

**Айдаһарлы** – тау, биіктігі 1023,0 м, Шет ауданы. Айдаһар (зат есім) + лы (туынды сын есім жұрнағы) сөздерінің бірігіуі жолымен жасалған. Ерте замандарда бұл тауда айдаһар тектес ірі жыландардың көп болуына байланысты қойылуы мүмкін.

**Алаайғыр** – тау, биіктігі 835,6 м, Ұлытау ауданындағы елді мекен. Ірі қорғасын кен орны, Шет ауданы.

**Алақұнан** – тау, Сарысу өзенінің оңтүстігінде, Жаңаор ауданы. Мұнда



ала құнанға байланысты оқиға болуына байланысты.

**Аққу** – Павлодар облысының Лебьяжі ауданындағы ауыл, пристань, аудан орталығы. 1966 жылға дейін «Лебьяже» деп аталған. Павлодар облысының оңтүстік-шығысында, Ертіс өзенінің оң жағалауында, Павлодар-Семей автомобиль жолының бойында орналасқан. Іргесі 1744 жылы қаланды. Атауы Аққулыға ( Лебьяже) байланысты қойылған.

**Ақтүлкі** – өзен, Приозерный ауданында. Түлкісі мол, түлкісі көп деген мағынаны білдіреді.

**Ақтайлақ** – село, Бидайық селосына қарайды. Жаңаор ауданы, Ұлытау ауданы маңындағы тау, биіктігі 960,2 м.

**Ақ сұңқар** – тау, биіктігі 1110,1 м, елді мекен Жаңаор ауданында. Осы тауда әуел баста ақ түсті сұңқарлар мекендеуіне байланысты.

**Ақсу-Аюлы** – елді мекен, аудан орталығы. Шерубай - Нұра өзенінің солтүстік жағында, шет аудан. Мағынасы «аю көп Ақсу» дегенді білдіреді.

**Арыстантау** – тау, биіктігі 539,0 м, Ұлытау ауданында, Жыланшық өзенінің оңтүстігінде. Арыстан ( зат есім) + тау ( зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау. Тауды арыстанға ұқсатумен немесе сол тауда ерте замандарда арыстанның мекендеуімен байланысты қойылған атау.

**Арқар** – арқар атымен байланысты Орталық Қазақстанға (Жезқазған облысы), Арқарды (Ақтоғай ауданы), Арқарқамалған (Шет ауданы) деген тау аттары бар. Арқар таулы аймақтарды мекен етеді. Сол себепті жазықтарда орналасқан объектілердің ( өзендер, көлдер т.б.) атауларында арқар компоненті көп кездеспейді.

**Атбасар** – қала аты, (Целиноград облысы). Қазақша зат есім *ат* және *басар* есімшесінен құралған. Мал жәрмеңкесі және топтап жылқы айдайтын торап болуымен байланысты сіңіскен атау.

**Атбасы** – тау, төбелер аты. Кейбір елеулі жорамалдар бойынша «жабайы жылқы өріс алған тұстан бірі келе жатқан» атау болуға тиіс. Құланбасы, Құлжабасы және қырғызша Атбашы топонимдерімен салыстырыңыз.

**Атшапқан** – елді мекен аты (Шығыс Қазақстан облысы). Жергілікті «бәйге шабылатын жер».

**Бұлан** – бұланмен байланысты атаулар. Мысалы, Бұланты – жер және төбе аты, Қарағанды облысы Жезді ауданында, Ұлытау ауданында. Р.Сәтімбековтың зерттеулерінен қарасақ, Қазақстан аймағында бұлан атымен байланысты 40-тан астам топоним кездеседі екен. Оның 34-і қазақ тіліндегі, ал 6-ы моңғол тілінен енген атаулар. Бұлан атымен байланысты топонимдер

Орал, Торғай өзендерінің бойында, Көкшетау, Қарқаралы, Шыңғыстау, Оңтүстік Алтай тауларында тараған екен. Бұлан атты топонимдер орман басқан жерді қамтыған. Себебі бұлан тек орманды өлкелерде ғана өмір сүрген. Моңғол тілінде «хандағай» – бұлан мағынасында. Қандағатай атты

тау Қалбатауының бір бөлігі.

Ғ.Қоңқашбаев Қандағатай тау атты моңғолдың қандаға (бұғы) сөзінен қойылған дейді. А. Әбдірахманов Қандағатай орониміндегі - *тай* қандағайдың (бұғының) бар екендігін білдіретін моңғол тіліндегі көне жұрнақ деп қарайды.

**Бұланты** – өзен, Жаңаарқа ауданында, төбе, сай Жезді ауданы, Байқоңыр өзенінің шығысында. Атау бұлан (зат есім) + ты (сын есімнің қосымшасы) негізінде жасалған. Бұл жерде бұланның көп болуына байланысты аталған..

**Бұлансай** - тау, биіктігі 287,4 м, Ұлытау ауданында, Тұяқбай қыстауының Солтүстік жазығында. Бұлан (зат есім) «бұғы тектес ірі тұлғалы жабайы аң» + сай (зат есім), яғни «бұланы көп, бұлан мекендеген сай».

**Бұлғынтөбе** – дөң, Ақадыр ауданы, Ақши құдығының оңтүстік-шығыс жағалауында. Бұл атау бұлғын (зат есім) «терісі қымбат аң» және «төбе» (зат есім) сөздерінің құралуымен жасалған, яғни бұл биік жерде (төбеде) бұлғынның мекендеуіне байланысты аталған.

**Бүркіт** – таулар, биіктігі 574 м. Ақтоғай ауданында тау, биіктігі 1187 м, Шет ауданында. Осы тауда бүркіттің балапандауымен немесе бүркіт ұстауымен байланысты аталуы мүмкін.

**Бүркітті** – тау, биіктігі 7017 м, Жаңаарқа ауданы, елді мекен, Ақадыр ауданы. Бүркіт (зат есім) + ты (сын есімнің жұрнағы), яғни «бүркіті көп», «бүркіт көп, мекендеген тау».

**Ешкіаман** – тау, биіктігі 821,9 м, Шет ауданы. Ешкі (зат есім) + аман (сын есім) сөздерінен жасалған атау. Республикамыздың басқа да облыстарында Ешкіқырған, Ешкілі, Ешкіөлмес, Ешкілікордай, тектес «ешкі» атымен байланысты топонимдер тобы кездесіп отырады. Бұл атаулардың барлығы да ешкі немесе тауешкісімен байланысты қойылып отырған. Ал Ешкіаман топонимінің сыры «осы тауда мекендеген ешкілердің (жабайы тауешкі немесе шаруашылықтағы ешкінің) сол аталмыш тауда шөптің шүйгін болғандықтан қыстан аман-есен, өлмей - жітпей шығуымен байланысты аталуы мүмкін.

**Ешкіқырылған** – тау, сай, құм, Шет, Ұлытау аудандары. Ешкі (зат есім) + қырылған (етістік) сөздерінен жасалған атау. Бұл жерлерде қыс қатты болып, ешкілердің жұтқа ұшырауымен байланысты аталған.

**Ешкіөлмес** – тау, биіктігі 1133,9 м, Ақау, Ұлытау аудандарында. Ешкі (зат есім) + өлмес (етістік) сөздерінен жасалған атау өңірдегі асбест кені бар мекен аты. Сол тауда қыстауда ешкінің өлмей - жітпей қыстан аман қалуына байланысты қойылса керек.

**Жыланшық** – тау, биіктігі 839 м, тау, биіктігі 884,4 м, Ақтоған ауданы; өзен Жаңаарқа ауданы; өзен Ұлытау ауданы; Шағырлы өзенінің бойында, тау Шет ауданы. Жылан (зат есім) және шық (зат есімнің қосымшасы) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған атау. Е.Қойшыбаевтың пікірінше атау көне түркі тілінде *двалан йалан* формаларынан қалыптасқан *двалан* –шық сөзінің қазақ

тіліне бейімделген түрі, мағынасы: «далашық», яғни «кішігірім жазық». Ғ.Қоңқашбаев жыланшық атауы «кішкентай жылан» мағынасын білдіреді деп санайды.

**Киік** – дөң, биіктігі 612,3 м, Шет ауданы елді мекені, Жаңаарқа ауданы. Бұл жерде бұрын киік көп болуына байланысты қойылған.

**Киіктау** – тау, биіктігі 656,8 м, Жаңаарқа ауданы. Киік (зат есім) + тау (зат есім) сөздерінің қосылуынан жасалған. Мағынасы: «киігі көп тау», шынында да бұл маңда бұрын киік көп болған болуы керек.

**Кіші Арқарлы** – тау, биіктігі 721,5 м, Ақадыр ауданы; Кіші (сын есім) + арқар (зат есім) + лы (туынды сын есімнің жұрнағы) сөздерінің тіркесуінен жасалған атау. Негізі «Арқарлы» атауы бұл тауда бір кезде арқар көп болғанын білдірсе, оның алдында кейін қосылған «кіші» сөзі таудың көлемі кішкене екенін білдіреді.

## **Қарағанды облысы топонимиялық жүйесінің қалыптасуының физикалық-географиялық тарихи алғышарт**

Геология карта қазақ жерінің геологиялық құрылысы аса күрделі екенін байқатады. Жекелеген физико-географиялық аймақтары әр түрлі дәуірде, тектоникалық көтерілулер нәтижелерінде пайда болған. Сондықтан әрқайсының өзіндік геологиялық құрылысының ерекшеліктері бар. Ботақара-Нұра өңірінің геологиялық шекарасы палеозой қатпарлығының шөгінді және жанартаулардың атқылауынан пайда болған тобына жатады.

Ерте палеозой (кембрий, жоғары силур) кезеңінің жыныстарына негізінен әр түрлі әктастар, құмтастар, сазды тактатастар жатады. Сонымен бірге орта палеозой кезеңінің (жоғары силур, девон, ерте карбон) жыныстары да кездеседі. Өзінің литологиялық құрамына қарай орта палеозой кезеңінің жиынтықтары әр түрлі болып келеді.

Біздегі сөз мәдениетінің бір тарамы – жер-су атаулары. Жер болған соң жердің барлығы жазық бола бермейтіні белгілі. Өзінің табиғи, геологиялық қалыптасуына орай жер бедері әртүрлі болады. Соның сипатына қарай адамның мал өсіру, егін салу сияқты басты шаруашылығын жүргізуіне орай жер аты да қалыптасатын болған.

Дөнес біткен жердің атаулары өз алдына үстірт, қырқа, тау, төбе, адыр, қырат, бұйрат, шоқы, аттарын қамтыса, ой жерлер – ойқыл, сай, жар болып келеді. Су атаулары – ақ бастау, бұлақ, өзен, арық, батпақ, сор, қақ, көл, теңіз аттарынан құралады. Қазақ халқы бітімі биік, аласа біткен жерлердің сипатын білдіретін – жар, аңғар, шатқал, жал, сай, өзек сияқты ұғымдар көп. Соны тіл ғылымында ономастика, топонимика деп атап, жер-су атауларын көбінесе оның этимологиялық қалыптасу жағынан қарастырады. Сондай-ақ, топонимика ғылым саласы ретінде өз орнын этнография, география, тарих ғылымының зерттеулері түйісетін жерінен де табады.

А.Жартыбаев белгілі бір этникалық топонимиялық аймақты зерттеу нысаны ретінде Орталық Қазақстан өңірі топонимиялық жүйесін алып отыр. Зерттеушінің пікірінше, аймақтық топонимияның қайталанбас өзіндік тілдік келбетін, жүйесін жасауда сол өңірдің тарихи тағдыры, физика-географиялық (ландшафттық) өзгешелігі, көптеген саяси-әлеуметтік, этносаяси және этнографиялық жағдайлары, этногенездік, этногенетикалық байланыстары мен тоғысуларының, шаруашылық және экономикалық факторларының үлкен ролі мен маңызы бар.<sup>121</sup>[3,5 б.]

«Арқа» терминінің Қазақстандағы ең ірі орографиялық нысаны Сарыарқа атауының құрамында кездесуі, халық Бұл жерді ежелден «Арқа» деп атауы

<sup>121</sup> Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және этномәдени негіздері: филол. ғылым. докт...автореф.:10.02.06. – Алматы, 2006. – 44 б.

зерттеушілер тарапынын қызығушылық тудырған. Құрбанғали Халид Арқа атауының шығу тегі жөнінде былай дейді . «Арқа» деп жануардың мүшесінің үстінгі бөлігін атайды, сондай-ақ жердің жоғарғы жерін де қазақтар «арқа» деп көрсетіп түсініктемелік сипаттама берген. Шындығында да, «арқа» терминіне қатысты әр түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Солтүстік қырғыздар диалектісінде арқа «солтүстік» деген мағынаны берсе, оңтүстік қазақтары «ту сыртында тұр», немесе «арқасында тұр», деген тіркеспен алмастыру жиі кездеседі. Монғол тілінде «ар» термині «солтүстік» деген мағынаны білдіреді. Осы деректердің негізінде арқаның «солтүстік жақ» деген ұғымға ие болуын түркі-монғол халықтарындағы оңтүстікке қарап бағдарлаудың салдары деп қорытынды жасауға болады.

### **Гидронимдер**

Нұра өзені алабына гидрологиялық, физикалық географиялық сипаттама беру барысында, оның тарихи зерттелуіне міндетті түрде жүгіну керек, сонда ғана зерттеліп отырған географиялық нысананың толық сипаттамасын көруге болады. Бұл өзен Орталық Қазақстандағы, оның ішінде Қарағанды облысындағы ірі су артериясы болып табылады. «Нұра» атауының өзі ертедегі түрікше мағынадан алғандықтан, «тау басынан бастап алатын өзен» деген мағынаны білдіреді.

Қарағанды Көмір алаптарын және Қазақстанның мыс қорыту заводын сумен қамтамасыз ету көздерін айқындау барысында 1930 жылдың көктемінде Санкт Петербургтың гидрологиялық Институтының экспедициясы «Қазақмысқұрылыс» және «Қазкөмір» Трестерінің келісімі бойынша Нұра өзен алабының жер беті және жер асты суларының айдыны Токаревка, Самарқан, Байқадам, Шешенқара пункттері бойынша зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Осы жылдың жаз айында Қарағандының негізгі су базасы және КарГРЭС-тің негізгі көздері ретінде, Нұра өзен аңғарында Самарқан су қоймасы мен бөгетін салу жөнінде гидрологиялық және инженерлік геологиялық жұмыстар атқарылды

Өзен аңғарында ежелден халық тығыз қоныстанған. 1998 жылғы санақ бойынша мұнда 1416,8 мың адам, соның ішінде 1206,0 мың халық қалалы жерлерде, 210,3 мың ауылды аймақтарда тұрған. Халықтың аумақ бойынша тарлуы бірдей емес, тек Қарағанды-Теміртау урбоөнеркәсіпті кешенінде бүкіл халықтың 97 % шоғырланған. Онда егін және мал шаруашылығы жақсы дамыған. Дегенмен бүгінгі таңда табиғи және антропогендік факторлардың ықпалынан экологиялық ахуалы нашарлап, табиғат апатына ұшыраған аймаққа айналып отыр. Жоғарыда атап өткендей адам баласының табиғи орта кешендерін пайдалану кейде оның құрамдас бөліктерінде тіпті қайтымсыз өзгерістер тудырады. Нұра өзені аңғарындағы осындай өзгерістердің даму

деңгейі кеңістікте таралуы мен бағыт-бағдары әр алуан. Сондықтан табиғи антропогендік факторларға талдау жасау мен осыған байланысты табиғи кешендерді жақсарту жолдарын ұсынған дұрыс, әрі қолайлы. Нұра өзенің жоғарғы алабында шығу тегі жағынан біртекті, функционалдық біртұтас Нұра-Ақбастау, Байқожа, Матақ, Ащысу, Шилі салаларының табиғи антропогендік кешендері қалыптасқан.

Нұра өзенінің орта ағысы алабының геожүйесі Нұра, Ашағанды, Жайылым, Үлкен Құндызды өзендерінің салаларының оң жақ жағалауы мен Есен, Шерубай-Нұра өзендерінің оң жақ жағалауында орналасқан ауқымында.

Өзендердің оң жақ жағалауларындағы қырқалы-жонды ұсақ шоқтар мен денудациялық-қырқалы жазықтарда дамыған. Сол жақ жағалауындағы Қалпақсор мен Тассуат көлді-аллювиалды, жазықтарына сәйкестенгендіктен құрғақтау дала биотасын ерекшеленеді.

Шерубай-Нұра алабының кешендері өте тез өзгермелі және күрделі. Нұра өзенінің ағындысында Шерубай-Нұра саласының үлесі 26 пайызын құрайды. Теңіз – Қорғалжың ойпатына кіретін Ашаған, Жайылма, Үлкен Құндыз салалары; Тассуат, Жалпақсор, Мұзбел ағыссыз салалары оңтүстік карбонатты қара топырақтарын, қою каштанды және каштанды топырақтарын ұзақ уақыт егістікке жету топырақ горизонтының қатты шаңдануына, құнарлылық шайыуы мен жоғалуына алып келеді.

Төменгі Нұра 77,3 мың га, лиманды суармалы жерінің 33,2 мың га Үлкен Құндыз – 20,9 мың га Шерубай-Нұра және Есен – 17,2 мың га кесек мол азығын өсіруге қолданылады. Ақмола және Қарағанды облыстарының кейбір шаруашылықтарында лимандар қараусыз қалған, ал көптеген шаруашылықтарда олар қарапайым агрономелиоративті жағдайларда ескермей қолданылуда.

Сарысу өзені Орталық Қазақстандағы ірі өзендердің бірі. Су жинайтын алабының ауданы жөнінен Есілден кейінгі үшінші орынды алады. Суының молдығы тұрғысынан Нұра мен Есілден кейінгі үшінші орынды алады. Өзеннің Жаңаарқа ауданы аумағындағы жалпы ұзындығы 400 шақырым. Су жинайтын алабының ауданы 81600 шаршы шақырым. Өзеннің орташа көпжылдық ағыс көлемі 217 млн м, орта жылдық ағысы шығыны 6,2 м/сек. Өзеннің аудан жеріндегі өзен аңғары Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік жақтарында аласа таулармен қоршалыады. Таулардан құлап ағып жатқан өзеншелер мен көктемгі тасқын кезіндегі суға толатын жылғалар, сайлар жер бетін әбден тілімдеген, жыралы, сайлы өзен торы жиі кездеседі. Сарысу өзені – Жамансарысу және Жақсысарысу өзендерінің қосылуынан пайда болады. Жамансарысу мен Жақсысарысу, Бұғылы-Тағылы тауларынан басталғанда Қайрақты өзені деп аталады. Бастауынан 60 шақырым өткеннен кейін Қарағанды саласы келіп құяды. Содан бастап өзен Жамансарысу деп аталады. Өзеннің ұзындығы 150

шақырымға жуық[6].

Жақсысарысу Тағылы тауларынан басталады. Ұзындығы 148 шақырымға жуық. Атасудың тұсында екі өзен (Жамансарысу мен Жақсысарысу) қосылып Сарысу деп аталады. Осы жерден бастап өзен аңғары кеңейіп, терассалары (сатылынып келеді) айқындалады. Өзеннің аңғары айналасындағы жазықтың тереңдігі 4-5 м болатын тік жар қабықтармен бөлінген. Аңғардың кеңіген жерінде 4,5-5 шақырымға дейін жетеді. Осы кеңейген жерден жайылымы үш сатылы бедер (терасса) қалыптасқан. Аудан аумағымен ағып өтетін Сарысу өзенінің шығыс бөлігі батысына қарағанда, көтеріңкі таулы-шоқылы аймақпен өтеді. Осы бөлікте өзен аңғары Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік жақтарында аласа таулармен қоршағанда жазық үстімен өтетін батыс бөлігі бар. Кеңгір өзені сағасына дейін ендік бағытында ағып келеді де, Қаражар даласында шұғыл оңтүстікке бұрылады.

Сарысу өзен салалары көп. Олар: Құрманәке, Талдыманақа, Сарысу, Сөрті, Сарыөзен т.б. Өзен орта ағысынан бастап Ащыкөлге құйғанша (сағасына дейін), жазды күндері суы тартылып, жеке-жеке қарасуға бөлініп қалады. Өзен аңғарларындағы ну тоғайлардан осы күндері топ-топ болып қалған ағаштардың қалдығын ғана көреміз. Өзен Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ащыкөлге барып құяды. Ертеректе өзен Шуға барып одан әрі Арал теңізіне құйған деген болжам бар. Аймысық, Айғыржал тауларының Солтүстік шығысындағы аумақтардан басталып, Нұра ауданынан басып өтетін өзен Құланөтпес деп аталады, ұзындығы 364, өзеннің аңғары кең жағасы тік жарлы болып келеді. Бұл өзен Айнабұлақ селолық округіндегі Қызылағаш елді мекенін басып өтеді.

**БОЗҒАҚ** – өзен, ұз. 50 км. (Бозғанақ зат,- ҚТТС- 98 б). Кенжебай-Самай зираты маңына таяу жерден басталып, Жатықжер мекеніндегі құмға сіңіп кетеді. Жағасы жоғары ағысында жарқабақты, сәл ирелең, аңғары біршама кеңдеу. Орта ағысында аудандары 2,5 және 1 км<sup>2</sup>-лік 2 көлмен байланысып жатыр. Көктемгі еріген қар және жер асты суларымен толысады. Өзен суы арнасынан асып сәуірде ғана ағады, жазда тартылып қалады. Өзен аңғарында суы тұщы 2 құдық бар, олардың ірісі - Ақкөл, тереңд. 2 м, судың сығымдылығы 200 л/сағ.

**ЖИДЕЛІСАЙ** – өзен, (Жиделі сын. Жедесі бар жер. ҚТТС -204 б).Сарысу өзені алабында. Молалыжал жотасының солт. беткейінен ағып шығатын бұлақтар суының қосылуынан түзіледі, Тегісдала мекенінен батысырақ Қаракеңгір өзеніне сол жағынан құяды. Ұз. 47 км. Жағасы жайдақ, біршама кең аңғармен ағады. Көктемгі еріген қар суы және жер асты суымен толысады. Сәуірде суы тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлініп кетеді. Өзен алабында жайылымдылық жерлер мен қыстаулар бар.

**МАНДАЙҚАҚ** – өзен, Сарысу алабында. Борсеңгір тауының солт.

беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан түзіліп, Біройнақ тауы маңында Сарысу өзеніне оң жағынан құяды. Ұз. 56 км. Жағасы жайдақ, құмдауытты. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толысады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлініп кетеді. Өзен алабында жайылымдық жерлер, қыстаулар бар. Суы мал суаруға пайдаланылады. Өзеннің орта ағысындағы аңғарда суы тұщы Ақабай құдығы бар, тереңд. 10 м, суының өнімділігі 100 л/сағ.

**САРЫСУ** – өзен. Қарағанды, Қызылорда облыстарытары жерінде. Сарыарқадағы Бұғылы тауының етегінен басталатын Жақсы Сарысу, Байназар мен Жақсы Тағылы таулары маңынан басталатын Жаман Сарысу өзендерінің қосылысынан құрылып, Сыр өңіріндегі Телікөлге құяды. Ұз. 800 км. Су жиналатын алқабы 81-99,1 мың км<sup>2</sup>. Қуаң жылдары Телікөл-Ащыкөл ойысына жетпей, сор-сортаңға айналып, құмда тартылып қалады. Кезінде Шуға ұласып, Сырдарияға құятын болған. Қазір сағалары бір-бірінен 120 км-ге алшақтап кеткен. Алабынан жер асты суының қоры анықталды (Шу-Сарысу). Салалары: Жаман Сарысу, Жақсы Сарысу, Атасу, Талдысай, Кенгір, Құрманәке, Талдыманақа, Құмдыеспе. Каракенгір саласы құйғаннан кейінгі С-дың орташа жылдық су шығыны 7,5 текше м/с, сағасында 0.10 текше м/с. Ағысының жылд. 0,6-0,8 м/с. Негізінен қар суымен толысады, сондықтан да жылдық су ағынының 96,6%-ы сәуір-мамыр айларында, 3,1%-ы күзде, 0,3%-ы қыста өтеді. Сәуірдің аяғында, мамырдың алғашқы он күндiгiнде қарқынды тасиды. Суының лайлылығы 50-100 г/текше м. Суы бастауында тұщы, орташа және төменгі ағыстарында тұздылау келеді. Өзен қараша-желтоқсан аралығында қатып, наурыздың аяғында мұзы түседі. Арнасының ені бастауында 15-20 м, орта бөлігінде 40-60 м, саға жағында 150-200 м-ге дейін кеңейеді: бас жағында тар аңғары төменгі ағысында 10 км-ге дейін ұлғаяды. Көне арнасының түбі және жағалауы құмды және құмды малта тасты шөгінді жыныстардан түзілген. Мұндағы ашық қызыл-қоңыр топырақта жусанды-бетегелі-шытырлы өсімдікті шөлейт ландшафтысы қалыптасқан. Сағалық бөлігінде шөлдік ландшафты басым. Көктемгі Сырдария суының біраз бөлігі Телікөл каналы арқылы С. сағасына қосылады. С. алабында жайылымдық мал шаруашылығы дамыған

**ҚҰРМАНАҚА** – өзен, Орынбай ауылының шығ. жағ.-да. Жаңаарқа және Шет аудандарының жерімен ағады. Сарысу алабында. Ортаудың батыс беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан түзілген. Атасу кентіне таяу жерде Жаман Сарысу өзеніне құяды. Ұзындығы 65 км. Жағасы жайдақ, арнасы біршама ирелең. Көктемгі еріген қар және жерасты суларымен толысады. Сәуірде тасиды, шілдеде төменгі деңгейі қалыптасады. Жаздың ыстық айларында жекелеген қарасуларға бөлініп кетеді. Өзен суы ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады, аңғарында жайылымдық, шабындық жерлер,



қыстаулар бар. Монғол тілінде «манах» – «түңгі уақытта мал жайып, оны күзету. Алтай тілінде «манакай», тува тілінде «манагы» өзен аттарымен тубірлес. Атаудың топонимдік мағынасы: Кезінде шөбі шүйгін, мал жаюға ыңғайлы өзен жағасы. Кейінде құрғап, суы тартылып қалған өзен, құрғақ су арнасы

**ТЕРЕҢСАЙ** – өзен. Жаңаарқа ауд. жерімен ағады. Ұзындығы 35 км Нұрмұқан зираты түбіндегі Бектау ұсақ шоқысының батыс беткейіндегі бұлақтардан бастау алып, Аралқұм қыстауына таяу қырқалы құмдарға сіңіп кетеді. Жағасы жайдақ, құмдауытты, төменгі ағысында өзен аңғары кеңейеді. Көктемгі еріген қар және жерасты суларымен толысады. Тұрақты ағысы сәуірде байқалады. Мал суаруға пайдаланылады. Топонимдік мағынасы: «суы терең өзен».

**ШИӨЗЕК** – өзен, Жаңаарқа ауд. Сарысу алабында. Ұзындығы 67 км, су жинайтын алқабы 711 шаршы км. Айғыржал тауының батыс бөлігіндегі бұлақтардан басталып, Сөргісуға (сағасынан 34 км жоғары) құяды. Төбелер аралығымен аңғар жасап ағады. Қар суымен толысады. Кішігірім 10-шақты саласы бар. Жылдық орташа су шығыны 0,20 текше м/сек. Алабы – жайылым. Ши - сабақтарынан түрлі бұйымдық заттар жасалатын, түп-түп болып өсетін биік өсімдік. Өзек – өзеннен тарамдалып бөлінген арнасы шағын су, терең арналы сай-сала. Атау өзеннің ерекшелігін көрсетіп тұр.

**ШАЖАҒАЙ** – өзен. Жаңаарқа ауд. жерімен ағады. Шу алабында. Ұзындығы 129 км. Су жинайтын алқабы 2110 шаршы км. Шет ауданындағы Өзенжал тауының беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан түзіледі. Елшібай тауынан оңтүстікте 3,8 км жерде тартылып қалады. Аңғары адырлы, бұйратты жазықты, ені 1-2 км, арнасы кең. Жауын-шашын суымен толысады. Сәуір-мамырда тасып, маусымда суы тартылып, иірім қарасуларға бөлінеді. Суы тұщы, жазда сәл кермек. Жылдық орташа су шығыны сағасынан 45 км жерде секундына 0,25 текше м Ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады.

**ТЕРЕҢСАЙ** – өзен. Жаңаарқа ауд. жерімен ағады. Ұзындығы 35 км. Нұрмұқан зираты түбіндегі Бектау ұсақ шоқысының батыс беткейіндегі бұлақтардан бастау алып, Аралқұм қыстауына таяу қырқалы құмдарға сіңіп кетеді. Жағасы жайдақ, құмдауытты, төменгі ағысында өзен аңғары кеңейеді. Көктемгі еріген қар және жерасты суларымен толысады. Тұрақты ағысы сәуірде байқалады. Мал суаруға пайдаланылады. Топонимдік мағынасы: «суы терең өзен».

**ТЕМІР** – өзен. Жаңаарқа ауд. Ақтау с/о жерінде. Антропоним, руы қырғыз Байтемірдің есімімен аталған. Жазда құрғап, суы тартылып қалатын су арнасы.

**МАНДАЙҚАҚ** – өзен, Сарысу алабында. Борсеңгір тауының солт. беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан түзіліп, Біройнақ. тауы маңында

Сарысу өзеніне оң жағынан құяды. Ұз. 56 км Жағасы жайдақ, құмдауытты. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толысады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлініп кетеді. Өзен алабында жайылымдық жерлер, қыстаулар бар. Суы мал суаруға пайдаланылады. Өзеннің орта ағысындағы аңғарда суы тұщы Ақабай құдығы бар, тереңд. 10 м, суының өнімділігі 100 л/сағ.

**ЖИДЕЛІСАЙ** – өзен, Сарысу өзені алабында. Молалыжал жотасының солт. беткейінен ағып шығатын бұлақтар суының қосылуынан түзіледі, Тегісдала мекенінен батысырақ Қаракенгір өзеніне сол жағынан құяды. Ұз. 47 км. Жағасы жайдақ, біршама кең аңғармен ағады. Көктемгі еріген қар суы және жер асты суымен толысады. Сәуірде суы тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлініп кетеді. Өзен алабында жайылымдылық жерлер мен қыстаулар бар.

## Оронимдер

Сарыарқа жеріне тән облыстардың жер аумағы, негізінен шексіз жатқан кең-байтақ, сар дала болғанымен оның таулы, ойлы-қырлы, жоталы аймақтары өте мол. Сондықтан ғылыми әдебиеттерде оны қазақтың ұсақ шоқылығы деп те атайды. Ал тұрғын халық ежелден Арқа немесе Сарыарқа атаған бұл аймақ туралы Құрбанғали Хамиди «Таурих - и Хамса - и Ширхи» (Шығыстың бес қаласының тарихы. Қазан, 1910 ж.) атты еңбегінде былай жазды: «Алтай мен Оралға дейін созылып жатқан Арқаның ұзындығы 2500 шақырымнан артық келеді де екі салаға бөлініп, Оңтүстік Арқа, Солтүстік Арқа деп аталады. Осы аймақтағы көшіп жүрген елдің бәрі Арқа елі деген атқа ие. Осымен қатар олар өзара тау елі және ой елі деп те аталады.

Бұл өлкедегі тау аттары (оронимдер) қойылу, пайда болуы және тілдік тегі жағынан аса құнды да бағалы материал боп табылады. Өйткені ол атаулардың ішінде көне замандар мен орта ғасырлық және қазіргі дәуірге тән сөздер, лексикалық топтар бар.

Сарыарқаның шығыс және солтүстік жағындағы таулардың ең биік саналатындары – Қарқаралы, Ұлытау, Баянауыл, Көкшетау, Оқжетпес, Ереймен, Қу, Қызылтас, Қызыларай таулары. Кей жерлері ұсақ шоқылы, төбелі, қырат, қырқалы, бел-белесті келеді.

Сарыарқаның оңтүстік батысындағы аласа таулы массивтің бірі – Ұлытау. Оның ең биік таулары 1100 метрге жетеді. Олардың ішінде: Абылжол – биіктігі 908,9 м. Ақтоғай ауданы, Айғыршыққан – биіктігі 874 м. Ақадыр ауданы, Айдаһарлы – биіктігі 1023 м. Шет ауданы, Айдарлы – биіктігі 966,3 м. Жаңаарқа ауданы, Айыртас 963,7 м. Приозерный ауданы, Ақдоңғал – биіктігі 957,2 м. Ұлытау ауданы, Асқарлы – биіктігі 995,1 м. Ақадыр ауданы, Ақсоран –

биіктігі 1098 м. Ақадыр ауданы, Ақсұңқар 1110,1 м, Ақтоғай ауданы, Байелші – биіктігі 1091 м. Ақадыр ауданы, Бесшоқы – биіктігі 1109 м. Доңғал – биіктігі 1011,2 м. Ақтоғай ауданы, Елшін – биіктігі 1067 м. Приозерный ауданы т. б.

Осындай ірілі ұсақты таулар мен қырат, жоталар Қарқаралы таулары сілемдерінде де көптеп кездеседі. Оның ең биік саналатын тауы Жиренсақал – 1338 м, қалған жерлері тау деп аталғанымен, аласа жоталар мен төбелер. Мәселен, Ақшоқы – биіктігі 579 м. Нұра ауданы, Жыланды - биіктігі 1195 м. Нұра ауданы, Дос – 1064 м. Егіндібұлақ ауданы, Қарасоран - 1369 м. Талды ауданы, Қарғалы – 1127 м. Осакаровка ауданы, Қараоба – 929 м. Нұра ауданы, Қаратоғанбай –1089 м. Талды ауданы.

Орографиялық тұрғыдағы қазақтың ұсақ шоқылы далалық аймағы батысында – Торғай үстірті мен Тұран ойпатына дейін жетеді, шығысында – Сауыр-Тарбағатай тау жүйелеріне қосылып, оңтүстігінде – Балқаш көлі және Бетпақдаламен, солтүстігінде Батыс Сібір жазығымен шектеседі. Ұсақ шоқылы қазақ аймағы міне осы тұста жатыр. Бірнеше миллион жыл бойы жалғасқан табиғат әсерімен бір кездегі биік таулар бұзылып, аласарып, жазыққа айналған. Ұдайы соққан жел мен жауған жаңбыр, ыстық пен суықтың, аяз бен қардың алмасуынан таулардың тек негіздері ғана сақталған. Ағын сулар күшті әсер еткен.

Қазақтың ұсақ шоқысы – ертедегі тас қатпарлы өлке. Жер бедері төбелі қырқалы жазық болып келеді. Теңіз деңгейінің орташа биіктігі 300-450 м. Бұқар жырау ауданының ең биік нүктесі – Семізбұғы тауы солт.-шығыс бөлігінде орналасқан. Ол солт.-батыстан, оңт.-шығысқа қарай 7 км, ал ені 4 км мөлшерде созылып жатыр. Бұл таудың биіктігі – 1049 м. Салыстыратын болсақ, Баянаула тауының биігі Ақбет – 1027 м, Қызылтаудағы Әулиелі биігі – 1057 м, Қызыларайдағы Ақсоран шыңы – 1565 м.

Геологиялық тұрғыда бұл өңір аумағында тегістелу үдерісі тоқталған жоқ. Ұсақ шоқылар маңындағы жазықтар онша биік емес. Ежелгі тау сілемдерінің қатты жынысты жерлерде ұсақ шоқылар қалдықтары ғана сақталған. Бұл жердің геологиялық құрылымы герцин қатпарлығынан қалыптасқан, ұзақ уақыт шөгу нәтижесінде уатылып, мүжіліп, тек мезозой эрасында белесті, қыратты, ұсақ шоқылы, дөңесті жазық өңірге айналған.

Жер бедері ұсақ шоқылы болғанымен, жазық жерлері қорық жасауға, жер өңдеуге аса қолайлы. Өлкенің көп бөлігі жазық далалы, өңірі егістік пен мал жайылымына қолайлы. Мысалы, жазықтарда егін өсіп, ұсақ шоқылар мен қатты тау жынысына біткен шымды жерінде мал жайылады.

Берік тау жыныстары жартас, ретсіз шашылып жатқан тас үйінділері және қорым тас күйінде жер бетіне шығып жатады. Ұсақ шоқының полеозойдың орта тұсынан осы уақытқа дейін жалғасып келген ұсақ континенттік даму үдерісінің, яғни кембрийлікке дейін полеозойлық және неғұрлым мүжілуі

есебінен қалыптасты.<sup>122</sup> Ботақара-Нұра өңірінің жері каледон және герцен құрылымдарын қамтитын Орталық Қазақстан полеозойы шығысқа қарай бөлігінде орналасқан. Мүжілу үдерістері таулы өңірді аласа тауларға, ерімейтін тау жыныстарынан тұратын бір-бірінен оқшауланған тау сілемдері бар көлемді көне пенепленге айналдырды. Кайнозой-мезозой пенеплені әлсіз эрегендік қозғалыстарды бірнеше рет басынан өткізді.

Тау жыныстарының сипаты мен жату тереңдігіне қарай шоқылықтардың мүжілген пішіндері әртүрлі келеді. Граниттер желдің үгу қасиеті әсерінен жерасты, тік өркешті, дөңгелек және көпшік пішінді болып, ал ұзыннан-ұзаққа созылып жатқан құмтас, әктас және жанғыш тақтатас қабаттары қырқалы және жонды келеді, ал қайталама кварциттерге үшкір шындар тән.

Аймақтың жер бедері нағыз шоқылы және биіктік белдеу бөлшек-бөліктері байқалатын аласа таулы өлкені құрайды. Мұнда орманды дала да бар. Бұл аймақтың негізгі бөлігі жартасты, жалды-қырқалы келген су айрықты-ұсақ шоқылы және мүжілген жазықтан тұрады. Жер бедерінің ұзаққа созылған геологиялық дамуының іздері бұл жерден айқын көрінеді. Бұдан 250-300 млн жыл бұрын өткен ежелгі эрада таулардың орнында алып теңіз болғаны, оның түбіне кейін құмдаққа, әктасқа, тақтатасқа айналған қатты заттар жинақталды.

Салыстыра алғанда, алқаптың тастары – шұғыл бұрылыстағы қия жартастар, жіңішке тау шатқалдары, айқын дамыған қазіргі морфологиялық эрозия және шөгінді үдерістерді көрсетеді. Жер бедерінің сипатына қарай ұсақ шоқылы аймақ, биіктік белдеулерде байқалатын аласа таулармен араласқан ойпаңды жазық. Орташа биіктігі 100-200 м болатын Шоқай, Нияз және Ерементау сияқты аласа таулары кезіндегі биік таулы аймақтың қалдықтары болып табылады.<sup>123</sup>

Қазақ халқының ертедегі ата-бабалары, табиғатқа етене жақын, жер-суға үнемі тамырлас өскен. Сондықтан сол ортаға қатысты атауларды тау-жоталардың бедерін, дарқан даланың келбетін дәл бейнелеп, оның сипатына лайық қисынмен атаған. Табиғаттағы әрбір заттарға, тау-тас, өзен-көлдерге берілген атаулар ұрпақ үшін – үлгі, ұлттық тілдің сарқылмас қазынасы. Бұқар жырау ауданының тарихи тұрғыда өзіндік қалыптасқан жер-су атауларының жүйесі бар. Дәстүрлі жер-су атаулары жер сипаты, оның географиялық ерекшеліктері туралы мағыналарды қамтиды.

Ақтоғай ауданының жер бедері Сарыарқаның оңтүстік-шығыс бөлігін құрайды. Бұл каледон мен герцен геологиялық дәуірлері кезеңдеріндегі жер бедері құрылудың интенсивті үрдістері нәтижесінде түзелген қуатты таулы жүйелердің қалдығы.

<sup>122</sup> «2000-2007 жылдардағы Қарағанды облысының ауыл-шаруашылығы» Статистикалық жинақ. Қарағанды. 2008-138 б.

<sup>123</sup> Ахметов А. Аудан келбеті // «Орталық Қазақстан». 9 қазан. 2008.

Жер бедері ұзақ уақыт бойы әртүрлі геологиялық, үгілу және эрозия үрдістерінің әсерінен тегістеліп, қазіргі келбеті – ұсақ шоқыларға айналған. Тау жыныстары біршама бұзылып, қыраттар мен таулы массивтер жұмырланып, немесе тегістеліп жер бедерінің қазіргі түзілімдер қабаты қалыптасты. Жер бедерінің көп бөлігі палезой жыныстарының, әсіресе силур, девон және карбон конгломераттарынан, метаморфтанған тақтатастардан, кварциттерден, әктастар мен құмтастардан, сонымен қатар сазды тақта тастардан, қоңыр саздардан, порфиттерден және т.б. құралған. (сурет 2).

Қазіргі уақытта аудан аумағының жер бедері өзіндік ерекшеліктері бойынша 3 бөлікке бөлінеді. (сурет 3)

1. Солтүстік Қызыларай және Қызылтас таулы – шоқылы аймақ.
2. Орталық ұсақ шоқылы аймақ.
3. Оңтүстік – сирек шоқылы, шағын қырқалы жазықты аймақ.

Ақтоғай ауданының таулары бір-бірінен терең шатқалдармен бөлінген үлкен және кіші жоталардан тұрады, олар көбінесе жартасты жондар мен шыңдардың шырмалған жүйесін құрайды. Сарыарқаның аса биік нүктелері (теңіз деңгейімен алғанда): Қызыларай таулары (Ақсораң шыңы – 1565 м, Қызылтас таулары (Құшоқы тауы – 1283 м, Бектауата тауы – 1214 м осы ауданда орналасқан. Салыстырып қарасак: Қарқаралы таулары (Комсомол шыңы – 1403 м), Кент таулары – 1400 м, Шыңғыстау таулары (Қособа шыңы – 1304 м), Баянаул таулары (Ақбет шыңы – 1022 м), Көкшетау таулары (Көкше шыңы – 947 м), Ұлытау таулары – 793 м.

Ақтоғайдың таулары жазықтардан күрт көтеріледі. Қызыларай мен Қызылтас тауларының басты айдарлары және негізгі сілемдері әсем жартастармен ұштасқан. Аса бөлшектенген жер бедері ауданның батысында, солтүстік-батысында және оңтүстік-батысында ерекшеленеді. Қызыларай тауларының шығыс бөлігінде төбелі шоқылы жер бедері қалыптасқан. Мұнда бірқалыпты, немесе толқынды аңғарлар кең таралған. Таулы аймақтарда үңгірлер, қазан шұңқырлар және қуыстар кездеседі. Солтүстік Балқаш өңіріндегі Бектауата тауында ұзындығы 80 м «Әулие» үңгірі орналасқан. Ол кең кіре берістен басталып аяқ жағында қабырғалары бұрышпен үйлеседі. Үңгірдің жоғарғы жағында тесік, ал түбінде су бар. Бұл үңгір қасиетті деп есептелінді және адамдар сиыну орнына айналдырған. Ауданның басқа тауларында да үлкенді – кішілі үңгірлер кездеседі.

Таулы аймақта көп жағдайда ирелеңдеген құрғақ арналар және бұлақтармен дараланатын шоқыаралық аңғарлар жиі кездеседі. Шоқыаралық жазықтар әлсіз толқынды, кейбір жерледе микрорельефтер топырақтың кешенділігін сипаттайды, яғни кәдімгі қызғылт, ақшыл қызғылт, толық дамыған және аз дамыған әр түрлі дәрежедегі сортаңды топырақтардан тұрады. Әр түрлі

төмендеулерде сор мен сортаң топырақтар, дамидын саздақтар, ауыр және орташа саздақтар, тұзданған топырақ құраушы жыныстарға тән.

Ауданның оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігі аса тегістелген, мұнда ақшыл қызғылт топырақтармен қатар, қоңыр топырақтар дамыған. Ұсақ шоқыларда түпкі жыныстардың шығулары байқалмайды.

Ауданның солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігіндегі таулар мен жоталы массивтер: оңтүстігіде Балқаш көліне (Тоқырауын, Жәмші, Қаршығалы және т.б.) және солтүстік-шығысында Ертіс маңы тобындағы ұсақ көлдерге бағытталған су айырықтың бір бөлігі болып табылады. Аудан өзендерінің басым бөлігі бастауын осы таулы массивтерден алады. Оңтүстікке қарай жер бедері төмендей бастайды. Мұнда ұсақ шоқылар шағын қырқаларға ауысады. Бұл қырқалар солтүстіктен оңтүстікке және солтүстік-батыстан оңтүстік шығысқа жазылады да, Балқаш көліне таяу жақындап, оның абсолюттік биіктіктері 150-400 метр болатын жарлы солтүстік жағалауын қалыптастырады. Мұнда аласа таулар да кездеседі. Мысалы, тегіс жазықта арал тәрізді өрлеп тұрған жалғыз – Бектауата тауын (1214м) алуға болады.

Жер бедерінің әркелкі болып келуі, аласа таулар мен ұсақ шоқылардан біртіндеп тегіс жазықтарға айналуы, жер асты ағысының қалыптасуына, таулы қатпарлы облыстарда қырқалы және жазық жерлерде әлсіз су айналу үрдісіне алып келеді. Тау жыныстарының литологиялық-петрографиялық өзгешеліктері, су сақтайтын және су өтпейтін жиектерінің пайда болуына әсер етеді және оның сүзгіштік, жинағыштық қасиеттері байқалып тұрады, яғни жер асты суларының химиялық құрамына және минералдануына әсерін тигізеді. Ауданның ұсақ шоқылы аймағының алып жатқан аумағының басым бөлігі негізінен алғанда жарық сулары және жарықтың карстық сулары таралған бір тұтас гидрогеологиялық облыс болып табылады. Жер бедерінің барлық белгілерінің жиынтығы бойынша ірі көтерілулермен және ішкі иілулер ажыратылып тұрады, олардың арасында өтпелі зоналар да бар. Жалпы бұл зоналар жер асты суларының транзиттік таралуын көрсетеді.

Жер бедерінің жазықты сипаты және оның онша үлкен емес еңкіштігі жер асты ағысының баяу ағатынын аңғартады. Бұл жағдай судың минералдануының өсуіне алып келеді, тағы да бұған жамылғылық шөгінділерден келіп түсуші ерігіш тұздардың араласуы әсерінен тигізеді.

Ақтоғай ауданының тауларының биік нүктелері теңіз деңгейімен алғанда 382 м (Бақтай), 1565м (Ақсораң) – аралығында болады. Олардың тізімі төменде берілген. (кесте 1)

Кесте 1

**Солтүстік және Орталық өңірлердегі таулар:**

<b>№</b>	<b>Тау атаулары</b>	<b>Теңіз деңгейімен алғандағы биіктігі, метр есебімен</b>
1	Айыртас	1063
2	Айыртас	872
3	Ақбұйрат	958
4	Ақдебай	1092
5	Ақсораң	1565
6	Ақтоғай	1031
7	Ақшоқы	1000
8	Ақшоқы	735
9	Аралтөбе	780
10	Арқарлы	1114
11	Аулие	1274
12	Аюлыөзек	1012
13	Әмірхан	1188
14	Байбосын	893
15	Байман	979
16	Байты	919
17	Балабосаға	1043
18	Беғазы	1169
19	Босаға	1023
20	Бұйрат	756
21	Бұртысерек	1250
22	Былқылдақ	1024
23	Дуақтас	1027
24	Жайнақпай	794
25	Жалаңаш	1138
26	Жалпаққайың	990
27	Жаман Қызыларай	1283
28	Жаңақойтас	860
29	Желтау	1016
30	Жетімшоқы	823

31	Жорға	1090
32	Жүндіқырған	1016
33	Жыланды	1155
34	Жыланшық	839
35	Кеңбұрат	1108
36	Керегетас	991
37	Күнгеі	832
38	Кіші Желтау	740
39	Қарағандыөзек	997
40	Қаражұмақ	999
41	Қарамойын	900
42	Қарамойын	900
43	Қараоба	860
44	Қаратас	839
45	Қаратоғанбай	1140
46	Қарашоқы	1051
47	Қарашоқы	832
48	Қарашоқы	893
49	Қарашоқы	977
50	Қоғалыбай	903
51	Қойтас	1118
52	Қойтас	878
53	Қойтас	880
54	Қойтас	886
55	Қошқаршоқы	819
56	Қушоқы	1238
57	Қызыл	755
58	Қызыладыр	1025
59	Қызыладыр	755
60	Қызылжал	1034
61	Қызылшоқы	977
62	Медеубай	843
63	Нұртай	1172
64	Саймантау	1029



65	Сарыбұйрат	913
66	Сарыжел	846
67	Сарытұмсық	1029
68	Сона	909
69	Тастыбұлақ	961
70	Тасшоқы	990
71	Токсай	1260
72	Шойбай	928
73	Шоқпартас	980

### Солтүстік Балқаш өңіріндегі таулар

<b>№</b>	<b>Тау атаулары</b>	<b>Теңіз деңгейімен алғандағы биіктігі, метр есебімен</b>
1	Ақшаадыр	586
2	Бақтай	382
3	Бектауата	1214
4	Бөрібай	624
5	Бірқара	646
6	Жалғызтас	500
7	Итмұрынды	557
8	Кішкене Табаққалған	661
9	Қазық	686
10	Қалмақкемел	870
11	Қалмақжатқан	689
12	Қызылтас	447
13	Қотанбұлақ	740
14	Сарыоба	591
15	Төретай	616
16	Тышқан	766
17	Ұзынжал	876
18	Үлкен Табаққалған	676
19	Шат	563

**Ақадыр** – Сарыарқаның солтүстігінде, Балқаш қаласының солтүстік – шығысында 40 км жере, Тоқырауын өзенінің жағасында, батыстан шығысқа қарай 17 км – ге созылып жатыр, ені 5 км. Ең биік жері – 583 м. Беткейлері жайдақ, түпкі жыныстары жалаңаштанып жер бетіне шығып жатыр. Ерте ортаңғы тас көмір дәуірі гранитоид жыныстарынан түзілген. Сортаңды сұр қоңыр топыраққа жусан, бұйырған, баялыш өседі. Оңтүстік беткейінде бұлақтар және тұщы сулы құдықтар (Манса құдығы) бар. Күзгі, көктемгі жайылым.

**Ақсоран** – Қызыларай тау массивінің оңтүстік бөлігінде, бүкіл Сарыарқаның биік нүктесі. Ақтоғай ауданы жерінде, Шылым ауылынан шығысқа қарай 12 км-ге созылып жатыр, ені –7 км, биіктігі –1565 м. Солтүстікке қарай еңістеу келген аласа таудан тұрады. Пермнің граниттерінен, төменгі перм, орта тас көмір дәуірі жыныстарынан түзілген. Қаратал, Жіңішке, Сарыөлең зендері басталады. Тау беткейлерінде қарағай орманы, тауаралық аңғарлардағы қызыл қоңыр топырақта қайың, көктерек, тал, арша, қараған, ойпандау жерінде тобылғы, астық тұқымдасты әр түрлі шөпті шалғы өседі. Таудың табиғи көркі мен табиғат байлығы шаруашылық әрекеттерге көп ұшырай қоймауы мұнда болашақта қорық ұйымдастыруға толық мүмкіндік береді.

**Ақшаадыр** – Солтүстік Балқаш маңындағы ұсақ шоқылы тау массиві. Солтүстік – батыстан оңтүстік – шығысқа қарай 15 км созылып жатыр, ені – 4 км. Ең биік жері 586 м. Шатқал, сайлармен тілімденген бірнеше ұсақ шоқылар мен жеке тау массивтерінен (Ақшаадыр – Бесапан, 528 м) тұрады. Силур жүйесінің жыныстарынан түзілген. Сортаңды сұр қоңыр топырақ жамылғысында жусан, баялыш, көкпек өседі. Орталық бөлігінде тұщы сулы Сорбақ құдығы бар, баурайы күзгі – көктемгі жайылым.

**Арқарлы** – Ақтоғай ауданы жерінде, Тоқырауын өзенінің оң жағасында. Солтүстік – батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 30 км-ге созылып жатыр, ені 8-10 км, ең биік жері – 1184 м. Сай, шатқал, қарқааралық аңғарларға бөлінген, беткейлері бірнеше ұсақ шоқылардан тұрады. Солтүстік және батыс тау етектерінде көп мөлшерде қорымтас жиналған. Тас көмір жүйесінің орта және жоғарғы бөліміндегі тау жыныстарынан түзілген. Қоңыр топырақ жамылғысында жусан, бетеге, селеу, аңғарларда бидайықты шалғын өседі. Бұл – жазғы, қысқы мал жайылымы.

**Беғазы** – Ақтоғай ауданы жерінде, Қаратал өзенінің сол жағында, Ақтоғай ауылынан шығысқа қарай 27 км жерде. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 8 км-ге созылып жатыр, ені 4.5 км. Ең биік жері – 1169 м. Беткейлері жайдақ, оңтүстік және батыс бөлігі сай және аңғарлармен тілімделген, оңтүстік беткейлерінде қорым тастар жиналған. Тас көмір жүйесінің ортаңғы бөлім тау жыныстарынан түзілген. Қоңыр топырақ жамылғысында жусан, селеу,

бетеге, боз, қараған, арша, аңғарларда астық тұқымды шалғындар өседі. Бұлаққа бай, оңтүстік – шығыстан Шұбарөзек өзенінен басталады. Беғазы өңірінде көне заманда өркендеген Беғазы – Дәндібай мәдениетінің орталығы таралған (сурет 4,5).

**Бектауата** (Әулиетау) – Балқаш маңының солтүстігіндегі қос шоқылы тау. Балқаш қаласынан солтүстікке қарай – 60 км. Ең биік жері – 1214 м. Жоғарғы палеозойдың қызғылт гранитінен түзілген. Тау басы сүйірленіп, тік беткейі тасты – тастақты – лавалы келеді. Кей жерінде бірен-саран бұта өседі. Беткейаралық аңғарларындағы қоңыр топырағында қайың, терек, тал мен қияқ аралас шалғын өседі. Арқар, елік мекендейді. Пьезооптикалық минералдардың шағын кендері және үңгірлер кездеседі. Бектауата үңгірі осында. Балқаш кен – металлургиялық комбинатының демалыс орындары бар. Бектауатаға апаратын жолдың бойына ақын Шашубай Қошқарбайұлы жерленген.

**Бектауата үңгірі** – Бектауата тауының батыс беткейінде. Биотиптік гранит қабатындағы жарық бойымен солтүстік, солтүстік – батысқа созылып жатыр. Үңгір аузы (биіктігі – 3 м, ені – 1,5 м, бірте – бірте кеңейе береді) тау етегінен 100 – 150 м жоғары, оған қорым тас үйіндісі арқылы көтеріледі. Үңгірге кіре берісте ұзындығы 6 – 7 м, ені 4 – 5 м гранитті алаң бар. Бектауата үңгірінің жалпы ұзындығы – 45 – 48 м. Түбінде су бар, суы өте суық, түбі саздақ, лайлы. Үңгір бірте – бірте тарылып барып жер бетіне шығады. Туристік маңызы бар.

**Берікқара** – Ақтоғай ауданының солтүстігіндегі Қызылтас тауының солтүстік сілемі. Ең биік жері – 1093 м. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 8-10 км-ге, батыстан шығысқа қарай 5 км-ге созылып жатыр. Жоғарғы палеозойдың эффузиялық жыныстарынан түзілген. Ашық қызыл қоңыр карбонатты топырағында бетеге, селеу өседі, тауаралық ойпаңдарда қалың тал кездеседі. Көптеген бұлақ көздері шығады. 19 ғасырдың 2-жартысында Берікқара тауынан кәсіпкер С.И. Поповтың руда іздеушілері ежелгі қазбалардың орнынан Берікқара түсті металдар кенін ашты. Оның негізінде 19-ғасырдың 70-жыларының аяғында Николаев (Богословский) қорғасын және мыс қорыту зауыты жұмыс істеді.

**Дуақтас** – Қызыларай тау жүйесінің солтүстігінде орналасқан. Солтүстіктен оңтүстікке 20 км-ге созылып жатыр, ені 7 км. Ең биік жері 1207 м. Беткейлері көлбеу, сай, жыра, аңғарлармен тілімденген бірнеше ұсақ шоқылықтардан тұрады. Кембрий жүйесінің жыныстарынан түзілген. Қызыл қоңыр топырақ жамылғысында боз, сұлыбас, бұталар, арша өседі. Бұлаққа бай. Ащыөзек, Найманбай өзендері басталады.

**Елтайқора** – Ақтоғай ауданы жерінде. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 15 км-ге созылып жатыр, ені – 8 км. Ең биік жері – 883 м. Беткейлері көлбеу, сай, жыра, аңғарлармен тілімделге бірнеше ұсақ шоқылардан тұрады. Тас

көмір жүйесінің ортаңғы бөлігінің жыныстарынан түзілген. Қоңыр топырақ жамылғысында жусан, сұлыбас, бұталар өседі. Бұлаққа бай, таудың оңтүстік етегінде құдық (тереңдігі 1м, су шығымдылығы 144 л/сағ) бар.

**Жаман Қызыларай** – Қызыларай тау жүйесінің шығысында орналасқан. Солтүстік-шығыстан, оңтүстік-батысқа қарай 27 км-ге созылып жатыр, ені – 8 км. Ең биік жері – 1283 м. Беткейлері жайдақ, сай, жыра, аңғарлармен бөлінген бірнеше ұсақ шоқылықтан тұрады. Пермь жүйесінің жыныстарынан түзілген. Аласа таулық қызыл қоңыр топырақ жамылғысында боз, сұлыбас, жусан, әр түрлі бұталар, арша өседі. Бұлаққа бай, Қаршығалы, Қарасу, Ақсай өзендері бастау алады. Шөбі шүйгін жайылымдықтар мен шабындық жерлер бар, тау аңғарларында қыстаулар (Байғазы, Сона, Кеңасу және т. б.) орналасқан.

**Жантау** – ауданның солтүстігінде орналасқан. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 15 км-ге созылған, ені – 8 км. Ең биік жері – 1217 м. Сай, жыра, аңғарлармен тілімденген бірнеше ұсақ шоқылардан тұрады. Кембрий жүйесінің жыныстарынан түзілген. Аласа таулық қызыл қоңыр топырақ жамылғысында жусан, сұлыбас, бұталар өседі. Бұлақтарға бай, Қараменді, Найманбай өзендері бастау алады.

**Жауыр** – Айыртау ауылының солтүстік-шығыс жағында 10 км жерде. Негізгі тау жотасы батыстан шығысқа қарай 7 км-ге созылып жатыр, ені – 5 км. Солтүстік-беткейі жайдақ, оңтүстігі – тігерік, ең биік жері – 1090 м. Оңтүстік – батысында мол қорымтас бар. Тас көмір жүйесінің жыныстарынан түзілген. Қоңыр топырақ жамылғысында жусан, сұлыбас, боз, бұталар өседі. Бұлаққа бай, Еспе өзеніне құятын шағын өзендер бастау алады. Күзеу және қыстау ретінде пайдаланылады.

**Итмұрынды** – Солтүстік Балқаш маңында. Ақжайдақ шығанағынан солтүстік-шығысқа қарай 15 км-ге созылып жатыр, ені 6 км. Ең биік жері – 557 м. Бірнеше жекелеген массивтер мен ұсақ шоқылықтардан тұрады. Силур жүйесінің жыныстарынан түзілген. Сортаңдау сұр қоңыр топырақ жамылғысында жусан, баялыш, көкпек т.б. өседі.

**Қотанбұлақ** – Жаңаорталық елді мекенінің солтүстік батысында 25 км жерде. Солтүстік – батыстан оңтүстік – шығысқа қарай 25 км-ге созылып жатыр, ені 5 км-ге дейін. Абсолюттік биіктігі – 740 м. Сай, жыра, аңғарларымен тілімделген бірнеше ұсақ шоқылардан тұрады. Тас көмір кезеңінің ортаңғы және жоғарғы бөлім жыныстарынан түзілген. Қоңыр топырақ жамылғысында жусан, сұлыбас, бұталар өседі. Бұлаққа (Айнабұлақ, Қолыбай) бай.

**Қызылсеңгір** – ауданның солтүстік бөлігінде (Тоқырауын өзенінің бойында) жатқан тау массиві, аудан орталығы Ақтоғайдан – 25 км. Тастары қызыл түстес болған соң Қызылсеңгір атаған. Тастарда мүк, басында тобылғы, етегінде караған өседі. Жусан, көде сияқты шөптерге де аса бай.

**Қызыларай** – ауданның солтүстігінде, Сарыарқаның Ертіс – Балқаш

су айырығындағы тау. Ұзындығы – 45 км, ені – 30 км. Биік жері Ақсораң (1565 м) – Сарыарқа тауларындағы ең биік шың. Ол Пермьнің граниттерінен, төменгі пермь, орта тас көмір жыныстарынан түзілген. Қызыларайдан Тоқырауын өзенінің Қосыбай, Қаратал, Жіңішке салалары, Қаршығалы өзенінің Сарыөлең, Қарасу, Ақсай салалары басталады. Беткейлерінде қарағай орманы, қызыл қоңыр топырақ жамылғылы тауаралық аңғарларында қайың, көктерек, тал, қараған, ойпаң жерлеріндегі ашық қызыл қоңыр топырақта тобылғы, астық тұқымдасты әр түрлі шөпті шалғын өседі. Қызыларай – қарағай өскен Қазақстанның жазық бөлігіндегі, оңтүстіктегі ең аласа тауы. Таудың табиғат жағдайлары мен ресурстары шаруашылық әрекеттерге көп ұшырай қоймауы, мұнда алдағы болашақта қорық ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның табиғаты көркем жерлерінің бірі.

**Қызылсораң** – Сарыарқаның шығысында, Кешубай жотасынан Қалақтас аңғарымен бөлініп жатыр. Солтүстіктен оңтүстікке қарай 10 км-ге созылып жатыр, ені – 7- 8 км. Оңтүстікке қарай біртіндеп аласаратын аласа тау жұрнағынан тұрады. Ең биік жері – 1320 м. Төменгі тас көмір, орта және жоғарғы девон жыныстарынан, аллювийлік – делювийлік шөгінділерден түзілген. Қызыл қоңыр топырағында мысыққұйрық, селеу т. б. шөптер, қараған, тобылғы сияқты бұталар өседі, ойпаң жерлерінде тал аралас қайың кездеседі. Данабұлақ, Ақтайлақ өзендерінің салалары бастау алады. Қызылсораң шөбі шүйгін мал жайылымы, атырабында қыстаулар (Қарамола, Қалақтас) бар. Шығыс етегінде Сарыобалы ауылы орналасқан.

**Қызылтас** – Ақтоғай ауданындағы таулар мен шоқылардың жалпы аты. Бұлар Керегетас, Сораң, Қиматас, Берікқара, Сарыжал, Жантау, Қызыладыр, Көрпетай, Нұртай, Жыланды, Ақшоқы, Ақкемер, Қызылтас және т. б. 4 мың ш. км жерді алып жатыр. Тауаралық аңғарларға күшті тілімделген. Карбон граниті және пермь, карбон, силур және девонның эффузивті – тұнбалы свиталарынан түзілген. Қызылтас бұлаққа бай, Тоқырауын, Нұра, Жарлы, Жәмші өзендерінің бірнеше салалары осы таулар бұлақтарынан басталады. Таудың ашық қызыл қоңыр топырақ жамылғысында ойдым – ойдым қайыңды – көктеректі шоқ талды орман, әр түрлі шөпті - астық тұқымдасты шалғын өседі.

### **Бұқар жырау ауданы тау қыраттарының атаулары**

Тау – беткейлері қия, жер бетінің маңайындағы жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан биік бөлігі. Сыртқы формасына қарай жеке, оқшау, тау жанартаулық, ескі қалдық, тау жотасы, таулы өлке, таулы қырат болып бөлінеді. Биіктігіне байланысты аласа, орташа биік, биік тау болады. Қызғылт түс палеозой дәуірі гранитінен түзілген тауды білдіреді. Бұл түске байланысты атау.

**Жартас** – беткейлері тік, сай, жыра, аңғармен қатты тілімденген тау, «тасты жар» деген мағынаны білдіретін жер атауы, девон дәуірі жыныстарынан түзілген. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 4-5 км созылған, ені – 2-3 км, Сарытаудың оңтүстік-батыс сілеміндегі тау, Бұқар жырау ауданының Семізбұғыдан солтүстік-батысқа қарай 12-13 км жерде орналасқан. Ең биік жері – 800 м, оңтүстік-шығыс бөлігінде түп жыныстарының жер бетіне шығуы байқалады.

Тау, тас, биік төбе, шоқы жерлердің аттары (ороним) – Аюлы, Жыланды, Ботақара, Шешенқара, Қоянқара, Жауыр, Ақтөбе, Сарытөбе, Ақөре, Ақбел, Сарыадыр, Семізбұғы, Жауырбұғы, Үштөбе, Оғыз төбе, Ақшоқы, Тасшоқы, Шоршоқы, Қушоқы, Қызылтау Қотыр, Үштау, Қожар, Таушық, Ақтас, Жартас, Қарақойтас, Керегетас; жыралы, жар жерлер – Ақжар, Қаражар; сондай-ақ, Шатан, Шақпақ, Шідерадыр атаулары шағын қыраттарға қойылған атауларымен өзге өлкелерден ерекшеленеді.

**Ақбел** – Орталық Қазақстанда жиі кездесетін атау, жер топырағының түсімен байланысты да ұсақ және дөңелі алқаптарға сай.

**Ақшоқы** – шоқы аты. Шоқы бастарының ағарып көрінуімен байланысты атау.

**Алабас** – аңыз бойынша осы жерге Баянауылдағы Алабас тауынан көшіп келген Қаржас руының ақсақалы өзіне үйреншікті атауын қойған. Алабас Қорғанкөлден бірнеше қашықта солтүстікке қарай орналысқан. Ал Шідертіге қарай жерде оның Шыбынды деген атауы да кездеседі

**Аюлы** – тау. Биіктігі – 812 м. және Буденный атындағы ауылдың қазақша аты. Бұл – Белағаш ауылының сыртында тұрған тау аты. Аюлы – таулар жүйесі. Арқада бірнеше Аюлы атауы кездеседі. Үлкен Аюлы, Кіші Аюлы – таулар. Енді бір зооним бұғы атымен байланысты қойылған.

**Ботақара** – елді мекен, көл, тау аты.<sup>124</sup> Орталық Қазақстандағы ұсақ шоқылар. Қара сөзі бұл жерде көлемін, жалпы биіктікті көрсетеді. Баянтау маңында Найзақара, Ерейментау жағында Балтақара осы атауларға ұқсас құралған жер аты.

**Жартас** – тау. Атау «тасты жар» деген мағынаны білдіреді.

**Жауыр** – таулы мекен. «Жауыр» атауы сол бір мекенжайдың кедір-бұдырлығын меңзейді.

**Керегетас** – Сарыарқада жиі кездесетін атау, мағынасы тау қыраты, тік құлама жартас немесе тау төбешігі.

**Қаражар** – жардың түсіне байланысты айтылған болу керек.

**Қарақойтас** – жеке шоқылардың аты. Атау қазақша «қара» және көлемі қойдай тастарды атау сөздерінен қалыптасқан (салыстырмалы – түйетас, арғымақтас).

<sup>124</sup> Тоғжанов Е., Аршабеков Т. Атамекен. оқу құралы. – Қарағанды, 2002.

**Қожар** - Нұраның оң жақ жағасындағы шоқы. Атау шоқының үсті бұжыр-бұжыр, кедір-бұдыр болғандықтан солай аталған.

**Қызылтау** - тау аттары. «Қызғылт түсті палеозой граниттерінен түзілген таулар». Түске байланысты атау.

**Қызылжар** – жар өзеннің жағасының тік болып опырылып қалған жері. Жардың өңін «қызыл» сөзі білдіріп тұр, топырақ бетінің реңімен байланысты. Қызғылт қоңыр, сортаң топырағында әр түрлі дала өсімдіктері өседі. Қызылтау – тау аттары.

**Қотыр Қызылтау** – таудың жерін жамылған тас қабатына сәйкес аталған. Қотыр Қызылтау – етегі жер, ал төбелері тасты болғандықтан жер солай аталады. Қожыр тау, кедір-бұдыр тас мағынасында түркі сөзі.

**Қожыр** – Нұраның оң жақ жағасындағы шоқы. Бұл атау шоқының бітімі бұжыр-бұжыр, кедір-бұдыр келетінін білдіреді. Темір мағыналы кені кездесуіне қарай тау жынысы қызыл реңді болып, соған қарай жер өңі де қызыл болуына байланысты Қызылтау аталады. Қотыр, яғни жері ұсақ тастар қабатымен жамылған.

**Керней** – тау әрі елді мекен аты. Керней – үрмелі музыка аспабы, немесе кісі аты.<sup>125</sup>

**Қушоқы** – ағаш-ормансыз тау төбесі.

**Оғыз төбе** – тау. Оғыз тау, Оғыз төбе Қазақстан жерінде жиі кездесетін атау. Бұл атаудың шығуы, тарихи тұлға Оғыз /Уыз/ ханмен және оғыздық этноспен байланысты болуы мүмкін.

**Семізбұғы** – тау /елді мекен/. Бұғымен байланысты атаулар Орталық Қазақстанда кездеседі. Оның бірі – Жауырбұғы, қазіргі Теміртау.

**Семізбұғы** – көне түркі тілдеріне тән көне топоним. Семізбұғы - тау. Атау «семіз бұғы» немесе «шөптің түрі» деген мағынада.

**Теректі** - шоқы тізбегі, Соқыр және Нұра арлығындағы су бөлегі. Атау «шағын теректі тоғайы» деген мағынаны білдіреді.

**Шоршоқы** – тау. Шор – қаракесектердің арғы тектерінің бірі болуы мүмкін. Берік, мықты, тұрақты мағынасын білдіреді.

**Аюлы** - таулар жүйесі. Бұл – зооним ертеден белгілі топонимикалық белгі. Арқада бірнеше Аюлы атауы кездеседі.

**Жартаc** – Сарытаудың оңтүстік-батыс сілеміндегі тау. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Семізбұғы ауылының солтүстік-батысында 12-13 км жерде орналасқан. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 4-5 км-ге созылған, ені – 2-3 км. Ең биік жері – 800 м. Девон жыныстарынан түзілген. Беткейлері тік, сай-жыра, аңғарлармен қатты тілімденген. Жартастың

<sup>125</sup> Кейін Керней атын переселендер орысшаға бұрып Кернеевка/Корнеевка деп атаған. Керней елді мекенін Украина мен Беларуссиядан келгендер 1907 жылдан бері қоныстана бастаған. Қазақ сөзін орысшаға бұру мысалдары көп: қос томар – Костомаровка, сары изен – Царицын, Ақ дың – Белодымовка, әулие тау – Святогорск, т. б.

оңтүстік-шығыс бөлігінде түп жыныстарының жер бетіне шығуы байқалады. Қызғылт қоңыр, сортаң топырағында әр түрлі дала өсімдіктері өседі.

**Жауыртау** атауын халық аңыздарында жиі кездестіреміз. Бұл атау туралы көнекөз қариялардың айтуынша: «Айбас Қозының ел-жұртын іздеуге шығып, астындағы атының одан әрі жүруге жарамай, жауыр болып қалған жері, қазіргі Теміртау маңайы болса керек, содан Жауыртау атанған еді», - дейді.

Теміртау қаласының солтүстік жағында жауыр аттың иығы секілді айғыздалып жатқандығы үшін Жауыртау деп атап кеткен кішігірім шоқы бар. Атадан балаға ауысып отыратын халық аңызы Жауыртау деген атауды «Қозы-Көрпеш-Баян-сұлу» жырымен сабақтастырады. Ол жырда былайша суреттеледі:

«Жауыр атты сен жүрсің, жаба тоқып,  
Көктайың жауыр қылған соған орай!..»

Кәдуілгі «жетпіс жыл баққан малының жеті жапырақ етін тісіне басуға қимайтын» Қарабай әкесі өлген Қозыны қомсынып қаша көшетін аңыз бар. Ұзақ көш жолында қырық нары арып өліп, Қарабайға Аякөзге келгенде ноғайлы Шақшақ байдың баласы Қодар Баянға ғашық болады ғой. Кешікпей-ақ тоқсан мырзасын жалшылыққа берген Қодар Қарабаймен әмпей болып алады. Сонда әбден шарасы таусылған Баян Айбас деген жігітті қанатты қара биеден туған Бақа айғырға мінгізіп, алыста қалған ғашығы Қозыға жібереді. Сәлемдеме деп алтын сандыққа домбырасы мен моншағын, басындағы қарқара қадаған топысын салып берген екен.

Қарабайдың қырық нарын жалмаған ұзақ жол Айбастың арғымағына да оңай тимепті. Шексіз-шетсіз сары дала Айбастың өзін де, астындағы тоқпақ жал Бақа айғырды да титықтатса керек. Алайда қаншалықты қалжырап, қажыса да Айбас Баянның өтінішін орындау үшін Қозы Көрпештің елін бетке алып жүре берсе керек. Бірақ, амал қанша, елсіз-күнсіз сары дала астындағы аттың титығына жетіп, бір жерлерге келгенде болдырып, тоқырап тұрып қалыпты. Айбас алған бетінен сонда да қайтпайды. Бақа айғырды Тоқырауын бойының сонысына тынықтырып алып, тағы да жүріп кетеді ғой. Ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде мінген атынын тұяғы сөгіліп, арқасы ошақтай жауыр болып, мүлдем міністен қалған екен. Осынау жауыр аттың қалған жері содан бері «Жауыртау» атаныпты дейді қыр аңызы. Ер жігіттің атын арытқан Жауыртауды қазір Теміртау деп атайды. Халық жүрегінен шыққан атау өміршең болады. Шынында да Теміртау дегеніңіз - ел өміріндегі тарихи-әлеуметтік өзгерістерімен біте қайнасқан атау. Теміртау десе Теміртау. Кәдуелгі «тау-тау темір» деген сөзден шыққан атау. Теміртау – 1945 жылға дейін Самарқант қалашығы аталып келіп, 1945 жылдың аяғында Теміртау қаласына айналған. Қарағанды облысына қарасты Самарқант су қоймасының жағасындағы қала. Бұл жерде темір көп болғандықтан да Теміртау аталған.



**Керегетас** – тік құлама жартас не тау қыраты Керегетас аталады. Орталық Қазақстанда жиі кездесетін атау.

**Қотыр Қызылтау** – тау. Тасты жер болғандықтан солай аталады. Қожыр-кедір-бұдыр мағынасында түркі-моңғол тілдеріне ортақ сөз. Қызылтау тау жынысының өңіне байланысты. Қызыл ренді жер темір металының жиі кездесуіне байланысты. Қотыр Қызылтау – етегі жер, ал төбелері тасты болғандықтан жер солай аталады.

**Қоянқара** – төбе, Ботақара кенті тұсында орналасқан.

**Шешенқара** – елді мекен /тау/. Шешенқара атауы күрделі атау, екі түрлі компоненттен құралған. Шешен сөзінің негізі моңғолдың Цэцэн ақылды, тілді дегені /қазақша – шешен тілді/, қара-тау, биік деген ұғымға сәйкес. Қазақ аңыздарында Шешенқара атауы XVII-XVIII ғғ. қазақ-қалмақ жаугершілігі тұсында пайда болған. Тарихи деректер бойынша қалмақтың хошоуыт тайпасын бір мезгіл Цэцэн хан басқарған /Батыр қонтәжі заманы/. Аңыз бойынша Цэцэн – қалмақ қызының аты.

**Шоршоқы** – тау. Мүмкін Шор-қаракесектің бір атасы, соған қатысты болуы ғажап емес. Шор-ағаштың шоры, берік, қатты деген ұғымда қолданылады.

**Қарқаралы ауданы.**

**Айбикешақпақ** – тау. Күрделі атау: 1) Айбике - ай тәрізді сұлу (кісі есімі); 2) Шақпақ - от шығару үшін қолданылатын қатты асыл тас.

**Аспантау** – тау аты. Қарқаралы ауданы, Жамбыл селосының 4-нші бөлімшесінің орталығына таяу ұзыннан ұзақ 2 тау сілемі жатыр. Ең биігі Аспантау деп аталады. Бұлай аталу себебі тауға шыққан адам, төрт бағытқа қарағанда 4-5 км жерлерді шолып қарауға көзі жетеді. Осы таудың бір сілемі Қарақуыс деп аталады. Бұл қуыс қыстың суық желінен төрт түлік малды аман алып шығуға таптырмайтын өңір Қарақуыс тауының оңтүстік батысына қар өте аз түседі, жердің бәрі ақ көрпе қарға оранып жатқанда, осы қуыс қара топырақтанып жатқандықтан Қарақуыс аталған. Қарақуыс тауында Аттама атты шатқал бар. Бұл екі таудың арасындағы шатқал құз биіктігі –1, 1,5 метрге жетеді. Сұңқарта, Сарықұлжа атты тау аттары – сол жердің табиғи көрінісі, мекен еткен аң, құстарға саятшылық өмірге байланысты туған атаулар. Сарықұлжа тауының оңтүстігінен солтүстігіне құлаған бойы Бестамақ деп аталады. Бұл бес адырдың шөбі қалың, малға жайылымы, ықтасыны көп. Сонымен Бестамақ деген атау жазық, жайылым деген мағынаны береді

**Айғал** – тау тармағының немесе Қарқаралы тауының кішігірім бір тармағының аты.

**Айғыржал** – таулат «Таудың жалында айғыр өсімдігі өскен» мағынасындағы атау.

**Айыртас** – таулар Айыр – «қос ашалы», «қос тармақты» мағынасында.

Түрік тілінде айыр және тас тұлғаларынан қалыптасқан атау.

**Арқарлы** – таулар. Арқар – қой тұқымдас аша тұяқты жануар. Арқар сөзіне -лы қосымшасы жалғанған атау. Демек, атау «арқарлар мекен ететін жер» деген ұғымды білдіреді.

**Аяқтауайт** – тау, биіктігі – 692,4 м. (Бастуайт тауының сілемі) Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысында. Бұл тауды «аяқ-ту-ай» (т) тұлғасындағы этнотопоним» деп түсіндіру бар (Қойшыбаев, 1985, 56). Атаудың бірінші сыңарындағы «аяқ» сөзі «төменгі жақтағы» деген топонимдік мағынаға ие деп қарасақ, оның «туайт» сыңарын Таулы Алтай, Шығыс түркі тілдеріндегі «табат» топонимінің параллелі, ол негізінен монғолдың давтай (<dobutai) -«жоталы, төбелі, қыр, қыратты» сөзінің дыбыстық тұлғадағы өзгерген түрі деп қарауға болады. Демек, атаудың «туайт» сыңары монғолдың dobutai сөзінің дыбыстық тұлғадағы өзгерген түрі деп білеміз. Олай болса, «Аяқтауайт» – «төменгі жақтағы төбелер мен жота, қырлар» деген мәнге ие деп жорамалдаймыз

**Әулие** – тау. Қарқаралы ауданында, Қыз әулие де осы аудандағы жер аты. Қазақ халқындағы діни сенімге байланысты белгілі бір жерді қасиет тұтынады. Өкінішке орай Осакаров жеріндегі тау атын, қоныстанушылар өзгертіп Святогорск деп атап кеткен.

**Бүркітті** – тау. Таулы жерлерді мекендейтін үлкен жыртқыш құс. Бүркіт атауы бірнеше жерде кездеседі. Бүркітті - селоның аты Қарқаралы ауданы т.с.с. Жоғарыдағы мысалдарға зер салып қарасақ, көптеген атаулардың бүркіт атымен байланысты екені көреміз. Бұл, әрине кездейсоқ нәрсе емес. Ондай географиялық атаулар қазақ халқының саятшылық өнерімен тікелей байланысты. Қазақтың ғұлама ғалымы, академик Ә.Х.Марғұлан саятшылық жөнінде былай деп жазған: «Саятшылықтың маңызы зор болғаны белгілі. Қазақ тілінде осы саятшылыққа байланысты туған мың жарымдай сөз бар, олар қазір де небір тарихи жазбаларда, көркем әдебиетте кеңінен қолданылады». Қазақ халқының өмірінде саятшылық XX ғасырдың басына дейін өз орнын алып келген.

**Жамантау** – тау. Екі сөзден құралған: 1) Жаман - жақсыға қарама-қарсы, ыңғайсыз, қолайсыз, нашарлықты білдіретін ұғым; 2) айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі биіктік, өте биік жер. Бұл жерде қазақы ұғым бойынша таудың қонысқа қолайсыздығын аңғартып тұр.

**Жақсы Абыралы** – тау. Жақсы сөзі топообъектінің анықтауыш сыңары есебінде екі түрлі қызмет атқарады: 1) қатар объектілердің бірінен-бірінің биіктігін ажыратады; 2) қатар объектілердің бірінен-бірінің табиғи артықшылығын ажыратады.

**Желтау** – тау. Желтау атауы өзінің тіке мағынасында. Жел + тау компоненттерінен құралған атау.

**Жуантөбе** – таулар. Жуантөбе атауының шыққан төркіні «жуылған» (су орған, су қаптаған) етістігіне «төбе» (зат) атау тұлғасы қосу негізінде қалыптасқан топоним.

**Қу** – тау. Бұл сөздің бірнеше анықтамасы бар: 1) Ұзын бойлы, иілген имек мойынды, суда жүзетін үлкен құс; 2) Айлакер, алдамшы, залым; 3) Кепкен, құраған, жүдеген, қаудыраған; 4) Шақпақпен шағып, от тұтату үшін қажетті зат, тамызық. Сонымен қатар, қу сөзі басқа да сөздермен ұштасып бірнеше сөз тіркестерін құрайды: Қу медиен – ел-жұрт мекендемеген құла дүз; Қу жақ - сөзуар, көп сөйлейтін мылжың адам

**Қарабастау** – тау аты. «Адам мен мал шоғырланған жер» немесе Қарабас этнонимімен байланысты: «Қарабастардың тау» мәніндегі атау.

**Қарағайлы** – тау, өңір аты. Қаз. қарағай тұлғасыны сын есімдік -лы жұрнағын жалғау арқылы жасалған атау.

**Қаражал** – тау аты. «Биік (таулы) жал» мағынасындағы атау.

**Кент** – таулары. Парсы тілінде *кент* (*кинт*) қалаша, қалашық, ауыл, мекен, қоныс дегенді білдіреді. Әл-Идриси жазбаларындағы қимақ мемлекетінің ортағасырлы қалалары осы күнге дейін табылмай отыр. Географиялық сипаттамасы бойынша қимақ қалалары көбінесе Ертіс аңғарыда, Арқа атырабында орналасқан тәрізді. Бұл таулардың Кент аталуыда сол қимақ қалалалырымен байланысты болуы мүмкін. Кент сөзі түркі тілдерінде иран тілінен енген. Біздің топшылауымызша, бұл сөз шығыс пен иран халықтарының қарым-қатынастарының нәтижесінде Қазақстанның оңтүстігіне VI ғасырларда еніп, кейбір қала аттарын жасауға негіз болды. Ал орта ғасырларда бұл географиялық терминнің Орталық Қазақстанға тарағанын Қызылкент, Талдыкент атауларының құрамынан айқын аңғарамыз. Батыс және Орталық Қазақстанның елді мекендері туралы XIV –XV ғасырлардағы италян карталарында мәліметтер бар. Бұған дүниежүзілік Каталон картасы (1375ж), ағайынды Пицигани (1367 ж) және Фра-Маур (1459 ж) карталары жатады. Каталон картасында Торғай өзенінің төменгі ағысында Канглы- Кент қаласы көрсетілген Мұнда Нұра өзенінің төменгі ағысында Аксикет қаласы белгіленген. Бұл жердегі ескі қаланың орны Ботағай деп аталады. Алайда италян карталарында сол кезде көрсетілген қалалардың орны болмаса, өзі сақталмаған, өйткені қамыс, тал, ағаш сияқты материалдардан салынған мұндай құрылыстар сақталмаған. Гардизи мен Рашид-ад-диннің еңбектері бойынша Сарыарқадағы ең көне қала аты – Жубин (Жұбанч, Анбайдж, Инандж). Бұл үш оқ деп аталатын оғуз тайпасының Ортағ, Кертағ деген жайлауларының маңында болған. Әлкей Марғұлан Кертағ (Кертау) тауы – Ақадыр станциясынан оңтүстігінде 75 км жерде орналасқан Қызылтаудың ескі аты, ал Ортағ (Ортау) Ақадыр станциясының батыс жағында 50 км қашықтықта жатыр деп көрсетеді. Бұлардың екінші компоненті тағ қазіргі

қазақ тіліндегі тау сөзінің көне фонетикалық түрі. Ал Кертау деген атаудың кер деген бөлігі көне замандарда «тау», «қыр», «тау басы» деген мағынада қолданғанына мына деректер дәлел бола алады.

**Мырзашоқы** – тау. Атау «мырзалардың шоқысы» деген мағынада.

**Наршоқы** – тау. Екі сөзден құралған: 1) Нар - жалғыз өркешті түйе; 2) Шоқы - биік төбе, дөң, дөңес

**Үшқара** – тау. Екі сөзден құралған: 1) Үш - сандық мәнде; 2) Қара - түс; ірі мал; көру үшін жасалатын әрекет. Аңыз бойынша Асан Қайғы Желмаясына мініп, жер кезіп жүріп, Түндік өзенінің бойынан өткенде, сол жерде қия алмай үш рет қараған екен. Сол жер Үшқара атанып кетіпті.

### **Жаңаарқа ауданы**

**Аймантау**, т-р, Шашты т. оңт.-шығ., Мырзашоқы т. солт.– бат.

**Айнабұлақ**, тау, Қу т. солт.- шығ., Қаратөбе т. бат.

**Айтағы**, тау, Шұбаробар т. оңт., Қу т. солт.-бат.

**Ақтау**, т-р., Өркен т. оңт.-бат, Қызылтас т. солт.-шығ.

**Ақшақат**, тау, Қаратөбе т. солт. – шығ., Қызылтас т. солт.-бат.

**Ақшақат**, т-р, Бектау т. оңт.-бат., Қуақ төбе солт.

**Ақшоқы**, тау, Қу т. оңт.-бат., Мұңлы т. солт.-бат.

**Алатау**, т., Шабдаржуған т. солт.-шығ., Шалшоқы т. бат

**Алтыншоқы**, тау, Мырзашоқы т. оңт.-бат., Қаражал қала. солт.-бат.

**Аралтөбе**, тау, ақжал т. оңт., Жаманадыр т. оңт.-бат.

**Арқарлы**, т-р, Қарабұлақ т. оңт.-бат, Шалқия кент. шығ.

**Аяқбестау**, т-р, Жайылма аңғар. оңт.-бат., Бектау т. солт.-бат

**Бала Ақжал**, тау, Қарашоқы т. оңт.-шығ., Қу т. солт.-шығ.

**Бала Желкекті**, тау, Ақбастау шоқы. солт.-бат., Тасқыарал т. оңт.-шығ.

**Бала Қаратөбе**, тау, Қаратөбе т. солт.-бат., Қарашоқы т. оңт.-шығ.

**Бала Көкпекті**, тау, Шөлқоңыр т. оңт.-шығ., Қызылтас т. солт.-бат.

**Бала Шоқыман**, тау, Қаратөбе т. солт.-бат. Қарашоқы т. оңт.-шығ.

**Бататау**, т-р, Ақдала сай-саласының оңт.-бат., Сусыз т. солт.

**Бестөбе**, тау, Ақдала сай-саласының бат., Киіктау т. оңт.-шығ.

**Бидайшоқы**, тау, Жақсы Иманақ т. солт.-шығ., Шотан солт.-бат.

**Борантөбе**, тау, Қаражал қала. оңт.-шығ., Қарашоқы т. солт.-шығ.

**Бүйрекшидің Обасы**, тау, Қу т. оңт.-шығ., Қарабұлақ т. солт.-бат.

**Диюана**, тау, Сексеуіл бұрыш сай-саласының шығ., Шабдаржуған т. оңт.-бат.

**Ешкілітау**, тау, Хребет т. солт.-шығ., Пыстан т. оңт.-бат.

**Жалабай**, тау, назия т. оңт.-шығ., Ордашиқан төбе. солт.-бат.

**Жалжота**, тау, Желдітау т. солт.-бат., Ақтау а. оңт.-шығ.

**Жанай**, тау, Қаратөбе т. солт.-шығ., Ақтау а. оңт.

**Жанай**, тау, Шұбароба т. солт.-шығ.,, Қарашоқы т. оңт.-бат..

**Желкекті**, тау, Тасқараала т. оңт.- шығ., Балажелкекті т. бат.  
**Жуантөбе**, тау, Хребет т. оңт.-бат., Көктөбе төбе. солт.-шығ.  
**Жыланбет**, тау, Омарбек т. солт.-шығ., Ақшоқы шоқы. оңт.-бат.  
**Жыланды**, тау, Тасқараала т. оңт.-шығ., Балажелкекті т. солт.-бат.  
**Жыландық**, төбе, Жуантөбе т. оңт.-шығ., Хребет т. оңт.-бат.  
**Заңғар**, тау, Омарбек т. шығ., Жақсы Иманақ т. солт.-бат.  
**Зортүлкі**, тау, Шабдаржуған т. оңт.-шығ., Пыстан т. солт.-бат.  
**Іргетау**, тау, Хребет т. солт.-шығ., Іргебұлақ төбе. оңт.-бат.  
**Итауыз**, тау, Қосылықты т. солт.-шығ., Шөлқоңыр т. солт.-бат.  
**Итауыз**, тау, Қарабұлақ т. солт.-бат., Қаратөбе т. оңт.  
**Керегежайған**, тау, Қабыршақты көл. солт., Жақсыайыртау т. оңт.-шығ.  
**Керегетас**, тау, Мырзашоқы т. солт.-шығ., Шөлқоңыр т. оңт.-бат.  
**Киіктау**, тау, Ақдала сай-саласының солт.-бат., Шалшоқы т. солт.-шығ.  
**Кіндікті**, тау, Жаманадыр т. оңт., Қосылықты т. солт.-бат.  
**Көкбұлақ**, тау, Ақдала сай-саласының солт.-бат., Киіктау т. оңт.-шығ.  
**Көкбұлақ**, бұлақ, Балшық солт.-шығ., Көктау төбе. солт.-бат.  
**Көктас**, тау, Қарабұлақ т. солт.-бат., Қу т. оңт.-шығ.  
**Күркелік**, тау, Тақыртөбе т. солт.-бат., Ордашиқан төбе. солт.-шығ.  
**Қайып**, тау, Балажелкекті т. оңт.-шығ., Ақбастау шоқы. солт.  
**Қарабелгі**, тау, Бектау т. оңт.-бат., Шұбароба т. солт.-бат.  
**Қаратас**, тау, Шошқакөл көл. оңт.-шығ., Омарбек т. солт.-бат.  
**Қарашоқы**, тау, Омарбек т. оңт.-бат., Жаманадыр т. солт.-шығ.  
**Қарашоқы**, тау, Қаражал қала. оңт., Шұбароба т. солт.-шығ.  
**Қарашошақ**, тау, Омарбек т. оңт., Жаманадыр т. солт.-шығ.  
**Қарқап**, таулар, Ақтау т. шығ., Үлкен алабас т. оңт.-бат.  
**Қатаршоқы**, тау, Қаратөбе т. солт.-шығ., Қызылтас т. оңт.-бат.  
**Қойүйез**, тау, Сарыжал төбе. оңт.-бат., Жыланды а. оңт.-шығ.  
**Қойшоқы**, шоқы, Қызылтас т. солт.-бат., Мырзашоқы т. оңт.-шығ.  
**Қаратас**, тау, Мыңшұңқыр алабының бат., Шоқша т. оңт.-шығ.  
**Қосағылы**, тау, Қаратөбе т. солт.-шығ., Қызылтас т. оңт.-бат.  
**Қостөбе**, тау, Сексеуіл бұрыш сай-саласының оңт., Ордашиқан төбе.

СОЛТ.-ШЫҒ

**Қосшоқы**, тау, Мырзашоқы т. солт.-шығ., Шөлқоңыр т. оңт.-бат.  
**Қотыржал**, тау, Ақтау т. оңт.-бат., Қызылтау т. оңт.-шығ.  
**Қоянды**, тау, Мырзашоқы т. солт.-шығ., Шөлқоңыр т. оңт.  
**Қу**, тау, Шұбароба т. оңт.-шығ., Қарабұлақ т. солт.-бат.  
**Қызылжал**, тау, Қаратөбе т. шығ., Ақтау а. оңт.-бат.  
**Қызылжал**, т-р, Шөлқоңыр т. оңт.-шығ., Қызылтас т. солт.-бат.  
**Қызылоба**, тау, Мұңлы т. солт. – шығ., Қарабұлақ т. солт.-бат.  
**Қызылсор**, төбе, Шалшоқы т. шығ., Киіктау т. оңт.-бат.

**Қызылсүйір**, тау, Қосылықты т. солт.-бат., Жаманадыр т. оңт.-бат.  
**Қызылтас**, тау, Киіктау т. солт.-шығ., Жамбыл кентінің оңт.-бат.  
**Қызылтау**, тау, Назия т. оңт.-бат, Ордашиқан төбе. солт.-бат.  
**Қызылтау**, т-р, Қарабұлақ т. солт.-бат., Қу т. оңт.-шығ.  
**Қыпшақбай**, тау, Тақыртөбе т. солт.-бат., Ордашиқан төбе. солт.-шығ.  
**Қырғыз**, мола.

**Маймұрын**, тау, Шабдаржуған т. оңт.-шығ., Тақыртөбе т. солт.-шығ.

**Марал**, тау, Ақтау т. оңт.-бат., Қызылтас т. солт.

**Мереке**, тау, Азат т. солт., Сүнбе шоқы. төбе оңт.-бат.

**Мұңлы**, тау, Қу т. оңт.-бат., Қуақ төбе. оңт.-шығ.

**Мұңлы**, т-р, Қу т. оңт.-бат., Қуақ төбе. оңт.-шығ.

**Мырзашоқы**, тау, Ақжал т. солт.-шығ., Жаманадыр т. солт.-бат.

**Мырзашоқы**, тау, Шашты т. оңт.-шығ., Қаражал қала. солт.-шығ.

**Отаутас**, т-р, Ақтау т. оңт.-бат., Қызылтас т. шығ.

**Өгізмиіз**, тау, Шұбароба т. оңт.-шығ., Ақжал т. солт.-бат.

**Сарыоба**, тау, Ақтау т. бат., Қызылтас т. солт.

**Сарыоба**, тау, Шұбароба т. солт.-шығ. Қарашоқы т. оңт.-бат.

**Сарыоба**, тау, Балажелкекті т. солт.-бат., Тасқараала т. оңт.-шығ.

**Сарытау**, тау, Киіктау т. солт.-шығ., Жамбыл кентінің бат.

**Сарытау**, т-р, Ақтау т. солт., Шөлқоңыр т. оңт.-шығ.

**Сусызтау**, тау, Болаттау т. оңт.-бат., Іргебұлақ төбе. солт.-шығ.

**Тақыртөбе**, тау, Хребет т. солт.-бат., Ордашиқан төбе. оңт.-шығ.

**Тарсай**, тау, Қаратөбе т. солт.-шығ. Қызылтас т. солт.-бат.

**Тасбас**, тау, Сусыз т. оңт.-бат., Іргебұлақ төбе солт.-шығ., Жаңаарқа мен

Шет аудан. шекарасында

**Тастарбасы**, тау, Мырзашоқы т. солт.-шығ., Шөлқоңыр т. оңт.-бат.

**Теректі**, тау, Шашты т. оңт.-шығ., Мырзашоқы т. солт.-бат

**Толағай**, тау, Ақжал т. оңт.-шығ., Қосылықты т. солт.-бат.

**Түлкібай**, тау, Қарабұлақ т. оңт.-бат., Қу т. оңт.-шығ.

**Ұзынтас**, тау, Пыстан т. оңт.-шығ., Іргебұлақ төбе солт.-бат.

**Шабдаржуған**, тау, Сексеулбұрыш сай-саласының солт.-шығ., Шалшоқы т. оңт.-бат.

**Шоқпартас**, тау, Шашты т. оңт.-шығ., Мырзашоқы т. солт.-бат.

**Шоқыман**, тау, Қаратөбе т. солт., Қарашоқы т. солт.-шығ.

**Шөлқоңыр**, тау, Қосылықты т. оңт.-шығ., Атасу кентінің оңт.-бат.



**Бектау ата тауы**



**Ұлытау тауы**



**Ұлытау тауы**




**Бегазы тауы**





**Тораңғы ағаштары**



**Балқаш көлі.**



**Абыз тауы Қарқаралы ауданы**



**Сарысу өзені**



**Жайылым. Абай ауданы**



**Ақтау тауы. Жаңаарқа ауданы**



**Балықты бұлақ Ақтоғай ауданы**





**Қарқаралы тауы**

ҚАРАҒАҢДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ БОЛІНІСІ



ҚАРАҒАҢДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ КАРТАСЫ



## Қарағанды және Жезқазған облыстарының аудандары әкімшілік – аумақтық құрылысының тарихынан анықтамалық

### Абай (Мичурин) ауданы Орталығы<sup>1</sup> -Абай қ.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 21 наурыздағы Жарлығымен Қарағанды облысында орталығы Топар селосы болған Мичурин ауданы құрылды. Ауданның құрамына Абай қалалық кеңесінің Топар және Южный қалалық поселкелері; Тельман ауданының Ақбастау, Дзержинский, Есенгелді, Ильичевский, Қарағанды, Көксу, Самара, Топар селолық кеңестері кірген. Орталығы Құлайғыр селосында болған Топар селолық кеңесінің атауы Құлайғыр болып өзгертілді.<sup>126</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 28 қыркүйектегі Жарлығымен 1973 жылы 22 тамызда Қарағанды облаткомының шешімімен құрылған орталығы Агрогородок селосындағы селолық кеңеске Мичурин атауы берілді.<sup>127</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 21 желтоқсандағы 1973 ж. 14 қарашада Қарағанды облаткомының шешімімен құрылған орталығы Құрма селосындағы селолық кеңеске Құрма атауы оның құрамына Құрма құс фабрикасы мен Спасск п. берілді.<sup>128</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1981 ж. 9 желтоқсандағы Жарлығымен Мичурин ауданында құрылған Ертіс - Қарағанды - Жезқазған каналын салушылардың жұмысшы поселкесіне Қарағанды облаткомының 1981 ж. 8 қазандағы шешімімен Изумрудный атауы берілген.<sup>129</sup>

Қарағанды облаткомының 1983 ж. 13 шілдедегі шешімімен Құрма селолық кеңесінің құрамына Телман ауданының Дубов селолық кеңесінің Жұмабек селосы берілді.<sup>130</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1986 ж. 9 сәуірдегі Жарлығымен Ильичев селолық кеңесінде қайта құрылған елді мекенге Майбұрнақ атауы берілген.<sup>131</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1989 ж. 30 маусымдағы Жарлығымен «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің «Шахтинский» қосымша шаруашылығының бөлінуі кезінде пайда болған және Самар селолық кеңесінің аумағында орналасқан елді мекенге Степное селосы атауы берілді .

<sup>126</sup> ҚР Жоғарғы Кеңесінің вedomoci. 1973,№13..Қ. 18.Т.І Л.4720.Б. 147

<sup>127</sup> Бұл да сонда. №41

<sup>128</sup> Бұл да сонда..сонда. №41

<sup>129</sup> Сонда. 1974. №1.,Қ.18.Т.І Л.4774.Б.71. сонда. 1981. №5 1 .

<sup>130</sup> Сонда. 1983. №37

<sup>131</sup> Сонда. 1986. №15. онда. 1989 №27.

Қазақстан Республикасының Президентінің 1997 ж. 23 мамырдағы №3528 Жарлығымен ауданның әкімшілік орталығы Топар поселкесінен Абай қаласына көшірілді. Ал ауданның атауы Абай болып өзгертілді.<sup>132</sup> Изумрудный поселкесі 2006 жылдың 5 шілдесінен №334 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімі және 2006 жылдың 29 маусымынан №13/04 Қарағанды облысы Әкімінің бірлескен қаулысына сәйкес Абай ауданындағы Самарка селосының әкіміне бағынышты Изумрудный селосына өзгерген.

2007 жылдың 7 желтоқсанынан №27/05 Қарағанды облысы әкімінің қаулысы және 2007 жылдың 14 желтоқсанынан №47 Қарағанды облыстық мәслихатының шешімімен елді мекендері: Тихоновка, Ленино Ақбастау селолық елді мекенінің құрамына; Родники Сарептаға; Алмаатинка Восходқа; Жайма Жартасқа; Колпак Карагоғаға қосылған.<sup>133</sup>

2011 ж. 1 қаңтарда ауданның құрамына келесі әкімшілік - аумақтық бірліктер кірді: Абай қаласы, Қарабас, Топар, Южный поселкелері; Агродорок, Ақбастау, Есенгелді, Жартас, Изумрудный, Көксу, Көйбас, Қоянды, Құлайғыр, Құрма, Самарка, Сарепта, Юбилейное селолары.

### **Ағадыр ауданы**

#### **Орталығы -Ағадыр жұмысшы пос.**

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 20 наурыздағы қаулысы бойынша Жезқазған облысының құрылуымен бірге, оның құрамында орталығы Ағадыр поселкесі болып Ағадыр ауданы құрылды. Аудан құрамына Ақжал, Ақшатау, Қайрақты қалалық поселкелері және Шет ауданының Ақбұлақ, Ақсарлы, Ақшатау, Босаға, Қарабұлақ, Кеңшоқы және Тағылы селолық кеңестері; Қаражал қалалық кеңесінің Жамбыл қалалық поселкесі; Жаңаарқа ауданының Ақтау, Қызылтау және Ортау селолық кеңестері енгізілді.<sup>134</sup>

Жезқазған облаткомының 1974 ж. 13 ақпандағы шешімімен Жамбыл қалалық поселкесі Қаражал қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді, Ақтау селолық кеңесі - Жаңаарқа ауданының құрамына, Балқаш қалалық кеңесінің Мойынты қалалық поселкесі Ағадыр ауданының құрамына берілді.<sup>135</sup>

Жезқазған облаткомының 1974 ж. 31 желтоқсандағы №571/22 шешімімен Шет ауданының құрамынан Көктенкөл және Успенский селолық кеңестері берілді, ал Ағадыр ауданынан Шет ауданына Ақшатау және Кеңшоқы селолық кеңестері берілді.

<sup>132</sup> Сонда. 1986. №15. онда. 1989 №27.

<sup>133</sup> Сонда. 1986. №15. онда. 1989 №27.

<sup>134</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1973.№13 (951).

<sup>135</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1974. №14. (1004)



Жезқазған облаткомының 1975 ж. 13 ақпандағы №83/18 шешімімен Мойынты поселкелік кеңесінің Киікті елді мекені Босаға селолық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді.<sup>136</sup>

Жезқазған облаткомының 1979 ж. 25 сәуірдегі №185/7 шешімімен Шет ауданының құрамынан Ақшатау селолық кеңесі берілді.

Жезқазған облаткомының 1982 ж. 27 қаңтардағы шешімімен Қарабұлақ селолық кеңесінің Жамбыл селосындағы орталығы Ақжартас селосына көшірілді.

Жезқазған облаткомының 1986 ж. 26 қарашадағы шешімімен Босаға селолық кеңесінің (Ақшағыл, Арқалы) негізінде орталығы Киік селосы болып Киік селолық кеңесі құрылды.

1986 ж. 1 қаңтарда аудан құрамында: Ағадыр, Ақжал, Ақшатау, Жамбыл, Жоғарғы Қайрақты, Қайрақты, Мойынты поселкелері; Ақбұлақ (Ақбұлақ с.), Ақсарлы (Сарыши с.), Ақшатау (Жәмші с.), Босаға (Босаға с.), Қарабұлақ (Ақжартас с.), Киік (Киік с.), Көктенкөл (Көктенкөл с.), Қызылтау (Қызылтау с.), Ортау (Ортау с.), Тағылы (Жұмыскер с.), Өспен (Өспен с.) селолық кеңестері болды.<sup>137</sup>

Жезқазған облаткомының 1991 ж. 13 қыркүйектегі №270/10 шешімімен Жоғарғы Қайрақты елді мекені жұмысшы поселкелер қатарына жатқызылды.

Жезқазған облысы әкімшілігі басшысының 1992 ж. 30 қазандағы шешімімен Қаражал қаралық кеңесінің Жамбыл поселкесі Ағадыр ауданының құрамына қайта берілді.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Тералқасының 1993 ж. 4 мамырдағы қаулысымен Джамбыл поселкесі атауының транскрипциясы Жамбыл деп өзгертілді<sup>10\*</sup>.

ҚР Президентінің 1997 ж. 3 мамырдағы Жарлығымен Жезқазған облысының таратылуына байланысты аудан Қарағанды облысының құрамына енгізілді.<sup>138</sup>

Берілу сәтінде аудан құрамына: Ағадыр, Ақжал, Ақшатау, Жоғарғы Қайрақты, Жамбыл, Мойынты, Қайрақты; Ақбұлақ, Ақсарлы, Ақшатау, Босаға, Қарабұлақ, Киік, Көктенкөл, Қызылтау, Ортау, Тағылы, Успенский ауыл аймақтары кірді.

ҚР Президентінің 1997 ж. 23 мамырдағы №3528 Жарлығымен аудан таратылды.<sup>139</sup> ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы қаулысымен Ағадыр ауданының аумағы Шет ауданының құрамына енгізілді.<sup>140</sup>

<sup>136</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1974. №14. (1004).

<sup>137</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1974. №14. (1004).

<sup>138</sup> ҚР ПҰАЖ. 1997. №18. 157.Б.

<sup>139</sup> Бұл да сонда. 863.1.2.П.

<sup>140</sup> ЖҚММ. 308.Қ.З.Т.72.1.30.П

## Ақтоғай ауданы

### Орталығы -Ақтоғай с

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1963 ж. 2 қаңтардағы қаулысымен құрылды. Аудан құрамына: Ақтоғай, Ақшатау, Амангелді, Жәмші, Қарабұлақ, Калинин, Қызыларай, Қызылтау, Киров, Комсомольский, Кусақ, Нұраталды, Нұра, Сарытерек, Тағылы, Түлкілі және Шет<sup>4</sup> селолық кеңестері кірді.

Қарағанды облаткомының 1963 ж. 24 қаңтардағы шешімімен Киров және Калинин селолық кеңестері Киров селолық кеңесіне (орталығы Киров атындағы с.); Сарытерек және Жәмші Сарытерек селолық кеңесіне (орталығы Сарытерек с.) бірікті.<sup>141</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1964 ж. 31 желтоқсандағы қаулысымен Ақшатау, Қызылтау, Комсомольский, Нұраталды, Нұра, Тағылы, Түлкілі және Шет селолық кеңестері Шет ауданына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1967 ж. 16 қыркүйектегі қаулысымен Қарағанды облаткомының 1967 ж. 8 тамыздағы шешімімен құрылған селолық кеңеске Айыртас селолық кеңесі (орталығы Айыртас с.) деген атау берілді.<sup>142</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 20 наурыздағы қаулысымен аудан Жезқазған ) облысының құрамына енгізілді.

1974 ж. 7 наурызынан Жезқазған облыстық атқару комитетінің шешімімен ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1974 ж. 20 наурыздағы қаулысымен аудан аумағында құрылған селолық кеңеске Нүркен селолық кеңесі (орталығы Нүркен с.) деген атау берілді.<sup>143</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1977 ж. 15 ақпандағы қаулысымен Айыртас, Қарабұлақ кеңесіне Кусақ селолық кеңестері Жезқазған облысында құрылған Приозерный ауданының құрамына кірді.

Жезқазған облаткомының 1978 ж. 23 тамыздағы шешімімен аудан құрамына Шет ауданының Шет селолық кеңесі берілді.<sup>144</sup>

Жезқазған облаткомының 1979 ж. 25 сәуірдегі шешімімен аудан құрамына Шет ауданының селолық кеңесі берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1982 ж. 29 қаңтардағы қаулысымен Жезқазған обкомының 1982 ж. 20 қаңтардағы шешімімен құрылған селолық кеңеске Қуаныш (орталығы с.) деген атау берілді<sup>13</sup>.

1989 ж. 1 қаңтарда аудан құрамында: Ақтоғай (Ақтоғай с.), Ақши (Ақши с.), Амангелді с.), Киров (Сәуле с.), Кеншоқы (Нұра с.), Қуаныш (Ақтас с.),

<sup>141</sup> ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1963.№2.

<sup>142</sup> Бұл да сонда.№19.

<sup>143</sup> ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1967.№39

<sup>144</sup> ҚР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1978.№2.

Қызыларай (Ақжарық с.), (Нүркен с.), Сарытерек (Сарытерек с.) селолық кеңестері болды.

Жезқазған облаткомының 1990 ж. 28 тамыздағы шешімімен Қуаныш селолық кеңесінің орталығы Қуаныш селосынан Ақтас селосына көшірілді.<sup>145</sup>

Халық депутаттарының Жезқазған облыстық Кеңесінің 1992 ж. 30 қазандағы сессиясының қаулысы бойынша Кеншоқы селолық кеңесі Шет ауданының әкімшілік бағынысына берілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 3 мамырдағы Жарлығымен Ақтоғай ауданы Қарағанды облысының құрамына кірді.<sup>146</sup>

ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы қаулысымен аудан құрамына таратылған Тоқырауын ауданының аумағы берілді, оның құрамында: Сарышаған, Шашубай жұмысшы поселкелері; Абай, Айыртас, Қарабұлақ, Қусак, Ортадересін, Тасарал, Тораңғылық селолық аймақтары болды.<sup>147</sup>

2006 ж. 1 қаңтарда аудан құрамында төмендегі әкімшілік-аумақтық бірліктер белгіленеді: Сарышаған, Шашубай жұмысшы поселкелері; Абай, Айыртас, Ақши, Амангелді, Қарабұлақ, Киров, Қуаныш, Қусак, Қызыларай, Нүркен, Ортадересін, Сарытерек, Тасарал, Тораңғылық ауыл аймақтары.

2006 жылдың 5 қыркүйегінен №19/17 Қарағанды облыстық әкімшілігінің бірлескен қаулысы және 2006 жылдың 5 қазанынан №351 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен селолық елді мекендер: Тасқын Абай селолық елді мекенінің; Көрпетай-Жидебайдың; Молақ, Сорман-Қошқардың; Әмірхан, Жүнісбек, Кенасу-Ақжарықтың; Қаработа-Ортадересіннің; Қоянкөз-Сарытеректің; Керегетас-Шабанбайдың құрамына қосылған. (Қарағанды облыстық Мәслихатының ағымды іс жүргізуі).

### **Ақшатау өнеркәсіптік ауданы Орталығы - Ақшатау пос.**

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1963 ж. 10 қаңтардағы қаулысымен орталығы Ақшатау поселкесі болып еңбекшілер депутаттарының Қарағанды өнеркәсіптік облыстық Кеңесіне бағынатын аудан құрылды. Аудан құрамына: Жаңаарқа ауданының Ағадыр, Жамбыл және Успенский поселкелері; Шет ауданының Ақшатау және Қайрақты поселкелері кірді.<sup>148</sup>

Қарағанды облаткомының 1964 ж. 18 тамыздағы шешімімен Қасқайғыр-Ақжал елді мекені жұмысшы поселкелері қатарына жатқызылып, Ақжал қалалық поселкесі деп аталатын болды.<sup>149</sup>

<sup>145</sup> ЖҚММ. 308.Қ.З.Т.49.І.37.П.

<sup>146</sup> ҚР ПҰАЖ. 1997. №18. 157.Б.

<sup>147</sup> Бұл да сонда. №23. 200.Б.

<sup>148</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1963. №2.

<sup>149</sup> КОММ. 18.Қ.2.Т. 128.1. П. 73.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1964 ж. 31 желтоқсандағы қаулысымен аудан таратылды. Ағадыр, Ақжал, Ақшатау, Қайрақты поселкелері Шет ауданына; Жамбыл және Өспен поселкелері Жанаарқа ауданына берілді.<sup>150</sup>

### **Бұқар жырау (Ворошилов- Ульянов) ауданы Орталығы - Ботақара пос.**

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1938 ж. 14 ақпандағы қаулысымен орталығы Колхозный селосы болып Ворошилов ауданы құрылды. Ауданның құрамына: Баянауыл ауданының Долбинский, Қызыл қоғам, Сарықамыс, Шалқар; Қарқаралы ауданының Ворошилов, Дмитриев, Жаңа қала, Үлгі; Тельман ауданының Колхозный және Сенокосный; Қарағанды қалалық кеңесі құрамынан Ақжар, Зеленобалковский, Елтай және Миньков<sup>4</sup> селолық кеңестері кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1938 ж. 29 наурыздағы жарлығымен Большая Михайловка, Компанейский және Новоузенский жұмысшы поселкелері Қарағанды қалалық кеңесінің құрамына берілді<sup>5</sup>.

1939 ж. халық санағының мәліметтері бойынша құрылған елді мекендер тізімінде Долбинский, Қызылқоғам, Сарықамыс селолық кеңестері керсетілмеген. Жанама мәліметтер бойынша олардың 1939 ж. Баянауыл ауданына берілгендігі анықталды.<sup>151</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1941 ж. 23 мамырдағы қаулысымен Ақжар, Елтай, Зеленобалковский, Миньков және Сенокосный селолық кеңестері Тельман ауданының құрамына берілді.

1941 ж. 1 шілдеде аудан құрамында: Ворошилов, Жаңа қала, Дмитриев, Колхозный, Шалқар және Үлгі селолық кеңестері<sup>152</sup> болды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 ж. 27 шілдедегі қаулысымен орталығы Калинин поселкесі болып құрамында Ворошилов селолық кеңесінен бөлінген Калинин және Новорыбинский, Дмитриев селолық кеңесінің Ақ-Жар елді мекендері; орталығы Ворошилов селолық кеңесінің Пролетарское селосы болып Пролетар; Жаңа қала селолық кеңесінен бөлінген Кұрама және Алабас елді мекендерінің; құрамындағы орталығы Пушкин селосы болып Пушкин селолық кеңестері құрылды.

Аталған қаулымен Семізбұғы елді мекені құрамында поселкелік кеңес қалдырылып, жұмысшылар поселкесі санатына енгізілді.<sup>153</sup>

<sup>150</sup> Бұл да сонда. 596.ҚД/10.Т. 240.1. П. 19

<sup>151</sup> Бұл да сонда. 596.ҚД/10.Т. 240.1. П. 19

<sup>152</sup> Бұл да сонда. 281.1. 76-77Х1 (Ворошилов ауданына берілгенге дейін жұмысшы поселкелер Қарағанды қалалық кеңесінің селолық кеңестерінің құрамында болған)

<sup>153</sup> ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1944.№5-6. ҚОММЛІ 8.Қ.І.Т. 1938.1. І5/ІІ

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 16 шілдедегі қаулысымен Жаңа қала және Пушкин селолық кеңестері Пушкин селолық кеңесіне біріктірілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 31 шілдедегі қаулысымен «Ақжар» колхозының аумағы Калинин селолық кеңесінен Дмитриев селолық кеңесінің құрамына берілді<sup>154</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 30 шілдедегі қаулысымен аудан құрамына Тельман ауданынан селолық кеңесі құқығында Кузнецкий поселкелік кеңесі берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 17 желтоқсандағы қаулысымен Тельман ауданының Миньков селолық кеңесінің Петровка елді мекені Ворошилов ауданының Колхозный селолық кеңесінің құрамына берілді<sup>155</sup>.

1959 ж. 1 шілдеде аудан құрамына: Семізбұғы жұмысшы поселкесі, Ворошилов, Дмитриев, Калинин, Колхозный, Кузнецкий, Пролетар, Пушкин, Үлгі, Шалқар селолық кеңестері кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 ж. 15 қарашадағы қаулысымен ауданның атауы Ульянов ауданы болып өзгертілді, оның орталығы болған Колхозный селосының атауы Ульянов селосы болып өзгертілді.

Қарағанды облаткомының 1961 ж. 22 шілдедегі шешімімен колхоздардың қайта құрылуына байланысты ауданның әкімшілік құрылымына төмендегі өзгерістер енгізілді:

Пролетар және Шалқар селолық кеңестері таратылды.

Пролетар селолық кеңесінің қарамағында болған Тоқта адыр, ШТФ, ҚТФ №1, Диірмен, Қарасу, Аққойтас телімдері, Калинин селолық кеңесінің бағынысында болған Рыбинск елді мекені және Аюлы селосы Ворошилов селолық кеңесіне берілгендіктен, Ворошилов селолық кеңесі ірілендірілді.

Үлгі селолық кеңесінің Алғабас елді мекені берілгендіктен, Дмитриев селолық кеңесі ірілендірілді.

Бұрынғы Шалқар селолық кеңесінің бағынысында болған «Победа» колхозының аумағы, Озерный, Ближний Сарбаспак, Дальний Сарбаспак, Омар, Шалабай, Кашекай, Жайлау, Таналы Садық телімдерімен, Шалқар селосы берілгендіктен, Калинин селолық кеңесі ірілендірілді.

Пролетар селолық кеңесінің бағынысында болған Пролетарское селосы, «Огороды», «Белая Глина», «Жылқыбай», «Тайсаған», ҚГФ №2 телімдері берілгендіктен, Кузнецкий селолық кеңесі ірілендірілді.

Құрамына Пушкин селолық кеңесінің бағынысында болған Сұңқария, Шолақ, Қайыр, Жас-Аран, Тоқан, Шонша, Көкбактас, Хайр, Ерен елді

<sup>154</sup> ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1956. №8.

<sup>155</sup> Бұл да сонда. 19 5 7. №8.

мекендері берілгендіктен, Үлгі селолық кеңесі ірілендірілді.

Орталығы Үміткер селосындағы Үлгі селолық кеңесінің атауы Бабаев селолық кеңесі болып өзгертілді.<sup>156</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1962 ж. 24 желтоқсандағы қаулысымен кейбір аудандарда аттас селолық кеңестердің болуына байланысты келесі селолық кеңестердің атаулары өзгертілді: Ворошилов селолық кеңесі - Хорошевский, Колхозный селолық кеңесі – Ульянов.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1963 ж. 2 қаңтардағы қаулысымен аудан жойылды. Оның Бабаев, Дмитриев, Калинин, Кузнецкий, Пушкин, Ульянов, Хорошевский селолық кеңестері Тельман селолық ауданына берілді.

Қарағанды өндірістік облаткомының 1963 ж. 10 қаңтардағы шешімімен Семізбұғы поселкесі Қарағанды қалалық кеңесінің бағынысына берілді.<sup>157</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1964 ж. 31 желтоқсандағы қаулысымен Ульянов ауданы қайта құрылып, оның құрамына: Қарағанды қалалық кеңесінің Семізбұғы қалалық поселкесі және Тельман ауданының Ақбастау, Ақжар, Бабаев, Дмитриев, Калинин, Көкпекті, Кузнецкий, Пушкин, Ульянов, Үштөбе, Хорошевский селолық кеңестері кірді.

Қарағанды облаткомының 1965 ж. 13 шілдедегі шешімімен Кузнецкий селолық кеңесінің әкімшілік бағынысына: Қарақұдық, Қымызқұдық, Құрөзек, және Ақжар селолық кеңесінің Разведка елді мекені; Үштөбе селолық кеңесіне - «Победа» совхозының №4 бригадасы, Соқыр, Водопровод елді мекендері; Хорошевский селолық кеңесіне - совхоз шекарасындағы «Пролетарский» совхозы, Кузнецкий селолық кеңесінің Приятная бекеті берілді.

Қарағанды облаткомының 1967 ж. 8 тамыздағы шешімі бойынша құрылған селолық кеңестерге ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1967 ж. 16 қыркүйектегі<sup>158</sup> қаулысы бойынша: орталығы – Ульяновск поселкесі.

Аудан бұрынғы құраммен қайтадан калыптасты, тек 1963 жылдың 2 қаңтарына дейін Тельман ауданының құрамына кірген Ақбастау, Ақжар, Көкпекті және Үштөбе селолық кеңестерін ескертпегенде. (Қарақұдық с.), Көкпекті (Көкпекті с.), Кузнецкий (Тоғызқұдық с.), Озерный (Бұқар жырау с.), Петров (Петровка с.), Пролетар (Шешенқара с.), Пушкин (Ақбел с.), Суықсу (Суықсу с.), Үштөбе (Үштөбе с.), Хорошевский (Белағап с.) селолық кеңестері кірген.<sup>159</sup>

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 23 мамырдағы №3528 Жарлығымен Ульянов ауданы - Бұқар жырау ауданы болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы №865

<sup>156</sup> ҚОММ.18.Қ. І.Т. 1.3309. 45-46.П.

<sup>157</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1963. №3.

<sup>158</sup> ҚОММ.18.Қ. І.Т. 3329.1. 25-26.П.

<sup>159</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1963. №3.

қаулысымен құрамына таратылған Тельман ауданының аумағының кіруіне байланысты аудан шекарасы өзгертілді.<sup>160</sup>

1998 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына: Кушоқы, Токарев, Ульянов жұмысшы поселкелері; Ақбел, Ақөре, Ақтөбе, Белағаш, Березняковский, Ботақара, Бұқар жырау, Гагарин, Дубовский, Зеленобалковский, Қаражар. Қарақұдық, Көкпекті, Корнеев, Молодецкий, Новостроевский, Новоузенский, Петров, Покорненский, Ростов, Самарқанд, Суықсу, Тоғызқұдық, Үміткер, Үштөбе, Центральный, Шешенқара ауыл аймақтары кірді. Облыстық мәслихаттың XII сессиясының 2001 ж. 5 шілдедегі шешімімен Ульяновка поселкесі - Ботақара поселкесі болып өзгертілді.

Облыстық Мәслихаттың ХҮ сессиясының 2001 ж. 27 желтоқсандағы шешімімен Зеленая Балка селосының атауы - Доскей ауылы болып өзгертілді.<sup>161</sup>

Облыстық мәслихаттың XXIII сессиясының 2002 ж. 26 желтоқсандағы шешімімен Токаревка поселкесі - қазақ әдебиетінің классигі Ғабиден Мұстафин атындағы поселке болып өзгертілді.<sup>162</sup>

Мемлекеттік ономастикалық комиссияның 2004 ж. 26 сәуірдегі қорытындысының негізінде Новостройка с. - Тұзды с., Новостроевский с.а. - Тұзды с.а., Покорное с. - Баймырза с., Покорненский с.а. - Баймырза с.а. болып өзгертілді.

Аудан құрамына төмендегідей әкімшілік-аймақтық бірліктер кіреді: Ботақара, Ғабиден Мұстафин ат., Кушоқы поселкелері; Ақбел, Ақөре, Ақтөбе, Баймырза, Белағаш, Березняковский, Ботақара, Бұқар жырау, Гагарин, Доскей, Дубов, Қаражар, Қарақұдық, Көкпекті, Корнеев, Молодецкий, Новостроевский, Новоузенский, ГПетров, Покориенский, Ростов, Самарқанд, Суықсу, Тоғызқұдық, Тұзды, Үміткер, Үштөбе, Центральный, Шешенқара ауыл аймақтары.<sup>163</sup>

2007 жылдың 7 желтоқсанынан №27/05 Қарағанды облысы әкімшілігінің қаулысы және 2007 жылдың 14 желтоқсанынан №47 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен елді мекендер: Қосшоқы, Шаған Ақөре селолық елді мекенінің; Алабас-Дубовканың; Аққұдық, Жалғызқұдық, Күмісқұдық-Қарақұдықтың; Шилі-Петровканың; Ажар-Құрылыстың; Ташық- Белағаштың құрамына қосылған.

2007 жылдың 13 маусымынан №17/03 Қарағанды облысы әкімшілігінің қаулысы және 2008 жылдың 26 маусымынан №136 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен елді мекендер: Үштау Шешенқара селолық елді мекенінің; Плотинное-Тасшоқының; Аққұдық-Доскейдін

<sup>160</sup> ҚОММ.18.Қ. І.Т. 3329.1. 25-26.П. ҚОММ.18.Қ. І.Т. 3329.1. 25-26.П.

<sup>161</sup> ҚОММ.18.Қ. І.Т. 3329.1. 25-26.П.

<sup>162</sup> Қарағанды облыстық мәслихатының ведомстволық мұрағаты. 1 .Т. 234.1. 133.11

<sup>163</sup> Қарағанды облыстық мәслихатының ведомстволық мұрағаты. 1 .Т. 234.1. 133.11.

құрамына қосылған.

2010 жылдың 7 маусымынан №16/02 Қарағанды облысы әкімшілігінің бірлескен қаулысы және 2010 жылдың 17 маусымынан №309 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен елді мекенінің мәртебесін жоғалтумен байланысты селолық аймақтар ыдыратылған: Ботақара, Суықсу, Ақора, Қарақұдық, Молодецкий.

2010 жылдың 27 мамырынан №15/02 Қарағанды облысы әкімшілігінің бірлескен қаулысы және 2010 жылдың 17 маусымынан №311 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен ауылдық елді мекендер мен ауылдық аймақтар басқаша аталған: Березняковский ауылы Қызылқайың ауылына; Березняковский ауыл аймағы Қызылқайың ауыл аймағына; Бабаев селолық әкімшілігі Үміткер ауыл аймағына, Ленин селолық әкімшілігі Самарқан ауыл аймағына, Кузнецк селолық әкімшілігі Тоғызқұдық ауыл аймағына өзгертілді.<sup>164</sup>

### **Жаңаарқа ауданы**

#### **Орталығы - Атасу пос.**

Қарағанды облаткомының Төралқасының 1938 ж. 10 қыркүйектегі қаулысымен Ескене ауыл кеңесінің атауы Талдыбұлақ болып өзгертілді<sup>1</sup>.

1939 ж. халық санағының нәтижесі бойынша құрылған елді мекендер тізіміне сәйкес ауданда Өспен жұмысшы поселкесі және Атасу, Бірлік, Жарық, Қараағаш, Қарауылтөбе, Қызылшоқы, Сталин, Талдыбұлақ және Түгіскен ауыл кеңестері болған.<sup>165</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1941 ж. 23 мамырдағы жарлығымен Өспен поскеңесінің құрамынан бөлінген Ағадыр елді мекені мен аудан орталығы Атасу жұмысшы кеңесі санатына жатқызылды.<sup>166</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1950 ж. 18 наурыздағы Жарлығымен Қаражал елді мекені құрамында бағынысына Қытай елді мекені берілген поскеңес құрылып, жұмысшы поселкелерінің санатына жатқызылды.<sup>167</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1950 ж. 10 мамырдағы жарлығымен Жамбыл елді мекені жұмысшы поселкелерінің санатына жатқызылды.<sup>168</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 30 маусымдағы жарлығымен «Қызылтау», «Көктенкөл» және «Ортау» совхоздарының орталық усадыбаларының поселкелерінде селолық кеңестер құқығында

<sup>164</sup> Бұл да сонда. 209.1.4.

<sup>165</sup> ҚОММ. 18.Қ. І.Т. 247. І. П.246.

<sup>166</sup> Бұл да сонда. 596.Қ.1/10.Т. І. 18-22.П.

<sup>167</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1950. №4. ҚР ОММ. 1109.Қ.5.Т. 424.1.Ю.П.

<sup>168</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1950. №5. ҚР ОММ. 1109.Қ.5.Т. 424.1. 23.П



сәйкес атаумен поскеңестер құрылды.<sup>169</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1955 ж. 6 тамыздағы Жарлығымен аудан құрамына Нұра ауданының «Айнабұлақ» совхозының аумағы берілді.<sup>170</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1955 ж. 22 қарашадағы Жарлығымен «Айнабұлақ» совхозының орталық усадьбасының поселкесінде селолық кеңес құқығында сәйкес атаумен поскеңес құрылған.<sup>171</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 27 сәуірдегі Жарлығымен Ағадыр поскеңесінің Шерубай елді мекені Саран қалалық кеңесінің Қарабас поскеңесінің құрамына берілді.<sup>172</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 31 шілдедегі Жарлығымен Дария теміржол бекетінің жанындағы елді мекені жұмысшы поселкелерінің қатарына жатқызылып, оған Дария жұмысшы поселкесі атауы берілді. Оның құрамында поскеңес құрылды және бағынысына Жарық және Қарамұрын теміржол бекеттері мен Бұрма және №835 разъезд жанындағы елді мекендері берілді.<sup>173</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 27 сәуірдегі Жарлығымен «Топар» совхозының орталық усадьбасының поселкесінде селолық кеңес құқығында сәйкес атаумен поскеңес құрылған.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 5 маусымдағы Жарлығымен селолық кеңес құқығында «Красная поляна» совхозының орталық усадьбасының поселкесінде Краснополяна поскеңесі құрылған<sup>12</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 17 желтоқсандағы Жарлығымен Краснополяна және Топар поскеңестерінің аумақтары Тельман ауданының құрамына берілді.<sup>174</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1958 ж. 30 қыркүйектегі Жарлығымен «Бұрма» совхозының орталық усадьбасының поселкесінде селолық кеңес құқығында сәйкес атаумен поскеңес құрылды, оның бағынысына «Просторный» совхозы мен Мұхтар, Жарық теміржол бекетінің жанындағы, 843 км казарма және Сарысу разъездінің жанындағы елді мекендері берілді.<sup>175</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1959 ж. 29 маусымдағы Жарлығымен Көктенкөл поскеңесі мен Сталин ауылкеңесі селолық кеңес құқығында орталығы Көктенкөл селосы болып Көктенкөл поскеңесіне бірікті.

1959 жылды 1 маусымында аудан құрамына: Ағадыр, Атасу, Дария,

---

<sup>169</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1954. №7. ҚОММ.18.Қ. І.Т. 1988.1. 147-150.П.

<sup>170</sup> ҚОММ.18.Қ. І.Т. 1988.1. 132.П.

<sup>171</sup> ҚОММ.18.Қ. І.Т. 1988.1. 124.П.

<sup>172</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1956. №5.

<sup>173</sup> ҚОММ.18.Қ. І.Т. 1988.1. 124.П.

<sup>174</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1958. №5.

<sup>175</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1956. №5.

Жамбыл, Қаражал, Өспен жұмысшы поселкелері; Айнабұлақ, Атасу, Бірлік, Бұрма, Жарық, Қараағаш кірді.

Қарағанды облаткомының 1966 ж. 20 шілдедегі шешімімен Өспен мыс кенішінің жабылуы мен оның негізінде ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1964 ж. 9 шілдедегі қаулысының негізінде «Өспен» совхозының құрылуымен байланысты Өспен поселкесі селолық поселке қатарына жатқызылды, поскеңес селолық кеңес болып өзгертілді.<sup>176</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1967 ж. 16 қыркүйектегі Жарлығымен Қарағанды облаткомының 1967 ж. 8 тамыздағы шешімімен құрылған селолық кеңестерге Ақтау (орталығы Ақтау с.), Ералы (орталығы Жарық с.), Целинный (орталығы Орынбай с.) атаулары берілді.<sup>177</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1971 ж. 24 тамыздағы жарлығымен Жарық пос. Шет ауданының құрамына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 20 наурыздағы жарлығымен аудан Жезқазған облысының құрамына берілді.<sup>178</sup>

Берілу сәтінде аудан құрамында Атасу, Дария поселкелері; Айнабұлақ, Ақтау, Бидайық, Бұрма, Дружба, Ералы, Қызылтау, Көктенкөл, Краснополянский, Ортау, Просторненский, Арай, Сейфуллин, Түгіскен, Успенский және Целинный селолық кеңестері болды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 20 наурыздағы Жарлығымен Ақтау, Қызылтау және Ортау селолық кеңестері Ағадыр ауданының құрамына берілген; Дария пос. және Бұрма, Көктенкөл, Краснополянский, Просторненский және Успенский селолық кеңестері Шет ауданының құрамына берілді.<sup>179</sup>

Жезқазған облаткомының 1974 ж. 13 ақпандағы шешімімен аудан құрамына Ағадыр ауданының Ақшатау селолық кеңесі берілді<sup>7</sup>.

Жезқазған облаткомының 1974 ж. 13 ақпандағы шешімімен Қызылжар селосы қалалық поселкелер санатына жатқызылды.

1977 жылдың 9 желтоқсанынан Жезқазған облыстық атқару комитетінің шешімімен бекітілген ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1978 ж. 11 қаңтардағы жарлығымен орталығы Ақтүбек селосы болып Ақтүбек селолық кеңесі құрылды.<sup>180</sup>

1979 жылдың 25 мамырынан Жезқазған облыстық атқару комитетінің шешімімен бекітілген ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1979 ж. 22 тамыздағы жарлығымен орталығы Аппаз селосы болып Аппаз селолық кеңесі құрылды.

<sup>176</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1966.№45. ҚОММ.18.Қ.1.Т. 3763.1. 5-7.П.

<sup>177</sup> Бұл да сонда.1967. №39. ҚОММ.18.Қ.1.Т. 3888.1. Ю2-Ю4.П.

<sup>178</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1973.№13.

<sup>179</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1973.№13.

<sup>180</sup> Бұл да сонда. 1974. №14

Жезқазған облаткомының 1986 ж. 26 қарашадағы шешімімен орталығы Ақтасты селосы болып Ақтасты селолық кеңесі құрылды<sup>11</sup>.

1989 ж. 1 қаңтарда аудан құрамында: Атасу және Қызылжар поселкелері; Айнабұлақ (Айнабұлақ с.), Ақтасты (Ақтасты с.), Ақтау (Ақтау с.), Ақтүбек (Ақтүбек с.), Аппаз (Аппаз с.), Бидайық (Оросительное с.), Дружба (Атасу с.), Ералиев (Ералиев с.), Рассвет (Ынтыалы с.), Сейфуллин (Ынтымақ с.), Түгіскен (Түгіскен с.), Целинный (Орынбай с.) селолық кеңестері болды.<sup>181</sup>

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 3 мамырдағы Жарлығымен аудан аумағы Қарағанды облысының құрамына кірді<sup>12</sup>.

Облыстық мәслихаттың 2004 ж. 4 сәуірдегі XVII сессиясының шешімімен ҚР Ономастикалық комиссиясының қорытындысының негізінде Дружба селолық аймағы Байдалы би, Рассвет селолық аймағы Қараағаш селолық аймағы болып өзгертілді.

2004 жылдың 30 қыркүйегінен Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен Аппаз ауылына Мұқажан Жұмажановтың аты берілген.<sup>182</sup>

2006 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына: Атасу, Қызылжар поселкелері, Айнабұлақ, Ақтасты, Ақтау, Ақтүбек, Мұқажан Жұмажанов, Аппаз, Байдалы би, Бидайық, Ералиев, Қараағаш, Сейфуллин, Түгіскен, Целинный селолық аймақтары кірді.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1993 ж. 4 мамырдағы қаулысымен ұлттық жер-су аттарын жаңғырту, әкімшілік-аумақтық мекендердің байырғы тарихи-географиялық атауларын қалпына келтіру мақсатында, қазақша жер-су аттарын орыс тілінде дұрыс жазуды тәртіпке келтіру мақсатында халық депутаттары жергілікті кеңестеріне сәйкес және ҚР Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Джезды ауданы - Жезді ауданы, Джезды жұмысшы поселкесі - Жезді поселкесі болып өзгертілді<sup>1</sup>.

ҚР Президентінің 1997 ж. 3 мамырдағы №3483 Жарлығымен Жезқазған облысының таратылуына байланысты Жезді ауданының аумағы Қарағанды облысына берілді.<sup>183</sup>

Берілу сәтінде аудан құрамында: Ақтас, Жезді, Қарсақпай жұмысшы поселкелері; Борсеңгір, Жангелді, Қоскөл, Мибұлақ, Сарысу ауыл аймақтары болды.

ҚР Президентінің 1997 ж. 23 мамырдағы Жарлығымен аудан таратылды<sup>3</sup>.

ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы қаулысымен аудан аумағы Ұлытау ауданының құрамына берілді<sup>4</sup>.

<sup>181</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1986. №52.

<sup>182</sup> ҚОММ.18.Қ.1.Т. 4501.1. 120.П.

<sup>183</sup> ҚР ПҰАЖ-ы 1997. №18. 157-бап.

## **Жезқазған (Қарсақпай) ауданы Орталығы- Қарсақпай пос.**

БОУАК Төралқасының 1936 ж. 29 шілдедегі қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облысының Қарсақпай ауданы Қарағанды облысының құрамына берілді.<sup>184</sup>

Берілу сәтінде аудан құрамына: Байқоңыр, Жезқазған, Қарсақпай жұмысшы поселкесі; Алғабас, Аралтөбе, Білеуті, Жангелді, Жезді, Кеңгір, Кішітау, Первомайский, Социалды, Сталин, Терісаққан ауыл кеңестері және Ұлытау селолық кеңесі кірді.

ҚазКСР ОАК Төралқасының 1937 ж. 29 желтоқсандағы қаулысымен Байқоңыр және Жезқазған поселкелерінің жағдайы екінші рет дәлелденді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1939 ж. 16 қазандағы қаулысымен №№1-8 ауыл кеңестері және Ұлытау селолық кеңесі құрылған Ұлытау ауданының құрамына берілді.<sup>185</sup>

Ұлытау ауданының құрылғаны туралы қаулы шыққаннан кейін аудандар арасындағы шекаралар өзгертілді. Социалды селолық кеңесінің іріленуін есептеумен Ұлытау ауданына қарасты елді мекендерден Жезқазған ауданында Киров селолық кеңесі құрылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1940 ж. 13 мамырдағы қаулысымен ауданның атауы Жезқазған ауданы болып өзгертілді<sup>11</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1941 ж. 23 мамырдағы қаулысымен Большой Жезқазған елді мекені жұмысшы поселкелері қатарына жатқызылып, Большой Жезқазған жұмысшы поселкесі деп аталды.<sup>186</sup>

1941 ж. 1 шілдеде аудан құрамына Байқоңыр, Большой Жезқазған, Жезқазған (кеніш жанындағы), Қарсақпай жұмысшы поселкелері; Аралтөбе, Білеуті, Жезді<sup>187</sup>, Жангелді, Киров, Сталин<sup>188</sup> ауыл кеңестері кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 ж. 27 маусымдағы қаулысымен Жезді марганец кеніші жанындағы елді мекен жұмысшы поселкелері қатарына жатқызылды және Жезқазған ауданынан Ұлытау ауданына ауыстырылды. Ұлытау аудандық кеңесіне бағынатын Жезді жұмысшы-поселкелік кеңесі құрылды<sup>5</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 2 маусымдағы қаулысымен Ұлытау ауданының Жезді марганец кеніші жанындағы жұмысшы поселкесі аудан құрамына беріліп, оның атауы Марганец жұмысшы поселкесі болып

<sup>184</sup> ҚОММ.2.Қ.1.Т. 145.1. 75-а

<sup>185</sup> ҚОММ.2.Қ.1.Т. 145.1. 75-а.

<sup>186</sup> ҚОММ.2.Қ.1.Т. 145.1. 75-а

<sup>187</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1939. №10.

<sup>188</sup> ҚР ОММ. 1109.Қ 5.1.Т.1.94.П.

өзгертілді.<sup>189</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж, 16 шілдедегі қаулысымен Жангелді және Сталин ауыл кеңестері орталығы Школа елді мекенінде болатын Жангелді ауыл кеңесіне бірікті.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 20 желтоқсандағы қаулысымен Большой Жезқазған жұмысшы поселкесіне Жезқазған поселкесі деген атау беріліп, ол қалаға айналды. Сонымен қатар оның әкімшілік бағынысына Жезқазған жұмысшы поселкесі берілді<sup>4</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 11 қаңтардағы қаулысымен орталығы Жыланды ауылында болатын Сарысу ауылдық кеңесі құрылып, бұл кеңестің бағынысына Ленин атындағы колхоздың аумағы берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 30 шілдедегі қаулысымен Ақтас елді мекені жұмысшы поселкелер қатарына жатқызылып, оған Ақтас жұмысшы поселкесі деген атау берілді.<sup>190</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1958 ж. 10 қаңтардағы қаулысымен аудан құрамында Жезді және Аралтөбе ауыл кеңестерінің таратылуына байланысты Сарысу совхозының орталық усадьбасындағы поселкеде Аралтөбе поскеңесі; Білеуті және Киров ауыл кеңестерінің таратылуына байланысты Қарсақпай совхозының орталық усадьбасындағы поселкеде Киров поскеңесі құрылды. Аталған қаулымен Байқоңыр поселкесі ауыл қоныстары қатарына жатқызылды. Байқоңыр поскеңесінің және Жангелді ауыл кеңесінің таратылуына байланысты Байқоңыр совхозының орталық усадьбасындағы поселкеде селолық кеңес құқығында Жангелді поселкелік кеңесі ұйымдастырылды.<sup>191</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1959 ж. 29 маусымдағы қаулысымен Аралтөбе поскеңесі мен Сарысу ауыл кеңесі селолық кеңес құқығындағы Сарысу поскеңесіне бірікті.

1959 ж. 1 шілдеде аудан құрамына Ақтас, Қарсақпай, Марганец поселкелері; Жангелді, Киров, Сарысу селолық кеңесі құқығындағы поскеңестер кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1960 ж. 18 қазандағы қаулысымен селолық кеңес құқығында Жетіқоңыр совхозының орталық усадьбасындағы поселкеде Жетіқоңыр поскеңесі құрылды<sup>9</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1962 ж. 24 желтоқсандағы қаулысымен Марганец поселкесінің атауы Жезді поселкесі болып өзгертілді.<sup>192</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1963 ж. 2 қаңтардағы қаулысымен аудан таратылды, Жангелді, Жетіқоңыр, Киров, Сарысу селолық кеңестері

<sup>189</sup> ҚР ОММ. 1 Ю9.Қ.5.1 .Т.І. 125.П

<sup>190</sup> КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1957.№2. дасонда.№8.

<sup>191</sup> КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1958. №2..

<sup>192</sup> КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1963.№3.

ірілендірілген Жезді ауданының құрамына енгізілді<sup>11</sup>.

Қарағанды облаткомының 1963 ж. 10 қаңтардағы шешімімен Ақтас, Жезді, Қарсақпай поселкелері Жезқазған қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1972 ж. 10 наурыздағы қаулысымен орталығы Никольский қалалық поселкесі болып Жезқазған ауданы құрылды. Аудан құрамына Жезді ауданының Алғабас, Жетіқоңыр, Кеңгір және Сарысу селолық кеңестері берілді.<sup>193</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1972 ж. 22 наурыздағы қаулысымен аудан орталығы Никольский поселкесінен Ұлытау селосына көшірілді. Аталған қаулымен Жезқазған және Жезді аудандары селолық кеңестерінің бағыныстары ауыстырылды: Жетіқоңыр және Сарысу селолық кеңестері Жезді ауданына берілді, ал Жезді ауданының Кішітау, Первомайский, Терісаққан және Ұлытау селолық кеңестері Жезқазған ауданының құрамына берілді.<sup>194</sup>

### **Қазыбек би (Қу, Егіндібұлақ) ауданы Орталығы Егіндібұлақ с.**

ҚазОАК 1934 ж. 4 шілдедегі қаулысымен аудан Шығыс Қазақстан облысынан Қарқаралы аймағының құрамына берілді.<sup>195</sup>

1935 ж. 31 қаңтарда аудан құрамында: Балықтыкөл, Бастал, Бақты, Достар, Доғалан, Едрей, Мыржық, Сарытау, Түндік, Шарықты<sup>196</sup> ауыл кеңестері болды.

ҚазОАК 1936 ж. 29 шілдедегі қаулысымен аудан Қарағанды облысының құрамына берілді.<sup>197</sup> Берілу сәтінде аудан құрамында: Арқалық, Балықтыкөл, Бастал, Бүркітті, Достар, Доғалан, Едрей, Мыржық, Сарытау, Шарықты<sup>7</sup> ауыл кеңестері болды,

Қаз ОАК Төралқасының 1935 ж. 19 тамыздағы қаулысымен аудан құрамына Баянауыш ауданының Жаңақала, Корнеев, Үлгі ауыл кеңестері берілді<sup>3</sup>.

Қаз ОАК Төралқасының 1936 ж. 29 шілдедегі қаулысымен аудан қайта құрылған Қарағанды облысының құрамына берілді<sup>4</sup>. Аудан құрамына Ақтайлақ, Бадран, Бесоба, Бидайық, Ворошилов, Дмитров, Жаңа қала, Жарлы, Қаршығалы, Кент, Қызыларай, Көктөбе, Комсомольский, Күлболды, Милыбұлақ, Ораз, Сарытау, Серік, Тельман, Темірші, Трудовой, Үлгі селолық кеңестері кірді<sup>5</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1938 ж. 14 ақпандағы қаулысымен

<sup>193</sup> КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1972. №12.

<sup>194</sup> КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1972. №12.

<sup>195</sup> ҚР ОМ. 5М.Қ. І.Т. 157.1. 10. аудП. 15.Қ. 45.1. 52.П. 19.Қ. 263а.І. 91-92.

<sup>196</sup> Бұл да сонда. 16.Қ. 264.1. 63-64.П. ҚОММ. 2.Қ. 12.Т. 49.1. 17.П

<sup>197</sup> ҚОММ. 2.Қ. І.Т. 145.1. 75а.П.

Ворошилов, Дмитров, Жаңа қала, Үлгі селолық кеңестері Ворошилов ауданының құрамына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1938 ж. 14 қарашадағы жарлығымен Ораз (Исаев атындағы) селолық кеңесінің атауы Ленин болып өзгертілді.

1939 ж. халық санағының мәліметтері бойынша аудан құрамында: Ақтайлақ, Бадран, Бесоба, Бидайық, Жарлы, Қаршығалы, Кент, Қызыларай, Көктөбе, Комсомольский, Күлболды, Ленин, Милыбұлақ, Сарытау, Серік, Тельман, Темірші, Трудовой селолық кеңестері болған<sup>8</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1940 ж. 26 тамыздағы Жарлығымен Қоңырат ауданының құрамына Жұмыскер, Кеңесу, Қызылжар, Мәдениет колхоздары мен оларға қарасты Қызыларай ауыл кеңесі берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 16 шілдедегі Жарлығымен Ленин және Кент ауыл кеңестері орталығы Жәнібек елді мекені бір Ленин ауыл кеңесіне біріктірілген, осы жарлықпен төмендегі ауыл кеңестер жойылған:

Бидайық – оның Бидайық және Қызыл шоқы колхоздарының елді мекендері Бадран ауыл кеңесінің, Комсомольский колхозы Трудовой ауыл кеңесінің құрамына берілді;

Жарлы – ол Жекежал колхозының елді мекендері Трудовой ауыл кеңесінің, Көктал, Ұзынжал колхоздары Милыбұлақ ауыл кеңесінің құрамына берілді;

Көктөбе – оның Жаңа негіз және Чкалов атындағы колхоздарының елді мекендері Күлболды ауыл кеңесінің құрамына берілді.

Осы жарлықпен басқа да селолық кеңестердің аумақтары анықталды:

- Бесоба ауыл кеңесінің құрамындағы Ынталы елді мекені Қаршығалы ауыл кеңесінің құрамына берілді;
- Трудовой ауыл кеңесінің құрамындағы Бірлік елді мекені Милыбұлақ ауыл кеңесінің құрамына берілді;
- Кенетас колхозының елді мекені Комсомольский ауыл кеңесінің құрамына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 13 қарашадағы жарлығымен Қарағайлы кенішінің жанындағы елді мекен жұмысшы поселкелер санатына жатқызылды, оған Қарағайлы атауы беріліп, онда поселкес құрылды<sup>11</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1955 ж. 22 қаңтардағы Жарлығымен аудан құрамына Семей облысына қарасты таратылған Абыралы ауданының Көкшетау ауыл кеңесі берілді<sup>12</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1955 ж. 10 қазандағы Жарлығымен Бесоба және Күлболды ауыл кеңестері ортадағы Тегісшілдік елді мекені бір Тегісшілдік ауыл кеңесіне; Трудовой және Комсомольский - Трудовой ауыл кеңесіне; Милыбұлақ және Серік - орталығы Қайнарбұлақ

елді мекені Қайнарбұлақ ауыл кеңесіне бірікті.

Ауыл кеңестерінің құрамы мен атауы 1955 жылға дейін өзгермеген.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1955 ж. 22 қаңтардағы Жарлығымен аудан құрамына осы Жарлық бойынша таратылған Семей облысының Абыралы ауданының Алғабас ауыл кеңесі берілді.<sup>198</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1955 ж. 22 қарашадағы Жарлығымен Абай атындағы орталық усадьба поселкесінде селолық кеңес құқығындағы Абай поскеңесі құрылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 14 ақпандағы Жарлығымен Аркалық және Едрей - Аркалық; Балықтыкөл және Достар - Балықтыкөл; Мыржық және Сарытау – Сарытау ауыл кеңестері біріктірілді.<sup>199</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 6 наурыздағы Жарлығымен Егіндібұлақ колхозының аумағы Бастал ауыл кеңесінен Доғалаң ауыл кеңесінің құрамына берілген. Бастал ауыл кеңесінің атауы Егіндібұлақ болып өзгертілген.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 27 наурыздағы Жарлығымен орталығы Шөптікөл ауылындағы басшылығына орталығы Шарықты ауылынан Айыр ауылына ауысқан Шарықты ауыл кеңесінің Ленин атындағы елді мекені кіретін Шөптікөл ауылкеңесі құрылды<sup>12</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 30 маусымдағы Жарлығымен Комсомольский совхозының орталық усадьбасының поселкесінде селолық кеңес құқығындағы Комсомольский поскеңесі құрылды.<sup>200</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 11 қаңтардағы Жарлығымен Алғабас және Бүркітті ауыл кеңестері бір Бүркітті ауылкеңесіне бірікті.<sup>201</sup>

Қарағанды облаткомының 1961 ж. 22 шілдедегі шешімімен: Доғалан және Сарытау орталығы Қаратау совхозының орталық усадьбасындағы Өсібай селосы болып Сарытау ауыл кеңесіне берілді.

Осы жарлықпен Темірші ауыл кеңесі таратылды, бұрынғы Қараағаш колхозының аумағы Ақтайлақ ауыл кеңесіне, Томар - Тельман ауыл кеңесіне берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1955 ж. 22 қарашадағы Жарлығымен Киргизия совхозының орталық усадьбасында селолық кеңес құқығындағы Киргизский селкеңесі құрылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 27 наурыздағы

---

<sup>198</sup> ҚОММ. 2.Қ. I.Т. 145.1. 75а.П

<sup>199</sup> ҚОММ. 2.Қ. I.Т. 145.1. 75а.П.

<sup>200</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1956. №7 ҚОММ. 18.Қ. I.Т. 1988.1. 51.П

<sup>201</sup> ҚОММ. 18.Қ. I.Т. 1988.1. 121.П. ҚОММ. 2.Қ. I.Т. 145.1.



жарлығымен Көкшетау және Ленин ауыл кеңестері Молдахан елді мекені Ленин ауыл кеңестерімен.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 27 тамыздағы жарлығымен аудан құрамына бұрын Қу ауданы колхозының құрамында болған 4,3 02 га көлеміндегі жер телімі берілді<sup>4</sup>.

1959 ж. 1 шілдеде аудан құрамында Ақтайлақ, Бадран, Қайнарбұлақ, Қаршығалы, Ленин, Сарытау, Тегісшілдік, Тельман, Трудовой ауыл кеңестері және селолық кеңес құқығындағы Киргизский поскеңесі болып бірікті.

Қарағанды облаткомының 1961 ж. 3 шілдедегі шешімімен Бадран ауыл кеңесі мен Киргизский поскеңесі орталығы Киргизский селосының орталық усадьбасының Бүркітті селосы болып Киргизский поскеңесіне біріктірілген. Ленин және Тельман ауыл кеңестері Фрунзе атындағы совхоздың орталық усадьбасының Новостройка селосы болып Фрунзе селолық кеңесіне бірікті.

Қарағанды облаткомының 1962 ж. 14 мамырдағы шешімімен орталығы Абыз селосы болып Бақты селолық кеңесі құрылды. Оның қарамағына Бақты совхозының аумағы қосылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі 1962 ж.. 24 желтоқсандағы жарлығымен Сарытау селолық кеңесінің атауы Ақжол болып өзгертілді<sup>7</sup>.

Қарқаралы және Қу аудандарының шекарасында ірілендірген селолық аудан құрылды.

Селолық кеңестің құрамына Абай, Ақжол, Ақтайлақ, Алғабас, Бұқалық, Балықтыкөл, Егіндібұлақ, Қайнарбұлақ, Қаршығалы, Комсомольский, Сарытау, Тегісшілік, Трудовой, Фрунзе және Шарықты болды. Сонымен аудан ұрамына ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1963 ж. 10 қаңтардағы жарлығымен Қарағайлы поселкесі қосылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1964 ж, 31 желтоқсандағы жарлығымен Егіндібұлақ ауданының Абай, Алғабас аудан құрамындағы Балықтыкөл, Егіндібұлақ, Комсомольский, Сарытау және Шарықты селолық кеңестері болды.

Қарағанды облаткомының 1965 ж. 10 тамыздағы шешімімен Ақтайлақ селолық кеңесінің орталығы «Еңбек» совхозының «Қараағаш» учаскесіне ауыстырылды. Селолық кеңестің әкімшілік бағынысқа «Еңбек», «Прогресс» совхоздарының аумағы, Фруше селолық кеңесінің «Томар» учаскесі берілді. Фрунзе селолық кеңесінің әкімшілік бағынысына Ақтайлақ селолық кеңесінің «Совет» телімі берілді<sup>1</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы кеңесі Төралқасының 1967 ж. 16 қыркүйектегі жарлығымен Қарағанды облаткомының 1967 жылы тамыздағы шешімімен құрылған селолық кеңестерге келесі атаулар берілген: Бесоба (орталығы Бесоба с.), Ынталы (орталығы Ынталы с.) Томар ( орталығы Томар с.)

1968 ж. 1 қаңтарда аудан құрамында: Қарқаралы к., Қарайғайлы пг–Ақжол,

Ақтайлақ, Бақты, Бесоба, Ынталы, Қайнарбұлақ, Каршығалы, Киргизский, Тегісшілдік, Трудовой және Фрунзе селолық кеңестері болды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1977 ж. 14 қаңтардағы жарлығымен Қарағанды облаткомының 1976 ж. желтоқсандағы шешімімен құрылған орталығы Матақ селосына селолық берілді.<sup>202</sup>

## **XX ғасырдағы әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты Ақтоғай ауданындағы елді-мекендердің атауы**

Орыс патшалығы ішкі істер министрі Столыпиннің қоныс аудару саясатының кезінде 1907-1910 жылдар біраз орыс шаруалары Қызыларайдың шығысына, қазіргі Қаратал совхозының орталығы Шылымға қоныс тебеді. Үй салып, көкөніс егеді. Оларды жергілікті халықтар «Қара Иван», «Сары Иван» деп атаған, насыбайлық темекіні сол жердің жапырақтарынан алып тұрған. Темекі тартатындар осы мекенді «Шылым» деп атаған. Бұлар кейін байып, кулакқа айналған. Ұжымдастыру кезінде кетуге мәжбүр болған.

Қазан төңкерісіне дейін Қоңырат ауданын құраған территорияда Қайдауыл, Қызылтас, Көрпетай, Нұртай жерлерін мекендеген Табын, Байдаулет, Абыз рулары: Нұра болысына қараған Қарақой, Баубек, Жыланды төңірегінде Медебе, Қойлыбай, Қуат рулары мекендеген. Тоқырауын бойын, Кенелі, Майтасты жайлаған. Тоқырауын өзенінің Шатырша (шатыр бейнелес тау) етегіне аудан орталығы Ақтоғай селосы орналасқан. Бұл аймақ Бөкейханның үшінші әйелінен туған Сұлтанғазы төренің жері болып есептелген. Бертін келе Жар төре, Кейкі төре мекеніне айналған.

Қазіргі Қусақ селосы 1928 жылдан бастап құрыла бастаған. Ол 2-3 үй біріктіріліп артель болған. Көшпелі ауыл 1931-1932 жылдары Қусақ өзені бойында қыстау салып, жаз тоқырауын жағасына егін салып алғаш коллективтік шаруашылықтар ұйымдастыра бастаған еді. Алғашқы «Қопа», «Таң», «Берке» үш серіктестік ұйымдастырылған. Тасарал ауылы алғаш рет колхоз артель болып 1928 жылы Ағалық деген жерде құрылды.

1928 жылғы Бүкілодақтық мал-жан санағының қорытындысы бойынша Ленинградтан шыққан «Весь Казахстан» деген жинақта «Коунрадский район» иеет 6417 хозяйств, с 29951 чел. населения: из них казаков – 29921 (99,9%), европцев – 30 (0,1%) деп көрсетілген. /18/. Бүгінше де Ақтоғай ауданының көлемі осы мөлшердегі кең алқап.

Тасарал ауылы 1930 жылы артельден ірілендіріп «Қызыл қазақ» балық аулау колхозы болып құрылды. Алғашқы колхозды ұйымдастырушылар Тұрабеков Ержекен, Ахметов Жолтыш, Володкин Иван, Колхозды Тұрабеков, Ержекен басқарған. Бұл кісі қызыл шырайлы, әдеміше келген кісі болса керек.

<sup>202</sup> ҚОММ. 18.Қ. І.Т. 1988.1. 188.П.

«Түсі игіден түңілме» дегендей колхоз біршама өсіп, халықтың жағдайы жақсара бастағандықтан 1930 жылы колхозды осы кісінің құрметіне «Қызыл қазақ» деп атаған. Колхоздың негізгі кәсібі – балық аулау және мал шаруашылығы. Балық аулауды меңгеру мақсатымен 1931 жылы ауылдан бес балықшыны Арал жеріне жібереді.

1932 жылғы 20 ақпанда Орталық Атқару Комитеті 1932 жылғы 10 наурызда бекіткен аудандар жаңа құрылған облыстардың құрамына енген. Сол тізімде – 63 – Қоңырат-Ақтоғай селосы.

Осы аталған құжаттармен 1932 жылы 20 ақпанда құрамында 21 ауданы бар Алматы облысы құрылған аудандар қатарында – 15 – Қоңырат-Ақтоғай селосы.

1934 жылы Қоңырат ауданы Қарқаралы округінің құрамына енді. Ал 29 шілде 1936 жылы ол округтің жойылуына байланысты аудан қайтадан Қарағанды облысының құрамына берілді. Бұрын таратылған 24 серіктестік қайта ұйымдастырылып, колхоздар құрылды (102).

1936 жылы 29 шілдеде Қарқаралы округі таратылып, оның аудандары Қарағанды облысының құрамына берілген. Онда 4 – Қоңырат-Ақтоғай селосы деп көрсетілген.

Сол уақыттағы деректерге қарағанда аудан орталығында 230-ға тарта үй болған екен, халқының саны алты жарым мыңдай болған.

Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы бойынша халықтың қыстық мекендерден жайлауға қозғалысының көрсеткіші 20 мамыр 1937 жыл (103).

<b>Аулсоветтердің атаулары</b>	<b>Қысқы мезгілдегі жергілікті жердің аталуы 1937 ж. 1 қаңтар</b>	<b>Қыстық мекендерден жазғы қоныстанатын жердің аталуы</b>	<b>Жазғы жайлауға дейінгі ара қашықтық</b>
Кіндікті аулсоветі №1	Жамбы	Нұртай тоған	40 км
	Сарықамыс	Еспай тоған	45 км
	Шқыбай жотасы		50 км
		Еспай тоған	50 км
	Ахмет қорасы		2 км
	Әлібек тоған	Нұртай тоған	52 км
	Бас сарыөлен	Әлібек тоған	45 км
	Аяқ сарыөлен	Нұртай тоған	
		Әлібек тоған	

Қусак аулсоветі №2	Көктас	Кенжебарақ тоған	130 км
	Қошқар Текежан қора Жабай қора Орта қора Токрауын	Егеубай тоған Бидайық тоған Кенқожа, Әтембек  Кенжебарақ тоған Егеубай тоған	115 км 88 км 80 км 25 км 2 км
Қашқанши аулсоветі №3	Шолақ құмжота	Қожа тоған	20 км
	Құмжота Төкенқора Қызыладыр	Сандық тоған Қожа тоған Сандық тоған	15 км 110 км 107 км
Қарабұлақ аулсоветі №5	Ақтоған	Ақтоған	1 км
	Қызылүйтас Тастөбе Құмжота Сарыөзек	Қызыл үйтас Ақтоған Құмжота Сарыөзек	1 км 3 км 1 км 2 км
Қаратал аулсоветі №7	Нарымбет қора	Қалдау кәрі тоған	45 км
	Алдаберлі қора Мұхтар қора Тілеуберлі қора Қаратал Түсіпханқора Шолақ (Саға) Қалдау кәрі тоған Түспай қора Дуанши	Қалдау кәрі тоған Оразай тоған Оразай тоған Қаратал Қалдау кәрі тоған Қарауыл тоған Қалдау кәрі тоған Оразай тоған	45 км 35 км 40 км 40 км 85 км 15 км 15 км
Дуанши аулсоветі №7	Дуанши	Дуанши	50 км
	Мұсақай қора Қызыладыр Сарыөлен  Қарасу интернат Қарасу Қарашінгел Тауке сары өлен	Дуанши Дуанши Енең түскен тоған Қарасу- интернат Қарасу Танабек тоған Көк өзек тоған	5 км 25 км 40 км 35 км 35 км 35 км 30 км 36 км

Дуанши аулсоветі №8	Жәмші	Тескен тоған	30 км
	Мимесалы қора	Бораншы Қартоған	150 км
	Ізтілеу қора	Шүскен тоған	130 км
	Мойынкұм 1-ші	Тескен тоған	145 км
	Мойынкұм 2-ші	Боранши қартоған	150 км
	Ертекай қора	Көкөзек тоған	145 км
Майтас аулсоветі №9	Қарақозы	Шағырбай тоған	25 км
	Қумола	-----//----	
	Талдыбұлақ	-----//----	30 км
	Сарыюба	-----//---	30 км
	Көске	-----//---	30 км
	Бас ақши	Шақа тоған	25 км
	Аяқ ақши	-----//----	30 км
	Қарашілік	-----//----	30 км
	Қызылшоқы	-----//----	30 км
	Ақжар	-----//---	35 км
	Ауғанбай қора	Шағырбай тоған	-
Кенелі аулсоветі №10	Күркелі	Берке тоған	45 км
	Қожантай тоған	Қожантай тоған	-
	Сары өзек	---//-----	45 км
	Қара шоқы	---//-----	45 км
	Сары шоқы	Береке тоған	45 км
	Ақшағыл	Қожантай тоған	40 км
	Төкеш қорасы	Береке тоған	40 км
Киров аулсоветі №11	Балық айғыр дала	Балық айғыр тоған	
	Жайдақ	-----//-----	2 км
	Қотыр қора	Егінді бұлақ	6 км
	Жосалы	-----//-----	8 км
	Жүнді	Байдәулет тоған	13 км
	Қошан сораң	Байдаулет тоған	9 км
	Қызылсенгір	Қараменде	7 км
	Ақдала	-----//-----	7 км
	Ақжар	Ақжар талбасы	
	Қара үлен	-----//-----	5 км
	Қара қой	-----//-----	5 км
	Үш арал сорабы	Жалаңаш	10 км
Үш арал	-----//-----	17 км	
	Абыл жалы	Токрауын Үміттоған	14 км

	Қарақтай қара шоқы	----//-----	115 км
	Бес атан		125 км
	Қожа қойтас		135 км
			130 км

1940 жылы Қоңырат ауданын көтеру мақсатында Қарқаралы ауданынан 4 колхоз (Кеңасу, Жұмыскер, Мәдениет, Қызылжар), Шет ауданынан 3 колхоз (Қанаттас, Қорғантас, Жәмші) қосылды (103). Аудан 36 колхоздан тұратын көлемді мал шаруашылықты аймаққа айналды.

1941 жылы Қызыларай ауылдық кеңесі Қоңырат ауданына берілді.

1941 жылы қаңтарындағы Қоңырат ауданы құрамындағы колхоздар мен елді мекендердің құрамы мынандай болды.

№	Колхоздардың аттары	Селсоветтің Атауы	Елді –мекенің аталуы
1	8 марта	Кіндікті	Кіндікті
2	Октябрь	-//-	Кіндікті
3	Таң	Қусақ	Қусақ
4	Қопа	-//-	-//-
5	Береке	-//-	-//-
6	Молотов атындағы	Қарабұлақ	Қарабұлақ
7	Сталин атындағы	Қашқан ши	Қашқан ши
8	Қызылту	Қаратал	Қаратал
9	Буденный атындағы	Дуанши	Кіндікті
10	Ворошилов атын.		Қара шеңгел
11	Егінші	Майтас	Майтас
12	Еңбек	Кенелі	Кенелі
13	1 май	Ақтоғай	Жетімшоқы
14	Тельман атындағы	Ақтоғай	Қарашілік
15	Чапаев атындағы	Киров	Жандақ
16	Калинин атындағы	Киров	Сералы
17	Каганович атын	Киро	Талдысу
18	Ленин атындағы	Сартерек	Ақтұмсық
19		Сартерек	Жіңішке
20	5 декабрь		Үш өзек
21	Өндіріс		Сартерек
22	Сәуле	Жамші	Жамші

23	Киров атындағы	Жамші	Қызыл тас
24		Жамші	Ақши
25	Пушкин атындағы	Қызыл арай	Сары өлең
26	Қуаныш	Қызыл арай	Қалмақбас
27	Жамбыл атындағы	Қорғантас	Төскенсу
28	Ақтұмсық	Қорғантас	Қанаттас
29	Ұлы Октябрь	Қаратал	Қаратал
30	Үш өзек		
31	Сартерек		
32	Жамші		
33	Бірлестік		
34	Қоңырат		
35	Мәдениет		
36	Жұмыскер		
37	Кен-асу		
38	Қызылжар		
39	Қара ағаш		
40	Қанат тас		
41	Жамші		

1950 жылы Қоңырат ауданының 14 ауылдық кеңестерінің 36 ұсақ колхоз болды. Қазақ СРО Жоғарғы Советі Президумының ауылдық советтерді ірілендіруге сәйкес, ауданның төмендегі ауылдық советтері бір-біріне қосылды. Бұл жылғы әкімшілік- территориялық өзгерістерді аудандық атқару комитетінің төрағасы Құлмақановтың жазба баяндамасынан көреміз (105). Ол жазбаның түпнұсқасы мынадай:

*«Еңбекшілер депутаттарының Қарағанды облыстық кеңес атқару комитеттерінің төрағасы Байұзақов жолдасқа.*

*Еңбекшілер депутаттарының Қоңырат кеңес атқару комитетінің төрағасы Құлмұқановтан*

*Жазба баяндама*

*ССРО Министрлер Кеңесінің 1950 жылғы 7 маусымдағы қаулысы бойынша біздің Қоңырат ауданында ұсақ колхоздарды ірілендіру жұмыстары жүргізіле бастады. Аудан колхоздарының жер көлемінің өте аз болуынан колхоздардың егістік жерін ұлғайтуға және мал шаруашылығы үшін шабындық жерді көбейтуге, сөйтіп колхозды шаруашылық жағынан нығайта беруге мүмкіндік болмай келеді.*

*Осы жағдайды барлық жағынан қарастыра отырып және әрбір*

колхоздағы колхозшылардың көпшілік жиылысының пікірін еске ала отырып бұрынғы ұсақ колхоздарды ірі ауыл шаруашылық артелдеріне айналдырса, аудан бойынша колхоздарды жер көлемінің ретіне, шаруашылық күштерінің жағдайына қарай аудандағы бұрынғы 36 колхозды 11 ірі ауыл шаруашылық артеліне келтіруді аудандық кеңес атқару комитеті мақұл деп есептеді. Бұл бұрынғы 36 колхозды 11 колхоз етіп ірілендірудің нәтижесінде аудандағы 14 ауылдық кеңес енді 11 ауылдық кеңес болуға реттелді. Өйткені қайсы бір колхоздың ыңғайына шаруашылығына қарай қалыптастырғанда 3 ауылдық кеңесін ажыратауға тура келеді.

*Еңбекшілер депутаттарының*

*Қоңырат аудандық кеңесі*

*Атқару комитетінің төрағасы Құлмақанов.*

Сонымен осы ұсыныстың негізінде Қорғантас, Кіндікті, Буденный ауылдық советтері таратылып енді 11 ауылдық Кеңестер болып төмендегі атаулармен аталды. Олар атап айтсақ: Киров, Калинин, Тельман, Молотов, Қызыл арай, Амангелді, Ақтоғай, Сарытерек, Қарабұлақ, Жәмші, Қусақ.

1. Калинин ауылдық кеңесі мен Қорғантас ауылдық кеңесі бірігіп, қайтадан Калинин ауылдық кеңесі болып аталды.

2. Қарабұлақ, Кіндікті ауылдық кеңесі қосылып, Қарабұлақ кеңесі деп аталды.

3. Тельман ауылдық кеңесі мен Буденный ауылдық кеңесі қосылып Тельман ауылдық кеңесі болып аталды.

1951 жылы аудандағы 36 колхоз ірілендіріп, 11 колхозға бірікті. Олар төмендегіше:

1. Буденный, Ворошилов, Тельман колхоздары бірігіп, Қызылтас колхозы атанды. Төрағасы – Мейірханов Қанапия.

2. Сәуле, Киров, Пушкин колхоздары бірігіп, Киров колхозы деп атанды. Төрағасы – Ақбаев Құлжанбек.

3. Чапаев, Жамбыл, Калинин колхоздары бірігіп, Калинин деп атанды. Төрағасы – Тұрғанов Шайкен.

4. Жәмші, Қоңырат, Бірлестік колхоздары бірігіп, Бірлестік колхозы атанды. Төрағасы – Игембаев Кәрім.

5. Ленин, Сарытерек, Каганович, Үшөзек, Ақтұмсық колхоздары бірігіп, Ленин колхозы аталды. Төрағасы – Байсұлтанов Бегендік.

6. Егінші, Еңбек, Қызылжар колхоздары бірігіп, Еңбек колхозы атанды. Төрағасы – Жағыпаров Қойшыбек.

7. Мәдениет, Жұмыскер, Кенасу колхоздары бірігіп, Маленков атындағы колхоз атанды. Төрағасы – Құлсейтов Мырзабек.

8. Қуаныш, Өндіріс колхоздары бірігіп, Қуаныш колхозы атанды. Төрағасы – Қаңтарбаев Сейдіғазым.



9. Қопа, Береке, Таң, Молотов колхоздары бірігіп, Бидайық колхозы атанды. Төрағасы – Жексембин Жүніс.

10. 5 декабрь, Ұлы Октябрь, Сона колхоздары бірігіп, Ұлы Октябрь колхозы атанды. Төрағасы – Жүкіжанов Кенжеқара.

11. 1 май, 8 март, Сарыөлең колхоздары бірігіп, Сталин колхозы атанды. Төрағасы – Төлетаев Сланбек.

1951 жылы колхоз шаруашылықтарының ірілендірілуімен байланысты оларды техникамен жабдықтау жұмыстары жақсарды.

1952 жылғы аудан көлеміндегі өзгерістерге келетін болсақ, біз мұны Қоңырат аудандық кеңес атқару комитетінің қаулысынан анық көреміз.

Еңбекшілер депутаттарының Қоңырат аудандық кеңес атқару комитеті ауылдық кеңестерді ірілендіру жөніндегі ҚазақССР Жоғарғы Кеңесі президумының ережесіне сәйкес мәселе қарап төмендегілерді көрсетеді. Ауданның бұрынғы 36 ұсақ колхоздары 1950 жылы 11 іріленген колхозға айналды. Колхоздар іріленсе де, ауданның 14 ауылдық советі бұрынғыша қызмет жасап келеді.

Қазір іріленген колхозда 2-ден ауылдық кеңес бар. Атап өткенде: Буденный атындағы колхозды Буденный, Тельман ауылдық кеңестері қамтиды. Келешекте бір колхозда екі ауылдық кеңес болуы лайықты емес екендігін және іріленген бір колхоздың жерін бір ауылдық кеңестің өзі қамтып басқара алатынын ескере отырып, Буденный, Тельман ауылдық кеңестері бір-бірімен қосылуы туралы өздерінің сессияларында қаулы алды.

Осыған сәйкес еңбекшілер депутаттарының аудандық кеңес атқару комитеті қаулы етеді.

1. Буденный, Тельман ауылдық кеңестердің бір-біріне қосылуы туралы сессияларында қабылданған қаулылары бекітілсін.

2. ҚазақССР Жоғарғы Кеңесі президумының селолық кеңестерді ірілендіру жөніндегі 1948 жылғы 20 наурыздағы нұсқауының 7 пунктіне сәйкес жоғарыда аталған екі ауылдық кеңестер бір-біріне қосылып іріленетін болсын.

3. Буденный ауылдық советі мен Тельман ауылдық советі бірігіп, Тельман ауылдық советі болып аталсын. Орталығы Буденный атындағы колхоздың құрылысы болып бекітілсін.

Еңбекшілер депутаттарының Ақтоғай селолық аудандық Кеңесі атқару комитетінің Қарары Ақтоғай селосы №15 23 қаңтар 1963 жылы Киров пен Калинин, Сарытерек пен Жамшы селолық кеңестерін біріктіру және Ақтоғай, Ақшатау, Аманкелді селкеңестерінің территориясына өзгерістер енгізу туралы.

Аудан колхоздарының біріктіріп совхозға айналдыруына байланысты кейбір шаруашылықтарды екі селолық кеңес болып отырғандығы ескеріліп,

Қазақ ССР Жоғарғы Президумының 6 наурыз 1961 ж. қаулысына сәйкес еңбекшілер депутаттарының атқару комитеті қарар етеді:

1. Киров селолық Советі мен Калинин селолық кеңесі біріктіріліп, Киров сел.кеңесі болып бекітілсін.

2. Сарытерек селолық советі мен Жәмші селолық советі біріктіріліп, Сарытерек селолық кеңесі болып аталсын.

3. Ақтоғай селолық советінің қарамағандағы бұрынғы Қуаныш колхозының территориясы Аманкелді сел.кеңесіне берілсін.

4. Киров селолық кеңесінің қарамағындағы Казсельхозтехника бірлестігі Қоңырат бөлімшесіне қарасты Сәуле елді мекені Ақтоғай селкеңесіне берілсін.

5. Нұра селолық кеңесінің қамтуындағы бұрынғы Карл Маркс атындағы колхоздың территориясы Ақшатау сел. кеңесіне берілсін (106).

Әкімшіліктің өндірістік принципі айыпталып, территориялық, аудандық принципті қалпына келтіруге байланысты 1965 жылы Шет ауданы қайта бөлініп, Ақтоғай ауданы бұрынғы Қоңырат ауданы көлемінде қалдырылды. 1966 жылы бұрын мал отары болған территорияда, Шұбартау жерінде Айыртас совхозы құрылды.

1966 жылы Кежек ферма болып ашылды. 1968 жылы Ақшоқы совхозына қарап, №4 фермасы болды. Ферма меңгерушісі – Отыншин Төлеуқұл сайланды. 1975 жылға дейін Кежек фермасы Шет ауданы Ақшоқы совхозына қарады.

1960-1970 жж. жалпы Қазақстан территориясында әкімшілік-аудандастыру мәселесі тұрақты болмады. Бесжылдық жоспары немесе аудандардың территориялық орналасуына байланысты бірнеше мәрте әкімшілік өзгерістер жиі болып тұрды.

1973 жылы 20 наурызда Жезқазғанның Қарағанды облысынан бөлініп жеке әкімшілік облыс болып құрылуына байланысты облыс құрамында жаңа аудандар құрылды. Ақтоғай ауданының шығысы Балқаш көліне қарай орналасқан 3 совхоз Шұбартау, Айыртас, XXII партсъезд совхоздары жаңа құрылған Приозерный ауданына берілді. Ақтоғай ауданында жаңадан Жәмші совхозы құрылды. Шет ауданынан екі шаруашылық Кеңшоқы, Ақши совхоздары алынып берілді.

1975 жылы Ақтоғай ауданынан Кеңшоқы және Ақши селолық кеңесі, Ағадыр ауданынан Ақшатау селолық кеңесі Шет құрамына енді.

1977 жылы көктемде ауданда біршама өзгерістер болды. Ауданға Шет ауданының Кеңшоқы совхозымен ет семіртуге мамандырылған шаруашылық қосылды.

Ақтоғай ауданының селолық округтары 1999 жылғы халық санағы бойынша кестесі. Ескерту Сарышаған, Сарытерек, Шашубай селолық округтерінің демографиялық көрсеткіштері қолымызға түспегендіктен

жинаққа кірмеді.

<b>Селолық округ аталуы:</b>	<b>Барлығы</b>	<b>Ерлер саны</b>	<b>Әйелдер саны</b>
<i>Ақтоғай</i>	4186	2140	2046
<i>Абай</i>	424	210	214
<i>Айыртас</i>	674	346	325
<i>Жидебай</i>	1974	984	990
<i>Кежсек</i>	460	244	216
<i>Қарабұлақ</i>	1275	658	617
<i>Қараменде би</i>	761	406	355
<i>Қусақ</i>	969	491	478
<i>Қызылларай</i>	1025	523	502
<i>Нұркен</i>	1252	646	606
<i>Ортадересін</i>	913	453	460
<i>Тасарал</i>	1325	690	635
<i>Тораңғы</i>	417	217	200
<i>Шабанбай би</i>	1078	547	531

1997 жылы Қазақстан 19 облыстан құралды. Қазақстан Республикасының заңының 9 бабына сәйкес «Қазақстан Республикасының әкімшілік-территориялық құрылымы» 1997 жылғы сәуір-мамыр айында Президенттің бес облысты қысқарту жарлығы қабылданды. Жезқазған (оның аймағы Қарағанды облысына қосылған), Семей (оның аймағы Шығыс Қазақстан аймағына қосылған), Талдықорған (оның аймағы Алматы облысына қосылған), Торғай (оның аймағы Ақмола мен Қостанай облыс аймағына қосылған), Көкшетау (Ақмола облысына қосылған). Осы жүргізілген әкімшілік-аймақтық реформадан кейін Қазақстан Республикасы 14 облыстан құралды.

Республика көлемінде жасалған әкімшілік-аумақтық өзгерістерге байланысты Ақтоғай ауданы 1973 жылдың наурызынан 1997 ж. мамырына дейін Жезқазған облысының құрамында болды. 1997 ж. мамырында қайыра Қарағанды облысының құрамына енгізілді. Сол жылы Тоқырауын ауданы таратылып, Ақтоғай ауданына қосылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1977 ж. 15 ақпандағы жарлығымен Қарағайлы пос. және Ақтайлақ, Бақты, Қайнарбұлақ, Киргизский, Томар және Фрунзе селолық кеңестері Талды ауданына берілді<sup>1</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1982 ж. 29 қаңтардағы жарлығымен Қарағанды облаткомының 1982 ж. 13 қаңтардағы шешімімен құрылған орталығы Жаңатаған с. селолық кеңеске Жаңатаған атауы берілді<sup>12</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1988 ж. 20 шілдедегі жарлығымен Талды ауданының таратылуына байланысты оның селолық кеңестері мен Қарағайлы пос. Қарқаралы ауданының құрамына берілді<sup>3</sup>.

1989 ж. 10 қаңтарда аудан құрамында, Қарқаралы к., Қарағайлы пос., Ақжол (Пригородное с.), Ақтайлақ (Татам с.), Бақты (Бақты с.), Бесоба (Бесоба с.), Трудовой (Жарлы с.), Жаңатоған (Жаңатоған с.), Қайнарбұлақ (Айбыз с.), Қаршығалы (Карбушевка с.), Киргизский (Бүркіт с.), Тегісшілдік (Тегісшілдік с.), Томар (Томар с.), Угар (Матақ с.) және Фрунзе (Талды с.), Ынталы (Ынталы с.) селкеңестері болды.

Қарағанды облаткомының 1989 ж. 28 маусымдағы шешімімен Қайнарбұлақ селолық кеңесінің Ақтерек с. Қарағайлы поскеңесінің әкімшілік басшылығына берілді<sup>4</sup>.

Қарағанды облаткомының, 1990 ж. 27 қазандағы шешімімен келесі селолық кеңестердің атаулары: Ақтайлақ (орталығы Татам с.) – Темірші; Фрунзе (орталығы Талды с.) – Аманжолов болып өзгертілді<sup>5</sup>.

ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 ж. 19 наурыздағы қаулысымен Ақжол селолық кеңесінің әкімшілік орталығы болған Пригородное селосының атауы Ақжол селосы болып өзгертілді<sup>6</sup>.

ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы қаулысымен Қарқаралы ауданының шекарасы таратылған Қазыбек би ауданының аумағының қосылуына байланысты өзгертілді. Оның құрамына Абай (Айнабұлақ с.), Айырық (Айырық с.), Арқалық (Ақтасты с.), Балықтыкөл (Қоянды с.), Егіндібұлақ (Егіндібұлақ с.), Қаракөл (Қаракөл с.), Комсомольский (Қарабұлақ с.), Сарытау (Өсібай с.), Шарықты (Теректі с.) селолық аймақтары кірді<sup>7</sup>.

2006 ж. 1 қаңтарда аудан құрамында: Қарқаралы к., Қарағайлы пос., Абай, Айырық, Ақжол, Аманжолов, Арқалық, Балықтыкөл, Бақты, Бесоба, Трудовой, Жаңатоған, Қайнарбұлақ, Қаракөл, Қаршығалы, Киргизский, Комсомольский, Сарытау, Тегісшілдік, Темірші, Томар, Угар, Шарықты, Ынталы селолық кеңестері болды<sup>8\*</sup>.

2008 жылдың 5 қыркүйегінен №19/17 Қарағанды облысы әкімінің бірлескен қаулысы және 2006 жылдың 5 қазанынан №351 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен Ақжол ауыл аймағы Мартбек Мамыраев ауыл аймағына, Арқалық-Гаттимбет, Сартау-Нығмет Нұрмақов, Комсомол-Балқантау, Бапықтыкөл-Қоянды, Айрық-Мади ауыл аймағына өзгертілген.

2009 жылдың 7 желтоқсанынан №27/05 Қарағанды облысы әкімінің қаулысы және 2007 жылдың 14 желтоқсанынан Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен елді мекендер: Талды Қарабұлақ селолық елді мекенінің, Қамқор-Бесобаның, Беталыс, разъезд 9-Ақжолдың, Ақшолы-Өсібайдың, Тоқылдақ-Томардың, Ақбұлақ-Матақтың құрамына қосылған.

2008 жылдың 13 маусымынан №17/03 сәйкесінше 2008 жылдың 26

маусымынан №136 елді мекендер: Талдыбай Бақты селолық елді мекенінің, Тасшоқы-Ақтастының, Шұңқырқұдық- Тегісшілдіктің, Тоқай-Айнабұлақтың, Өсібайдың құрамына қосылған.<sup>10</sup>

### **Молодежный ауданы Орталығы – Молодежный пос.**

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1972 ж. 10 наурыздағы қаулысымен орталығы Молодежное селосында болатын Молодежный ауданы құрылды. Аудан құрамына: Осакаров ауданының Вольский, Дальний, Молодежный, Родниковский, Тельман, Трудовой және Шідерті селолық кеңестері, Тельман ауданының Покорненский селолық кеңесі мен Қушоқы қалалық поселкесі кірді.<sup>203</sup>

Қарағанды облаткомының 1972 ж. 15 наурыздағы шешімімен Покорненский селолық кеңесі Тельман ауданының құрамына берілді<sup>10</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1972 ж. 7 шілдедегі қаулысы бойынша Қарағанды облаткомының 1972 ж. 13 маусымдағы шешімі бойынша құрылған орталығы Новостройка селосында болатын селолық кеңес Тұзды селолық кеңесі деп аталатын болды.<sup>204</sup>

### **Нұра ауданы Орталығы – Киевка пос.**

1936 ж. аудан құрамына Ақтөбе, Горный, Жараспай, Жыланды, Захаров, Киев, Киров, Көкмөлдір, Қорғанжар, Қызылтал, Маржанкөл, Новокарповский, Скобелев, Талдысай, Чернигов, Шақаман селолық кеңестері кірген.

1939 ж. халық санағының қорытындысы бойынша құрылған елді мекендер тізіміне сәйкес, 1939 ж. Нұра ауданының құрамына Ақтөбе, Горный, Жараспай, Жыланды, Захаровка, Қызылтал, Киевка, Кировка, Көкмөлдір, Қорғанжар, Маржанкөл, Новокарповский, Скобелев, Чернигов, Шахман селкеңестері кірді.<sup>205</sup>

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1940 ж. 28 желтоқсандағы жарлығымен Осакаров ауданының құрамына Скобелев селкеңесі және осы селкеңестің бағынысындағы «Октябрь» совхозы берілді.<sup>206</sup>

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1954 ж. 30 маусымдағы жарлығымен Индустриальный, Пржевальский совхоздарының орталық усадьбасының поселкелерінде селкеңес құқығында аттас поселкестер құрылды «Нұра» совхозының орталық усадьбасының поселкесінде Кеңжарық

<sup>203</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1972.№12.

<sup>204</sup> Бұл да сонда.№17.

<sup>205</sup> ҚР ОММ.1 109.Қ.5. Т.46.1.19.П. КСРО Завдар жинағы.1938-1975.1.Т.108-109.Б.

<sup>206</sup> ҚазақКСР Жоғарғы Кеңес Ведомостері. 1940. №12. ҚОММ. 596.Қ.1/Ю.Т. 37.1. 4,7. П

поскеңесі құрылды.<sup>207</sup>

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1954 ж. 16 шілдедегі жарлығымен: Ақтөбе және Киров селкеңестері орталығы Майоровка елді мекеніндегі Киров селкеңесіне; Горный және Жыланды селкеңестері орталығы Семеновка елді мекеніндегі Горный селкеңесіне бірікті.

Шахман селкеңесі таратылып, оның «Қызылжұлдыз» колхозының елді мекендері Чернигов селкеңесінің құрамына, «1 мая» колхозы Киевка селкеңесінің құрамына берілді.

Қорғанжар селкеңесінің «Қызылшілік» совхозы Киевка селкеңесінің құрамына; Жараспай селкеңесінің «Құланөтпес» колхозы Новокарповский селкеңесінің құрамына; Горный селкеңесінің «Еңбекқорғау» колхозын Қызылтал селкеңесінің құрамына берілді.<sup>208</sup>

ҚазақКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1955 ж. 6 тамыздағы жарлығымен Айнабұлақ совхозының шекарасы Жаңаарқа ауданының құрамына берілді.

ҚазақКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1955 ж. 22 қарашадағы жарлығымен «Щербаковский» совхозының орталық усадьбасының поселкесінде селкеңес құқығындағы Тассуат поскеңесі құрылды.<sup>209</sup>

ҚазақКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1956 ж. 30 маусымдағы жарлығымен Құланөтпес совхозының орталық усадьбасының поселкесінде селкеңес құқығындағы Дон поскеңесі құрылды.<sup>210</sup>

ҚазақКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1957 ж. 23 мамырдағы жарлығымен Киев және Энтузиаст совхоздарының орталық усадьбасының поселкелерінде селкеңес құқығындағы Зареченский (Заречный) және Степнов поскеңестері құрылды. Талдысай (Талдысай с.), Тассуат (Щербаковское с.), Чернигов (Черниговка с.), Шахтер (Шахтерское с.) селкеңестері кірді.

ҚазақКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1990 ж. 13 қыркүйектегі жарлығымен жоғарыда көрсетілген селкеңестер осы жарлықпен қалпына келтірілген Теңіз ауданына берілді.

Нұра аудандық әкімшілігі басшысының 1994 ж. 17 ақпандағы қаулысымен Новокарповский селолық әкімшілігінің құрамынан бөлінген Қараой селосында селолық әкімшілік құрылды.

ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы №865 қаулысымен аудан шекарасы құрамына Шұбаркөл пос.; Баршино, Жанбөбек, Қарақасқа, Құланөтпес, Соналы, Талдысай, Тікенекті селоларының әкімдері кірген таратылған Теңіз ауданының аумағының қосылуының негізінде өзгерді.

<sup>207</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Ведомостері 1954. №7. ҚОММ. 18.Қ.1.Т.1988.1. 151-153. П.

<sup>208</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Ведомостері 1954. №7. ҚОММ. 18.Қ.1.Т.1988.1. 151-153. П Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Ведомостері 1954. №7. ҚОММ. 18.Қ.1.Т.1988.1. 151-153. П

<sup>209</sup> ҚОММ. 18.Қ.1.Т.1988.1. 122. П.

<sup>210</sup> ҚОММ. 18.Қ.1.Т.1988.1. 122. П.

Мемлекеттік ономастикалық комиссияның 1999 ж. 24 желтоқсанда шығарған қорытындысының негізінде ауданда селолардың атаулары өзгертілді: Захаровка с. – Ақмешіт с., Қазақауыл с. – Кертінді с., Плаховка с. – Қантай с., Родник с. – Топаркөл с., Семеновка с. – Көбіккөл с., Черниговка с. – Көбетей с., Энтузиаст с. – Ахмет с. болып өзгертілді.

2006 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына: Киевка, Шұбаркөл поселкелері, Ақмешіт, Амантау, Ахмет, Байтоған, Балықтыкөл, Баршино, Жанбөбек, Жараспай, Заречное, Ивановка, Изенді, Кертінді, Көбетей, Қарақасқа, Қараой, Құланөтпес, Майоровка, Пржевальское, Соналы, Талдысай, Тассуат, Тікенекті, Шахтерское, Щербаковское селоларының әкімдері кірді.

1998 жылдың 5 қыркүйегінен №19/17 Қарағанды облысы әкімшілігінің бірлескен қаулысы және 2006 жылдың 5 қазанынан №351 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен Ивановка ауылы Кәрім Мыңбаев ауылы болып өзгертілген.

2007 жылдың 7 желтоқсанынан №27/05 Қарағанды облысы әкімшілігінің қаулысы және 2007 жылдың 14 желтоқсанынан Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен елді мекендер: Малайқұдық Жараспай елді мекенінің, Қылыш, Шортыкөл-Талдысай, Көбікөл-Ақмешіт, Керей-Жанбөбек, Қызылшілік-Мыңбаев, Отарбай-Құланөтпес, Қосарал, Баянбай, Қазықұрт-Соналының құрамына қосылған.

2008 жылдың 8 желтоқсанынан №32/03 Қарағанды облысы әкімшілігінің бірлескен қаулысы және 2009 жылдың 12 желтоқсанынан №265 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен Оразалы, Қызыл Жұлдыз, Старое Баршино селолары, Амантау селолық аймағы және Амантау селосы, Аршалы селолық аймағы және Қарақасқа селосы ыдыратылған.

2008 жылдың 17 маусымынан №309 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен Жөкей селосы ыдыратылған.

### **Осакаров ауданы**

#### **Орталығы – Осакаровка пос.**

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1940 ж. 28 желтоқсандағы қаулысымен ірілендірілген Тельман ауданының аумағының (отыз колхоз, Литвинское, Трудовая және Ударная МТБ), Нұра («Октябрь» колхозы) және Ақмола облысы және комендатуралардың Вишневский ауданының («1-е августа» және «8 марта» колхоздары) аймақтарының бір бөлігінің негізінде Осакаров ауданы құрылды.<sup>211</sup>

Статистика органдарының деректері бойынша бұл өндірістік бірліктер: Тельман ауданынан берілген Вольский, Краснокутское, Тельман; Нұра ауданынан берілген Скобелев селолық кеңесі; Ақмола облысы Вишневский

<sup>211</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1940.№12.

ауданынан берілген Окольный селолық кеңесі сияқты бес селолық кеңестің және он шақты комендатуралардың қарамағында болған.<sup>7,8</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1941 ж. 23 мамырдағы қаулысымен «Красное озеро», «Родник» және «Шортанды» елді мекендері Ақмола облысы Вишневский ауданының құрамына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 29 маусымдағы қаулысымен «Осакаровский» совхозының орталық усадьбасындағы поселкеде селолық кеңес құқығында поскенес құрылды. Оған Үленді деген ат қойылды.<sup>212</sup>

Ақмола облаткомының 1956 ж. 2 ақпандағы Осакаров аудандық атқарушы комитетінің 1956 ж. 24 ақпандағы және Қарағанды аткомының 1956 ж. 12 наурыздағы шешімдерімен Ақмола облысының Вишневский ауданының Ворошилов атындағы колхоздың №4 егін шаруашылық бригадасы (Ералы ауылы) Осакаров ауданының «XIX партсъезд» атындағы (Озерное с.) колхозымен бірігіп, Ералы селосы Осакаров селолық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді.<sup>213</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 11 қаңтардағы қаулысымен Вольский селолық кеңесінің Молотов атындағы колхоздың аймағы Краснокутский селолық кеңесінің құрамына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1959 ж. 14 тамыздағы қаулысымен аудан құрамына Нұра ауданының аумағынан 1054,8 ш. м<sup>3</sup> аумақ жері берілді<sup>5</sup>.

Қарағанды облаткомының 1961 ж. 31 мамырдағы шешімімен төмендегі селолық кеңестер бірікті:

Краснокутский және Батпақ селолық кеңестері орталығы Вильгельм Пик атындағы орталық усадьбасындағы Батпақ селосындағы Батпақ селолық кеңесіне; Вольский және Ударный орталығы «Коммунар» совхозының орталық усадьбасындағы Вольское селосындағы Вольский селолық кеңесіне бірікті. Сонымен бірге оның құрамына Шоқай селосы мен «Қарасор» мал шаруашылығының жері берілді.

Окольный және Коллективный орталығы «Новый путь» совхозының орталық мекенінде Октябрь селосы бір Окольный селолық кеңесіне.

Аталған шешіммен төмендегі селолық кеңестер екіге бөлінді:

Осакаров: Осакаров селолық кеңесіне, орталығы Осакаровка с. (аудан орталығы); Озерный селолық кеңесіне, орталығы орталық усадьбада болатын «XIX партсъезд» атындағы колхозға берілген; Скобелев: Құндызды селолық кеңесіне, әкімшілік бағынысына орталығы орталық усадьбада болатын №4, совхоз берілген; Теміртау селолық кеңесіне, орталығы Скобелевка селосынан «Теміртау» совхозының орталық усадьбасына көшіріліп, атауы

<sup>212</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1954. №7.

<sup>213</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1956. №7.



Теміртау селолық кеңесі болып өзгертілген; Тельман: Тельман селолық кеңесіне орталығы Тельман атындағы совхоздың орталық усадьбасында; Трактористский селолық кеңесіне, орталығы «Тракторист» совхозының орталық усадьбасында Қарағанды облаткомының 1961 ж. 3 шілдедегі шешімімен Окольный селолық кеңесінің атау Октябрь селолық кеңесі болып өзгертілді.<sup>214</sup>

Қарағанды облаткомының 1962 ж. 7 желтоқсандағы шешімімен Осакаров аудандық аткомының 1962 ж. 30 қазандағы совхоздардың орталық усадьбаларының селоларына атаулар беру шешіміне байланысты («Осакаровка» совхозының Дальнее селосы, «Тракторист» совхозының Молодежный селосы, №4 совхоздың Николаевка селосы, «Родниковское» совхозының Родниковское селосы «Темиртауский» совхозының Садовое селосы, Тельман атындағы совхоздың Тельман селосы төмендегі селолық кеңестердің атаулары өзгертілді: Құндызды – Николаев селолық кеңесі, орталығы Николаевка с.; Теміртау – Садовый селолық кеңесі, орталығы Садовое с.; Трактористский – Молодежный селолық кеңесі, орталығы Молодежное с.; Үленді – Дальний селолық кеңесі, орталығы – Дальнее с.<sup>8</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1963 ж. 2 қаңтардағы қаулысымен Осакаров ауданының шекарасында орталығы Осакаровка селосы болып Осакаров ауданы құрылды.<sup>215</sup> Аудан құрамына келесі селолық кеңестер кірді: Батпак, Вольский, Дальний, Красноармейский, Молодежный, Николаев, Озерный, Октябрь, Осакаров, Ионер, Родниковский, Садовый, Тельман және Трудовой.

Қарағанды облаткомының 1963 ж. 24 қаңтардағы шешімімен орталығы Шідерті селосы болып Шідерті селолық кеңесі құрылды.<sup>216</sup>

Қарағанды облаткомының 1964 ж. 20 сәуірдегі шешімімен Осакаровка селосы қалалық поселкелер қатарына жатқызылып, селолық кеңес поскеңес болып қайта құрылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1967 ж. 16 қыркүйектегі қаулысымен Қарағанды облаткомының 1967 ж. 8 тамыздағы шешімімен құрылған селолық кеңеске Садовый селолық кеңесінің іріленуіне байланысты Скобелев селолық кеңесі деген атау берілді. Оның орталығы Скобелевка селосында болды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1972 ж. 10 наурыздағы қаулысымен: Вольский, Дальний, Молодежный, Родниковский, Тельман, Трудовой және Шідерті селолық кеңестері Молодежный ауданының құрамына берілді.<sup>5</sup> Қарағанды облаткомының 1972 ж. 11 сәуірдегі шешімімен Нұра ауданының

<sup>214</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1961. №38. ҚОММ.18.Қ. 1.Т.3301.1.62.П.

<sup>215</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1963. №18. ҚОММ.18.Қ. 1.Т. 3482.1. 19, 21.П. 6

<sup>216</sup> ҚОММ. 18.Қ. 1. Т. 3306.1.103.П.

Маржанкөл және Чапаев селолық кеңестер; аудан құрамына берілді.

1975 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына: Осакаровка поселкесі (аудан орталығы), Батпак (Батпак с.), Красноармейский (Литвинское с.), Маржанкөл (Морозовка с.), Николаев (Няколаевка с.), Озерный (Озерное с.), Октябрь (Октябрьское с.), Пионер (Пионерское), Садовый (Садовое с.), Скобелев (Скобелевка с.), Чапаев (Чапаево с.) селолық кеңестері кірді.

Қарағанды облаткомының 1975 жылғы қарашадағы шешімімен «Құндызды» совхозының аумағында орталығы Богучар селосы болып Құндызды селолық кеңесі құрылды. Оның құрамына Қосымбай селосы кірді.

ҚР Үкіметтің 1949 ж. 8 мамырдағы №865 қаулысымен құрамына Молодежный пос., Вольский, Дальний, Ертiс, Қаратомар, Мирный, Пролетар, Родниковский, Тельман, Трудовой, Шiдерi селолық аймақтары кiрген, таратылған Молодежный ауданының аумағының қосылуына байланысты Осакаров ауданының шекарасы өзгердi.

1998 ж, 1 қаңтарда аудан құрамына: Осакаровка, Молодежное жұмысшы поселкелерi; Батпак, Вольский, Дальний, Қаратомар, Красноармейский, Құндызды, Мирный, Маржанкөл, Николаев, Озерный, Октябрь, Пионер, Пролетар, Родниковский, Садовый, Скобелев, Тельман, Трудовой, Чапаев, Шiдертi ауыл аймақтары кiрдi.

Қарағанды облыстық маслихаттың 2002 ж. 4 сәуірдегi XVII сессиясының шешiмiмен Қазақстан Республикасы Үкiметi жанындағы Мемлекеттiк ономастикалық комиссияның қорытындысы негiзiнде төмендегi елдi мекендердiң атаулары өзгертiлдi: Богучар селосы (Құндызды с.а.) Шұңқыркел селосына, Вольское селосы (Вольское с.а.) Сарыөзек селосына, Қосымбай селосы (Құндызды с.а.) Қасенбай селосы құрамына селосы (Батпакты с.а.) Ошағанды селосына, Крестовка селосы (Батпакты с.а.) Сарыөзен селосына, Новый Кронштадт (Батпакты с.ауыл Ақпан селосына, Пролетарское селосы (Пролетар с.а.) Ақбұлақ селосына, Скобелевка селосы (Скобелев с.а.) Сұңқар селосына өзгертiлдi.<sup>217</sup>

Қарағанды облыстық маслихаттың 2004 ж. 30 қыркүйектегi IX сессиясының шешiмiмен ҚР Үкiметi жанындағы Мемлекеттiк ономастикалық комиссияның қорытындысының негiзiнде төмендегi елдi мекендер және ауыл-аймақтарының атаулары өзгертiлдi: Вольский селолық аймағы Сарыөзек селолық аймағына, Литвиновка селосы (Красноармейский с.а.) Есiл ауылына, Красноармейский селолық аймағы Есiл селолық аймағына, Октябрьское селосы (Октябрь с.а.) Қарағайлы селосына, Октябрь селолық аймағы Қарағайлы ауыл аймағына, Пролетар селолық аймағы Ақбұлақ ауыл аймағына, Скобелев селолық аймағы Сұңқар ауыл аймағына.

2009 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына: Молодежный, Осакаровка поселкесі,

<sup>217</sup> ҚОММ. 17.Қ. I.Т. 6.1. I33.П

Ақбұлақ, Батпак, Дальний, Есіл, Звездное, Ертіс, Қарағайлы, Қаратомар, Құндызды, Маржанкөл, Мирный, Николаев, Озерный, Пионер, Родниковский, Садовый, Сарыөзек, Сұңқар, Тельман, Трудовой, Чапаев, Шідерті ауыл аймақтары кірді.

2010 жылдың 7 желтоқсанынан №27/05 Қарағанды облысы әкімшілігінің қаулысы және 2007 жылдың 14 желтоқсанынан №47 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен елді мекендер: Откормочное Сенокосное селолық елді мекенінің, Первомайское-Мирное, Майбұлақ-Ақбұлақ, Төртқұдық-Қарасу, Жақсы қандыадар-Шідертінің құрамына қосылған.<sup>3</sup>

### **Талды ауданы**

#### **Орталығы – Қарағайлы пос.**

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1977 ж. 14 қаңтардағы қаулысымен құрылды. Құрамына Егіндібұлақ ауданының Алғабас селолық кеңесі және Қарқаралы ауданының Қарағайлы поселкелік кеңесі, Ақтайлақ, Бақты, Қайнарбұлақ, Қырғыз, Томар, Фрунзе селолық кеңестері кірді.<sup>218</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1988 ж. 20 шілдедегі қаулысымен аудан таратылып, оның селолық кеңестері мен Қарағайлы поселкелік кеңесі Егіндібұлақ және Қарқаралы аудандарына берілді<sup>5</sup>.

### **Тельман (Қарағанды) ауданы**

#### **Орталығы – Токаревка поселкесі**

ҚазОАК Төралқасының 1931 ж. 20 наурыздағы жарлығымен Қарағанды ауданының атауы орталығы Спасск заводындағы Тельман болып ауыстырылды.<sup>219</sup> 1931 жылы 22 мамырда аудан орталығы Токаревка селосына көшірілді<sup>7</sup>.

1931 жылдың басында аудан құрамына: Астахов, Белояр, Больше-Михайловокий, Веселый, Вольский, Долинский, Донецкий, Дубовский, Зеленобалковский, Колхозный, Кондратов, Константиновский, Краснокутский, Миньков, Пятигорское, Ростов, Самарқанд, Самар, Сарепта, Сейтен, Тихонов, Токарев және Тургенев селолық кеңестері кірді.<sup>220</sup>

ҚазОАК 1931 ж. 14 мамырдағы жарлығымен Больше-Михайловский, Зеленая балка, Новоузенский және Тихонов селолық кеңестері Қарағанды жұмысшы поскеңесінің құрамына берілді<sup>9</sup>.

Тельман аудандық атқару комитеті Төралқасының 1931 ж. 29 мамырдағы

<sup>218</sup> Қазак КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомосгері. 1977.№8.( 1154

<sup>219</sup> Қарағанды облыстық Мәслихатының мекеме мұрағаты.

<sup>220</sup> Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша анықтама. 1920-1936 жж. Алматы.1959 ж. 216.Б. 8ҚОММ. 17.Қ. І.Т.4.І. 118.П.

жарлығымен. Пятигорское селолық кеңесі Тургенев селолық кеңесімен бірікті.<sup>221</sup> Жанама мәліметтер бойынша 1932 жылы Белоаяров селолық кеңесі Сейтен мен біріккені бекітілген Телман аудандық атқару комитеті Төралқасының 1931 ж. 19 желтоқсандағы жарлығымен Кондратов селолық кеңесі Краснокут, Самар, Дубов селолық кеңестерімен бірікті. Телман аудандық атқару комитеті Төралқасының 1931 ж. 23 желтоқсандағы жарлығымен Қарлагтың «Гигант» совхозын қоныстандыру жобасының бекітілуіне байланысты, бұрын осы аумақта өмір сүрген тұрғындар қоныс аударылды: Просторное селосының европалық тұрғындары жаңа жерлерге көшірілді. Қазақ тұрғылықты Ақтөбе, Ақжар, Елтай, Қызылжар, Молодецкое, Тегісжол селоларына көшірілді. Осылайша Просторный және Сарепта селолық кеңестері таратылды. Осы қаулымен көшірілудің аяқталу мерзімі 1932 ж. 1 шілдесі болып бекітілді<sup>12</sup>. ҚазОАК 11 сессиясының қаулысымен аудан Қарағанды облысының құрамына қосылды.

1931 ж. маусым айында жоғарыда айтылған селолық кеңестердің ішінде: Молодецкий, Просторный, Сейтен, Тургенев селолық кеңестері аталмайды; Веселый селолық кеңесінің орнына Гагарин селосы құрылды.

1932 жылы аудан құрамына: Ақжар, Ақтөбе, Астахов, Белоаяр, Вольский, Долинка, Краснокут, Миньков, Окольный, Покорный, Ростов, Самарқанд, Токарев селолық кеңестері кірді.

Қарағанды облаткомының Төралқасының 1935 ж. 10 ақпандағы қаулысымен Ақжар, Дубовский, Елтай, Сейтен және Самарқанд селолық кеңестері Қарағанды қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысты Белоаяр, Дон, Константиновский және Окольный селолық кеңестері Вишневский ауданының құрамына берілді. Осы қаулымен бекітіліп, Тельман аудандық селолық кеңесінің құрамына: Ақтөбе, Арбайтер, Астахов, Вольский, Долинка, Жаңа ауыл, Колхозный, Краснокут, Покорный, Ростов, Сенокосный және Токарев берілді.<sup>222</sup>

1936 ж. қаңтар айында селолық кеңес құрамына Долинка селолық кеңесінің орнына Ново-Долинский берілген.

БОАК Төралқасының 1936 ж. 29 шілдедегі қаулысымен аудан Қарағанды облысының құрамына қосылды.

Жанама мәліметтер Долинский (Ново-Долинский) селолық кеңесінің 1938 ж. қайта құрылғаны белгілі. Қарағанды облаткомы Төралқасының 1938 ж. 23 наурыздағы қаулысымен егістік тапшылығына байланысты Телман атындағы колхоз Еркіншілік ауданына, бұрынғы Карлагтың Шахтер совхозының жерлеріне берілді.<sup>223</sup>

<sup>221</sup> ҚОММ. 15.Қ. 1.Т. 5.1. 7, 7ауд.П

<sup>222</sup> ҚРОММ. 350.Қ.123.1. 21-25.П.

<sup>223</sup> ҚРОММ. 1109.Қ. 5.Т. 1.1. 84.П. 18.Қ. 1.Т. 458.1. 40.П

Осындай жанама мәліметтерден 1938 жылы Телман атындағы совхоздың орталық усадьбасында Телман поселкесінің құрылғаны белгілі.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1940 ж. 28 желтоқсандағы жарлығымен Осакаров ауданының құрамына Вольский және Краснокутский селолық кеңестері, Литвиновское, Трудовой және Ударный ТСК бағынышты 30 колхоз, 10 комендатура және Телман атындағы совхоз берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1941 ж. 23 мамырдағы жарлығымен аудан құрамына Больше-Михайловский, Дубовский, Новоузенский және Самарқанд селолық кеңестері берілді, Қарағанды қалалық кеңесінің Ворошилов ауданына Ақжар, Елтай, Зеленобалковский, Миньков және Сенокосный селолық кеңестері кірді.<sup>224</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1941 ж. 30 маусымдағы жарлығымен Жаңа ауыл селолық кеңесі таратылып, оның тұрғындары Токарев селолық кеңесінің бағынысына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1941 ж. 8 тамыздағы жарлығымен Самарқанд селосы жұмысшы поселкесі болып өзгертіліп, Қарағанды қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1944 ж. 27 шілдедегі жарлығымен ауданның әкімшілік-аумақтық бөлінісіне келесі өзгертулер енгізілді: «Екпінді» колхозы Ақтөбе ауыл кеңесінен Ростов селолық кеңесіне; Путь Ленина» колхозының Андрениковка елді мекені Покорненский селолық кеңесінен Больше-Михайловский селолық кеңесіне.

Киров атындағы колхоздың Қызылжар елді мекені мен Арықтықкөл колхозы Ростов селолық кеңесінен Дубовский селолық кеңесіне ауыстырылды.

Больше-Михайловский селолық кеңесінің орталығы Большая Михайловка селосынан Андреников селолық кеңесіне көшірілді. Дубовский селолық кеңесінің орталығы Дубовка селосынан Қызылжар елді мекеніне көшірілді. Больше-Михайловский селолық кеңесі.

Дубовский селолық кеңесі Қызылжар селолық кеңесі болып өзгертілді. Қарағанды қаласының аумағына көшірілген Ворошилов атындағы, Калинин атындағы бұрынғы Большая Михайловка, Калинин, Дубовка елді мекендері кіретін «Новая жизнь» колхоздарының жерлері қосылды.<sup>225</sup>

1945 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына: Ақжар, Ақтөбе, Андреников, Астахов, Елтай, Зеленобалков, Қызылжар, Миньков, Новоузенка, Покорный, Ростов, Самарқанд, Сенокосный, Токарев селолық кеңестері кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1946 ж. 17 маусымдағы жарлығымен қарамағында «Путь Ильича» колхозы, Солонички бекеті мен

<sup>224</sup> ҚРОММ. 1109.Қ. 5.Т. 1.1. 84.П. 18.Қ. 1.Т. 458.1. 40.П.

<sup>225</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1944. №5-6. ҚР ОММ. 1 Ю9.Қ. 5.Т. 88.1. 211.П.

балласт кеніштерінің маңындағы елді мекендері бар орталығы Көкпекті елді мекеніндегі Көкпекті селкеңесі; қарамағында «Красная Нива» колхозы бар орталығы №22 поселкедегі Краснонировский селолық кеңесі; қарамағында Чкалов атындағы колхозы бар орталығы Саратовка елді мекеніндегі Саратов селолық кеңесі; қарамағында Чапаев атындағы және VIII партсъезд колхоздары бар орталығы Үштөбе ауылындағы Үштөбе селолық кеңесі; бағынысында Центральный және Самарқанд ТСК колхоздары бар орталығы №13 поселкедегі Центральный селолық кеңесі құрылды. Ірілендірілген Токарев селолық кеңесінің негізінде: бағынысында Майөзек кеніші, №3 шахта және Қушоқы геологиялық барлаушы партиясы бар орталығы Майөзек елді мекеніндегі Майөзек селолық кеңесі; бағынысында «1 мая» колхозы және «Тұзды» базасы бар орталығы Сергиополь елді мекені болып Сергиополь селолық кеңесі; бағынысында Нұра бекеті, ПББМ қосалқы шаруашылығы, Токаревская МТБ және теміржол казармалары маңындағы елді мекендері бар орталығы Токаревка елді мекеніндегі Токаревка жұмысшы поскеңесі құрылды<sup>5</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1950 ж. 29 сәуірдегі жарлығымен Астахов цемент зауытының жанындағы елді мекен жұмысшы поселкесі санатына қосылып, Ақтау болып аталды. Жұмысшы поселкесі шекарасына Астахов зауытының жанындағы елді мекендер, Теміртау зауытындағы тас карьері және әк зауытының жанындағы Қарағанды теміржол құрылысы, Мырза теміржол бекеті және Астахов селолық кеңесінің №53 разъездіндегі жол казармалары кірді.<sup>226</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1951 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына Ақтау және Токарев поскеңестері, Ақжар, Ақтөбе, Андреников, Астахов, Елтай, Зеленобалковский, Қызылжар, Көкпекті, Краснонировский, Майөзек, Миньков, Новоузенский, Покорненский, Ростов, Самарқанд, Саратов, Сенокосный, Сергиополь, Үштөбе және Центральный селолық кеңестері кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1954 ж. 16 шілдедегі жарлығымен Андреников, Центральный селолық кеңестері Центральный селолық кеңесі болып бірігіп, орталығы – Центральный Покорное с. Зеленая балка және Елтай селолық кеңестері – Зеленая балка (орталығы – Зеленая Балка); Көкпекті және Сергиополь селолық кеңестері – Сергиополь селолық кеңесі, (орталығы – Сергиополь елді мекені); Краснонировский және Қызылжар селолық кеңестері – Қызылжар селолық кеңесі (орталығы – Қызылжар елді мекені); Миньков және Сенокосный селолық кеңестері – Миньков селолық кеңесі (орталығы – Миньков елді мекені); Новоузенский және Саратов селолық кеңестері – Новоузенска селолық кеңесі (орталығы – Старая Тихоновка елді мекені) болып бірікті.<sup>227</sup>

<sup>226</sup> ҚОММ. 596.Қ. 1/Ю.Т. 37.1. 70, 81.П.

<sup>227</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1950. №5. ҚОММ. 596.Қ. 1/Ю.Т. 40.1. 5-7, 15.П. 6

Осы жарлықпен Ақжар селолық кеңесінің Каганович атындағы колхозының елді мекендері Үштөбе құрамына, Үштөбе селкеңесінің Чапаев атындағы колхозы Зеленобалковский селолық кеңесінің құрамына, Ростов селкеңесінің «Екпінді» колхозы Самарқанд құрамына берілді<sup>1</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің 1955 ж. 31 мамырдағы жарлығымен Кузнецк және Чапаев астық совхоздарының орталық усадьбаларының поселкелерінде селкеңес құқығындағы аттас поскеңестер құрылды.<sup>2</sup> 1957 жылдың 31 шілдесінен №402 Қарағанды облыстық атқару комтетінің шешімімен №13 поселке Центральное селосы болып өзгертілген.<sup>3</sup>

1955 жылдың 10 желтоқсанынан облыстық атқару комитетінің №3 шешімімен Новоузенка совхоз елді мекенімен Қарағанды қ. Шахтинск ауданының құрамына берілген.<sup>228</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1957 ж. 30 шілдедегі жарлығымен Кузнецк поскеңесі Ворошилов ауданының құрамына берілді<sup>5</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1957 ж. 17 желтоқсандағы жарлығымен Құрма совхозының аумағы Үштөбе селкеңесінің құрамына қосылды Миньков селкеңесінің Петровка елді мекені Ворошилов ауданындағы Колхозный селкеңесінің құрамына берілді Телман ауданының құрамына Жаңаарқа ауданының Краснополяна және Топар селкеңестерінің аумағы қосылды.<sup>229</sup>

Қарағанды облаткомының 1958 ж. 13 маусымдағы жарлығымен Миньков селкеңесі жабылды<sup>7</sup>. ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1958 ж. 28 шілдедегі жарлығымен Миньков селосы Көкпекті поскеңесінің құрамына қосылды (орталығы №1 с/з).

1959 жылы 1 шілдеде аудан құрамына Ақтау және Токарев поскеңестері және Ақжар, Ақтөбе, Зеленобалков, Кызылжар, Көкпекті, Краснополяна, Майөзек, Новоузенка, Покорный, Ростов, Самарқанд.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1964 ж. 31 желтоқсандағы жарлығымен Телман ауданы бұрынғы шекарасында құрылды. Ал Ақбастау, Ақжар, Бабаев, Дмитриев, Калинин, Көкпекті, Кузнецк, Пушкин, Ульянов, Үштөбе, және Хорошевский селкеңестері қайта құрылған Ульянов ауданына берілді.

Аудан құрамында Держинский, Дубовский, Ильичев, Калинин, Қарағанды, Қаражар, Құрма, Ленин, Покорненский, Ростов, Топар селкеңестері және Токарев поскеңесі қалды.

Қарағанды облаткомының 1965 ж. 11 қаңтардағы шешімімен Теміртау қалалық кеңесіне Ақтау поселкесі және Березняковский селкеңесі берілді. Есенгелді және Самар селкеңестері Нұра ауданына, Майөзек селкеңесі және

<sup>228</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1955. №5. КОММ. 596.Қ. 1/Ю.Т. 40.1. 5-7, 15.П. 6

<sup>229</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері.1957. №5. КОММ. 596.Қ. 1/Ю.Т. 40.1. 5-7, 15.П. 6

Нұра бекеті Қарағанды қалалық кеңесіне берілді<sup>2</sup>.

Қарағанды облаткомының 1965 ж. 13 шілдедегі шешімімен Қаражар селкенесі жабылып, Қаражар совхозының елді мекені Шахтинск қаласының Шахан поскенесіне, №3 совхоздың е.м. Қарағанды қаласының Киров ауданына берілді. Осы шешіммен әкімшілік бағынысына Самарканд совхозы және оның Андреников бөлімшесі берілген орталығы Центральное селосындағы Самарканд селкенесі құрылды. Құрамында Калинин атындағы совхоз, оның Астаховка бөлімшесі мен Астаховка теміржол бекеті қалған. Орталығы Покорное селосындағы Покорненский селкенесінің аумағы анықталды. Құрма селкенесінің бұрынғы Талдықұдық геологиялық барлау партиясының поселкесі Абай қаласының Қарабас поскенесіне берілді.

1965 жылдың 10 қарашасынан Қарағанды облыстық атқару комитетінің шешімімен Қарағанды совхозы Қарағанды селолық кеңесінің әкімшілік қызмет көрсетуіндегі техникум Шахтинск қ. Долинский поскенесінің әкімшілік қарамағына берілген. (КОММ.Қ.596.Т. 1/10.1.240.Б.56.)

Қарағанды облаткомының 1966 ж. 11 қаңтардағы шешімімен Березняковский селкенесі жабылып, Березняки совхозы Ростов селкенесіне берілді<sup>230</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1966 ж. 23 наурыздағы жарлығымен ауданда орталығы Қаражар селосы болып, Қаражар селкенесі және орталығы Новая Узенка селосы болып Новоузенский селкенесі құрылды.

Қарағанды облаткомының 1967 ж. 8 тамыздағы шешімімен Майөзек селкенесінің Қушоқы елді мекені қалалық поселке санатына қосылды. Ал Майөзек селкенесі көркейтіліп Қушоқы атауымен поскенес болды, әкімшілік бағынысына Майөзек елді мекеніне берілді.<sup>231</sup>

1968 ж. 1 қаңтарда аудан құрамында Держинский, Дубовский, Есенгелді, Ильичевка, Қарағанды, Қаражар, Құрма, Леин, Новоузенский, Покорный, Ростов, Самарканд, Самар селкенестері және Ақтау, Қушоқы, Токарев поскенестері болды.

Қарағанды облаткомының 1970 ж. 9 сәуірдегі шешімімен аудан құрамы Ульянов ауданының Ақбастау селкенесіне берілді.

Осы шешіммен бұрын ешбір әкімшілік-аумақтық бірліктің кірмеген Дубовка елді мекені Саран қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді.

Қарағанды облаткомының 1970 ж. 11 тамыздағы шешімімен Құрма селкенесі жабылып, оның аумағы Ақбастау селкенесінің құрамына қосылды.<sup>232</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1970 ж. 9 қазандағы жарлығымен ауданда орталығы Көксу селосы болып Көксу селкенесі құрылды<sup>10</sup>.

<sup>230</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1966.№8. ҚОММ. 596.Қ. 1/10.Т. 240, 1. 57.П

<sup>231</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1970.М39

<sup>232</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1970.М39



Қарағанды облаткомының 1972 ж. 23 ақпандағы шешімімен Ақтау поселкесі Теміртау қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді<sup>11</sup>.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1972 ж. 10 наурыздағы жарлығымен Қушоқы поселкесі және Покорненский селолық кеңесі Молодежный ауданының құрамына берілді.

Қарағанды облаткомының 1972 ж. 15 наурыздағы шешімімен аудан құрамы Молодежный ауданының Покорный селкеңесіне берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1973 ж. 21 наурыздағы жарлығымен Мичурин ауданының құрамына Ақбастау, Дзержинский, Есенгелді, Ильич, Қарағанды, Көксу, Самар және Топар селкеңестері берілді. Осы жарлықпен Топар селкеңесінің атауы Құлайғыр селкеңесі болып өзгертілді.<sup>233</sup>

Аудан құрамында Дубовский, Қаражар, Ленин, Новоузенский, Покорненский, Ростов, Самарқанд, селкеңестері және Токарев поскеңесі қалды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1973 ж. 21 желтоқсандағы жарлығымен ауданда орталығы Березняки селосы болып Березняковский селкеңесі; орталығы Гагарин атындағы совхоздың орталық усадьбасының поселкесі болып Гагарин селкеңесі құрылды. Осы жарлықпен Гагарин атындағы совхоздың орталығы Гагаринское селосы атауына ие болды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1974 ж. 23 тамыздағы жарлығымен ауданда орталығы Ақтөбе селосы болып Ақтөбе селкеңесі құрылды<sup>4</sup>.

Қарағанды облаткомының 1981 ж. 24 тамыздағы шешімімен аудан құрамына Молодежный ауданының Тұзды селкеңесі берілді<sup>5</sup>.

Қарағанды облаткомының 1983 ж. 13 шілдедегі шешімімен Дубовка селкеңесінің Жұмабек селосы Мичурин ауданының Құрма селкеңесінің аумағына берілді.<sup>234</sup>

Қарағанды облаткомының 1986 ж. 23 сәуірдегі шешімімен Тұзды селкеңесінің Жаңа ауыл селосы Теміртау қаласының Металлургический аудандық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді.

1989 ж. 1 қаңтарда аудан құрамында Токаревка поселкесі және Ақтөбе, Березняковский, Гагарин, Дубовский, Қаражар, Леин, Новоузенский, Покорный, Ростов, Самарқанд, Тұзды селкеңестері болды.

Қарағанды облаткомының 1990 ж. 23 мамырдағы шешімімен Молодежный ауданының құрамынан Қушоқы жұмысшы поселкесі және Қушоқы поскеңесінің Майөзек елді мекені берілді.<sup>235</sup>

Қарағанды облаткомының 1991 ж. 12 маусымдағы шешімімен ірілендірілген Ростов селкеңесінің жерінің негізінде аудан аумағында

<sup>233</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1972.М39

<sup>234</sup> ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1983.М31

<sup>235</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1981. №(1391)

орталығы Молодецкое селосы болып Жаңаталап селкенесі құрылды<sup>9</sup>.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 ж. 23 мамырдағы №3528 жарлығымен аудан жабылды.<sup>236</sup>

Қазақстан Республикасының 1997 ж. 23 мамырдағы №865 қаулысымен аудан аумағы Бұқар жырау ауданының құрамына берілді.

Берілу сәтінде аудан құрамына Токаревка, Қушоқы жұмысшы поселкелері Ақтөбе, Березняковский, Гагарин, Дубовский, Жанаталап, Қаражар, Ленин, Новоузенский, Покорный, Ростов, Самарқанд, Тұзды селолық аймақтары секілді әкімшілік-аумақтық бірліктер кірді<sup>12</sup>.

## **Теңіз ауданы**

### **Орталығы – Баршино с.**

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1977 ж. 23 ақпандағы қаулысымен Целиноград облысының құрамында орталығы Баршино селосында орналасқан аудан құрылды. Аудан құрамына Қорғалжын ауданының Аршаты, Баршын, XXII партсъезд атындағы, Қызылсай, Сарыөзен, Соналы және Талдысай селолық кеңестері енгізілді.

Халық депутаттарының Целиноград облыстық кеңесі аткомының 1982 ж. 28 қаңтардағы шешімімен Қызылсай селолық кеңесі Қорғалжын ауданының құрамына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1982 ж. 11 карашадағы қаулысымен Баршын селолық кеңесінің Отарбай селосынан солтүстік шығысқа қарай 15 км жерде пайда болған елді мекенге Құланөтпес селосы деген атау берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1982 ж. 31 желтоқсандағы қаулысымен құрылған орталығы Құланөтпес селосындағы селолық кеңеске Құланөтпес селосы деген атау берілді.<sup>237</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1985 ж. 18 шілдедегі қаулысымен аудан Қарағанды облысының құрамына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1988 ж. 20 шілдедегі қаулысымен аудан таратылды. Оның Аршалы, Сарыөзен және Талдысай селолық кеңестері Нұра ауданының құрамына берілді Баршын, XXII партсъезд атындағы және Құланөтпес селолық кеңестері Целиноград облысы Қорғалжын ауданының құрамына берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1990 ж. 13 қыркүйектегі қаулысымен аудан бұрынғы құраммен: Аршаты (Қарақасқа с.), Баршын (Баршино с.), XXII партсъезд атындағы (Жанбөбек с.), Құланөтпес (Құпанөтпес с.), Сарыөзен (Тікенеті с.), Соналы (Соналы с.), Талдысай (Талдысай с.) қайта құрылды.

<sup>236</sup> ҚОММ: 18.Қ. 1 .Т. 1.7627.

<sup>237</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес ведомостері. 1982. №(139)

ҚР Жоғарғы Кеңесі төралқасының 1992 ж. 21 ақпандағы қаулысымен «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігін «Шұбаркөл» көмір разрезі жанындағы елді мекен жұмысшы поселкелері қатарына жатқызылып, Шұбаркөл деген атау берілді.

Қарағанды облысы әкімшілігі басшысының 1992 ж. 24 қыркүйектегі шешімімен ХХ партсъезд атындағы селолық кеңесі енгізілді.

### **Тоқырауын ауданы Орталығы – Шашубай пос.**

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1977 ж. 15 ақпандағы Жарлығымен орталығы Озерный қалалық поселкесіндегі Приозерный ауданы құрылады. Оның құрамына Ақтоғай ауданынан Айыртас, Қарабұлақ, Қусақ селолық кеңестері; Балқаш қалалық кеңесінің Ортадересін, Тасарал, Торанғылық селолық кеңестері және Гүлшад, Озерный, Сарышаған, Саяқ қалалық поселкелері кірді.<sup>238</sup>

Жезқазған облаткомының 1979 ж. 28 наурыздағы шешімімен Саяқ қалалық поселкесі Балқаш қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді.<sup>239</sup>

Жезқазған облыстық халық депутаттары Кеңесінің аткомының 1985 ж. 25 қыркүйектегі шешімімен аудан аумағында әкімшілік орталығы Абай селосында орналасқан Абай селолық кеңесі құрылды.

Жезқазған облаткомының 1987 ж. 27 тамыздағы шешімімен Гүлшад поселкесі Балқаш қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысына берілді<sup>12</sup>.

1989 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына Озерный, Сарышаған поселкелері, Абай (Абай с.), Айыртас (Айыртас с.), Қарабұлақ (Жаңаорталық с.), Қусақ (Қошқар с.), Ортадересін (Ортадересін с.), Тасарал (Тасарал с.), Торанғылық (Торанғылық с.) селолық кеңестері кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1991 ж. 5 шілдедегі қаулысымен Озерный пос. атауы Шашубай жұмысшы поселкесі болып өзгертілді.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1993 ж. 4 мамырдағы қаулысымен Приозерный ауданының атауы Тоқырауын болып өзгертілді.<sup>240</sup>

ҚР Президентінің 1997 ж. 3 мамырдағы Жарлығымен Жезқазған облысының таратылуына байланысты Тоқырауын ауданының аумағы Қарағанды облысына қосылды.

ҚР Президентінің 1997 ж. 23 мамырдағы Жарлығымен аудан жойылды<sup>4</sup>.

ҚР Үкіметінің 23 мамырдағы қаулысымен аудан аумағы Ақтоғай ауданының құрамына қосылды.

<sup>238</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес ведомостері. 1982. №(139)

<sup>239</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес ведомостері. 1979. №(13)

<sup>240</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1991. №29-30. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1991. №29-30.

Берілу сәтінде аудан құрамына Сарышаған, Шашубай жұмысшы поселкелері Абай, Айыртас, Қарабұлақ, Қусак, Ортадересін, Тасарал, Торанғылық селолық аймақтары кірді.

### **Ұлытау ауданы**

#### **Орталығы – Ұлытау с.**

Аудан ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі 1939 ж. 16 қазандағы ірілендірілген Қарсақпай ауданының жерінің негізінде құрылды. Аудан құрамына №1-8 ауыл кеңестері және Қарсақпай ауданының Ұлытау селолық кеңесі кірді<sup>6</sup>.

Облыстық статистикалық басқармасының құжаттары бойынша 1941 ж. 1 шілдеде аудан құрамында Айыртау, Алғабас, Кеңгір, Қызылшың, Кішітау, Первомайский, Социалды, Терісаққан және Ұлытау селолық кеңестері болды.<sup>241</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 ж. 27 шілдедегі қаулысымен Жезді марганец кенішінің жанындағы елді мекен жұмысшы поселкелері қатарына жатқызылып, бұрынғы атауын сақтай отырып Жезқазған ауданынан Ұлытау ауданына берілді. Аталған қаулымен Ұлытау аудандық кеңесіне бағынатын Жезді жұмысшы поселкелік кеңесі құрылды.<sup>242</sup>

1945 ж. 1 қаңтардағы, 1951 ж. 1 қаңтардағы селолық кеңестердің құрамы өзгеріссіз қалды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 14 сәуірдегі қаулысы бойынша аудан құрамына Қостанай облысы Амангелді ауданының Қорғасын поскеңесі берілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 2 маусымдағы қаулысымен Жезді марганец кеніші жанындағы жұмысшы поселкесі Жезқазған ауданының, құрамына беріліп, аты Марганец жұмысшы поселкесі болып өзгертілді.<sup>243</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1956 ж. 27 сәуірдегі қаулысы бойынша Қорғасын кенішінің елді мекені жұмысшы поселкелері қатарына жатқызылып, оған Қорғасын деген атау берілді.<sup>244</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1957 ж. 17 желтоқсандағы қаулысы бойынша Айыртау және Социалды ауыл кеңестері орталығы Айыртау селосындағы Айыртау ауыл кеңесіне; Алғабас және Кеңгір ауыл кеңестері Кеңгір ауыл кеңесі болып бірікті. Қызылшың және Первомайский ауыл-кеңестері орталығы «Бозтұмсық» елді мекеніндегі Первомайский ауыл кеңесіне бірікті.<sup>245</sup>

1959 ж. 1 шілдеде аудан құрамына Айыртау, Кеңгір, Кішітау, Первомайский, Терісаққан, Ұлытау селолық кеңестері және Қорғасын

<sup>241</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1939. №10.ҚР ОММ. Қ. 1 Ю9.5.Т. 46.1.23.П

<sup>242</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1944.№5-6. ҚР ОММ. 1 Ю9.Қ.5.Т. 1.1. 125.П

<sup>243</sup> ҚОММ.18.Қ.1.Т.1988.І. 164.П.

<sup>244</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1956.№11.

<sup>245</sup> Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостері. 1959.№11.

жұмысшы поселкесі кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1959 ж. 16 желтоқсандағы қаулысы бойынша Қорғасын жұмысшы поселкесі ауыл коныстары қатарына жатқызылып, Қорғасын селкеңесі қарамағындағы елді мекендер Терісаққан ауыл кеңесінің құрамына берілді және Терісаққан ауыл кеңесінің Шеңбер елді мекенінде тұрғындар Қорғасын елді мекеніне көшірілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1974 ж. 10 қаңтардағы қаулысымен Жезқазған ауданы Ұлытау ауданы болып өзгерді. Атауы өзгерту сәтінде Жезқазған ауданының құрамында Алғабас, Кенгір, Кішітау, Первомайский, Терісаққан, Ұлытау селолық кеңестері болды. (Барлық ресми жарияланған құжаттарда ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығына дейін ауданның аты Ұлытау ретінде, оның орталығы Ұлытау селосы, Ұлытау селолық кеңесі ретінде белгіленеді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1978 ж. 31 мамырдағы қаулысымен селолық кеңесі құрылды.

ҚР Үкіметінің 1997 ж. 23 мамырдағы қаулысымен аудан құрамына Жезді ауданының аумағы енгізілді.<sup>1</sup> Берілу сәтінде Жезді ауданының құрамына Ақтас Жезді, Қарсақпай поселкелері, Борсенгір, Жангелді, Қоскөл, Мибұлақ, Сарысу селолық аймақтары кірді.

Аудан құрамында Ақтас, Жезді, Қарсақпай жұмысшы поселкелері; Алғабас», Борсенгір, Егінді, Қорғасын, Қоскөл, Кішітау, Мибұлақ, Первомайский. Сарысу, Терісаққан, Ұлытау аймақтары кірді.

2007 жылдың 7 желтоқсанынан №27/05 Қарағанды облысы әкімінің қаулысы және 2007 жыл 14 желтоқсанынан №47 Қарағанды облыстық мәслихаты сессиясының шешімімен елді мекендер Сарыбұлақ, Бетбұлақ селолық елді мекенінің Қосбармақ-Қаскөл, Сымтас-Борсенгір, Баймырза, Тезекбай, Құрақтыкөл, Алақай-Мибұлақ; Көкбұлақ, Калинино, Амантөбе-Бозтұмсық; Қорғантас, Үмбет-Сарлық; Жиделі, Тасоба, Қазыбек-Жыландының құрамына қосылған.<sup>1</sup>

## **Шет ауданы**

### **Орталығы – Ақсу-Аюлы с.**

БОАК 1934 ж. 20 шілдедегі қаулысымен Қарағанды облысынан аудан Қарқаралы аймағының құрамына берілді.<sup>246</sup> 1935 ж. 31 қаңтарда Шет ауданының құрамына: Аққоян, Ақшоқы, Ақшатау, Қызылтау, Қорғантас, Нураталды, Нұра, Түлкілі, Тағылы ауыл кеңестері кірді.

БОАК 1936 ж. 29 шілдедегі қаулысымен аудан Қарағанды облысының құрамына кірді.<sup>247</sup>

Аудан құрамы берілу сәтінде бұрынғы қалпында қалды.

<sup>246</sup> ҚРОММ. 5.Қ. 14.Т. 128.1. 12.П.

<sup>247</sup> ҚР ОММ. 5.Қ. 16.Т. 264.1. 63-64.П. Ауыл Кеңестерінің атаулары құжатта осылай

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1940 ж. 26 тамыздағы қаулысымен «Қарағаш», «Қанатас», «Жәмші» колхоздары және оларды қызметпен қамтушы Қорғантас ауыл кеңесі Қоңырат ауданының құрамына берілді.<sup>248</sup>

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 ж. 27 шілдедегі қаулысымен молибден-вольфрам кеніші жанындағы Ақшатау елді мекені жұмысшы поселкелер қатарына жатқызылды және оны Ақшатау ауыл кеңесінің қарамағынан бөліп, Ақшатау жұмысшы-поселкелік кеңесі құрылды.

Аталған қаулымен орталығы Тағылы ауыл кеңесі совхоздың төрт фермасы «Ақмай» құрылыс бөлімшесі елді мекендері құрамындағы №315 совхозының орталық усадьбасындағы поселкеде болатын Шет селолық кеңесі құрылды.<sup>249</sup>

1945 ж. 1 қаңтарда аудан құрамына Ақшатау поскеңесі, Ақ қоян, Ақшатау, Ақ шоқы, Қызылтау, Нұраталды, Нұра, Тағылы, Түлкілі, және Шет ауыл кеңестері кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1951 ж. 21 мамырдағы қаулысымен балық кәсіпшіліктері мен Мыңарал елді мекені Жамбыл облысы Көктерек ауданының құрамына берілді.<sup>250</sup>

